Құран Кәрім Аясында Пайғамбарлар Баяны



Хазіреті Мұхаммед Мұстафа

- Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм -

Осман Нұри ТОПБАШ

1

[Мекке дәуірі]

ХИКМЕТ

Құран Кәрім Аясында
Пайғамбарлар Баяны

ХАЗІРЕТІ МҰХАММЕД МҰСТАФА

- Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм -

- 1 -

2-басылым

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ БАСПА ҮЙІ

Алматы 2010

"ХИКМЕТ" баспа үйі

АВТОРДЫҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

Осман Нұри Топбаш мырза 1942 жылы Стамбұл шаһарында дүниеге келген. Орта және кәсіптік мектепті Стамбұлда бітірген ол өз заманының білімді де білікті ұстаздарынан, ұлы ойшылдардан арнайы дәрістер алып, білімін шыңдаған. Соңғы жылдары сауда және өнеркәсіп әлеміне қадам басып, белсенді де жемісті қызмет атқарып келеді. Бірақ кәсіпкерлікпен айналысып жүрсе де ұстаздық сезімін, жастарға тәлім-тәрбие беруді, олармен қоян-қолтық қарым-қатынаста болуды ойынан еш уақытта да ұмыт қалдырған емес.

Қадірлі ұстаз бар өмірін ғылым мен қайырымдылық қызметтеріне арнап келеді. Ол кезінде Түркиядағы білім және қайырымдылық ұйымдарының көшбасында тұрған «Білім Жетілдіру Орталығында» белсенді қызмет атқарған. Бұл мекеме басқа да қайырымдылық қорлары мен ұйымдары секілді шәкірттерге шәкіртақы тағайындайтын, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қол ұшын беретін қайырымдылық орталығы болатын. Бүгінде бұл қор – Стамбұлдағы халықтың білімін арттыруға және қайырымдылық көмек көрсетуге бағытталған Түркиядағы ең ірі «Әзиз Махмұд Хұдайы халықаралық қайырымдылық қоры» деп аталады. Қазір сол халықаралық қайырымдылық қордың кеңес төрағасы.

Ардақты Осман ұстаз осынау игі қызметтерін күні бүгінге дейін жалғастырып келеді. Оның басшылығымен қордың қызмет көрсету аясы едәуір кеңейді. Қазіргі таңда Осман Нұри Топбаш түбі бір туысқан түркі елдерінен білім іздеп келген жастарға рухани және қаржылай көмек көрсетіп, олардың толыққанды білім алуларына барынша жағдай жасауда.

Сондай-ақ ғалым Осман Нұри Топбаштың 60-тан астам еңбегі жарық көрген. Оның көпшілігі әлемнің тоғыз тіліне тәржімаланған, соның ішінде 17 қазақ тіліне, 17 орыс тіліне аударылып басылған.

Қазіргі таңда Осман Нұри Топбаш ұстаздың мақалалары Қазақстанда жарық көретін мерзімді басылымдарда, атап айтқанда, айына бір рет шығатын «Иман», «Рахмет самалы» сияқты рухани-танымдық журналдарда, сондай-ақ апталық «Рухани қазына» газетінде тұрақты жарияланып келеді.

Аллаһ Тағала былай деп бұйырады:

وَإِنَّكَ لَعَلٰى خُلُقٍ عَظِيمٍ

«Әлбетте сен ең көркем мінезге иесің» (Қалам сүресі 4-аят)

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِمَنْ كَانَ يَرْجُو اللهَ وَالْيَوْمَ الْاٰخِرَ وَذَكَرَ اللهَ كَثِيرًا

«Расында сендер үшін, Аллаһты да ақырет күнін де үміт еткендер және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар» (Ахзаб сүресі 21-аят)

إِنَّ اللهَ وَمَلٰئِكَتَهُ يُصَلُّونَ عَلَى النَّبِيِّ يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا صَلُّوا عَلَيْهِ وَ سَلِّمُوا تَسْلِيمًا

«Расында Аллаһ және Оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады. Әй, иман келтіргендер! Сендер де оған салауат айтып, ықыласпен сәлем келтіріңдер» (Ахзаб сүресі 56-аят)

وَمَآ اٰتٰيكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَ مَا نَهٰيكُمْ عَنْهُ فَانْتَهُوا وَاتَّقُوا اللهَ اِنَّ اللهَ شَدِيدُ الْعِقَابِ

«... Сендерге Пайғамбар не берсе алыңдар да неменеден тыйса, одан тыйылыңдар әрі Аллаһтан қорқыңдар. Сөзсіз Аллаһ қатты азап иесі» (Хашыр сүресі 7-аят)

يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوٓا اَطِيعُوا اللهَ وَ اَطِيعُوا الرَّسُولَ وَ لَا تُبْطِلُوٓا اَعْمَالَكُمْ

«Әй, иман келтіргендер! Аллаһқа бойұсыңдар әрі Пайғамбарға бағыңыңдар. Сондай-ақ амалдарыңды бұзбаңдар» (Мұхаммед сүресі 33-аят)

وَمَنْ يُطِعِ اللهَ وَالرَّسُولَ فَاُولٰئِكَ مَعَ الَّذِينَ اَنْعَمَ اللهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ وَ الصِّدِّيقِينَ وَالشُّهَدَآءِ وَ الصَّالِحِينَ وَحَسُنَ اُولٰئِكَ رَفِيقًا

«Ал және кім Аллаһқа, Пайғамбарға бойұсынса, міне солар Аллаһ нығметке бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шейіттер және игілермен бірге болады. олар нендей жақсы жолдас!» (Ниса сүресі 69-аят)

اَلَمْ يَعْلَمُوٓا اَنَّهُ مَنْ يُحَادِدِ اللهَ وَرَسُولَهُ فَاَنَّ لَهُ نَارَ جَهَنَّمَ خَالِدًا فِيهَا ذٰلِكَ الْخِزْىُ الْعَظِيمُ

«Олар, біреу Аллаһқа әрі Елшісіне қарсы келсе, расында оған ішінде Мәңгі қалатұғын тозақ оты бар екенін білмей ме? Міне, ірі қорлық осы» (Тәубе сүресі 63-аят)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Расында мен көркем мінез-құлықты толықтыру үшін жіберілдім». (Муатта «Хуснул-хулқ» 8)

«Жындар мен адамдардың мойынсұнбайтындарынан басқалары, яғни жер мен көктегі барлық нәрселер менің Аллаһтың Расулі екендігімді біледі». (Ахмед бин Ханбал «Мүснәд» III, 310)

«Сіздерге екі нәрсе тастап барамын. Кімде-кім бұл екуін бекем ұстанатын болса, мүлде адаспайтын болады, бұлар: Аллаһтың кітабы (Құран Кәрім) және Елшісінің суннеті». (Муатта «Қадар» 3)

Хазіреті Мәулана:

«Мына жаным осы бойымдағы тәнімнен шыққанша Құранның қызметшісімін, Мұхаммед Мұхтардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолының топырағымын...

Кімде-кім менің бұл сөздерімнен басқа әлдебір сөз нақыл ететін болса, мен ондай кісілерден де ондай сөз сөйлеуден де аулақпын».

АЛҒЫ СӨЗ

Пайғамбарлар тізбегінің соңғы алқасы, бұл дүние мен ақыреттің мырзасы, адамдар мен жындардың Расулі, екі харамның имамы, жаратылыстың абзалы, бүкіл әлемге рахмет (мейірімді) етіп жіберілген

ХАЗІРЕТІ МҰХАММЕД МҰСТАФА

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

Бүкіл жаратылыстың жаратылуына Хазіреті Мұхаммедтің нұры себеп болғандықтан Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және Аллаһ Тағаланың оны **Хабибім** (сүйіктім) деп атағанындай оның ерекше өмірін қарапайым кітап жолдарымен толық түсіндіру мүмкін емес. Сонда да оны түсініп, басқаларға түсіндіру үшін әркімнің өз шама-шарқынша әрекет етуінде айтарлықтай пайдалар бар. Осы шындыққа назар аудара отырып жазған еңбегіміз арқылы Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үлгі боларлық тұлғасынан аз да болса нәр алып, ахлағымызды (мінез-құлық) оның ахлағымен безендіру біз үшін үлкен мәртебе.

Ал оның ұлы тұлғасын толық түсініп, басқаларға да толық жеткіземіз деген ойдан аулақпыз. Қараңғы жерге иненің тесігіндей саңылаудан жарық қалай түссе, біздің айтқан сөздеріміз Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұлы ақиқатымен салыстырғанда әлгі саңылаудан түскен жарық іспетті. Себебі бүкіл әлемнің ұлы жаратушысы:

إِنَّ اللهَ وَمَلٰئِكَتَهُ يُصَلُّونَ عَلَى النَّبِيِّ
يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا صَلُّوا عَلَيْهِ وَ سَلِّمُوا تَسْلِيمًا

«Сөзсіз Аллаһ және періштелер Пайғамбарға салауат айтады. Ей, иман келтіргендер! Сендер де оған салауат айтыңдар және толық мойынсұна отырып сәлем беріңдер» (Ахзаб сүресі 56-аят) деп, сансыз періштелерімен бірге салауат айтып, сәлем беріп және: **«Сенің өміріңе ант етемін…»** (Хижр сүресі 72-аят) деп ұлықтаған пайғамбарлар Сұлтанының ұлылығы мен ерекшелігін толық жеткізу әсте мүмкін емес.

Диуан әдебиетінің біртуар ақындарының бірі Шейх Ғалибтің Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілігі мен құрметін жеткізген мына мағынадағы өлең шумағы осы шындықты тамаша суреттейді:

«Сен пайғамбарлардың Сұлтаны, мәртебесі биік падишахсың Мырзам! Сен шарасыздарға мәңгілік дауасың Мырзам! Махшар күнінде ұмбетіңнің басында тұратын қамқоршысың Мырзам! Хақ Тағаланың «лә амрук (сенің өміріңмен ант етейін)» деп берген сертімен қуатталған ұлы Пайғамбарсың Мырзам! Сен Хазіреті Ахмед, Махмуд, Мұхаммедсің Мырзам! Хақ Тағаладан бізге келген ұлық сұлтансың Мырзам!»

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Хақ Тағаланың алдындағы мәртебесі өте ұлы болғандықтан Аллаh Тағала Хабибіне мойынсұнуды өзіне мойынсұну деп есептеген. Оған құрметсіздік жасау амалдардың жойылуына себеп болады деген. Оған тағзым көрсетіп, құрметтеуді тақуалықтың белгісі деген. Расуліне дөрекілікпен үн қатуды надандықтың белгісі деп санаған. Расулұллаhқа әрдайым салауат айтып, сәлем беріп, оны еш уақытта ақылымыз бен жадымыздан шығармау керектігін білдірген. Тіпті намазда әттахият оқыған сайын Расулұллаhқа (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм):

اَلسَّلَامُ عَلَيْكَ اَيُّهَا النَّبِيُّ وَ رَحْمَةُ اللهِ وَ بَرَكَاتُهُ

«Әссәләму аләйкә әйюhаннабию уа рахматуллаhи уа баракатуh» деп сәлем беруімізді қалаған. Намаз үстінде бір кісіге сәлем беру намазды бұза тұра, Аллаh Тағала Расуліне сәлем беруді намаздың уәжібтерінен қылған.

Хазіреті Имам Ғазали былай дейді:

«Намаздаәттахиятоқығанда Хазіреті Пайғамбарымыздың бейнесі мен ұлы тұлғасын жүрегіңмен сезін. «Әссәләму аләйкә әйюhаннабию, уа рахматуллаhи уа баракатуh» деп айт. Еш қам жеме, сенің сәлемің Аллаh Расуліне жетеді, әрі ол саған артығымен сәлем қайтарады». (Ихя-у Улумиддин I, 224)

Хазіреті Халид Бағдади «Мактубат» атты кітабының төртінші мактубында ғұлама Шиhаб бин Хажар әл-Мәккидің мына сөздерін баяндайды:

«Намазда оқылатын әттахияттың «әссәләму аләйкә» сөзі Хазіреті Пайғамбарымызға арнап айтылған. Бұл жерде Аллаh Тағала Пайғамбарымызды намаз оқыған үмбетінен

құлағдар еткен тәрізді. Осыдан соң Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) намаз оқыған кісінің қасына келіп қиямет күнінде олардың ізгі амал жасағандарына куәлік етеді. Сонымен қатар оның рухани түрде келіп тұрғанын ойлау көңілдегі шынайылықтың артуына себеп болады».[1]

Өте ұлы абырой-даққа бөленген бүкіл әлемнің Сұлтанын (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тиісінше түсініп, басқаларға түсіндіру өте қиын мәселе. Біз де осы жағдайды ескере отырып, бұл сөздеріміз оның мүбәрак есімінің құрметіне құнды әрі әсерлі болар деген үміттеміз. Осы үшін құрметті оқырмандардан айтқан сөздеріміздің кем кетігін ескере отырып бағалауын өтінеміз.

Оны толық түсіну кезіндегі қиындықтарды ескере отырып, оны толығымен суреттеп баяндауға да тіліміздің құдіреті жетпейді. Ол сүйіспеншілік пен шынайы құрметтің арқасында қол жететін шексіз рухани бір әлем. Оның мүбәрак іс-әрекеті мен хал-жағдайын түсіну арқылы келетін жетістіктер үшін мейірімді Аллаһтың кеңшілігі мен жәрдемін үміт етеміз.

Сәләф Салихин (хижри бірінші ғасырдағы мұсылмандар: сахабалар, табиғиндер, әтбағут-табиғиндер):

«Уа, Раббым! Сен тек мойынсұнған құлдарыңды ғана кешірер болсаң, күнәһарлар кімді барып паналайды? Уа, Раббым! Сен тек тақуа құлдарыңа ғана мейірімділік жасайтын болсаң, күнәһарлар кімнен барып жәрдем сұрайды?», - деп дұға жасап жалбарынған.[2]

Біз де адамзаттың асыл тәжі Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак өмірбаянын шектеулі болса да қаламның күшімен түсіндіруге

1. Мәуләна Халид Мактубаты 118 б; Рисалатур Рабыта 225-226 бб.
2. Байхақи, Шуабул Иман II, 26; Ғазали, Ихия I, 338.

бел буа отырып, әлсіздігіміз бен кемшілігіміздің салдарынан кеткен қателіктеріміз үшін Раббымыздың мейірімділік дариясына сиынамыз.

Уа, Раббым! Бүкіл әлемнің сұлтаны Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құрметіне бізді кешіре гөр! Әмин!

Қадірлі оқырмандар!

Мұнан алдын «Пайғамбарлар баяны» атымен жарық көрген төрт томдық кітабымыз кеңейтіліп қайта баспаға даярланды. Сүйікті Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұрынғы пайғамбарлардың өмірбаяны алғашқы үш томда жарияланды. Ал соңғы төртінші томда Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірбаяны жарияланған еді. Енді бұл жаңа басылымда Хазіреті Пайғамбардың өмірбаяны Мекке және Мәдина кезеңі болып екі том халінде дайындалды.

Осы соңғы екі томның кеңейтіліп бастан-аяқ тексерілуіне, хадис пен сияр әдебиеттерін зерттеп, зерделеп, шын ықыласымен қажыр көрсеткен Мұрат Қая және өзге де білім жолындағы достарыма рахметімді айта отырып, олардың бұл қызметтерінің Аллаһ Тағаланың құзырында садақа жария (үнемі жалғасып отыратын садақа) ретінде қабыл етілуін тілеймін. Сондай-ақ пайдаланған әдебиеттеріміздің авторларын ізгі тілекпен еске ала отырып, Аллаһтан олар үшін жарылқау және ұлы мәртебелер тілеймін.

Табыс Аллаһтан!

Осман Нұри Топбаш

Қаңтар 2005

Үскүдар

"ХИКМЕТ"
баспа үйі

КІРІСПЕ

Исламды түсінуде және оны іске асыруда Пайғамбар тарихының маңыздылығы

Адам дүниеге келгеннен бастап оның тәлім-тәрбиесіне әсер ететін көптеген факторлар бар. Сондықтан ең алдымен адамға үлгі болатын әрі жөн көрсететін біреу қажет. Себебі, оның тілін, дінін, ахлағын және өміріне өң беретін сенімі мен пікірлерін, іс-әрекетін өзіне ұсынылған өнегелер мен олардан алған әсерлерінен қалыптастырады. Кейде мұның тысындағы кейбір нәрселер әсер еткенімен, жалпылама осылай болады.

Мысалы, балалар әке-шешесі қай тілде сөйлесе, алдымен сол тілді үйренеді. Кейіннен басқа да кісілерден екінші, үшінші тіпті төртінші тілді үйрене алады.

Адам баласының жаратылысындағы еліктеушілік, оның тұлғалылығын қалыптастыратын ең маңызды факторлардың бірі. Сондықтан тәлім-тәрбие адамды жақсы немесе жаман нәрселерге еліктетеді. Міне, адам осылайша әке-шешесінен, отбасынан және өскен ортасынан әр түрлі әсер алып, осы алған әсерлерінің нәтижесіне қарай жақсы немесе нашар адам болып қоғамға қосылады.

Бірақ кісінің тіл және осы секілді көзге көрінетін ерекшеліктерді үйренуі айтарлықтай мәселе тудырмайды, ал оның дініне, ақлағы мен рухани әлемінің қалыптасуына кедергі болатын үлкен тосқауылдар бар. Себебі Аллаh Тағала

адамдарға сынақ мақсатымен олардан еш айырылмайтын нәпсі және ібіліс деген екі үлкен тосқауыл берген. Олар үнемі адамдардың теріс жолға бет бұруына себеп болады. Сондықтан адам рухани әлемін кәміл тұлғалар болып саналатын пайғамбарлар мен Аллаһ достарынан қалыптастыруы қажет. Әйтпесе адам баласы ғапылдықтан, адасудан өзін оңайлықпен құтқара алмайды. Сөйтіп мәңгілік бақытты орны толмас өкінішке айырбастайды.

Осы тұрғыдан алғанда адамдар үнемі руханияты биік, ішкі жан дүниесі таза, жүрегі ақ жетекшілерге мұқтаж. Адамдар соған байланысты өзіне жетекші деп қабыл еткен кісіге дұрыс болса да, бұрыс болса да шын көңілден сенеді, әрі шамасы жеткенінше оған еліктеуге тырысады. Бүгінде руханияттан жұрдай, нәпсіге берілген кейбір кісілерді өздеріне өнеге етіп, оларға ұқсау үшін өздерінің мәңгілік бақыттарын қатерге тіккендер қаншама. Олардың құрдымға бет алғаны ап-айқын. Негізінде бұл, сусаған ішкі жан дүниенің тізгінін, сусындатып қандыруы үшін, қателікпен басқа біреулердің қолына беріп зиянға ұшырады деген сөз.

Хазіреті Мәуләна адамның мұндай сәтсіз жағдайын мынадай мысалмен түсіндіреді:

«Қозының қасқырдан қашқанына таң қалуға болмайды. Себебі қасқыр қозының жауы. Ал таң қаларлық нәрсе қозының қасқырды ұнатуы».

Міне, мына өткінші сынақ өмірде қасқырды ұнатып мәңгілік бақытсыздыққа душар болмау үшін, Аллаһ Тағаланың бізге «Усуәтун Хасанатун» яғни көркем өнеге ретінде жіберген бүкіл әлемнің көсемі, пайғамбарлардың сұлтаны Хазіреті Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шын жүректен бағынуымыз қажет. Оны көңіліміздің сұлтаны, өміріміздің байрағы етіп ұстануымыз

ләзім. Себебі оны жақсы көру бізге парыз етілген.[3] Хақ Тағала Құран Кәрімде:

اَلنَّبِيُّ اَوْلٰى بِالْمُؤْمِنِينَ مِنْ اَنْفُسِهِمْ

«Пайғамбар мүминдерге өз жандарынан да артық...» деген. (Ахзаб сүресі 6-аят) Ол бізге өз жанымыздан да жақын, әрі абзал.

Хадис шәрифте де Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақсы көру шынайы иманның белгісі екендігі айтылған:

«Жаным құдірет билігінде болған Аллаһқа ант етейін! Сендердіңешқайсыларыңменіәке-шешесінен,бала-шағасынан және бүкіл адамзаттан да артық жақсы көрмейінше, толық иман келтірген болып есептелмейсіңдер». (Бұхари, Иман 8)

Басқа бір хадис шәрифте болса бойында үш қасиетті жинай білген кісі ғана иманның ләззатын сезіне алатындығы айтылып, бұлардың ең бастысы *«Аллаһ және Расулін барлық нәрседен жақсы көру»* екендігі білдірілген.[4]

Абдуллаһ бин Хишамның түсіндірген мына риуаяты Расулұллаһты қаншалықты дәрежеде жақсы көру керек екендігін өте тамаша түсіндірген:

«Бірде Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге болатынбыз. Сүйікті Пайғамбарымыз Хазіреті Омардың қолын алақанына салып отыр еді. Сол кезде Омар (радиаллаһу анһу):

– Уа Расулаллаһ! Мен сені өз жанымнан басқа барлық

3. Тәубә сүресі 24-аят.

4. Бұхари, Иман 9, 14; Муслим, Иман 67.

нәрседен артық жақсы көремін, - деп Расулұллаһқа деген сүйіспеншілігін білдірді. Оның бұл сөзіне ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай жауап қайтарды:

– *Жоқ, сен мені өз жаныңнан да артық жақсы көруің керек.*

Сонда Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) кідірместен:

– Олай болса сені өз жанымнан да артық жақсы көремін, уа, Расулаллаһ! - деді. Сонан соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Міне енді болды,* - деді. (Бұхари, Әйман 3)

Жақсы көрудің шарты және ең алғашқы нәтижесі, жақсы көрген нәрсені ұмытпау. Сөйлеген сөзің де, істеген іс-әрекет пен ойлаған пікірің де оған сай болу. Жүректе Хазіреті Пайғамбарға деген махаббат толық болуы үшін, ең алдымен оның сүннетін егжей-тегжейлі үйреніп, оны шын көңілмен іске асырып, тұла бойымызға сіңіру қажет.

Себебі оның өмірбаянын білмейінше, жүректе оған деген махаббат орнықпайынша толық Исламмен өмір сүру мүмкін емес. Мұның іске асуы үшін «Сияр Нәбәуиді», яғни Пайғамбарлар тарихын жете меңгеріп оны ішкі жан дүниемізге сіңіре отырып іс-әрекетке асыру қажет. Оны танымайынша шын көңілден жақсы көру мүмкін емес. Аллаһ Тағаланы шын сүю үшін Расулұллаһқа мойынсұну керек. Міне сондықтан Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) махаббат мәселесіне осыншалықты қатты көңіл бөлген және сүйіспеншілік мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталып өтуді жөн санаған.

Пайғамбарлардың сұлтаны Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірі

сарқылмас дариядай. Деректер бойынша ол өзінен бұрын келген 124 мыңнан астам пайғамбарлардың көрінетін яки көрінбейтін барлық ерекше қасиеттерінен де жоғары дәрежеге ие, көркем мінез бен ерекше қасиеттердің асқар шыңына жеткен. Ол өз дәуіріне дейінгі бүкіл адамзаттың пікір мен іс-әрекетте қол жеткізген жетістіктерімен қоса адамзаттың қияметке дейін туындайтын мұқтаждықтарына жауап бере алатын үлгі өнеге тұлға ретінде «ақыр заман Пайғамбары» етіп жіберілді. Ол – пайғамбарлардың соңғысы.

Тарихта бүкіл ғұмыры толығымен қыр-сырына дейін егжей-тегжейлі белгілі болған жалғыз пайғамбар, тіпті жалғыз адам пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Бүкіл пайғамбарлардың адамзатты Хаққа және жақсылыққа шақыру үшін жасаған үлгі боларлық әрекеттерінің бізге аз бөлігі ғана жеткен. Ал ақыр заман пайғамбары Хазіреті Мұхаммедтің (аләйһиссалату уәссәләм) ең қарапайымынан аса күрделісіне дейінгі барлық әрекеті, айтқан өнегелі сөздері мен ұғындыра білген ішкі сезімі әрбір сәтте бақыланып, тарих сахнасына мақтаныш ретінде жазылған. Сондай-ақ Аллаһтың ұлы сыйы ретінде ғасырлар бойы қияметке дейін келетін бүкіл адамзатқа жететіндей етіп берілген.

Мінеки Ислам ахлағын теориядан іс-жүзіне асырған және деңгейін өзге ахлақ жүйелерінен жоғары қылған ардақты Пайғамбарымыздың өнегелі іс-әрекеті мұқият қадағаланып, ғасырлар бойы берік сақталып, күнімізге дейін жетіп отыр.

Біз бүкіл сәтсіздіктен және жамандық атаулыдан өзімізді қорғап қалу үшін шүкіршілік, тәуекелдік, тағдырға ризашылық, қиындыққа сабырлылық, батылдық, қанағатшылдық, кең пейілділік, адамгершілік, жомарттық,

сыпайылық сияқты жақсы қасиеттерді игерумен қатар, сан-қилы оқиғалардың әсерінде қалмай тепе-теңдікті сақтап қалуымыз қажет. Хақ Тағаланың осы жолда өте керемет өнеге ретінде адамзатқа сыйлаған ең ұлы «муршид» жол көрсетушісі, жетекшісі – пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм).

Аллаh Тағала Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) қоғамдағы ең төменгі дәреже болып саналатын «жетімдіктен» бастап өмірдің барлық сатыларынан өткізіп, құдірет пен билік тұрғысынан ең жоғарғы мәртебеге, яғни пайғамбарлыққа тіпті мемлекет басшылығына дейін көтерді. Пайғамбарымыздың сүрген бүкіл өмір кезеңдері адамзат өміріндегі кездесетін әр түрлі проблемаларға шешім боларлық үлгілер ұсынады. Сол себептен оның өмірі қандай жағдайда, әрі қандай дәрежеде болсын барлық адамзатқа өз шама-шарқына қарай еліктей аларлықтай өнеге болған. Яғни Ислам барлық дәрежедегі адамдардың қиындықсыз түсіне алуы үшін Аллаh Расулінің мүбәрак өмірінде көрініс тапқан.

Хақ Тағаланың осыншама шексіз мейіріміне шүкірлік ретінде біздің атқаратын міндетіміз – әлемдердің Сұлтанының мүбәрак әрі пәк өмірін, яғни Сияр Нәбиді ең жақсы түрде үйренуге, оны іске асыруға және үйретуге шын көңілден әрекет ету.

Хазіреті Пайғамабардың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) біздер үшін өнеге, әрі жолбасшы екенін біліп қана қоймай, оны үлгі етудің қаншалықты дәрежеде болатынын да білу өте қажетті әрі маңызды. Себебі оның іс-әрекеттері екіге бөлінеді:

1. Тек өзіне қатысты іс-әрекеттері.

Мысалы, анда-санда емес, үнемі аяқтары ісіп кеткенге дейін түнін намаз оқу арқылы өткізуі, уисал оразасын (ауыз ашпастан оразаны жалғастыру) ұстауы. Ухуд тауындай алтыны болатын болса барлығын тегіс Аллаһ жолында жұмсауы, артында мұра қалдырмауы, өзі және отбасы үшін қияметке дейін зекет пен садақа алуға тыйым салуы және тағы басқалар.

Сондықтан хадисте:

«Мен де сендер сияқты бір пендемін» (Бұхари, Салат 31, Ахкәм 20) десе де, орны келгенде:

«Мен сендердің қайсібірің сияқты емеспін, маған Аллаһ ішкізіп-жегізеді», деген. (Бұхари, Саум 49, Иғтисам 5; Муслим, Сиям 57-61)

Міне, мүминдер осы тұрғыда оның соңынан ілесе алмайды, оның істеген материялдық һәм рухани істерін істей алмайды, оның күйін кеше алмайды. Пайғамбарлардың үмбеттеріне үлгі әрі өнеге болуы тиіс бола тұра, мұндай ерекшеліктер Аллаһ Расуліне ғана қатысты болғандықтан үлгі болудан тыс қалған.

2. Жалпыға қатысты іс-әрекеттері.

Осыған орай біз тек оған қатысты болған ұлы қасиеттерді өзімізге үлгі етуге міндетті емеспіз. Онсыз да мұндай ерекше қасиеттер пайғамбарлықтың ғана белгісі, мұндай әрекеттерді жасауға біздің шамамыз да жетпейді. Ал екінші бөлімге кіретін әрекеттер мен сөздерге келсек оларды орындауға шамамыз жетеді. Бұл істерде өмір бойы оған еріп және үлгі етіп оның нұрлы жолымен жүруге міндеттіміз әрі бұдан жауаптымыз.

Демек Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қоғамның барлық сатысындағы адамдар үшін

өте тамаша өнеге. Мұнда да кейбір әрекеттердің сүннет, ал кейбірінің рұқсат екендігін естен шығармау керек. Халқымыз бұны дәлме-дәл мағынада түсініп, шамашарқына қарай Пайғамбарымызға ұқсауын қалап балаларына «Мұхаммеджан» деп есім берген.

Бұған қоса «Сияр Нәбәуи» яғни Пайғамбар тарихы Құран Кәрімді дұрыс түсініп, оның мақсатын ұғынуда және рухын сезінуде де өте маңызды рөл атқарады. Бұл жайында аят каримада:

نَزَلَ بِهِ الرُّوحُ الْاَمِينُ ﴿193﴾ عَلٰى قَلْبِكَ لِتَكُونَ مِنَ الْمُنْذِرِينَ ﴿194﴾
بِلِسَانٍ عَرَبِيٍّ مُبِينٍ ﴿195﴾

«ЕскертушілерденболуыңүшінРуху-лӘмин(Жәбрейіл) **оны** (Құранды) **ап-ашық араб тілінде сенің жүрегіңе салды»** делінген. (Шура сүресі 193-195 аяттар) Сондай-ақ Құран Кәрім Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірімен іс жүзінде керемет түрде тәпсір етілген. Сондықтан бір мұсылманның ардақты Пайғамбарымыздың хадис шәріптері мен өмірін жақсылап үйренбейінше Құран Кәрімді дұрыс түсінуі мүмкін емес.[5]

5. Сөзбен айтылған ақиқаттар іс-әрекетпен қуатталмайтын болса оны іске асыруда қателіктерге баратынымыз сөзсіз. Себебі дерексіз беймәлім нәрселерді әркім өз тәжірибесіне және түсінігіне қарай ұғады. Нақты мысалдар абстрактылы шындықтың іске асқан кездегі тиіс болған кейіпін ешқандай талас-тартыссыз ұсынады. Осы себептен адамзатқа ақиқат пен игілікті үйрету мақсатымен айтылған барлық пікірлер белгілі кісі тарапынан іс жүзінде көрсетілмегендіктен оларды іске асыру кезінде көптеген өзгешеліктер туындаған. Сондықтан Ислам көзқарасы өзге ешқандай көзқарастармен салыстыруға келмейтін дәрежеде өте құнды әрі керемет. Мұны қамтамасыз еткен, бүкіл абстрактылы шындықтарды өмірімен және іс-әрекетімен іске асырып орындаған Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Сонымен бірге бұларды сахабалар да үйреніп бізге жаткізген.

Сонымен қатар мұсылман кісінің Ислам мәдениетіне бет алуы үшін әлемдердің Сұлтанының (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірінен нәр ала отырып өмір сүруі, мұның нәтижесінде кәміл рухани сезімге жетуі тиіс. Ішкі рухани әлем Аллаh Расулінен келген рухани энергияға толу арқылы кәмілдікке жетеді. Себебі Ислам принциптері мен үкімдерін ең нәзік тұстарына дейін іске асырған жалғыз жанды мысал сүйікті Пайғамбарымыздың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) мүбәрак өмірі.

Адамдарды Исламның бейбіт әрі бақытты өмір жүйесіне шақыратын ұстаз, мұғалімдердің сияр ілімін ішкі рухани дүниесіне сіңіріп, орнықтыра алмауы мүмкін емес. Себебі Хазіреті Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) тәлім-тәрбие беруде және үгіт-насихат айтуда бірден-бір өнегелі тұлға.

Қысқасы, тура әрі әділ болуды қалаған пенде үшін, Аллаhқа шақыруды өзіне жол етіп ұстанып, хикметті және жылы сөздермен тәблиғ жасаған дағуатшы үшін, мемлекетті әділдікпен және ізгілікпен басқарғысы келген мемлекет басшысы үшін, керегесі мықты, шаңырағы биік отбасының отағасы үшін, бала-шағасы мен әйеліне мейірімін төккен әке үшін, ұйымдастыруды жақсы меңгерген қабілетті қолбасшы үшін, бір сөзбен айтқанда жасы, дәрежесі, қызметі қандай болса да әрбір мұсылман үшін ең тамаша әрі нақты мысал Сияр Нәбәуиде берілген.[6] Осы себептен

6. Бұл ақиқатты батыстық бір ойшыл мойындауға мәжбүр болып былай деген:
«Ешкім Хазіреті Мұхаммедтің принциптерінен ілгері асып кете алмайды. Европаның қол жеткізген қаншалықты жетістіктеріне қарамастан европалықтардың шығарған заңдары мен тәртіптері Ислам мәдениетінің қасында әлдеқайда керіде қалған. Біздер Европа халқы мәдени жетістіктерімізге қарамастан Хазіреті Мұхаммед ең соңғы баспалдағына шыққан сатының ең бірінші баспалдағындамыз. Сөз жоқ бұл жарыста

Исламды қыр-сырымен дұрыс түсініп, оны іске асыра білу үшін Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірін жақсылап үйрену міндетті шарт.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірбаянын тиісінше үйрену, оны басқаларға үйрету және онымен амал жасау адамзатқа керемет әрі өте тамаша өмірлік үлгі болатындығында да еш күмән жоқ.

Исламның келуі үшін Арабстанның таңдалуындағы хикметі

Исламның келуі үшін Арабстан түбегінің бесік ретінде, яғни алғаш басталатын мекен ретінде таңдалуының хикметін түсіну үшін алдымен арабтардың Исламнан бұрынғы жағдайын, өмір сүрген жерлерінің географиялық, саяси және әлеуметтік ерекшеліктерін білу қажет.

Ол кезеңнің екі алып державалары Византия мен Иран арабтардың көршісі еді. Византия отарлап алған қол астындағы мемлекеттерде туындаған діни қақтығыстардың салдарынан қиын жағдайға тап болған еді. Басшылар Христиандықты өздерінің мүдделеріне қарай қолданып, ойыншық қылған еді. Консулдарда қалаған кітаптарын киелі деп қабылдап, қаламағандарын жоятын, діннің ақидасын (сенімін) өз қалауларына қарай құратын. Таққа келген патша алдыңғы патшаны аластатып құдалайтын, діннің негіздерін қалағанынша өзгертетін. Халыққа салған ауыр салықтардың және басқарма лауазымдарының арасындағы

ешкім оны басып оза алмайды. Бұл кітап (Құран) та барынша өміршең болғандықтан еш уақытта қадірін жоғалтпайды, әрі басқа халықтарды да төңірегіне жинайды». (Johann Wolfgang von Goethe)

етек алған жемқорлықтың нәтижесінде ахлақсыздық белең алып Византияны іштей талқандап, құлдырауына себеп болды, яғни келешегін күйретті.

Иран болса саяси және ахлақ жағынан быт-шыт болып жатқан еді. Кісінің өз шешесімен, тіпті қызымен үйленуіне рұқсат етіліп, адамгершілік қасиеттерден жұрдай қылатын түсінік үстемдік құрған болатын. Қате әрі бұрыс пікірлерді ұстанатын әбден адасқан «Маздекизм» ауа, от, су баршаға ортақ болғанындай, барлық нәрсе сол секілді ортақ болуы керек екендігін айта отырып, әйелдер мен мал-мүлікті де жалпыға бірдей ортақ деп жариялады.

Грек мәдениеті бұзылған философиялық талас-тартыстар мен аңыздардың шырмауына шырмалып жатқанда, Үнді мәдениеті де әлеуметтік және адамгершілік жағынан дамудың алғашқы сатысында жүрген еді.

Арабтар болса бүкіл осы бұзақылықтар мен бүліктерден ұзақ, айналасы шөлмен қоршалған, жау шапқыншылығынан, мәдени шабуылдардан қорғалған бір аймақта тып-тыныш қана өмір сүріп жатқан болатын. Олар еш уақытта біреуге тәуелді болып, құлдықтың зардаптарын тартпаған еді. Арабтардың табиғаты мен жаратылысы әлі бұзыла қоймаған еді. Олар жаратылысындағы пәктігін әлі жоғалта қоймаған еді. Керісінше адамгершілік, сөзінде тұру, жомарттық, адалдық, сабырлылық, мәрттік сияқты жақсы қасиеттерге ие еді. Бірақ олардың бойындағы бұл қасиеттер кемшілікке және астамшылыққа ұшырап асыл негізінен ауытқыған болатын. Сондықтан өздеріне ақиқатты көрсететін жол басшыға мұқтаж бір халде надандық ішінде өмір сүріп жатқан еді.

Міне, олардың бойындағы осындай надандық пен нәпсіге бой алдырушылық табиғаттарындағы жасырын барлық жақсы қасиеттерді негізгі арнасынан тайдырды. Намысы-

мыз бен абыройымызды қорғаймыз деп аналарының жүрегін қан жылатып қыз балаларын тірідей топыраққа көметін, жомарттығымызға сөз келмесін деп өздеріне қажет мал-мүліктерін ысырап етіп шашатын, жігіттік пен батылдықтың белгісі деп өз араларында ұзақ жылдар бойы жалғасқан қанды соғыстар ашатын. Исламның келуімен надандықтың ахлақ сипаттары өте қатты өзгеріске ұшырап өзіне лайықты қалпына келіп, кәмілдікке жетті. Яғни Хазіреті Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығы арқылы бұрынғы адамгершілік түсінігі бүкіл жамандық атаулыдан арылып, мәдени халге келді.

Исламның келуі үшін Арабстанның таңдалуындағы тағы бір хикметі Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығында ешкімнің күмәні болмауын қадағалау еді. Арабтар оқу-жазу білмейтін сауатсыз халық еді. Сол себептен көрші елдердің шіріп құрдымға бет алған мәдениеті мен пәлсапаларынан әсерленбеді.

Егер де Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сауатсыз емес, көрші мемлекеттер мен мәдениеттердің тарихы мен дәстүрін және ескі сәмәуи кітаптарды оқыған кісі ретінде пайғамбарлық міндетімен адамзаттың алдына шығатын болса, сөзсіз адамдардың оның әкелген нәрселерін иләһи уахи деп қабыл етулері мүншалықты оңай болмас еді. Сол сияқты егер Ислам діні Греция, Византия немесе Иран сияқты мәдениеті мен өркениеті белгілі бір дәрежеде дамыған мемлекеттердің бірінде шығатын болса, адамдар оңайлықпен Исламның негіздерін қабыл етпес еді. Өйткені мұндай жағдайда Ислам низамының Аллаһ тарапынан келгендігі қабыл етілмей, мұны мәдениет пен өркениеттен туындады деген күмәнді көзқарастар айтылар еді. Сондықтан Исламның Аллаһ тарапынан келгендігіне қарсы пікірлердің туындамауы үшін Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу

аләйһи уә сәлләм) оқу-жазу білмейтін қоғамға, сауатсыз Пайғамбар етіп жіберілді.

Арабстан түбегі Азия, Африка және Еуропа құрлықтарының біріккен жерінде және әр түрлі мемлекеттердің ортасында орналасқандықтан Исламның жайылуында географиялық ерекшелігі бар.[7]

Исламның тууына бесік ретінде таңдалған Мекке Құран Кәрімде **«егін өспейтін алқап»** деп танытылады.[8] Осыған орай ол жерде тек қана сауда-саттықпен айналысатын. Диқаншылықты кәсіп ететін адамдар отырықшыл болады, әрі ұзақ жерлерге сапар шегуге көндіге алмайды. Осы секілді қолөнершілер де өз кәсіптеріне байланысты жол жүріп сапар шегуге икемсіз келеді. Тек сауда-саттықпен айналысатындар ғана ұзақ саяхаттарға шығуға, мемлекеттерінен шалғай жерлерге баруға және әр түрлі адамдармен қарым-қатынас құруға бейім келеді. Исламды жаю мақсатымен атқа қону үшін әрекетшіл мінездегі кісілер қажет болғандықтан, осы мінезге сай Мекке халқы Исламның алғашқы қаһармандары болды.

Аллаһ Тағала Ислам дағуатының тілі және Аллаһ Кәләмінің тілмашы ретінде араб тілін таңдап алды. Барлық тілдерді зерттеп салыстыратын болсақ араб тілінің үйлесімділігі, сөйлем құрылуы және түрленуі, етістіктерінің жіктелуі, сөйлеу қағидалары сияқты көптеген ерекшеліктеріменбасқатілдерденмәртебесіжоғарыекендігін көреміз. Араб тілі тым нәзік мәселелерді де қалдырмастан өте түсінікті әрі нақты сөздермен жеткізе алатын ерекше тіл. Сөздік қоры бай болғандықтан бұл тіл кез келген мақсаттағы пікірді меңзелгеніндей етіп түсіндіре алады. Он бес ғасыр

7. Мұхаммед Ильяс Абдулғани «Тариху Мәккә» 12-13 б.
8. Ибраһим сүресі 37-аят

бойы қағидалары мен ережелерінде ешқандай өзгешеліктің болмауы араб тілінің сол уақыттың өзінде белгілі бір жүйеге отырып, толық орныққан тіл болғандығын көрсетеді. Сондықтан сол заманда жер жүзіндегі барлық тілдердің арасында тек араб тілі ғана Аллаһтың қалауын түсіндіре алатындай ерекшеліктерге ие еді.

Арабия түбегі тек қана Ислам ғана емес, сонымен қатар көптеген хақ дін келген қасиетті мекен. Хазіреті Пайғамбарымыздың атасы Хазіреті Ибраһим осы жерде өмір сүрген, әрі Қағбаны тұрғызған. Меккеліктер осының арқасында өздерін Ибраһим мен Исмаилдың (аләйһимуссәләм) рухани мұрагерлері деп есептейтін. Сондықтан Исламның осындай жерге келуі оны қабыл етуді және түсінуді оңайлататын еді.

Бұған қоса адамзат тарихының бастауымен қатар, діни орталық болып саналатын Қағбаның да осы жерде болуы ең маңызды себептердің бірі.

Бұлардан басқа біз біле алмайтын тағы да көптеген хикметтердің бар екендігі ақиқат. Аллаһтың қалауын бірнеше хикметтермен белгілеп, шектеп қою мүмкін емес. Сондықтан бұл жайындағы сөзімізді: «Аллаһ нені қалағанын ең жақсы түрде өзі біледі» - деп тамамдаймыз.

Уммул Қура – Мекке

Құран Кәрімде Мекке «Уммул Қура», «Бәккә» және «әл-Бәләдул Әмин» есімдерімен аталған. Мекке және Бәккә бабил тілінде «үй» мағынасын білдіреді. Амаликалықтар бұл жердің атауы ретінде осы сөздерді қолданған.

Мекке оңтүстігінде Йеменмен, солтүстігінде Ақ теңізбен, шығысында Басра шығанағымен, батысында Қызыл теңіздегі портты қала Жиддамен шектесіп, Африка бағытындағы жолдардың қиылысқан және экономикалық тұрғыдан өте ыңғайлы жерде орналасқан. Қала орналасқан жағын «Батни Мәккә», Мәсжид Харам орналасқан жерін «әл-Бәтха» деп атайды.

Хазіреті Ибраһимнің (аләйһиссәләм) Сара анамыздан перзенті болмаған соң, Сара анамыз қолындағы күңі Хажарды азат етіп Ибраһиммен (аләйһиссәләм) некеледі. Осы некеден Хазіреті Исмаил дүниеге келіп Мұхаммеди Нұр Исмаилға (аләйһиссәләм) өтті. Сара анамыз бұл нұрды өзіне өтеді деп ойлайтын еді. Сол себептен қатты қайғырды. Ибраһимнен (аләйһиссәләм) Хажар анамызды басқа бір жаққа апарып тастауын өтінді. Ибраһим (аләйһиссәләм) де Аллаһтың әмірімен Хажар анамыз бен ұлы Хазіреті Исмаилды елсіз жатқан Меккеге алып барды. Жәбрейіл (аләйһиссәләм) оған жол бастап отырды. Мекке орналасқан жерге келген кезде:

– Ей, Ибраһим! Отбасыңды осы жерге орналастыр, - деді.

Хазіреті Ибраһим:

– Бұл жер диқаншылаққа да, мал шаруашылығына да қолайсыз ғой, - дегенде Жәбрейіл (аләйһиссәләм):

– Иә солай, бірақ осы жерден сенің ұлыңның ұрпағынан үмми (оқу-жазу білмейтін) пайғамбар шығады және «Калиматул Улиа», яғни ең ұлы сөз болған таухид сол арқылы тамамдалады, - деді. (Ибн Сағд I, 164)

Абдуллаһ бин Аббас[9] (радиаллаһу анһумә) былай риуаят етеді:

Ибраһим (аләйһиссәләм) Хажар анамыз бен емшектегі Исмаилды (аләйһиссәләм) Меккеге алып барды. Келешекте Зәмзәм суы атқылайтын жердің қасындағы бір ағаштың астына қалдырды. Қастарына құрма толы бір себет пен су толы бір құмыра тастады. Сонан соң кері қайтты. Хажар анамыз оның арқасынан былай айқайлады:

– Бізді бұл жерге қалдыруды саған Аллаһ әмір етті ме?

Ибраһим (аләйһиссәләм):

– Иә, - деп жауап берді.

Хажар анамыз тәуекелмен әрі бағыныштылықпен:

– Олай болса Раббым бізді қорғар, жалғыз қалдырмас, - деді. Сөйтіп Исмаилдың (аләйһиссәләм) қасына барды.

Хажар анамыз бен Исмаил (аләйһиссәләм) көзден ғайып болған соң Ибраһим (аләйһиссәләм) қолын жайып Раббысына былай жалбарынды:

---

9. **Абдуллаһ ибн Аббас** (радиаллаһу анһумә) Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасы Хазіреті Аббастың ұлы. Анасы Хазіреті Хадишадан кейін дереу мұсылман болған Үммү Фадл Лубаба. Ибн Аббас хижреттен үш жыл бұрын Меккеде туылған кезде, оны алып Пайғамбарымыздың құшағына берді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак ауызымен құрма шайнап, оны Абдуллаһтың тамағына салды. Ибн Аббас «Тахник» деп аталатын осы әрекеттің себебімен сахабалардың арасында өте жоғары ерекшеліктерге ие болды. Кейіннен Пайғамбарымыз (аләйһиссәләм) ол үшін екі рет дұға жасап бата берген. Осы дұғаның бірінде: *«Аллаһым! Оны дін ғұламасы (фақиһ) қыл, әрі оған Құранды үйрет»*, деген болатын. Осыған байланысты ол Құран Кәрімді ең жақсы білетін сахаба болып, оған **«Тәржумәнул Құран»** атағы берілді. Үмбеттің ең ғұламасы мағынасында **«Хибрул Умма»** деп те атады. Қайталанып келгенін қосқанда 1660 хадис шәріп риуаят еткен. Өмірінің соңғы жылдарында көзінен айырылды. Хижри 68, миләди 687 жылы Тайфта 71 жасында дүние салды.

رَبَّنَآ اِنِّى اَسْكَنْتُ مِنْ ذُرِّيَّتِى بِوَادٍ غَيْرِ ذِى زَرْعٍ عِنْدَ بَيْتِكَ الْمُحَرَّمِ
رَبَّنَا لِيُقِيمُوا الصَّلٰوةَ فَاجْعَلْ اَفْئِدَةً مِنَ النَّاسِ تَهْوِى اِلَيْهِمْ وَارْزُقْهُمْ
مِنَ الثَّمَرَاتِ لَعَلَّهُمْ يَشْكُرُونَ

«Уа, Раббым! Мен намазды дұрыс оқулары үшін үрпағымның кейбірін егін өспейтін ойпатқа, сенің қасиетті үйіннің (Қағбаның) **жанына орналастырдым. Енді сен де адамдардың кейбірінің көңілін оларға аудырта гөр және оларды жемістермен ризықтандыр. Бәлкім олар шүкіршілік етер».** (Ибраһим сүресі 37-аят), (Бұхари, Әнбия 9)

Жалғыз перзенті мен жұбайын шөл далаға қалдырып кеткен Ибраһим (аләйһиссәләм) олар үшін арнайы мына дұғаны жасады:

رَبِّ اجْعَلْ هَذٰا بَلَدًا اٰمِنًا وَارْزُقْ اَهْلَهُ مِنَ الثَّمَرَاتِ
مَنْ اٰمَنَ مِنْهُمْ بِاللهِ وَالْيَوْمِ الْاٰخِرِ

«Раббым! Бұл жерді тыныш бір қала ете гөр. Оның тұрғындарынан Аллаһқа және ақырет күніне иман келтіргендерді әр түрлі ризықтармен ризықтандыр...». (Бақара сүресі 126-аят)

Хақ Тағала Хазіреті Ибраһимның иман келтіргендер жайында жасаған дұғасын қабыл етті. Артынан кәпір болғандарды қорқытып былай деді:

وَمَنْ كَفَرَ فَاُمَتِّعُهُ قَلِيلًا ثُمَّ اَضْطَرُّهٗٓ اِلٰى عَذَابِ النَّارِ
وَبِئْسَ الْمَصِيرُ

«...Кімде-кім қарсы келетін болса оны (дүние нығметтерінен) **аз уақыт пайдаландырамын. Сонан соң тозақ азабына айдаймын. Ол жер нендей жаман орын».** (Бақара сүресі 126-аят)

Осы дұғаның себебімен Аллаһ Тағала қажылық пен ұмра жасаған мүминдердің жүрегін Мекке Мукаррамаға деген махаббатқа бөледі, әрі осы дұғаның арқасында көңілдер ол жерден рахат тауып, тыныштыққа бөленеді.

Ибраһимнің (аләйһиссәләм) Хажар анамыз бен Исмаилға қалдырған бір құмыра суы көп ұзамай таусылды. Хажар анамыз су табылып қалар деген үмітпен Сафа мен Мәруа төбелерінің арасында жүгіріп, жеті рет барып-келді. Бұл екі төбенің арасы жобамен төрт жүз метрдей болады. Хажар анамыз бір жағынан шыр-пыр болып жүгіріп, бір жағынан Хазіреті Исмаилға көз тастап қояды. Ол жерден адам түгіл құс ұшпайтын. Хазіреті Хажар Мәруа төбесіне шыққан кезде бір дауыс естіді. Өз-өзіне «Тоқтай тұр, тыңда» деді. Сосын жақсылап құлақ салып еді әлгі дауысты тағы да естіді.

– Жарайды, дауысыңды естірттің. Қолыңнан келсе бізге жәрдем ет, - деп үн қатқан соң қарап еді Зәмзәм шығатын жерде бір періште тобығымен (немесе қанатымен) жерді қазып жатыр екен.

Кенеттен су көрінді. Қатты қуанып Раббысына шүкіршілік етті. Хажар ағып кетпесін деп судың айналасын қолымен бөгеп, суды алақанымен алып ыдысын толтыра бастады. Суға **«Тоқта, тоқта»** деген мағынада **«Зәм, зәм»** деді. Тағы бір риуаятта Хажар суды алақанымен алған сайын, қайта көбейіп отырды делінеді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген болатын:

«Аллаһ Исмаилдың анасы Хажарды рахмет етсін. Егер де ол Зәмзәм суының айналасын бөгемей қоя бергенде, сөзсіз Зәмзәм үнемі ағып тұратын бұлақ болар еді». (Бұхари, Әнбия 9)

Анасы мен ұлы бұл адам қоныстанбайтын шөлді аймақта тек Зәмзәмнің арқасында жан сақтап, өмір сүріп жатты. Ол төңіректен өтіп бара жатқан Журхум тайпасы бір құстың үнемі бір жерге қонып, қайта ұшып жатқанын байқады. Мұны тіршіліктің белгісі деп ойлап, ол жерге екі кісіні жіберді. Ол екеуі Зәмзәм суын көргенде Хажар анамыздан:

– Бұл жерге қоныстансақ болады ма? - деп рұқсат сұрады.

Хажар анамыз суды иеленіп алмау шартымен оларға рұқсат берді. Осылайша Меккеге алғаш қоныстанған Журхум тайпасы болды.

Уақыт өте келе Мекке ұлғайып, бір қала ретінде мемлекет халіне келді. Йеменнен қоныс аударып келген хузалықтар журхумдіктерден сонда тұру үшін рұқсат сұрады. Қабыл етпеген соң олармен соғысып 207 жылы қаланы басып алды. Исмаил ұлдары бұл соғысқа араласпай бейтарап болғандықтан хузалықтар оларға тиіспеді. Хузалықтар ұзақ уақыт бойы Меккеге билік жүргізді. Уақыт өте келе олар Ибраһимнің (аләйһиссәләм) дінінен қатты адасып, пұтқа табынушылықтың жайылуына жол беріп, адамдарды адастырды. Хубәл деген пұт орнатып, соған табынды. Хазіреті Исмайлдың ұрпағы болған құрайштықтар күшейген соң Құсайдың бастауымен әрекетке көшіп 440 жылы хузалықтарды қаладан аластатты.

Құсай Мекке мемлекетінің парламенті болып саналатын «Дәрун Нәдуаны» құрды және қоғамды басқаратын әрі діни міндеттер орындаумен айналысатын ұйымдар құрды. Дәрун Нәдуаның төрағалығы, соғыс туын қорғау (қияда), Қағбаның қызметі (сидана, хижаба), қажыларға су тарату (сиқая) және салықтан түскен табыстан қажыларға тамақ беру (ридана) сияқты міндеттерді Құсай атқаратын. Қайтыс болар кезінде бұл қызметтерді (төрт ұлы болатын) екі ұлы Абдуддар мен Абдулманафқа берілуін өсиет етіп кетті. Бұл қызметтер әкеден ұлға берілетін.[10]

Меккенің қырық жасқа толған барлық тұрғындары мәжіліс кеңестеріне қатыса алатын еді. Бірақ ескіден қалыптасқан әдет бойынша белгілі әулет басшылары мен тайпа көсемдерінен басқалары бұл жиналыстарға қатыса бермейтін. Өкініштісі осы Дәрун Нәдуа ұзақ жылдардан соң Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дағуатына кедергі болу үшін жасалған бас қосулардың орталығына айналды. Дәрун Нәдуаның орны болған және аймақтық жиналыстар өтетін Нәдилер саяси және әскери шешімдердің де қабылданатын мекеніне айналды. Сонымен бірге мұнда әлеуметтік іс-шаралар да өткізіліп тұратын.

Меккелік мүшриктер Аллаһты барлық нәрсенің жаратушысы деп қабыл етсе де, көптеген мәселеде оған пұттарды ортақ етіп қосатын.

Меккенің жері диқаншылыққа қолайсыз болғандықтан, ол жерде өмір сүріп жатқан халық сауда-саттық арқылы күнелтетін. Осыған байланысты Мекке Арабстан түбегінде діни, әрі сауда-саттық тұрғысынан маңызды орталыққа айналған еді. Меккедегі сауда-саттық қысы-жазы жалғасатын. Сауда керуендері жазда Сирия бағытына, ал

10. Ибн Хишам I, 135-142.

қыста Йемен бағытына аттанатын. Жолға шыққан керуендер мал-мүліктерін түйелерге тиеп алатын. Кейде керуендегі түйелердің саны екі мың бес жүзге дейін жететін. Мекке үшін бұл сауда керуендерінің өте маңызды болғандығы соншалықты, Аллаһ Тағала құрайштықтарды иман мен ғибадатқа шақырған кезде оларға сыйлаған бұл ерекше нығметін ескертеді:

لِاِيلَافِ قُرَيْشٍ ﴿1﴾ اِيلَافِهِمْ رِحْلَةَ الشِّتَآءِ وَالصَّيْفِ ﴿2﴾ فَلْيَعْبُدُوا
رَبَّ هٰذَا الْبَيْتِ ﴿3﴾ الَّذِى اَطْعَمَهُمْ مِنْ جُوعٍ وَّاٰمَنَهُمْ مِنْ خَوْفٍ ﴿4﴾

«Құрайшқа жеңілдетілгені үшін. Қысқы және жазғы сапарлары оларға жеңілдетілгені үшін олар өздерін аштықтан тойдырып, қауіп-қатерден аман қылған мына үйдің (Қағбаның) **Раббысына құлшылық қылсын».** (Құрайш сүресі 1-3 аяттар)

Саяси үкіметтен мақұрым және бейберекетсіздік жайлаған Арабстан түбегінде мұндай сауда-саттықты тыныштық ішінде жасау өте қиын болса да, харам айларында бұл тыныштық толық орнайтын. Бұл жағдайда Меккенің абыройы әлдеқайда жоғары екені көрінеді. Себебі басқа барлық жәрмеңкелер үшін тек Режеб айы ғана харам деп саналатын, ал Мекке үшін «Әшһурул Харам», яғни харам болған төрт айдың барлығы харам деп саналатын. Мұнымен қатар «Басл» деп аталатын ұйым Меккедегі кейбір әулеттердің мал-мүлкін қарақшылық пен ұрлықтан сегіз ай бойы қорғайтын.[11]

Меккенің төңірегінде Уқаз, Мәжәннә және Зул-Мәжәз атты жәрмеңкелер құрылатын. Жаһилият дәуірінде де

11. Хамидуллах I, 24-25.

ғибадат болып саналған қажылық кезеңінде құрылатын бұл жәрмеңкелерде адамдар аяқ алып жүре алмастай ығы-жығы болатын. Осының арқасында сауда-саттыққа береке дарып, Меккелік саудагерлер көп табыс табатын.

Меккенің географиялық жағдайы ежелден бері айналасындағы мемлекеттердің назарын аударып келді. Бір жағынан ол жерде Бәйтуллаһ болғандықтан да Меккенің абыройы өте биік еді. Қаншама әрекеттер болса да Меккені көрші мемлекеттер жаулап ала алмаған, әрі тарих бойынша тәуелсіздігін қорғап келген. Византиялықтар да Меккені басып алу үшін үнемі әрекет етсе де, бұған қол жеткізе алмаған.

Қағбаның тарихы мен қасиеті

Сөздікте «Куб» деген мағынаны білдіретін Қағба сөзі Құран Кәрімде екі жерде кездеседі. Аяттарда «Бәйт, Бәйтуллаһ, әл-Бәйтул Атиқ, әл-Бәйтул Харам, әл-Бәйтул Мухаррам, әл-Мәсжидул Харам» сияқты әр түрлі есімдермен аталған Қағбаны халық арасында көбінесе «Қағба Муаззама» деп атайды.[12]

---

12. Қағба ені жобамен 1,5 метрдей болатын фундаменттің үстіне тұрғызылған. Мекке төңірегінен әкелінген базальт тастармен қаланған Қағбаның қабырғаларында әр түрлі көлемдегі 1614 тас блоктар бар. Шығыстағы бұрышында жерден 1,1 метр биіктікте күміс сауыттың ішінде **«Хажарул Әсуад»** орнатылған. Ол тауафтың басталатын және бітетін жерін білдіреді. Қағбаның шығыстағы бұрышын **Рукну Хажарул Әсуад** немесе **Рукну Шарқи**, солтүстіктегі бұрышын **Рукну Ираки**, батыстағы бұрышын Рукну Шами, оңтүстіктегі бұрышын болса **Рукну Ямани** деп атайды. Қағбаның үстіне жауған жаңбыр суларының ағатын суағарын **Мизабу Кағба** дейді. Қағбаның солтүстік батыс қабырғасының қарсысындағы жерден 1,35 метр биіктікте 1,55 метр қалыңдығында жарты шеңбер тәрізді дуалмен қоршалған жердің Қағбадан есептегенде алғашқы үш метрлік жері **Хатим** деп аталады. Хазіреті Ибраһим (аләйһиссәләм) тұрғызған Қағбаға бұл бөлік те кірген болатын. Құрайштықтар Қағбаға қайта жөндеу жасаған кезде құрылыс материялдары жеткіліксіз болғандықтан бұл бөлік сыртта қалған еді. Қалған 5,46 метрлік бөлім болса **Хижру Қағба, Хижру Исмаил** немесе **Хатыра** деп аталады. Ибраһим (аләйһиссәләм) Хажар анамыз бен ұлы Исмаил үшін бұл жерге Арак ағашынан көлеңкелік жасап берген еді. Хазіреті Хажар мен ұлы Исмаилдың (аләйһиссәләм) **Хижр** бөліміне жерленгендігі риуаят етіледі. Тауафты Хижрдың сыртынан жасау уәжіп. Қағбаның есігі солтүстік шығысында, жерден 2,25 метр биіктікте. Қабырғаның есік пен Хажарул Әсуад арасындағы бөлігін **Мултазам** деп атайды. Қағбаның биіктігі 14 метр. Мултазам жағының ұзындығы 12,84 метр. Хатим жағының ұзындығы 11,28 метр. Хатим мен Рукну Яманидің арасы 12,11 метр. Рукну Ямани мен Хажарул Әсуадтың арасы 11,52 метр. Қағбаның ішінде төбесін тіреп тұрған үш тірек бар. Бұлар оңтүстіктегі қабырғадан Хатимге қарай ортасына тігілген. Есіктен кіре берісте оң жақта төбесіне шығатын баспалдақ бар. Баспалдаққа кіре берісте **«Тәубе Есігі»** деп аталатын есік бар. Қағбаның ішкі қабырғалары

Хазіреті Адам (аләйһиссәләм) жерге түсірілгеннен кейін Меккедегі Бәйтуллаһ тұрған жерге ғибадатхана салуға міндеттелген еді.[13]

Аллаһ Тағала былай дейді:

اِنَّ اَوَّلَ بَيْتٍ وُضِعَ لِلنَّاسِ لَلَّذِي بِبَكَّةَ مُبَارَكًا وَ هُدًى لِلْعَالَمِينَ

«Күмәнсіз бүкіл әлемге берекет және Һидаят ретінде адамдар үшін алғаш тұрғызылған үй (ғибадатхана) **Меккеде** (Қағба)**».** (Әли Имран сүресі 96-аят)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Зәрдің[14] (радиаллаһу аһһу) сұрағына берген жауабында жер жүзінде ең алғаш салынған мешіт «Мәсжидул Харам» екенін, ал екінші салынған «Мәсжиду Ақса» екенін айтқан.[15]

Жоғарыда айтқанымыздай Мекке ойпаты алғашқы адаммен бірге таңдалып алынып, қасиетті мекен етілген.

және төбесі жібектен тоқылған жасыл жабумен жабылған. (Мұхаммед Ильяс Абдулғани 33-66 бет; Кәмил Мирас, Тәжрид Тәржәмәси YI, 17-20 бет.)

13. Тәбәри, Тарих I, 124.
14. Хазіреті Әбу Зәрдің есімі Жундәб бин Жунәдә. Ол Ғифар тайпасынан. Сондықтан Әбу Зәр әл-Ғифари деген атпен әйгілі. Бесінші болып мұсылмандықты қабыл еткен. Дүниеге көңіл бөлмейтін, тақуа, қанағатшыл кісі еді. Осы себептен Аллаһ Расулі оған: «Исламның Исасы (Мәсихул Ислам)» деген лақаб ат берген. Исламның жайылуы үшін өте көп әрекет етті. Үнемі Хазіреті Пайғамбардың қасында болып, одан көп нәрсе үйренетін. Үйренуге өте құштар еді. Білмеген нәрсесінің барлығын Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрайтын. Хазіреті Али оны «ілімнің қазынасы» деп атаған. 281 хадис шәріп риуаят етті. Хижреттің 31-жылында Меккеге жақын Рабаза деген жерде қайтыс болды. Ол жерден өтіп бара жатқан бірнеше кісі жаназа намазын оқып, жерледі.
15. Бұхари, Әнбия 10.

Қағба Нух топанынан кейін ұзақ жылдар бойы құмның астында қалды. Хазіреті Ибраһим (аләйһиссәләм) бірнеше жылдан соң Меккеге жұбайы мен ұлына қайта барғанда Исмаилға (аләйһиссәләм):

«Маған Раббым әмір етті. Бір үй тұрғызамыз. Сен де маған жәрдем бересің», - деді.

Исмаил (аләйһиссәләм) тас тасыды, Хазіреті Ибраһим болса үйдің қабырғаларын тұрғызды. Қазіргі күнде **Мақаму Ибраһим** деп аталатын Ибраһимнің (аләйһиссәләм) аяқ ізі бар мәрмәр тас Қағба дуалдарын тұрғызу кезінде лифт қызметін атқарды.[16]

Аятта былай айтылады:

وَ اِذْ يَرْفَعُ اِبْرٰاهِيمُ الْقَوَاعِدَ مِنَ الْبَيْتِ وَ اِسْمٰاعِيلُ
رَبَّنَا تَقَبَّلْ مِنَّآ اِنَّكَ اَنْتَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ

«Кезінде Ибраһим Исмаилмен бірге Бәйтуллаһтың негізін қалап (былай дейтін)**: Уа, Раббым! Бізден мұны қабыл ал. Күмәнсіз сен естисің, әрі білесің».** (Бақара сүресі 127-аят)[17]

Ибраһим (аләйһиссәләм) адамдар Қағбаны тауаф еткен-

16. Саид Бекташ, Фадлул Хажарул Әсуәд уа Мақаму Ибраһим (аләйһиссәләм) 108 бет; Мұхаммед Ильяс Абдулғани 71-73 бет.
Бір риуаят бойынша Ибраһим (аләйһиссәләм) кейін осы тастың үстіне мініп жоғары көтеріліп адамдарды қажылыққа шақырған. (Саид Бекташ 111 бет.) Аллаһ Тағала Мақаму Ибраһимнің артықшылығын былай білдірген:

وَاِذْ جَعَلْنَا الْبَيْتَ مَثَابَةً لِلنَّاسِ وَ اَمْنًا وَ اتَّخِذُوا مِنْ مَقَامِ اِبْرٰاهِيمَ مُصَلًّى

«Біз Бәйтті (Қағбаны) **адамдар үшін жиналатын орын және тыныш бір мекен қылдық. Сендер де Мақаму Ибраһимнан намаз оқитын жер белгіленде**р (ол жерде намаз оқыңдар)...» (Бақара сүресі 125-аят)

17. Бұл жайында кең мағлұмат алу үшін Бұхари, Әнбия 9 хадисіне қараңыз.

де бастайтын белгі болсын деп Хажарул Әсуадты Қағбаның бір бұрышына орналастырды.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтуына қарағанда бұл қара тас жәннаттан келген кезде сүттен де, қардан да аппақ болатын. Кейін адамдардың күнәлары оның қараюына себеп болды. (Тирмизи, Хаж 49/877; Ахмед I, 307)[18]

Сонымен қатар жаһилият кезінде және Ислам келгеннен кейін де қайта-қайта шыққан өрт оның онан сайын қараюына әсер еткені риуаят етіледі. Сондай-ақ Хажарул Әсуадтың бізге көрінетін жағының ғана қара түсті, ал Қағба дуалының арасында қалған жағының әлі де аппақ екендігі айтылуда.

Мужаһид былай деген:

«Абдуллаһ бин Зүбәйр (радиаллаһу анһу) Бәйтуллаһты қайта тұрғызу үшін құлатқан кезде Хажарул Әсуадты көрген едім. Бәйтуллаһтың іш жағында қалған бөлігі аппақ болатын».

Кезінде карматилер Хажарул Әсуадты орнынан суырып алып кеткен болатын. Хижри 339 жылы қайта әкелгенде орнына қоймас бұрын Мұхаммед бин Нафий әл-Хузаи оны зерттеп былай деген:

«Хажарул Әсуадты орнынан алынған кезінде зерттеп қарадым. Тек бас жағы ғана қара болатын, басқа жақтары аппақ еді».

Сондай-ақ хижри 1039 жылы қатты селдің салдарынан Қағба құлап қалған болатын. Қайта тұрғызылған кезде сол жерде болған Имам ибн Аллан әл-Мәкки құрылыстың

18. Ғұламалар былай деген: Күнәлар осыншалықты әсер етіп, оны қарайтатын болса, жүрекке қаншалықты дәрежеде із қалдыратынын кім білсін. Олай болса күнәлардан барынша сақтануымыз қажет.

әрбір сәтін бақылап, барлығын қағазға түсірген және Хажарул Әсуад жайында мыналарды айтқан:

«Хажарул Әсуадтың Қағбаның ішінде қалған жағының түсі Мақаму Ибраһим сияқты аппақ...».[19]

Қағбаның құрылысы аяқталған соң Хазіреті Ибраһим мен Исмаил (аләйһимуссәләм) Аллаһқа былай жалбарынды:

رَبَّنَا وَاجْعَلْنَا مُسْلِمَيْنِ لَكَ وَمِنْ ذُرِّيَّتِنَآ اُمَّةً مُسْلِمَةً لَكَ وَاَرِنَا
مَنَاسِكَنَا وَتُبْ عَلَيْنَا اِنَّكَ اَنْتَ التَّوَّابُ الرَّحِيمُ ﴿128﴾ رَبَّنَا وَابْعَثْ
فِيهِمْ رَسُولًا مِنْهُمْ يَتْلُوا عَلَيْهِمْ اٰيَاتِكَ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ
وَيُزَكِّيهِمْ اِنَّكَ اَنْتَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ ﴿129﴾

«Уа, Раббым! Бізді саған мойынсұнғандардан қыл және біздің ұрпағымыздан да саған мойынсұнатын бір үмбет шығар. Бізге ғибадаттың тәртібін көрсет және тәубелерімізді қабыл ет. Себебі сен тәубелерді өте көп қабыл етуші әрі өте мейірімдісің. Уа, Раббым! Оларға өз араларынан сенің аяттарыңды оларға оқитын, кітап пен хикметті үйрететін және оларға (нәпсілерін) **арындыратын бір пайғамбар жібер. Себебі өте ұлы, барлық нәрсені орын-орынды іске асыратын тек Сен ғанасың».** (Бақара сүресі 128-129 аяттар)

Қағбаның құрылысы біткеннен кейін Аллаһ Тағала Ибраһимге (аләйһиссәләм) бүкіл адамзатты қажылыққа шақыруды бұйырды:

19. Саид Бекташ 36-38 бет; Мұхаммед Ильяс Абдулғани 43 бет.

وَ اَذِّنْ فِى النَّاسِ بِالْحَجِّ يَاْتُوكَ رِجَالًا
وَعَلَى كُلِّ ضَامِرٍ يَاْتِينَ مِنْ كُلِّ فَجٍّ عَمِيقٍ

«Адамдарды қажылыққа шақыр. Жаяу немесе шаршап-шалдыққан көліктерімен шалғай жерлерден (түпкір-түпкірден) **саған келсін».** (Хаж сүресі 27-аят)

Осы иләһи нұсқаудан соң Хазіреті Ибраһим Әбу Құбайс тауына шығып немесе Мақаму Ибраһимге мініп, көтеріліп шартарапқа жар салды. Аллаһтың Қағбаға қажылық жасауды адамдарға парыз қылғанын айтты.[20]

Ибраһим (аләйһиссәләм) жар салып болған соң Жәбрейіл (аләйһиссәләм) келіп оған Сафа мен Мәруаны және Харам Шәрифтің шекараларын көрсетті. Ол жерлерге белгі ретінде бір-бір тас тігуін айтты. Артынан қажылықтың барлық парыздарын үйретті.

Осыдан кейін ұзақ-жақын елдерден Хижазға зияратшылар келіп Бәйтуллаһты зиярат ете бастады. Қағба өте маңызды діни орталыққа айналып, барлық адамдардың көңілін өзіне аударды.

Бір жағынан қадір-қасиетін қарай алмаған көптеген мүшрик қауымдар Қағбаға шабуыл да жасады. Йемен патшасы Әбраханың жасаған шабуылынан алдыңғы ғасырларда Йеменнің пұтқа табынушы үш патшасы да Қағбаны құлатқылары келген еді. Осы шабуылдардың бірінде Хұзайл ұлдарының бірнеше адамдары Туббаны[21] азғырып, Қағбаны құлатып ол жердегі қазыналарды алуға үгіттеді. Оны мұндай жексұрын әрекетке үгіттеулерінің себебі

20. Кәмил Мирас; Тәжрид Тәржәмәси YI, 20-21; Саид Бекташ 111 бет.
21. Тубба – Йемен патшаларына берілген ат. Падишах, патша деген мағыналарды білдіреді.

Туббадан құтылғылары келген еді. Себебі Хұзайл ұлдары Қағбаның киелі екендігіне сенетін және оған қарсы жасалған қастандықтың сөзсіз іске аспайтынын, керісінше кері әсер ететінін тарихи тәжірибелерден өте жақсы білетін.

Қағбаны құлату үшін атқа қонған Тубба мен әскерлері жолда құмға батып илгері жүре алмай қалады. Сонан соң қасындағы ғұлама кісілердің жасаған ескертпелерінен кейін Тубба Қағбаға деген қастандығынан бас тартты. Бәйтуллаһқа тағзым жасап, Мекке халқына ізет әрі құрмет көрсетуге сөз берді. Осылайша құрып кетуден аман қалды.[22]

Осы және осы секілді оқиғалар арқылы Қағбаның Аллаһ алдындағы қадір-қасиеті мәлім болған соң, адамдардың да оған деген құрметі онан сайын артты. Сөйтіп Қағбаны, Меккені және құрайштықтарды Хақ Тағала өз қорғауына алған деген сенім Арабстан халқының жүрегінен орын алды.

Хазіреті Ибраһимнен кейін пұтқа табынушылық басталғанға дейін Бәйтуллаһтағы ғибадат таухид негіздеріне сай түрде жалғасты. Тек пұтқа табынушылық жайылғаннан кейін мүшриктер Қағбаның іші мен айналасына көптеген пұттар орнатты. Осыған қарамастан Қағба еш уақытта пұттардың атымен аталмаған, әрдайым «Бәйтуллаһ» деген атпен аталған.[23]

Мекке алынғаннан соң Қағбаның ішіндегі пұттар тегіс құлатылып, сыртқа шығарылды және Қағбаның іші-сырты Хазіреті Пайғамбарымыздың қадағалауында Зәмзәм суы-

22. Ибн Хишам I, 19-20; Абдурраззақ Y, 153.
23. Адамдар ширкке кіріп көптеген ағаштар мен тастарға табынса да, өздері қатты құрметтеген Қағбаға, Хажарул Әсуадқа және Мақаму Ибраһимге еш уақытта ғибадат жасамаған. Бұл Аллаһ Тағаланың Қағбаны ерекше қорғауы.

мен жуылды. Сол күннен бері Құрбан мерекесінің арафа күнінде Қағба Зәмзәм және гүл суымен жуылып, тазаланады, хош иісті миск себіліп, жабуы ауыстырылады.

Жаһилият дәуірінде мүшриктер қатты қастерлеген Муаллақатус Сабға сияқты әдеби еңбектердің және мұсылмандармен барлық байланысты тоқтату жайындағы жазылған қарарлар секілді өте маңызды саяси құжаттардың Қағба қабырғасына асылуы да оның барлық тұстан өте үлкен құрметке ие екенін көрсетеді.

Салынған күнінен бастап атқарылып келе жатқан Қағбаға қатысты бірнеше қызметтер бар. Бұл қызметтерді бастапқыда Хазіреті Исмаил атқаратын. Артынан бұл қадірлі қызметтер Исмаилдың (аләйһиссәләм) ұлына өтті. Сосын журхумдіктерге, олардан да әр түрлі тайпаларға өте отырып соңында құрайштықтардың қолына өтті. Кейін құрылған Мекке қала мемлекетінде де құрметпен атқарылған бұл қызметтер мыналар.

1. **Сидана және Хижаба:** Қағбаның жабуына қарау және кілтін қорғау қызметі.[24]

2. **Сиқая:** қажыларға су тарату және Зәмзәм құдығын қадағалау қызметі.

24. Қағбаға ең алғаш жабу жапқан кісінің Исмаил (аләйһиссәләм) екені айтылуда (Абдурраззақ Y, 154). Ислам тарихында Қағбаның жабуын абыройлы патша, халифа немесе Меккенің әкімі жабатын болған. Ішкі және сыртқы болып бөлінетін Қағбаның екі жабуы 1517 жылы халифалық Османдықтардың қолына өткен соң біраз уақытқа дейін Мысырда тоқылып келді. Кануни дәуірінде ішкі жабуы Стамбулда тоқылды. Сұлтан III Ахмед кезеңінде болса ішкі әрі сыртқы жабудың маталары Стамбулда тоқыла бастады. Осман империясы тоқыған ең соңғы жабу 1916 жылы Меккеге жіберілген. Сонан соң Шәриф Хұсайынның әрекеттерінің салдарынан жіберілмеді. Кейін біраз уақыт Мысырда тоқылып, жіберіліп отырды. Қазіргі таңда Меккеде құрылған арнайы фабрикада дайындалады.

3. **Ридана:** Әл-ауқаты нашар қажыларға тамақ дайындау, олардың жағдайын жасап күту қызметі.

Осы қызметтерді міндетіне алу өте үлкен абырой саналатын. Асри-Садатта (Пайғамбарымыз бен төрт халифаның кезеңі) бұл қызметтер Меккенің әйгілі ғалымдарының арасында үлестірілетін. Хазіреті Омар өз халифалығы кезеңінде осы қызметтер үшін белгілі мөлшерде қаржы айыратын. Хазіреті Муауиядан бастап бұл істер ретке келтірілді. Османдықтар билік құрған кезеңде Қағба қызметтері үшін жылда Харамайн қаржысынан үлес бөлінетін.

Аллаһ Қағбаны өз қорғауына алғандығын айғақтайтын ғибратты Піл оқиғасы

Аллаһтың әмірімен тұрғызылған Қағба үнемі Тәңірдің қорғауында болған. Тарихта «піл оқиғасы» деп аталатын оқиға осыны айқын көрсететін ғибратты мысалдардың бірі.

Йеменнің әкімі Әбраха Рим империясының қолдауымен Санаға шіркеу салдырған еді. Бірақ бұл шіркеу өзі қалағанындай әйгілі болып, атағы шықпағандықтан ол қатты ашуланды. Артынан арабтар ежелден бері қасиетті санап, зиярат жасап келген Қағбаны құлатып, жермен жексен етуге бел буды. Арасында қазіргі кездегі танктердің орнын басатын пілдері бар қалың қол жинап, Меккеге қарай бет алды. Осы арқылы адамдардың көңілін өзі салдырған шіркеуге аударамын деп ойлады.

Әбраханың қатты ызаланғаны соншалықты, айдап әкеткен түйелерін кері қайтарып алу үшін келген Абдулмүттәлибтің әрекетіне аң-таң болып:

– Мен Қағбаны құлатуға келдім. Сен болсаң түйелеріңді ойлап тұрсың, - деді. Сосын Абдулмүттәлиб Қағба жайында:

– Оның қожайыны бар. Оны сол қорғайды, - деп жауап беріп еді, Әбраха тәкаппарланып:

– Оны менен ешкім қорғай алмайды, - деп бөсті.

Бірақ Меккеге таяп қалған әскерлеріне Қағбаға қарай әрекет етуге бұйрық бергенде, пілдер алға қарай аяқ баспай тұрып алды. Көк жүзін Әбәбил құстары қаптап кетті. Олар аяқтарымен қысып әкелген піскен балшықтан жасалған тастарды Әбраханың әскерлерінің үстіне бұршақша жаудыра бастады. Осы тас тигендер сол жерде жан тапсырып жатты. Меккенің кіре берісі әп-сәтте адамдар мен пілдердің мазарына айналды. Жұдырықтай ғана құстар өте ауыр, тоннадай келетін пілдерді жаныштап жерге құлатты. Осы қорқынышты иләһи мүғжиза болған жылды «Піл жылы» деп атады.

Аллаһ Тағала бұл оқиғаны Құран Кәрімде былай түсіндіреді:

اَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِاَصْحَابِ الْفِيلِ ﴿1﴾ اَلَمْ يَجْعَلْ كَيْدَهُمْ
فِى تَضْلِيلٍ ﴿2﴾ وَاَرْسَلَ عَلَيْهِمْ طَيْرًا اَبَابِيلَ ﴿3﴾ تَرْمِيهِمْ بِحِجَارَةٍ
مِنْ سِجِّيلٍ ﴿4﴾ فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَأْكُولٍ ﴿5﴾

«Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе? Олардың тұзақтарын босқа шығармады ма? Оларға топ-топ құстар жіберді. Құстар оларға піскен балшықтан жасалған тастар жаудырды. Сөйтіп оларды шайналған егін жапырағындай етті». (Фил сүресі 1-5 аяттар)

Себебі Қағба Хақ Тағаланың әмірімен салдырған «Ізгілік үйі» еді. Ол жер Аллаһқа құлшылық жасайтын мекен ретінде киелі әрі мүбәрәк қылынды. Сондықтан Аллаһтың қорғауына алынған.

Әбраханың ғибадатханаға көрсеткен құрметсіздігіне берілген жаза, қияметке дейін осы мақсатта жасалатын барлық әрекеттер үшін ескерту болды.

Басқа бір аятта былай айтылған:

وَمَنْ اَظْلَمُ مِمَّنْ مَنَعَ مَسَاجِدَ اللهِ اَنْ يُذْكَرَ فِيهَا اسْمُهُ
وَسَعٰى فِى خَرَابِهَا اُولٰٓئِكَ مَا كَانَ لَهُمْ اَنْ يَدْخُلُوهَآ اِلَّا خَآئِفِينَ
لَهُمْ فِى الدُّنْيَا خِزْىٌ وَلَهُمْ فِى الْاٰخِرَةِ عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Аллаһтың мешіттерінде оның есімінің айтылуына кедергі болғаннан және оны қиратуға әрекет жасағаннан асқан залым бар ма? Ондайлар ол жерлерге қорқып, үрейленген түрде кірулері қажет (басқаша кіруге хақылары жоқ)**. Олар бұл дүниеде масқара болады, ал ақыретте олар үшін қатты азап бар».** (Бақара сүресі 114-аят)

Зұлымдығы артқан Әбраха өзін шексіз күш-құдірет пен абыройға иемін деп ойлаған еді. Бұл әрекетіне қарсы Аллаһ Тағала оны шөлдегі арыстан, жолбарыс сияқты жыртқыш аңдармен немесе улы жыландармен емес, өте дәрменсіз, әрі қауқарсыз Әбәбил құстарының атқан кішкене тастарымен көзін жойып құртып жіберді. Сол сияқты Аллаһ Тағала Перғауын, Нәмрут және Жалут сияқты тәкаппарларды олардан әлсіз, әрі кішкентай болып көрінген мақлұқтармен көздерін жойып, шын мәнінде не деген дәрменсіз жаратылыс екенін және тәкаппарлығының орынсыз екенін білдірген.

Әбраха тәкаппарлықпен және абыроймен аттанған Йеменіне денесі тілім-тілім болып, масқараланып, қор болған күйде еңбектеп әрең жетті. Оның бұл халі тәкаппарлардың осы дүниеде де қорланып масқара болғандығын ашық көрсетті.

«Піл жылы» құрайштықтар арасында жаңа тарихи бастау ретінде қолданылды. Мына риуаят осының нақты мысалы:

Құбаш бин Ушайм:

Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) екеуміз Піл жылында туылдық, - деген болатын.

Осман бин Аффан (радиаллаһу анһу) одан:

– Сен үлкенсің бе, жоқ әлде Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үлкен бе? - деп сұрады.

Мүбәрак сахаба сыпайы түрде әдеппен былай жауап берді:

– Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) менен әлдеқайда үлкен. Мен одан кейін туылдым.[25] Мен пілдердің тезектерінің көгеріп, шіріп кеткенінде көрдім. (Тирмизи, Мәнәқиб 2)

Ибраһим (аләйһиссәләм) және Ханиф діні

Меккеде жалпылама пұтқа табынушылық үстем болғанымен, таухидтің іздері де толығымен жойылмаған еді. Хазіреті Ибраһимнің үйреткен таухид дінін аз да болса бірнеше кісі ұстанатын.

«Аллаһтың досы» деген мағынадағы «Халилуллаһ» сипатына ие болған Ибраһим (аләйһиссәләм) «Улул азм» (Ұлы) пайғамбарларының бірі. Көптеген пайғамбарлардың,

25. Осы риуаяттағы секілді сахабалар үнемі Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өте ұлы, әрі жоғары мәртебеде екенін жақсы білетін. Сондықтан осы мәселеге қатты көңіл бөлетін. Оның денесіне қолы тигендер, мұны мақтан тұтатын:
«Міне мына екі қолыммен Расулұллаһқа бәйат еттім (ант бердім)», - деп қолдарын көрсететін еді. (Ибн Сағд IV, 306; Хайсәми VIII, 42)

сондай-ақ Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) да атасы. Аллаh Тағала Ибраhимге (аләйhиссәләм) он сухуф (парақ) уахи жіберген.

Құран Кәрімде Хазіреті Ибраhимнің есімі жиырма бес сүреде, алпыс тоғыз рет айтылған. Сондай-ақ **Әууах** (көп мұңайған), **Халим** (жұмсақ мінезді), **Мүниб** (Аллаhқа сыйынушы), **Қанит** (Аллаhқа құлшылық қылушы), **Шакир** (көп шүкірлік етуші) және **Ханиф** сияқты әр түрлі есім сипаттармен аталып, мақтау мен мадаққа лайық болған.

Ибраhимнің (аләйhиссәләм) дінін ханиф деп атаған. Ханиф сөзі сөздіктерде «қисықты тастап тура нәрсеге бет алған, тура жолдағы, басқа діндер мен бұзық сенімдерден қашып жалғыз Аллаhқа иман келтірген» деген мағыналарды білдіреді.

Хақ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

وَقَالُوا كُونُوا هُودًا اَوْ نَصَارٰى تَهْتَدُوا قُلْ بَلْ مِلَّةَ اِبْرٰاهِيمَ حَنِيفًا
وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ

«(Яhудилер мен христиандар мұсылмандарға) **яhуди немесе христиан болыңдар, тура жолды табасыңдар» - деді. (**Ей Хабибім! Оларға) **айт: Жоқ. Тура жол Ханиф болған Ибраhимнің діні. Ол мүшрік емес еді».** (Бақара сүресі 135-аят)

مَا كَانَ اِبْرٰاهِيمُ يَهُودِيًّا وَلَا نَصْرَانِيًّا وَلٰكِنْ كَانَ حَنِيفًا مُسْلِمًا
وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ

«Ибраhим яhуди де, христиан да емес еді. Ол Аллаhты бір деп танитын (ханиф) **мұсылман еді, әрі ол мүшрік те емес еді».** (Әли Имран сүресі 67-аят)

Жаһилият дәуірінде түрлі адасушылықтан және пұтқа табынушылықтан аулақ болып Хаққа бет бұрған, Хазіреті Ибраһимнің дініне сеніп, жалғыз Аллаһқа иман келтірген кісілерді де ханиф деп атайтын. Уарақа бин Нәуфәл, Абдуллаһ бин Жахш, Осман бин Хууайрис, Зәйд бин Амр, Құсс бин Сайда сияқты кісілер де ханифтен еді. Ханифтер жансыз, тілсіз, еш нәрсеге шамасы келмейтін пұттардың алдында бас июді, оларға жалбарынуды жиіркенішті іс санайтын.

Ибн Омар (радиаллаһу анһумә)[26] былай түсіндіреді:

---

26. **Абдуллаһ бин Омар** (радиаллаһу анһумә) пайғамбарлықтың үшінші жылында дүниеге келді. Әкесімен яғни Хазіреті Омармен бірге һижрет жасады. Арасында Әбу Әйюб әл-Ансари да бар әскери жасақпен бірге **Станбул** жорығына қатысты. Әпкесі Хазіреті Хафса Расулұллаһтың жұбайы болғандықтан әрдайым сүйікті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақын төңірегінде жүрді. Қайталанып келгендерін қосқанда 2630 хадис шәріп риуаят етіп Әбу Һүрайрадан (радиаллаһу анһу) кейінгі ең көп хадис риуаят еткен жеті сахабаның екіншісі болды. Бұған қоса ибн Омар (радиаллаһу анһу) ең көп пәтуә берген жеті сахабаның бірі еді.
Аллаһ Расулінің өміріне сай түрде өмір сүруде және оның әмірлерін бұлжытпай орындауда одан озар ешкім болмады. Хазіреті Расулұллаһ қайтыс болған соң оған деген махаббатының әсерінен Расулұллаһтың (аләйһиссалату уәссәләм) намаз оқыған жерлерін сұрастырып, сол жерлерде намаз оқитын, оның жүрген жолдарымен жүретін, көлеңкелеген ағаштарының астында отыратын, құрап қалмасын деп оларды суаратын. (Бұхари, Салат 89; Ибн Хажар, әл-Исаба II, 349)
Бір күні аяғының сіңірлері тартылып қалған еді. Қасында тұрған Абдуррахман бин Саад:
– Ең қатты жақсы көрген адамыңның есімін айт, - деді.
Сонда ол:
– Уа Мухаммед! - деген еді, сол сәтте аяғы жазылып кетті. (Ибн Сағд IV,154)
Ибн Омар (радиаллаһу анһу) сахабалардың арасындағы алдыңғы саптағы байлардың қатарында еді. Байлығының жиналуын күтпей, қолына

Пайғамбарлығынан бұрын Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәлдахтың[27] төменгі жағында болған бір сәтте ол жердегілер оны дәмге шақырды. Дастархан басында Зәйд бин Амр бин Нуфәйл де бар еді. Әлемдердің сұлтанына ет ұсынылды. Ардақты Пайғамбарымыз бұл асты жемегендіктен, Зәйд те оны жеуден бас тартты. Зәйд етті неге жемегендігін былай түсіндірді:

– Мен сендердің пұттарыңның атына сойған еттеріңді жемеймін. Мен тек Аллаһтың аты аталып сойылғанды ғана жеймін.

Зәйд малдарын пұттарға атап сойғандықтан Құрайш тайпасын айыптап, оларға былай дейтін:

– Қойды Аллаһ жаратты. Ол үшін көктен жаңбыр жауғызды, жерден өсімдік шығарды. Ал сендер болса оны Аллаһтың атын атамастан бауыздайсыңдар. (Бұхари, Мәнәқибул Ансар 24; Зәбәих 16)

Басқа бір риуаятта былай айтылады:

Зәйд бин Амр жанына Уарақа бин Нәуфәлді ертіп, шынайы дінді іздеп соған кіру үшін Шамға кетті. Ол жерде бір яһуди ғалым кісіге жолығып, одан діндері жайында сұрақ сұрайды да:

түскенін кембағалдарға таратып беретін. Қатты жақсы көретін нәрселерін Аллаһ жолында құрбан ететін немесе садақа ретінде таратып жіберетін. Құлдарынан қайырлы әрекет істегендерін, әсіресе намаз оқитын барлық құлдарын азат ететін. Достарының бірі оған ескертіп, құлдарының біразы тек азат болуы үшін мешітке баратынын айтты. Сонда Хазіреті Абдуллаһ жүрегіндегі Аллаһқа деген махаббатын білдіретін мына керемет жауапты берді:

– Бізді Аллаһпен алдағысы келетіндерден алдануға разымыз. Түрлі себеппен мыңнан аса құл азат етті. Хижри 73, миләди 692 жылы сексен бес жасында Меккеде қайтыс болды.

27. Бәлдах – Меккеге жақын жердегі ойпат.

– Бәлкім діниізге кірермін, маған ол жайында айтып беріңізші, - деді.

Яһуди:

– Сен Аллаһтың қаһарынан өз нәсібіңді алмайынша біздің дінімізге кіре алмайсың, - деп жауап берді.

Зәйд:

– Мен Аллаһтың қаһарынан қашып осы жерге келдім. Аллаһтың қаһарынан қандайда бір үлес алуға тіптен ниетім жоқ. Сен маған басқа бір дін көрсет (соған кірейін), - деді.

Яһуди ғалым:

– Мен Ханифтен басқа дін білмеймін, - деп жауап берді.

Сонда Зәйд:

– Ханиф деген не? - деп сұрады.

Яһуди ғалым:

– Ол Хазіреті Ибраһимнің діні. Ол яһуди де, христиан да емес еді. Аллаһтан өзге еш нәрсеге де табынбайтын, - деді.

Зәйд оның қасынан кеткен соң бір христиан ғалымына жолықты. Одан да дәл жаңағы нәрселерді сұрады.

Ол да:

– Сен Аллаһтың лағынетінен нәсібіңді алмайынша біздің дінімізге кіре алмайсың, - деді.

Зәйд те оған былай деді:

– Онсыз да мен Аллаһтың лағынетінен қашып осы төңіректерге келдім. Шамам келгенше еш уақытта Аллаһтың лағынетін алмаймын. Сен маған бұдан басқа дін көрсетесің бе?

"ХИКМЕТ" баспа үйі

Ол ғалым да әлгі яһуди ғалымы сияқты ханиф жайында айтты. Зәйд олардың Хазіреті Ибраһим хақындағы сөздерін естіген соң ол жерден қайтты. Сыртқа шыққан соң қолдарын жайып:

Аллаһым сен куә бол, мен Ибраһимнің (аләйһиссәләм) діниндемін, - деді. (Бұхари, Мәнәқибул Ансар 24)

Әбу Бәкірдің қызы Әсма (радиаллаһу анһумә) айтады:

«Зәйд бин Амрдың түрегеп тұрып арқасын Қағбаға сүйеп былай дегенін естідім:

– Уа, Құрайш жамағаты! Уаллаһи менен басқа ешбірің Ибраһимнің (аләйһиссәләм) дінінде емессіңдер».

Зәйд тірідей топыраққа көмілейін деп жатқан қыздарды құтқарып, аман алып қалатын. Қызын өлтірейін деп жатқан адамға:

– Оны өлтірме, оның шығындарын өзім көтеремін, - деп, ол қызды өзіне алатын. Қыз өсіп бой жеткен соң әкесіне:

– Қаласаң оны саған тапсырайын, қаласаң бұрынғыдай өзім қарай берейін, - дейтін. (Бұхари, Мәнәқибул Ансар 24)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ханифтерден Уарақа жайында:

«Оны жәннаттың ортасында үстіне сундустен тігілген киім киген күйде көрдім», - дейтін.

Зәйд жайында да:

«Ол қиямет күнінде менімен Исаның (аләйһиссәләм) арасында бөлек бір үммет ретінде тірілтіледі», - деген. (Хайсәми IX, 416)

Жоғарыда айтылған Ханифтер алдыңғы киелі кітаптардан азын-аулақ хабарлары болғандықтан «соңғы пайғамбардың» шығатын уақыты жақындағанын білетін, әрі оны сағынышпен күтіп жүретін.

Ислам ғалымдарының көпшілігінің айтуынша Пайғамбарымыздың (аләйһиссалату уәссәләм) әкесі мен шешесі Меккедегі ханифтерден болатын.

Ханиф Исламның таухид сенімінен әсте өзгеше емес еді. Сондықтан Хақ Тағала Хазіреті Пайғамбарымызға Ханиф болған Ибраһимнің (аләйһиссәләм) дініне еруді Құран Кәрімде былай бұйырған:

ثُمَّ اَوْحَيْنَآ اِلَيْكَ اَنِ اتَّبِعْ مِلَّةَ اِبْرٰاهِيمَ حَنِيفًا وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ

«Сонан соң саған (Ей, Расулім!) **«Ханиф болған Ибраһимнің дініне ер. Ол мүшріктерден емес еді», - деп уахи еттік».** (Нахл сүресі 123-аят)

Осы себептен Ханиф сөзі Ислам діні үшін де қолданылған және шынайы, ықыласты мұсылмандарға «Ханиф» сипаты берілген. Сондай-ақ Хазіреті Пайғамбарымыз:

«*Мен мейірбанды Ханиф дінімен жіберілдім*», - деген. (Ахмед V, 266)[28]

28. Бұхари, Иман 29.

Пайғамбарлықтан Бұрынғы

Хазіреті Мухаммед

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)



І БӨЛІМ

"ХИКМЕТ"
баспа үйі

ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРДЫҢ ТУЫЛУЫ ЖӘНЕ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Нұру Мұхаммедия

Аллаһ Тағала үшін заман және мекен белгілеу мүмкін емес. Ол заман және мекен өлшемдеріне мұқтаж емес.[29] Ежелден жалғыз өзі бар болған және бар болу үшін басқа бір бар етушіге мұқтаж болмаған Хақ Тағала білінуді және осы білінудің қажеттілігі ретінде ғибадаттармен ұлықталуды қалағандықтан **«Әлему Кәсрат»** (яғни бүкіл әлем) деп аталатын масиуаллаһты[30] жаратты. Бұл жаратуда ең алғаш бір нұр пайда болды. Ол нұр **«Хақиқату Мұхаммедияның»** негізі, яғни бастауы болатын.

Мысалы, қымбат асыл тастың құр өзін тарту етпей, оның айналасына біраз әшекейлі заттар қоясыз. Міне сол сияқты бүкіл жаратылыс та Нұру Мұхаммедидің қасында сондай дәрежеде. Бұлардың барлығы оның абырой құрметі үшін жаратылған. Сондықтан жаратылыстың ең басты себебі Хақ Тағаланың ұлылығы үшін, екінші себебі болса қадірлі әрі

29. Ал, адамның ақылы болса жаратылысы жағынан заман және мекен шарттарымен ойлай алатындай қабілетте. Мына нақты әлемнен алған әсерлерін қолдана отырып белгілі бір мөлшерде болса да ақиқатқа жете алады. Көзге көрінбейтін әлемнің ақиқаттарын білу үшін, көзбен көре алған әлемнен алған әсерлерін қолдануға мәжбүр болған адам баласы барлық метафизикалық шындықтарды түсіндіргенде де, оларға ат қойғанда да ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдануға сөзсіз мәжбүр.
30. Масиуаллаһ – Аллаһтан өзге нәрселер үшін және Аллаһты ұмыттыратын барлық нәрсеге қолданылатын сөз.

абыройлы болғандықтан Нұру Мұхаммедиді басқа жаратылыстармен қаптап безендіру еді.

Басқа сөзбен айтар болсақ, Ислам теологиясы бойынша жаратылыстардың бар болуындағы ең алғашқы бастау, қалағанын жасай алатын Хақ Тағала, ал оған себеп болған Нұру Мұхаммед. Яғни ең алғаш жаратылған Нұру Мұхаммедия.

Ислам бойынша мына әлем көптеген философтардың айтқанындай қадим (ежелден бар, бастауы жоқ) емес, керісінше хадис (кейіннен жаратылған). Яғни кейіннен жаратылды. Қадим болған тек Хақ Тағала ғана. Кейіннен жаратылғандардың алғашқысы Нұру Мұхаммед. Осы себептен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Адам ата рух пен тән арасында болған кезде мен пайғамбар едім», - деген. (Тирмизи, Мәнәқиб 1)

Яғни Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нұрының жаратылуы жағынан және оған пайғамбарлықтың берілуі жағынан Хазіреті Адамның (аләйһиссәләм) алдында. Тән халінде мына әлемге келуі болса, пайғамбарлық күнтізбесінің соңғы парағы. Өйткені пайғамбарлық күнтізбегі жаратылыстың алғашқысы болған Нұру Мұхаммедимен басталған, ал соңғы парағы «Жисманияту Мухаммедимен» (тән халіндегі Мұхаммед) тамамдалған.

Әлемдердің Сұлтаны өзінің құрметі үшін жаратылған бүкіл жаратылыстың, ең алғашқы жаратылыс Нұру Мұхаммедиге қатысты екенін айтады. Бұл жаратылыстарда өздігінен ешқандай ізгі қасиет жоқ, олар қадір-қасиетке Нұру Мұхаммедидің арқасында ие болады.

Мына хадис шәріптер де осы шындықты түсіндіруде:

«Адам (аләйһиссәләм) жәннаттан шығарылуына себеп болған қателікті жасағанда, қатесін түсініп:

– Уа, Раббым! Мұхаммедтің құрметіне Сенің мені кешіруіңді өтінемін, - деді.

Аллаһ Тағала:

– Ей, Адам! Әлі жаратылмаған Мұхаммедті сен қайдан білесің? - деді.

Адам (аләйһиссәләм):

– Уа, раббым! Сен мені жаратып, маған өз рухыңнан үрлеген кезіңде басымды көтердім. Ғарыштың тіректерінің жоғарғы жағынан «Лә иләһә иллаллаһ, Мухаммәдун Расулуллаһ» деген жазу көрдім. Сол кезде сенің өз есіміңе тек жаратылғандардың ішіндегі ең сүйіктісінің атын қосатыныңды білдім», - деді.

Сол кезде Аллаһ Тағала:

– Дұрыс айтасың, ей, Адам! Шынында да ол маған жаратылыстың ішіндегі ең сүйіктісі. Оның құрметі үшін маған дұға жаса. Мен де сені кешірдім. Егер Мұхаммед болмағанда сені жаратпайтын едім, - деді. (Хаким II, 672)

Ибн Аббастан (радиаллаһу анһумә) былай риуаят етіледі:

Аллаһ Тағала Исаға (аләйһиссәләм) былай уахи етті:

«Ей, Иса! Мұхаммедке иман келтір және үмбетіңнен оның заманына жете алғандарға оған иман келтірулерін бұйыр. Егер Мұхаммед болмаса Адамды жаратпайтын едім. Мұхаммед болмағанда жәннатты да, тозақты да жаратпайтын едім. Ғарышты судың үстіне жаратқанымда шайқатыла бастады. Үстіне «лә иләһә иллаллаһ, Мухаммадун Расулуллаһ» деген сөзді жазғанымда тынышталды». (Хаким II, 672)

Бір күні Жәбир (радиаллаһу анһу) Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

– Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын уа, Расулұллаһ. Маған ең алғаш жаратылған нәрсенің не екенін айтасың ба? - деп сұраған еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Ей, Жәбир! Аллаһ Тағала барлық нәрседен бұрын сенің пайғамбарыңның нұрын өз нұрынан жаратқан еді...* - деп жауап берді.[31]

Хазіреті ибн Араби бұл жайында мынадай пікір айтқан:

«Аллаһ Тағала Мұхаммедке (аләйһиссәләм) пайғамбарлығынан хабар берген кезде Адам (аләйһиссәләм) әлі жоқ еді. Су мен балшық арасында еді. Осылайша нәбилер мен расулдар арқылы келген барлық шариғаттардың бастауы мен сыры Хазіреті Пайғамбарда көрініс тапқан.

Сол уақыттың өзінде Пайғамбарымыздың шариғаты бар еді. Өйткені ол хадис шәріпінде:

«Адам рух пен тән арасында кезде мен пайғамбар едім», - деген. «Мен адам едім» немесе «Мен бар едім» демеген. Пайғамбарлық та Аллаһ Тағаланың шариғат беруі арқылы іске асады». (Ибн Араби «әл-Футухат» II, 171; IY, 66-67)

Хазіреті ибн Араби басқа еңбегінде былай деді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдар арасындағы жаратылыстың ең абзалы. Сондықтан пайғамбарлық онымен басталды, онымен аяқталды». (Ибн Араби «Фусусу-л Хикам» IY, 319)

31. Әжлуни I, 265.

Хазіреті Мәулана Мәснәуиінде былай дейді:

«Келе ғой ей, көңіл! Нағыз мейрам – Хазіреті Мұхаммедке қауышу. Себебі мына әлем ол мүбәрак кісінің жамалының нұрынан жарық алуда».

Хазіреті Сүлеймен Челеби Мәуліт шәріпінде Нұру Мұхаммед хақында былай дейді:

Жаратты ең алдымен Мұстафа нұрын
Шын сүйді Хақ Тағала ізгі құлын.[32]

32. Сүлеймен Челеби Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаратылыс нұры екендігін және бүкіл әлем Нұру Мұхаммедидің құрметіне жаратылғандығын басқа өлең шумақтарында былай жеткізеді:
Абырой беріп Хақ Тағала өзіне,
Артық қылды жаратылыстың бәріне.
Жаратылды оған деген құрметпен,
Көк пен жерде кездесетін күллі әлем.
Болмаса егер Мұхаммед,
Болмас еді көк пен жер.
Сыйынған соң себепші қылып Расулін
Хақ Тағала қабыл алды Адам ата тәубесін.
Келмегенде Мұхаммед бұл әлемге,
Асыл тәж кимес еді Адам ата.
Сол үшін аман қалды Нұх топаннан,
Мүғжизалар көрінді ол тумадан.
Жарасқан соң шын достықпен аралары,
Құрметтеген Хақ Тағала бабаларын.
Атасы болғандықтан оның Халил,
Ыстық отты жәннат қылды ұлы Жәлил.
Құрметі үшін Хазіреті Расулдің,
Әждахаға айналған асасы да Мұсаның.
Өлместен Иса көкке көтерілген,
Болу үшін Мұхаммедтің үмбетінен.
Шын мәнінде олар да пайғамбарлар,
Бірақ та барлығынан Ахмед абзал.
Бәрі де жалбарынған бір құдайға,
Үмбет қыл деп Мұхаммед пайғамбарға.
Құлақ асып сүннетке, бол үмбеті,
Нәсіп болар сонда саған Хақ рахметі.

Қысқасы «Хақиқату Мұхаммедия» деп те аталатын Нұру Мұхаммедия Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани тұлғасын білдіретін нұр, яғни ақиқат. Аллаһ алдында ең қадірлі, әрі ең сүйікті болған нәрсе – сол нұр. Бүкіл жаратылыстың бар болу себебі Хақ Тағаланың ең алғаш жаратылған Нұру Мұхаммедиге деген сүйіспеншілігінен. Сол себептен бүкіл әлем Нұру Мұхаммедидің құрметіне және оны қоршап тұру үшін жаратылған. Сондықтан бір ыдысқа теңізді сыйдыру мүмкін болмағанындай, Нұру Мұхаммедті тиісінше түсіну де сол секілді мүмкін емес.

Хазіреті Пайғамбардың асыл тегі

Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһ, ал шешесі Әмина. Оның мүбәрак тегі Хазіреті Исмаилдың ұлы Кайзар әулетінің ең қадірлі кісісі Аднанға барып тіреледі.[33]

Пайғамбарымыздың бабасы Аднан Исмаилдың (аләйһиссәләм) ұрпағынан.[34] Аднанның ұлы Мәғад Исамен (аләйһиссәләм) замандас екендігі айтылуда.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құрайш тайпасының ішіндегі әкесі жағынан да, шешесі жағынан да ең таза әрі абыройлы отбасынан шыққан. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шыққан тегінің таза, әрі пәк екендігі жайында былай деген:

---

33. Расулұллаһтың асыл тегі мынадай:Мұхаммед бин Абдуллаһ бин Абдулмутталиб бин Хашим бин Абдуманаф бин Қусай бин Килаб бин Мурра бин Кааб бин Луәй бин Ғалиб бин Фихр бин Малик бин Надр бин Кинан бин Хұзайма бин Мудрика бин Иляс бин Мудар бин Низар бин Мәғад бин Аднан. (Бұхари, Мәнәқибул Ансар 28; Ибн Хишам I, 1-3 б.; Ибн Сағд I, 55-56)
34. Ибн Хишам I, 1, 5 б.

«Мен әке-шешемнен жаһилият дәуірінің ешқандай жамандығы жұқпастан дүниеге келдім. Мен сонау Адам атадан әкеме және шешеме дейін тек неке жолымен келдім. Әсте зинидан (некесіз жыныстық қатынас) туылмадым». (Ибн Кәсир «әл-Бидая» II, 260)

Оның қасиетті есімдерінің бірі Мұстафа. Бұл есім «таңдалған», «іріктелген» деген мағынаны білдіреді.

Хазіреті Пайғамбарымыз тәуелді болған әулет екіге бөлінген болса Аллаһ Тағала Расулін ең қайырлы болған бөлігінде қалдыратын. Оның әлемге жарық шашқан нұры Хазіреті Адамнан (аләйһиссәләм) бастап ең пәк ана мен әке арқылы беріле отырып өзіне жеткен.[35]

Хазіреті ибн Аббас Шұғара сүресінің 219-аятын осы мағынаға меңзеп, былай тәпсірлеген:

«Сен, яғни сенің нұрың тек сәжде еткендерден ауысып өте отырып саған жеткен». (Қуртуби XIII, 144; Хайсәми YIII, 214)

Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл мәселені хадис шәріптерінде былай баяндайды:

«Мен Адам баласының ең қайырлы, әрі ең таза болғандарынан дәуірден дәуірге, отбасынан отбасына өте отырып, соңында өзімнің отбасымнан дүниеге келдім». (Бұхари, Мәнәқиб 23)

«Аллаһ Тағала Ибраһимнің ұлдарынан Исмаилды таңдады. Исмаилдың ұлдарынан Кинан ұлдарын таңдады. Кинан ұлдарынан Құрайшты таңдады. Құрайштан Хашим ұлдарын таңдады. Хашим ұлдарынан Абдулмуттолиб ұлдарын таңдады. Абдулмуттолиб ұлдарынан да мені таңдады». (Муслим, Фәдәил 1; Тирмизи, Мәнәқиб 1)

35. Ахмед I, 210.

Ұлы Ислам ғалымы ибн Халдун Хазіреті Пайғамбарымыздың тегінің осыншалықты айқын, әрі егжей-тегжейлі белгілі екендігі жайлы және абыройлы түрде жалғасып келгендігі туралы былай дейді:

«Хазіреті Мұхаммедтен (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) басқа ешкімнің ата-тегі дәл осылай мәлім емес. Сондай-ақ Адам атадан (аләйhиссәләм) өзіне дейін ешкімнің тегі пәктігін толық сақтай алмаған. Бұл Аллаh Тағаланың Хабибіне ғана тиісті бір сыйы». (Ибн Халдун I, 115)

Хазіреті Пайғамбардың әкесі Абдуллаh пен шешесі Әминаның үйленуі

Хазіреті Мұхаммедтің пайғамбарлығы таяп қалған кезеңде таухид сенімі жойылып, Қағба әулеттер мен тайпаларға тән пұттарға толтырылып, Зәмзәм құдығы да көміліп қалған еді.

Ардақты Пайғамбарымыздың атасы Абдулмутталиб бір күні Хижрда ұйықтап жатқанда түс көреді. Түсінде Зәмзәм құдығын қайта қаз деп әмір етіледі. Кейін қай жерді қазатындығы да ишаратпен көрсетіледі.

Абдулмутталиб қазу жұмысын бастаған кезде құрайштықтар:

«Ғибадатханамыздың төңірегін қаздырмаймыз», - деп, оған қарсы шықты. Абдулмутталибтің оларға төтеп беретін шамасы жоқ еді. Сонда Абдулмутталиб егер Аллаh өзіне он ұл беріп, олар оны қорғайтындай жасқа жететін болса, олардың біреуін Қағбаның жанында құрбан шалуға сөз берді.

Біраз уақыт өткен соң құрайыштықтар Абдулмутталибтің

ғажайып халін көріп біраз жібіген соң, оған қазуға рұқсат берді. Абдулмутталиб құдықты қазып Зәмзәмнің көзін ашты. Уақыт өте келе он ұлы болып, олар оны қорғайтындай жасқа жетті. Сол уақытта оған түсінде:

– Берген сөзіңді орында, - деп, жылдар бұрын Аллаһқа берген уәдесі есіне түсті. Атағанын орындау үшін қошқар сонан соң сиыр құрбан шалды. Бірақ әрбірінде Абдулмутталибке одан да ірісін құрбан шалуы білдірілді. Сонда ол:

– Бұдан ірі не нәрсе? - деп сұрағанда:

– Ұлдарыңның бірін құрбан етемін деген едің, - деп айтылды. Осыдан кейін Абдулмутталиб ұлдарын жинап, Аллаһқа атағанын орындау үшін оларды өзіне мойынсұнуға шақырды. Олар қарсы шықпастан:

– Сен берген сертіңді орында, қалағаныңды істей бер, - деді.

Абдулмутталиб балаларының арасына жеребе тастап жатып былай дұға жасады: «Аллаһым! Мен ұлдарымның бірін саған құрбан етуге атаған едім. Араларына жеребе тастаймын, сен жеребені қалағаныңа шығар».

Жеребе Хазіреті Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһқа шықты. Абдулмутталиб ұлын құрбан шалу үшін Қағбаға бара жатқанда меккеліктер перзентін құрбан шалу әдетке айналып кетеді деп қорқып, оған жол бермеді. Абдулмутталибті көндіріп бір ғалым кісіге алып барды. Ғалым кісі одан:

– Сендерде бір кісінің құны қанша? - деп сұрады.

– Он түйе, - деп жауап берді. Сонда әлгі ғалым :

– Олай болса Абдуллаһ пен он түйенің арасына жеребе тастап, Абдуллаһқа түссе тағы он түйе қосып, жиырма түйе мен Абдуллаһтың арасына тағы да жеребе таста. Жеребе

түйелерге шыққанға дейін түйелердің санын он-оннан арттырып отыр, - деп кеңесін берді.

Он түйемен Абдуллаһтың арасына жеребе тастап еді, Абдуллаһқа түсті. Он түйе арттырып қайтадан жеребе тастап, тағы да Абдуллаһқа түсті. Түйелердің саны жүзге барғанға дейін дәл осылай жеребе тастауды жалғастырды. Саны жүзге жеткен кезде жеребе түйелерге түсті. Абдулмутталиб толық сенімді болуы үшін жеребені үш рет қайталап тастады. Осы сәтте орнынан тұрып ұлының құтылуы үшін Аллаһқа жалбарынды. Әрбірінде жеребе түйелерге түскенін көргенде ол жердегілер қуанғанынан тәкбір айтты. Сосын Абдулмутталиб түйелерді құрбандыққа шалып, етін садақа етіп таратты.[36]

Бүгінде Ислам шариғатында өлтірілген бір кісінің құны жүз түйе немесе жүз түйенің бағасы деп белгіленуінің себебі, осы тарихи оқиғаға байланысты.

Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) атасы Исмаил (аләйһиссәләм) мен әкесі Абдуллаһтың құрбан етілу үшін таңдалғандығын білдіріп:

«Мен екі құрбандықтың ұлымын», - деген. (Хаким II, 609/4048)

Тағы да осы себепке байланысты Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Ибну Забихайн» екі құрбандықтың ұлы деп аталатын.[37]

Хазіреті Абдуллаһ сыртқы түр-сипаты жағынан және мінез-құлқы жағынан өз бауырларынан да, бүкіл Құрайш жастарынан да сымбатты еді. Ақылы, ой-өрісі және зеректігі

36. Ибн Хишам I, 163-168; Ибн Сағд I, 83-85; Хаким II, 604/4036.
37. Хаким II, 604/4036.

жағынан да олардан артық еді.[38] Осы себептен Құрайштың бүкіл бойжеткен қыздары оған тұрмысқа шығуға армандайтын. Тіптен Уарақа бин Нәуфәлдің қарындасы Руқия Абдуллаһтың маңдайындағы нұрды байқап, мұның пайғамбарлық нұры екенін түсінген. Сөйтіп күтілген соңғы пайғамбардың анасы болғысы келіп, соны абырой санап Абдуллаһқа егер өзімен үйленетін болса жүз түйе беретінін айтқан.[39]

Абдулмутталиб ұлы Абдуллаһқа Бәни Зұхра тайпасының мырзасы Уәхб бин Абдуманафтың қызы Әминаны айттырады. Тегі мен абыройы жағынан Құрайштың ең көрікті қызы Әмина да бұл ұсынысты қабыл алған соң екеуінің некесі қиылды.

Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) анасы Әминаның ата-тегі мынадай: Уахб бин Абдуманаф бин Зухра бин Киләб бин Мурра. Зухра Хашим ұлдарының аталары Құсай бин Киләбтің бауыры болғандықтан Әминаның ата-тегі Абдуллаһпен Киләбта бірігеді.[40]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) анасының құрсағына түскен соң Абдуллаһтың маңдайындағы нұр Хазіреті Әминаға өтті.[41]

Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһтың қайтыс болуы

Хазіреті Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһ үйленгеннен соң көп уақыт өтпей Құрайштың сауда керуенімен Шамға

38. Халеби I, 51-62.
39. Ибн Хишам I, 168-169.
40. Ибн Сағд I, 59-60.
41. Ибн Хишам I, 170.

кетті. Сауда-саттығын бітіріп қайтып келе жатқанда сырқаттанып қалды. Мәдинаға жеткен соң қасындағы достарына:

– Мен осындағы нағашыларым Нажжар ұлдарында біраз бола тұрайын, - деп ол жерде бір ай қалды.

Нағашылары қаншалықты жәрдем көрсетсе де науқасынан айыға алмай сол жерде дүние салды. Мәдинаға жерленді. Абдуллаһ қайтыс болған кезде 25 жаста еді.[42]

Әмина күйеуі Абдуллаһтың өлім хабарын естігенде қайғыдан бірнеше күн көз жасын төкті. Бұдан соң ол сияқты адам табылмайтынын, оны барлық адам жақсы көргенін, оның өте жомарт әрі мейірімді екенін жоқтауына қосып мұңын айтты.[43]

Пайғамбарымыздың келетінін білдірген хабарлар мен оқиғалар

Хазіреті Пайғамбарымыз дүниеге келместен бұрын көптеген иләһи көріністер пайда болды. Бүкіл әлем оны сағына күткендей еді. Өйткені ол жаратылыстың себебі еді.

Алдымен Аллаһ Тағала алдыңғы пайғамбарлардан Расулұллаһқа (с.а.у.) иман келтіріп, оған жәрдем етулері үшін серт алған болатын. Бұл оның келетіндігінің ең үлкен нышандарының бірі еді. Бұл жайында аят кәримада былай айтылады:

42. Ибн Сағд I, 99.
43. Ибн Сағд I, 100.

وَ اِذْ اَخَذَ اللهُ مِيثَاقَ النَّبِيِّينَ لَمَآ اٰتَيْتُكُمْ مِنْ كِتَابٍ وَحِكْمَةٍ
ثُمَّ جَآءَكُمْ رَسُولٌ مُصَدِّقٌ لِمَا مَعَكُمْ لَتُؤْمِنُنَّ بِهٖ وَلَتَنْصُرُنَّهٗ
قَالَ ءَاَقْرَرْتُمْ وَاَخَذْتُمْ عَلٰى ذٰلِكُمْ اِصْرِى قَالُوٓا اَقْرَرْنَا
قَالَ فَاشْهَدُوا وَاَنَا مَعَكُمْ مِنَ الشّٰهِدِينَ

«Кезінде Аллаһ пайғамбарлардан сөз алған еді: «Ант етейін сендерге кітап пен хикмет бердім. Сосын сендердегі бар нәрсенің дұрыс екенін растайтын бір пайғамбар келеді. Оған міндетті түрде иман келтіресіңдер және міндетті түрде оған жәрдем бересіңдер». (Аллаһ) **айтты: «Сөз беріп, бұл ауыр жүгімді қабыл еттіңдер ме?» Олар: «Қабыл еттік» - деді.** (Аллаһ): **«Олай болса куә болыңдар, мен де сендермен бірге куәмін», -** деді». (Әли Имран сүресі 81-аят)

Хазіреті Ибраһим мен ұлы Исмаил Қағбаның құрылысын бітіргеннен кейін қолдарын жайып Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үшін былай дұға қылған еді:

رَبَّنَا وَابْعَثْ فِيهِمْ رَسُولًا مِنْهُمْ يَتْلُوا عَلَيْهِمْ اٰيَاتِكَ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ
وَالْحِكْمَةَ وَيُزَكِّيهِمْ اِنَّكَ اَنْتَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ

«Уа, Раббым! Оларға өз араларынан сенің аяттарыңды өздеріне оқитын, кітап пен хикметті үйрететін және оларды (нәпсілерін) **арылдыратын бір пайғамбар жібер. Себебі өте ұлы, барлық нәрсені орын-орынды іске асыратын тек Сен ғанасың».** (Бақара сүресі 129-аят)

Хазіреті Иса (аләйһиссәләм) да пайғамбар екендігін Исраил ұлдарына жеткізіп жатқанда, әлемдердің Сұлтанынан да хабар берген еді:

وَاِذْ قَالَ عِيسَى ابْنُ مَرْيَمَ يَا بَنِيٓ اِسْرَائِيلَ اِنِّى رَسُولُ اللهِ
اِلَيْكُمْ مُصَدِّقًا لِمَا بَيْنَ يَدَىَّ مِنَ التَّوْرٰيةِ وَ مُبَشِّرًا بِرَسُولٍ يَأْتِى
مِنْ بَعْدِى اسْمُهُ اَحْمَدُ

«Мәриямұлы Иса: «Ей, Исраил ұлдары! Шынында мен өзімнен бұрын келген Тәуратты растайтын және менен соң келетін есімі Ахмед болатын пайғамбарды сүйіншілейтін Аллаһтың сендерге жіберген пайғамбарымын», - деген еді...». (Саф сүресі 6-аят)

Анасы Әмина әлемдердің Сұлтанына жүктілігінің алғашқы күндерінде түс көреді. Түсінде ол:

– Ей, Әмина! Сен бұл үмбеттің Сұлтанына жүктісің. Бұл дүниені нұрға бөлеген кезде: «Барлық көре алмаушылардың жамандығынан қорғау үшін оны бір Аллаһқа тапсырамын», - деп жалбарын және оған «Мұхаммед» деп ат қой», - деген дауыс естіді.[44]

Міне, сондықтан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Мен атам Ибраһимнің дұғасы, бауырым Исаның сүйіншісі және анамның түсімін». (Хаким II, 453; Ахмед IY, 127-128)

Сондай-ақ Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) есімі мен сипаттары Тәурат пен Інжілде айтылған, әрі яһуди мен христиан ғалымдары мұны толық білетін. Олардың ішіндегі ар-ожданды, әділ болғандары жайлы Құран Кәрімде былай делінеді:

44. Ибн Хишам I, 170.

الَّذِينَ يَتَّبِعُونَ الرَّسُولَ النَّبِيَّ الْأُمِّيَّ الَّذِى يَجِدُونَهُ
مَكْتُوبًا عِنْدَهُمْ فِى التَّوْرٰيةِ وَالْاِنْجِيلِ

«Олар өздеріндегі Тәурат пен Інжілде жазылған Расулға, яғни үмми (оқу-жазу білмейтін) **пайғамбарға мойынсұнады...».** (Ағраф сүресі 157-аят)

Тіптен әһлі кітап ғалымдары Хазіреті Пайғамбарымызды өз балаларын танығанындай танитын еді:

الَّذِينَ اٰتَيْنَاهُمُ الْكِتَابَ يَعْرِفُونَهُ كَمَا يَعْرِفُونَ اَبْنَآءَهُمْ
وَاِنَّ فَرِيقًا مِنْهُمْ لَيَكْتُمُونَ الْحَقَّ وَهُمْ يَعْلَمُونَ

«Біз кітап бергендер оны өз балаларын танығандай таниды. Сонда да олардың кейбір бөлігі біле тұра ақиқатты жасырады». (Бақара сүресі 146-аят)

Алдын яһудилердің ең үлкен ғалымы болған, кейін мұсылман болған Абдуллаһ бин Сәләм (радиаллаһу аннһу):[45]

45. **Абдуллаһ бин Сәләмның** (радиаллаһу аннһу) лақаб аты Әбу Юсуф. Ол Юсуфтың (аләйһиссәләм) ұрпағынан. Негізгі аты Хусайн болатын. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның атын Абдуллаһ деп өзгертті. Бәни Қайнуқа яхудилерінің ғалымдарының бірі болатын. Пайғамбарымыз Меккеден Мәдинаға хижрет жасап Құбаға барған кезінде Абдуллаһ қасына келіп бірнеше сұрақ сұраған еді. Хазіреті Пайғамбарымыздың жауабын алған соң, мұндай жауапты тек пайғамбарлар ғана бере алады деп, Исламға кірді. Артынан бүкіл отбасының және кейбір туыстарының Исламға кіруіне себепші болды. Хазіреті Пайғамбарымыз Жәннатпен сүйіншілеген Абдуллаһ (радиаллаһу аннһу) сахабалардың арасында да құрметке ие болды. Ахкаф сүресінің 10-шы және Рағыд сүресінің 43-ші аяты Абдуллаһ хақында түскендігі айтылады. 25 хадис шәріп риуаят етті. Муауияның халифалығы кезеңінде хижри 43, миләди 663 жылы Мәдинада қайтыс болды.

– Мен Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өз ұлымнан да артық танитын едім, - деген кезде Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

– Ей, ибн Сәләм! Сонда бұл қалай? - деп сұрады. Ол болса:

– Мен Мұхаммедтің (аләйһиссалату уәссәләм) шын мәнінде Аллаһтың Расулі екеніне ешқандай шүбәсіз куәлік етемін. Оның пайғамбар екеніне еш күмәнім жоқ. Себебі оның Аллаһ Тағала жіберген Пайғамбар екендігі, сипаты мен ерекшеліктері кітабымызда бар... - деді.

Сонда Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

– Уа, ибн Сәләм! Аллаһ саған ақиқатты нәсіп етіпті, - деді де оның маңдайынан сүйді. (Уахиди 47; Рази, Тәфсир IY, 116)

Тәурат пен Інжілде Хазіреті Пайғамбарымыз бен сахабаларының сипаттары мен абырой мәртебелері былай баяндалғандығы аятта айтылады:

مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ اَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ
تَرٰيهُمْ رُكَّعًا سُجَّدًا يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِنَ اللهِ وَرِضْوَانًا سِيمَاهُمْ
فِى وُجُوهِهِمْ مِنْ اَثَرِ السُّجُودِ ذٰلِكَ مَثَلُهُمْ فِى التَّوْرٰيةِ وَمَثَلُهُمْ
فِى الْاِنْجِيلِ كَزَرْعٍ اَخْرَجَ شَطْئَهُ فَاٰزَرَهُ فَاسْتَغْلَظَ فَاسْتَوٰى عَلٰى
سُوقِهِ يُعْجِبُ الزُّرَّاعَ لِيَغِيظَ بِهِمُ الْكُفَّارَ وَعَدَ اللهُ الَّذِينَ اٰمَنُوا
وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ مِنْهُمْ مَغْفِرَةً وَاَجْرًا عَظِيمًا

«Мұхаммед – Аллаһтың Расулі. Оның қасындағылар кәпірлерге барынша қатал, бір-бірлеріне өте мейірімді. Оларды рукуғ және сәжде жасаған күйде көресің. Олар Аллаһтан кеңшілігін және ризашылығын сұрайды.

Олардың белгілері – жүздеріндегі сәжде ізі. Міне, бұл олардың Тәуратта айтылған сипаттары. Ал Інжілде былай сипатталған: Бүршік атып, оны қуаттандырып, жуандап, кеудесін тік ұстаған, егіншіні қатты қуандырған егінге ұқсайды. Аллаһ оларды осылайша көбейтіп, қуаттандыру арқылы кәпірлерді ашуландырады. Аллаһ иман келтіріп, ізгі амал жасағандарды жарылқауды және оларға өте көп сауап беруді уәде еткен». (Фәтх сүресі 29-аят)

Абдуллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһумә) бір күні Кааб әл-Ахбардан[46]:

– Тәуратта Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сипаттары қалай түсіндіріледі? - деп сұраған уақытта Хазіреті Кааб (рахимаһуллаһ) оған былай жа-уап берді:

– Оның сипаттары жайында Тауратта мыналар жазылған.

«Мұхаммед бин Абдуллаһ Меккеде дүниеге келеді, Табаға (Мәдинаға) қоныс аударады, Шамға патша болады. Ол еш жаман сөз айтпайды және базарларда айқайлап сөйлемейді. Жамандыққа жамандықпен жауап қайтармай кешіре салады. Оның үмбеті де молшылықта, тапшылықта және барлық жерде Аллаһты мадақтап, ұлықтайды. Белдеріне изар (белден төменгі жақты жабатын киім) байлайды. Қолдарын жуады. Соғыста сапқа тұрғандары сияқты, намазда да сапқа тұрады. Мешіттерінен араның құжынаған даусындай (Құран мен зікір) дауыс естіледі. Азандарының дауысы көк аспанда жаңғырады». (Дарими, Мукаддима 2)

46. **Кааб әл-Ахбар** (радиаллаһу анһу) табиғин нәсілінен. Бәни Исраил жайындағы риуаяттарымен әйгілі болған. Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) кезеңінде мұсылман болып хижри 32 жылы дүниеден өтті.

Ата бин Ясар (рахимахуллаһ) былай түсіндіреді:

Абдуллаһ бин Амрға (радиаллаһу анһумә)[47] жолықтым да былай дедім:

– Маған Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тәуратта айтылған сипаттарын айтасың ба? Сонда ол былай деді:

– Жарайды. Аллаһқа ант етейін, оның Құранда білдірілген кейбір сипаттары Тәуратта да білдірілген. (онда): «Ей, Пайғамбар! Біз сені адамдарға куә, қуантушы, ескертуші және әлсіздерді қорғаушы етіп жібердік. Сен менің құлым әрі Расулімсің. Мен сені мутәуәккил (тәуекелшіл) деп атадым. Аллаһ Тағала бұзылған дінді адамдардың **«лә иләһә иллаллаһ»** деп айтуымен түзелтпейінше және сол дінмен көрлердің көзін, саңыраулардың құлағын, бітелген жүректерді ашпайынша оның жанын алмайды», - деп айтылған. (Бұхари, Буюғ 50; Тәфсир 48/3)

Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық сипаттарымен білген яһудилер оның келетін уақытын күтіп жүрген еді. Сондай-ақ Мәдинадағы бұтқақұл Әус және Хазреж тайпалары мен яһудилер бір-бірімен қақтығысып, келісе алмай қалған жағдайда яһудилер былай дейтін еді:

---

47. **Абдуллаһ бин Амр бин Ас** (радиаллаһу анһумә) әкесі Амрмен бірге хижреттің жетінші жылында Мәдинаға хижрет жасады. Ескі мәдениетті жақсы білетін және хат танитын сахаба еді. Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) естіген хадистерін жазып отыратын. Бұл үшін Хазіреті Расулден арнайы рұқсат алған. Абдуллаһ хадис пен фиқһтағы терең біліміне байланысты сахабалар арасында **«Абадила»** деген атпен әйгілі болған төрт Абдуллаһтың біреуі. Әкесімен, яғни Хазіреті Амрмен бірге Шамның жеңісіне және Ярмук соғысына қатысып, осы соғыста әкесінің жалаугері болды. Мысырдың жеңісінен кейін әкесімен бірге Мысырға қоныстанып, сол жерде тұрды. Әкесінен бұрын мұсылман болған Абдуллаһ 72 жасында Мысырда қайтыс болды. Қабірі Каирдегі Амр бин Ас мешітінде.

– Жақын арада бір пайғамбар жіберіледі. Оның келуіне аз уақыт қалды. Сол пайғамбар келген кезде біз оған бой ұсынып, Ирам және Ад қауымдары сияқты сендерді өлтіріп, құртып жібереміз. (Ибн Әсир II, 95-96)

Сүйікті Пайғамбарымыздың жұбайы Сафия бинти Хуяйдың (радиаллаһу анһа) айтуы бойынша Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хижрет кезінде Құба ауылына келгенде оны естіген Сафияның әкесі яһуди Хуяй бин Ахтаб пен немере ағасы Әбу Ясир дереу сол жерге барған. Кешке күн батқан соң екеуі көңіл-күйсіз, мұңайып үйлеріне қайтады. Әбу Ясир бауырынан:

– Бұл адам келеді деп күтілген пайғамбар ма? - деп сұрады. Хуяй:

– Иә. Соның дәл өзі, - деді. Әбу Ясир:

– Оның дәл сол пайғамбар екендігіне сенімдімісің? Жақсылап анықтадың ба? - деп сұрады. Хуяй:

– Иә, - деп жауап берді. Сонда Әбу Ясир:

– Олай болса ол жайында көзқарасың қандай, - деп сұрағанда, Хуяй:

– Уаллаһи, өмірімнің соңына дейін оған дұшпан болып өтемін, - деді. (Әбу Нуайм, Дәләйл I, 77-78)

Яһудилер келуін асыға күткен соңғы пайғамбарды өз ұлттарынан, яғни Исраил ұлдарынан шықса деп тілеген еді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исмаилдың (аләйһиссәләм) ұрпақтары болған арабтардан шыққандығы үшін яһудилер қызғанып, оған иман келтірмеген еді.[48]

48. Ибн Сағд I, 155.

Бұл шындықты ибн Аббастың (радиаллаһу анһумә) мына риуаяты да растауда:

Хайбар яһудилері мен ғатафандықтардың арасында ұзаққа созылған соғыс бар еді. Яһудилер бұл соғыстарда үнемі жеңіліске ұшырайтын. Соңында барлығы жиналып:

«Ей, Аллаһым! Ақыр заманда жіберемін деп уәде еткен үмми (оқу-жазу білмейтін) пайғамбарыңның құрметі үшін бізге жеңіс нәсіп етуіңді тілейміз», - деп дұға жасап Жаратқанға жалбарынуға сөз байласты. Ғатафандықтармен тағы да беттескенде осы дұғаны жасады. Осылайша Хазіреті Пайғамбарымызды себепші қылды. Соғыстың нәтижесінде ғатафандықтар жеңіліске ұшырады. Бірақ Аллаһ Тағала яһудилердің дұғаларында себепші қылып жалбарынған Хазіреті Мұхаммедті (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбар етіп жіберген кезде оның пайғамбарлығын қабыл етпеді. Осыған орай Аллаһ Тағала:

وَكَانُوا مِنْ قَبْلُ يَسْتَفْتِحُونَ عَلَى الَّذِينَ كَفَرُوا
فَلَمَّا جَآءَهُمْ مَا عَرَفُوا كَفَرُوا بِهِ فَلَعْنَةُ اللهِ عَلَى الْكَافِرِينَ

«...Бұдан бұрын (ол пайғамбардың құрметі үшін деп) **кәпірлерге қарсы жеңіс тілеген еді. Оларға танитындары** (Пайғамбар) **келген кезде одан бас тартты. Міне, осындай кәпірлерге Аллаһтың лағынеті[49] жауады»** - деген аятты түсіндірді. (Бақара сүресі 89-аят) (Қуртуби II, 27; Уахиди 31)

49. Құран Кәрімде және Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадистерінде негізінде жеке кісі аталмай кейбір күнәхарларға жалпы лағынет етілген. Бұл жерлерде ахлақ, сенім және экономикалық тұрғыдан қатты адасқандарды қолдайтын көзқарас, әрекеттер лағынет етілген. *«Мен лағыннеттеуші ретінде емес, тек рахмет ретінде жіберілдім»*, (Муслим, Бир 87) десе де Аллаһ Расулінің кейбір әрекеттерді істегендерді лағынет етуі, бұл әрекеттердің Исламның әлеуметтік құрылымына өте қатты кері әсерін тигізгендігін көрсетеді.

Адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымыздың келетіндігін хабардар еткен мына оқиға да аса көңіл аудартады:

Кисра Йеменге әмірші етіп Сәйф бин Зи Язанды тағайындаған соң жан-жақтан Араб тайпаларының өкілдері келіп оны құттықтады. Меккеден келген он кісілік шағын топтың басында Пайғамбарымыздың атасы Абдулмутталиб бар еді. Ол әміршіге:

– Уа, әмірші! Біздер Аллаһтың қолсұғылмас Харамының халқы, әрі Бәйтуллаһтың қызметшілеріміз. Әмірші болғаныңмен құттықтау үшін келдік, - деді.

Йемен әміршісі оларды жақсылап қарсы алып, ұзақ уақыт қонақ қылып сыйлады. Бір күні әмірші Абдулмутталибті алдына шақыртып, оған былай деді:

– Ей, Абдулмутталиб! Мен саған бір сырды ашайын, басқаларға бұл сырды айтпас едім. Мен ол сырдың негізін сенен байқадым. Сондықтан мұны тек саған айтамын. Сөзсіз Аллаһ әмірін орындайды. Басқаларға жасырып тек өз арамызда ғана білінген кітапта өте маңызды хабарлар бар. Өмірдің құрметі, өлімнің абыройы сол кітапта. Бүкіл адамзатқа, сенімен бірге келген достарыңа, әсіресе саған өте қатысты», - деді.

Абдулмутталиб:

– Уа, әмірші! Барлық көшпенді халық сен үшін құрбан болсын. Маңызды болған қандай хабар? - деп сұрады.

Сонда әмірші:

– Тихама өңірінде бір бала дүниеге келеді. Белгі ретінде оның екі жауырынының арасында қалы болады. Қиямет күніне дейін онда патшалық, ал сендерде мырзалық болады, - деді.

Сәйф бин Зи Язан сөзін былай жалғастырды:

– Мына заман оның дүниеге келетін кезеңі. Бәлкім келіп те қалған шығар. Оның аты Мұхаммед. Әке-шешесі бақилыққа аттанады. Оны атасы мен немере ағасы қамқорлығына алады. Аллаh оны ашық түрде тура жолға шақыратын пайғамбар етіп жібереді. Бізден біраз адамды оған ансар (жәрдемші) қылады. Олармен достарын абыройлы, дұшпандарын қор қылады. Ол дүниедегі ең қымбат жерлерді басып алады. Оның туылуымен Мәжусилердің табынатын оттары сөнеді. Жалғыз Хаққа құлшылық етіледі. Күпір мен астамшылықтарға тыйым салынады, бұттар сындырылады, шайтанға тас атылады. Оның сөзі ақиқат пен жалғанның арасын айырады, үкімі әділ болады. Ол үнемі жақсылықты бұйырып, оны өзі іске асырады. Жамандықтан тыйып, оны жояды, - деді.

Абдулмутталиб:

– Өмірің ұзақ, абырой-даңқың биік, салтанатың мәңгілік болсын! Бұл айтқаның менің ұрпағым. Бұл туралы әмірші тағы да біраз мағлұмат беріп мені қуантпас па екен? - деді.

Сонда Сәйф:

– Ей, Абдулмутталиб, үстіне жабу жабылған Бәйтуллаhпен, мұғжизалармен және сәмәуи кітаптармен ант етейін. Сөз жоқ, күмәнсіз сен оның атасысың, - дегенде, Абдулмутталиб қуанғанынан жерді құшақтады.

Әмірші:

– Басыңды көтер жерден. Көңілің рахат, өмірің ұзақ, абыройың асқақ болсын. Саған түсіндірген белгілерімнен көрінгені бар ма? - деп сұрады.

Абдулмутталиб:

– Иә, Әмірші! Менің өте жақсы көретін және қатты көңіл бөлетін бір ұлым бар. Оны қауымымыздағы абыройлы бір кісінің Әмина деген қызымен үйлендірдім. Әмина ұл тапты. Оның есімін Мұхаммед деп қойдым. Екі жауырынының арасында қалы бар. Сен түсіндірген сипаттардың барлығы оның бойында бар. Оның әкесі де, шешесі де қайтыс болды. Оның қамқорлығын мен және немере ағасы мойнымызға алдық, - деп жауап берді.

Мұны естіген әмірші:

– Ұлыңды жақсылап қорға. Яһудилерден абай бол. Себебі яһудилер оның қас жауы. Бірақ Аллаһ оларға мүмкіншілік бере қоймас. Бұл айтқандарымды достарыңа тіс жара көрме. Сендерге берілген бұл ерекшелікті қызғанып немереңнің өміріне қатер туғызуы әбден мүмкін. Егер оның пайғамбар етіп жіберілуінен бұрын өлмейтінімді білген болсам атты және жаяу әскелерімді алып Ясрибке (Мәдинаға) қоныс аударып, ол жерді мемлекетімнің астанасы қылар едім. Әрі оны бәле-жаладан қорғар едім. Бір жылдан кейін маған немерең жайында хабар бер, - деді.

Өкінішке орай Сәйф бин Зи Язан бір жыл өтпей жатып өлтірілді.[50] (Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 26-28; Диярбақри I, 239-241)

---

50. Тәурат пен Інжілде Хазіреті Пайғамбардың келетіндігінен және оның белгілі сипаттарынан хабар берілуі, негізінде ол кітаптардың Аллаһтан келгендігін, өзгертіліп бұзылған болса да бүгінгі нұсқаларында кейбір өзгертілмей негізгі күйінде қалған бөліктері де бар екендігінің дәлелі. Сондықтан мұсылмандар Тәурат пен Інжілді үкімі жойылған заңдар деп қабыл етсе де оларға құрметсіздік жасамайды.
Тәурат пен Інжілдегі сияқты Зороастризм, Индуизм және Буддизм секілді шығыс діндерінің киелі кітаптарында да Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келетіндігі білдірілген. Зәрдүшттіктің киелі кітабы Зенд Авестада Хазіреті Пайғамбардың есімі «әлемдерге рахмет» мағынасында «Soeshyant» деп аталған. Оның бүкіл адамзатқа пайғамбар болатындығын білдірумен қатар көптеген сипаттары да баяндалған. Индуизмнің киелі кітабы Ведалар, Упанишадтар және Пураналар соңғы

Хазіреті Пайғамбарымыздың атасы Абдулмутталибке немересінің келешегі жайында берілген қуанышты хабардың бірі де мынау еді:

Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) балалармен ойнап Радм махалләсына дейін барған еді. Ол жерде Мудлиж ұлдарынан бір топ кісі Хазіреті Пайғамбарымызды қастарына шақырып, аяқтарына қарады да, оның аяқ іздерін зерттей бастады. Осы кезде Абдулмутталиб келді. Онымен құшақтасып амандасқан соң:

– Мына бала сенің тұқымыңнан ба? - деп сұрады. Абдулмутталиб:

– Ұлым болады, - деді.

Мудлиж ұлдары:

– Оны жақсылап қорға. Себебі біз Мақаму Ибраһимдегі аяқ ізінде мына баланікіне ұқсас басқа аяқ ізін көрмедік, - деді.

Абдулмутталиб ұлы Әбу Тәлібке:

– Тыңда, мыналардың не айтқандарына құлақ сал, - деп естігендерін айтып берді. Сондықтан Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасы Әбу Тәліп

пайғамбардың сақал қоюды сүннет қылатындығы, шошқа етіне тыйым салатындығы сияқты көптеген сипаты айтылған. Сондай-ақ Будданың кітаптарында да Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығын сүйіншілейтін және сипаттарын баяндайтын бірнеше бөлім бар. (Рамзи Кая, Иләһи китапларда Хазрети Мухаммед, 221-239 бб; А.Н. Виярти – У. Али, Доғу кутсал метинлеринде Хазрети Мухаммед, Стамбул 1997; Ибраһим Жанан, XIY, 79-81)
Жер бетіндегі алғашқы діннің хақ дін болғандығын, адамзатқа мыңдаған пайғамбарлар жіберілгенін, бірақ оқта-текте адамдардың тура жолдан адасқандарын көз алдымызға елестететін болсақ Зәрдүшттік, Индуизм, Буддизм және осыларға ұқсас діндерде соңғы пайғамбардың білдірілуі сияқты кейбір шындықтардың бар екендігі таңқаларлық нәрсе емес.

інісін көзінің қарашығындай қорғаштады.[51]

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мына дүниені нұрландырмастан бұрын бүкіл әлем рухани түрғыдан надандықтың қара түнегінде еді. Адамдар барынша жаһилияттің (қараңғылықтың) шырмауына шырмалып, адамдық қадір-қасиетін жоғалтқан болатын. Адамдардың айуандық және зұлымдық әрекеттерінен жануарлар да жиіркенген еді. Өмір сүру мүмкін еместей болды. Бүкіл әлем қайғы-қасіретке бүрініп, жаратылыстар мұңға батып, көңілдер дертке толған еді. Аш-жалаңаштар мен әлсіздер күлуді ұмытқан еді. Күштілер ғана өмір сүре алатын. Мехмед Акиф айтқандай:

Қорқаудан басып озды жыртқыштықта адамдар,
Өз бауырын талап жеді әлжуаз деп надандар.

Құран Кәрім бұл шындықты былай баяндайды:

ظَهَرَ الْفَسَادُ فِى الْبَرِّ وَالْبَحْرِ بِمَا كَسَبَتْ اَيْدِى النَّاسِ

«Адамдардың өз қолдарымен істеген нәрселерінің салдарынан құрлықта да, теңізде де бұзақылық жайлады». (Рум сүресі 41-аят)

Ұлы мерей жақындаған сайын барлық адам тіпті барлық жаратылыс ол ұлы нұрдың жәрдемге келіп өздерін қара түнектен құтқаруын сағынышпен зарығып күтіп жатты. Ол өмір нәрінің өздеріне құт-береке және ырыс алып келуін армандады. Бүкіл адамзат оған ынтық, әрі ынтызар еді. Оның жақындағандығын және белгілерін барлық жан иесі біліп, оны төрт көз болып сағына күтіп жүретін.

51. Әбу Нуайм, Дәләйл I, 165; Ибн Сағд I, 118.

Сүлеймен Челеби Мәуліт Шәріпінде күннің де Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғашық болып, оның төңірегінде сәуле шашып жымың қаққанын және ұлы мерейдің хабарын Хазіреті Әминаның тілімен былай жырға қосады:

Көрдім деді бір жарық Нұр, Хабибуллаһ анасы,
Маңайында сәуле шашып жымыңдаған күн көзі.
Түсті көктен топ-тобымен періштелер әуелеп,
Тауап қылды үйімізді Қағбадай қастарлеп.
Айтты олар: келген емес ұлыңдай ұл ешқашан,
Жаралғалы көк пенен жер һәм адамзат, бұл жаһан.
Осы келген сәуле шашып - құпия ілім Сұлтаны,
Осы келген таухид пен хикметтің қайнар бұлағы.

Ұлы мерей және сол кезде болған таңғажайып оқиғалар

Соңында бүкіл әлем асыға күткен Нұр миләди 571 жылдың 20 сәуіріне сәйкес келетін Рабиул Әууәл айының 12-де дүйсенбі күні таң ағарып келе жатқанда Абдуллаһ пен Әминаның шаңырағында дүниеге келіп, әлемді нұрға бөледі.

Осы нұрдың келуімен бүкіл жаратылыс бейнебір тіл қатып:

«Қош келдің, уа, Расулұллаһ» - деп, шаттыққа кенелді.

Сүлеймен Челеби әрбір тозаңына дейін бүкіл дүниенің бұл ұлы құтқарушының келгеніне қуанғанынан оған былайша тіл қатқанын өлең шумақтарымен жеткізеді:

Қош келдің ей ұлы Сұлтан, қош келдің,
Қош келдің ей, ерекше жан қош келдің.

Қош келдің мінезі Құран, қош келдің,
Қош келдің ей, дертке дауа, қош келдің.
Қош келдің ей «Рахматан лил аләмин»,
Қош келдің сенсің «Шафиу-л Музнибин».

Оның келуімен бұл әлемге Аллаһтың Рахметі жауды. Таң мен ақшамның түсі бейнебір өзгергендей болды. Сезімдер оянды. Сөздер мен сұхбаттар әсерлі болды. Барлық нәрсе ерекше бір мағынаға, ерекше бір әсемдікке бөленді. Пұттар шайқалып жерге құлады. Иран патшасына қарасты Мәдян қаласындағы сарайлардың бағаналары мен мұнаралары құлады. Сол кезде адамдар киелі деп санаған Сауа[52] көлі құрғады.[53]

Әлемде болған мұндай көріністер ол абзал жанның мына өмірге келуінің алғашқы берекеті еді. Бұл берекет бүкіл әлемге жайылды. Ол жыл молшылық жылы деп аталды. Көкірегі ояу сопылар Қадір түнінен кейінгі ең қасиетті түн Расулұллаһ туылған түн деп қабыл еткен.

Сол түні раушан гүлдей ашылған әлемдердің Сұлтанының берекетінен нәр алған көңілдерден шыққан үнді ақын тілі былай жырлайды:

«Раушан бағын суару үшін бағбан босқа әуреленбесін. Өйткені мыңдаған раушан бағын суарса да сенің жүзіңдей раушан ешқашан ашылмайды (уа, Расулұллаһ)».

Адамзаттың асыл Тәжінің мына әлемге құт-береке әкелуімен барлық нәрсе өзгерді. Ырыс-береке бүкіл әлемге шашылып, нұрды аңсаған көңілдер шаттыққа бөленді.

52. **Сауа** – Хамдан мен Қум арасындағы, Тегераннан 125 шақырым оңтүстік бағыттағы бір көл. Суы тартылып қалған соң орнына Сауа қаласы салынды.
53. Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 273.

Ибн Аббастан (радиаллаһу анһумә) былай риуаят етілген:

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүйсенбі күні туылды, дүйсенбі күні пайғамбар болды, дүйсенбі күні Меккеден Мәдинаға хижрет етті, дүйсенбі күні Мәдинаға кірді, дүйсенбі күні дүниеден өтті. Дүйсенбі күні (Қағбада төрешілік жасап) Хажарул Әсуадты орнына қойды. Дүйсенбі күні Бәдірде жеңіске жетті. Дүйсенбі күні اَلْيَوْمَ اَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ **«...Бүгін сендердің діндеріңді тамамдадым...»** деген аят түсті. (Майда сүресі 3-аят) (Ахмед I, 277; Хайсәми I, 196)

Оның туылуы, пайғамбарлығы, хижреті және дүниеден өтуі иләһи ишарат ретінде дүйсенбі күніне тура келуі, бұл күннің маңызды екенін білдіреді. Көркемдік пен ұлылықтың көрінісі ретінде қуаныштың шаттығы мен қайғының мұңы, мерекелік мерей мен қазаның қасіреті қатар жүрді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл әлемді нұрға бөлеген мүбәрак түнде кейбір таңғажайып оқиғалар болды. Бұл мұғжизалардың бірнешеуіне тоқталсақ:

Әминаның айтуына қарағанда, ол жүктілік кезінде де, босанған кезінде де ешқандай қиналмаған және Аллаһ Расулі жарық дүниеге келген кезде өзінен шығыс пен батыстың арасына сәуле шашқан нұрдың шыққанын көрген. Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таза күйде, қолдарын жерге тіреп туылған, сосын басын көкке көтерген.[54]

Сол сәтте шайтан өмірінде алғаш рет бар даусымен шыңғырған.[55]

54. Ибн Сағд I, 102, 150.
55. Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 271.

Иранның бас қазысы әрі дін адамы Мубазан түсінде бірнеше қайсар түйенің бір үйір жүйрік жылқыларды алдарына салып Тигр өзенінен өтіп Иран жеріне жайылғанын көрген.

Самауа ойпатын[56] су басқан.

Кисра сарайындағы 14 бағана құлаған.

Ирандықтардың ғибадатханасындағы мың жылдан бері еш сөнбей келген от сөніп қалған.[57]

Айшаның (радиаллаһу анһа) айтуы бойынша Меккеде сауда-саттықпен айналысатын бір яһуди Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туылған күні, Аллаһ Расулінің дүниеге келгенін білдіретін жұлдыздың туғанын көріп, Құрайш мәжілісіне барып:

– Ей, Құрайштықтар! Араларыңда бүгін түнде ұлды болған бар ма? - деп сұрады.

– Уаллаһи білмейміз, - деп жауап берген соң, яһуди:

– Ей, Құрайш жамағаты! Сендерге айтқан нәрсемді жақсылап анықтаңдар. Бүгін түнде ақыр заман үмбетінің пайғамбары туылды. Оның екі жауырынының арасында үстін түк басқан қара сары аралас қалы бар, - деді.

Мәжілістегілер яһудидің айтқандарына таң қалып тарқасты. Үйлеріне барған соң яһудидің айтқан сөздерін үйіндегілеріне жеткізді. Кейбірінің отбасындағылары:

– Абдуллаһтың дүниеге ұлы келді. Оған Мұхаммед деп ат қойды, - деді. Осыдан соң олар яһудидің үйіне барып:

56. Самауа – Куфа мен Шам арасы, Бағдаттың 235 шақырым оңтүстік шығысы, Кәлб өңіріндегі тассыз бір шөл.
57. Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 273.

– Меккеде бір бала дүниеге келіпті, мұнан хабарың бар ма? - деді.

Яһуди :

– Мен сендерге хабар бергеннен кейін бе, әлде бұрын ба? - деп сұрады.

– Одан бұрын туылған екен, есімі де Ахмед, - деді.

Өтінген соң оны Хазіреті Әминаның үйіне алып барды. Хазіреті Әмина мүбәрак ұлын оларға көрсетті. Яһуди әлемдердің Сұлтанының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арқасындағы пайғамбарлық мөрін көргенде есінен танып қалды. Есін жиған соң одан:

– Не болды, не болды? - деп сұрады.

Яһуди:

– Уаллаһи енді Исраил ұлдарынан пайғамбарлық кетті. Қолдарынан кітап та кетті. Соңғы пайғамбардың Исраил ұлдарын өлтіретіндігі және дін адамдарының абыройын түсіретіндігі жазылған. Арабтар пайғамбарлықпен ұлы құрметке және абыройға ие болады. Уа, Құрайш қауымы! Қуана беріңдер, сөзсіз сендер аты шығыстан батысқа дейін жететін құдіретке ие боласыңдар, - деді. (Ибн Сағд I, 162-163; Хаким II, 657/4177)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеге келгенде бүкіл Мекке халқы қуанды. Тіпті Әбу Ләһаб мүбәрак інісінің дүние есігін ашқаны жайында қуанышты (сүйінші) хабарын әкелген күні Суәйбәні азат етіп, оған сый-сияпат берді.[58]

Кейіннен Аббас (радиаллаһу анһу) осы оқиғаға байланы-

58. Халәби I, 138.

сты мыналарды айтқан:

Әбу Ләһаб өлгеннен соң бір жылдан кейін оны түсімде көрдім. Жағдайы нашар еді. Одан:

- Саған қалай әрекет етуде? - деп сұрадым.

Әбу Ләһаб:

«Мұхаммед туылған кезде қуанғанымнан Суәйбәні азат еткенім үшін дүйсенбі күндері азабым біраз жеңілдетіледі. Сол күні бас бармағым мен сұқ саусағымның арасындағы мына кішкене тесіктен шыққан сумен біраз салқындап қаламын, - деп жауап берді. (Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 277; Ибн Сағд I, 108,125)

Хазіреті Пайғамбарымыздың есімдері

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірнеше мүбәрак есімдері бар. Бұлардың ең бастылары Құран Кәрімде айтылған «Мұхаммед» және «Ахмед». Мұхаммед көп мақталған, Ахмед болса көп мақтау айтқан деген мағыналарды білдіреді.

Құран Кәрімде Мұхаммед есімі төрт жерде, Ахмед есімі бір жерде кездеседі. Інжілде осы есімдердің мағынасына келетін «Параклит» сөзі айтылған.

Ардақты Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) бір хадис шәріпінде былай дейді:

«Мен Мұхаммедпін әрі Ахмедпін.

Мен Махимін[59]*, Аллаһ менің пайғамбарлығым арқылы күпірлікті жояды.*

59. Махи (الماحى) – жоқ қылушы, жоюшы.

Мен Хаширмін, (қиямет күнінде) адамдар менің артымнан ілесіп бір жерге жиналады.

Мен Ақибпін, Хатамул Әнбиямын, менен кейін ешкім пайғамбар болмайды». (Бұхари, Мәнәқиб 17; Муслим, Фадаил 125)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак есімдері мен сипаттары көптеген еңбектерде кездеседі. Бұлардың екі жүздейі «Дәләилул Хаят» атты кітапта баяндалған. Бүгінде Рауза Нәбидің Құбыла жақ қабырғасын тамаша хатпен осы мүбәрак есімдер мен сипаттардың бір бөлігі әшекейлеп тұр. Олар:

Ахмед, Махмуд, Мухаммед, Хамид, Бәшир, Нәзир, Бурхан, Әмин, Әууәл, Ахир, Дұха, Хабибуллаһ, Хади, Хатәм, Мухтар, Мустафа, Мутаххар, Мужтаба, Нәби, Нур, Рауф, Рахим, Расулұллаһ, Расулус Сәқаләйн, Рахматун лилаләмин, Сәиидул Мурсалин, Сәиидул Кәунәйн, Имамул Харамәйн, Имамул Муттақин, Шафиул Музнибин, Шәмс, Та-ha, Умми, Я-син...

Сүт анаға берілуі

Әлемдердің Сұлтаны дүниеге жетім болып келді. Жаббар Хақ мұны аят кәримада былай баяндайды:

اَلَمْ يَجِدْكَ يَتِيمًا فَاٰوٰى

«Ол сені жетім күйінде тауып, қамқорлығына алмады ма?». (Дұха сүресі 6-аят)

Сүйікті Пайғамбарымызды алғашқы бірнеше күнде анасы Әмина емізді. Сосын Суәйбә ханым ұлы Мәсрухпен бірге

Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де емізіп, әлемдердің Сұлтанына сүт ана болды.[60] (Ибн Сағд I, 108)

Адалдықтың бейнесі болған Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінің кейінгі жылдарында сүт анасы Суәйбәға көңіл бөліп, оған қарайласып тұрды. Меккеде болған кезде Аллаһ Расулі де, Хадиша анамыз да оған жақсылық жасап, сыйлық сыйлап тұрды. Сүйікті Пайғамбарымыз хижрет еткен соң Суәйбә ханымға үнемі азық-түлік пен киім-кешек жіберіп, тиісті қажеттіліктерін беріп отырды. Аллаһ Расулі хижреттің жетінші жылында Хайбар жорығынан қайтып келе жатып оның дүние салғанын естігенде:

– *Оның ұлы Мәсрух не істеп жатыр?* - деп сұрады.

– Ол анасынан бұрын қайтыс болды, - деді.

Сонан соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның туысқандарынан тірі қалғандардың бар жоғын сұрастырып еді, ешкім қалмаған екен. (Ибн Сағд I, 108, 109)

Хазіреті Пайғамбарымыздың Суәйбә ханымға көрсеткен құрметі, онымен құрған байланысы адамгершілік пен шынайылықтың теңдессіз мысалы.

Әлемдердің Сұлтанына сүт ана болу құрметіне Суәйбә ханымнан кейін Халима ханым ие болды.

Ол дәуірде арабтарда бір әдет бар еді. Жаңа туылған балаларын сүт ему үшін шөлде тұратын тайпаларға беретін. Шөл климаты адамдардың денсаулығын мықты әрі ержүрек қылатын, сонымен қатар ол жердегі адамдардың тілдері дұрыс әрі әдеби болатын. Осылайша балалар дені сау болып, әдеби сөйлеп өсетін.

60. Суәйбә ханым Хазіреті Хамза мен Әбу Сәләманы да емізгендіктен бұл сахабалар Аллаһ Расулінің сүт бауырлары еді. (Ибн Сағд I, 108-110)

Бұл мүбәрак сәби де арабтардың салт-дәстүрінің арқасында жолы болғыш Халима ханымға емізуі үшін берілді. Себебі Бәни Сағд араб тайпаларының арасындағы ең әдеби сөйлейтін тайпа еді. Адамдардың ең ділмары және шешені болған Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осының арқасында ділмарлықтың шыңы болып саналатын Кәлиматуллаһты тәблиғ етіп жеткізу міндеті үшін сәби кезінен бастап дайындалған еді.

Бұл жайында Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Сенен асқан шешен адам көрмедім, - деген кезде, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Мұнда таң қалатын не бар. Мен Құрайш тайпасынанмын және Сағд ұлдарына сүт анаға берілдім*, - деді. (Али әл-Муттақи YI, 174/15247)

Халима бинти Харис (радиаллаһу анһа) әлемдердің Сұлтанына қалай сүт ана болғанын былай түсіндіреді:

Қуаңшылық жылы болатын. Ақ есекке мініп Сағд ұлдарының бірнеше әйелдерімен бірге сүт емізетін бала алу үшін Меккеге қарай жолға шықтық. Жейтін еш нәрсеміз қалмаған еді. Өзімізбен бірге кәрі бір інген бар болатын. Бірақ оның еш сүті жоқ еді және де нәрестеміз бар еді. Менде де, түйеде де оған жетерлік сүт болмағандықтан баланың жылаған дауысынан еш ұйықтай алмадым. Әйтеуір Меккеге де жеттік. Мұхаммедті (аләйһиссалату уәссәләм) барлық әйелге ұсынып көрді, бірақ оны ешқайсысы қабыл етпеді. Себебі барлығы әкесі тірі баланы алғысы келетін. Ал ол болса жетім еді. Сөйтіп тұрғанда менен өзгелердің барлығы емізетін бала алып кетіп қалды. Мен де құр алақан кері қайтқым келмеді. Күйеуіме былай дедім:

– Не де болса барып ана жетім баланы аламын.

Сонымен бардым да оны алып шатырыма алып келдім. Күйеуім маған:

– Оны алып дұрыс қылыпсың. Кім білсін, бәлкім Аллаһ осы баланың арқасында бізге құт-береке берер, - деді.

Уаллаһи баланы құшағыма алар-алмас сүтім толып иіп, қоя берді. Оны еміздім, тойғанша емді, сүт бауырын да еміздім. Ол да еміп тойды. Түн ортасында күйеуім кәрі түйенің қасына барған еді, қараса желіні сүтке толып тырысып тұр екен. Қалағанымызша сауып, өзіміз де тойғанша ішіп алдық. Ол түні шөліміз де қанды, қарнымыз да тойды. Балаларымыз да томпиып ұйықтады. Күйеуім маған қайта-қайта:

– Ант етейін, менің ойымша сен өте мүбәрак баланы алғансың, - дей берді.

Есегіме мініп жолға шықтық. Ең соңында қалып жүрген есегім, керуендегі барлық көліктен озып кетті. Оны зорға тоқтатып отырдым. Барлығы аң-таң болып:

– Мынау келер кезде мініп келген есегің емес пе? - деп сұрап жатты.

Мен де:

– Иә, - дедім. Сөйтіп ауылымызға да жеттік. Біз тұратын жер шөп өспейтін жер еді. Бірақ біздің қойларымыз жайлаудан желіндері сүтке толып қайтатын. Ал басқалардың қойлары болса тыйтықтап, шөлдеп, қарындары аш оралатын. Басқалардың қойларынан сүт шықпай жатқанда, біз қойларымызды сауып, сүт ішіп қарық болатынбыз. Малдың егелері бақташыларына айқайлап:

– Сендерге не болды. Малдарымызды Халиманың бақташылары жаятын жерге жаймайсыңдар ма? - дейтін.

Олардың бұлай ашулануы да орынды еді. Себебі бақташылар малдарды бір жерде жаятын. Бірақ олардың қойлары аш, әрі сүтсіз қайтып жатқанда, біздің қойлардың желіндері тырсиып қайтатын.

Мұхаммед (аләйһиссалату уәссәләм) бір күнде басқа балалардың бір айда өскеніндей өсетін. Бір айда бір жастағы баладай көрінетін. Бір жасқа толғанда әжептеуір жетіліп қалған еді.

Біздің үйде бірнеше жыл қалғаннан кейін, оны анасына алып бардық. Күйеуім Әмина ханымға:

– Ұлыңды маған қайтадан бер. Меккедегі оба індетінен қорқамыз, - деп қоймай қойды. Бұған қоса оның берекетінен айырылғымыз келмеді. Қоймаған соң ақыры анасы амалсыз:

– Жарайды оны қайтадан әкете қойыңдар, - деді. (Хайсәми VIII, 221; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 278-279)

Хазіреті Нәби сүт анасының үйінде болатын. Бір күні сүт бауыры Шайма екеуі түскі аптап ыстықта қозыларға кетті. Қайтып келгендерінде Халима қызы Шаймадан:

– Мұндай қатты ыстықта неге сыртқа шықтыңдар? - деп сұрады.

Сонда Шайма өздері куә болған Аллаһтың шарапатын былай түсіндірді:

– Анашым! Біз күннің ыстығын еш сезбедік. Бауырымның төбесінде үнемі бір бұлт ілесіп жүріп бізді көлеңкеледі.... (Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 279; Ибн Сағд I, 112)

Халима сөзін былай жалғастырды:

Ол бізде тағы да біраз уақыт қалды. Көрінген кейбір таңғажайып оқиғалардан кейін оған бір нәрсе болып қалмас па екен, деп қатты уайымдадық. Сондықтан оны алып дереу жолға шықтық. Меккенің жоғарғы жағында ығы-жығы адамдардың арасында оны жоғалтып алдық. (Ибн Хишам I, 179; Ибн Сағд I, 112)

Меккеліктер қатты уайымдап, мазасыздана бастады. Барлығы тегіс ол бейкүнә баланы іздеуге шықты. Бірақ таба алмады. Абдулмутталиб Қағбаға барып дұға жасады. Сол кезде көктен мынадай дауыс естілді:

«Ей, халайық! Айқайлап у-шу шығармаңдар. Шүбәсіз Мұхаммедтің Раббысы бар. Оны жәрдемсіз қалдырмайды және жоғалуына жол бермейді».

Абдулмутталиб:

– Ей, бізге тіл қатқан! Оның қайда екенін бізге білдір, - деді.

Әлгі дауыс:

– Ол Тихама ойпатында, оң жақтағы ағаштың қасында, - деп хабар берді.

Сонан соң Абдулмутталиб дереу сол жаққа барып, немересін тауып алды. (Диярбақри I, 228)

- Жаным сен үшін пида болсын. Мен сенің атаң Абдулмутталибпін, - деп оны сүйіп, құшақтап бауырына басты. (Халәби I, 154)

Дұха сүресінің:

وَ وَجَدَكَ ضَآلًّا فَهَدٰى

«Сені абыржыған күйде тауып, тура жолға салмады ма?» (Дұха сүресі 7-аят) деген аят осы оқиғаны білдіретіндігі риуаят етіледі.[61]

Халима ханым оқиғаның жалғасын былай түсіндіреді:

«Анасы Әминаның қасына барғанымызда бізден былай сұрады:

– Баламды қоймай әкеткен едіңдер, енді неге қайтып әкелдіңдер?

Сонда мен:

– Ант етейін, біз міндетімізді орындадық, тиісті нәрсені толық атқардық. Мұның басынан өткен жағдайлардан қорыққан соң, апарып жанұясына тапсырайық дедік, - деп жауап бердім.

Әмина болса:

– Өтінемін, маған оның басынан өткен нәрселерді айтып беріңдерші? - деді.

Қайта-қайта сұрап қоймаған соң айтуға мәжбүр болдық. Айтқан нәрселерімізге әсте таңырқамады. Бізге:

– Бұдан бұрын да ұлымнан адамдарды таң қалдыратын көптеген ғажайыптар байқалған. Оны әсте уайымдамай-ақ қойыңдар. Мен де сендерге ол туралы көрген нәрселерімді айтып берейін, - деді де туылған кезінде болған таңғажайып оқиғаларды айтып берді. Сонан соң:

– Жарайды, оны тастап емін-еркін ауылдарыңа қайта беріңдер, - деді». (Хайсәми YIII, 221; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 278-279)

61. Замахшари YI, 240.

Халима ханым былай дейді:

Абдулмутталиб маған өте керемет сыйлықтар тарту етті. Мен ауылыма айтып жеткізе алмастай көп, әрі қымбат дүниелер алып қайттым. Мұхаммед атасының қасында қалды. Абдулмутталибке оның басынан өткен барлық нәрсені айтып бердім. Абдулмутталиб оны құшағына алып жылады да:

– Ей, Халима! Сөзсіз ұлымның абырой беделі өте биік болады. Мен ол күндерге жетуді қатты армандаймын, - деді. (Бәйхақи, Дәләил I, 145)

Хазіреті Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) сүт туыстарын өмір бойы сыйлап, құрметтеп өтті. Халима ханымды әр көргенінде *«Анашым! Анашым!»* деп, оған шын жүректен құрмет көрсететін, үстіндегі киімін шешіп жерге төсеп, соның үстіне отырғызатын. Мұқтаждығы болса дереу орындайтын. (Ибн Сағд I, 113-114)

Бір күні Халима ханым Хазіреті Пайғамбарымызды көру үшін Меккеге келген еді. Пайғамбарымыз ол кезде Хазіреті Хадишамен үйленген болатын. Бибі Халиманы қонақ қылып, жақсылап күтіп алды. Халима еліндегі белең алған құрғақшылықтың зардабынан малдарының қырылып қалғанын айтты. Әлемдердің Сұлтаны Хазіреті Хадишамен сөйлесті. Хадиша анамыз оған қырық қой мен жүгін артып, көлік ретінде бір түйе тарту етті.[62]

Меккенің жеңісі кезінде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбтах деген жерде тұрғанда бибі Халиманың сіңлісі оны көруге келді. Бір дорбамен құрғақ сүзбе, май сияқты нәрселерді сыйға тартты. Аллаһ Расулі одан дереу сүт анасын сұрады. Қайтыс болғанын естігенде Хазіреті

62. Ибн Сағд I, 114.

Пайғамбарымыздың көзіне жас келді. Артында кімдері қалғанын сұрады. Сосын бұл әйелге киім кигізіп, бір түйе және екі жүз дирхам күміс беруін бұйырды. Әйел байқұс қуанғанынан үйіне қайтар кезде:

– Сен кішкентай кезіңде де, есейген соң да қамқорлыққа алынғандардың ең кереметісің, - деді. (Уақиди II, 869; Бәләзури I, 95)

Алғашқы жүректің жарылу оқиғасы

Аллаһ Тағала иләһи сырларды игере алатындай халге келуі үшін Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкірегін бірнеше рет ашып, ішін тазалап, рухани тыныштық, мейірімділік, жанашырлық, иман және хикмет секілді қасиеттермен толтырды. Бұл оқиғалардың алғашқысы Хазіреті Пайғамбарымыз сүт анасының қасында болған кезде іске асқан еді. Бұл оқиғаны әлемдердің Сұлтаны өз ауызымен түсіндірген.

Бір күні Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

– Пайғамбарлығыңыздың алғашқы белгісі не еді? - деп сұраған болатын. Сонда Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

– Менің сүт анам Сағд бин Бәкір әулетінен еді. Мен сүт бауырым екеуміз малдарды айдап кеткен едік. Өзімізбен бірге ешқандай азық та алмаған едік. Сүт бауырыма:

– Бауырым, апама барып біраз жейтін нәрсе алып келші, - дедім.

Мен болсам малмен бірге қалдым. Көп уақыт өтпей-ақ киімді екі періште келді. Біреуі екіншісінен:

– Мынау сол ма, - деп сұрады. Сонда ол:

– Иә, - деді.

Дереу қасыма келді де мені шалқамнан жатқызып, қарнымды жарды. Сосын жүрегімді алып оны жарды да ішінен қап-қара екі үйыған қанды алып тастады.

Сосын біреуі екіншісіне:

– Бар, маған қар суын алып кел, - деді.

Онымен ішімді жуды. Сонан соң тағы да:

– Бар, енді бұршақ суын алып кел, - деді. Алып келіп, оны-мен жүрегімді жуды. Сосын:

– Енді тыныштықты алып кел, - деді.

Оны жүрегіме орнықтырды.

Кейін біреуі екіншісіне:

– Болды жаба бер, сосын оған пайғамбарлық мөрін бас, - деді.

Ол періште жүрегімді жауып, пайғамбарлық мөрін басты. Сонан соң екеуі кетіп қалды. Мен шынында қатты қорыққан едім. Сосын дереу үйге қайтып, басымнан өткендердің барлығын сүт анама айтып бердім... (Ахмед IY, 184-185; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 280; Хайсәми YIII, 222)

Кейбір әдебиеттерде бұл оқиға әлемдердің Сұлтаны төрт жаста кезде болған[63] дейді.

Әнәс (радиаллаһу анһу):

Мен Аллаһ Расулінің көкірегіндегі ол жара ізін үнемі көретінмін, - деген болатын. (Муслим, Иман 261)

63. Ибн Сағд I, 112.

Хазіреті Расулұллаһтың көкірегінің жарылуының кейбір хикметтері мыналар:

Аллаһ Тағала осылайша Расулінің мәртебесі мен жағдайын адамдарға білдірген және оны бала кезінен бастап уахи үшін дайындаған. Рухани тазалау әрекеті болып саналатын «жүректің жарылу» оқиғасының адамдар қарай алатындай түрде іске асуы, оның пайғамбарлығына иман келтіріп оны растауға негізделген. Шынында да осы секілді таңғажайып жағдайлар адамдардың оған иман келтіруіне себеп болған.

Мәдина сапары және анасының дүние салуы

Расулұллаһ алты жасқа келгенде анасы Әмина әкесінің күңі Үммү Әйманды қасына ертіп әлемдердің Сұлтанын әкесі Хазіреті Абдуллаһтың қабірін зиярат етуі үшін Мәдинаға апарды. Мәдинадағы нағашыларының үйінде бір ай болды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинада нағашыларының балаларымен ойнап, жүзуді де сол жерде үйренді.[64]

Адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымыз сол күндердегі ұмытылмас естеліктерін былай түсіндірген:

«Яһудилерден кейбір адамдар қасыма келіп маған қарап тұратын». (Ибн Сағд I, 116)

«Тағы да бір күні яһуди кісі маған тесіле қадалып қарады да кетіп қалды. Бір күні жалғыз жүргенімде жаныма келіп:

– Ей балақай! Сенің атың кім? - деп сұрады.

– Ахмед, - дедім.

64. Ибн Сағд I, 116.

Арқама қарады да:

– Бұл бала осы ұмбеттің пайғамбары, - деді.

Нағашыларым бұл жағдайды анама айтқан соң, анам мені ойлап қатты уайымдай бастады. Сонан соң Меккеге қайту үшін дереу жолға шықтық». (Әбу Нуайм, Дәләил I, 163-164)

Әмина анамыз жолда қатты науқастанып, Әбуа деген жерде отыз жасында дүние салды. Мүрдесі сол жерде жерленді. Өлер сәтінде жетімек құлыншағына махаббатпен және мейіріммен терең қарады. Оны құшағына алып мүбәрак ұлына мына нәрселерді айтты:

«Аллаһ сені абыройлы қылсын. Егер түсімде көргендерім рас болса сен жомарт әрі Ұлы Аллаһ тарапынан адамзатқа адал мен арамды үйрету үшін жіберілесің. Аллаһ сені пұттардан және пұтқа табынушылықтан да қорғайды. **Әрбір жан иесі өледі, барлық жаңа нәрсе ескіреді, бүкіл өсетін нәрсе жоқ болады. Мен де өлемін, бірақ мәңгілік есте қаламын. Себебі мына дүниеге пәк бір перзент әкелдім, әрі артымда қайырлы бір естелік қалдырып барамын!».** (Диярбақри I, 229-230; Кәмил Мирас, Тәжрид Тәржәмәси IV, 549)

Бұл шындықтарды жүрегімен сезінген ақын Ария Ниқат Ася Хазіреті Әминаға былай тіл қатады:

Ей, Әбуада жерленген мәйіт.
Бақшаңда гүл ашты әлемнің,
Ең көрікті раушаны.

Әлемдердің Сұлтаны (аләйһиссалату уәссәләм) осылайша анасынан да айырылып Үммү Әйманмен бірге Меккеге оралды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл өмірі бойы жиі-жиі Үммү Әйманның жағдайын сұрап тұратын

және оны «анам» деп атайтын. Сондықтан: *«Анамнан кейінгі анам», «Бұл менің үй-ішімнен тірі қалған жалғыз кісі»,* деп құрметтеп, оған ілтипат көрсететін.[65]

Атасы Абдулмутталибтің қамқорлығы

Аллаһ Тағала алдымен әкесінен, сосын шешесінен айырылған Хабибін қараусыз қалдырмады. Мүбәрак жетімді атасы Абдулмутталиб бауырына басты. Балаларының ешбіріне көрсетпеген мейірім-шапағатты немересіне көрсетті.

Абдулмутталиб ұйықтап жатқанда немесе жалғыз өзі бөлмесінде отырғанда қасына ешкім кіре алмайтын. Ал әлемдердің Сұлтаны атасының жанынан бір елі де ажырамайтын, жалғыз өзі отырса да, ұйықтап жатса да бөлмесіне емін-еркін кіріп шығатын.[66]

Қағбаның көлеңкесінде Абдулмутталибтің отыратын көпшігі болатын. Әкелерін құрметтегендіктен балаларының ешбірі оған отырмайтын. Олар әкелерінің қасында түрегеп тұрғанда әлемдердің Сұлтаны атасының көпшігіне барып емін-еркін отыратын. Оны көпшіктен тұрғызуға әрекет еткен ағаларына Абдулмутталиб:

– Тиіспеңдер балама. Уаллаһи оның абырой-даңқы биік болады, - деп, қасына отырғызып, арқасын сипайтын. Сүйкімді немересінің істеген әрбір әрекеті атасына қатты ұнайтын.[67]

65. Ибн Әсир, Усду-л Ғаба YII, 303-304; Ибн Сағд YII, 223.
66. Ибн Сағд I, 118.
67. Ибн Хишам I, 180.

Бүкіл әлемге Сұлтан болған кішкентай немересі дастархан басына келмейінше Абдулмутталиб тамақ жемейтін, «Ұлымды қасыма әкеліңдер» дейтін.[68]

Дастарханға ас келген соң оны жанына алып, кейде тізесіне отырғызып тамақтың ең дәмді, ең тәуір жерін оған жегізетін.[69]

Қуаңшылық болып адамдар қатты қиналған кезеңде меккеліктер жаңбыр дұғасын жасау үшін Әбу Құбайс тауына шыққан еді. Абдулмутталиб те жеті жастағы хазіреті Хабибу Әкрамды мойнына мінгізіп таудың төбесіне шықты. Халық оның қасына барып сапқа тұрды. Абдулмутталиб мойнында адамзаттың асыл Тәжі болған күйде қолдарын жайып дұға етті. Адамдар ол жерден кетпей жатып бейнебір көк тесілгендей шелектеп жаңбыр құя бастады. Мекке ойпаты Аллаһтың рахметіне қарық болды.[70]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сегіз жасқа келгенде атасы Абдулмутталиб те қайтыс болды.

Осылайша арқа сүйейтін ешқандай сүйеніші қалмады. Осыдан кейін оның қожайыны да, қорғаушысы да, тәрбиешісі де тек қана Раббысы еді. Оның өмірінің ерте көктемгі кезінде осындай сүйеніштер мен қолдаулардан айырылуы, оның әр түрлі дәрежедегі адамдарға үлгі әрі мысал болуына негізделген.

Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әке-шешесінің қамқорлығынан мақұрым қалуының да бірнеше хикметі бар. Бұлардың ең маңыздысы пайғамбарлыққа қатысты ең басты негіздерді әкесінен және

68. Ибн Сағд I, 118.
69. Бәләзури I, 81.
70. Ибн Сағд I, 90; Ибн Әсир, Усду-л Ғаба YII, 112; Диярбақри I, 239.

атасынан үйренуі мүмкін деген жаңсақ пікірлердің айтылуына жол бермеу.

Сонымен қатар әке-шешесінен және атасынан айырылу арқылы әкеден ұлға берілетін сол кездің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерінен аман қалып, адам қолы тиместен толығымен Раббысының тәрбиесімен өскен. Осыған байланысты бір хадис шәріпінде:

«Мені Раббым тәрбиеледі және ең жақсы түрде тәрбиеледі», - деген. (Суюти I, 12)

Бұған қоса ардақты Пайғамбарымыздың әке-шешесінің тәрбиесін алмай-ақ көркем мінезбен және жақсы ахлақпен өсіп жетілуі оның пайғамбар екендігінің тағы бір дәлелі.

Оның жетім болып өсіуінің хикметі жүрегінің жұмсақ әрі сезімтал болуы және тек Аллаһқа тәуекел ететіндей дәрежеге келуі еді. Сондықтан әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жетімдік пен әлсіздіктің зардаптарын әбден шеккен соң өмірінің соңына дейін әлсіз адамдарды қорғап өткен. Расулұллаһ бір хадис шәріпінде:

«Мен өз жетіміне немесе басқа жетімге қамқорлық жасаған кісіменен жәннатта қатар боламын», - деп сұқ саусағы мен орта саусағын көрсеткен. (Муслим, Зуһд 42; Бұхари, Әдәб 24; Талақ 14)

Тағы бір хикметі мынада: Аллаһ Тағала өмірдің барлық сатысындағы адамдардың Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өнеге ала білулері үшін оны қоғамдағы ең әлсіз дәрежедегі жетімдіктен бастап әр түрлі сатылардан өткізе отырып, мемлекет басшысына дейін көтерген.

Немере ағасы Әбу Тәлібтің қамқорлығы

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) атасы Абдулмутталиб өлер шағында барлық балаларын шақыртты. Оларға сүйікті немересіне жақсылап қарауларын өсиет етіп тапсырды. Зүбәйр мен Әбу Тәліб ардақты Пайғамбарымыздың әкесі Хазіреті Абдуллаһпен бір анадан болғандықтан жетім інілерін қамқорлығына алу үшін араларында жеребе тастады. Жеребе Әбу Тәлібке түсті.

Пайғамбарымызға ағаларының арасынан ең мейірімдісі Әбу Тәліб еді.[71] Оның бірнеше түйеден басқа малы жоқ еді. Бала-шағасы да көп болатын. Осындай жоқшылығына қарамастан Құрайштың арасында Әбу Тәлібтің абыройы биік еді. Оның сөзі тыңдалатын, әмірлеріне де ешкім қарсы келмейтін. Әкесі Абдулмутталиб сияқты ол да ішімдік атаулыны ауызына алмайтын.[72]

Әбу Тәліб інісін қатты қадірлеп, оны өз перзенттерінен артық жақсы көретін. Әлемдердің Сұлтанын қасына алып жатпайынша ұйықтамайтын, бір жерге баратын болса оны да өзімен бірге ертіп алатын.

Әбу Тәлібтің отбасы мүшелері әлемдердің Сұлтанынсыз (аләйһиссалату уәссәләм) тамақ жейтін болса тоймай қалатын, ал онымен бірге тамақтанатын болса барлығы тоятын. Тіпті тамақтары артылып қалатын. Дастарханға тек бір ғана кісіге жететін сүт қойылып, оны алдымен мүбәрак жетім ішіп, сосын басқаларына беретін болса барлығы бұл сүттен тойғанша ішетін. Осы себептен Әбу Тәліб отбасы мүшелері тамақты бастамай тұрып:

71. Ибн Әсир, Усдул Ғаба I, 22.
72. Халәби I, 184.

– Тұра тұрыңдар, балапаным келсін, - дейтін.[73]

Әбу Тәлібтің жұбайы Фатима ханым өте аққөңіл, мейірімді әйел еді. Исламды қабыл етіп Мәдинаға хижрет еткен бұл мүбәрак ханымның жағдайын Хазіреті Пайғамбарымыз жиі-жиі сұрап тұратын. Оның үйіне барып сәскедегі ұйқысын ұйықтайтын.[74]

Фатима ханым қайтыс болғанда Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак көздерінен моншақтап жас төгіліп *«Бүгін анам дүние салды»* деп, көйлегін оған кебін қылды. Жаназа намазын оқып, қабіріне түсіп біраз уақыт жатты. Бұлай істеуінің себебін сұрағандарға былай деді:

«Әбу Тәлібтен кейін бұл әйел сияқты маған ешкім жақсылық жасаған жоқ. Ақыретте жәннат киімдерінен кисін деп, оған көйлегімді кебін қылдым. Қабірге үйренсін деп ол жерде біраз жаттым».

Фатима ханымның өліміне қатты қайғырғанына таң қалғандарға Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ол менің шешемнен кейінгі шешем. Өзінің балалары аш бола тұра, алдымен менің қарнымды тойдыратын. Шашымды тарап, гүл майын жағатын. Ол менің анам еді», - деді. Артынан ол үшін былай дұға жасады:

«Аллаһ сені кешірсін, әрі саған жақсылық нәсіп етсін. Аллаһ саған рахмет етсін анашым. Сен маған анамнан кейін ана болдың. Өзің аш бола тұра мені тойдыратын едің. Өзің кимей маған кигізетін едің. Ең ләззатты нығметтерді өзің жеместен маған беретін едің. Бұларды тек Аллаһтың ризашылығы үшін және жәннатты үміт етіп істейтін едің».
(Хаким III, 116-117; Хайсәми IX, 256-257; Яқуби II, 14)

73. Ибн Сағд I, 119-120, 168.
74. Ибн Сағд VIII, 222.

Жүректің екінші жарылуы. Пайғамбар жүрегінің мейірімге, шапағатқа және рахметке толтырылуы

Әбу Һүрайра[75] (радиаллаһу аннһу) Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрауға ешкімнің бата алмайтын нәрселерін еш тартынбастан сұрайтын. Бұл мәселеде одан асқан батыл ешкім жоқ еді. Ол бір күні әлемдердің Сұлтанынан:

– Уа, Расулұллаһ! Пайғамбарлыққа қатысты ең алғаш көрген белгіңіз не еді? - деп сұрады.

Адамзаттың асыл тәжі Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Ей, Әбу Һүрайра! Сұраған екенсің айтайын. Мен он жасар кезімде бір күні шөлде жүрген едім. Кенет төбемнен шыққан бір дауыстан селк ете қалдым. Бір кісі қасындағысынан сұрады:

– Мынау сол ма?

Қасындағы жауап берді:

---

75. **Әбу Һүрайраның** (радиаллаһу аннһу) бұрынғы аты Абдушшәмс болатын. Мұсылман болғаннан кейін Абдуррахман есімін алды. Бір күні қойнына мысық алып бара жатыр еді. Оны көрген Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):
- *Ол не нәрсе?* - деп сұрады. Әбу Һүрайра:
- Мысық, - деп жауап берді. Сонда Аллаһ Расулі оған «Мысықтың әкесі» деген мағынасында «Әбу Һүрайра» деп қалжыңдады. Сол күннен бастап осы лақабпен танылып, негізгі аты ұмытылып кетті. Өзі де есімінің орнына Хазіреті Расулұллаһтың берген лақаб атымен аталуды қалайтын. Әбу Һүрайра (радиаллаһу аннһу) хижреттің жетінші жылында Мәдинаға келді. Мәсжидун нәбәуидің жанындағы Асхабу Суффадағы кедей мұсылмандардан еді. Күндіз-түні Хазіреті Пайғамбарымыздан еш айырылмай одан естіген хадистерін үйренуге тырысатын. Тікелей Хазіреті Пайғамбарымыздан және үлкен сахабалардан естіп, қайталауларымен бірге 5374 хадис шәріп риуаят еткен. Осылайша ардақты сахабалардың арасындағы ең көп хадис риуаят еткен кісі болды. Хижреттің 59 жылында Мәдинада 78 жасында Аллаһтың рахметіне қауышты.

– Иә, оның дәл өзі.

Ол уақытқа дейін мұндай бет-әлпетті, мұндай киімді ешкімнен көрмеген едім. Қарсы алдымнан шығып маған қарай аяңдап келген ол екі кісі менің екі қолымнан ұстады. Бірақ ұстағандарын еш сезбедім.

Біреуі қасындағысына:

– Қане оны жерге жатқыз, - деді.

Екеуі бірге мені жерге жатқызды. Олар маған ешқандай зорлық көрсетпеді. Бірі қасындағысына:

– Қане көкірегін аш, - деді. Ол да ашты. Бірақ ешқандай қан көрмедім, әрі ешқандай ауру сезбедім. Әлгі қасындағысына тағы да былай деді:

– Қанекей ондағы өшпенділік пен қызғанышты шығар.

Ол да ол жерден ұйыған қанға ұқсас бір нәрсе шығарды. Сосын оны лақтырып жіберді.

– Қане ендіоның орнына мейірімділікпен қайырымдылықты орналастыр, - деді. Шығарған нәрселерінің үлкендігіндей, күміске ұқсас бір нәрсе қойып жатқандарын көрдім. Сонан соң оң аяғымның бас бармағын ұстап қозғалтты да:

– Қанекей, бара ғой, - деді.

Мен орнымнан тұрып кетіп бара жатқанымда ішім мейірім мен қайырымдылыққа толы еді. Онан кейін әрдайым кішілерге ізет, үлкендерге құрмет көрсеттім». (Ахмед Y, 139; Хайсәми YIII, 223)

ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРДЫҢ ЖАСТЫҚ ШАҒЫ

Ардақты Пайғамбарымыздың Аллаһтың қорғауында өсуі

Аллаh Тағала Расулұллаhқа (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Пайғамбарлық беретіндіктен оны жәhилият дәуірінің бүкіл жамандығынан қорғады. Оның жетім өскен балалық және жастық шағы жарқын болашағына сай боларлықтай пәк және абыройлы күйде өтті. Оның барлық уақыттағы сипаты «әл-Әмин» және «әс-Садық» болған.

Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) пайғамбарлықтан бұрын да адамгершілік тұрғысынан қауымының ең абзалы, тек (әулет) жағынан ең абыройлысы, ахлақ жағынан ең көркемі еді. Сонымен қатар көршінің ақысына баса назар аударатын, жұмсақ мінез бен шынайылықта ең алды болатын, сенімділік пен қауіпсіздікте барлығынан артық болатын, адамдарға жамандық пен қорлық көрсетуден барынша ұзақ тұратын. Еш уақытта біреуді кінәлап айыптамаған және ешкіммен жанжалдаспаған. Хақ Тағала барлық жақсы мінез-құлық пен қасиеттерді оның бойына жинағандықтан қауымы оған «әл-Әмин» яғни өтірік айтпайтын, сенімді деп ат берген.[76]

Бір күні Расулұллаhтан (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм):

76. Ибн Хишам I, 191; Ибн Сағд I, 121.

– Уа, Расулұллаһ! Аллаһтан өзгеге ғибадат жасаған кезіңіз болды ма? - деп сұрады. Ол:

– *Жоқ!* - деп жауап берді.

– Бір рет болса да ішімдік іштіңіз бе? - деп сұрады.

– *Жоқ! Мен кітап пен иманның не екенін білмейтін кезімде де олардың істеген нәрселерінің күпірлік екенін білетін едім,* - деді. (Диярбакри I, 254-255)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін балалық шағында Аллаһ Тағаланың қалай қорғағанын былай түсіндіреді:

«Құрайш балаларымен бір жерден екінші бір жерге тас тасып ойнап жүр едік. Балалар изарларын (белден төменгі киімдерін) шешіп иықтарына жауып, тасты соның үстіне қойып тасып жүрді. Иығым ауырмасын деп мен де олар сияқты істегім келіп еді, көзге көрінбейтін бір күш жаныма батырып қатты соққы беріп:

– *Изарыңды беліңе байла, - деді.*

Мен де дереу изарымды беліме байладым. Достарымның арасында тек мен ғана изарымды беліме байлаған күйде иығыма тас қойып тасыдым». (Ибн Хишам I, 197)

Әлемдердің Сұлтаны Қағбаға қайта жөндеу жасалған кезде немере ағасы Аббаспен бірге тас тасыған еді. Аббас (радиаллаһу анһу) жалаңаш иығына тас батпасын деп Аллаһ Расуліне:

– Изарыңды иығыңа жап, - деді. Әлемдердің Сұлтаны изарын иығына қойып еді, жығылып жерге құлады. Аспанға қарап немере ағасына:

– *Маған изарымды көрсетші,* - деп дереу оны алды да үстін жапты. (Бұхари, Хаж 42)

Ол кездегі қоғамда киімсіз жүру қалыпты жағдай болғанымен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) еш уақытта ұятқа жататын теріс әрекеттер жасамаған. Хадис шәріптерде де айтылғанындай немере ағасының айтуы бойынша мұндай әрекетке барған кезде оны Аллаһ Тағала қорғаған.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) он екі жасар бала кезінде оған Бахира деген поп:

– Балақай, Лат пен Ұзза үшін сұраймын, маған жауап берші, - деген кезде:

– *Менен Лат пен Ұззаның атымен ант етіп бір нәрсе сұрамаңыз. Аллаһ атымен ант етейін, бұлар менің ең жек көретін нәрселерім,* - деген. (Ибн Исхақ 54 бет; Ибн Сағд I, 154; Ахмед Y, 365)

Үмму Айман (радиаллаһу анһумә) былай баяндайды:

Құрайш мүшриктері жылда бір рет Бувана пұтына тағзым ету үшін оның қасына жиналып түнге дейін құрбан шалып, шаш алып және итикафқа кіріп рәсімдер өткізетін еді. Әбу Тәліб те осы мерекеге дайындалған еді.

Әлемдердің Сұлтаны олармен бірге сол мерекеге қатысудан қашқақтап еді, ағасы мен апалары оған қатты ренжіді.

Апалары оған:

– Тәңірлеріміздің бас тартқандығың үшін бір пәлеге ұшырап қаларсың деп қорқамыз, - деп, мәжбүрлеп қоймаған соң әлемдердің Сұлтаны олармен бірге барудан басқа амалы қалмады.

Біраздан соң аяқ астынан жоқ болып кетті. Артынша қорыққанынан түсі сүп-сүр болып қасымызға келді.

Апалары:

– Саған не болды? - деп уайымдап сұрай бастады.

Сонда ол:

– *Мені жын ұрады ма деп қорқамын*, - деді.

Апалары:

– Аллаһ саған шайтанды жолықтырмайды. Сенде барлық керемет қасиеттер бар. Айта қойшы не нәрсе көрдің? - деді.

Пайғамбарымыз:

– *Мен пұттың қасына жақындасам болды аппақ ұзын бойлы бір адам шыға келіп:*

- Ей Мұхаммед! Кері қайт, оны әсте ұстаушы болма, - деп айқайлайды, - деді.

Осыдан кейін әлемдердің Сұлтаны пайғамбарлық міндеті берілгенге дейін олардың рәсімдері мен мейрамдарына еш қатыспады.[77]

Хазіреті Алидің (радиаллаһу анһу) риуаяты бойынша Хазіреті Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Мен жәһилият адамдарының істеген нәрселерін істеуге екі рет әрекет еткен едім. Бірақ Аллаһ Тағала мені олардан қорғады.

Бір күні түнде Меккенің жоғарғы жағында бірнеше Құрайштық жігітпен қой жайып отыр едік. Қасымдағы досыма:

77. Ибн Сағд I, 158.

– Егер қойларыма қарайтын болсаң мен де басқа жігіттер сияқты Меккеге барып түнгі сұхбаттарға қатыссам деп едім, - дедім.

Досым:

– Жарайды, қаласаң бара ғой, - деді.

Сөйтіп Меккеге бет алдым. Меккеге жақындаған кезімде дауыл мен сырнайдың және ысқырықтың дауысын естідім.

– Бұл не нәрсе, - деп сұрап едім,

– Пәлен еркек пен түген әйел үйленіп жатыр, - деді.

Дереу отыра кетіп әлгі жаққа қарай бастадым. Сол замат Аллаһ (жәллә жәләлуһу) құлақтарымды біітеп, сол жерде ұйықтап қалдым. Аллаһқа ант етейін, үстіме күн сәулесі түскен кезде бір-ақ ояндым. Дереу қайтып досымның қасына бардым.

– Не істедің? - деп сұрады.

– Еш нәрсе істей алмадым, - дедім де оған болған оқиғаны айтып бердім.

Басқа бір түнде де дәл осылай болды. Мен тағы да түнгі сұхбат үшін Меккеге кеткенімде Аллаһ Тағала бір түрлі үстімді бастырып күн шыққанға дейін ұйықтап қалдым. Оянған соң қайтып досымның қасына оралдым.

Бұдан соң Раббым маған пайғамбарлық бергенге дейін ешқандай жаман әрекетке беттемедім». (Ибн Исхақ 58-59; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 292)

Пайғамбарымыздың қой бағуы

Немере ағасы Әбу Тәліб қайтыс болмай тұрып және сауда-саттықпен айналыспай тұрып әлемдердің Сұлтаны біраз уақыт қой бақты. Бұл кәсіп арабтардың арасында жай ғана қарапайым кәсіп ретінде саналмайтын. Тіптен байшонжарлардың балалары да осы кәсіппен айналысатын. Сонымен қатар шопандық бүкіл пайғамбарлардың дерлік кәсібі болған. Осы арқылы Аллаһ Тағала оларға тәблиғ міндетін берместен алдын басшылыққа қажетті кейбір ерекшеліктерді олардың бойына дарытқан.

Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала жіберген пайғамбарлардың барлығы сөзсіз қой баққан, - деді.

Сонда сахабалар:

– Сіз де қой бақтыңыз ба, уа, Расулұллаһ? - деп сұрады.

Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Иә, меккеліктердің қойларын ақшаға (қарарит)*[78] *бағатын едім,* - деді. (Бұхари, Ижара 2, Әнбия 29; Ибн Мәжә, Тижарат 5)

Басқа хадис шәріптерінде де былай деген еді:

«Мұса (аләйһиссәләм) пайғамбар етіп жіберілді. Ол қой бағатын еді. Дәуіт (аләйһиссәләм) пайғамбар етіп жіберілді. Ол да қой бағатын. Мен де пайғамбар етіп жіберілдім және Әжйадта отбасымның қойларын бағатын едім». (Ибн Сағд I, 126)

78. Хадисте айтылған **«Қарарит»** сөзі Меккедегі бір жердің аты екендігі айтылған. Сонымен қатар ақша бірлігі «қираттың» көпше түрі екендігі де айтылуда. Екінші көзқарасқа сүйенсек Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әр күні қой басына динардың жиырмада бірі болып саналатын қират алып меккеліктердің қойларын баққандағын білдіреді.

Рахмет Пайғамбары осы кездерде жиырма жастарында болатын.

Ардақты да сүйікті Пайғамбарымыз (аләйһи афдалус-салауат):

«Бір төбенің басында немесе ойпаттың ішінде қойларын жайып жүрген кісі ең қайырлы тіршілік көзін таңдағандардан болады. Ол кісі намазын оқиды, зекетін береді, өмірінің соңына дейін Раббысына ғибадат жасайды және адамдарға тек жақсылық жасайды», (Муслим, Имарат 125; Ибн Мәжә, Фитән 13) деп шопандықтың қайырлы кәсіптердің бірі екендігін айтқан.

Қой баққан кісілерде ойлау қабілеті дамып, байсалдылығы мен мейірімділігі артады. Аллаһ Расулі осыны меңзеп:

«Байсалдылық пен салмақтылық қой баққандарда», - деген. (Бұхари, Мәнәқиб 1; Муслим, Иман 84/52)

Қойларды айдап, игеріп жыртқыш аңдардан қорғауға әрекет ету кісі бойындағы сабырлылық пен иелік ету сезімін дамытады. Шынында да бүкіл жаратылысқа мейірімді болып, олардың дөрекі және түсініксіз әрекеттеріне сабыр ету пайғамбарлардың бойында болуы тиіс ең басты ерекшеліктердің бірі.

Немере ағаларымен саяхатқа шығуы

Әлемдердің Сұлтаны сауда-саттық үшін алғаш рет он екі жасында Әбу Тәлібпен бірге Сирияға сапар шеккен. Екінші рет сауда-саттықпен он алты жасында Йеменге барған.

Құрайштықтар Шамға баруға әзірленіп жатқан еді. Әбу Тәліб те бұл сауда керуеніне қосылғысы келді. Сапарға шығар кезінде барлық аға-інілері мен әпке-қарындастары

Әбу Тәлібті шығарып салуға келді. Әбу Тәліб сүйікті інісіне:

– Сенің де менімен бірге барғың келе ме? - деп сұрады.

Ағалары мен апалары Хазіреті Пайғамбарымыздың жасы кішкентай болғандықтан сырқаттанып қалар деген оймен бұған қарсы шықты. Әбу Тәліб сүйікті інісін Меккеде қалдырып кетуге шешім қабылдаған кезде Хазіреті Пайғамбарымыз бұған ренжіп жылап қалды.

Әбу Тәліб одан:

– Ей, бауырымның ұлы! Не болды? Сені ертіп кетпегенім үшін жылап жатырсың ба? - деп сұрады. Адамзаттың асыл Тәжі оның түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып:

– *Көкетай, мені кімге тастап барасың? Менің әкем де, шешем де жоқ*, - деді.

Әбу Тәліб оған қатты жаны ашып:

– Уаллаһи сені де алып кетемін. Мен сенен, сен де менен еш уақытта ажырамаймыз, - деді. (Ибн Исхақ 53 б; Әбу Нуайм, Дәләйл I, 168)

Кейіннен әлемдердің Сұлтаны он алты жасында немере ағасы Зүбәйрмен бірге Йеменге барды. Зүбәйр ардақты Пайғамбардың берекеті тисін деп оны Әбу Тәлібтен өзімен бірге жіберуін өтінді.[79]

Жолда сауда керуені бір ойпатқа келіп жеткенде бір құтырған бура ол жерден ешкімді өткізбей қойды. Керуен кері қайтуға шешім қабылдаған кезде әлемдердің Сұлтаны:

– *Оны маған беріңдер*, - деп керуеннің алдына шықты.

79. Диярбақри I, 260.

Құтырған түйе Хазіреті Пайғамбарымызды көрген кезде жуаси қалды.

Әлемдердің Сұлтаны өз түйесінен түсіп, оның үстіне мінді. Ойпаттан өткен соң оны қайта қояберді.

Сапардан қайтып келе жатып сел суымен толып тасыған бір ойпатқа тап болды. Ол жерден өте алмады. Сонда Хазіреті Расулұллаһ:

– *Сендер менің артымнан жүріңдер*, - деді. Керуен оның соңынан жүріп отырып аман-есен өтіп кетті. Бейнебір Аллаһ Тағала ол жердегі суларды кептіріп, жол күйіне келтіргендей болды. (Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 282)

Бахира поппен кездесуі және Бахираның пайымдауы

Әбу Тәліб бір топ Құрайш зиялыларымен Шамға барған еді. Хазіреті Пайғамбарымыз да онымен бірге еді. Жолда Бахира деген поптың манастырына жақын бір жерге тоқтады. Бахира христиандардың ол кездегі ең мықты ғалымы болатын.

Бахира керуен келе жатқанда бір бұлт олардың араларындағы бір кісіні көлеңкелеп жүргенін, олар тоқтап ағаштың көлеңкесіне отырған кезде де ағаш бұтақтарының тағы да сол кісіге қарай иіліп түрғанын байқады. Содан соң:

– Ей, Құрайш жамағаты! Мен сендерге арнап ас әзірледім. Үлкен-кіші, азат-құл барлығыңды дәмге шақырамын, - деп керуенге хабар жіберді.

Негізінде Бахира бұдан бұрын келген кездерінде олардың маңайына жоламайтын, олардың жағдайын жасамайтын еді. Керуендегілердің барлығы дастарханға келіп, тек әлемдердің Сұлтаны ғана заттардың қасында қалған болатын. Бахира

келгендердің барлығына жеке-жеке қарап шығып, олардың ешбірінен кітаптарынан оқыған ерекшеліктерді қарай алмады.

– Ей Құрайштықтар! Керуендеріңнің арасынан мұнда келмей қалған адам бар ма? - деп сұрады.

Құрайштықтар:

– Уа, Бахира! Артта бір баладан басқа ешкім қалмады. Жасы бәріміздің кіші болғандықтан оны заттарымыздың қасына қалдырып кеттік, - деді.

Бахира:

– Оны да шақырыңдар. Мына дастарханның басында ол да отырсын, - деді.

Мухаммаду-л Әминді шақырып дастарханға отырғызды. Поп оны көре салысымен мұқият зер салып, бастан-аяқ бақылай бастады. Артынан оның қолын ұстап:

«Бұл – әлемдердің Сұлтаны. Бұл – әлемдердің Раббысының пайғамбары. Аллаһ оны бүкіл әлемге рахмет етіп жібереді», - деді.

Құрайш зиялылары оған:

– Мұна қайдан білесің? - деп сұрады.

Сонда Бахира:

– Мен оның ерекшеліктерін бізге түсірілген кітаптан оқыған едім. Сендер жақындаған кезде оған иілмеген ағаш та, тас та қалмады. Барлығы оған сәжде етті. Бұл жансыз нәрселер тек пайғамбарға ғана сәжде жасайды. Бұған қоса мен оны пайғамбарлық мөрінен де таныдым. Бұл мөр екі жауырынының арасында, - деді.

Бахира Хазіреті Пайғамбарымыздан және немере ағасынан біраз сұрақтар сұрап, алған жауабы өзіндегі мағлұматтарға сәйкес келгенін көргенде оған толық көзі жетті. Әбу Тәлібке бұрылып:

– Ініңді дереу еліңе алып қайт. Сақ бол, оған яһудилердің зарары тиюі мүмкін. Ант етейін, егер яһудилер оны көріп танитын болса, сөзсіз оны өлтіруге әрекет жасайды. Бұл бала араб, ал яһудилер келетін пайғамбардың Исраил ұлдарынан шығуын қалайды. Сенің ініңнің абырой даңқы өте үстем болады, - деді.

Әбу Тәліб Бахира поптың айтқан кеңесінен кейін інісін алып дереу Меккеге қайтты. (Ибн Исхақ 54-55 б; Ибн Сағд I, 153-155; Тирмизи, Мәнәқиб 3)

Христиан ориенталистері осы оқиғаны себеп қылып Исламды қаралау үшін Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бахира поптан мағлұматтар алған деуде. Ал бұл болса толығымен шындыққа жанаспайтын нәрсе. Құран мен таухид сеніміне теріс. Бахира болса христиан побы болатын. Құран Кәрім бұзылған Тәурат пен Інжілдің қателіктерін ашық жариялап тұрғанда, Аллаһ Расулінің мұндай бұзылған діннің өкілінен мағлұматтар алуы қалайша мүмкін болмақ?

Бұған қоса Бахираның діні Христиандықта Аллаһ түсінігі антропоморфтік, яғни адами сипаттармен безендірілген заттық құрылымға ие. Алайда Аллаһ Расулінің (аләйһиссалату уәссәләм) алып келген Ислам діні таухид негіздеріне құрылған, Хақ тарапынан жіберілген ап-айқын дін. Онда Аллаһ түсінігі өте кіршіксіз, яғни оны толық тануға ақыл жетпейді және барлық кемшіліктерден аулақ абстрактылы мәнге ие.

Осы шындыққа орай Құран Кәрім Хазіреті Мұхаммедтің пайғамбарлығынан бұрынғы әһлі кітаптан тек таухид сенімінен айырылмағандардың ғана құтылатындығын былай баяндайды:

اِنَّ الَّذِينَ اٰمَنُوا وَ الَّذِينَ هَادُوا وَالنَّصَارٰى وَالصَّابِئِينَ مَنْ اٰمَنَ بِاللّٰهِ
وَالْيَوْمِ الْاٰخِرِ وَعَمِلَ صَالِحًا فَلَهُمْ اَجْرُهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ
وَلَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ

«Күмәнсіз иман келтіргендер, яһудилер, христиандар мен сабиилер арасынан Аллаһқа және ақырет күніне иман келтіріп, ізгі амал істегендерге Раббыларының алдында сауаптары бар. Оларға ешқандай қорқыныш жоқ әрі олар қайғырмайды». (Бақара сүресі 62-аят)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлық заман үшін және барлық мекен үшін соңғы пайғамбар етіп жіберілгендіктен өзінен бұрын жіберілген діндердің барлығы үкімдерін тоқтатқан. Яғни жарамсыз болып қалған. Сондықтан Аллаһқа иман келтіріп, Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) иман келтірмеу күпірлік болады. Осыған байланысты бүгінгі әһлі кітаптың діндарлары да жоғарыда айтылған аят кәриманың үкімінен тыс.

Сенімнен кейінгі дінді ұстап тұратын ерекшеліктер – ғибадат пен қарым-қатынас. Ислам діні жүйелі ғибадат тәрізін әкелген, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, ақиқаттың, әділдіктің және ахлақтың негіздерін қайта құрған және жазаны да қамтитын құқық әкелген. Бахираның діні Христиандықта болса ғибадат тәрізі бұзылған. Қарым-қатынас (муамаләт) пен жаза құқығы (уқубат) болса атымен жоқ.

Тағы бір айта кетерлік жайт Хазіреті Пайғамбарымыз Құранның баяндағанындай және тарихтың куә болғанындай «үмми» еді, яғни оқу-жазу білмейтін. Құран Кәрімде бұл жайында былай айтылады:

وَمَا كُنْتَ تَتْلُوا مِنْ قَبْلِهٖ مِنْ كِتَابٍ وَ لَا تَخُطُّهُ بِيَمِينِكَ
اِذًا لَارْتَابَ الْمُبْطِلُونَ ﴿48﴾ بَلْ هُوَ اٰيَاتٌ بَيِّنَاتٌ فِى صُدُورِ الَّذِينَ
اُوتُوا الْعِلْمَ وَمَا يَجْحَدُ بِاٰيَاتِنَآ اِلَّا الظَّالِمُونَ ﴿49﴾

«Сен бұдан бұрын еш кітап оқымайтын едің әрі жазу да жазбайтын едің. Егер бұлай болмағанда бұрыс жолдағылар бұдан күмәнданған болар еді. Жоқ, ол өздеріне ғылым берілгендердің көкірегіне орныққан ап-ашық аяттар. Біздің аяттарымыздан залымдардан басқа ешкім бет бұрмайды».
(Анкәбут сүресі 48-49 аяттар)

Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бахира поппен кездескенде он екі жаста еді және Бахираның қасында аз ғана уақыт болған. Онымен азғантай уақыт сөйлескен. Міне сондықтан сауат ашпаған баланың алты мыңнан астам аятты аз ғана уақытта жаттап, жиырма сегіз жыл бойы есінде сақтап, қырық жасынан кейін бұларды бірден түсіндіре бастауы мүмкін емес нәрсе. Сондай-ақ осы жағдайда Ислам сияқты кәміл әрі бүкіл әлемдік дінді үйреніп, ол діннің ғибадат, қарым-қатынас, жаза және ахлақ тәртібі мен ережелерін ұсынуы мүмкін емес екендігін ақылы бар әрбір кісі жақсы біледі.

Егер де Бахира бұл ақиқаттарды білген болса неге өзі тәблиғ жасап пайғамбарлығын жарияламай, бұл абыройды еш танымайтын бір балаға бере салды?!

Бұған қоса Бахираның оқып, жазған тілі Ибраниша бо-

латын, ал Құран Кәрім болса таза әрі ап-ашық араб тілінде. Аллаh Тағала мұндай пайымдаулар жайында былай деген:

وَلَقَدْ نَعْلَمُ اَنَّهُمْ يَقُولُونَ اِنَّمَا يُعَلِّمُهُ بَشَرٌ لِسَانُ الَّذِى يُلْحِدُونَ اِلَيْهِ
اَعْجَمِىٌّ وَهٰذَا لِسَانٌ عَرَبِىٌّ مُبِينٌ

«Олардың: Құранды Мұхаммедке бір адам үйретуде, - деп айтқандарын біз сөзсіз білеміз. Адасып бетбұрған кісілерінің тілі басқа тіл. Ал Құран болса ап-ашық араб тілінде». (Нахл сүресі 103-аят)

Сонымен қатар Құран осы тілдегі ерекшелігімен арабтардың ең мықты ақындарына, тіпті бүкіл әлемге қарсы тұра аларлықтай дәрежеде. Бұл жайында Исра сүресінің 88-аятында:

قُلْ لَئِنِ اجْتَمَعَتِ الْاِنْسُ وَ الْجِنُّ عَلٰى اَنْ يَاْتُوا بِمِثْلِ هٰذَا الْقُرْاٰنِ
لَا يَاْتُونَ بِمِثْلِهٖ وَ لَوْ كَانَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيرًا

«Айт: егер адамдар мен жындар бас қосып осы Құранның ұқсасын әкелу (жазу) **үшін бір-біріне жәрдем етсе де әсте оның ұқсасын әкеле алмайды»,** - делінген.

Сондай-ақ Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Бахирамен сөйлескен кезде олардың қасында бірнеше Құрайыштық мүшриктер де болған. Егер ориенталистердің айтқан сөздері кішкене де болса ақиқатқа жанасатын болғанда пайғамбарлықтың алғашқы күндерінен бастап Аллаh Расулінен (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) бас тартқан және бүкіл өмірлерін оған дұшпан болуға арнаған мүшриктер осы оқиғаны тілге тиек етіп қарсы шығулары керек еді. Ал Құрайштық мүшриктер бұл туралы бірде-бір сөз

айтпаған. Себебі мұндай пайымдаудың ешқандай негізі жоқ екенін жақсы білетін еді.

Хилфу-л Фудул ұйымы

Арабтар харам айларында болған соғыстарды «Фижар соғысы» деп атайтын. Фижар соғысы төрт рет болған еді. Құрайш және Кинана тайпалары мен Хауазын арасында туындаған төртінші Фижар соғысына Хазіреті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) да қатысқан болатын.

Ол барлық уақытта тек қана ақиқатқа, дұрыстарға және жәбірленушілерге жақ еді. Бұл соғысқа жиырма жастарында немере ағаларымен бірге қатысты, бірақ ешкімнің қанын төкпеді. Тек жауларының атқан оқтарын жинап ағаларына беріп тұрды.[80]

Осы соғыстан оралғаннан кейін харам айларының бірі Зулқағда айында Зүбәйд тайпасына қатысты йемендік бір кісі Меккеге сату үшін мал-мүлік алып келді. Құрайш зиялыларынан Ас бин Уәйл оның мал-мүлкін сатып алды, бірақ ақшасын бермеді. Байғұс адам Абдуддар, Махзум, Жумах, Сәхм және Ади бин Кааб ұлдары секілді Меккенің беделді әулеттерінің көсемдеріне барып жәрдем сұрады. Бірақ олар бұл бишараға жәрдем етудің орнына Ас бин Уәйлға жақтасып сорлы адамды айыптады.

Шарасыз қалған әлгі адам Құрайш зиялылары Қағбаның айналасында отырған кезде Әбу Кубайс тауына шығып: «Ей, Фихр әулеті!» деп айқай салып өлең оқыды. Душар болған әділетсіздігін және көрген зұлымдығын жария етіп жәрдем

80. Ибн Хишам I, 198; Ибн Сағд I, 126-128.

сұрады. Жәрдем беру үшін алғаш қол ұшын берген Хазіреті Пайғамбарымыздың немере ағасы Зүбәйр болатын. Олар Құрайш беделділерімен бірге Абдуллаһ бин Жуданның үйіне жиналды.

Абдуллаһ оларды сыйлап дәм ұсынды. Артынан барлығы: «Кім болса да Меккеде зұлымдыққа ұшыраған адамның ақысын алып бергенге дейін жәбірленушіні залымнан қорғауға» сөз беріп анттасты. Теңізде бір қылды ылғалдайтындай су қалғанша, Хира мен Сәур таулары орнында тұрғанынша сөзімізден таймаймыз деп серт берді.

Хилфу-л Фудул ұйымы ең алғаш Ас бин Уәйлдан Зүбәйдтік кісінің ақысын алып берумен жұмысын бастады. Кейінгі уақыттарда да Меккеде зұлымдыққа және әділетсіздікке ұшыраған көптеген кісіге қол ұшын беріп, әділеттілікті орнату үшін ат салысты.[81]

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жәһилият дәуірінде мақұл көріп, қолдап қатысқан жалғыз ұйымы – «Хилфу-л Фудул». Себебі бұл әділет ұйымы болатын. Ол зұлымдық пен әділетсіздікке қарсы тұру үшін құрылған еді. Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлық келгеннен кейін бұл ұйым жайында былай деген болатын:

«Абдуллаһ бин Жуданның үйінде ағаларыммен бірге Хилфу-л Фудулға қатыстым. Ол мәжіліске тәнті болғаным соншалықты, егер маған оның орнына қызыл түйелер (яғни өте қымбат дүние-мүлік) берсе оншалықты қуанбас едім. Ол ұйымға қазір де шақырылсам тағы да барар едім». (Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 295)

81. Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 295-296; Ибн Сағд I, 128-129.

Ардақты Пайғамбарымыздың сауда-саттықпен айналысуы

Меккеліктер сауда-саттықпен айналысып күндерін көретін. Сауда керуендерімен айналадағы мемлекеттерден әкелген тауарларын Меккеде құрылатын қажылық жәрмеңкелерінде сатып, Меккеден шығатын тауарларды да маңындағы мемлекеттерге апаратын.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жастық шағында немере ағаларымен бірге сауда керуендеріне қатысып, Сирия мен Йеменге сапар шеккен еді. Кейінгі жылдарда Хазіреті Хадишаның атынан Йеменнің Жураш базарына сауда керуенімен екі рет барып, әр бірінде оған ақы ретінде бір жас еркек түйе берілген еді.[82]

Әлемдердің Сұлтаны Хазіреті Хадишаның сауда керуенін Тихамадағы Хубаша базарына да бастап барған еді. Бұл сапарға Хадишаның (радиаллаһу анһа) қызметшісі Майсарамен бірге барып, ол жерден Тихама матасын әкеліп Хаким бин Хизамға сатып мол табыс тапқан еді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен Хадишадан қайырлы ортақ көрмедім», - деп оны мақтап, істеген ісінің ақысын артығымен бергенін айтқан. (Халәби I, 221; Айни X, 104)

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымызға немере ағасы Әбу Тәліб:

– Ей, бауырымның ұлы! Мен кембағал адаммын. Қуаңшылық пен жоқшылықтың салдарынан ақша да, сауда да бітті. Бір сауда керуені Шамға баруға дайындалып жатыр. Хадиша бинти Хуайлид та осы керуенмен бірге та-

82. Хаким III, 200/4834

уарын алып баратын адам іздеп жүрген көрінеді. Оған сен сияқты адал, сенімді әрі таза адам өте қажет. Сені саудасаттығына өкіл етуі үшін онымен сөйлессек дұрыс болар-ау. Адал болғандығыңнан сені басқалардан артық көрер деп ойлаймын. Негізінде Шам жаққа баруыңды жөн көрмеймін. Саған Яһудилерден бір зарар тиіп кете ме деп қорқамын. Бірақ амал қанша, басқа шарамыз да жоқ, - деді.

Ардақты Расул мен ағасының арасындағы бұл әңгіме Хазіреті Хадишаның құлағына жеткен кезде:

– Мен Мұхаммедтің мұны қалайтынын білмейтін едім, - деді. Дереу әлемдердің Сұлтанына хабар жіберіп, басқаларға төлегенінен артық еңбекақыға тауарларын Шамға апаруын ұсынды.

Өйткені Хазіреті Хадиша Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барынша сенімді, турашыл және көркем мінезді кісі екенін өте жақсы білетін.[83]

Ақиқат нұры Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хадишаның жәрдемшісі Майсарамен бірге Меккеден жолға шықты. Хазіреті Хадиша Майсараға:

– Барлық мәселеде Мұхаммедке бой ұсын. Оның айтқандарына еш қарсы шықпа, - деп ескертті.

Жолда тауар тиелген түйелердің екеуі әбден болдырып артта қалып қойды. Майсара түйелерді ойлап қатты уайымдады. Жүгіріп әлемдердің Сұлтанына барып оған жағдайды түсіндірді. Адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымыз қолын түйелердің аяғына қойып сипап еді, түйелер жүйітки жөнелді. Әрібірден ойнақтап керуеннің алдына шықты. Керуендегілер мұны көрген соң Пайғамбарымызға қызмет етуге және оны қорғауға аса көңіл бөлді.[84]

83. Ибн Хишам I, 203; Ибн Сағд I, 129; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 297.
84. Диярбакри I, 262.

Пайғамбарлар Сұлтаны (аләйһи әкмәлут тахият) бүкіл өмірінде сауда-саттық кезінде араласқан адамдарымен болсын, басқа адамдармен болсын дұрыс қарым-қатынас жасаған. Біреуге сөз берген болса, қайтсе де оны орындайтын.

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың өмірін бүге-шігесіне дейін білетін кісі ретінде былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сөз айтатын болса міндетті түрде оны орындайтын». (Бұхари, Шаһәдат 28)

Саид бин Әбу-с Саиб (радиаллаһу анһу) да былай айтады:

– Аллаһ Расулінің қасына бардым. Ардақты сахабалар мені мақтап, мен жайында жақсы сөздер айта бастады. Сонда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Мен оны сендерден де жақсы танимын*, - деді.

Мен де бұған:

– Дұрыс айтасыз. Әке-шешем сен үшін құрбан болсын. Сен менің ортағым едің, әрі нендей тамаша ортақ. Еш қарсы шықпайтын едің, әрі еш таласпайтын едің, - дедім. (Әбу Дәуіт, Әдеп 17/4836; Ибн Мәжә, Тижарат 63)

Оның әл-Әмин және әс-Садық сипаттарын алуына себеп болған өте көп өнеге боларлық оқиғаларының бірін Абдуллаһ бин Әбу-л Хамса (радиаллаһу анһу) былай түсіндіреді:

Пайғамбарлықтан бұрын Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сауда-саттық жасаған едім. Оған қарыз болып, біраз күтетін болса дереу әкелемін деп уәде беріп, ол жерден кеттім. Бірақ берген уәдемді ұмытып кетіппін. Үш күннен кейін есіме түсіп келіскен жерімізге барғанымда оның сол жерде күтіп тұрғанын көрдім.

Сенімділік пен тұрақтылықтың шыңына жеткен Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) бұл көркем ақлағына қоса осы әрекетім үшін мені кінәламады. Тек қана:

– Ей, жігітім! Мені әуреледің ғой. Үш күннен бері осы жерде күтіп тұрмын, - деді. (Әбу Дәуіт, Әдеп 82/4996)

Оның пайғамбарлықтан бұрынғы көрсеткен осы және осы секілді жақсы қасиеттері өте ғибратты, әрі хикметке толы еді. Онсыз да мұндай қасиеттер тек пайғамбарлардың бойынан ғана көрінеді.

Егер Аллаh Тағала қаласа өзінің Сүйіктісін балалық шағынан бастап еш жұмыс істетпестен молшылықта өмір сүргізе алар еді. Бірақ Аллаhтың жазмышы Расулұллаhтың ризығын маңдай терімен тауып өмір сүруін және үмбетіне осылайша үлгі болуын қалаған. Бұл турасында Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм):

«Адамдарға өз маңдай терімен тауып жеген азықтан да қайырлы ризық жоқ», - деген. (Бұхари, Буюғ 15; Әнбия 37)

Сондай-ақ адамдарға көшбасшы болатын кісі күнкөріс көзін айналасындағы кісілердің беретін сый-сйапатына тәуелді қылатын болса, адамдар алдында оның ұстанымының ешқандай қадір-қасиеті, маңыздылығы қалмайды. Осы жайында Хақ Тағала барлық прайғамбарларына:

وَمَآ اَسْئَلُكُمْ عَلَيْهِ مِنْ اَجْرٍ اِنْ اَجْرِىَ اِلَّا عَلٰى رَبِّ الْعَالَمِينَ

«Мен бұл (тәблиғ) **үшін сендерден ешқандай ақы сұрамаймын. Менің сауабымды тек бүкіл әлемнің Раббысы береді»,** (Шура сүресі 109, 127, 145, 164, 180-аяттар. Қосымша қараңыз: Юнус сүресі 72-аят; Худ сүресі 29-аят) деп айтуларын бұйырған.

Бұл жағдайды ақын өте тамаша суреттейді:

Көз тікпесең өзгенің дүниесіне,
Тәуелсіз боласың сен нәтижеде.

Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) өз табысымен күн көргендіктен адамдардың арасындағы ең еркіні әрі тәуелсізі болған.

Поп Настураның пайымдауы

Хазіреті Пайғамбарымыз қатысқан сауда керуені Шам еліндегі Бусраға барды. Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Бусра базарындағы поп Настураның манастырына жақын маңдағы Зәйтүн ағашының астына тоқтады. Майсарамен бұрыннан таныс болған поп Настура Хазіреті Пайғамбарымызды нұсқап:

– Ей, Майсара! Ана ағаштың астындағы адам кім? - деп сұрады.

Майсара:

– Ол Құрайш тайпасының адамы, - деді.

Поп:

– Оның көзінде біраз қызылдық бар ма? - деп сұрады.

Майсара:

– Иә, көздері үнемі қызарып жүреді, - деді.

Настура:

– Онда ол пайғамбарлардың соңғысы. Шіркін, оның пайғамбар етіп жіберілетін заманына жете алсам ғой, - деді. (Ибн Сағд I, 130-156; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 297-298)

Керуен Меккеге қайту үшін Бусрадан аттанды. Майсара күн қатты шыжып тұрған кезде екі періште келіп Хазіреті Пайғамбарымызды көлеңкелегеніне куә болды. Соңында олар мол табыспен Меккеге оралды.[85]

Хазіреті Хадишамен үйленуі

Майсара Бусрадан оралған соң Шам сапары кезінде көрген таңғажайып оқиғаларын, Хазіреті Пайғамбарымыздың әрекеті мен мінез-құлқының ерекшеліктерін және ерекше халдерін Хадишаға егжей-тегжейлі айтып берді. Осыдан кейін Хадиша анамыз әлемдердің Сұлтанымен үйленуді қалады.

Хазіреті Хадишаның досы Нафиса бинти Умәйя бұл үйленудің қалай іске асқанын былайша түсіндіреді:

«Хадиша бинти Хуайлид қабілетті, ынталы, көркем мінезді және абыройлы әйел еді. Қаумының еркектері онымен үйленуді қатты қалайтын. Бірақ Хазіреті Хадиша әлемдердің Сұлтанының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мінез-құлығына, адамдық қасиетіне қатты тәнті еді. Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Шамнан сауда-саттықтан оралған соң, өзімен үйленуді қалап-қаламайтынын білу үшін Хадиша мені оған жіберді.

– Ей Мұхаммед! Сен неге үйленбейсің? - деп сұрадым.

– *Менің қазір жағдайым жоқ. Қалайша үйленемін?* - деді.

– Егер жағдайың болса мал-мүлкі бар, абыройлы, сымбатты әйелмен үйленер ме едің? - деп сұрадым.

– *Кім, ол әйел?* - деді.

85. Ибн Сағд I, 130, 156-157.

– Хадиша, - дедім.

– *Сеніңше бұл мүмкін бе?* - деді.

– Ол жағын маған таста, - дедім.

– *Олай болса, мен сенің айтқандарыңа көндім,* - деді.

Дереу Хадишаға барып болған жағдайды баяндадым». (Ибн Сағд I, 131)

Хазіреті Хадиша Нафиса ханымның қуанышты хабарын естіген соң Хазіреті Пайғамбарымызға сөз салды. Әлемдердің Сұлтаны бұл жағдайды немере ағасы Әбу Тәлібке айтты. Әбу Тәліб Хазіреті Хадишаның немере ағасы Амр бин Әсәдқа барып қарындасына құда түсті.

Әбу Тәліб пен Хазіреті Хадишаның немере ағасының ұлы Уарақа бин Нәуфәл кезек-кезек неке құтбасын оқыды. Сонан соң Хазіреті Хадишаның немере ағасы Амр орнынан тұрып:

– Ей, Құрайш жамағаты! Куә болыңдар, мен Хадиша бинти Хуайлидті Мұхаммед бин Абдуллаһқа некеледім, - деді.[86]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Хадишаға мәһірге жиырма түйе берді.[87]

Әлемдердің Сұлтаны үйленген кезде 25 жасында еді. Жолы болғыш, қадірлі Хадиша болса әлемдердің Сұлтанынан он бес жас үлкен, балалы жесір әйел еді.

Хазіреті Хадиша анамыз сүйікті Пайғамбарымызға малымен әрі жанымен сүйеніш болды.

Абыройлы отбасынан шыққан Хазіреті Хадишаны көркем ақлағына байланысты Исламнан бұрын «Афифа

86. Диярбақри I, 264; Яқуби II, 20.
87. Ибн Хишам I, 206; Ибн Әсир, Усду-л Ғаба I, 23.

(намысты)» және «Тахира (пәк)», ал Исламнан кейін «Хадижатул Кубра (Ұлы Хадиша)» деп атаған.[88]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«(Ақыреттегі) ең қайырлы әйел – Мәрям бинти Имран, (Дүниедегі) ең қайырлы әйел болса – Хадиша бинти Хуайлид» - деген. (Бұхари, Мәнәқибу-л Ансар 20; Муслим, Фадайлу-с Сахаба 69)

Расулұллаһтың бұл үйленуі оның нәпсінің құмарлықтарына берілген адам емес екендігін, тіптен оған еш мән бермейтінін ап-ашық көрсетуде. Егер солай болған болса Аллаһ Расулінің өзінен едәуір жасы үлкен, жесір әрі балалы әйелмен емес, керісінше жас қызбен үйленуі керек еді. Бірақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) отасатын әйелдің бойында жас, сұлулық сияқты өткінші ерекшеліктер емес, абырой, адамгершілік, көркем ахлақ сияқты қасиеттердің болуын қалаған.

Аллаһ Расулінің бірнеше рет үйленуі және хикметтері

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) елу бес жасынан кейін ғана бірнеше әйелмен үйленген. Оның әрбір үйленуінде белгілі себептер мен көптеген хикметтер бар. Хақ Тағала былай деген:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِى رَسُولِ اللهِ اُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِمَنْ كَانَ يَرْجُو اللهَ
وَالْيَوْمَ الْاٰخِرَ وَذَكَرَ اللهَ كَثِيرًا

«Шын мәнінде сендер үшін Аллаһты және ақырет күнін қалағандарға және Аллаһты өте көп зікір еткендерге

88. Ибн Сағд VIII, 14-15.

(еске алғандар) **Аллаһ Расулінде көркем өнеге бар».** (Ахзаб сүресі 21-аят) Адамзатқа үлгі ретінде жіберген кісі жайында жаман ой ойлау, тіпті оған жала жабу діннің ақиқаттарын білмегендіктің және надандықтан бетер қара ниеттіліктің белгісі.

Раббымыз бізге сүйікті Пайғамбарымызды барлық түрғыдан өнеге қылған. Бұлардың ең бастысы әрі ең маңыздысы отбасылық өмір. Біз бұл жерде Пайғамбарымыздың отбасылық өмірінің барлық кезеңдерін және барлық аналарымызды түсіндірмейміз. Бұған біздің шама-шарқымыз жетпейді әрі мұны кітабымызға да сыйдыра алмаймыз. Тек бұл үйленулердің ең негізгі белгілерін айтып өтсек, осының өзі жеткілікті әрі дұрыс болар деп ойлаймыз.

Адам бойындағы нәпсінің құмарлықтары өте басым болатын кезең, сөзсіз жастық шағы. Хазіреті Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жастық шағына көз салып қарайтын болсақ, ол жайында айтылатын жалғыз сөз: оның өте ар-ұятты, абыройлы және намысты екендігі. Бұл оған меккеліктердің берген: **«әл-Әмин** (сенімді)» есімінен де оп-оңай аңғарылуда. Сондай-ақ пайғамбар екендігін жариялаған күннен бастап дүниеден өткенге дейін мүшриктер еш уақытта Аллаһ Расулі туралы бұл мәселеде жала жапқан да емес.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мекке кезеңінде бір-ақ рет үйленген. Хазіреті Хадиша анамызбен отасқан кезде Пайғамбарымыз 25 жаста, Хазіреті Хадиша анамыз болса 40 жастағы жесір әрі балалы әйел еді. Хадиша анамыз қайтыс болғанға дейін 25 жылға созылған отбасылық өмірінде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа бір әйелмен үйленбеді. Дегенмен ол кездегі

салт-дәстүр мен әдеттер басқа әйелмен үйленуіне кедергі емес еді.

Сонда да Хадиша анамыз дүниеден өткеннен кейін тағы да қарт, әрі жесір әйел **Хазіреті Сәудамен** үйленді. Хазіреті Сәуданың күйеуі Хабашстанға хижрет еткен соң сол жерде қайтыс болып, Хазіреті Сәуда жалғыз өзі қорғаушысыз қалған еді. Мұсылман болғаны үшін туысқандары да оған қысым көрсетті. Хазіреті Пайғамбарымыз жалғыз қалған бұл қадірлі ханымды қорғап, әрі қуанту мақсатымен оған үйленген болатын.

Мәдинаға хижрет жасаумен жаңа кезең басталды. Ол (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбар болумен қатар, қолбасшы және жаңадан құрылған мемлекеттің басшысы еді. Сонымен бірге дәуірлер бойы әр түрлі адамға мағлұматын ең тамаша түрде жеткізуі тиіс ұстаз еді.

Осы барлық ерекшеліктердің отбасылық өміріне де әсер еткенін аңғару қиын емес. Оның үйленулерінің діни, әлеуметтік, экономикалық және ахлақтық себептері мен хикметтері бар.

Хазіреті Пайғамбарымыз әйелдерінің арасында тек **Хазіреті Айшамен** (радиаллаһу анһа) ғана жастай, қыз кезінде үйленген. Тым жас болғанымен өте зерек әрі алғыр Айша анамыздың арқасында әйелдерге қатысты фиқһ қағидалары үйреніліп, Пайғамбарымыз дүниеден өткеннен кейін де осы фиқһ мәселелері елу-алпыс жыл бойы бірінші ауыздан асхабы кирамға, олардың әйелдері мен қыздарына, тіпті немерелеріне жеткізілген. Ардақты Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Діндеріңнің үштен бірін Айшаның үйінен үйреніңдер», (Дәйләми II, 165/2828) дей отырып осы шындықты меңзеген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыздан ең көп хадис риуаят еткен (муксирун) жеті кісінің бірі болған Хазіреті Айша 2210 хадис риуаят еткен. Бұлардың 194-ін Бұхари мен Муслим бірге (муттафақун аләйһи) риуаят еткен.

Шынында да Хазіреті Айша анамыз Құран Кәрімді, халалдарды, харамдарды, фиқһты, медицинаны, өлеңді (шиир), Араб хикаяларын, шежірені өте жақсы білетін. Асхабы кирам кез келген тақырыпта келісе алмай қалса дереу оған баратын. Тіпті алдыңғы қатарлы сахабалар да шеше алмаған мәселелерін одан сұрайтын.[89]

Бұл жайында Әбу Мұса (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Риуаят етілген кез келген хадисте бір қиындық туындайтын болса оны Айшадан сұрайтын едік. Сөзсіз одан мұның шешімін табатынбыз». (Тирмизи, Мәнәқиб 62)

Бұған қоса Хазіреті Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) анамызбен үйленуінің нәтижесінде көнеден келе жатқан досы Хазіреті Әбу Бәкірмен (радиаллаһу анһу) туысқандық байланыс құрылып, жақындықтары онан сайын артты.

Дәл осылай ардақты Пайғамбарымыз Хазіреті Омардың қызы **Хазіреті Хафсамен** (радиаллаһу анһа) үйленіп араларында туысқандық байланыс құрылған. Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) күйеуі Бәдірде жараланып, артынан шейіт болған қызы Хафсаны Әбу Бәкірге, сосын Хазіреті Османға некелегісі келген. Бірақ олар бұл ұсынысты қабыл алмаған соң Хазіреті Омар мұңайып қалған еді. Соңында хижреттің үшінші жылында Хазіреті Пайғамбарымыз бибі Хафсамен үйленді. Әрі бұл отасу ескі достардың арасын онан сайын қуаттандырды.

89. Ибн Хажар, әл-Исаба IY, 360.

Ардақты Пайғамбарымыздың **Хазіреті Зейнеппен** (радиаллаһу анһа) үйленуі ең көп тартысылған мәселе. Бірақ бұл үйленудің өте көп хикметтері бар. Хазіреті Пайғамбарымыз немере апасының қызы Зейнепті (ол қаламаса да) азат еткен құлы әрі асырап алған баласы Зәйдпен үйлендіріп, осы арқылы «бай мен кедей», «ақ сүйек пен құл» деп бөлінушілікті жойған. Адамдардың тарақтың тісіндей тең екендігін ең жақын туыстары арқылы жариялаған. Кейін Зейнеп анамыздың және туыстарының үнемі қарсы шығуымен екі жастың арасы суй бастады. Күйеуі Зәйд (радиаллаһу анһу) Аллаһ Расуліне ажырасу мәселесімен барғанымен бұл нәтижесіз қалды. Соңында бұған Зәйдтің (радиаллаһу анһу) шыдамы таусылып, ақыры Зейнеппен (радиаллаһу анһа) ажырасты.

Осыдан соң түскен аятта[90] Хазіреті Пайғамбарымыздың немере апасының қызы Зейнеппен үйленуі Аллаһ тарапынан әмір етілді. Осылайша Расулұллаһ бұл әрекетімен жәһилият дәуіріндегі «асырап алған ұлының бұрынғы әйелімен үйлену тыйымын» жойды және «туған бала» мен «асырап алған баланың» бірдей емес екенін көрсетті.

Осы оқиға жайында «Хазіреті Пайғамбар Зейнептің сұлулығына қызығып онымен үйленді» деп алып-қашты әңгіме айтып жүргендер мына жағдайларды ескергілері келмейді:

1. Зейнеп Хазіреті Пайғамбарымыздың немере апасының қызы. Бала кезінен бері оны бірнеше рет көрген.

2. Хазіреті Пайғамбарымыз Зәйдпен үйлендірместен бұрын Зейнепке сөз салғанында ол мұны қуана қабыл алар еді, әрі олардың үйленулеріне ешқандай кедергі де жоқ еді. Бірақ әлемдердің Сұлтаны Зейнепті өз қолымен басқа

90. Ахзаб сүресі 37-аят

біреуге үйлендірген және Зәйдтің ажырасу ұсыныстарын бірнеше рет қайтарып тастаған.

Қысқасы бұл жерде осы оқиғалар арқылы Ислам құқығының кейбір қағидаларының Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өміріндегі іс-әрекетімен орнығуы және осыларға қатысты шариғи дәлелдің көзі болуы көзделген.

Хайбардағы Яһудилердің көсемінің қызы **Сафия** анамызбен үйленуі болса, яһудилермен арадағы қарым-қатынасты (олармен жекжат болу арқылы) түзету үшін еді. Яғни саяси мақсатқа негізделген. (Ибн Хажар, әл-Исаба 4, 347)

Осы секілді тағы бір тайпа көсемінің қызы **Жуәйриямен** (радиаллаһу анһа) үйленуі де жүздеген соғыс тұтқындарының бір сәтте босатылуына және осының себебімен мұсылмандықты қабыл етулеріне ықпал еткен. (Әбу Дәуд, Итқ 2)

Аллаһ Расулінің Әбу Сүфянның қызы **Үммү Хабибамен** үйленуінің себебі болса бұл мүмин әйелді қорлықтан құтқару болатын. Күйеуі Хабашстанда діннен шыққан соң Үммү Хабиба (радиаллаһу анһа) өте ауыр жағдайға тап болды, бірақ сонда да дінін қорғай білді. Шынайы иманы мен айбындылығы, сол кезде Меккенің көсемі болған әкесі Әбу Сүфянды саялап баруына жол бермеді. Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) онымен үйлену арқылы оны қорғаусыз, панасыз қалудан құтқарды. Бұған қоса осы үйленудің себебімен Меккелік мүшриктер мен мұсылмандардың арасындағы дүшпандық біраз да болса азайған еді. (әл-Мумтахина 7; Уахиди 443 б.)

Егер Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нәпсіқұмарлық үшін үйленген болса Мәдинада мұхажирлер

мен ансардың бойжеткен, өте сұлу қыздары жететін еді. Кез келген мұсылман қызын Хазіреті Пайғамбарға беруді абырой санайтын, қыздары да «Пайғамбардың жұбайы» әрі «мүминдердің анасы» болуға сөзсіз қуана келісер еді. Бірақ ардақты Пайғамбарымыз әсте бұл жолға бармады.

Міне осы және осыған ұқсас діни, ахлақтық, әлеуметтік және саяси себептермен және ең бастысы Ислам құқығындағы әйелдерге қатысты мәселелерді жеткілікті дәрежеде білетін білімді, тәжірибелі адамдарға мұқтаждық себебімен, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағаланың рұқсатымен әрі әмірімен бірнеше әйелмен үйленген. Өйткені кейбір фиқһқа қатысты мәселелерде бір ғана әйелдің сенімділігі жеткіліксіз болуы мүмкін. Барлық климатты, заманды және мекенді қамтыған Исламның әйелге және отбасына қатысты құқығы бір кісіден толығымен бізге дейін келе алмауы мүмкін еді. Сонымен бірге әйелінің Хазіреті Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұрын қайтыс болмайтындығына ешкім кепілдік бере алмас еді. Ал бұл болса Исламдағы әйел құқығының толық қамтылмай қалуы деген сөз.

Кейбір мәселелерді әйелдер ұялып еркектерден сұрай алмайды. Ал әйел басқа бір әйелмен бұл мәселені еркін сөйлесе алады. Осы себептен Ислам қоғамының барлық уақытта жетілген, білімді, мұсылман әйелдерге мұқтаждығы бар. Осы мәселелерде Пайғамбармен (аләйһиссалату уәссәләм) бірге өмір сүріп, мәселелерді тікелей одан үйренген және онымен бетпе-бет сөйлескен әйелдерінен де білімді әйелдің болуы мүмкін бе?

Ең бастысы олардың барлығы зүхд (дүние сүйіспеншілігін жүрекке кіргізбеу) өмірлерімен және тақуалықтарымен бізге және үй-ішімізге өте тамаша өнеге болған.

«Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көп әйелмен үйленуі қазіргі адамдар үшін үлгі бола алады ма?» деген сұрақ туындаса оған былай жауап беруге болады:

Хазіреті Пайғамбарымыздың тек өзіне қатысты кейбір әрекеттері үмбетіне үлгі бола алмайды. Себебі діннің ең алғаш өкілі, құрушысы, іске асырушысы және Аллаһтың елшісі болғандықтан оның орны бөлек. Сондықтан өзге адамдардан айрықша тек өзіне ғана қатысты етіліп түнде тәхажжуд намазын оқу парыз етілді, бірнеше күн ауыз ашпастан ораза ұстауына (сауму уисал) рұқсат етілді, оның және отбасының зекет алуына тыйым салынды. Толығымен діни, әлеуметтік және саяси себептерге байланысты бір уақытта төртеуден артық үйленуі де Ислам ғалымдарының бір ауыздан мақұлдауына қарай үмбетіне үлгі бола алмайды.

Дініміз бойынша «көп үйленудің» үкіміне тоқталар болсақ:

Ең алдымен мынаны айта кету керек, көп үйленуді Ислам бастамаған. Одан алдын бар болған бұл жағдайды белгілі бір санмен шектеп, тәртіпке келтірген. Исламнан бұрын үйленуде белгілі бір шек жоқ еді. Ислам болса мұны негізгі қағида ретінде «төртеумен» шектеген. Әйелдердің арасында әділдікті ұстана алмаудан қорқатын болсаң «бір» әйелмен үйленудің дұрыс екендігін білдірген.[91]

Екіншіден төрт әйелмен үйлену барлық мүминдерге «әмір» емес, кейбір жағдайларда берілген «рұқсат».[92] Бұл

91. Ниса сүресі 3-аят.
92. Элмалылы Мұхаммед Хамди бұл мәселені былай түсіндіреді:
Бірден артық әйелмен үйленуге келер болсақ: негізінде мұның тек рұқсат және мубах іс екендігінде, ал әділетсіздік жасаудан қорқатын жағдайда мәкруһ екендігінде сөз жоқ. Бұған қоса аятта бірден артық әйелмен үйлену кейбір жағдайларда мәндуб екендігін, ал кейде тіпті уәжіб екендігін білдірген. Бұл да еркектер үшін де, әйелдер үшін де зинақорлық

соғыс, індет, жарым-жан болып қалу, ұзақ уақыт айырылу, қорғау т.б. көптеген себептердің нәтижесінде отбасылардың шаңырақтары шайқалмауы үшін, әйелдердің иесіз әрі қорғаушысыз қалмауы үшін іске асырылады. Мысалы бала көтере алмайтын немесе денсаулығы көтермейтін әйелмен үйленген бір еркек ол әйелмен ажыраспай-ақ екінші әйелмен үйлене алады. Мұндай мұқтаждықтар мен қажеттіліктер тоқтамаса да, отбасылардың саны артумен қатар, үйленудің саны «төртеумен» шектелген. Осылайша отбасының бұзылуынан туындайтын рухани және материялдық зарарлар барынша азайтылған.

Шынында да соғыс болған мемлекетте бірден артық үйленуді қолға алу азайған халық санын қайта көбейту үшін және жезөкшеліктің алдын алу үшін қажетті мұқтаждық болады. Мұның мысалдары өткен кезеңдерде ашық көрінгеніндей болашақта да көрінуі мүмкін. Адамзаттың бақытына және амандығына себеп болған негіздерді қамтитын Исламда мұндай күтпеген жағдайлар туындаған кезде осы секілді үкімдердің орындалуы «рұқсат» ретінде іске асады. Өмір сүруді оңайлатып, табиғи түрде жалғасуын қадағалайтын бұл қағида тек үйлену мәселесінде емес, барлық салаға қатысты.

Міне бұл жағдай Исламның барлық уақытта және барлық жерде өмірдің қажеттіліктерін қамтамасыз ететіндей дәрежеде екенін көрсетуде.

Бірден артық (төртеуге дейін) үйленген еркектерге де жұбайларының арасында «әділетті ұстап тұру» міндеті жүктелген. Егер бұлай етпейтін болса Аллаһтың азабына ұшырайтындығы ескертілген. Бұл жайында аят кәримада:

пен жезөкшелік қауіпі туындаған жағдайларда қажетті болады. (Хак дини Қуран дили II, 1290)

وَاِنْ خِفْتُمْ اَلَّا تُقْسِطُوا فِى الْيَتَامٰى فَانْكِحُوا مَا طَابَ لَكُمْ
مِنَ النِّسَآءِ مَثْنٰى وَثُلٰثَ وَرُبَاعَ فَاِنْ خِفْتُمْ اَلَّا تَعْدِلُوا فَوَاحِدَةً
اَوْ مَا مَلَكَتْ اَيْمَانُكُمْ ذٰلِكَ اَدْنٰىٓ اَلَّا تَعُولُوا

«Егер жетім қыздар жайында әділдікті сақтап түрудан қорқсаңдар, онда олармен емес, өздеріңе ұнаған әйелдерден екі, үш, төртке дейін үйленіңдер. Егер араларында әділдікті сақтап түрудан қорықсаңдар онда біреуін немесе қолдарыңның астындағыларды (күңдеріңді) **қанағат тұтыңдар. Әділдіктен айырылмауларыңа ең лайығы осы»** (Ниса сүресі 3-аят) деген.

Басқа бір аят кәримада болса былай деген:

وَلَنْ تَسْتَطِيعُوٓا اَنْ تَعْدِلُوا بَيْنَ النِّسَآءِ وَلَوْ حَرَصْتُمْ فَلَا تَمِيلُوا كُلَّ الْمَيْلِ
فَتَذَرُوهَا كَالْمُعَلَّقَةِ وَاِنْ تُصْلِحُوا وَتَتَّقُوا فَاِنَّ اللهَ كَانَ غَفُورًا رَحِيمًا

«Қанша тырыссаңдар да әйелдердің арасында әділдік сақтай алмайсыңдар. Олай болса біреуіне ғана көңіл бөліп, басқаларын ілініп (салбырап) түрғандай қылмаңдар. Егер араларыңды түзелтіп, Аллаһтан қорқатын болсаңдар әлбетте Аллаһ кешірімді әрі рақымды». (Ниса сүресі 129-аят)

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадис шәрифінде:

«Бір еркектің некесінде екі әйел болып, олардың арасында әділдік сақтамайтын болса, қиямет күнінде бір жағы сал болып тірілтіледі», - деген. (Ибн Мәжа, Никах 47)

Бұған қоса еркектің бірден артық әйелмен үйлену құқығы некелесу кезінде бірінші әйелінің қойған шартымен шектеле алады. Бұл да әйелдерге берілген құқық.[93]

93. Хайреддин Караман «Мукаесели Ислам Хукуку» I, 290 б. Стамбұл 1996.

Жаратылыстағы иләһи мақсатты есепке алмай тікелей түсінетін болсақ әйелдің де бірнеше күйеуі болуы керек сияқты көрінгенімен бұл әсте дұрыс емес. Себебі мұндай жағдайда дүниеге келетін сәбидің әкесінің кім екені белгісіз болады. Сондықтан «фужур» деп аталатын бұл үйленуге ешқандай дін тіпті ешқандай құқықтық жүйе рұқсат бермегеніндей Ислам да мұны қабыл етпеген. Бұған қоса Исламның нәсілдің белгілі болуына қатты көңіл бөлгені соншалықты, ажырасқаннан кейін бір әйелдің басқа біреумен үйленуі үшін міндетті түрде күтуі керек уақыт белгіленген. Бүгінгі күні құқықтық жүйелер есепке алмаған бұл шындық Ислам құқығының адамды өте жоғары бағалайтындығының бір дәлелі.

Осы айтылған шарттардың барлығын көз алдымызға елестететін болсақ Исламның өмірдің әрбір кезеңін және барлық жағдайларын есепке ала отырып «көп үйленуге» рұқсат беруінің хикметі түсінікті болады. Шындығында Ислам тек дені саулардың ғана емес, мұнымен қатар қарттардың және әлсіздердің де діні. Ол тек бейбітшілік пен тыныштық кезіндегі емес, бүкіл қиын-қыстау кезеңдерінің және төтенше жағдайлардың да діні. Ол тек еркектердің ғана емес, сонымен бірге әйелдердің қажетті барлық құқықтарын қорғайтын және мұқтаждықтарын беретін дін. Сондай-ақ себепсізден-себепсіз отбасы шаңырағының шайқалуына және балалардың жоқшылық пен бақытсыздыққа ұшырауына жол бермеу үшін жеке кісі мен қоғамды қатар ойлайтын, адамзаттың ар-намысын қорғайтын жалғыз дін.

Пайғамбарымыздың Зәйд бин Харисаны азат етіп, асырап алуы

Бәни Қайн атты әскерлері жасаған шабуылдарының бірінде сегіз жасар Зәйд бин Харисаны алып қашып, оны құл ретінде сату үшін Уқаз жәрмеңкесіне әкелген еді. Оны Хаким бин Хизам немере апасы Хазіреті Хадиша үшін төрт жүз дирхамға сатып алды. Әлемдердің Сұлтаны Зәйдті көре салысымен:

– *Бұл құл менің болғанда сөзсіз оны азат етер едім*, - деді.

Хазіреті Хадиша:

– Олай болса ол сенің болсын, - деді.

Сүйікті Пайғамбарымыз да дереу оны азат етті. (Ибн Хишам I, 266; Ибн Сағд III, 40)

Зәйдтің әкесі ұлының жоғалғанына қатты қайғырып оны іздеуге шыққан еді. Қажылардан Зәйдтің Меккеде екенін естіген соң, бауыры екеуі дереу сонда барып әлемдердің Сұлтанын тауып алды. Зәйдті сатып алған ақшасын беретін болып, бағаны мұнан әрі өсірмеуін сұрады. Пайғамбарымыз:

– *Мұны шешудің басқа жолы жоқ па?* - деді.

– Ол қандай жол? - деп сұрағандарында Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Оны шақырып өз еркіне қоя беріңдер. Егер сендерді таңдаса ешқандай ақы төлеудің қажеті жоқ. Егер де мені таңдаса, Уаллаһи менімен бірге қалғысы келген адамды ешкімге бермеймін,* - деді.

Зәйдтің әкесі мен немере ағасы:

– Сен өте ынсапты екенсің. Бізге өте үлкен жақсылық жасадың әрі құрмет көрсеттің, - деп ризашылықтарын білдірді.

Зәйд болса:

– Ей, Әмин, ант етейін! Мен ешкімді саған айырбастаймын. Сен маған әке мен шеше орнындасың. Мен тек сенің қасында қаламын, - деді.

Әкесі мен ағасы кінәлап, айыптаған соң Зәйд былай деді:

– Мен бұл кісіден өте көп нәрселер көрдім. Мен оны ешкімге айырбастамаймын. Еш уақытта одан айырылмаймын.

Әлемдердің Сұлтаны Зәйдтің шынайылығын көрген соң оның қолынан ұстап Қағбаға алып барды да:

– *Уа, Халайық! Куә болыңдар, Зәйд менің ұлым. Мен оған мұрагермін, ол да маған мұрагер болады,*[94] - деп оны өзіне ұл қылып алды.

Зәйдтің (радиаллаһу анһу) әкесі мен немере ағасы осыны көрген соң көңілдері орнына түсіп, елдеріне қайтты. (Ибн Хишам I, 167; Ибн сағд III, 42)

Зәйдтің (радиаллаһу анһу) бауыры Жәбәлә бин Хариса (радиаллаһу анһу) былай баяндайды:

«Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып:

– Уа, Аллаһтың Расулі! Бауырым Зәйдті менімен бірге жібер, - дедім.

94. Сол күннен бастап Зәйдті Зәйд бин Мұхаммед деп атай бастады. Ахзаб сүресінің 5-ші және 40-шы аяттарымен бала асырап алу тоқтатылғанға дейін ол осылай аталды.

– *Міне өзі де мұнда. Егер сенімен кетемін десе, мен кедергі емеспін,* - деді.

Бірақ Зәйд.

– Уа, Аллаһтың Расулі! Мен сені ешкімге айырбастамаймын, - деді.

Кейін уақыт өте келе Зәйдтің көзқарасының менікінен үстін екенін көрдім. Сонда барып бәрін түсіндім». (Тирмизи, Мәнәқиб 39/3815)

Расулұллаһтың Хазіреті Алиді қолына алуы

Әбу Тәлібтің тұрмысы нашар болатын әрі бала-шағасы да көп еді. Осыған байланысты қиналып жүрген де болатын. Хазіреті Пайғамбарымыз немере ағасы Хазіреті Аббасқа барып:

– *Ағатай! Көріп жүрсің, бауырың Әбу Тәлібтің жанұясы үлкен. Аштық пен қуаңшылық оларды әбден титықтатты. Жүр Әбу Тәлібке барып сөйлесейік. Оның үлдарының бірін мен қолыма алайын, біреуін де сен ал. Осылай оған біраз қарайласайық,* - деді.

Аббас (радиаллаһу анһу) бұл керемет ұсынысты қабыл етіп, екеуі бірге Әбу Тәлібке барды. Ол болса:

– Ақилды өзіме қалдырыңдар, басқаларынан қалағандарыңды ала беріңдер, - деді.

Сонан соң Мұхаммед (аләйһиссәләм) Алиді, ағасы Аббас болса Жағфарды алды.

Расулұллаһқа пайғамбарлық келгенге дейін Хазіреті Али оның үйінде өсті. (Ибн Хишам I, 264)

Хазіреті Пайғамбарымыздың перзенттері

Ардықты Расулұллаhтың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Хазіреті Хадишадан Қасым, Абдуллаh, Зейнеп, Руқия, Үммү Гүлсім және Фатима деген перзенттері болды. Алғашқы ұлының есімі Қасым болғандықтан Хазіреті Пайғамбарымызға (аләйhиссалату уәссәләм) «Әбул Қасым» есімі берілді.

Қасым екі жасында шетінеді.

Расулұллаhтың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) екінші ұлы Абдуллаh Ислам келгеннен кейін туылғандықтан, оны Таийб және Тахир деп те атады.[95] Ол да шетінеген соң Құрайш мүшриктерінен Ас бин Уәйл Хазіреті Пайғамбарымыз жайында:

– Оны қоя-қойыңдар. Ол артында ұрпағы ермейтін адам. Өлгеннен кейін еске алынбай ұмытылып кетеді. Сонда сендер де одан құтылып рахаттанасыңдар, - деді.

Осыған байланысты Аллаh Тағала Кәусәр сүресін түсірді:

اِنَّآ اَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ ﴿1﴾ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَانْحَرْ ﴿2﴾
اِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْاَبْتَرُ ﴿3﴾

«Расында біз саған Кәусәрді[96] бердік. Олай болса Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал. Шын мәнінде

95. Ибн Сағд I, 133.
96. **Кәусәрдің** сөздік мағынасы мол, өте көп нәрсе, барлық нәрсенің артығы мен молы дегенді білдіреді. Кәусәр - пайғамбарлық, Құран, Ислам, қайыр, бақыт, шапағат, намаз және Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) мүғжизалары деп тәпсір етілген. Сахих риуаяттар (нақ деректер) бойынша Кәусәр Хазіреті Пайғамбарымыздың жәннаттағы хауызының аты. Қиямет күнінде Мұхаммедтің үмбеті сол хауыздың басына жиналады. (Бұхари, Тәфсир 108)

саған өштескеннің өзі ұрпақсыз». (Кәусәр сүресі 1-3 аяттар) (Ибн Сағд III, 7; Уахиди 494 б.)

Аллаһ Расулінің ұлы нәресте кезінде қайтыс болған соң Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһа):

– Уа, Аллаһтың Расулі! Құлыным сүтін де еме алмады. Аллаһ оның өмірін сүт еметін уақыты біткенге дейін ұзартқанда болар еді, - деді.

Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Ол сүт емуін жәннатта тамамдайды*, - деді.

Хазіреті Хадиша анамыз:

– Уа, Расулұллаһ! Егер бұған толық көзім жетсе ғой, баламның өлімі мұншалықты ауыр тимес еді, - деді.

Адамзаттың асыл Тәжі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Қаласаң Аллаһқа жалбарынып саған оның дауысын естіртейін*, - деді.

Бірақ Хадижатул Кубра (радиаллаһу анһа) сенімділігі мен бағынштылығын тағы да көрсете отырып:

– Жоқ, уа, Расулұллаһ! Мен Аллаһты және Расулін растаймын, - деді. (Ибн Мәжа, Жанаиз 27)

Аллаһ Расулінің төрт қызы бар еді. Олардың ең үлкені Хазіреті Зейнеп болатын. Ол туылған кезде әлемдердің Сұлтаны (аләйһи афдалус-салауат) отыз жаста еді. Одан кейін Хазіреті Руқия туылды.[97]

Руқиядан кейін Үммү Гүлсім, одан соң Фатима дүниеге келді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл кезде

97. Диярбақри I, 273-274.

отыз бес жаста болатын, әрі бұл кезде Қағба қайта салынып жатқан еді.[98]

Пайғамбарымыздың соңғы ұлы хижреттің сегізінші жылында Мария анамыздан туылды. Ибраһимнің кіндік шешесі Үммү Рафи болатын. Оның күйеуі Әбу Рафи Аллаһ Расулінен сүйінші сұрады. Бұл хабарға қатты қуанған Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған сый-сияпат берді. Қасындағыларға да:

– *Бүгін түнде дүниеге ұлым келді. Оған атам Ибраһимнің есімін бердім,* - деді. (Муслим, Фәдәйл 62)

Ибраһим он жеті немесе он сегіз айлық кезінде науқастанып, көп ұзамай шетінеді.[99]

Қағбадағы төрелік

Меккеде қатты сел тасқын болып, Қағбаға едәуір зақым тиді. Сондықтан оны жөндеп қалпына келтіру үшін тайпалар жиналып қол ұшын бере отырып ат салысты. Қағбаны іргетасына дейін жығып, қайта тұрғызуға шешім қабылдады.

Осы кезде қатты дауылда бір кеменің Меккеге жақын Шуайба кемежайына қарай бет алып, сол жерде құрлыққа соқтығысып қирап қалғандығы жайлы хабар келді. Кеме жұмсақ тегіс тастар, құрылыс ағаштары және темір сияқты құрылыс материялдарын әкеле жатыр екен. Олар барып кемедегі тақтайларды сатып алды. Қағбаны жығып қайта тұрғызу ісін жеребе арқылы бөлісті.

98. Ибн Сағд VIII, 19-26.
99. Асри Чубукчу, ДИА, «Ибраһим» мақ. XXI, 273-274.

Құрайштықтар Қағбаның өздеріне түскен бөлігін жығып, қайта тұрғызу ісін бастар алдында Әбу Уахб бин Амр орнынан тұрып:

– Ей, Құрайш жамағаты! Қағбаның құрылысына таза және адал болмаған табыстарыңды араластырмаңдар. Оған жаман жолмен табылған мал-мүлік, өсімнен алынған ақша, я болмаса біреуден тартып алынған ақша қосылмасын, - деді. (Ибн Хишам II, 210; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 305)

Құрайштықтар Қағбаны бұзатын болсақ азапқа ұшыраймыз деп қорыққандықтан бір шешімге келе алмады. Арабтардың арасындағы Қағбаға құрмет көрсету әдеті Ибраһимнің (аләйһиссәләм) шариғатынан бері сақталып келе жатқан қасиетті міндет еді. Құрайш жамағатының зиялыларынан Уәлид бин Муғира:

– Сендердің Қағбаны бұзудағы мақсаттарың не? Жақсылық па, жоқ әлде жамандық па? - деп сұрады.

– Әрине жақсылық, - деді.

Сонда Уәлид:

– Уа қауымым! Сендер Қағбаны жығу арқылы оны дұрыстағыларың келмейді ме? Аллаһ Тағала дұрыстаушылардың көзін жоймайды, - деп, ең бірінші болып Қағбаны бұзуды өзі бастады. Қалғандары оған ерді. (Абдурраззақ Y, 319)

Қағбаның қабырғаларын бір қатар тас, бір қатар тақтаймен байланыстыра отырып тұрғызды. Әлемдердің Сұлтаны да Қағбаның жөнделуіне немере ағасы Аббаспен бірге қатысты. Хажарул Әсуәдті орнына қоятын кез келгенде әрбір тайпа бұл абыройлы міндетті өзі атқарғысы келгендіктен дау-дамай туындады. Бір-бірімен айқайласып, араларында кикілжің пайда бола бастады. Мәселенің арты

қызғанышқа, көре алмаушылыққа айналды. Бір-бірінің қанын төгуге дейін барды. Абдуддар ұлдары іші қанға толы табақ алып келіп, өлгенше шайқасу үшін Ади бин Кааб ұлдарымен серттесті. Сөйтіп соғысқа дайындалды. Берген анттарын қуаттай түсу үшін қан толы табаққа қолдарын батырды. Құрайштықтардың осылай жанжалдасуы төрт-бес күнге созылды.

Ақыры болмаған соң Құрайштың ең қарт ақсақалы Әбу Үмәйя бар даусымен:

– Уа Қауымым! Біз тек жақсылықты қалаймыз, жамандық қаламаймыз. Сендер бұл істе қызғанышқа берілмеңдер. Тоқтатыңдар жанжалды. Бұл мәселені өз арамызда шеше алмадық, олай болса Харам есігінен алғаш кірген кісіні арамызға төреші қылайық. Оның айтқан үкімін де қабыл етейік, - деп, Мәсжид Харамның Бәни Шәйбә есігін нұсқады.

Дәл осы уақытта әлемдердің Сұлтаны Харамның есігінен кіре келді. Барлық адам жымиып, жадырап қалды. Себебі кіріп келген Мухаммәдул Әмин болатын. Құрайштың Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілігі мен құрметі және сенімі күн өткен сайын артып келе жатқан болатын. Тіптен түйе соятын болса әлемдердің Сұлтанын шақыртатын. Ол да келіп істерінің берекеті үшін оларға бата беретін.[100]

Сондықтан Құрайштықтар оны көре салысымен:

– Міне әл-Әмин. Арамызда оның төрелік айтуына барлығымыз разымыз, - деді.

Оған мәселені түсіндірді. Сонан соң ол әрбір тайпадан бір-бір кісі таңдап алды да, үстіндегі ридасын шешіп жер-

100. Абдурраззақ V, 319; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 304.

ге жайды. Артынан Хажарул Әсуәдты ридасының үстіне қойдырып, таңдап алған кісілеріне оның бір-бір ұшынан ұстатты. Мүбәрак тасты барлыға бірге тасыды. Әлемдердің Сұлтаны тасты өз қолымен алып орнына қойды. Осылайша тайпалар арасы соғыстың шығуына бөгет болды.[101]

Оның осылайша көрегендікпен әрекет етуі және теңдессіз кәміл ахлағы, сондай-ақ осы сияқты ұлы қасиеттері, оны Султанул Әнбия дәрежесіне көтеретін пайғамбарлығының белгілері еді. Меккеде туып өскен Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келешекте пайғамбар болатынын ешкім білмеген болуы мүмкін. Бірақ таухидтен айырылмаған кейбір ерекше тұлғалар ақыр заман Пайғамбарының келетінін және уақытының жақындағанын да сезетін. Міне Құсс бин Сайда осылардың бірі болатын.

Құсс бин Сайданың баяндамасы

Құсс бин Сайда Ияд тайпасының көсемі еді. Ол Исаның (аләйһиссәләм) дініндегі бір ғана Аллаһқа сенетін ақын кісі болатын. Ол Уқаз жәрмеңкесінде жалпы көпшілікке пайғамбар келетіндігінен хабар беретін атақты әрі өте ғибратты баяндамасын оқыды. Ол жерде Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да бар еді. Оның баяндамасы мынадай еді:

«Уа, халайық!
Келіңдер, тыңдаңдар, есте сақтап ғибрат алыңдар!

Жанды нәрсенің барлығы өледі, өлген нәрсе жоқ болады. Соңында барлығы жойылады. Оқиғаның соңы бітпейді, бірінен соң бірі келіп отырады.

101. Ибн Хишам I, 209-214; Абдурраззақ Y, 319.

Айтқан нәрселерімді мұқият құлақ салып тыңдаңдар. Көктен бір хабар бар, жерде ғибрат аларлық нәрселер бар. Жер жүзі жайылған төсек, аспан болса биік шатыр. Жұлдыздар әрекет етеді, теңіздер тоқтайды. Келген қалмайды, кеткен келмейді. Барған жерлерінде разы болғандықтан сонда қалып жатыр ма? Әлде ұстап қалып, ұйқыға кетіп жатыр ма?

Ант етейін Аллаһтың алдында бір дін бар, ол сендердің сенген діндеріңнен әлдеқайда артық.

Сондай-ақ Аллаһтың жіберетін пайғамбары бар, келер уақыты да таяп қалды. Оның көлеңкесі төбелеріңе түсіп тұр. Оған иман келтірген, ол да оны тура жолға салған кісі нендей бақытты. Оған қарсы шығып, бас көтерген кісі нендей бақытсыз.

Өмірін ғапылдықпен өткізген ұмбеттерге нендей өкініш.

Ей, адамдар!

Қапыда қалып жүрмеңдер! Барлық нәрсе өткінші пәни, тек Хақ Тағала ғана мәңгілік. Ол жалғыз, ортағы да, ұқсасы да жоқ. Жалғыз оған ғана құлшылық қылынады. Ол туылмаған, тумайды да.

Бұрын келіп-кеткендерде біз үшін көптеген ғибрат бар.

Ей, Ияд тайпасы! Әкелерің мен аталарың қайда? Қайда кетті зәулім сарайлар мен тастан үйлер салған Ад пен Самуд? Дүниелік нәрсесімен тәкаппарланып қауымына «Мен сендердің ең ұлы Раббыларыңмын» деген Перғауын мен Намруд қайда?

Бұл жер оларды диірменінде үгітіп, жоқ қылды. Сүйектері де шіріп жоқ болды. Үйлері де қирап, қаңырап қалды. Олардың орнында қазір иттер мекендеуде. Абай болыңдар, сендер де

олар секілді ғапылдыққа түсіп жүрмеңдер. Олардың жолымен жүрмеңдер. Барлық нәрсе пәнилік, тек Жаббар Хақ қана мәңгілік. Өлімге кіретін қақпа бар, ал шығатын қақпа жоқ. Үлкен-кіші барлығы дүниеден өтеді. Барлығының басынан өткен нәрсе, менің де басыма келеді». (Бәйхақи, Китабуз Зуһд II, 264; Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 234-241; Хайсәми IX, 418)

Құсс бин Сайда бұл керемет сөздерді айтқан кезде, өзі айтқан соңғы пайғамбар Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол жерде екенінен хабарсыз еді. Артынан көп өтпей ол дүние салды. Оның тайпасы пайғамбарлық келген кезде Аллаһ Расуліне барып иман келтірді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға:

– *Құсс бин Сайданың Указ жәрмеңкесінде түйе үстінде отырып: «Жанды нәрселер өледі, өлген нәрсе жоқ болады, болатын нәрсе болады», деп хұтпа оқығаны еш ақылымнан кетпейді. Осы хұтпаны оқи алатын адам бар ма?* - деді.

Келген топ бұл хұтпаны барлығының дерлік оқи алатынын айтты. Әлемдердің Сұлтаны бұған дән риза болды.

Олармен бірге тұрған Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) де:

– Уа, Расулұллаһ! Сол күні мен де ол жерде бар едім. Оның айтқандарының бәрі жадымда, - деп, хұтпаны бастан аяқ оқып берді.

Артынан Ияд тайпасынан бір кісі шығып Құсс бин Сайданың өлеңдерін оқыды. Бұл өлеңдерде Пайғамбарымыздың руы Хашим ұлдарынан ұлы пайғамбар шығатыны ап-ашық айтылған. (Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 234-241)

Ұлы Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құсс бин Сайда жайында былай деді:

«Аллаһ Тағала Құсс бин Сайдаға рақым етсін, ол қиямет күнінде жеке үмбет ретінде тірілтіледі». (Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 239)

Хира үңгіріне оқшаулану

Пайғамбарлықтың келуі жақындаған сайын Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жиі-жиі оңаша қалып, ұзақ уақыт ойға шоматын. Кей-кейде үйінен шығып, Меккеден ұзақтап у-шудан аулақ тыныш жерлерге баратын. Осы кезде қарсы алдынан кездескен ағаштар мен тастар: «әс-Сәләму аләйкә, я Расулұллаһ» деп оған сәлем беретін. Әлемдердің Сұлтаны (аләйһи әкмәлу-т тахият) дереу жан-жағына қарайтын, бірақ ағаштар мен тастардан өзге еш нәрсе көрмейтін.[102]

Осы жайында Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Меккеде бір тас бар еді. Мен пайғамбар етіп жіберілместен бұрын үнемі маған сәлем беретін. Оның қай жерде екенін қазір де білемін», - дейтін. (Муслим, Фәдәил 2)

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) де былай баяндайды:

«Хазіреті Пайғамбарымызбен бірге Меккеде болатынмын. Екеуміз бірге Меккенің біраз жерін араладық. Таулар мен ағаштардың арасынан өттік. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдынан кезіккен таулар мен ағаштардың барлығы: «әс-Сәләму аләйкә, я Расулаллаһ» дейтін». (Тирмизи, Мәнәқиб 6/3226)

102. Ибн Сағд I, 157.

Адамзаттың асыл Тәжі (аләйһиссалату уәссәләм) Рамаз айларында Хира үңгіріне[103] барып, бір ай бойы итикафқа (құлшылық мақсатымен оқшаулану) кіретін. Осы уақытта өзіне келген кедей-кепшіктерді тойдырып, мұқтаждықтарын беретін. Итикафтан шыққан соң үйіне бармастан бұрын Қағбаны тауап қылатын.[104]

Қауымының бұттарға табынғанын көргенде олардан ұзақтап, оқшауланып оңаша жерде қалғысы келетін. Оның оңаша қалған кездегі ғибадаты ой тұңғиығына шому, атасы Ибраһим (аләйһиссәләм) сияқты жер мен көктің жаратушысын ойлап ғибрат алу және Қағбаны тамашалау болатын.[105]

Расулұллаһ (аләйһиссалату уәссәләм) Хираға барған кезде өзімен бірге біршама азық ала баратын. Азығы таусылған соң Хазіреті Хадишаның қасына келіп, жейтін нәрселер алып қайта кететін.[106]

Кейде Хираға Хазіреті Хадишамен бірге баратын.[107]

---

103. Хира – Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғаш уахи келген үңгір орналасқан таудың аты. Хира тауы Меккенің оңтүстік шығысында 5 шақырымдай қашықтықта. Ол «Жәбәли Нур» деп те аталады. Хазіреті Пайғамбарымыздың өмірінде өте маңызды орын алатын Хира үңгірі, таудың шыңынан бірнеше метр төменде орналасқан. Негізінде бұл жер бірінің үстіне бірі жиналған тастардың арасындағы тоннельге ұқсайды. Оның ішінен Қағба анық көрінеді. Биіктігі түрегелгенде кісі бойы тимейтіндей, ені болса кісі ұзыннан жата алатындай кеңдікте. Бұл үңгір Қағба көрінетіндей, айналаны толық бақылайтындай және ойланып толғануға ыңғайлы бір орын. Хазіреті Пайғамбарымыздан бұран да Меккедегі ханифтер кей-кейде Хира тауына барып жалғыз қалатын. Хазіреті Пайғамбарымыздың атасы Абдулмүтталиб те осылардың бірі еді. Ол Аллаһтың бар екендігіне, жаза мен сыйлық беретініне, ақырет күнінің рас екендігіне сенетін. Анда-санда Хира тауындағы үңгірде жалғыз қалып құлшыдық жасайтын. (Фуат Гүнел, ДИА, «Хира» мақ., XYIII, 121-122)
104. Ибн Хишам I, 253-254.
105. Айни I, 61; XXIY, 128.
106. Муслим, Иман 252.
107. Ибн Хишам I, 254.

Адамзаттың асыл Тәжі (аләйһи афдалус салауат) оңаша қалған кезінде жарық сәулелер көріп, әр түрлі дауыстар еститін. Бұларды жындар мен көріпкелдікке қатысты нәрселер деп ойлап қорқатын. Хазіреті Хадишаға:

– *Уа, Хадиша! Сәуегей боламын ба деп қорқамын. Уаллаһи бұттар мен сәуегейлерді жек көргенімдей еш нәрсені жек көрмеймін,* - дейтін. Ол да:

– Ей көкемнің ұлы![108] Олай деме. Аллаһ сені еш уақытта көріпкел қылмайды...». - деп жұбататын. (Ибн Сағд I, 195)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хирада Раббысымен оңаша қалған кезеңі, тұқымның топырақ астында өнуіне ұқсайды. Иманның алғашқы дәні осы жерде егілді, мәңгілік бақыттың шырағы осы жерде жағылды және адамзат үшін тура жолдың шамшырағы Құран Кәрім алғаш осы жерде түсе бастады.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хираға баруына түрткі болған сырт көрініс те халық арасында жайлаған азғындық пен зұлымдықтың көңілді сыздатқан жан азабы және бүкіл әлемді қамтыған мейірім еді. Ал шын мәнінде болса адамзатты мәңгілік бақытқа жетелейтін Құран Кәрімнің иләһи құзырдан Мұхаммед арқылы адамзатқа жіберілуіне дайындық кезеңі еді. Бұл жағдай жоғары кернеулі электр тогының жерге таралуы сияқты еді. Бұл тек Аллаһ пен Сүйіктісінің арасындағы сыр болғандықтан, адамдардың көзінен ұзақ бір үңгірде іске асты. Хира кезеңі қарапайым адамдар көтере алмайтын уахидің ауыр жүгін арқалай білу үшін Пайғамбардың жаратылысынан бар қабілеттің сыртқа шығу дәуірі еді. Болатқа

108. «Көкемнің ұлы», «бауырымның ұлы» сияқты сөздер арабтардың арасында кеңінен қолданылатын қаратпа сөз. Көбінесе жекжат жағынан туысқан болғандарға айтылады.

айналу қалай темірдің табиғатына тән болатын болса, оның да жаратылысында пайғамбарлық қабілеті бар еді.

Бұл сырды толығымен игеруге адам ақылының күші жетпейді және оны түсіндіруде адам тілінің аясы тар.

Расулұллаһтың (аләйһиссалату уәссәләм) Хирада адамдардан ұзақтап, оқшауланыуынан және кейінгі өмірінде жүйелі түрде итикафқа кіруінен мына нәрсені ұғамыз: мұсылман қаншалықты ғибадат етсе де, кей-кейде жалғыз өзі оңаша қалып, өз-өзінен есеп алып, мына әлемдегі Жаратқанның құдіретін ойлап ғибрат алмайынша толық кәмілдікке жете алмайды. Бұл әрбір мүминнің ең аз мөлшердегі орындауы қажет міндеті. Адамдарға жетекшілік ететін адамдар болса Аллаһтың құдіретін ойлап ғибрат алуға және өзін-өзі жиі есепке алып отыруға басқалардан бетер мұқтаж.

Құран Кәрім алғашқы аятынан соңғы аятына дейін адам баласына терең ойлану арқылы санаға Аллаһқа құлшылық жасау сезімін орнықтыруды үйретеді. Иманның ләззатын осылайша сезінуге болады. Кісі осыдан кейін барлық жерде және барлық уақытта Хақ Тағаланың ризашылығын алуға әрекет етеді. Нәтижеде көңілге қонған Аллаһтың ұлылығы мен құдіретінен туындаған ғибраттар арқылы құл Раббысына жақындап, ақиқатқа қауышады.

Мүмин үшін ең маңызды нәрселердің бірі «махаббатуллаһ (Аллаһқа деген махаббат)».[109] Аллаһты шын сүюдің жолы ал-

109. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұғаларында: Аллаһ тағаланың махаббатын қалап, оны жалбарынып сұрап:

اَللّٰهُمَّ اِنِّى اَسْاَلُكَ حُبَّكَ وَ حُبَّ مَنْ يُحِبُّكَ وَ الْعَمَلَ الَّذِى يُبَلِّغُنِى حُبَّكَ.

اَللّٰهُمَّ اجْعَلْ حُبَّكَ اَحَبَّ اِلَىَّ مِنْ نَفْسِى وَ اَهْلِى وَ مِنَ الْمَاءِ الْبَارِدِ

«Аллаһым! Сенен өзіңе деген махаббатты, Сені шын сүйетіндерге деген махаббатты және Сені шын сүюге жетелейтін әрекеттерді жалбарынып сұраймын. Аллаһым! Маған, Саған деген махаббатты өз жанымнан,

дымен оған иман келтіру. Кейін Аллаһтың қайырымдылығы мен мейірімділігін үнемі ойлау, оның ұлылығы мен құдіретін терең ойлап одан ғибрат алу және жүрекпен әрі тілмен оны өте көп зікір ету.[110] Бұлар ішкі жан дүниені бос нәрселерден және дүниелік тіршіліктерден аулақ ұстап, жалғыз өзі оңаша жерде қалмайынша іске аспайды.

Бұл жерде мынаны да біліп алған жөн, оқшауланудан мақсат адамдардан безіп, қоғамнан қашып, таулар мен үңгірлерді мекендеу емес. Мұндай әрекет Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен асхабының іс-әрекетіне қарама-қайшы.

Бұл жайында Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Адамдармен араласып, олардың зорлық-зомбылығына төзе білген мұсылман, озбырлығына төзе алмай олардан ұзақ тұрған мұсылманнан қайырлы», - деген. (Тирмизи, Қиямет 55)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қой бағуы, Фижар соғысына және «Хилфул Фудул» ұйымына қатысуы, сауда-саттық жасауы, Қағбаны қайта жөндеу кезінде қол ұшын беруі және осы сияқты көптеген әрекеттері оның пайғамбарлықтан бұрын да үнемі халықпен араласып, қарым-қатынаста болғанын көрсетеді. Ол қоғамдағы барлық

отбасымнан, мал-мүлкімнен және салқын судан да артық қыл», дейтін. (Тирмизи, Дағуат 72)

110. Ибн Аббас (радиаллаһу анһумә): يَآ اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا اذْكُرُوا اللهَ ذِكْرًا كَثِيرًا **«Ей, иман келтіргендер! Аллаһты өте көп зікір етіңдер»** (Ахзаб сүресі 41-аят) деген аяттың тәпсірінде былай келтіреді:
«Аллаһ Тағала құлдарына міндетті қылған парыздарына белгілі шектеу қойған. Бұл мәселелерде үзірі барлардың үзірін де қабыл еткен. Бірақ зікір бөлек. Аллһ Тағала ол үшін белгілі бір шектеу белгілемеген. Зікірді тәрк еткен ақыл есі бүтін барлық адамның үзірін қабыл етпейді. Адамдарға барлық уақытта зікір етіп жүрулерін (Аллаһты еске алып жүруді) бұйырған». (Табәри, XXII, 22; Қуртуби XIY, 197)

пайдалы, әрі ізгі істерге қатысып, ондағы жаман істерден аулақ тұратын, еш уақытта оларға жақындамаған.

Оңаша қалып оқшауланудың мақсаты ішкі жан-дүниесін арылдыру. Дәрінің ем болуы үшін уақытында, жеткілікті мөлшерде ішу қажет. Белгіленген мөлшерінен артық қолданылған уақытта пайдасы емес зияны тиері сөзсіз.[111]

Балалық және жастық шағына талдау жасау

Аллаһ Тағала бүкіл әлемге рахмет ретінде жіберген сүйікті Пайғамбарын Адам атадан бастап ең пәк және абыройлы нәсілдерден өткізе отырып мына жарық дүниеге әкелген. Бұл ерекше нәсілдерді бірнеше жағынан басқалардан артық етіп, сүйіктісінің бүкіл ата-бабасын өз замандарының құрметті адамдары қылған. Мұны ақын тамаша жырлаған:

Раушан гүлдің негізі раушан,
Пайғамбардың нәсілі раушан...

Ең алғашқы адам әрі пайғамбар Адам атадан (аләйһиссәләм) бастап бүкіл пайғамбарлардан оған иман келтіріп, оның келетіндігін хабар берулері үшін сөз алынған. Сондай-ақ оның келетіндігін білдіретін көптеген оқиғалар болған.

Осылайша Аллаһ Тағала адамзатқа жіберетін әзиз пайғамбарының бүкіл ерекшеліктерін ұсына отырып, ақыл-есі дұрыс құлдарының оған иман келтірулерін оңайлатқан.

Әке-шешесінен айырып, жетім қылып оны тәрбиелеуді өз қолына алған және ең көркем түрде тәрбиелеген. Болашақта аманат ретінде қарамағына берілетін адамдарға өте

111. Бути, 79-82 бет.

мейірімді әрі қайырымды болуы үшін және оларға барынша қолқанат болуы үшін оның басына кейбір қиындықтар мен тауқыметтер берген.

Сүйіктісін надандықтың бүкіл жамандығы мен індетінен қорғап, оның абыройына бірде-бір дақ түсірмеген және оған ең кәміл көркем мінезді берген.

Адамдар оны шыншыл, әділ, ықыласты, мейірімді, қолы ашық, қанағатшыл, сөзіне берік деп танитын және алғыр, түсінігі мол деп біліп, барлық істе оған сенім артатын. Аллаһ Тағала оның бойына барлық жақсы қасиеттерді дарытқан еді. Дұшпандары да оның көркем мінезді екенін жоққа шығармаған. Тіпті пайғамбарлық келместен бұрын өздері оған «әл-Әмин» атын берген. Әлемдердің асыл тәжі Хазіреті Пайғамбарымыздың Қағбада жасаған төрелігі де оның Құрайш беделділерінің арасында абыройға ие екенін көрсетеді. Олар Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сөйлегенде туралықты айтатынынан, өздерімен бірге жұмыс істегенде бар ықыласымен кірісетінінен, одан жәрдем сұрағанда шын жүректен қол ұшын беретінінен еш күмәнданбайтын.

Аллаһ Тағала оны көркем мінез-құлықты етіп жаратқан, әрі сонымен өмір сүрдірген. Ол барлық адамдарға көркем өнеге бола білген және оларды тура жолға жетелеген. Адамдар абырой мәртебеден гөрі мінез құлыққа көбірек тәнті болады. Данышпандарды қолдағанымен, тек көркем-мінезді кісілердің ғана соңынан ереді.

Пайғамбарлықтың Мекке Кезеңі



II БӨЛІМ

"ХИКМЕТ"
баспа үйі

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ МЕККЕ КЕЗЕҢІ

Уахидің бастамасы. Шынайы түстер

Адамзаттың асыл тәжі Хазіреті Пайғамбарымыз кіршіксіз жастық шағы мен өнегелі ерекше отбасылық өмірінен кейін қырық жасқа келгенде пайғамбарлық мәртебесін алды. Қырық жасқа толуына алты ай қалғанда Аллаһ Тағала оған Меккедегі Хира үңгірін қасиетті мектеп ретінде ұсынды.

Кітап-дәптерсіз және қаламсыз тәлім берілетін иләһи дәрісханада Хазіреті Пайғамбарымыз Раббысынан екеуінің арасында мәңгі сыр болып қалатын дәрістер оқыды. Осылайша уахиға дайындалды.

Бұл дайындықтың алғашқы алты айы біздің түсінігімізше «руя садықа», яғни шынайы түстермен өтті. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түсінде не көрсе, өңінде дәл солай іске асып отырды. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) айтады:

«Хазіреті Нәбиге уахи ұйқыда кезінде руя садықа (шынайы түс) түрінде келе бастады. Көрген әрбір түсі өңінде айнымастай дәл солай іске асатын». (Бұхари, Бәду-л Уахи 3)

Пайғамбарлық өте ауыр әрі қиын міндет болғандықтан Хазіреті Пайғамбарымыздың осы маңызды міндетке дайындалуы үшін Жәбрейіл (аләйһиссәләм) ең алдымен оның түсіне кіре бастады.

Алқамабин Қайстың риуаятетуі бойынша пайғамбарларға жіберілген хабарлар және әмірлер мен тыйымдар ең алдымен көңілдері орныққанға дейін түстерінде беріледі. Кейін барып уахи түрінде түсіріледі.[112]

Сондықтан пайғамбарлардың уахи алу жолдарының бірі түс болатын. Бұған Ибраһимнің (аләйһиссәләм) аят кәримада айтылған мына сөзі дәлел:

يَا بُنَىَّ اِنِّىٓ اَرٰى فِى الْمَنَامِ اَنِّىٓ اَذْبَحُكَ فَانْظُرْ مَاذَا تَرٰى

«...Құлыным! Мен түсімде сені бауыздап жатқанымды көріп жүрмін. Бұған не айтасың?» (Саффат сүресі 102-аят)

Бұған қоса пайғамбарлардың көздері ұйықтағанымен жүректері ұйықтамайды.[113] Олай болса олардың түстерінде де уахи алуларына ешқандай бөгет жоқ.

Кейіннен Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шынайы түсті: *«пайғамбарлықтың қырық алтыдан бірі...»* деп атаған. (Бұхари, Тәбир 26; Муслим, Руя 6)

Шынымен де осы алты айлық уақыт, жиырма үш жылға жалғасқан пайғамбарлықтың қырық алтыдан біріне тең келеді.

112. Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 55.
113. Бұхари, Мәнәқиб 24.

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҮШ ЖЫЛЫ ЖАСЫРЫН ДАҒУАТ КЕЗЕҢІ

Алғашқы уахи және уахидің кешіктірілуі

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қырық жаста болатын. Уахиді қабылдай алатындай рухани дәрежеге жету үшін дайындық ретінде өткен алты айлық уақыт аяқталды.

Қасиетті Рамазан айының он жетінші күні еді.[114] Ардақты Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әдеттегісіндей Хира үңгірінде болатын. Жәбрейіл (аләйһиссәләм) келіп Хазіреті Пайғамбарға:

– Оқы, - деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз:

– *Мен оқи алмаймын*, - деп жауап берді.

Сонда періште Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тынысы тарылғанға дейін қатты қысты. Сосын тағы да:

– Оқы, - деді.

Әлемдердің Сұлтаны тағы да:

– *Мен оқи алмаймын*, - деп жауап қайтарды.

114. Ибн Сағд I, 194.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм) оны екінші рет қатты қысып-қысып жіберді. Сонан соң тағы да:

– Оқы, - деді.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы да:

– *Мен оқи алмаймын ғой (нені оқиын)?* - деді.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм) әлемдердің Сұлтанын үшінші рет қысып-қысып жіберді. Артынан оған Аллаһтың уахиін былай баяндады:

اِقْرَاْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِى خَلَقَ ﴿1﴾ خَلَقَ الْاِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ ﴿2﴾
اِقْرَاْ وَرَبُّكَ الْاَكْرَمُ ﴿3﴾ اَلَّذِى عَلَّمَ بِالْقَلَمِ ﴿4﴾
عَلَّمَ الْاِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ ﴿5﴾

«Жаратқан Раббыңның атымен оқы. Ол адамды үйыған қаннан жаратты. Оқы, сенің Раббың өте ардақты. Ол қаламмен жазуды үйретті. Адамдарға білмеген нәрселерін үйретті». (Алақ сүресі 1-5 аяттар)

Осы иләһи әмірмен Расулұллаһқа адамзат үшін Аллаһтың ең ұлы сыйы Құран Кәрім түсе бастады.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рахмет және шипа ретінде көктен жер жүзіне түсе бастаған Құран Кәрімнің осы алғашқы аят кәрималарын қабыл алды. Жәбрейіл (аләйһиссәләм) кеткен соң уахидің үрейінен қатты қалтырап Хазіреті Хадиша анамызға барды да:

– *Мені орап үстімді жапшы, мені орап үстімді жапшы,* - деді.

Біраз уақыт дем алғаннан соң басынан өткен осы жағдайды, құдай қосқан қосағы Хадижатул Кубра анамызға айтып берді. Мазасыз күйде:

– *Уа Хадиша! Енді маған кім сенеді?* – деді.

Мүбәрак жұбайы әлемдердің Сұлтанына:

«Аллаһқа ант етейін, Аллаһ (Жәллә жәләлуһу) еш уақытта сенің бетіңді жерге қаратпайды. Себебі сен туысқандарыңды қорғайсың, әл-ауқаты нашарларға қол ұшын бересің, жоқ-жітікке қайыр садақа бересің, ешкімнің қолынан келмейтін жақсылықта жасайсың, қонақжайсың, Хақ жолында барлық нәрсеге көмегіңді аямайсың.

Ей, Аллаһтың елшісі! Саған мен сенемін әрі сені растаймын. Аллаһ жолына ең алдымен мені шақыр», - деп ең алғаш оған сеніп, қолдаған кісі болды.

Яғни Хазіреті Хадиша анамыз оған:

– Жақсылық тек жақсылық әкеледі. Жақсылыққа жақсылықтан басқа не нәрсе лайық бола алады? - деп үн қатқандай еді.

Сөйтіп ол Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кіршіксіз және мінсіз өткен өмірін, жарқын болашақтың жаршысы әрі іргесі деп бағалады. Бұл турасында Хақ Тағала былай дейді:

هَلْ جَزَآءُ الْاِحْسَانِ اِلَّا الْاِحْسَانُ

«Жақсылыққа тек жақсылық лайық емес пе?» (Рахман сүресі 60-аят)

Осыдан соң Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһа) ардақты Расулді (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасының ұлы Ураҡа бин Нәуфәлға ертіп апарды.

Уарақа бин Нәуфәл жәһилият дәуірінде бұтқа табынбаған кісілердің бірі еді. Өзі Христиан болатын. Ибрани тілін білетін, әрі Інжілден оқығандарын жазып отыратын. Әбден қартайып, көздері көрмей қалған еді. Хазіреті Хадиша анамыз оған:

– Уа, ағамның ұлы! Бауырыңның ұлы не деп жатқанын тыңдашы? - деді.

Уарақа таңырқап:

– Бауырымның ұлына не бопты? - деп сұрағанда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрген нәрселерін оған баяндап берді.

Айтылған нәрселерден ақыр заманның ең негізгі ақиқаттарын сезген Уарақа алдымен біраз күлімсіреп, артынан терең ойға кетті. Сосын:

– Бұл көргенің, Аллаһ Тағала Мұсаға жіберген Намусу Әкбәр (Жәбрейіл). Әттең сен адамдарды дінге шақыратын күндерде жас жігіт болсам ғой. Қауымың сені еліңнен қуатын кезде мен де тірі болсам ғой, - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аң-таң болып:

– *Олар мені елімнен қуады ма?* - деп сұрады. Сонда ол:

– Иә! Сенің әкелген дініндей дін алып келген барлық пайғамбар зұлымдыққа ұшырап, озбырлық көрген және елдерінен қуылған. Егер сенің дінге шақырған күндеріңе жете алсам аянбай саған жәрдем етермін, - деп жауап берді.

Осы кездесуден кейін көп ұзамай Уарақа дүние салды. Осыдан кейін уахи да кешіктіріліп, біраз уақыт тоқтап қалды. (Бұхари, Бәду-л Уахи 1, Әнбия 21, Тәфсир 96; Муслим, Иман 252)

Аллаh Тағала кейін түсірген аят кәрималарында Расуліне былай деп тіл қатты:

وَكَذٰلِكَ اَوْحَيْنَآ اِلَيْكَ رُوحًا مِنْ اَمْرِنَا مَا كُنْتَ تَدْرِى مَا الْكِتَابُ
وَلَا الْاِيمَانُ وَلٰكِنْ جَعَلْنَاهُ نُورًا نَهْدِى بِهٖ مَنْ نَشَآءُ مِنْ عِبَادِنَا
وَاِنَّكَ لَتَهْدِٓى اِلٰى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ

«Осылайша саған әмірімізбен рухты (Құранды) **уахи еттік. Сен кітаптың не екенін, иманның не екенін білмейтін едің. Бірақ біз оны нұр қылдық. Онымен қалаған құлдарымызды тура жолға саламыз. Күмәнсіз сен түп-тура жолға бастайсың».** (Шура сүресі 52-аят)

اِنَّا اَوْحَيْنَآ اِلَيْكَ كَمَآ اَوْحَيْنَآ اِلٰى نُوحٍ وَالنَّبِيّٖنَ مِنْ بَعْدِهٖ

«Біз Нухқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи жібергеніміздей саған да уахи жібердік...» (Ниса сүресі 163-аят)

Расулұллаhқа (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) ең алғаш келген уахидің ең бастапқы «Оқы!» сөзіне көңілі ояу, Аллаh достары былай түсініктеме берген:

«Оқы! Барлық нәрсені оқы! Алаhтың кітабын оқы! Аллаhтың аяттарын оқы! Әлемнің кітабын оқы! Үнемі оқы! Адасудан сақтанып, тура жолға түсу үшін оқы! Иманыңды толықтыру үшін оқы! Аллаhтың атымен оқы! Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Адамды ұйыған қаннан жаратқан, әрі оған барлық нәрсені оқып түсіну және түсінгенін іске асыру мүмкіндігін берген Ұлы Раббыңның атымен оқы! Адамға оқу нығметін сыйлап, ең керемет сыйды берген Аллаhтың атымен оқы! Үйрену үшін оқы! Құдірет

қаламының осы әлемге жазған әрбір қатарын оқы! Адамға білмеген нәрсесін үйреткен Аллаһтың атымен оқы!»

Хазіреті Мәуләна да кітап оқу кезеңін «Шикі едім» деп, әлемнің сырларын оқу кезеңін «Пістім» деп, ал иләһи сырларды оқып, оның ыстық жалынына күйген кезеңін болса «Жандым» деп атап, өзі өткен рухани сатыларды баяндаған.

Аятта айтылған «Оқы!» бұйрығы өте маңызды. Сондай-ақ оқыған кезде Аллаһтың атымен оқу онан да маңызды. Бұл «Оқы!» бұйрығының қалай орындалатынын көрсетуде.

«Оқы!» бұйрығы тек қана сыртқы нәрсені оқы деген бұйрық емес, сонымен қатар жүректің рухани түрғыдан арылып, тазару арқылы кітап пен хикметті қабылдай алатын халге келуі деген сөз. Бұл жерде барлық нәрсені жүрекпен оқи білу айтылған. Яғни мына әлем бір кітап, жүрек әлемінің парақтарын аша отырып хикметті, иләһи сырларды оқиды. Қысқасы адамның әлемді, өзін, Құран Кәрімді оқып, мұны ұғына отырып іске асыруы.

Бұл алғаш түскен аяттардан мынадай нәтиже шығаруға болады:

Барлық істі Аллаһтың атымен бастау керек.

Ұйыған қаннан жаратылып, өте сұлу бейнеге енген адам Аллаһтың құдіретінің қасында өзінің әлсіз, тіпті жоқ екендігін еш уақытта естен шығармауы қажет.

اَلَّذِى عَلَّمَ بِالْقَلَمِ ﴿4﴾ عَلَّمَ الْاِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ ﴿5﴾

«Қаламмен жазуды үйретті. Адамдарға білмеген нәрселерін үйретті». (Алақ сүресі 4-5 аяттар) деген аяттарында адам үшін ғылымның өте маңызды екендігі айтылған. Сондай-ақ адамның барлық білетін нәрселерін оған Хақ

Тағала үйреткендігі, мұның Аллаһтың ұлы сыйы екендігі меңзелген.

Олай болса адам баласы Раббысының ұлылығын әрдайым естен шығармауы қажет, еш уақытта жақсылықтың қадірін ұмытпауы керек.

Алғашқы уахидан соң, ұзақ уақыт бойы уахи келмеді. Мұның себебі кейін бірінен соң бірі келетін уахиларға Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дайындалуы болатын. Өйткені уахиді қабылдау өте ауыр міндет, оны оп-оңай қабылдай салу мүмкін емес. Хақ Тағала бұл ақиқатты мына аят кәримасымен былай баяндаған:

اِنَّا سَنُلْقِى عَلَيْكَ قَوْلًا ثَقِيلًا

«Шынында да біз саған ауыр сөзді (уахи) **жүктейміз»** (Мүззәммил сүресі 5-аят).

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шынайы түстерден кейін қарсы алдынан бірден уахи періштесін көргенде қатты мазасызданған еді. Хазіреті Хадишаның жұбатуынан және Уарақаның қолдауынан кейін көңілі қайта орнықты. Енді ол жаңа уахидің келуін қатты қалап, тағатсыздықпен күте бастады. Кей-кейде алғаш уахи келген Хира тауына шығып иләһи уахиді күтетін.

Уахи кешігіп, оның келуін күтіп жүрген күндерінде оған ең көп қолдау көрсетіп сүйеніш болған Хазіреті Хадиша анамыз еді. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның рухани тереңдігі мен көркемдігін еш уақытта ұмытпады. Хазіреті Хадиша қайтыс болған соң үнемі құрбан шалынатын болса бір бөлігін оның туыстарына жіберетін. Аллаһ Расулі оны әрқашан құрметпен еске алып отыратын.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірі басқа пайғамбарларға нәсіп болмаған адам қиялы жетпейтін ұлы дәрежелерге ие. Аллаһ (жәллә жәләлуһу) «Хабибім» (Сүйіктім) деп тек қана оны атаған. Пайғамбарлардың арасында тек оған ғана Аллаһ Миғражды нәсіп етті.

Ақса мешітінде бүкіл пайғамбарларға имам болып намаз оқуы оның мәртебесінің олардан үстем екенін көрсетті. Мұса (аләйһиссәләм) пайғамбардың لَنْ تَرٰىنِى «лән тарани» сыры, Миғраж кезінде Расулұллаһтың бойында قَابَ قَوْسَيْنِ اَوْ اَدْنٰى «қаба қаусайни әу әдна» түрінде көрініс тапты.[115]

---

115. «لَنْ تَرٰىنِى **Лән тарани - мені әсте көре алмайсың»** (Ағраф сүресі 143-аят). Мұса (аләйһиссәләм) Тур Сина тауында Аллаһ Тағаламен сөйлесу үшін белгілі дайындық кезеңінен өтті. Оған отыз күн ораза ұстауы әмір етіліп, бұған тағы он күн қосылып қырық күнге толтырылды. Бұл өмірдің күйбең тіршілігінен қол үзіп Аллаһпен сөйлесуге дайындық еді. Хақ Тағала Мұсамен (аләйһиссәләм) тіл, дауыс секілді сөйлесу құралдарымен емес, өзінің кәләм сипаты арқылы сөйлесті. Хазіреті Мұса өзімен бірге куә ретінде алып келген жетпіс кісі мен Жәбрейіл (аләйһиссәләм) олардың сөйлескенін естімеді, тіпті сезбеді де. Мұса (аләйһиссәләм) Аллаһпен сөйлескен кезде есінен танып дүниеде ме, ақыретте ме екенін ұмытты. Заман мен мекен өлшемдерінің тысына шықты. Аллаһтың жамалын көруді аңсап, бұған құштарлығы оянды. Сонда Хақ Тағаладан «Лән тарани, яғни мені мүлде көре алмайсың» деген хабар келді. Мұса (аләйһиссәләм) өзін-өзі ұстай алмай бұл тілегін қайталап қоймаған соң Хақ Тағала оған тауға қарауды бұйырды. Егер тау орнында шыдап тұра алса өзінің жамалын көре алатынын айтты. Риуаяттарға қарағанда сансыз перделердің артынан Хақ Тағаланың нұры тауға түскен кезде, тау быт-шыт болды. Осы кезде Мұса (аләйһиссәләм) есінен танып қалды. Есін жиған соң қатты кеткендігі үшін Хақ Тағаланы ұлықтап, оған жалбарынды.

Құранның бұл қыссасынан мынадай нәтиже шығаруға болады: Бұл әлемде Аллаһ Тағаланың нұрына да шыдап тұра аларлық ешқандай жер жоқ. Таудың Хақ Тағаланың сәулесін де көтере алмай быт-шыт болғандығы мұның нақты айғағы. Хақ Тағала заттық тұлғасы жөнінен ғайып, ал сипаттары жөнінен айқын белгілі. Осы себептен Құран Кәрімде мүминдер танытылған кезде اَلَّذِينَ يُؤْمِنُونَ بِالْغَيْبِ **«Олар ғайыпқа иман келтіреді»** деп бірнеше рет баяндалған.

Сонымен қатар Хақ Тағаланың заттық бейнесін көруге адамдардың шама-шарқы жетпейді. Бұл да Мұсаның (аләйһиссәләм) есінен танып

Аллаһпен қауышу кезі болып саналатын намаз бүкіл үмбетке рухани Миғраж ретінде тарту етілді. Сондай-ақ алғашқыда елу уақыт намаз парыз етілген болатын. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өтініш білдіруінің арқасында Мұхаммед үмбетіне бес уақыт намаз парыз етілді.

Жетім әрі сауат ашпаған Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) иләһи тәлім-тәрбие алған соң бүкіл адамзатқа жол басшы, ғайып әлемінің ақиқаттарын түсіндіретін тілмаш және ақиқат мектебінің ұстазы ретінде келді. Зия Паша мұны былай өлең жолына қосады:

Бір мектепке ұстаз болды
Мұғалімі оның Аллаһ еді.

Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм) бірнеше шариғат үкімдерін алып келді. **Хазіреті Дәуіт** (аләйһиссәләм) өлең жолдарымен Аллаһқа дұға және тілек жасаумен ерекшеленді. **Хазіреті Иса** (аләйһиссәләм) адамдарға көркем мінезді, дүние сүйіспеншілігін жүрекке кіргізбеуді үйрету үшін жіберілген еді. **Хазіреті Мұхаммед Мұстафа**

қалғандығынан белгілі. Сондықтан бұл әлемде Аллаһтың көрінуі мүмкін емес. Мұның себебі де Хақ Тағаланың көрініс табуы өте ауыр әрі күрделі нәрсе болғандықтан және адамдар мен жындардың бұған шамасы жетпегендігінен.

قَابَ قَوْسَيْنِ اَوْ اَدْنٰى **«Қаба қаусәйни ау әдна - Беттестірілген екі садақ арасы, тіпті одан да жақын»** (Нәжм сүресі 9-аят) – Хазіреті Пайғамбар Миғраж түнінде ешқандай жаратылыстың, тіпті Жәбрейіл (аләйһиссәләм) де өте алмайтын Сидратул Мунтаханың (Аллаһтың маңайындағы ешқандай жаратылыс өте алмайтын аймақ) арғы жағына өткізілді. Адамдар ұға білу үшін аятта **«Беттестірілген екі садақ арасы немесе одан да жақын»** деп түсіндірілген бұл жақындық құлдардың түсініп, ұғына алмайтынындай түрде іске асты.

Бұл Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм) мен Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басынан өткен Аллаһтың көрініс табу оқиғасының біз түсіне алатындай дәрежеде баяндалуы.

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса осылардың барлығын қоса алып келді. Шариғат үкімдерін әкелді. Ішкі жан дүниені арылдырып, кіршіксіз көңілмен және пәк жүрекпен Аллаһқа жалбарынуды үйретті. Ең көркем ақлақты үйретті және оны өз өмірінде іс-жүзіне асырып осы үйреткендеріне өнеге әрі үлгі болды. Дүниенің алдамшы қызықтарына алданып қалмауға үгіттеді. Қысқасы, барлық пайғамбарлардың қызметі мен міндеттерін өз бойында жинап, іс-әрекетімен көрсете білді. Тектілік пен әдептілік, сымбаттылық пен кәмілдік оның бір өзінің бойына жиналды.

Оның қырық жасқа толуы адамзат тарихына үлкен өзгеріс енгізді. Қырық жыл бойы надандықтың шырмауына оралған қоғаммен бірге өмір сүрді. Сонан соң әкелген жақсылықтарының көпшілігі халқына бейтаныс еді. Оны мемлекет қайраткері, шешен ретінде танымайтын. Ұлы қолбасшы болғандығын айту былай тұрсын, қатардағы жауынгер де емес еді.

Өткен қауымдар мен пайғамбарлардың тарихынан, қиямет күнінен, жәннат пен тозақтан еш уақытта сөз қозғамаған. Тек өзіне ғана қатысты көркем мінезімен адал өмір сүрген. Бірақ Хира үңгірінен нұсқаумен оралған соң барлық нәрсе толығымен өзгерді.

Уахидың ақиқаты және келу түрлері

Уахи сөзі жылдам ишарат ету, қағазға түсіру, пайғамбарлық, жасырын сөйлеу және көкейге салу деген мағыналарды білдіреді. аллаһ Тағаланың қалаған нәрсесін пайғамбарларына қалаған жолымен жеткізуіне де уахи деп атайды. Жаратушы Тағала былай дейді:

وَمَا كَانَ لِبَشَرٍ اَنْ يُكَلِّمَهُ اللهُ اِلَّا وَحْيًا اَوْ مِنْ وَرَآئِ حِجَابٍ
اَوْ يُرْسِلَ رَسُولًا فَيُوحِيَ بِاِذْنِهٖ مَا يَشَآءُ اِنَّهُ عَلِيٌّ حَكِيمٌ

«Аллаһ адам баласымен тек уахи ету жолымен немесе перде артынан, не болмаса бір елші жіберіп бүйрығымен қалаған нәрсесін уахи ету арқылы тілдеседі. Ол өте ұлы әрі хикмет иесі». (Шура сүресі 51-аят)

Хазіреті Айшаның (радиаллаһу анһа) айтуына қарағанда Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Аллаһтың Расулі! Саған уахи қалай келеді? - деп сұралды. Сонда ол былай деді:

– Кейде ол қоңырау үніне ұқсас дауыс түрінде келеді. Мен үшін бұл уахидің ең ауыр түрі. Аллаһ Тағаланың айтқандарын жаттап алған соң, періште менен кетіп қалады. Кейде маған періште адам кейіпінде келеді. Менімен сөйлеседі. Мен де оның айтқандарын жадымда сақтап қаламын». (Бұхари, Бәдул Уахи; Муслим, Фәдәил 87)

Ислам ғұламалары әр түрлі риуаяттарға сүйене отырып уахидың келу түрлерін анықтап былай белгілеген:

1. Уахи кейде ұйқыда шынайы түс көру арқылы келген. Кейін көрген түсі дәл солай іске асып отырған.

2. Періште көрінбестен уахи Пайғамбардың (аләйһиссалату уәссәләм) жүрегіне салынатын.

3. Уахи періштесі «Жәбрейіл хадисіндегі»[116] секілді адам кейіпінде келіп, уахиді білдіретін.

116. Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мешітте отырған кезде Жәбрейіл (аләйһиссәләм) адам бейнесінде келіп Иман, Ислам, Ихсан және қияметтің белгілері жайында сұрақтар сұраған. Осы арқылы асхабы кирамның діндерін үйренулерін қалаған. Осы оқиғаны түсіндіретін хадис «Жәбрейіл хадисі» деп аталған. (Бұхари, Иман 37; Муслим, Иман 1, 5)

Абдуллаһ бин Аббастың (радиаллаһу анһумә) баяндаған мына риуаяты да уахидің осы түрде түскендігіне тамаша мысал:

«Әкем Аббас екеуміз Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында едік.

Аллаһ Расулінің (аләйһиссалату уәссәләм) жанында бір кісі тұр еді. Пайғамбарымыз онымен сыбырласып жатты. Сол себептен әкеме көңіл бөле алмады. Біз ол жерден кеткеннен соң әкем маған:

– Балам! Аллаһ Расулінің маған көңіл аудармағанын байқадың ба? - деді. Мен:

– Әкетай! Оның қасында бір кісі бар еді ғой, сонымен сөйлесіп жатқан болатын, - дедім.

Сонан соң дереу Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына қайтып бардық. Әкем оған:

– Уа, Расулұллаһ! Абдуллаһқа осылай-осылай деп едім, ол маған сіздің қасыңыздағы бір кісімен сөйлесіп жатқаныңызды айтты. Шынымен де қасыңызда біреу бар еді ме? - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған бұрылып:

– Ей, Абдуллаһ! Сен оны көрдің бе? - деп сұрады.

Мен:

– Иә! Көрдім, - дедім.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса:

– *Ол Жәбрейіл болатын. Сондықтан саған көңіл бөле алмадым,* - деді. (Ахмед I, 293, 294; Хайсәми IX, 276)

4. Кейде уахи ерекше қоңырау үні секілді келетін. Бұл үн тоқтаған соң Хазіреті Пайғамбарымыздың жадында періштенің айтқан нәрселері жатталып қалатын.

5. Жәбрейіл (аләйһиссәләм) екі мәрте өз кейіпінде көрініп уахи әкелген болатын. Бұлардың біріншісі уахидің уақытша тоқтауынан кейін Хазіреті Пайғамбарымыз Хира үңгірінен түсіп келе жатқанда болды. Ал екіншісі Миғраж түнінде Сидратул Мунтахада іске асты.

6. Миғраждағы секілді уахи періштесінің себебінсіз Аллаһ Тағаланың тікелей Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахи беруі.

7. Аллаһ Расулі ұйқыда кезде Жәбрейілдің (аләйһиссәләм) уахи әкелуі. Кейбір тәпсіршілер Кәусәр сүресінің осылай түскендігін айтуда.

Кейбір сахабалардың айтуынша уахи келген кезде Хазіреті Пайғамбарымыз қатты қиналып, жүзі қызарып кететін, көздерін тас жұмып, басын төмен иіп алатын. Асхабы кирам да бастарын төмен иетін. Уахи келіп біткенге дейін ешбірі басын көтеріп әлемдердің Сұлтанының нұр жүзіне қарауға бата алмайтын.

Кейде уахи келген уақытта жоғары жағынан құжынаған араға ұқсас дауыс естілетін. Ол кезде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты ентігіп кететін. Қатты суық күндердің өзінде маңдайынан монша-моншақ тер төгілетін еді.[117]

117. Бұхари, Бәдул Уахи 1/2, Умра 10; Муслим, Фәдәил 87, Худуд 13; Тирмизи, Тәфсир 23/3173; Ахмед Y, 327.

Уахи жазушыларынан Зәйд бин Сәбиттің[118] айтуы бойынша уахидің ауырлығы келген аяттағы үкімнің ауырлығына байланысты болатын. Яғни уахимен қуанышты хабар білдірілетін болса, Жәбрейіл (аләйһиссәләм) адам бейнесінде келетін. Мұндай кезде Пайғамбарымыз қиналмайтын. Ал егер де уахи азап, қорқыту және Аллаһтың ескертуі жайында келетін болса, үрейлі сыңғырлаған қоңырау дауысындай болып келетін.

Аллаһ Расулі түйенің үстінде отырған кезде уахи келетін болса, түйе уахидің ауырлығына шыдай алмай, аяқтары бүгіліп шөгіп қалатын. Бірде Хазіреті Пайғамбарымыз Адба атты түйесінің үстінде кезде Маида сүресінің үшінші аяты түсе бастады. Сол уақытта Адбаның аяқтары сынып кете жаздап, Аллаһ Расулі түйесінен түскен болатын.[119]

Зәйд бин Сәбит (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге отыр едім. Осы кезде Аллаһ Расуліне уахи келе бастады. Оның тізесі менің тіземнің үстінде болатын. Ант етейін сол уақытта Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тізесінің салмағының артқаны соншалықты, тізем езіліп кетер ме деп ойладым». (Ахмед V, 190-191)

118. **Зәйд бин Сәбит** (радиаллаһу анһу) Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахи жазушыларынан еді. Хазіреті Расулұллаһ Мәдинаға хижрет жасағанда Зәйд он бір жастағы жетім бала болатын. Бала кезінде он жеті сүре жаттады. Аллаһ Расулі оған Сурияни және Ибрани тілдерін үйренуін әмір етті. Ол қырық күнге жетпей екі тілді де үйреніп, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сурияни және Ибрани тілдеріндегі келіп-кеткен хаттарын қадағалап отырды. Оның атқарған ең абыройлы қызметінің бірі екі сахабамен бірге Құран Кәрімді жинақтап біріктіруі. Хижри 45 жылы Мәдинада қайтыс болды. Тоқсан екі хадис шәріп риуаят еткен.

119. Ахмед II, 176, VI, 445, Ибн Сағд I, 197; Табәри, Тәфсир YI, 106.

Қасиетті Құранның Аллаһтың кітабы екенін тән алмайтын ориенталистер уахи ойланып-толғанудың арқасында Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкейінен туындаған нәрсе деп көңілге қонымсыз көзқарастар айтқан. Олардың мұндай пайымдаулары сөзсіз көңілдеріндегі ғапылдықтан, түсініктерінің әлсіздігінен және дұшпандықтарынан туындаған.

Алғашқы уахи келген кезде Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) періштені көріп қорқуы ориенталистердің айтқанындай уахидің галлюцинация[120] емес екендігін ашық көрсетуде. Хазіреті Пайғамбарымыздың уахи алуы оның ішкі дүниесіне қатысты нәрсе емес, керісінше сырттан келген ақиқатты қабылдауы. Жәбрейілдің (аләйһиссәләм) Аллаһ Расулін үш рет қысып, әр бірінде «оқы» деп айтуы уахидің ішкі дүниеден емес, сырттан яғни Аллаһ Тағаладан келгендігін толық көрсетуде.

Уахидің біраз уақыт келмей тоқтап қалуы да оның Хазіреті Пайғамбарымыздың терең ойланып-толғануының нәтижесінде көкейінде туындаған ішкі нәрсе екендігі жайлы пікірлерді толығымен жоққа шығаруда. Себебі уахидің кешігуі және Расулұллаһтың ұзақ уақыт уахидің келуін асыға күтуі, уахидің Хазіреті Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қалауынсыз сырттан келген нәрсе екенін ашық көрсетеді.

Бұған қоса алғашқы кезде әлемдердің Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне уахи келетінін білмейтін. Аят кәримада бұл жағдай былай баяндалады:

---

120. Галлюцинация – Француздың Hallқcination елес, күмән деген сөзінен шыққан. Психологияда:
1. Көбінесе шизофрения, параномия ауруына шалдыққандарда көрінетін ырықсыз пайда болған сезімдер.
2. Ақиқатында жоқ нәрселерді бар деп қабылдау.

وَ مَا كُنْتَ تَرْجُوٓا اَنْ يُلْقٰٓى اِلَيْكَ الْكِتَابُ اِلَّا رَحْمَةً مِنْ رَبِّكَ
فَلَا تَكُونَنَّ ظَهِيرًا لِلْكَافِرِينَ

«Сен бұл кітап саған уахи етіледі деп ойламаған едің. Бұл тек Раббыңнан (келген) **рахмет. Олай болса кәпірлерге әсте сүйеу болма».** (Қасас сүресі 86-аят)

Қасиетті аяттар мен хадис шәріптердің арасындағы айқын әдіс ерекшеліктері де Құран Кәрімнің уахи арқылы келетіндігінің бұлжымас дәлелдерінен.

Кейде Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жауап беруге тиіс болған жағдайларда уахи келмей кешігетін. Мысалы, «Ифк (жала жабу)» оқиғасы мен яһудилердің кейбір сауалдар сұраған кезінде де осылай болған еді. Әлемдердің Сұлтаны мұндай сауалдарға тек өзіне уахи келгенде ғана жауап бере алатын. Егер олардың айтқанындай Құран Кәрім Хазіреті Пайғамбарымыздың ойланып-толғануының нәтижесінде туындайтын болса, бұлай шарасыздыққа түспей-ақ сұрақтарға дереу жауап беруі керек еді.

Бұған қоса кейде уахи Аллаһ Расулі қаламаған тәрізде келетін. Келген уахи кей уақытта оның пікірінің қате екенін білдіретін, ал кейде оның қаламаған нәрсесін әмірететін. Тіпті кейде иләһи әмірді жеткізуде біраз селқостық танытатын болса Аллаһ тарапынан қатаң сөгіс алатын. Осылардың бәрі Құран Кәрімнің Хазіреті Пайғамбарымыздың ойланып-толғануының жемісі екендігі жайлы айтылған пікірлердің қисынсыз екендігін көрсетуде.

Бірде Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құрайштың бірнеше беделділеріне Исламды түсіндіріп жатқан еді. Сол сәтте оның қасына Исламды

бұрынырақ қабылдаған көр сахаба Абдуллаһ бин Үммү Мәктум (радиаллаһу аһһу) келді. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың білдірген шындықтарын үйренгісі келетінін айтты. Бірақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сөйлесіп жатқан Құрайш беделділерін иландыруға тырысып жатқандықтан оған көңіл бөле алмады. Ибн Үммү Мәктум талабын қайталай берген соң Расулұллаһ оған біраз қабағын түйді. Осыған орай Аллаһ Тағала оған былай сөгіс берді:

اَمَّا مَنِ اسْتَغْنٰى ﴿5﴾ فَاَنْتَ لَهٗ تَصَدّٰى ﴿6﴾ وَمَا عَلَيْكَ اَلَّا يَزَّكّٰى ﴿7﴾
وَاَمَّا مَنْ جَآءَكَ يَسْعٰى ﴿8﴾ وَهُوَ يَخْشٰى ﴿9﴾ فَاَنْتَ عَنْهُ تَلَهّٰى ﴿10﴾
كَلَّآ اِنَّهَا تَذْكِرَةٌ ﴿11﴾ فَمَنْ شَآءَ ذَكَرَهٗ ﴿12﴾

«Ал байларға келер болсақ, сен оларға ықылас аударасың. Оның тазарып, арылуынан сен жауапты емессің. Ал (Аллаһтан) **қорқып саған асығып келген адамға көңіл бөлмейсің. Жоқ олай болмайды. Құран деген ақыл-кеңес. Қалаған адам одан насихат алады».** (Ғабаса сүресі 5-12 аяттар)

Осы аят түскен соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ибн Үммү Мәктумді сыйлап, қатты құрмет көрсетті. Онымен жолыққан кезде:

- *Раббымның маған сөгіс беруіне себеп болған кісі, сәлем саған,* - дейтін. (Уахиди 471 б.)

Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейде Алаһтың әмірлері Мужмәл[121] болып келетін. Аллаһ Тағала білдірмейінше Расулұллаһ (саллаллаһу

121. Мужмәл – түсініктеме берілмейінше мақсаты толық білінбейтін, мағынасы анық емес сөздер.

аләйһи уә сәлләм) Мужмәл аяттарға өздігінен түсініктеме бере алмайтын. Бұған мысал ретінде мына аят кәриманы айтуға болады:

لِلّٰهِ مَا فِى السَّمٰوَاتِ وَمَا فِى الْاَرْضِ وَاِنْ تُبْدُوا مَا فِىٓ اَنْفُسِكُمْ
اَوْ تُخْفُوْهُ يُحَاسِبْكُمْ بِهِ اللّٰهُ

«Көктегі және жердегі барлық нәрсе Аллаһқа тән. Іштеріндегіні білдірсеңдер де, жасырсаңдар да Аллаһ онымен сендерді есепке алады...». (Бақара сүресі 284-аят)

Осы аят түскен соң асхабы кирам көкейлерінде өздігінен туындаған ойлардан да сұраламыз деп ойлап:

– Уа Расулұллаһ! Бұл аятқа қалай төземіз? - деді.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жауап ретінде:

– Не болды! Әлде сендердің де кітап иелері (яһудилер мен христиандар) сияқты: «Естідік, бірақ қарсы шықтық» - дегілерің келе ме? Сендер: «Естідік, әрі бой ұсындық, уа, Раббымыз! Бізді жарылқауыңды тілейміз әрі саған қайтамыз» - деп айтуларың қажет, - деді. (Муслим, Иман 200; Ахмед I, 233; Уахиди 97 б.)

Бұл аяттың мағынасы анық болмаған соң Аллаһ Расулі (саллаллаһуаләйһиуәсәлләм)дәрменсіздігіненбұлмәселені түсіндіре алмады. Тек сахабаларға Аллаһқа мойынсұнып, оған тәуекел етіңдер деді. Біраз уақыт өткен соң төмендегі аят кәрима түсіп, бұл мәселе былай айқындалды:

لَا يُكَلِّفُ اللهُ نَفْسًا اِلَّا وُسْعَهَا لَهَا مَا كَسَبَتْ وَعَلَيْهَا مَا اكْتَسَبَتْ
رَبَّنَا لَا تُؤَاخِذْنَا اِنْ نَسِينَآ اَوْ اَخْطَاْنَا رَبَّنَآ وَلَا تَحْمِلْ عَلَيْنَا اِصْرًا
كَمَا حَمَلْتَهُ عَلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِنَا رَبَّنَا وَلَا تُحَمِّلْنَا مَا لَا طَاقَةَ لَنَا بِهٖ
وَاعْفُ عَنَّا وَاغْفِرْ لَنَا وَارْحَمْنَآ اَنْتَ مَوْلٰينَا
فَانْصُرْنَا عَلَى الْقَوْمِ الْكَافِرِينَ

«Аллаһ адам баласына тек шамасы жететін міндетті ғана жүктейді. Әркімнің істеген жақсылығы өзінің пайдасына, жамандығы да өз зиянына. О жаратқан иеміз! Егер ұмытсақ не болмаса қателессек бізді айыпқа бұйырма. Раббымыз! Бізден бұрынғыларға жүктегеніндей бізге де ауыр жүк жүктеме. Раббымыз! Бізге шамамыз келмейтін нәрселерді жүктеме. Бізді кешіре көр, бізді жарылқай көр, бізге рахымыңды төге көр. Біздің қожайынымыз сенсің. Бізге кәпірлер қауымына қарсы жәрдем бер». (Бақара сүресі 286-аят)

Осы аяттың арқасында сахабалар тек шамалары жететін нәрселерден ғана жауапты екендіктерін түсінді. Яғни еркісіз ақылға келген ой-пікірлерден жауапты емес екендіктерін білді.

Мужмәл аяттарды түсіндіретін басқа аят келмейінше Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға өздігінен мағына бермеуі пайғамбарлықтың белгісі және Құран Кәрімнің Аллаһтан келгендігінің бұлтартпас тағы бір айғағы. Егер бұлай болмаған жағдайда мұндай аяттар келмес еді және де келген аяттарға өз ойымен мағына берер еді. Міне осы жағдайлардың барлығы Құран Кәрімнің мұғжиза екендігінің тағы бір айғағы.

Құран Кәрімнің ғайыптан хабар беруі де оның иләһи уахимен келгендігінің айқын дәлелі.

Құран Кәрім бұрынғы өткен нәрселер жайындағы мағлұматтарды да ақиқатқа сай түрде түсіндіреді. Миләди жетінші ғасырда Меккеде бұл мағлұматтарды білетін бірде-бір ғылыми мекеме, я болмаса бірде-бір кісі жоқ еді. Барлық тарихи мағлұматтар саудагерлер алып келген бір-біріне қарам-қайшы Парсылардың аңыз әңгімелерінен тұратын. Ал Құран Кәрімде айтылған бұрынғы өткен кезеңге қатысты мағлұматтар бір-бірімен үйлесімді әрі толық мағыналы болып келген. Ешбір адам ақылы мен ойын қолданғанымен де мұндай мағлұматтарды айта алмайды.

Олай болса ақылы бар адам ойлануы қажет. Надан қоғамның ішінен шыққан, оқу-жазу білмейтін адам Құранның теңдессіз аяттарын иләһи дереккөзден алмастан, өз ойынан шығара ала ма? Әрине шығара алмайды.

Міне бұл да Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан барлық мағлұматтарының Аллаһтан уахи арқылы келгендігін білдіреді.

Құран Кәрім болашақтан да хабарлар берген әрі бұлар уақыты келгенде Құранның айтқанындай дәл шығып отырған және қазір де жалғасын табуда. Құран Кәрім үнемі алда келеді, ал ғылым мен өнер болса оның соңынан келуде.

Құран Кәрімде айтылған мына оқиға осының бір ғана мысалы:

Қызыл теңізге батып бара жатып амалсыз иман келтірген Перғауынға Аллаһ Тағала:

آلْئٰنَ وَقَدْ عَصَيْتَ قَبْلُ وَكُنْتَ مِنَ الْمُفْسِدِينَ

«Енді ме (иман келтірдің)**? Сен бұдан бұрын қарсы шығып, үнемі бұзақылық жасайтын едің.** (Яғни басыңа қиындық туғанда жөнге келіп, одан құтылған соң қайтадан бұрынғы бұзақылығыңды жалғастыратын едің. Осылай еткенің үшін қазір сенің иманыңнан пайда жоқ)**»** (Юнус сүресі 91-аят) деп, үмітсіздіктен соң амалсыз келтірген иманын қабыл етпеген. Артынан былай деген:

فَالْيَوْمَ نُنَجِّيكَ بِبَدَنِكَ لِتَكُونَ لِمَنْ خَلْفَكَ اٰيَةً
وَ اِنَّ كَثِيرًا مِنَ النَّاسِ عَنْ اٰيَاتِنَا لَغَافِلُونَ

«(Ей, Перғауын!) **Біз бүгін сенен кейінгілерге ғибрат болуы үшін тек сенің тәніңді** (бұзылып шіруден) **құтқарамыз. Шынымен де адамдардың көпшілігі біздің аяттарымыздан хабарсыз».** (Юнус сүресі 92-аят)

Замахшари бұл аятқа былай тәпсір жасайды:

«Сені теңіздің сыртына бір шетке тастаймыз. Мүрдеңді толығымен, бұзылмаған, киімсіз жалаңаш күйде сенің артыңнан ғасырлардан соң келетіндерге ғибрат ретінде қорғаймыз». (Замахшари III, 24)

Соңғы жылдарда жасалған зерттеулердің нәтижесінде Перғауынның мүрдесі теңіз жағасынан, сәждеге бас қойған күйде табылды. Бұл оның өлім алдындағы соңғы жағдайы. Соңғы сәтінде басына төнген қорқынышты жағдайдан соң иман келтіргісі келген. Бірақ оның шарасыздықтан келтірген иманы қабыл етілмеді. Міне сондықтан шамамен үш мың жылдай оның денесі шірімей сақталған және аятта баяндалғанындай адамдарға ғибрат болуы үшін бүгінде дәл

сол қалпында табылған. Қазір оның денесі Британ музейінде көпшілікке ұсынылған. Бұл шындық Хақ Тағаланың Құран Кәрімде баяндап, қияметке дейін жалғасатын мұғжизаларының біреуі ғана.

Бірақ Құран Кәрімнің негізгі мақсаты таухидті ұсынып, адамдарды тура жолға шақыру болғандықтан, мұндай мұғжиза түріндегі шындықтар, яғни ғылыми және тарихи ақиқаттар онда кейінгі мәселе болып есептеледі. Мынаны да ұмытпаған жөн:

وَلَا رَطْبٍ وَلَا يَابِسٍ اِلَّا فِى كِتَابٍ مُبِينٍ

«... Құрғақ болсын, жас болсын, барлығы ап-ашық кітапта баяндалған» (Әнғам сүресі 59-аят) деп Аллаһтың аятында келтірілгеніндей онда барлық шындық айтылған. Бұған қарағанда Құран Кәрім әлемдегі барлық ақиқаттардың толық жиынтығы және барлық ақиқаттар онда дәл күйінде сақтаулы. Құранның мұндай жұғжизалары адамзаттың ғылымы дамыған сайын ашылуда.

Егер Аллаһтың қалауы бойынша әлемдегі жасырын әрі құпия болған мағлұматтар Құран Кәрімде қысқа және нақты ғана түрде емес ашық әрі кең түрде айтылғанда Құран мыңдаған томдық кітап болар еді. Сонымен қатар адамдар өз заманында әлі ашылып дәлелденбеген нәрселерді қабыл ете қоймайтындықтан Құранға иман келтіру қияметке дейін жалғаспас еді. Мысалға Құранда теледидар жайында айтылып, оның ерекшеліктері мен қызметі туралы мағлұмат берілгенде, теледидар күнделікті қолданысқа енбейінше бұл адамдардың ақылына сыймас еді және дәл осы себептен де олар Құранды қабыл етпеген болар еді. Барлық шындықты қамтыған Құранның бұл шындықтарды Мужмәл сөздермен баяндауының хикметі осыда.

Сондай-ақ Құран Кәрімнің қамтыған тақырыптарының барлығы таухидке негізделе отырып баяндалған. Ондағы айтылған бүкіл ғылымға қатысты шындықтың барлығы да осы мақсатта айтылған. Бұл жағдай Құран Кәрімнің қияметке дейін мұғжиза күйінде қалатындығын және оның ғажайыптарын әр жаңалық ашылған сайын тағы да дәлелдеп отырады.[122]

Құран Кәрімнің және Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұлы мәртебесін көре алмаған кейбір ориенталистер Расулұллаһтың уахи кезіндегі халін «қояншық ауруы» деп ақылға қонымсыз әрі қисынсыз сөздер айтқан.[123] Бұл негізсіз пікірге қысқаша былай жауап беруге болады:

Қояншық кеселі ұстаған соң адам денесі қатты қалшылдап, бүкіл тұла-бойы сыздап қақсайды, қатты қиналып рухани жан-дүниесі астан-кестен болады. Ал Хазіреті Расулұллаһта (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл айтылғандардың ешбірі болмаған. Керек десеңіз екі уахидің арасында уақыт өтпестей болып, келесі уахидің келуін асыға

122. Бұл мәселеге қатысты мысалдар үшін Осман Нури Топбаш, Рахмет Есинтилери, Стамбұл 2001, 184-239 бб. (Бұл кітап қазат тіліне «Рахмет Самалы» деген атпен тәржіма етілді.)

123. Уахи келген кезде жоғарыда айтқанымыздай Хазіреті Пайғамбарымыздың бойынан байқалған ерекше халдерді кейбір ориенталистер эпилепсия (қояншық) ауруына теңеп, бұған әр түрлі негізсіз дәлелдерді айтқан. Осы негізсіз дәлелдерін ұсына отырып Хазіреті Пайғамбарымыздың психикалық науқасы бар деп, мұны «Франция Ұлттық Медицина Академиясына» растату үшін ғылыми мәселе ретінде көтерген. Ол жерде ең атақты докторлар бас қоса отырып 1842 жылы бұл мәселені егжей-тегжейлі зерттеп, медициналық негіздерге сүйене отырып мұның әсте мүмкін емес екендігін дәлелдеп шыққан. Осы мәселе жайында толыққанды мағлұмат алғысы келгендер проф. др. Феридун Нафиз Узлуктың түрік тіліне тәржіма жасап «Рапор» деген атпен жарық көрген кітапты пайдалана алады. Бұл кітап 1996 жылы Стамбулда Себил баспасынан жарық көрді.

күтетін, уахи келген кезде қатты қуанып, бір жасап қалатын еді.

Уахи келген кезде болатын халдер әрбір уахи келген сайын көріне бермейтін. Кейде уахи келген кезде Хазіреті Пайғамбарымыздың халі қалыпты жағдайдағыдай болатын.

Медициналық дәлелдермен де белгілі болғанындай қояншық кеселі ұстаған кісі ойлау, түсіну қабілетінен айырылып, айналасында болып жатқан нәрселерді аңғармайды және сана-сезімін де жоғалтады. Ал Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) болса өзіне келген уахи арқылы адамзатқа құқық, ахлақ, ғибадат, қысса, насихат сияқты көптеген нәрселердің ең керемет үлгісін қамтыған теңдессіз Құран аяттарын тәблиғ еткен.

Қояншық ауруы ұстағанда кісі селкілдеп, қалтырайтын болса, уахи кезінде Расулұллаhтан мұндай жағдай байқалмаған.

Қояншығы ұстаған кісі мағынасыз, қайдағы жоқ сөздер айтып сандырақтайды. Ал Хазіреті Пайғамбарда мұндай жағдай әсте болмаған. Оның мүбәрак ауызынан шыққан сөздер ең керемет, әдеби, тиянақты әрі хикметті сөздер болатын.

Бұған қоса алты мыңнан астам аят түсетіндей ұзақ уақыт бойы ешкім қояншық ауруына төзе алмайтыны медицинамен де дәлелденген.

Бұл әдейілеп қастандықпен айтылған пайымдаулар Расулұллаhты (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) толық түсіне алмағандардың айтқандары, әрі бұл айтқандары қисынға да жанаспайды.

Нәби және Расул

Аллаh Тағала құлдарына өз араларынан таңдап алып пайғамбарлық міндетін берген ұлы кісілер арқылы тіл қатуды қалаған. Аллаhтың бұл қалауы аят кәрималарда былай айтылады:

وَرُسُلًا قَدْ قَصَصْنَاهُمْ عَلَيْكَ مِنْ قَبْلُ وَرُسُلًا لَمْ نَقْصُصْهُمْ عَلَيْكَ

«Алдын саған хабар берген пайғамбарларымызға және хабар бермеген пайғамбарларымызға да (уахи бердік)**...»** (Ниса сүресі 164-аят)

وَلَقَدْ اَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ رُسُلًا اِلٰى قَوْمِهِمْ فَجَآؤُهُمْ بِالْبَيِّنَاتِ

«Сөзсіз біз сенен бұрын өз қауымдарына көптеген пайғамбарлар жібердік, әрі олар айқын дәлелдермен барды...» (Рум сүресі 47-аят)

Аллаh Тағала адамдарға алғашқы адамнан бастап әрбір дәуірде пайғамбарларын «нәби» немесе «расул» сипатымен рахмет етіп жіберген.

Пайғамбарлық – ақыл-есі бүтін құлдардың дүниелік және ақыретке қатысты істерін реттеу үшін Аллаh пен құлдардың арасында елшілік жасау.

Расул – өзіне уахи етілген нәрселерді басқаларға жеткізуге міндетті болған кісі. **Нәби** – жеткізіп, тәблиғ жасауға міндетті болса да, болмаса да өзіне уахи етілген кісі. Жалпы нәбилер өздерінен бұрын «расул» сипатымен жіберілген пайғамбардың шариғатын тәблиғ етуге және іске асыруға міндеттеліп жіберіледі. Сондықтан барлық расул –

нәби, ал барлық нәби расул емес. Нәбидің расулдан және нәбилік міндеттің расулдық міндеттен ауқымды екенін білдіретін хадистер де бар. Сондай-ақ Құран Кәрімде бұл сөздер бір-бірінің орнына қолданылған.

«Неліктен Аллаh Тағала құлдарына тікелей тіл қатпай, пайғамбарлары арқылы тіл қатуда? - деген сауал туындайтын болса, оған былай жауап беруге болады:

Аллаh Тағала адамдарға тікелей тіл қатып, яғни уахи жіберіп әмір мен тыйымдарын ашық білдіретін болса, бұл дүниенің жаратылу мақсатындағы «сынақтың» ешқандай маңызы қалмайды. Егер солай болатын болса, ғайыпқа қатысты иманның ешқандай қадір-қасиеті қалмайды. Әмір мен тыйымдарды тікелей Аллаh Тағаладан алған адамдар, ақиқатты толық ұғынғандықтан бұл әмірлер мен тыйымдарға мойынсұнуға мәжбүр болады. Бұл болса адамның қалауымен, өз еркімен жақсылық пен жамандықты таңдауына кедергі болып, сыйлық пен жаза мән-мағынасыз болып қалады.

Бұған қоса адамдардың түсінігі мен қабілетінің дәрежелері де әр түрлі. Себебі өмірде атқаратын қызметтері де бір-бірінен өзгеше. Егер барлық адамдар өте қабілетті болғанда, кейбір істерді ешқайсысының істегісі келмейтін еді. Ең қарапайымынан күрделісіне дейін дүниедегі барлық қызметтердің атқарылуы үшін, адамдардың қабілеттерінің әр түрлі болуы қажет.

Адамзат тарихының ең ұлы көсемдері, мұғалімдері және тәрбиешілері – пайғамбарлар. Адамдарды тура жолға салып құтқаратын, оларға жөн көрсететін және адамдардың озбырлығы мен жәбірлеріне төзе білетін кісілердің өте қабілетті әрі төзімді болулары шарт. Өзінің соңынан еретін халықты таң қалдырарлық ерекшеліктері мен көркем мінез-

құлқы болмаса, пайғамбар адамдарды әсерлендіріп, оларға бағыт-бағдар бере алмайды.

Қарапайым көсемнің де қарамағындағы адамдардан артық әрі ерекше қасиеттері болмаса, бұл мәртебеге келе алмайды. Келсе де бұл ісі табысты болмайды. Ешқандай халық қабілетсіз, дарынсыз жай ғана біреуді өздеріне көсем етіп сайламайды.

Осыған орай ұлы ерекшеліктер мен қасиеттер пайғамбарлардың жаратылысынан бар нәрсе. Бірақ олар бұл табиғи ерекшеліктерін қолдана отырып, өз қабілеттерімен пайғамбар бола алмайды. Пайғамбар болу осындай қабілетті кісілердің ішінен иләһи қалаумен таңдалып алынып, міндет жүктелген кісілерге ғана нәсіп болады. Басқаша айтқанда нәбилік пен расулдық тырысып, әрекет ету арқылы қол жеткізетін нәрсе емес. Аллаһ Тағала құлдарының арасынан қалағанын бұл міндетпен жауапты қылады.

Аят кәримада былай баяндалады:

اَللّٰهُ اَعْلَمُ حَيْثُ يَجْعَلُ رِسَالَتَهُ

«...Аллаһ пайғамбарлықты кімге беретінен жақсы біледі...» (Әнғам сүресі 124-аят)

Сонымен қатар иләһи уахи қарапайым немесе қандайда бір адаммен жіберіле салмайды. Себебі адамдардың барлығы иләһи әмірлерді ұғынып, іске асыруда тең қабілетті емес. Сондықтан пайғамбарлар барлық жөнінен артық ерекшелігі бар кісілердің арасынан таңдалып алынған. Сондай-ақ бойларындағы табиғи төзімділіктерімен пайғамбарлықтың ауыр жүгін арқалауға міндетті етілген.

Пайғамбарлардың сипаттары

Барлық пайғамбарларға ортақ кейбір ерекшеліктер бар. Бұлар – сыдық, аманат, фәтәнат, исмет және тәблиғ. Пайғамбарларға иман келтіру осы ерекшеліктермен толық болады:

Сыдық: Пайғамбарлар илаһи үкімдерді, әмірлер мен тыйымдарды адамдарға жеткізуде және әкелген барлық хабарларында әділ және сенімді. Олардың сөздері мен іс-әрекеттері үнемі тура әрі әділ. Сөздері мен іс-әрекеттері олардың айнасы іспетті. Олардың өтірік айтуы мүмкін емес. Аллаһ (жәллә жәләлуһу) пайғамбарларының әділдігін былай мақтаған:

وَاذْكُرْ فِي الْكِتَابِ اِبْرٰاهِيمَ اِنَّهُ كَانَ صِدِّيقًا نَبِيًّا

«Кітапта Ибраһим жайлы айтқандарымызды да есіңе ал. Ол шын мәнінде өте турашыл пайғамбар болатын». (Мәриям сүресі 41-аят)[124]

Аллаһ Тағала пайғамбарларының бір сәт болса да туралықтан бас тартуы мүмкін емес екендігін былай баяндайды:

وَلَوْ تَقَوَّلَ عَلَيْنَا بَعْضَ الْاَقَاوِيلِ ﴿44﴾ لَاَخَذْنَا مِنْهُ بِالْيَمِينِ ﴿45﴾
ثُمَّ لَقَطَعْنَا مِنْهُ الْوَتِينَ ﴿46﴾

«Егер (Пайғамбар) **кейбір сөздерді біздің атымыздан жалған айтатын болса, сөзсіз біз оны қатты жазалар едік. Сосын оның күре тамырын қияр едік».** (Хаққа сүресі 44-46 аяттар)

124. Қосымша Мәриям сүресі 54, 56; Юнус сүресі 46-аят.

Олардың шыншылдығын өздеріне иаман келтірмегендер де растаған. Осының сансыз мысалдарынан бірнешеуіне тоқталайық:

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дағуатын алғаш жариялаған күні Сафа төбесіндегі бір жартасқа шығып құрайштықтарға былай үн қатқан еді:

– Ей, Құрайш жамағаты! Егер мен сендерге мына таудың арқасында немесе анау ойпатта жаудың атты әскері бар. Сендерге шабуыл жасап, малдарыңды тартып алғалы тұр, десем маған сенер ме едіңдер?

Олар еш ойланбастан:

– Ия, сенеміз! Себебі қазірге дейін сенен тек туралықты көрдік. Сенің жалған сөйлегеніңді еш естімедік, - деді. (Бұхари, Тәпсір 26)

Византия императоры Гераклит Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туралы мағлұмат алу үшін әлі иман келтірмеген Әбу Сүфяннан:

– Бұрын-соңды сөзінде тұрмаған кезі болды ма? - деп сұрады.

Ол уақытта Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарсы болса да Әбу Сүфянның берген жауабы мынадай болды:

– Жоқ! Ол міндетті түрде берген сөзінде тұрады. (Бұхари, Бәдул уахи 1, 5-6; Муслим, Жихад 74)

Меккелік мүшриктерден Үбәй бин Халәф та Исламның ең қауіпті дұшпандарының бірі болатын. Хижреттен бұрын әлемдердің Сұлтанына:

– Бір ат байлап отырмын. Оған ең жақсы нәрселерді беріп жатырмын. Бір күні оған мініп сені өлтіремін, - дейтін еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) та бірде оған:

– *Иншаллаһ мен сені өлтіремін,* - деді.

Ұхұд соғысында бұл ақымақ мүшрик Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) іздеп былай деді:

«Егер ол бүгін құтылатын болса, менің ісім бітті дей бер».

Осы мақсатпен Хазіреті Пайғамбарымызға шабуыл жасау үшін оған жақындай түсті. Сахабалар да жақындамай тұрып оның басын алғылары келді. Сонда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Қоя беріңдер, келсін,* - деді.

Үбәй бин Халәф жақындаған кезде әлемдердің Сұлтаны сахабаларының бірінен найзасын алды. Осы кезде Үбәй кейін қаша бастады. Бірақ пайғамбарлардың Сұлтаны:

– *Қайда қашып барасың, ей өтірікші?!* - деп найзасын лақтырды. Найза Үбәйдің мойнын аздап жырып өтті. Сонда ол атынан құлады. Бірнеше рет домалап барып, үрейленген күйде өз жағына қарай қашты. Бір жағынан жүгіріп, бір жағынан бар дауысымен былай айқайлады:

– Ант етейін, Мұхаммед мені өлтірді!

Қасына келіп жарасын көрген мүшриктер:

– Жай ғана жырып өтіпті ғой, - деді.

Бірақ ол сене алмай былай деді:

– Меккеде кезімде Мұхаммед маған: *«Мен сені сөзсіз өлтіремін!»* деген. Ант етейін егер ол маған түкіретін болса да, мен өлемін!

Сосын ары қарай айқайлай бастады. Дауысы өгіздің өкірген дауысындай еді.

Әбу Сүфян:

– Кішкене жырып кеткен жерге осыншалықты бақыра ма екен? - деп оны айыптаған кезде Үбәй оған былай деді:

– Сен білесің бе, мұны кім жырғанын? Бұл жараны Мұхаммед салды. Лат пен Ұззаға ант етейін, бұл жарадан келген сырқатты бүкіл Хижаз халқына бөліп берер болса, барлығы қырылар еді. Меккеде Мұхаммед маған: *«Мен сені сөзсіз өлтіремін!»* деген еді. Мен сол кезде оның қолынан өлетінімді және одан құтылмайтынымды сезген едім.

Пайғамбардың ең қауіпті дұшпандарының бірі Үбәй жолда Меккеге жетуге бір күн қалғанда өлді. (Ибн Исхақ 89 б; Ибн Сағд II, 46; Хаким II, 357)

Бұл оқиғадан көргеніміздей Хазіреті Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақсы танитын мүшриктің өзі, оның айтқан сөзінің қаншалықты рас әрі тура екеніне сенетін.

Әбу Майсара айтады:

Бір күні Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Жәһіл мен достарының қасына барды. Олар Хазіреті Пайғамбарды көргенде:

– Ей, Мұхаммед! Уаллаһи біз сені өтірікші демейміз. Сен біздің алдымызда турашыл әрі адал адамсың. Бірақ біз сенің әкелген нәрсеңе сенбейміз, - деді. Осыған байланысты аят түсті:

قَدْ نَعْلَمُ اِنَّهُ لَيَحْزُنُكَ الَّذِى يَقُولُونَ فَاِنَّهُمْ لَا يُكَذِّبُونَكَ
وَلٰكِنَّ الظَّالِمِينَ بِاٰيَاتِ اللهِ يَجْحَدُونَ

«Олардың айтқандары сені қамықтыратынын біз сөзсіз білеміз. Негізінде олар сені өтірікші деп есептемейді. Бірақ залымдар Аллаһтың аяттарын мойындамайды». (Әнғам сүресі 33-аят) (Уахиди 219 б.)

Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бет-әлпетінің өзі оның турашыл екендігін көрсететін. Яһудилердің атақты ғалымдарының бірі Абдуллаһ бин Сәләм оның нұрлы жүзін көргенде:

– Бұл өтірікші адамның жүзі емес, - деп иман келтірген. (Тирмизи, Қиямет 42; Ахмед V, 451)

Өзіне пайғамбарлық берілмей тұрғанда да адамдарға қалжыңдап болса да өтірік айтпаған кісінің Аллаһ тұрғысында өтірік айтуы мүмкін емес. Сондай-ақ Хазіреті Пайғамбарымыз өтірік сөйлеуді мұнафықтың белгісі деп санап, үмбетінің өтірік айтуына қатты тыйым салған.[125]

Ардақты Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) хадис шәріпінде былай деген:

«Құл өтірік айтқан сайын және өтірік айтуға ниеттеніп жүрген сайын жүрегіне қара таңба басылады. Сосын бұл таңба үлкейіп, жүрегі қап-қара болады. Мұндай кісі Аллаһ алдында «өтірікшілер» қатарына жазылады». (Муатта, Кәлам 18)

Нуфәй бин Харис (радиаллаһу анһу) былай дейді:

125. Бұхари, Иман 24; Муслим, Иман 107.

Бір күні Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм):

– *Сендерге үлкен күнәлардың ең ауырын айтайын ба?* - деп үш рет сұрады. Біз де:

– Иә, айтыңыз, - дедік.

Сүйікті Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм):

«Аллаhқа серік қосу, ата-анаға қарсы шығу», - деді де, қисайып жатқан жерінен тұрып отырды да:

«Жақсылап тыңдаңдар, бұған қоса өтірік айту және жалған куә болу», - деді. Бұл сөзді қайталай берген соң, шаршап қалмасын деп сөзін тоқтатуын қаладық. (Бұхари, Әдеп 6; Муслим, Иман 143)

Құран Кәрімде де шыншылдықтың маңызыдылығы былайша баяндалады:

قَالَ اللهُ هٰذَا يَوْمُ يَنْفَعُ الصَّادِقِينَ صِدْقُهُمْ لَهُمْ جَنَّاتٌ تَجْرِى
مِنْ تَحْتِهَا الْاَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَآ اَبَدًا رَضِىَ اللهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ
ذٰلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«Аллаh Тағала былай деді: Бұл шыншылдардың шындығы өздеріне пайда беретін күн. Оларға астынан өзендер ағатын, ішінде мәңгі қалатын жәннаттар бар. Аллаh оларға разы болды, олар да Аллаhқа дән риза болды. Міне бұл – ұлы жеңіс». (Мәида сүресі 119-аят)

Аманат: Барлық пайғамбарлар барынша сенімді тұлғалар. Иман келтірмегендер де оларға барынша сенім артатын. Пайғамбарлардың аманат сипаты – олардың барлық тұрғыда сенімді екендіктерімен қатар, ең бастысы уахи тұрғысында сенімді екендіктерін, Аллаhтың әмірі

мен тыйымдарын адамдарға өзгертпестен және асырып-жасырмастан жеткізетіндігін білдіреді.

Аллаh Тағала пайғамбарлық міндеті мен абыройын қиянатшылдарға емес, барлық тұрғыда өте сенімді әрі шыншылдарға береді. Аят кәрималарда пайғамбарлардың үмбеттеріне:

أُبَلِّغُكُمْ رِسَالَاتِ رَبِّى وَاَنَا لَكُمْ نَاصِحٌ اَمِينٌ

«Сендерге Раббымның елшілігін жеткіземін. Мен сендерге сенімді насихатшымын». (Ағраф сүресі 68-аят)

اِنِّى لَكُمْ رَسُولٌ اَمِينٌ

«Күмәнсіз мен сендерге жіберілген сенімді пайғамбармын». (Шұғара сүресі 107-аят) деп айтқандары баяндалған.[126]

Сонымен қатар Хазіреті Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) үшін айтылған «Мухаммаду-л Әмин» сөзін мүшриктер де айтып, растайтын. Олар өздерінің жақтастарына сенбей, Расулұллаhқа сенім артып, оған заттарын аманат ретінде табыс ететін. Тіпті хижрет жасайтын кезде де Хазіреті Пайғамбарымызда мүшриктердің аманатқа берген біршама заттары бар еді. Ардақты Пайғамбарымыз өлім қауіпі төніп тұрса да Хазіреті Алиді Меккеде қалдырып, ол аманаттарды иелеріне табыс етуді тапсырған.

Әл-Әмин сипаты Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) екінші есімі болған еді.

126. Қосымша Шұғара сүресі 125, 143, 162, 178 аяттар; Духан сүресі 18-аят.

Әлемдердің Сұлтаны 25 жасқа келгенде Меккеде тек «әл-Әмин» (ең сенімді кісі) есімімен аталатын.[127]

Қағбадағы төрелік кезінде оның келгенін көргендер «әл-Әмин келе жатыр» деп қуанған және оған сенім артып, онымен ақылдасқан. Оның жолында жанын, малын тіпті барлық нәрсесін құрбан еткен асхабы кирам секілді, оның өлтіргісі келген қас дұшпандары да Хазіреті Пайғамбарымыздың сенімді екендігін жоққа шығармаған.

Пайғамбарлардың сенімді болғанындай, оларға уахи әкелген Жәбрейіл (аләйһиссәләм) де сенімді. Бұл турасында Хақ Тағала:

اِنَّهُ لَقَوْلُ رَسُولٍ كَرِيمٍ ﴿19﴾ ذِى قُوَّةٍ عِنْدَ ذِى الْعَرْشِ مَكِينٍ ﴿20﴾
مُطَاعٍ ثَمَّ اَمِينٍ ﴿21﴾

«Анығында ол (Құран) **ілтипатты елші** (Жәбрейіл) **арқылы жіберілген сөз. Ол** (Жәбрейіл) **аса құдіретті және ғарыштың иесінің алдында мәртебелі. Ол өзіне бой ұсынылатын сенімді елші»** (Тәкуир сүресі 19-21 аяттар) деген. Олай болса уахи көктегі Әминнен, жердегі Әминге түсірілген.

Фәтәнат: Пайғамбарлар барлық адамдардан ақылдылығымен, алғырлығымен және парасаттылығымен жоғары дәрежеде тұрады. Олардың түсінігі мол, ой-өрісі кең, есте сақтау және түсіндіру қабілеті өте жоғары.

Фәтәнат тек қана ақылдылық пен парасаттылық емес, даналықтан жоғары дәреже. Ар-ожданға бағынған ақылдың, парасаттылықтың және көрегенділіктің белгісі. Әрбір пайғамбардың міндетін кем-кетіксіз, толық түрде

127. Ибн Сағд I, 121, 156.

атқаруы үшін, осындай ерекше қабілетке ие болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда адамдарға қуатты дәлелдер ұсына алмайды, әрі оларды сендіріп, қанағаттандырарлық жауаптар бере алмайды.

Пайғамбарлар өте қиын әрі бұлыңғыр мәселелерді де оп-оңай шешеді. Бір мәселені түсіндірген кезде өте көкейге қонымды тілмен жеткізгендіктен қарсы алдындағы түсінігі әр түрлі халық оларды еш қиналмастан ұғады.

Бұл ерекшелік әрбір пайғамбарда әр түрлі көріністе байқалған. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл өмірінен осындай көріністерді байқауға болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей Қағбаны жөндеу кезінде Хажарул Әсуадты орнына қояр сәтте туындаған жанжалды, сол сәтте Харам есігінен кіріп келген әлемдердің Сұлтаны теңдессіз көрегендігімен және парасаттылығымен оп-оңай шешкен. Осылайша тайпааралық соғыстың басталуына кедергі болған.

Сондай-ақ оның Ислам үшін ашқан соғыстарындағы көрегендігі, бейбітшілік келіссөздері, атап айтсақ Хұдайбияда көрсеткен тапқырлығы, Меккенің қан төкпестен алынуы және ондағы халықтың һидаятқа келуіне себеп болуы, Хұнайн мен Тайфта қолданған керемет тактикасы мен көрсеткен әділдігі ешқандай пенденің қолынан келмейтін ерлік. Міне бұл фәтәнаттың белгісі.

Әрбір мұсылман пайғамбарлардағы фәтәнат сипатынан үлес ала отырып, ақылын ең тиімді түрде қолдануы қажет. Кімге, нені, қашан, қай жерде әрі қалай айтатынын және қалай әрекет ететінін жақсы білуі тиіс.

Мысалы Жағфар Тайярдың (радиаллаһу анһу) Хабашстан Нәжәшиіне Ислам жайлы мағлұмат бергенде ұстанған нәзік

методы бір мұсылманның бойындағы парасаттылықты тамаша көрсетеді:

Христиан Нәжәши Жағфар Тайярдан (радиаллаһу анһу) Құран Кәрімнің бірнеше аятын оқуын сұрағанда, ол ең алдымен кәпірлерге қарсы айтылған Кәфирун сүресін емес, ішінде Хазіреті Иса мен анасы мақталатын Мәриям сүресін оқыды. Хазіреті Жағфардың оқыған қасиетті аяттарын үйып тыңдаған Нәжәшидің көзіне жас келіп:

– Күмәнсіз мына естігендерім мен Исаның әкелген нәрсесі, бір қайнар бұлақтан келген, - деп, біраз уақыттан соң мұсылман болып бақытқа кенелді. (Ибн Хишам I, 358-360)

Тәблиғ: Пайғамбарлар иләһи әмірлерді адамдарға түп-тура әмір етілген күйде жеткізеді. Олар жеткізген кезде өз ойларынан бір нәрсе қоспайды әрі кемітпейді де. Тәблиғ пайғамбарларға ортақ сипат, әрі ең маңызды міндеттерінің бірі. Аят кәримада былай айтылады:

يَا اَيُّهَا الرَّسُولُ بَلِّغْ مَآ اُنْزِلَ اِلَيْكَ مِنْ رَبِّكَ
وَاِنْ لَمْ تَفْعَلْ فَمَا بَلَّغْتَ رِسَالَتَهُ

«Ей, Пайғамбар! Раббыңның саған жіберген тағылымдарын (оларға) **жеткіз. Егер мұны орындамайтын болсаң оның пайғамбарлығын орындамаған боласың...»** (Маида сүресі 67-аят)

Пайғамбарлар тәблиғ міндетін атқару кезінде әр түрлі қиындықтарға тап болған. Бірақ еш уақытта алған беттерінен қайтпаған. Бүкіл өмірлері осы жайындағы оқиғаларға толы.

Хазіреті Пайғамбарымыз Исламға шақыруды алдымен ең жақындарынан бастаған. Сәті мен жеріне қарап әрекет еткен, қарсы алдындағы адамның ішкі дүниесін және түсінігін есепке алған. Әсте-әсте тәсілін қолданған. Әрбір

мүмкіншілікті бос жібермеген, еш уақытта қиындатпаған. Үнемі оңайлатып, қуантқан, әсте жек көрсетпеген.

Бүкіл өмірін Исламды жаюға арнаған ардақты Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Уәдә (қоштасу) құтпасында асхабынан:

– *Тәблиғ міндетімді орындадым ба?* - деп сұрап, олардан оңды жауап алған соң:

«Аллаһым, куә бол!» - деп, міндетін атқарғандығына сүйсінген.

Әрбір мүмин шама-шарқына қарап Аллаһ Расулінің осы тәблиғ методын үйренуі қажет. Өйткені Исламды тәблиғ жасау мүминдердің мойнына парыз.[128]

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Сендерден кімде-кім жамандық көретін болса оны қолымен түзелтсін, шамасы келмесе тілімен түзелтсін. Оған да шамасы жетпесе (ол жамандықты) *жүрегімен жек көрсін. Бұл – иманның ең әлсізі».* (Муслим, Иман 78)

Бір қоғамда жақсылық пен туралықты үгіттеп, жамандық пен арамдықты тыйатын кісілер болмаса, уақыт өте келе ол қоғамда жаман әрекеттер әдетке айналып, өмірде қалыпты жағдай болып көріне бастайды. Бір жамандықты дәл уақытында тоқтатпайтын болсаң, біраз уақыттан соң ол жамандықты тоқтата алмайсың. Сонан соң әділдік пен жалған бір-бірімен араласып, ақиқат жойылады да адамдар Аллаһты ұмытады. Мұның нәтижесінде ол қоғам толығымен жойылады. Бұл қайғылы жағдайдан құтылу үшін, тәблиғ міндетіне көңіл бөліп, қатты қолға алу қажет.

128. Әли Имран сүресі 104, 110 аяттар.

Исмет: Пайғамбарлар барлық жасырын әрі ашық күнәлар жасаудан аулақ. Осы ерекшеліктері арқылы олар пайғамбарлықтан бұрын да, кейін де ширктің шылауына оралудан қорғалған. Сонымен қатар Аллаһтан алған уахиді адамдарға жеткізген кезде ұмытуы, не болмаса жаңылуы да мүмкін емес.

Егер пайғамбарларда исмет сипаты болмайтын болса, олардың әкелген хабарларының тура екендігі күмәнді болар еді. Бұл болса олардың Аллаһтың жер жүзіндегі дәлелі және куәсі екендігіне шүбә келтірер еді.

Әһлі сүннет сенімі бойынша пайғамбарлар әсте үлкен күнә жасамайды. Қателікпен және де кейбір хикметтерге байланысты кішігірім қателіктер жасауы мүмкін бола тұра, жасаған қателіктері ескертусіз қалдырылмаған. Артынша дереу аятпен түзелтіліп, ескерту жасалған.

Мұндай ықтиярсыз жасалған қателіктер пайғамбарлардың да әлсіз әрі пенде екендігін көрсетіп, оларды ұлықтап тәңірлестіруге жол бермеу хикметіне негізделген.

Пайғамбарлар адамдардың шамасы жететін үлгі боларлық іс-әрекеттер жасауға міндетті. Әйтпесе адамдар «пайғамбарлардың бұйырған нәрселеріне біздің шамамыз жетпейді» деп иләһи әмірлер мен тыйымдарды орындау барысында көптеген сылтаулар айтар еді. Бұл мәселелерді еш ойланбастан, пайғамбарлар періштелерден болуы қажет деп ойлайтындар да шыққан. Мұндайларға Құран Кәрім былай деп жауап берген:

قُلْ لَوْ كَانَ فِى الْأَرْضِ مَلَٰٓئِكَةٌ يَمْشُونَ مُطْمَئِنِّينَ
لَنَزَّلْنَا عَلَيْهِمْ مِنَ السَّمَآءِ مَلَكًا رَسُولًا

«(Ей, Расулім! Оларға) **айт: Егер жер жүзін бейбіт жүретін періштелер мекендегенде, сөзсіз біз оларға пайғамбар етіп көктен періште түсірер едік».** (Исра сүресі 95-аят)

وَمَا جَعَلْنَاهُمْ جَسَدًا لَا يَأْكُلُونَ الطَّعَامَ وَ مَا كَانُوا خَالِدِينَ

«Біз оларды (пайғамбарларды) **тамақ ішпейтін адамдар етіп жаратпадық, әрі олар** (бұл өмірде) **мәңгілік те емес».** (Әнбия сүресі 8-аят)

Бұған қоса пайғамбарлар үмбеттерінің де дәл сол қателікті жасамаулары үшін және қателік жасаған жағдайда қалай әрекет ету керектігін үйренулері үшін оларға үлгі болған.

Мысалы Нұх (аләйһиссәләм) 950 жыл бойы сабырмен тәблиғ етіп, соңында қауымы хидаятқа түспеген соң:

فَدَعَا رَبَّهٗٓ اَنِّى مَغْلُوبٌ فَانْتَصِرْ

«Раббысына: «Мен жеңілдім. Маған жәрдем бере көр», деп жалбарынды». (Қамар сүресі 10-аят)

Осы дұғасынан кейін қауымы суға кетіп жатқанда, кәпір ұлы үшін әкелік мейірімімен:

رَبِّ اِنَّ ابْنِى مِنْ اَهْلِى

«... Уа, Раббым! Ұлым да менің нәсілімнен еді...» (Хұд сүресі 45-аят) деді.

Жаратушы Тағала қауымына қарғыс айтып, ұлына дұға тілегені үшін:

اِنِّیٓ اَعِظُكَ اَنْ تَكُونَ مِنَ الْجَاهِلِينَ

«...(Ей, Нұх!) **Мен сенің надандарға ұқсамауды насихат етемін»** (Хүд сүресі 46-аят) деді.

Нұхтың (аләйһиссәләм) бұл кішігірім қателігі қияметке дейін келетін барлық үмбеттерге мысал болған.

Қателіксіз болу тек Хақ Тағалаға ғана тиісті. Құлдардың қателеспеуі мүмкін емес. Бірақ мұсылман қателіктерін барынша азайтуға тырысуы керек. Бұл үшін Құран Кәрімде көптеген жерде зікір ету, яғни Жаратушы Тағаланы көңілден шығармау әмір етілген. Өйткені жүрегі «Аллаһ» деп соққанда кісі әділетсіздік жасамайды, жаңылыс әрекеттерге бармайды.

Аллаһ Тағала былай баяндайды:

وَلَا تَكُونُوا كَالَّذِينَ نَسُوا اللهَ فَاَنْسٰيهُمْ اَنْفُسَهُمْ
اُولٰٓئِكَ هُمُ الْفَاسِقُونَ

«Сендер Аллаһты ұмытып, Аллаһ та өздерін ұмыттырғандар сияқты болмаңдар. Олар пасықтың нағыз өзі». (Хашыр сүресі 19-аят)

Сонымен қатар қапыда қалғандар жайында да Аллаһ Тағала былай деген:

فَوَيْلٌ لِلْقَاسِيَةِ قُلُوبُهُمْ مِنْ ذِكْرِ اللهِ اُولٰٓئِكَ فِى ضَلَالٍ مُبِينٍ

«...Аллаһты зікір етуден безген тас жүректерді қарғыс атсын. Олар – нағыз адасқандар». (Зүмәр сүресі 22-аят)

Пайғамбарлардың осы бес сипатынан (сыдық, аманат, фәтәнат, тәблиғ, исмет) өзге тек Хазіреті Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғана тиісті үлкен үш сипат бар. Олар мыналар:

1. Хазіреті Расулу Мужтәбә (аләйһи әкмәлу-т тахия) – Хабибуллаһ, яғни Аллаһтың сүйіктісі. Ол барлық пайғамбарлардан абзал және адамзаттың ең асылы.

Ақын Нәжиб Фазыл оны қысқаша былай суреттейді:

Тағдыры сұзілген ежелден,
Сен балсың, мына әлем – омарта.

2. Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл адамзатқа және жындарға жіберілген, яғни Расулус Сәқаләйн. Оның әкелген діні қияметке дейін жалғасады. Басқа пайғамбарлар болса белгілі бір уақытқа және кейбірі тек бір қауымға ғана жіберілген. Осыған орай әрбір пайғамбардың мұғжизасы тек өз кезеңіне ғана тән, ал Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұғжизалары бүкіл кезеңдерге тән. Сондай-ақ Құран Кәрім оған берілген ең ұлы мұғжиза ретінде қияметке дейін еш бұзылмай мәңгілік сақталады.

3. Хатамул Әнбия, яғни пайғамбарлардың соңғысы.

Осылардан өзге қиямет күнінде Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «мақаму махмуд» пен «шафаату узма» беріледі. Осы арқылы бұл мейірімді пайғамбар махшарда үмбетінің күнәһарларына шапағат етеді әрі оның бұл шапағаты қабыл болады.[129]

Егер бір кісіні жақсы көрер болсаңыз оның мінез-құлқы мен қасиеттеріне тәнті болып, оған еліктеуге тырысуыңыз

129. Бұхари, Таухид 36.

жоққа шығарылмас шындық. Міне сондықтан адам баласының ең кәміл тұлғаны тауып оның соңынан еруі өте маңызды мәселе. Осыған орай мейір-шапағаты мол Хақ Тағала адамдарға тек кітап түсіріп қоймаған, бұған қоса ол кітаптарды өмірінде жасай білген, сансыз қасиеттерге ие пайғамбарлар, яғни өнегелі тұлғалар жіберген. Ол өнегелі тұлғалар діни, ғылыми және ахлақи әрекеттері жағынан аса көрнекті кісілер. Ол пайғамбарлардың әрбірі адамзат тарихында белгілі бір әрекетімен керемет өнеге болып, адамзатқа еңбегі сіңген.

Мысалы, **Хазіреті Нұхтың** (аләйһиссәләм) өміріне қарайтын болсақ иманға шақыру, шыдамдылық, сабырлылық және соңында күпірлік пен кәпірлерге қарсы ашуын байқауға болады.

Хазіреті Ибраһимнің (аләйһиссәләм) өмірі ширкке қарсы тоқтатусыз күреспен және бұтқа табынушылықты жою үшін жасалған әрекеттермен өткен. Сондай-ақ Нәмрудтың отын гүл бақшасына айналдырған Хақ Тағалаға бағыныштылығымен, тәуекелімен тамаша үлгі бола білген.

Хазіреті Мұсаның (аләйһиссәләм) өмірі залым Перғауынмен және жәрдемшілерімен күресіп өткен, сосын әкелген шариғатымен мүминдер үшін әлуметтік низам құрған.

Хазіреті Исаның (аләйһиссәләм) дінге шақыруындағы басты ерекшелік – адамдарға өте мейірімді, қайырымды болуы. Оның бойында адамдарға кешірімділікпен қарап, кең пейілділікпен әрекет ету қасиеті назар аудартады.

Хазіреті Сүлейменнің (аләйһиссәләм) аңызға айналған алпауыт салтанаты бола тұра, кішіпейілділігі мен шүкіршілігін ұмытпай, Хақ Тағалаға өте көп құлшылық жасауы таң қалдырады.

Хазіреті Айюбтің (аләйһиссәләм) өмірінде бәлекеттерге сабырлы болудың және барлық жағдайда Аллаһқа шүкірлік етудің айқын көріністері орын алған.

Хазіреті Жүністің (аләйһиссәләм) өмірі Аллаһқа бет бұрып тәуелді болудың және қателіктеріне өкініп тәубе етудің нақты мысалдарына толы.

Хазіреті Жүсіп (аләйһиссәләм) тұтқында болса да Жаббар Хаққа бағынып, дағуатын еш тоқтатпаған. Ол бай, беделді әрі келісті сұлу әйел «Қане маған келе ғой» деп, нәпсіні қоздыратын талап жасаған кезде де өз абыройын сақтай білді. Оның іс-әрекеттері кәміл тақуалығы мен таза жүрегінен нәр алып отыратын.

Хазіреті Дәуіттің (аләйһиссәләм) өмірі ғибратты оқиғалармен толы. Оның Аллаһтан шын қорыққандықтан көз жасын төгіп Хаққа мақтау айтып, зікір етуі және Аллаһқа сыйынып, жалбарынып бет бұруы өте ғибрат аларлық жайттар.

Хазіреті Жақыптың (аләйһиссәләм) өмірі мына дүние төңкеріліп кетсе де үмітсіздікке түспей, сабыр сақтап Аллаһқа бағыну керектігі және оның мейірімінен үміт үзбеу керектігі жайлы мысалдарға толы.

Пайғамбарлардың сұлтаны **Хазіреті Мұхаммед Мұстафа** (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса өзінен бұрын келген (риуаят бойынша) 124 мыңнан астам пайғамбардың білінген және білінбеген барлық көркем қасиеттерінен де жоғары қасиеттерге ие. Ол көркем мінез бен қасиеттердің шыңына жеткен. Оның мүбәрак өмірі үлкен дария, ал өзге пайғамбарлардың өмірі болса ол дарияға құйған өзендер іспетті.

Хазіреті Адам атамен (аләйһиссәләм) және Хауа анамызбен басталған адамзаттың алғашқы жанұясы дінмен бақытты өмір сүру үшін бүгінгі Меккедегі Қағбаның орнына алғашқы ғибадатхана салған еді. Өмірлік және әлеуметтік қажеттіліктің салдарынан Адам ұлдары жан-жаққа тарап, әр кезеңде пайғамбарлармен тура жолға салынып отырды. Осылайша діни өмірлерін жалғастырып, иләһи шындықты қорғап келді. Бірақ Хазіреті Адамның (аләйһиссәләм) заманынан бастап әр кезеңде иләһи шындықты өзгертіп, бұзған надандар мен бұзақылар да шығып отырды. Сөйте тұрғанымен Жаббар Хақ бірінен соң бірін пайғамбарлар жібере отырып, өзгерістерін түзетіп, дінді жаңадан жандандырды. Осылайша адамзат жеке және әлеуметтік дағдарыстардан арылып отырды.

Соңында мына әлемді бір күн деп алар болсақ, екінті кезінде «асры саадат» келіп, Хазіреті Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафамен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) діни өмір алғаш басталған жерінен қайта жанданып, кәміл дәрежеге жетті. Ең шыңы болып саналатын Хазіреті Мұхаммедтің жеткен кәмілдігінен соң басқа бір кәмілдіктің келуі мүмкін емес. Өйткені соңғы пайғамбар етіп жіберілген Расулұллаһ арқылы дін кемеліне жетіп тамамдалып, Ислам – Аллаһтың разы болған діні болды.

Хазіреті Пайғамбарымыздың пенде болуы

Аллаһ Тағала адамдарға өз араларынан олармен бірге өмір сүрген және бүкіл өмірлері толық белгілі пайғамбарлар жіберген.

Ұлы Жаратушымыз мүшриктер мұғжиза көрсетуін талап еткенде Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп айтуын бұйырған:

قُلْ سُبْحَانَ رَبِّى هَلْ كُنْتُ اِلَّا بَشَرًا رَسُولًا ﴿93﴾ وَ مَا مَنَعَ النَّاسَ
اَنْ يُؤْمِنُوٓا اِذْ جَآءَهُمُ الْهُدٰٓى اِلَّا اَنْ قَالُوٓا اَ بَعَثَ اللّٰهُ بَشَرًا رَسُولًا ﴿94﴾
قُلْ لَوْ كَانَ فِى الْاَرْضِ مَلٰٓئِكَةٌ يَمْشُونَ مُطْمَئِنِّينَ لَنَزَّلْنَا عَلَيْهِمْ
مِنَ السَّمَآءِ مَلَكًا رَسُولًا ﴿95﴾

«...Сен айт: «Менің Раббым өте пәк. Мен тек қана пенде пайғамбармын». Адамдарға тура жол келген кезде олардың иман келтірулеріне кедергі болған: «Аллаһ пайғамбар ретінде адамды жіберді ме?» - деп айтулары ғана еді. (Оларға) **айт: «Егер жер жүзін бейбіт жүретін періштелер мекендегенде, сөзсіз біз оларға пайғамбар етіп көктен періште түсірер едік».** (Исра сүресі 93-95 аяттар)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өздігінен Аллаһ Тағаланың рұқсатынсыз ешқандай мұғжиза көрсете алмайтынын, өзінің де басқалар сияқты бір адам екенін айтқан.

Жаратушы Тағала көптеген аят кәрималарда:

قُلْ اِنَّمَا اَنَا بَشَرٌ مِثْلُكُمْ يُوحٰٓى اِلَىَّ اَنَّمَآ اِلٰهُكُمْ اِلٰهٌ وَاحِدٌ

«(Оларға) **айт: Мен да сендер сияқты адаммын. Тек маған сендердің тәңірлерің біреу ғана екендігі уахи етіледі...»** (Кәхф сүресі 110-аят) деп бұйырып, бұл шындықты баян еткен.[130]

Әлемдердің Сұлтанының мына хадис шәріпі де оның пенде екендігін ап-айқын жариялауда:

130. Бұл мәселе жайында басқа аяттарда да кездеседі. Фуссилөт сүресі 6-аят; Мүминун сүресі 24,33 аяттар; Әнбия сүресі 2-3 аяттар; Ибраһим сүресі 11-аят.

«Мен де сендер сияқты адаммын. Сендер мәселелеріңді шешуім үшін маған келесіңдер. Кейбіріңнің ұсынған дәлелің екінші біріндікінен мықты болғандықтан, естіген нәрселеріме сүйене отырып оның пайдасына үкім беруім мүмкін. Берген үкімімнен кімде-кімнің пайдасына бауырының ақысынан бір нәрсе өтетін болса, ол үшін тозақ отынан бір от берген боламын». (Бұхари, Шәһадат 27, Мәзәлим 16; Муслим, Ақдия 5)

Пайғамбарлар тек қана уахиды жеткізу үшін емес, сонымен қатар соған сай түрде өмір сүру үшін, әрбір мәселеде үлгі аларлық тұлға ретінде және іс-әрекетте өлшем болуы үшін жіберілген. Бұл мәселелер адамдар арасында іске асатындықтан бұл міндетті тек пенде ғана орындай алады. Егер елші ретінде адамдарға бір періште жіберілгенде, ол тек қана адамдарға уахи әкеле алар еді. Себебі періште адамдармен бірге өмір сүріп олардың пікірін, іс-әрекеттерін және қарым-қатынасын түзеу үшін олардың өмірлеріне әрі мәселелеріне араласа алмас еді. Ол кезде адамдар да өздерінің періште емес екендіктерін айтып, келген әмірлер мен тыйымдарды орындауға шамамыз жетпейді деп сылтауратар еді.

Міне сондықтан Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) міндеті үмбетіне өнеге болу болғандықтан, пайғамбарлық құдіретінің арқасында орындау қолынан келетін кейбір әдеттен тыс әрекеттермен өмір сүрмеген. Мұндай адамдардың шамасы келмейтін әрекеттерді оқта-текте әрі өзіне ғана қатысты етіп жасаған. Өмірінің басым бөлігі адамдардың шамасы келетіндей күйде өткен. Сондықтан үлгілі саудагер, беделді отағасы, мықты қолбасшы немесе басқарушы болғысы келгендер, оның өмірінен өзіне жол көрсететін принциптерді ала алады.

Бұрыннан адамдар арасында «адамзатқа пенде біреу пайғамбар бола алмайды» деген жаңсақ пікір жалғасып келді. Адамдар Аллаһ елшісінің бойында өздері сияқты пенде болуы, тамақ жеуі, әйел бала-шағасының болуы секілді пендеге қатысты ерекшеліктер бар деп ойлаудың өзін қателік деп түсініп келді. Сондықтан бұл қате пікірлерін Аллаһтың қалауы деп ойлады. Міне осы үшін көптеген халық өздеріне келген пайғамбарды тән алмай қарсы шықты.

Ал бұған қарама-қарсы кейбір пайғамбарлардың үмбеттері пайғамбарларын қатты жақсы көріп, бой ұсынуда шектен шығып, уақыт өте келе оның адам болмағандығына сене бастады. Пайғамбарларын асыра мақтап, шектен шықты, сөйтіп оған тәңірлік сипат тағып ширкке түсті. Кейбірі пайғамбарларын өздеріне тәңір қылып алды, енді бірі оны Аллаһтың ұлы, тағы бірі оны Аллаһтың адамға айналған түрі деп ойлады. Осылайша таухидтен айрылып, антропоморфтік сенім туындады. Христиандардағы секілді...

Құран Кәрім мен хадис шәріптерде Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пенде екендігіне баса назар аударылуының басты себебі, Мұхаммед үмбетін алдыңғы үмбеттердің түскен қателіктерінен қорғау болатын.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дегенін риуаят етеді:

«Мені Христиандардың Мәриямұлы Исаны асыра мақтағанындай мақтамаңдар. Менің Аллаһтың құлы екендігім сөзсіз рас. Мен үшін: «Аллаһтың құлы әрі елшісі» деңдер». (Бұхари, Әнбия 48)

Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басқа хадис шәрифінде өзіне шектен тыс құрмет көрсеткен кісіге былай ескерту жасаған:

«Сендер мені лайық болған дәрежемнің үстіне шығармаңдар. Себебі Аллаһ Тағала мені Расул етпей тұрып құл еткен болатын». (Хаким III, 197/4825; Хайсәми IX, 21)

Ардақты Пайғамбарымыздың өзінің де пенде әрі құл екендігіне қайта-қайта тоқталып отыруының тағы бір себебі, оның теңдессіз кішіпейілділігінен.

Сондықтан Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрдайым Хақ Тағаланың өзіне берген ұлы нығметтеріне шүкіршілік етіп, артынан: « لاَ فَخْرَ » *«Мақтануға болмайды»* деген.[131]

Абдуллаһ бин Жүбәйр (радиаллаһу анһу) былай баяндайды:

Бір күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір топ сахабасымен бірге жолда келе жатқанда олардың бірі Аллаһ Расуліне күн түсірмеу үшін жабумен көлеңкелегісі келді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әлдебіреудің өзіне көлеңке түсіріп тұрғанын байқап қалып, оған дереу тоқтат деді де, жабуды алып жерге қойды. Сосын:

– *Мен де сендер сияқты адаммын* - деді. (Хайсәми IX, 21)

Мынаны да ұмытпаған жөн, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пенде болумен қатар қандайда бір адам сияқты емес. Ақын мұны былай жырлаған:

مُحَمَّدٌ بَشَرٌ لَا كَالْبَشَرِ بَلْ هُوَ كَالْيَاقُوتِ بَيْنَ الْحَجَرِ

«Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) – пенде, бірақ өзге адамдар сияқты емес. Тастардың арасында

131. Тирмизи, Мәнәқиб 1/3615.

жақұт қандай болса, Аллаһ Расулі де адамдардың арасында сондай дәрежеде».

Басқа бір ақын өлең шумақтарында бұл шындықты былай жырлайды:

Адамзат тарихында жоқ оның сыңары,
Барлық тілдерде сөйлейді оның арманы.
Тағдыры оның ұласты ұлық Миғражға,
Қайран қалды сонда күллі періштелер.
Сен оның бойынан көркем сөздерін ал,
Пенде ғой ол да бірақ періштелерден абзал.

Хазіреті Пайғамбарымыздың үмми болуы (хат-сауат танымауы) және хикметтері

Үмми сөзі «анадан туылғанындай таза, пәк, оқу-жазу білмейтін, ешкімнен тәлім алмаған, меккелік, әһлі кітаптан болмаған арабтар» деген мағыналарды білдіреді.

Құран Кәрімнің білдіруі бойынша Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмми болатын, яғни оқу-жазу білмейтін.

Бұл, аят кәримада былай айтылады:

الَّذِينَ يَتَّبِعُونَ الرَّسُولَ النَّبِيَّ الْأُمِّيَّ الَّذِى يَجِدُونَهُ
مَكْتُوبًا عِنْدَهُمْ فِى التَّوْرٰيةِ وَالْاِنْجِيلِ

«Олар өздеріндегі Тәурат пен Інжілде жазылған үмми Расулға(оқу-жазубілмейтін)**пайғамбарғамойынсұнады...»** (Ағраф сүресі 157-аят)

Әлемдердің Сұлтанының үмми екендігін сол кездегі

мүшриктер де мойындайтын. Бұл жайында аятта былай баяндалады:

وَقَالُوٓا اَسَاطِيرُ الْاَوَّلِينَ اكْتَتَبَهَا فَهِيَ تُمْلٰى عَلَيْهِ بُكْرَةً وَ اَصِيلًا

«Олар: «Бұл (Құран) **бұрынғылардың ертегілері. Басқа біреуге жаздырып алып, ертелі-кеш оған оқылуда», деседі».** (Фұрқан сүресі 5-аят)

Аллаһ Расулінің үмми деп аталуының себептерін былай баяндауға болады:

1. Анасынан туылғанындай пәк күйінде қалған. Сырттай келген мағлұматтардан таза, табиғаты бұзылмаған, тікелей Аллаһ Тағала тарапынан тәрбиеленіп, тәлім берілген.

Аят кәримада бұл былай түсіндіріледі:

سَنُقْرِئُكَ فَلَا تَنْسٰى

«Саған Құранды біз оқытамыз, сосын сен оны еш ұмытпайсың». (Әғла сүресі 6-аят)

Хадис шәрифте де:

«Мені Раббым тәрбиеледі және ең жақсы түрде тәрбиеледі», (Суюти I, 12) деген.

Аллаһ Тағала Хазіреті Пайғамбардың (аләйһиссалату уәссәләм) кеудесіне үш рет рухани операция жасап (шарху садр) жүрегіндегі жағымсыз нәрселерді алып тастап, орнына тыныштық, мейірімділік, шапағат, иман және хикмет сияқты ұлы сезімдерді орналастырған.

2. Хазіреті Пайғамбарымыз әһлі кітаптан емес араб халқынан болатын.

3. Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) Меккеде дүниеге келді. Себебі Меккенің бір аты да «Үммул Қура». Қария арапшада ауыл немесе кішігірім қоныстанатын жер деген сөз. Мұның көпше түрі «Қура». Үммул Қура қоныстанатын жерлердің анасы, ең алғашқысы дегенді білдіреді.

Негізінде арабтар үмми болатын. Мәдениеттен ұзақ, оқу-жазу білмейтін қауым еді. Аллаһ Тағала оларға өз араларынан табиғаты бұзылмаған, ұлы пайғамбар жіберді.

Аят кәримада былай айтылады:

هُوَ الَّذِى بَعَثَ فِى الْاُمِّيِّنَ رَسُولًا مِنْهُمْ يَتْلُو عَلَيْهِمْ اٰيَاتِهٖ وَيُزَكِّيهِمْ
وَ يُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَاِنْ كَانُوا مِنْ قَبْلُ لَفِى ضَلَالٍ مُبِينٍ

«Ол (Аллаһ) **үммилерге өз іштерінен** (Құран) **аяттарын оқитын, оларды** (күнәдан) **тазартатын, Кітап пен хикметті үйрететін бір пайғамбар жіберді. Сөзсіз олар бұрын ашық адасуда болатын».** (Жұма сүресі 2-аят)

Хазіреті Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл шындықты былай суреттейді:

«Біз үмми бір жамағатпыз. Хат жазуды да, есепті де білмейміз». (Муслим, Сиям 15)

Үммилік қарапайым адамдар үшін сауатсыздықты білдіреді, ал Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үшін керісінше ұлылық пен кемелділікті білдіреді. Білімі мен амалы жағынан оқу-жазу білетіндерден де асып түскен бір пайғамбардың үмми болуы, оның тікелей Аллаһ тарапынан жіберілгендігін көрсететін тамаша дәлел.

Хақ Тағала былай дейді:

وَمَا كُنْتَ تَتْلُو مِنْ قَبْلِهِ مِنْ كِتَابٍ وَلَا تَخُطُّهُ بِيَمِينِكَ
اِذًا لَارْتَابَ الْمُبْطِلُونَ

«Сен бұдан бұрын еш кітап оқымайтын едің әрі жазу да жазбайтын едің. Егер бұлай болмағанда бұрыс жолдағылар бұдан күмәнданған болар еді». (Анкәбут сүресі 48-аят)

Үмми бір адамның уахидің жәрдемінсіз, ішкі сезімі арқылы бүкіл адамдар мен жындардың шамасы жетпеген керемет мұғжиза Құран Кәрімді жазуы мүмкін емес. Перғауынның қыссасы, Хазіреті Мұсаның анасының қыссасы, Жүсіптің (аләйһиссәләм) қыссасы секілді тарихи шындықтарды да білуі мүмкін емес.

Құран Кәрім адамдарға бұрынғы өткен үмбеттердің қыссаларын күніміздегі тарих ғылымы мен тарих философиясына сәйкес түрде, өте ғибратты түрде түсіндіреді.[132]

Сонымен қатар үммилік Құран үкімдерінің бүкіл әлемдік болуының ең алғашқы шарты. Бір жағынан «اَلضَّعِيفُ أَمِيرُ الرَّكْبِ» «Керуеннің басшысы ең әлсіз адам», мақалындағы секілді Құран Кәрім әкелген жауапкершілігінің барлық адамдарға жете білуі үшін және оны барлық адамның орындай алуы үшін үммилік дәрежесін негізге алған. Яғни Исламды түсініп, іске асыру үшін қарапайым, орта дәрежедегі адам болу жеткілікті. Сондықтан Ислам күндік ғибадаттардың уақытын белгілеуде күннің әрекетін, ал айлық және жылдық

132. Тәурат пен Інжілде айтылған уақиғалардың кейбірі бүгінгі тарих ғылымына және заманауи ғылыми пайымдауларға теріс келуде. Әлемнің жаратылуы мен кезеңдері, адамдардың жер жүзіне түскен уақыты, Топан су қыссасы сияқты... (Маурис Букайлле «Мусбет илим иөнунден Теврат, Инжил ве Куран», 53-82, 157-175 беттер.

ғибадаттардың уақытын белгілеуде болса айдың әрекетін негізге алған.

Құран Кәрім үмми адамдардың дәрежесіне түскенімен, еш уақытта олардың дәл сол күйінде қалауларын да қаламаған. Оларды үммиліктен шығарып сауатты етуді көздеген. Ислам жап-жаңа бір мәдениет құрған әрі мұның негізін «әл-Китаб» деп аталатын Құран Кәрім белгілеп берген.

Хиляту Саадат

Хиля сөздікте сән, әшекей, түр әлпет, рухани көркемдік деген мағыналарға келеді. Ал терминдік мағынасы болса Хазіреті Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тілдің және қаламның құдіреті жеткенінше сөздермен бейнелеу.

Нахифи былай айтады:

«Егер бір кісі хиляту шәрифә жазып, оған өте ұзақ қарап тұратын болса, Аллаһ Тағала ол кісіні ауру-сырқаулардан, қиындықтардан және кездейсоқ өлімнен сөзсіз сақтайды. Егер бір жерге сапар шеккенде өзімен бірге алып жүретін болса, ол сапарында үнемі Хақ Тағала оны қорғайды».

Көптеген Ислам ғалымдары хиляту шәрифәның сансыз ерекшеліктері жайында өз пікірлерін айтқан. Тіпті Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түсінде көру үшін хиляту шәрифәны тәбәрік ретінде жаттап алу әдеті көптеген Ислам елдерінде әлі де кездеседі.

Бұған қоса сүйікті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «нурун алә нур», яғни нұр үстіне нұр деп суреттелген мүбәрак жүзін сөзбен бейнелеген кезде оны толық бейнелеуге тілдің аясы жеткіліксіз болғанындай, оның

шынайы бейнесін көруге және толық түсінуге пенделердің әлсіз екендігін де ұмытпаған жөн. Өйткені Жаббар Хақтың адамзатқа сыйлаған барлық жақсылығын өз бойында жинай білген теңдессіз кісіні тиісінше толық түсіндіру мүмкін емес. Хакани мұны былай суреттеген:

«Барлық жаратылыс оның хақ пайғамбар екенін біледі. Себебі еш уақытта жаратылыстың арасында оның ұқсасы келмеген».

Адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымызды қалам ұшымен бейнелеуге тырысқан бұл суреттемелер сағадат ғасырын (пайғамбарымыздың кезеңін) көре алмаған және оны көруді сағынышпен аңсаған көңілдерді бір сәт болса да жұбатып, тынышталдыруда. Расулұллаһты танытатын риуаяттарды жеткізген кісілер бізге мұхиттан бір тамшы су ұсынған тәрізді. Бұл тамшыдағы мұхитты көруді қалаған мүминдер әлемдердің Сұлтанына деген сүйіспеншілігін арттырып оның усуәи хасанасынан (көркем мінез-құлық) нәр алып, әдебі мен ақлағына сай болуға тырысқан.

Шынында да адам көңілі үнемі жақсылыққа қарай бұрып тұрады, әрі онымен бірге болуды қалайды. Бұл оның жаратылысында бар қасиет. Осы сезімнің әсерінен әрдайым оны ойлайды. Шын көңілден ахлағы мен ішкі дүниесінің сүйіктісіне ұқсауын қалайды. Нәтижеде жақсы көрген адамын үлгі тұтып, оған ұқсай бастайды. Осы табиғи құштарлықтың салдарынан Хазіреті Пайғамбарымыздың көркем әдебі кісіні оған ынтық әрі бағынышты етуге және оған деген махаббаттың артуына себеп болары сөзсіз.

Хазіреті Хасан (радиаллаһу анһу) өгей нағашысы Хинд бин Әби Халадан Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хилясын сұраған кезде ішкі дүниесінің қандай халде болғанын былай түсіндіреді:

«Нағашым Хинд бин Әби Хала Аллаһ Расулінің хилясын өте тамаша түсіндірер еді. Жүрегімнің онымен бірге болуы үшін және оның жолымен жүре білуім үшін, нағашымның Аллаһ Расулі жайында әңгімелеп беруі маған қатты ұнайтын».

Нұр жүзді Расулұллаһтың көркем әдебін естуден жалықпаған Хазіреті Хасан мен Хазіреті Хұсайн (радиаллаһу анһумә) оның мүбәрак жамалын әкелері Хазіреті Алиден (радиаллаһу анһу) де үнемі еститін, әрі бізге жеткізген.

Жазылған хиляту шәрифтер Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қаншалықты дәрежеде түсіндіре алар екен?!. Хиляту шәрифті әркім оған деген көңіліндегі махаббаттың дәрежесіне және сөздердің шектеулі мағынасына қарай түсіне алады.

Біз де бұл тұстағы әлсіздігімізді мойындай отырып, бізге жеткен риуаяттардан көңілімізге қонған хиляту шәрифті тәбәрік ретінде түсіндіруді жөн көрдік. Әр түрлі риуаяттарда былай айтылады:

Хазіреті Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұзынша келген орта бойлы еді.

Жаратылысы өте керемет, дене бітімі келісті әрі жарасымды болатын.

Жауыры кең, иықты болатын. Екі жауырының арасында пайғамбарлық мөрі бар еді.

Сүйектері мен буындары ірі еді.

Денесі қызғылтым ақшыл, нұрлы әрі жібектен жұмсақ болатын. Мүбәрак денесі үнемі таза болатын және иісі өте керемет еді. Иіс су сепсін-сеппесін денесі мен тері жұпар иістерден де хош керемет болатын. Кімде-кім онымен қол

алысатын болса, күні бойы оның хош иісін сезініп жүретін. Бейнебір гүлдер иісін одан алған тәрізді. Мүбәрак қолымен бір баланың басын сипайтын болса, ол бала хош иісімен басқа балалардан ерекшеленіп тұратын.

Терлеген кезде денесі гүл жапырақтарындағы таңғы шықты еске салатын.

Сақалы өте қалың еді. Сақалын бір тұтамнан артық өсірмейтін. Қайтыс болған кезінде шашы мен сақалында жиырма шақты ақ бар еді.

Қастары жаңа туған ай ай тәрізді, арасы бір-бірінен ашық еді.

Екі қасының арасында бір тамыр болатын. Хақ үшін ашуланған кезде ол тамыр ісіп, шығып кететін.

Тізілген інжу моншақтай тістерін үнемі мисуакпен тазалайтын және жиі-жиі мисуак қолдануды өсиет ететін.

Кірпіктері ұзын әрі қап-қара болатын. Көздері үлкен, қарашығы қап-қара, ағы да аппақ еді. Көздеріне бұрыннан сүрме жағылғандай еді.

Оның ерекше кәміл руханияты секілді керемет дене бітімі де теңдессіз еді.[133]

Оның жүзі толған айдай жарқырып тұратын. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) былай дейді:

«Расулұллаһтың жүзі нұр шашқаны соншалықты, түнде инені оның жүзінің жарығымен сабақтап алатынмын».

Екі иығының арасында пайғамбарлығын білдіретін бір илəһи белгі бар еді. Көптеген сахаба ол мөрді сүюді

133. Хаким III, 10; Ахмед I, 89, 96 117, 127; IY, 309; Ибн Сағд I, 376, 412, 420-423; II, 272; Ибн Кәсир, әл-Бидая YI, 31-33; Тирмизи, Шәмәил 15 б.

армандайтын. Қайтыс болған кезінде бұл мөрдің көзден ғайып болуы, оның көз жұмғандығын растады.[134]

Оның мүбәрак, нұрлы денесі қайтыс болған соң да ешқандай өзгермей, сол қалпында қалды. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) қайғы-қасіретпен, көзі мен көңілі жасқа толып «адамзаттың асыл Тәжіне» қарап тұрып:

«Өлімің де өмірің сияқты нендей тамаша еді, уа, Расулұллаһ!..» - деп, мүбәрак маңдайынан сүйген.

Аллаһ Расулінің пәк көңілінің мейірімділігін тілмен жеткізу мүмкін емес.

Ол артық сөз сөйлемейтін. Оның сөйлеген әрбір сөзі насихат әрі даналық еді. Еш уақытта өсек, бос сөз айтпайтын. Әркімнің түсінігі мен санасына қарап әңгіме айтатын.

Ол өте кішіпейіл әрі биязы болатын. Қарқ-қарқ күліу сияқты шектен тыс әрекеттер жасамайтын. Үнемі күлімсіреп жүретін.

Оны күтпеген жерден көрген адамның бойын қорқыныш жайлайтын. Ал онымен танысып сөйлесіп, сұхбаттасқан кісі оны шын жүректен жақсы көретін.

Ізгі кісілергедәрежелерінеқарапқұрметкөрсететін.Туған-туыстарына да аса құрмет көрсететін. Әһлі бәйтімен (үй-іші) және сахабаларымен мейірімділікпен қарым-қатынас жасағанындай, басқа адамдармен де кішіпейілділікпен, ізеттілікпен қарым-қатынас жасайтын және былай дейтін:

«Ешбіріңіз өзі үшін қалаған жақсылықты мүмин бауыры үшін де қаламайынша кәміл мүмин бола алмайсыздар». (Бұхари, Иман 7; Муслим, Иман 71-72)

134. Тирмизи, Шәмәил 15 б.; Ибн Сағд II, 272.

Қызметшілеріне жақсы қарайтын. Өзі не ішіп не кисе, оларға да соны ішкізіп содан кигізетін. Ол өте жомарт, қолы ашық, мейірімді әрі мархаматты еді. Қажет кезінде өте ержүрек әрі мейірбанды еді.

Сөзінде тұратын, уәдесіне берік, бір сөзді еді. Ахлағы мен әдебі, ақылы мен сана-сезімі барлық адамдардан жоғары және мақтауға да лайық еді. Суреті көркем, ахлағы кәміл, ұқсасы жаратылмаған мүбәрак тұлға еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үнемі уайым үстінде болатын, ойланып-толғанумен жүретін. Қажет болмаса сөйлемейтін. Ұзақ уақыт үн қатпай жүретін. Бір сөзді бастайтын болса жартылай қалдырмайтын, оны толық айтып бітіретін. Аз сөзбен көп мағыналар жеткізіп, қысқа әрі нұсқа сөйлейтін. Сөздерін бөліп-бөліп айтатын. Қажетінен тыс та, аз да сөйлемейтін. Табиғаты жұмсақ мінезді бола тұра өте қатал әрі айбынды еді.

Ашуланған кезде отырып, орнынан тұрмайтын. Ақиқатқа қарсы шығылған кезде және ақиқат аяққа тапталған кезде ғана ашуланатын. Ешкім мән беріп, аңғара қоймаған ақиқат аяққа тапталғанда да ашуланып, ақиқат орындалғанға дейін ашуы тарқамайтын. Ақиқат орындалғаннан кейін ғана тынышталатын. Өз мүддесі үшін әсте ашуланбайтын. Жеке басына қатысты мәселелерде өзін қорғаштамайтын, ешкіммен салғаласпайтын.

Ол ешкімнің үйіне рұқсат сұрамайынша кірмейтін. Үйіне келген кезде уақытын үшке бөлетін: бір бөлігін Аллаһқа құлшылық жасауға, екіншісін отбасына, үшіншісін өзіне арнайтын. Өзіне арнаған уақытын қара халықпен және зиялы қауыммен өткізетін. Олардың ешбірін қалдырмайтын, барлығының көңілін аулайтын.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрбір халде және барлық әрекетінде Аллаһты зікір етуін тастамайтын.

Мешіттердің белгілі жерлерінде отыруды әдетке айналдырып алмасын деп, мешіттерде барлық жерге отыратын. Кейбір мекендерді киелі санауды және мәжілістерде тәкаппарлықты білдіретін әрекеттер көрсетуді қаламайтын. Бір мәжіліске кегенде қай жер бос болса сол жерге отыратын және әркімнің осылай етуін қалайтын.

Кімде-кім одан мұқтаждықпен бір нәрсе сұрайтын болса, мейлі ол өте маңызды нәрсе болсын, мейлі маңызсын нәрсе болсын, оның қалауын орындамайынша жаны жай таппайтын. Оның мұқтаж нәрсесін тауып бере алмаған жағдайда, ең азында жақсы сөз айтып оның көңілін аулайтын. Ол баршаның дертіне ортақ еді. Адамдар қандай жағдайда, қандай лауазымда болса да, бай-кедей, яки ғалым-сауатсыз деместен барлығына бірдей қарым-қатынас жасайтын. Ешкімді бөліп жармайтын. Оның барлық мәжілістерінен ғылым, ұят, ықылас, биязылық, сабырлылық, салмақтылық, тәуекелділік сияқты қасиеттерді көруге болады.

Қателік немесе жөнсіз әрекет істеген кісіні айыптамайтын. Ескерту жасау қажет болған жағдайда ол кісіні ренжітпей жылы сөзбен түсіндіретін.

«Мұсылман бауырының басына келген пәлекетке қуанба. Аллаһ Тағала оны рақымдылығымен пәлекеттен құтқарып, сосын сені сынайды» дейтін. (Тирмизи, Қиямет 54)

Ешкімнің көрінбеген қателігі мен кемшілігін іздестірмейтін және де мұндай нәрселерді іздестіріп, қазбалауға қатаң тыйым салатын. Өйткені біреуден күмәнданға және біреудің күнәсін іздестіруге иләһи әмірлермен тыйым салынған.

Сауабы жоқ, бос мәселелерде сөзін шығын қылып сөйлемейтін. Оның өткізген сұхбаттары мен мәжілістері өте әсерлі өтетін. Ол сөйлеген кезде айналасындағылар шын ықыласымен құлақ салып, беріле тыңдайтын. Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) айтқанындай, егер бастарына құс қонатын болса, сағаттар бойы ұшпай отыра беретіндей еді. Оның әдебі мен ибалылығы асхабына да әсер еткендігі соншалықты, олар одан сұрақ сұрауға көбінесе бата алмайтын. Егер шөлден бәдәуй келіп Хазіреті Пайғамбармен әңгімелесетін болса да, олар Расулұллаһтың руханиятынан нәр алсақ деп, сыртта кірмей күтіп тұратын.[135]

Тіптен оның айбынынан бата алмай екі жыл бойы сұрақ сұрай алмай жүргендер де бар. Олар оның айбарынан мүбәрак жүзіне қарай алмайтын.

Амр бин Ас (радиаллаһу анһу) былай деген болатын:

«Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұзақ уақыт бірге болдым. Бірақ оның алдында сезінген ибалылығымнан және оны құрметтегендіктен басымды көтеріп оның мүбәрак және нұрлы жүзіне рахаттанып қарай алмадым. Егер бүгін маған «Бізге Расулұллаһты бейнелеп бер, оны түсіндір» дейтін болса, шынымен де түсіндіре алмас едім». (Муслим, Иман 192; Ахмед IV, 199)

Оның ұлы қасиеттері мен ерекшеліктерін түсіндіргісі келген кісі сөзсіз «Мен бұдан бұрын да, кейін де еш ол сияқты адам көрмедім» дер еді.[136]

Бір күні Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһу) араб тайпаларының біріне барғанда, тайпа көсемі оған:

135. Ибн Сағд I, 121, 365, 422-425; Хайсәми IX, 13.
136. Ахмед I, 96.

– Ей Халид! Бізге Аллаһтың Расулінің бейнесін, ахлақ-мінезін түсіндіріп бер, - деген еді.

Сонда Халид (радиаллаһу анһу):

– Бұл мүмкін емес, бұны сөзбен жеткізе алмайсың, - дегенде, тайпа көсемі:

– Ендеше еш болмаса өзіңнің ұғып, түсінгеніңше айтып берші, - деді.

Сонда Халид (радиаллаһу анһу) мына керемет жауапты айтты:

«Саған мынаны айтайын, жіберілген жібергеннің қадір-қасиетіндей болады. Жіберген әлемнің Жаратушысы екендігіне қарағанда, жіберілгеннің мәртебесін сен өзің ойлап, ұғып көр!». (Мүнауи Ү, 92; Қасталани «Мауахибу Ләдунния тәржүмеси» 417 б.)

Оның көркемдігін, айбындылығын, нұрлылығын және биязылығын ескеретін болсақ, Аллаһтың пайғамбары екендігін білдіретін арнайы мұғжиза мен дәлелдің керегі болмай қалады.

Қысқасы оның ахлағы Құран еді. Мұны мұғалім Нажи өте тамаша жырлаған:

Құранға қарап адамдар тамсанар саған,
Құран сенің сипатың, құдірет қолымен жазылған.

Хазіреті Мәулана Халиди Бағдади Аллаһ Расулінің көркем ахлағы барлық жаратылысты тамсандырғанын былай жеткізеді:

«Ол нендей жомарт. Оның жомарт тұлғалығының арқасында теңізден інжу, қатты тастан жақұт тікеннен раушан шығады. Егер бақшада оның көркем мінезі айтылатын

болса, қуаныштан жадырап ашылмаған бірде-бір гүлшанақ қалмайды». (Диван 65-66 бб.)

Барлық әсемдік Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бойына жиналған. Оның денесінен нұр шашып тұрғандай еді. Бірақ сонда да Аллаһ Расулін барлық әсемдігімен ешкім қарай алмаған. Бұл турасында Имам Құртуби былай дейді:

«Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әсем жамалы толығымен сыртқы келбетінде емес еді. Егер де оның бүкіл әсемдігі сол күйінде сыртқа көрінгенде, асхабы оған қарай алмас еді». (Али Ярдым, Пейгамберимизин Шемайли, 49 б.)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақыны Хассан бин Сәбит (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың бүкіл жаратылыстың арасында теңдессіз екенін мынадай өлең жолдарымен жеткізген:

وَ اَحْسَنَ مِنْكَ لَمْ تَرَ قَطُّ عَيْنٍ
وَ اَجْمَلَ مِنْكَ لَمْ تَلِدِ النِّسَاءُ
خُلِقْتَ مُبَرَّءًا مِنْ كُلِّ عَيْبٍ
كَاَنَّكَ قَدْ خُلِقْتَ كَمَا تَشَاءُ

(Уа, Расулұллаһ! Ешқандай көз сенен асқан әсемдікті көрмеген. Ешқандай әйел сенен асқан ажарлыны тумаған. Сен барлық айыптардан пәк күйде жаратылдың. Жаратушы сені қалағанындай жаратқандай...)

Уахидің қайта келе бастауы

Уахи алты ай бойы келмей тоқтап қалды.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахидің қайта келе бастауын былай түсіндіреді:

«Бір күні жүріп келе жатқанымда кенеттен көктен бір дауыс естідім. Басымды көтеріп қарадым. Қарасам Хирада маған келген періште (Жәбрейіл) көк пен жер арасында тақ үстінде отыр екен. Қатты қалтырап кеттім. (Үйіме) оралып:

«Мені жабыңдаршы, мені жабыңдаршы!» - дедім.

(Менің үстім жабулы кезде Жәбрейіл (аләйһиссәләм) келді.) Аллаһ Тағала (ол арқылы маған):

يَآ اَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ ﴿1﴾ قُمْ فَاَنْذِرْ ﴿2﴾ وَ رَبَّكَ فَكَبِّرْ ﴿3﴾

وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ ﴿4﴾ وَالرُّجْزَ فَاهْجُرْ ﴿5﴾

«Ей, бүркеніп жатқан (пайғамбар)**. Түрегел,** (жұртыңды Аллаһтың азабымен) **қорқытып ескерт. Раббыңды ұлықта. Киіміңді тазала. Жаман нәрселерден аулақ бол»** (Мүддәссир сүресі 1-5 аяттар) *аяттарын түсірді.*

Уахи (осыдан кейін) еш тоқтамады». (Бұхари, Тәфсир 74/4, 5; Муслим, Иман 255-258)

Мұны Аллаһ Тағала былай айтады:

وَلَقَدْ وَصَّلْنَا لَهُمُ الْقَوْلَ لَعَلَّهُمْ يَتَذَكَّرُونَ

«Олар ойланып насихат-кеңес алсын деп уахиді бірінен соң бірін үздіксіз түсіріп отырдық». (Қасас сүресі 51)

Уахидің тоқтаусыз жалғасуы да Құран Кәрімнің мұғжизаларының бірі. Себебі барлық адамдар жиналып,

жәрдемші ретінде қалағандарын шақырса да, ойларынан бір аятын да шығара алмайтындай дәрежедегі аяттардың Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірінен соң бірі түсуі Құран Кәрімнің уахи арқылы келетіндігін айқын дәлелдеуде. Бұл уахиға пенденің әсте араласа алмайтындығының да нақты дәлелі.

Кішкене өлең кітабының өзі тынбай әрекет етіп, қаншама уақыт жұмсап жазылатындығы мәлім. Бұған қоса қаншалықты ұқыптылықпен мұқият жазылса да пенденің жемісі болған мұндай еңбектерді кемшіліксіз деп айту да мүмкін емес. Мұндай ерекшеліктек қана иләһи уахи үшін ғана айтыла алады. Уахи алғаш түскен күйінде мәңгі қалатындай, сансыз мұғжизаларды түгел қамтып және барлық пенделік кемшіліктерден аулақ күйде жіберілген. Осының өзі Құран Кәрімнің ақиқат әрі ұлы екенін түсіндіруге жеткілікті.

Мүддәссир сүресі түскеннен соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тынығу үшін жатқан жерінен үшып түрды. Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһа) анамыз бұдан хабарсыз болғандықтан, аң-таң болып:

– Неге тұрдыңыз, демалмадыңыз ба? - деді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса:

– *Енді демалатын уақыт бітті,* - деп, жаңа түскен уахиді түсіндірді.

Уахи алғаш келген күндерде Жәбрейіл (аләйһиссәләм) Хазіреті Пайғамбарымызға дәрет алуды және намаз оқуды үйретті. Аллаһ Тағала Расулінің көңілін жадырататын ғибадатты әмір етіп, оны қуандырған болатын.

Әлемдердің Сұлтаны көңілі алып ұшып, қатты қуанып үйіне оралды. Аллаһтың өзіне берген ұлы сыйын жұбайына айтып, оған да дәрет алып намаз оқуды үйретті.[137]

137. Ибн Исхақ 117 б.; ибн Хишам I, 262-263.

Алғашқы мұсылмандар

Алғаш иман келтірген адам Хазіреті Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Бұл жағдай аят кәрималарда былай білдіріледі:

اٰمَنَ الرَّسُولُ بِمَآ اُنْزِلَ اِلَيْهِ مِنْ رَبِّهٖ وَالْمُؤْمِنُونَ

«Пайғамбар Раббысынан өзіне түсірілгенге иман келтірді...» (Бақара сүресі 285-аят)

قُلْ اِنِّيٓ اُمِرْتُ اَنْ اَعْبُدَ اللّٰهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ ﴿11﴾
وَاُمِرْتُ لِاَنْ اَكُونَ اَوَّلَ الْمُسْلِمِينَ ﴿12﴾

«Айт: Мен дінді тек Аллаһқа арнап, оған құлшылық қылуға әмір етілдім. Сонымен бірге алғашқы мұсылман болуға бұйырылдым». (Зүмәр сүресі 11-12 аяттар)

Адамзаттың асыл Тәжінен кейін мұсылман болған қадірлі жұбайы **Хазіреті Хадиша** (радиаллаһу анһа) болатын.

Әлемдердің Сұлтаны қауымының мазақ етіп, қорлап азаптағанына тап болып үйіне қайғырып, налып күйзелген күйде қайтқанда Аллаһ Тағала оның қайғысын Хазіреті Хадиша анамыздың жұбатып, дем берген сөдерімен жеңілдетіп, иләһи жәрдемімен оның атқаратын міндетін оңайлатқан.[138]

Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһа) иман келтірген соң Пайғамбарымыздың қыздары **Хазіреті Руқия, Үммү Гүлсім** және **Фатима** да мұсылман болды.[139]

138. Ибн Хишам I, 259.
139. Ибн сағд VIII, 36.

Хазіреті Али (кәррамаллаһу уажһаһу) Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен Хазіреті Хадишаның намаз оқығандарын көріп:

– Бұл не нәрсе? - деп сұрады.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

– Бұл – Аллаһтың өзі үшін таңдаған діні. Мен сені жалғыз Аллаһқа иман келтіруге және оған ғана ғибадат жасауға, ешқандай пайдасы да, зияны да жоқ Лат пен Ұззадан бас тартуға шақырамын, - деді.

Сонда Хазіреті Али (радиаллаһу анһу):

– Мен қазірге дейін мұндай дінді еш естімедім. Әкем Әбу Тәлібтен сұрамайынша ештеңе істей алмаймын, - деді.

Әлемдердің Сұлтаны ол уақытта тәблиғ қызметін жасырын атқарып жүргендіктен:

– Ей, Али! Егер мұсылман болмаймын десең саған айтқандарымды ешкімге тыс жарма, - деді.

Хазіреті Али ол түні күтті. Аллаһ Тағала оның жүрегінде Исламға деген сүйіспеншілік оятты. Таң ертең Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып Ислам діні жайында сауалдар сұрады. Жауаптарын алған соң, Аллаһ Расулінің әмірін дереу орындап мұсылман болды. Әкесінен бата алмай біраз уақыт мұсылмандығын жасырып жүрді. Хазіреті Али бұл уақытта он жаста еді. (Ибн Исхақ 118 б.; Ибн Сағд III, 21)

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаз оқығысы келгенде Хазіреті Алимен (радиаллаһу анһу) бірге Мекке сыртына шығып, адамдардан аулақ жерде намаздарын оқитын, кешқұрым қайтып оралатын.

Аллаһ қалаған уақытқа дейін бұл осылай жалғасты.

Әбу Тәліб ұлы мен сүйікті інісінің жасырын намаз оқып жүргендерін білген соң, Хазіреті Пайғамбарымыз құрметті немере ағасын да Исламға шақырды. Әбу Тәліб болса оның шақыруына былай жауап берді:

– Ей, бауырымның ұлы! Мен аталарымның дінінен шыға алмаймын. Бірақ сен бұйырылған нәрсеңді жалғастыра бер. Уаллаһи, мен тірі тұрғанда саған ешкім тисе алмайды.

Хазіреті Алиге де:

– Ұлым! Ол сені тек жақсылыққа шақырады. Сен оның жолына мықтап жабыс. Одан еш айырылма, - деді. (Ибн Хишам I, 265)

Абдуллаһ бин Масғуд[140] (радиаллаһу анһу) сауда-саттық үшін Меккеге келген кезінде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Хадиша және Хазіреті Али үшеуі бірге Қағбаны тауап етіп жүргенін көргендігін және осы кезде Хазіреті Хадишаның тәсәттурге қатты көңіл бөлгенін айтады. (Зәхәби, Сияр I, 463)

---

140. **Абдуллаһ бин Масғуд** (радиаллаһу анһу) – алғашқы мұсылмандардан. Лақаб аты Әбу Абдуррахман. Мұсылман болған күннен бастап Хазіреті Пайғамбарымыздың қасынан еш айырылмаған және оған қызмет қылудан рахаттанатын. Ибн Масғуд әлсіз, жіңішке ғана кісі еді. Дауысы әсем, жүзі көркем еді. Ол мұсылман болған кезде мұсылмандардың саны өте аз болатын. Мүшриктер оған Меккеде тыныштық бермеді. Сосын ол Мәдинаға хижрет етіп Муаз бин Жәбәлді паналады. Хазіреті Пайғамбар хижрет еткен соң Мәдинаға орналасты. Барлық соғыстарға қатысты. Хазіреті Пайғамбар оның Құран оқығанын тыңдаудан ләззат алатын. Тәпсір, хадис, фиқһ саласындағы терең білімімен көптеген ғалымдар тәрбиеледі. Атап айтқанда Куфалық ғалымдар оның риуаяттары мен көзқарастарына сүйене отырып фиқһа байланысты көзқарастар айтты. Ол 848 хадис риуаят еткен. Хазіреті Осман кезеңінде Куфаның қазылығынан кетіп, Мәдинаға оралған. Аз уақыттан соң алпыс жастан асқанда, сол жерде дүние салды.

Үфәйф әл-Кинди де сауда-саттықпен Меккеге келіп, Аббастың (радиаллаһу анһу) үйінде қонақ болады. Үфәйф Хазіреті Пайғамбарымыз, Хазіреті Хадиша және Хазіреті Алидің Қағбада намаз оқып жатқандарын көріп, Аббастан (радиаллаһу анһу) олар жайында сұрады. Хазіреті Аббас олар туралы айтып берген соң:

– Ант етейін, мен мына әлемде осы дінге сенетін мына үш кісіден басқа ешкімді білмеймін, - деген болатын.

Үфәйф (радиаллаһу анһу) һидаятты тапқан соң үнемі былай өкінетін:

– Әттең сол уақытта иман келтіріп, екінші мүмин еркек мен болғанымда ғой! Олардың төртіншісі болуды қатты армандайтынмын. (Ибн Сағд YIII, 18; Ибн Хажар, әл-Исаба II, 487)

Хазіреті Алиден кейін ардақты Пайғамбарымыздың азат еткен құлы **Зәйд бин Хариса** (радиаллаһу анһу) мұсылман болды. Намаз оқып Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызмет етіп, одан еш айырылмайтын. Тайфтықтардың Хазіреті Пайғамбарымызға атқан тастарына өз денесін қалқан ретінде тосып, қан жоса болып шынайы махаббатымен өзін Аллаһ Расуліне атады. Осы үшін әлемдердің Сұлтанының арнайы ілтипатына лайық болып, сүйіспеншілігіне бөленді.

Ардақты Расулдің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Зәйдке деген махаббатын Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) мына сөзі керемет дәлелдеуде:

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Зәйдтің ұлы Усамаға үш мың бес жүз дирхам айырды, өз ұлы Абдуллаһқа одан бес жүз дирхам аз айырды. Абдуллаһ әкесі Хазіреті Омардан мұның себебін сұрап:

– Усаманы неге менен артық көресің? Ол менен көп соғысқа қатыспады ғой, - деді.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) теңдессіз әділдігімен бірге терең руханиятын және кішіпейілділігін көрсетіп, былай керемет жауап берді:

– Ұлым! Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның әкесін сенің әкеңнен артық жақсы көретін. Усаманы да сенен артық жақсы көретін. Міне сондықтан Расулұллаһтың жақсы көргенін өзімнің жақсы көретінімнен артық тұттым. (Тирмизи, Мәнәқиб 39)

Осы және осыған ұқсас көптеген мысалдардағы сияқты асхабы кирам Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақсы көргенін өздерінің жақсы көргендерінен артық санайтын.[141]

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) пайғамбарлықтан бұран да Хазіреті Пайғамбарымыздың досы еді. Бала кезінен оның көркем мінезіне, туралығына және сенімділігіне куә болатын. Көркем мінезімен еш өтірік айтпайтын кісінің Хақ Тағалаға қарсы өтірік айтуының әсте мүмкін емес екендігіне сенетін. Осы себептен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны Исламға шақырған кезде еш ойланбастан қабыл етті.[142]

Әлемдердің Сұлтаны осы турасындағы хадис шәрифінде:

«Аллаһ мені сендерге Пайғамбар етіп жібергенде ең алдымен маған «Сен өтірікшісің» дедіңдер. Бірақ Әбу Бәкір «Ол тура айтады» деп, жанымен әрі малымен маған барынша жәрдем етті», - деген. (Бұхари, Асхабун Нәби 5)

141. Хайсәми VI, 174; Ибн Сағд IV, 30.
142. Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 78.

Еш нәрсе Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Әбу Бәкірдің мұсылман болғанындай қуандырмаған. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) мұсылман болған кезде еш тартынбастан мұсылмандығын жариялап, басқа адамдарды да Аллаһ Тағалаға және Расуліне иман келтіруге шақыра бастады.[143]

Ардақты Пайғамбарымыздың өмірінде Хазіреті Әбу Бәкірдің алар орны ерекше. Бір мүдденің іске асуы үшін мына үш шарт ләзім:

1. Өткір пікір.
2. Ол пікірдің төңірегіне шоғырланған маман адамдар.
3. Материялдық қаражат.

Өткір пікір – Исламның мән-мазмұны, бұл уахимен айқындалған. Хазіреті Әбу Бәкір қалған екі факторда өте маңызды роль атқарған. Яғни қажетті мамандар сонымен басталды және ол мүбәрак сахабаның мал-мүлкі көптеген Ислами қызметтермен бірге мұсылман құлдарды сатып алып азат ету сияқты бұл мүдденің материялдық қажеттіліктеріне жұмсалды.

Бұл екі ерекшелікті біраз түсіндірер болсақ, Хазіреті Әбу Бәкір мен ардақты Пайғамбарымыздың арасындағы жастық шақтарындағы достығы пайғамбарлық міндеті берілгеннен кейін қимас әрі ажырамас ұлы достыққа айналды.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) алғашқы мұсылмандардан болуымен қатар, иманына күмән мен шөк түсірмей «Сыддық» сипатына ие болды. Кейінгі уақыттарда да Исламның дамуы мен жайылуында материялдық және рухани жәрдемін аямастан, бүкіл дүние-мүлкін Аллаһ жолына атады.

143. Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 80-81.

Махаббат деген – жақсы көрген кісісін шын сүю және осы сүйіспеншілік арқылы ол кісінің жақсы көрген нәрселерін де жақсы көру, оның қалаған нәрселерін өзінің қалаған нәрселерінен артық көру және де жақсы көрген адамы үшін барлық нәрсесін пида ете білу. Міне Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу аннһу) өмірі де Аллаһ Расуліне ғашықтықпен шын көңілден бағынудың сансыз мысалдарына толы:

Бір күні көңілдердің дауасы Хазіреті Пайғамбарымыздың мазасызданып қалғанын естіген Хазіреті Сыддық, уайым-қайғыдан өзі де төсек тартып жатып қалған болатын.

Бұл екі достың арасындағы ұлы махаббаттың себебімен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Әбу Бәкір менен, мен де оданмын. Әбу Бәкір дүниеде де, ақыретте де менің бауырым» (Дәйләми I, 437) деп рухани әлемдегі достығын және жүректен жүрекке ашылған рухани жолды білдірген.

Расулұллаһ (аләйһиссалату уәссәләм) соңғы сәтінде төсек тартып жатқанда:

«Барлық есіктер жабылсын, тек Әбу Бәкірдікі қалсын!» (Бұхари, Асхабун Нәби 3) деп, Хазіреті Әбу Бәкірмен арасындағы рухани байланыс пен жақындықты білдірген.

Біләл Хабаши мен **анасы** да Аллаһ Расулі адамдарды Исламға жасырын шақырып жүрген кезеңде мұсылман болды. Хазіреті Біләл (радиаллаһу аннһу) мұсылмандығын жариялаған алғашқы жеті кісінің бірі болатын. Дінінен бас тартуы үшін көрсетілген ауыр зорлық-зомбылыққа төзіп шыдайтын. Дініне қарсы шығуы үшін зорлаған кезде «Әхад! Әхад! Аллаһ жалғыз! Аллаһ жалғыз!» дейтін.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Хазіреті Біләл мен анасын сатып алып, оларды азат етті.[144]

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) бұл әрекетімен Пайғамбардың ілтипатына бөленді және мейірімділік пен жомарттықта мәңгілік өшпес есте қалды.

Хазіреті Мәулана (қуддиса сирруһ) бұл оқиғаны көңіл үнімен бейнелеп былай дейді:

«Біләл Хабашидің мұсылман болғандығы үшін ауыр азапқа душар болғанын естіген Хазіреті Сыддық Хазіреті Мұстафаның алдына барып, бейшара Біләлдің жағдайын баяндады».

«Ол былай деді: Мына әлемді өлшеген мүбәрак кісі саған ғашық болыпты. Сенің махаббатыңа құштар болыпты. Осы себептен залымдар ол періштедей адамға зұлымдық көрсетуде. Кінәсіз болса да қанаттарын жұлып жатыр. Ол қымбат қазынаны ширк топырағына көмгілері келеді».

«Ыстық күннің астында қызып тұрған құмға жатқызып, жалаңаш денесін тікенді бұтақтармен ұрып жатыр».

«Бірақ денесі қызыл қанға боялып жатса да ол: «Аллаһ жалғыз, Аллаһ жалғыз» деп, Хақ Тағалаға сәжде етуден бас тартпады».

«Мейірімділігі мен жанашырлығынан Хазіреті Әбу Бәкірдің бүкіл тұла бойы қайғы-қасіреттен сыздап Біләлдің жағдайын Хазіреті Пайғамбарға күйініште мұңымен түсіндіріп жатты».

«Соңында көңіліндегі ниетін білдіріп: «Уа, Расулуллаһ! Оны сатып алғым келеді. Бүкіл мал-мүлкімді беруге дайынмын.

144. Ибн Сағд III, 232; Хаким III, 319.

Жаббар Хаққа бой ұсынған, оған және Расуліне құл болған, осы себептен Аллаһ дұшпандарының ашуын ілігіп, зорлық-зомбылыққа тап болған мүбәрак кісіні ондай жағдайдан құтқармайынша бұл дүниеде жаным жай таппайды» - деді».

«Хазіреті Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұған қатты қуанып: «Ей, Аллаһтың Расулінің мейірімді досы! Бұл саудада мен де саған ортақпын...» - деді».

Хазіреті Әбу Бәкір дереу Біләлдің қожайынының үйіне бет алды. Біләл көрген қорлықтан талықсып кеткен еді. Хазіреті Біләлдің мейірімсіз қожайынына мынадай ауыр сөздер айтты:

«Ей, оңбаған! Ей, шатынап құтырған қатыгез! Бұл Аллаһтың досын қалайша сабайсың? Ей, ынсапсыз! Бұл ненің өші, ненің ашуы?»

«Ей, рақымсыз қанішер! Сен өзіңді адаммын деп ойлайсың ба? Ей, адамдықтан садаға кеткір, жиіркенішті адам! Сен адам бейнесіндесің, бірақ адамгершіліктен жұрдайсың».

«Осы сөздерден кейін Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) ол адамның құлқынын дүниемен толтырды. Бұған Біләлдің қожайыны аң-таң қалып, Әбу Бәкірдің әрекетін ауызы ашылып тамашалады».

«Оның бұлай таңырқағанын сезген Ұлы Сыддық әлгі нәсіпсізге былай деді: Ей ақымақ! Сен бала секілді, бір жаңғаққа маған баға жетпес інжу бердің. Бірақ бұдан бейхабарсың. Біләлдің екі дүниеге татитынын білмейсің. Мен оның рухына қараймын, ал сен болсаң денесінің түсіне...»

«Егер сен бағаны тағы да көтергеніңде, оны алу үшін бұдан да көбін берер едім. Одан да жоғары көтерсең қолымдағының бәрін берер едім, тіпті қарызданар едім. Сонда да бұл сауда-

саттықта мен табысты болар едім. Ей, нәсіпсіз адам! Мынаны ұғып ал, асыл тастың қадірін тек зергер біледі».

Хазіреті Мәуләна (қуддиса сирруһ) бұл қыссада мейірімділік пен жанашырлықты толық бейнелей білген. Сонымен қатар кәміл тұлғаға баға жетпейтіндігін, яғни дүниелік нәрселердің кісінің руханиятының қасында ешқандай құны жоқ екендігін білдіріп, бұл шындықты көкейімізге тоқыды.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу аннһу) мұндай жомарттығымен Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шынайы махаббатын тағы да көрсете білді.

Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу аннһу) Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шексіз сүйгендігін көрсететін мысалдардың бірнешеуі мыналар:

– Ол әкелген Құран Кәрімді және Исламның үкімдерін шын жүректен ұнатып, онымен амал ететін.

– Оның үмбетіне мейірімділікпен қарап, жанашырлық көрсететін. Оларға пайдалы болу үшін ат салысатын.

– Дүние-мүлікке көңіл бөлмейтін. Қажет болса кедейлікке дайын еді әрі разы болатын.

– Оған қауышуды армандайтын.

– Оны өте көп еске алатын.

Халид бин Саидтың (радиаллаһу аннһу) һидаятқа келуіне қорқынышты түс көруі себеп болған. Бір күні түсінде үлкен жалындаған шұқырдың шетінде тұрғанын көрді. Әкесі оны оттың ішіне итеріп жібергісі келіп тұрды, ал Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса дереу оның белінен құшақтап алып отқа түсірмей құтқарып қалды. Шошып оянып кетті де өз-өзіне:

«Аллаһқа ант етейін, бұл шынайы түс!» деді де, Хазіреті Әбу Бәкір арқылы Хазіреті Пайғамбарымызға барып Исламды қабылдады.

Әкесі ұлы Халидтің мұсылман болғанын естіп, оған жәбір-жапа көрсетіп:

– Ей, бейшара! Құры кет! Ант етейін бұдан былай саған еш қараспаймын, - деді.

Сонда Халид:

– Сен менің несібеме кедергі болуға тырыссаң да Аллаһ сөзсіз менің ризығымды береді, - деді.

Хазіреті Халид Хабашстанға хижрет еткенге дейін Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасынан бір елі де ажырамады. (Хаким III, 277-280)

Кейіннен Халидтің әйелі **Үмәйна ханым**, бауыры **Амр** және оның әйелі **Фатима ханым** да Исламды қабыл етті.

Бұл тәблиғ жасырын жүрген уақыттырда Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) үгіттеп себепші болуымен **Әбу Фукәйха, Хазіреті Осман, Зүбәйр бин Аууам, Абдуррахман бин Ауф, Саад бин Әби Уаққас, Талха бин Убайдуллаһ** (радиаллаһу анһум әжмаин) иман нығметіне қауышты.[145]

Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу) басынан өткен мына оқиғаны ардақты Пайғамбарымызға былай түсіндірді:

«Уа, Аллаһтың Расулі! Біз Шамда болатынбыз. Ұйқылы-ояу жатқанымызда кенеттен:

«Ей, ұйқыдағылар! Ояныңдар! Меккеде Ахмед келді» деген дауыс естідік. Меккеге оралған соң сіздің пайғамбар болғаныңызды естідік». (Ибн Сағд III, 255)

145. Ибн Хишам I, 268.

Талха бин Убайдуллаһ (радиаллаһу анһу) та былай баяндайды:

«Бусра жәрмеңкесінде жүрген кезімде бір поп адамдардан:

– Араларыңда Харам халқынан болғандарың бар ма? – деп сұрап жатты.

– Иә, мен бармын, - дедім.

Поп:

– Ахмед келді ме? - деп сұрады.

Мен:

– Қандай Ахмед? - дедім.

Поп:

– Ахмед бин Абдуллаһ бин Абдулмутталиб. Ол Меккеден шығады. Соңғы пайғамбар. Харамнан шығып құрмалы, тастақ және құнарсыз жерге хижрет жасайды. Оған жылдам барып қосылуыңды насихат етемін, - деді.

Поптың айтқандары көңіліме қатты әсер етті. Дереу ол жерден кетіп Меккеге келдім де:

– Жаңа бір оқиға болды ма? - деп сұрадым.

– Иә, бар. Абдуллаһтың ұлы Мұхаммедул Әмин өзіне пайғамбарлық келгенін айтуда. Әбу Бәкір де оған еріп кетті - деді. (Ибн Сағд III, 215)

Әбу Үбайда бин Жаррах, Әбу Сәләма, Әрқам бин Әбил Әрқам, Осман бин Мазун, Әсма бинти Әбу Бәкір, Хаббаб бин Әрат, Абдуллаһ бин Масғуд, Абдуллаһ бин Жахш, Жағфар бин Әбу Тәліб, жұбайы Әсма бинти Үмәйс, Әбу Хұзайфа, Амр бин Фухайра (радиаллаһу анһум әжмаин) алғаш мұсылман болған мүбәрак кісілердің кейбірі.

Дәрул Әрқам – алғашқы мұсылмандардың тәлім-тәрбие орталығы

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғашқы үш жылда Исламды жасырын жайды. Дағуатын қабыл етпегендерден бұл әңгімені ешкімге тыс жармауларын өтінді.

Пайғамбарлықтың алғашқы жылында Әрқам бин Әбул Әрқам (радиаллаһу анһу) мұсылман болған соң, асхабы кирам оның үйінде жасырын бас қоса бастады.

«Дәрул Ислам» деген атпен де танылатын «Дәру-л Әрқам» Меккеде Сафа төбесінің маңында болатын. Сүйікті Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) Құрайш мүшриктерінен жасырынып осы қасиетті үйге баратын, қасына келгендерге Исламды түсіндіріп, Құран Кәрім оқитын әрі үйретететін. Ол жерде барлығы бірге намаз оқитын. Көптеген адам Исламмен осы жерде танысты.

Пайғамбарлықтың алтыншы жылында Хазіреті Омар мұсылман болғанға дейін бұл үй Исламның жайылып, үйретілуінде өте маңызды қызметтер атқарды.

Әрқам (радиаллаһу анһу) кейіннен Дәрул Әрқамды уақф (мүліктің табысы мен пайдасын Аллаһ жолына атау) етіп атады. Оның уақыфқа берген құжаты мынадай:

«Бисмилләһирраһманирраһим. Бұл – Әрқамның Сафаға біраз жақын маңдағы үйіне жасаған келісім өсиеті. Оның жері Харам Шәрифке кіргендіктен, ол да харам болып саналады, яғни қолсұғылмас болды. Сатылмайды, мұраға да берілмейді. Хишам бин Ас пен оның азат еткен құлы бұған куә». (Ибн Сағд III, 242-244; Хаким III, 574-575/6129)

Қазіргі уақытта Дәрул Әрқамды Сауд Арабия патшалығы құлатып, Харам Шәрифке қосқан.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлықтың алғашқы үш жылын жасырын дағуатпен өткізді. Дағуаттың жасырын жасалуы Расулұллаһтың қандайда бір машақат пен зорлықтан қорыққандығынан емес, дінді сақтап қалу үшін еді. Бір жағынан тәблиғын ашық түрде жасау әмірі де келмеген болатын. Егер бұл кезеңде Ислам ашық түрде жарияланғанда жаңадан иман келтірген көпшілігі кедей әрі әлсіз мұсылмандарға қауіп төнер еді. Олардың қырылып кетуі діннің басталмай жатып жоқ боп кетуіне себеп болуы мүмкін еді.

Дәрул Әрқам оқиғасынан Ислами методқа қатысты мынадай нәтижелер шығаруға болады:

1. Қажет болғанда бір мүдде үшін жасырын әрекет ету де керекті.

2. Тәлім-тәрбие – кез келген әлеуметтік, діни және саяси қозғалыстың іске асуында ең басты әрі маңызды фактор. Адамдардың сапалы болуы үшін, ортақ мүдденің диалектикасы мен әдебін жақсы меңгерулері қажет.

Осыған орай Ислами құрылымдардың қияметке дейін ұстанатын жолы мен методы Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы әрекетінің төңірегінде белгіленуі қажет. Исламның қайта өркендеуі үшін немесе Ислам еш бармаған жерлерге жайылуы үшін жасалынуы қажет әрекеттерде осы тәлім-тәрбиеге баса назар аударылуы тиіс.

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ТӨРТІНШІ ЖЫЛЫ

Саған берілген әмірді ашық ұқтыр:

Ең жақын туыстарыңа ескерт (ақырет азабымен қорқыт)

Үш жылға созылған жасырын дағуаттан кейін, яғни пайғамбарлықтың төртінші жылы Аллаh Тағала былай деп әмір жіберді:

فَاصْدَعْ بِمَا تُؤْمَرُ وَ اَعْرِضْ عَنِ الْمُشْرِكِينَ ﴿94﴾

اِنَّا كَفَيْنَاكَ الْمُسْتَهْزِئِينَ ﴿95﴾

«(Әй, Расулім! Енді) **Саған берілген әмірді ашық ұқтыр да шірік келтірушілерден ұзақ бол. Рас сені мазақтаушыларға қарсы Біз саған жеткіліктіміз!»** (Хижр сүресі 94-95 аяттар).

Бұл қасиетті аяттар да тәблиғтің (діннің жеткізілуі) бұдан кейін ашық түрде істелінуіне әмір етілген еді.

Тағы басқа бір қасиетті аятта бұл мәселе әуелгіден де түсінікті, немесе ескерту түрінде былай делінген-ді:

يَآ اَيُّهَا الرَّسُولُ بَلِّغْ مَآ اُنْزِلَ اِلَيْكَ مِنْ رَبِّكَ وَاِنْ لَمْ تَفْعَلْ فَمَا بَلَّغْتَ

رِسَالَتَهُ وَ اللهُ يَعْصِمُكَ مِنَ النَّاسِ اِنَّ اللهَ لَا يَهْدِى الْقَوْمَ الْكَافِرِينَ

«Әй Пайғамбар! Раббың тарапынан түсірілгенді тәблиғ ет! Егер мұны істемесең, Оның елшілігін атқармаған боласың! Аллаһ сені адамдардан қорғайды. Күдіксіз Аллаһ кәпірлер қауымын тура жолға салмайды». (Мәида сүресі 67-аят)

Бұдан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағаланың әмір еткеніндей:

قُلْ يَآ اَيُّهَا النَّاسُ اِنِّى رَسُولُ اللهِ اِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِى
لَهُ مُلْكُ السَّمٰوَاتِ وَالْاَرْضِ لَآ اِلٰهَ اِلَّا هُوَ يُحْيِى وَ يُمِيتُ
فَاٰمِنُوا بِاللهِ وَرَسُولِهِ النَّبِىِّ الْاُمِّىِّ الَّذِى يُؤْمِنُ بِاللهِ وَكَلِمَاتِهِ
وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

«Оларға айт: Әй, адам балалары! Шындығында мен барлығыңа Аллаһтың жіберген елшісімін; Ол сондай Аллаһ, жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа иләһ (тәңір) **жоқ. Ол әрі тірілтеді, әрі өлтіреді. Аллаһқа және** (Оның) **сөздеріне сенген, жіберілген үмми** (оқу-жазу білмейтін) **Пайғамбарына иман келтіріңдер әрі оған мойын ұсыныңдар сонда ғана тура жолды табасыңдар»**. (Ағраф сүресі 158-аят)

Бірақ бұны қалай, қай жерден бастайтынын біле алмай жүргенде мынадай бір аят келіп түсті:

وَاَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الْاَقْرَبِينَ ﴿214﴾ وَاخْفِضْ جَنَاحَكَ لِمَنِ اتَّبَعَكَ
مِنَ الْمُؤْمِنِينَ ﴿215﴾ فَاِنْ عَصَوْكَ فَقُلْ اِنِّى بَرِىٓءٌ مِمَّا تَعْمَلُونَ ﴿216﴾
وَتَوَكَّلْ عَلَى الْعَزِيزِ الرَّحِيمِ ﴿217﴾ الَّذِى يَرٰاكَ حِينَ تَقُومُ ﴿218﴾

«Алдымен ең жақын ағайындарыңа ескерт! (Ақырет азабымен қорқыт) **Саған ерген мүминдерге** (мейірім) **қанатыңды жай. Егер олар саған қарсы шықса, онда: «Әлбетте мен сендердің істегендеріңнен ұзақпын» де. Өте үстем, ерекше мейірімді Аллаһқа тәуекел ет. Ол, сені тұрған сәтіңде көріп тұрады».** (Шуғара сүресі 214-218 аяттар)

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ашықтан-ашық дағуатқа бастағанында иләһи әмірдің талабымен ең әуелі жақын туысқандарын иманға шақырды. Үйінде қонақ қылып, соңында туысқандарына былай деді:

«Әй, Абдулмутталибұлдары! Мен жекелей алғанда сіздерге, жалпы алғанда бүкіл адамзатқа пайғамбар етіп жіберілдім. Сіздер менің кейбір мұғжизаларыма куә болдыңыздар. Енді қайсыларыңыз менің бауырым ретінде әрі жолдасым болу үшін маған бәйат (дін де сөз алу) етесіздер?»

Айтылған сөздерге ешкім де көңіл бөлмейді. Бәрі де жымжырт болып тына қалады. Ол кезде әлі балалық шағында, бірақ иман келтіргендердің керуеніне ілесіп үлгерген Хазіреті Али орнынан атып тұрып:

– Әй, Аллаһтың Расулі! Саған жәрдем етемін! - дейді.

Айналасындағылардың менсінбей, мазақ еткен түрлеріне Аллаһ Расулінің әлемге нұр шашқан аз ғана езу тартқан күлкісі Хазіреті Алиге арналады. Әрі ғашықтардың бір рет болса да сүюді арман еткен мүбәрак қолдарымен оның басын сипайды.[146]

Жақындары алғашқы да қабыл етпесе де Аллаһ Расулі көңіліне алмады. Өйткені Оған Аллаһ Тағала былай деп әмір еткен-ді:

146. Ахмед I, 111, 159; Хәйсами, YIII, 302-303.

يٰسٓ ﴿1﴾ وَالْقُرْاٰنِ الْحَكِيمِ ﴿2﴾ اِنَّكَ لَمِنَ الْمُرْسَلِينَ ﴿3﴾
عَلٰى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ ﴿4﴾

«Ясин (ұғымын Аллаһ біледі). **Терең сырлы Құранға серт. Күдіксіз сен анық елшілерденсің. Тура жолдасың».** (Ясин сүресі 1-4 аяттар)

وَاَرْسَلْنَاكَ لِلنَّاسِ رَسُولًا وَكَفٰى بِاللّٰهِ شَهِيدًا

«...Сені адамдарға пайғамбар қылып жібердік. Куәгер ретінде де Аллаһ жеткілікті». (Ниса сүресі 79-аят)

وَمَآ اَرْسَلْنَاكَ اِلَّا كَآفَّةً لِلنَّاسِ بَشِيرًا
وَنَذِيرًا وَلٰكِنَّ اَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ

«Біз сені бүкіл адам баласына, тек қана сүйіншілеуші әрі қорқытушы (ескертуші) **қылып жібердік. Бірақ бұны адамдардың көбі түсінбейді».** (Сәбә сүресі 28-аят)

قُلْ يَآ اَيُّهَا النَّاسُ اِنِّى رَسُولُ اللّٰهِ اِلَيْكُمْ
جَمِيعًا الَّذِى لَهُ مُلْكُ السَّمٰوَاتِ وَالْاَرْضِ

«Оларға айт: Әй, адам баласы! Күмәнсіз мен көктер мен жердің иесі Аллаһтың, барлығың үшін жіберген пайғамбарымын!» (Ағраф сүресі 158-аят)

Қасиетті аяттарда келтірілгеніндей-ақ Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи ус сәлләм) өзге пайғамбарларға қарағанда ерекше жағдайда бүкіл адам баласына жіберілген еді. Мұны бір хадис шәрифте өзі де тілге тиек еткен:

«Маған, менен алдыңғы пайғамбарлардың ешқайсысына берілмеген бес ерекшелік берілді:

1. Бір айлық жол ұзақтығынан дұшпанның жүрегіне үрей салу (Аллаһтан) көмегін алдым.

2. Маған жер-жүзі мешіт әрі таза саналды. Сондықтан да, ұмметімнен қайсы бір мүмин болсын, намаз уақыты кіргенде, дереу сол жерде намазын өтесін!

3. Менен алдыңғы ешбір пайғамбарға халал болмаған олжа алу, маған халал болды.

4. Шапағат ету рұқсаты берілді.

5. Менен бұрынғы пайғамбарлар, тек өз халқына ғана жіберілген еді. Мен болсам, бүкіл адамзатқа пайғамбар болып жіберілдім». (Бұхари, Тәяммум, 1)[147]

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ашықтан-ашық жасаған алғашқы дағуатына, жақын туыстарынан сол кездері әлі балғын бала Хазіреті Алиден басқа ешкім жылышырай танытпады.

Бірнеше күндерден кейін жақындарын үйіне қайта шақырады. Ас беріп күткеннен кейін оларға былай дейді:

«... Әй, Абдулмутталибұлдары! Уаллаһи, арабтардың ішінен дүниелік әрі ақыреттеріңізге қатысты, мен сендерге алып келген нәрседен де өткен қайырлы нәрсені өз қауымына ұсынған ешбір жігітті көрмедім.

---

147. Басқа бір риуаятта Аллаһ Расулі тағы да үш белгіден сөз еткен:
«1. Маған жәуәмиул-кәлим (көптеген мағыналы сөзді, қысқа ғана сөзбен жеткізу) қабілеті берілді.
2. Пайғамбарлық менімен аяқталды және мөрленді. Менен кейін ешқандай пайғамбар келмейді.
3. Бір уақыт ұйықтап жатқанымда маған жер беті қазыналарының кілті әкелініп алдыма тасталды». (Муслим, Мәсажид, 5, 6)

Әй, Абдулмутталибұлдары! Менжекелейалғандасіздерге, жалпы алғанда бүкіл адамзатқа пайғамбар етіп жіберілдім. Сіздер бұл ретте бұдан алдын көрмеген мұғжизалардың кейбіріне куә болдыңыздар. Бұл міндетімді атқаруға маған көмекші әрі бауыр болып, осылайша жәннатқа лайық болуға қайсыларыңыз қабыл етесіздер? Қайсыбіріңіз бұл жолда бауырым әрі жолдасым болу үшін маған бәйат етесіздер?»

Әлемдердің Сұлтаны Пайғамбарымыздың бұл дағуатына да жақындарынан ешкім ықылас білдірмейді. Онымен шектеліп қана қоймай күлкіге айналдырып, мазақ қылады. Сөйтіп біраз уақыттан кейін үйді-үйіне тарасады. (Ахмед бин Ханбәл, I, 159; Ибн Саад, I, 187; Хәйсәми, YIII, 302; Ибни Әсир, әл-Кәмил, II, 63; Бәлазури, I, 119; Хәлаби, I; 283)

Адамның айналасындағы жақын-туыстары, негізінде оның айтқан нәрселерін басқаларға қарағанда тез қабыл етеді. Ал енді дағуатты қабылдағандардың жақындары да қабыл етсе, Исламның халыққа бұл жолмен әлде қайда тез жайылаты түсінікті. Бірақ дағуатшының өз ағайындары иман келтіріп, оған қолдау көрсетпесе, онда өзгелердің иман келтіріп, ықылас қоюы тіптен қиын. Осы себептен Әлемдердің Сұлтаны (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Мырзамыз, бір жағынан иләhи әмірге де бой ұсына отырып, тәблиғ әрекетін жақын туыстарынан бастаған.

Бір жағынан, пайғамбарлығының хаққа шақыру міндетінде табанды болуы үшін де жақындарының берер көмегі және қолдауының маңызы зор. Неге десеңіз бұл ақиқат бұрынғы өткен пайғамбарлардың Құран Кәрімдегі мысалдарында былай деп баяндалады:

قَالُوا يَا شُعَيْبُ مَا نَفْقَهُ كَثِيرًا مِمَّا تَقُولُ وَإِنَّا لَنَرَاكَ فِينَا ضَعِيفًا
وَلَوْلَا رَهْطُكَ لَرَجَمْنَاكَ

«Олар: «Әй, Шұғайып! Біз сенің айтқандарыңның көбіне түсінбейміз. Шындығында өз арамызда сені төмен санаймыз. Егер ағайындарың болмаған да, сені таспен атып өлтірер едік». (Һүд сүресі 91-аят)

Хазіреті Лұт та, (аләйһиссәләм) қауымының надандығынан не істерін білмей шарасыз қалғанында, өзіне қолдау көрсететін жақындарының жоқ екендігіне мұңайып былай дейді:

لَوْ اَنَّ لِی بِکُمْ قُوَّةً اَوْ اٰوِی اِلٰی رُکْنٍ شَدِیدٍ

«...Әттең! Сендерге төтеп берер күшім болса ғой, немесе мықты бір бекініске паналасам». (Һүд сүресі 80-аят)

Ислам, туысқандарды қорғап, қолдауға ерекше ден қойып, көңіл бөлген. Сол үшін мұсылман, адамдардың иман нығметіне қауышқанын қаласа, ең әуелі өзінің жанұясы мен жақын-туысқандарына көңіл бөлуі керек.

Осыған байланысты Аллаһ (аззә уә жәлла – ұлы әрі құдыретті) былай баяндайды:

وَاُولُو الْاَرْحَامِ بَعْضُهُمْ اَوْلٰی بِبَعْضٍ فِی کِتَابِ اللهِ
مِنَ الْمُؤْمِنِینَ وَالْمُهَاجِرِینَ

«...Туысқандар бір-біріне мүминдерден әрі мұхажирлерден де өте жақын...» (Ахзап сүресі 6-аят)

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сафа төбесінде құрайыштықтарды Исламға шақыруы

Исламға шақыруға ең әуелі жақындарынан бастауға бұйрықалған Пайғамбарымыз (аләйһиссәләту уәсәлләм) бір күні Сафа төбесіне шығып, Құрайш тайпасына дауыстайды. Олар да бұл дауысты естіп, Сафа төбесіне келеді. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) биік бір жартастың үстіне шығып алып оларға былай деп үн қатады:

– Әй, Құрайш жамағаты! Мен сіздерге мына таудың етегінде немесе мына алқапта дұшпанның атты әскерлері бар, дәл қазір сіздерге шабуыл жасап, дүние-мүліктеріңізді тонайды десем, маған сенерме едіңіздер?

Олар еш ойланбастан:

– Иә сенеміз! Өйткені сені осы күнге дейін шыншыл деп білеміз. Сенің өтірік айтаныңды еш көрмедік! - дейді.[148]

Сол араға жиналған дүйім жұрттан сөзге келмей осындай құптау алған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға мына иләһи ақиқатты жеткізді:

---

148. Бұл жерде, Расулүллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тәблиғ етпес алдын әуелі кісілік-тұлғалылығын мойындатып алған. Өйткені адамдар алдымен мінез-құлыққа тәнті болады, кейін барып мойын ұсынады. Қазіргі кездегі Исламға шақырып жүргендер де дәл сол секілді тұлғалықтарын мойындатулары керек. «Әмин» және «Садық» (шыншыл, сенімді) болулары, шыншыл екендіктері қоғам тарапынан қабылданулары маңызды. Ясин сүресінде келтірілген Хабиб ән-Нәжжар, тәблиғте болған салих (шыншыл, тура) кісілердің тұлғалықтарын былай деп танытады:

اِتَّبِعُوا مَنْ لَا يَسْئَلُكُمْ اَجْرًا وَهُمْ مُهْتَدُونَ

«(Әй, қауымым!) **Сендерден ақы сұрамайтын осы кісілерге еріңдер. Өйткені олар тура жолда жүргендер».** (Ясин сүресі 21-аят) Қасиетті аятта осымен қатар тәблиғтің тек қана Аллаһ ризалығы үшін іске асырылуы әрі тәблиғшілердің әуелі өздерінің тура жолда болулары керек екендігі баяндалады.

– Олай болса мен сіздерге қазір, алдымызда қатты азап күні күтіп тұрғанын, Аллаһқа иман келтірмегендердің сол қатты азапқа тап болатындарын ескертемін. Мен сіздерді сол қатты азаптан құтқару үшін жіберілдім.

Әй, құрайштықтыр! Сіздерге деген менің ахуалым, дұшпанды көзі шалып, отбасына зиян тигізуінен қорқып, дереу ескертуге асыққан адамның ахуалы сияқты.

Әй, Құрайш жамағаты! Сендер ұйқыға кеткен адамдай өсесіңдер. Ұйқыдан тұрғандай тірілесіңдер. Сендер міндетті түрде қабірден тұрып Аллаһтың құзырына шығып, жер бетіндегі әрбір әрекеттеріңе есеп бересіңдер. Соңында жақсылықтарың мен істеген құлшылықтарыңның сый-сияпатын аласыңдар, жаман істеріңнің де жазасын және азабын татасыңдар. Сыйлық мәңгілік – жәннат; жаза болса, мәңгілік – тозақ». (Бұхари, Тәпсір, 26; Муслим, Иман, 348-355; Ахмед бин Ханбәл, I, 281-307; Ибн Саад, I, 74, 200; Бәлазури, I, 119; Сәмира әз-Зайди, I, 357-359)

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл құтпасына ол жердегілерден жалпылама қарсылық болмады. Бірақ көкесі Әбу Ләһаб:

– Әй, оңбаған-ай! Бізді мұнда осы үшін шақырдың ба? - деп орынсыз әрі әдепсіз сөздерді сарқытады. Қарғыс айтып Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүрегін жаралайды.

Әбу Ләһабтың бұл әрекетінен кейін «Тәббәт (Мәсәд) сүресі» түседі:

تَبَّتْ يَدَآ اَبِى لَهَبٍ وَتَبَّ ﴿1﴾ مَآ اَغْنٰى عَنْهُ مَالُهٗ وَمَا كَسَبَ ﴿2﴾
سَيَصْلٰى نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ ﴿3﴾ وَامْرَاَتُهٗ حَمَّالَةَ الْحَطَبِ ﴿4﴾
فِى جِيدِهَا حَبْلٌ مِنْ مَسَدٍ ﴿5﴾

«Әбу Ләһәбтың екі қолы құрысын! Құрыды да... Оның мал-мүлкі мен кәсібі де өзіне пайда бермеді. Ол, жалындаған отта жанады. Әйелі, отын көтеріп кіреді. Оның мойнында құрма жапырағынан есілген арқан болады». (Тәббәт сүресі 1-5 аяттар) (Бұхари, Тәпсір 26/2, 11-2; Муслим, Иман 355)

Аятта Әбу Ләһабтың әйелі де келтірілген. Өйткені ол да, күйеуі сияқты Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүретін жолына жантақ тастап, едәуір жәбір көрсеткен-ді.

Осымен қоса бұл сүре жалпы алғанда әулет және нәсіл жағынан жақын болудың ешқандай да пайдасының тимейтініне меңзеліп кеткен. Ең маңыздысы рухани жақындық, тақуалық. Руханият әулетке, нәсілге қарамайды. Әулет, денеге ғана байланысты нәрсе. Ал, дене болса топыраққа түсіп жоқ болады. Адамның қадір-қасиеті, руханиятының байлығымен артады. Рухтың қадірі де осында жатыр. Адамның заттық тарапы есептелетін дене, рухтың (жанның) сақталатын бір жүрегі және бүрінген киімі сияқты. Сол үшін адам баласы әр түрлі киім киуімен қадірлі болып қалмайды.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қажыр-қайратымен әпкелері Хазіреті Сафия мен Хазіреті Атиқа, Хазіреті Аббастың азат еткен құлы Әбу Рафи, Әбу Зәрр және Амр бин Абаса мұсылман болды.

Әбу Зәрр (радиаллаһу анһу) жаһилият дәуірінің өзінде пұтқа табынбаған. Өзінің һидаятқа келуін былайша әңгімелейді:

Мен Ғифар тайпасынан едім. Меккеде бір кісі шығыпты, өзінің пайғамбар екендігін айтып жүр екен» деген хабарды алған соң, Аллаһ Тағала сол кезде-ақ Исламға деген махаббатымды ашты. Інім Унәйске:

– Меккеге бар. Сөйтіп, көктен хабар келгенін айтып жүрген кісімен сөйлес. Ол туралы маған мәлімет әкел! - дедім.

Інім Унәйс, Меккеге барып, Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолығып, Оның айтқандарын тыңдап алып, қайта келді. Оған:

– Не істедің? Қандай жаңалық әкелдің? - деп сұрадым.

– Меккеде сенің дініңнен бір кісіге жолықтым, өзін Аллаһ жібергендігін айтып жүр, деді.

– Жарайды, халық ол туралы не дейді? - деп сұрадым.

– Ақын, көріпкел, сыйқыршы дегендей нәрселерді айтады! - деді.

Інім ақын болатын, әрі ақындықтың қыр-сырын да жақсы білетін. Ол Хазіреті Пайғамбар жайында былай деді:

– Мен көріпкелдердің не айтатынын білемін. Оның айтқандары көріпкелдердіңкіне еш ұқсамайды. Оның сөздерін өлеңнің не бір түрімен салыстырып көрдім. Уаллаһи оның сөздеріне өлең деуге ешкімнің аузы бармас. Ол шындығында да дұрыс нәрсені айтып жүр. Оған жала жапқандар нағыз өтірікшінің өзі! Ол тек қана қайырлыны, жақсылықты және ахлақи құндылықтарды айтып, жаманшылық пен қайырсыз нәрселерден тыйым салады».

Інімнің айтқандарына көңілім толмады. Дереу керек азығымды және су торбамды салып алып жолға шықтым. Меккеге келдім. Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) еш танымаймын, біреуден сұраудан да тартыным келем. Сөйтіп тұрғанда қасыма Хазіреті Али келіп:

– Байқауымша сіз бұл жерлік емессіз ғой демін? деді.

Оған:

– Иә! дедім.

– Олай болса бізге қонақ болыңыз! деді.

Алиге (радиаллаһу анһу) ере жөнелдім. Меккеліктердің даурықтырып жүрген терроризм мәселесінен жүрексініп, келген себебімді де сұрамады. Таң атқан соң Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тауып алу үшін қайта Мәсжидул-Харамға (Қағбаны айтады) келдім. Кеш батқанша іздегеніммен ешқандай да сыбыс естімедім. Али (радиаллаһу анһу) маған қайта жолығып қалып:

– Сіз баратын жеріңізді әлі таба алмай жүрсіз бе? - деді.

Мен:

– Иә! - дедім.

Али (радиаллаһу анһу):

– Олай болса жүріңіз бізе тағы да қонақ болыңыз, - деді.

Үйлеріне келгенімде:

– Сеніңкі қандай мәселе? Бұл жерге не үшін кедің? - деп сұрады.

Тіс жармауға әрі маған шығар жол тауып беретініне сөз алған соң:

– Бізге жеткен жаңалықтарға қарағанда бұл жерде бір кісі шығыпты. Өзінің пайғамбар екендігін айтады екен! Онымен жолығып, сөйлесу үшін келдім, - дедім.

– Мұнда келіп дұрыс қылыпсың! Бұл кісі Аллаһтың Елшісі, хақ пайғамбары. Таң ертең маған ер, мен кірген үйге сен де кір! Егер саған қауіпті жағдай туа қалса, аяқ киімімді түзелткен сияқты болып, қабырғаға сүйкене қалам, сен болсаң тоқтамай өтіп кете бер, деді.

Сөйтіп не керек Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдына бардық.

– Ассәләму аләйкә уа, Расулұллаһ! - деп оған екі рет мұсылманша сәлем бердім.

– Уа, Мұхаммед! Сен адамдарды неге шақырып жүрсің? - деп сұрадым.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жалғыз және ешқандай серігі жоқ Аллаһқа иман келтіруге, пұттарға табынбауға, әрі менің Аллаһтың Расулі екендігіме куәлік беруге шақырып жүрмін, - деді.

Маған Исламды түсіндірген соң дереу мұсылман болдым. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылман болғаныма қатты қуанып, бақытқа кенеліп, күлімседі.

– Әй, Әбу Зәрр! Сен қазір бұныңды меккеліктерден құпия ұста, сөйтіп еліңе қайт! - деді.

– Уа Расулұллаһ! Мен иманымды жариялағым келеді», - дедім.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Меккеліктер саған зиян бере ме деп қорамын! - деді.

– Уа Расулұллаһ! Мен өлетінімді білсем де, алған бетімнен қайтпаймын! - дедім.

Қадірлі Пайғамбарымыз үндемеді.

Құрайштықтардың Мәсжидул Харамға жиналған бір уағында қастарына барып бар дауысыммен:

– Әй, Құрайш жамағаты! Әшһәду әнлә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһ!» - деп бақырдым.

Мүшриктер:

– Мына адам адасты! Мына адам адасыпты! Тұрыңдар жабылып ұрыңдар мына сабийды[149] - деп орындарынан атып тұрып, мені өлекседей қып ұрды. Сол арада Аллаһ Расулінің көкесі Аббас жетіп келіп, құшақтап қорғап қалды да оларға:

– Нендей өкініш сендерге! Әй, Құрайш жамағаты! Сендер сауданың адамысыңдар. Саудаға барар жолдарың да Ғифар тайпасынан өтеді. Жоқ әлде сауда жолдарыңа бөгет қалап тұрсыңдар ма? - деп араға түскеннен кейін мені босатып жіберді.

Ертеңіне таңертең Мәсжидул Харамға барғанымда кешегі оқиға тағы қайталанды. Орнымнан тұрып, Аллаһ Расулінің қасына бардым. Пайғамбарымызды көргенде:

– Мен саған тыйым салған жоқпын ба? - деді.

Мен:

– Уа, Расулұллаһ! Бұл тірлігім жан-дүниемнің қалауы еді, мен де соны орындадым, - дедім.

149. Меккеліктер сол уақыттарда, мұсылман болғандарға «діннен шыққан» деген мағынаға саятын «сабий» сөзін қолданатын.

Біраз уақыт Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында болдым. Кейін:

– Әй, Аллаһтың Расулі! Менің не істегенімді қалайсың? дедім.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Саған нұсқауым келгенше Исламды тәблиғ ет! Ортаға шыққанымызды (ашықтан-ашық дінді жариялағанда) есітсең қасыма кел!» - деді. (Бұхари, Мәнакибул Ансар 33, Мәнакиб 10; Ахмед бин Ханбәл V, 174; Хаким III, 382-385; ибн Саад IV, 220-225)

Әлемнің Сүйіктісі Мырзамыз, адамдарды Исламға шықыруын жалғастырды. Қажылық маусымында, Уқаз, Мәжәнна, Зүлмәжаз секілді жәрмеңкелерді, адамдардың көптеп жиналатын жерлерді әрқашан аралап жолыққан кісілеріне, мейлі ол құл болсын әлде күшті-әлсіз, бай-кедей деп түр-әлпетіне қарамай Исламға, Аллаһтың бірлігіне шақырып отырды.[150]

Пайғамбарлықтың бұл кезеңінде енген аяттар, көбінесе қияметтің азабының күштілігінен хабар береді:

اِنَّ عَذَابَ رَبِّكَ لَوَاقِعٌ ﴿7﴾ مَا لَهُ مِنْ دَافِعٍ ﴿8﴾ يَوْمَ تَمُورُ السَّمَآءُ مَوْرًا ﴿9﴾
وَتَسِيرُ الْجِبَالُ سَيْرًا ﴿10﴾ فَوَيْلٌ يَوْمَئِذٍ لِلْمُكَذِّبِينَ ﴿11﴾
الَّذِينَ هُمْ فِى خَوْضٍ يَلْعَبُونَ ﴿12﴾ يَوْمَ يُدَعُّونَ اِلٰى نَارِ جَهَنَّمَ دَعًّا ﴿13﴾
هٰذِهِ النَّارُ الَّتِى كُنْتُمْ بِهَا تُكَذِّبُونَ ﴿14﴾

«Сөзсіз Раббының азабы болады. Оған тойтарыс бере алатын еш нәрсе жоқ. Ол күні аспан қатты теңселеді. Таулар үшып жүреді. Сол күні (пайғамбарларына) **өтірік деушілерге нендей өкініш! Олар, сұңғіп кеткен батыл**

150. Қараңыз, Ибн Саад I, 216-217.

(бұрыс, надандық) **жолдан шыға алмай дал болғандар. Олар сол күні, тозаққа итеріліп, тасталып: «Міне! Сендер өтірік деген тозақ!» делінеді».** (Тур сүресі 7-14 аяттар)

Қадірлі Пайғамбардың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) пайғамбарлығын жариялауымен әрі дағуатына ашықтан-ашық бастағаннан кейін мүшриктерге және пұттарына қарсы мынадай аяттар түсе бастайды:

اِنَّكُمْ وَمَا تَعْبُدُونَ مِنْ دُونِ اللهِ حَصَبُ جَهَنَّمَ اَنْتُمْ لَهَا وَارِدُونَ

«(Әй, мүшриктер!) **Сендер және Аллаhтан басқа табынған нәрселерің, бәрің тозақтың отыны боласыңдар. Сендер соған кіресіңдер».** (Әнбия сүресі 98-аят)

قُلْ اِنَّمَآ اَنَا بَشَرٌ مِثْلُكُمْ يُوحٰىٓ اِلَيَّ اَنَّمَآ اِلٰهُكُمْ اِلٰهٌ وَاحِدٌ
فَاسْتَقِيمُوٓا اِلَيْهِ وَاسْتَغْفِرُوهُ وَوَيْلٌ لِلْمُشْرِكِينَ

«(Әй, Расулім!): **Оларға: Мен де сендер сияқты адаммын. Маған: Иләhтарыңның** (тәңірлеріңнің) **бір-ақ Иләh** (тәңір) **екендігі уахи етілуде. Сондықтан да Соған жөнеліңдер! Одан жарылқау тіленде**р! (Аллаhқа) **серік қосқандарға нендей өкініш» де».** (Фуссилат сүресі 6-аят)

Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) мүшриктердің табынып жүрген пұттарын теріске шығарып, кәпір болып, надындықта өліп кеткен ата-бабаларының тозақта екендегін айтқаны үшін, Құрайш мүшриктері Пайғамбарымызға (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) қарсы шығады. Оған қарсы өшпенділік пен дүшпандықта бәрі бір ауыздан бірігеді. Тек Әбу Тәліб, Аллаh Расулін қорғап тұрғаны үшін Оған еш зиян тигізе алмайды.[151]

151. Ибн Саад I, 199.

Әбу Жәһил, Әбу Ләһәб, Уәлид бин Муғира, Умаия бин Халаф, Ас бин Уайл, Надр бин Харис, Уқба бин Әби Муайт Утба бин Рәбиға секілді азғын мүшриктер, Аллаһ Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарсы өшпенділікте қатты кетіп, мәңгілік зиянға тап болған бейшаралар еді.

Тәблиғтің (Исламды жеткізу) маңыздылығы және әдісі

Тәблиғ, Ислам дінін және оның негіздерін түсіндіріп, адамдарды осы әмірлердің аясында өмір сүруге шақыру. Ең түсінікті сөзбен айтқанда тәблиғ «әмру бил маруф, нәһи анил мункар». Яғни жақсы, әрі игі нәрсеге шақыру, жаман әрі жағымсыз нәрселерден қайтару деп анықтама берілген.

Аллаһ Тағала, қасиетті аяттарда тәблиғті бүкіл мүминдерге жүктелген міндет ретінде былай дейді:

وَلْتَكُنْ مِنْكُمْ اُمَّةٌ يَدْعُونَ اِلَى الْخَيْرِ وَيَاْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ وَيَنْهَوْنَ
عَنِ الْمُنْكَرِ وَ أُولٰئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ

«Сендерден жақсылыққа шақыратын, сондай-ақ игілікті бұйырып, жамандықтан тыятын бір қауым болсын. Міне солар шындығында құтылушылар». (Әли Имран сүресі 104-аят)

كُنْتُمْ خَيْرَ اُمَّةٍ اُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَاْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ
وَتَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ

«Сендер адам баласы (игілігі) **үшін ортаға суырылып шығарылған ең қайырлы үмметсіңдер.** (Өйткені) **Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыясыңдар...»** (Әли Имран сүресі 110-аят)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадис шәрифінде тәблиғтің маңыздылығы жайында былай дейді:

«Бізден бір нәрсені есітіп, оны дәл сол күйінде басқаларына жеткізген кісінің Аллаһ жүзін ағартсын! Өзіне білім жеткізілген көптеген кісілер бар, олар ол білімді өзіне ақтарғаннан да жақсырақ түсінеді әрі (өмірде) қолданады». (Тирмизи, Ғылым, 7)

«Аллаһқа ант етіп айтайын, (дүниедегі ең қымбат нығмет саналатын) қызыл түйелерің болғаннан гөрі, Хақ Тағаланың сенің себебіңмен бір ғана кісінің өзін Һидаятқа қауыштыруы сен үшін аса қайырлы». (Бұхари, Асхабун-Нәби, 9)

«Һидаятқа (тура жолға) шақырған кісіге, өзіне ергендердің сауабы сияқты сауап жазылады. Әрі олардың сауаптарынан да ештеңке кемімейді». (Муслим, Ғылым, 16)

Сахабаның бірі Әнас (радиаллаһу анһу) Ислам жолында жүрген кісілердің ақыретте алатын үлкен мәртебелерін баяндайтын бір хадис шәрифті былайша нақыл етеді:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні былай деді:

– Сендерге кейбір адамдар туралы айтайын ба? Олар пайғамбар да емес, шейіт те емес. Бірақ қиямет күні пайғамбарлар мен шейіттер, олардың Аллаһ алдындағы мәртебелеріне сүйсіне қарайды.[152] Нұрдан жасалған мінбелердің үстіне отырып алады, барлығы да оларды танитын болады.

152. Бұл сөздің бұлай айтылуындағы көзделген мақсат, тәблиғпен шұғылданған кісінің қадірін білдіру. Әйтпесе олар пайғамбарлар мен шейіттерден де жоғары болулары мүмкін емес. Өйткені пайғамбарлар мен шейіттер де бар өмірлерін Ислам жолына арнайды. Олардың тәблиғшілердің амалдарын құптауы әрі осы себепке байланысты қуанулары міндеттің қасиеттілігі мен қадірлілігін көрсетеді.

Сонда ардақты сахабалар:

– Олар кім болды уа, Расулұллаһ? - деп сұрайды.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Олар, құлдарын Аллаһқа, Аллаһты да құлдарына сүйгіздірген кісілер. Жер-жүзінде насихат айтып, тәблиғшілер ретінде кезеді, - деді.

Мен:

– Әй, Аллаһтың Расулі! Аллаһты құлдарына сүйгіздіруді түсіндік. Ал, құлдарын Аллаһқа сүйдіру қалай болмақ? - деп сұрадым.

Ол былай деді:

– Адамдарға Аллаһтың жақсы көрген нәрселерін ұсынады, жақсы көрмеген нәрселерден де қайтарады. Адамдар осылайша тыңдап, бағынған кезде, Аллаһ (аззә уә жәллә) оларды сүйетін болады». (Али әл-Муттақи, III, 685-686; Бәйхаки, Шуабул Иман, I 367)

Ақыннның бірі Хаққа ғашық болған бұл секілді тәблиғшілердің жан-дүниелеріндегі тебіреністі жыр-шумағында былайша келтіреді:

Қалаймын әлемдегі бүкіл халық сүйсе сол жанымды,
Сүймеген адам қалмасын бұл әлемде сол сұлтанымды.

Тағы бір ақын бұл жайындағы сезімдерін былайша жырлайды:

Сүйіктімді сүйсе ғой шіркін бүкіл әлем халқы,
Күндіз-түні сөзіміз жанымның (Аллаһтың) болса қиссасы.

Тәблиғ міндетін толық орындаған кісінің олжасы, дүниенің ең құнды қазыналарынан да жоғары болса,

бұл міндеттің орындалмауы да бүкіл қоғамды құрдымға апаратын сұмдық нәтижелерге апарып соғады.

Аллаһ Расулінің бұл мәселедегі ұстанған бағыты біз үшін өте маңызды:

«Маған өмір сыйлаған Аллаһқа ант етіп айтамын, сендер не жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыясыңдар немесе (олай істемеген жағдайда) Аллаһ өз тарапынан сендерге бір азап жібереді, содан кейін сендер сол уақытта дұға етесіңдер, бірақ дұғаларың қабыл болмайды». (Тирмизи, Фитән 9)

Қадірлі сахабалардан Әбза әл-Хузай (радиаллаһу аннһу) былайша әңгімейлейді:

«Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мінберге шығып сөз сөйледі. Мұсылмандардан кейбір жамағаттарды жақсылықпен ауызға алғаннан кейін мыналарды айтты:

– Кейбіреулерге не болған, көршілеріне мәселелерді түсіндермейді, білмегендерін үйретпейді, оларды терең ойлануға (білімділікке) тәрбиелемейді. Оларды жақсылыққа шақырып, жамандықтан (діннің қаламаған нәрселерінен) тыймайды?

(Осымен қатар) басқа да кісілерге не болған, білмегендерін көршілерінен сұрап үйренбейді, терең ойлы болуға тырыспайды?

Аллаһқа ант етемін, білімділер не көршілерін үйретеді, оларды білімділікке тәрбиелейді, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыяды; ал, білмегендер болса көршілерінен сұрап үйренеді, діни мәселелерді түсінуге тырысады, немесе оларды (екі жақты да) сөзсіз осы дүниеде жазаландырамын.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сөзін бітірген соң мінберден түсіп үйіне қайтты. Кейбіреулер:

– Біздің ойымызша (Йемендік) ашғарилерді айтты, өйткені олар фақиһ (шариғат ғалымы) кісілер, көршілері болса дөрекі, мінездері шатақ, құдық басында отырып, көшіп-қонып жүріп өмір кешетін адамдар, - дейді.

Ашғарилар болған бұл әңгіменің мән-жайын анықтау үшін Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

– Уа Расулұллаһ! Сен бір қауымды жақсылықпен, ал бізді жамандықпен ауызға алыпсың. Біздің қайсы тірлігіміздің себебімен бұлай болды? - дейді.

Әлемдердің Мырзасы ешқандай, деп жауап қайтармайды. Тек алдыңғы айтқан сөздерін қайталайды. Ашғарилер айтылған сөздің өздеріне қатысы бар-жоғын түсіне алмайды. Толық біліп алу үшін Пайғамбарымыздан бірнеше рет сұрайды. Расулұллаһ (аләйһиссәлату уә сәлләм) болса әр келгендерінде баяғы сөзді қайталап айтады. Сөйтіп Ашғарилер:

– Олай болса бізге бір жыл уақыт бер! - дейді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға көршілерін тәрбиелеп, діни мәселелерді үйрету үшін бір жыл уақыт береді де соңында мына аятты оқиды:

لُعِنَ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ بَنِي إِسْرَآئِيلَ عَلَىٰ لِسَانِ دَاوُدَ وَعِيسَى ابْنِ
مَرْيَمَ ذَٰلِكَ بِمَا عَصَوْا وَكَانُوا يَعْتَدُونَ ﴿78﴾ كَانُوا لَا يَتَنَاهَوْنَ عَنْ
مُنْكَرٍ فَعَلُوهُ لَبِئْسَ مَا كَانُوا يَفْعَلُونَ ﴿79﴾

«Сондай Израйл ұрпақтарынан күпірлік келтіргендерге (қарсы болғандарға**), Дәуіт және Мәриямұлы Исаның (а.с.) тілі арқылы лағынет етілген. Бұл олардың қарсы**

келіп, шектен шықандарының салдарынан болды. Олар бір-бірін істеген жамандықтарынан тыйуға тырыспайтын еді. Ант етейін олардың істегендері нендей жаман». (Мәида сүресі 78-79 аяттар) (Хәйсәми, I, 164; Али әл-Муттаки, III, 684/8457)

Жаратылыстың Нұры (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың берген сыйының арқасында қол жеткізген кәміл жүрегі арқылы, адамзатты тура жолға шақыруға деген ықыласы мен хақ дінді тәблиғ етуі бір сәт те тоқтамаған. Өзіне берілген бұл иләһи аманатты орындау мақсатында оны өте жоғарғы дәрежелерге жеткізген. Осынау маңызды міндетті атқару барысында кедергі болатын бүкіл дүниелік ұсыныстарды (меккелік мүшриктердің ұсынған ұсыныстары сияқты) ойланбастан қайтарып тастаған Хаққа құлдықты барлық нәрседен жоғары ұстаған.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламды әркімнің түсінігінің дәрежесіне қарап, қарсы алдындағы кісі ұға алатындай қылып түсіндіретін. Бір ғана кісінің иман келтіруі оны дүниедегі ең бақытты адам етіп, зор қуанышқа кенелдіретін-ді. Неге десеңіз Хайбардың азат етілуі сияқты сондай маңызды оқиғаның қарсаңының өзінде бір құлға Исламды ұзақ түсіндіруден ләззат алып, оның һидаятына себепші болған. (Ибн Хишам, III, 398)

Осымен қатар он күн жол жүрерлік ұзақтықта жатқан Тайыф сапарында жай ғана христиан құлдың бірі болған Аддастың һидаятына себепші болғаны бар. Осы себептен Тайыфтағы тартқан бүкіл азаптарын ұмытып-ақ кетіп еді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл адамзаттың Исламның нұрымен нұрлануы үшін бар күшін жұмсаған. Әрі тәблиғ еткенде шаршап-шалдығуды білмейтін. Оның дінді жеткізудегі аса жауапкершілігін көрсететін бір оқиғаны сахабаның бірі Тәмим бин Усәйд

(радиаллаһу анһу) былайша баяндайды:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құтпа оқып тұрғанда қасына барып:

– Уа, Расулұллаһ! Дінін білмейтін бір бейшара келді, сұрап үйренгісі келеді, - дедім.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұрылып маған қарады. Құтпаны тоқтатып қасыма келді. Сол арада дереу оған орындық секілді аяқтары темірден (жасалған) бір нәрсе әкелінді. Үстіне отырып, Аллаһ Тағаланың өзіне үйреткен кейбір нәрселерді маған түсіндірді. Кейін қайта құтпасын жалғастырып, сөзін аяқтады». (Муслим, Жұма 60)

Қадірлі сахабалар ақиқатты айтып, көздері шалған қателіктерді түзету мәселесінде өте мұқият болатын. Соның ішінде Аллаһ Расулінің сүннетіне теріс амал жасағандарды ескертуге келгенде бәрі де жанын салып кірісіп кететін. Әрқайсысы керек кезде өздерінің мойнына түскен міндеттерінен қашпай, қаншалықты қиын жағдайға тап болса да алған беттерінен қайтпай дұрыс нәрсені айтатын. Ешқашан Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннетіне теріс келетін жағдайға жандары шыдап тұра алмайтын-ды. Оның хадистеріне қарсы шыққандармен ешуақыт бірге отырмайтындарын мәлімдейтін.[153] Хадис-шәрифке қарсы өз ойын айтатындарға, бұдан былай онымен бір өлкеде тұрмайтындарын айтып, ол жерден кетіп қалатын-ды.[154]

Суфиян Сәури (құддисә сирруһ) тәблиғтің маңыздылығы жайлы былай дейді:

153. Қараңыз, Шафиғи, Рисала 193 б. Станбұл-1985; Суюти, Мифтах 48 б. Бейрут-1985.
154. Қараңыз, Муатта, Бую 33; Ибн Мәжа, Мұқаддима 2.

«Меккеде тұрғаныңнан (сол жерде жергілікті болуыңнан), Хорасанға барып, тәблиғ етуің сен үшін абзалырақ».

Тәблиғ ету осыншалықты маңызды екен, енді осы міндетті өз орнымен толық түрде орындай алатын кісілердің оқытылып, жан-жақты дайындалуы соншалықты маңызды. Мына бір оқиға ықыласты тәблиғшінің қадірін тамаша баяндайды:

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) бір күні достарымен бірге отыр еді. Оларға (Аллаһтан) кейбір нәрселерді талап етіп, тілеуді ұсынады. Сол жердегілердің кейбірі:

– Ішінде отырған мына үйдің іші толған ақшам болса ғой, Аллаһ жолында сарп етер едім! - деп ниетін білдіреді.

Тағы басқалары:

– Осы отырған мына үйдің іші толған алтыным болса ғой, Аллаһ үшін қаржасам! - дейді.

Ал кейбіреулері:

– Отырған мына үйдің іші толған жауһарым болғанда, соның бәрін Аллаһ жолында сарп етер едім! - деп тілек тілейді.

Тек Хазірет Омар (радиаллаһ анһу):

– Одан да, одан да көбін сұраңдар! - дегенде олар:

– Аллаһ Тағаладан басқа не сұрауға болады?! - дейді.

Сөйтіп Хазірет Омар (радиаллаһу анһу):

– Мен ішінде отырған мына үйдің Әбу Убәйдә бин Жәррах, Муғаз бин Жәбәл және Хузәйфатул Яман сынды (ерекше тұлғалы, таңдаулы, барлық жағынан кәміл) кісілердің тола болғанын әрі бұларды Аллаһқа мойын

ұсыну жолында, яғни тәблиғ етіп, түзету жолында қызметке жіберуді қалаймын... дейді. (Бұхари, Тарихус-Сағир, I, 54)

Мейірім мен мархаматтың нағыз қайнар көзі Ұлы Раббымыз, құлдарын Хақ дінге шақырғанда бізге ең әсерлі әдістерді былай баяндайды:

اُدْعُ اِلٰى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحِكْمَةِ وَ الْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ
وَ جَادِلْهُمْ بِالَّتِى هِىَ اَحْسَنُ

«(Әй, Расулім!) **Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр. Әрі** (керек болған жағдайда) **олармен ең жақсы жолмен** (көркем түрде) **күрес...»** (Нахыл сүресі 125-аят)

وَلَا تُجَادِلُوٓا اَهْلَ الْكِتَابِ اِلَّا بِالَّتِى هِىَ اَحْسَنُ اِلَّا الَّذِينَ ظَلَمُوا
مِنْهُمْ وَقُولُوٓا اٰمَنَّا بِالَّذِىٓ اُنْزِلَ اِلَيْنَا وَاُنْزِلَ اِلَيْكُمْ وَاِلٰهُنَا وَاِلٰهُكُمْ
وَاحِدٌ وَنَحْنُ لَهُ مُسْلِمُونَ

«Іштеріндегі зұлымдық қылғандарыңнан басқа Кітап иелерімен тек көркем түрде (сөз таластырыңдар) **күресіңдер. «Бізге түсірілгенге де сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Біздің Тәңіріміз де сендердің Тәңірлерің де біреу-ақ. Әрі Біз Оған бой ұсындық».** (Фәнкәбут сүресі 46-аят)

وَمَنْ اَحْسَنُ قَوْلًا مِمَّنْ دَعَآ اِلَى اللهِ وَ عَمِلَ صَالِحًا وَ قَالَ اِنَّنِى مِنَ
الْمُسْلِمِينَ ﴿33﴾ وَ لَا تَسْتَوِى الْحَسَنَةُ وَ لَا السَّيِّئَةُ ادْفَعْ بِالَّتِى هِىَ
اَحْسَنُ فَاِذَا الَّذِى بَيْنَكَ وَبَيْنَهُ عَدَاوَةٌ كَاَنَّهُ وَلِىٌّ حَمِيمٌ ﴿34﴾

«Игі амалдар істеп: Мен мойын ұсынғандарданмын» деп адамдарды Аллаһқа шақырған кісіден сөз түрғысынан одан өткен жақсы сөзді кім бола алады? Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде жолға салуға тырыс.[155] Сол уақытта (көресің) **сенімен жауласып жүрген адамның, саған жан досындай болып кетеді».** (Фуссилат сүресі 33-34 аяттар)

قُلْ هٰذِهٖ سَبِيْلِيْٓ اَدْعُوْٓا اِلَى اللّٰهِ عَلٰى بَصِيْرَةٍ اَنَا وَمَنِ اتَّبَعَنِيْ
وَسُبْحَانَ اللّٰهِ وَمَآ اَنَا مِنَ الْمُشْرِكِيْنَ

«(Оларға): **Менің жолым осы. Парасаттылықпен Аллаһқа шақырамын. Мен және маған ергендер міне осындаймыз. Сондай-ақ мен Аллаһты дәріптеймін әрі серік қосушылардан емеспін», де».** (Юсуф сүресі 108-аят)

Өсиет етілген осы иләһи әдістің орындалуымен тарихта небір тікенек болып қатып қалаған рухтар гүлге айналған, қара түнек басқан жүректер нұрға толған.

Хақ Тағала Мұса мен Харунды (аләйһиссәләм) Перғауын сияқты азып-тозған, тура жолдан әбден адасқан адамға жібергенде биязылықпен әрекет етулерін өсиет етіп былай деген:

155. Бұл аятта Юсуфтың (аләйһиссәләм) хәлінен тамаша мысал берілген. Ол өзіне қастандық жасаған бауырларының кінасын беттеріне баспай, өзінің кім екенідігін жасырып, оларға сый-сыяпат жасаған. Соңында бауырлары оны танып: **«Аллаһқа ант етейік, шынында Аллаһ сені бізге үстем етті ...»** (Юсуф сүресі 91-аят) деп оның дәрежесінің жоғарылығын қабыл етіп, мойындап кешірім сұраған. Бұл жағдай іс-әрекетіңмен тәблиғ етудің қаншалықты әсерлі екендігіне ап-ашық мысал. Толығымен оқу үшін қараңыз, Осман Нұри Топбаш «Пайғамбарлар баяны» 2 том, 129-130 б. Алматы 2007.

فَقُولَا لَهُ قَوْلًا لَّيِّنًا لَعَلَّهُ يَتَذَكَّرُ اَوْ يَخْشٰى

«Оған жылы сөйлеңдер, мүмкін насихат тыңдап, Аллаһтан қорқар». (Таһа сүресі 44-аят)

Бұл қасиетті аятта тәблиғ әдісінің екі тұсын байқаймыз:

1. Ақиқатты алдыңдағы адамға айтып жатқанда, оның кісілігіне көлеңке түсірмей биязы мінез таныту.

Өйткені Перғауын, Мұсаның (аләйһиссәләм) мұғжизаларын көріп, қаншама рет иман келтіруге ыңғайланғанымен, Хаман және сол сияқтылар оған кедергі болды. Әрине өзі де тәкаппарлығы ұстап иман келтірмейді.

Хақ Тағала, Мұсаға (аләйһиссәләм) «қаули ләйин, яғни жылы сөйлеуді» әмір етіп, біздерге де осы тәблиғ әдісін ұстануды үйретуде. Міне осыған сүйенер болсақ, алдымен жүректер жібітіліп, одан кейін тәблиғ етіледі.[156] Пайғамбарлар мен Аллаһ достарының өмірлерінен ешқашан ұрыс-керісті көре алмайсың. Осындай іс-әрекетпен шақыру өте маңызды құбылыс.

Аллаһ Тағланың дінге шақыруға мінтеттеген пайғамбарлары, жүректерге нұр себу үшін келгендерінен, адамдарға әрқашан жүрек елжіретер әрекеттер жасап,

156. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хижреттің жетінші жылында Хайбар азат етілгеннен кейін қуаңшылыққа душар болған Меккенің халқына алтын, арпа және құрма өнімдерін жіберіп жәрдемін тигізеді. Әбу Суфиян бұлардың бәрін өзі қабылдап алып, құрайштықтардың кедей-кепшігіне тарқатып: «Аллаһ, бауырымның ұлын жақсылықпен сый-сияпат жасасын! Өйткені Ол туысқандық ақысын орындады!» деп қуанышын паш еткен-ді. (Яқуби, II, 56) Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұндай ұлы ахлағы, меккеліктердің жүректерін жібітіп, біраз уақыттан кейін Меккенің азат етілуінде жүректері жібіген әлгі мүшриктер осы және де басқа да жақсылықтарды көріп, тез арада мұсылман болды.

айналасына әрдайым махаббат және мейірім шашып, қаншама адамның hидаятқа келулеріне себепші болған. Егер олар осылайша биязы мінез көрсетпей терісінше әрекет еткендерінде, өзі әрең дегенде байланыс құрған адамдармен байланыс мүлде үзіліп, соңында оларға Хақты тәблиғ ету мүмкіншілігінен мүлдем айырылар еді. Ал жайттың орын алуы Аллаhтың мақсатына теріс түседі. Өйткені Аллаh Тағала құлдарының ішіне түсіп кеткен батпақтан шығуларын қалайды. Сол үшін Хақ Тағала адамзаттың бүкіл тарихы бойынша мыңдаған пайғамбарлар жіберген, әрі ең көркем түрде әрекет етулерін бұйырған. Осымен қатар осы мақсатпен жіберілген әулие кісілер де адамдардың рухани жағынан тәрбиелегенде жоғарыдағы нәбәуи (пайғамбарлық) әдісті ұстанып отырған.

Көркем мінезге теріс келетін, дөрекі, қатаң әрі қырып-жоятын бір әдіс қолдану арқылы атқарылған қызметтерден жақсылық күтуге болмайды. Әсіресе адамдардың жан-дүниесіне енетін тәрбие, тәблиғ, оқу-ағарту қызметтерінде бұл мәселе өте-мөте маңызды. Өйткені қасиетті аятта Пайғамбарымызға (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) және оның арқасынан ерген бүкіл үмметке арнап:

فَبِمَا رَحْمَةٍ مِنَ اللهِ لِنْتَ لَهُمْ وَلَوْ كُنْتَ فَظًّا غَلِيظَ الْقَلْبِ
لَانْفَضُّوا مِنْ حَوْلِكَ

«(Әй, сүйіктім!) **Оларға Аллаhтан** (Сағанберген) **мейірімі бойынша, жұмсақ сыңай байқаттың. Егер түрпайы, қатал жүректі болғаныңда, әрине олар маңайыңнан тарқап кетер еді ...».** (Әли Имран сүресі 159-аят)

2. Қарсы алдыңдағы адамның қандай екендігіне қарамастан, бүкіл адамзатқа бірдей тәблиғ етілуі керек:

Перғауын иман келтіруден ұзақ залым әрі қанышер адам еді. Ол Мұсаның (аләйһиссәләм) көзін құрту үшін қаншама бейкүна сәбилерді өлтірген-ді. Оның осыншалықты залымдығына қарамастан Хақ жолға шақырылды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да Әбу Жәһилді қаншама рет Исламға шақырды. Ал Әбу Жәһил болса, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрініп тұрған ап-ашық пайғамбарлығын ішінен қабыл етсе де, нәпсісіне еріп, тәкаппарлыққа салынып мойындамай кеткен. Бірақ Аллаһ Расулінің әлгідей жоғары көркем ахлағының арқасында, Омар бин Хаттаб, Әбу Суфиян, Хинд және Уахши сынды әуелде Ислам дұшпаны болған кісілердің һидаятына себепші болды.

Міне осындай парасаттылықтың арқасында, мейлі Ислами қызметтерде, мейлі адамдармен қарым-қатынастарда болсын қарсыңдағының сыртқы іс-әрекетімен қоса ішкі жан-дүниесін де есепке ала отырып, абайлап әрекет ету көркемділікке, биязылыққа және көрегенділікке тәрбиелейді. Сондықтан да сопылардың әрекеттерінде ең дұрыс әрі жемісті нәтижелерге жетудің негізгі сыры да, жоғарыдағы әдісті кеңінен қолдануларында жатыр.

Аллаһ Елшісінің ғибратқа толы жиырма үш жылдық тәблиғпен өткен өмірін зерделей қарағанымызда, бір тәблиғшінің жолын айқындап беретін мына мәселелерді көреміз:

1. Аллаһ Расулі тәблиғті әуелі ең жақын туыстарынан бастаған. Неге десеңіз Хақ Тағала былай дейді:

وَاَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الْاَقْرَبِينَ

«(Алдымен) **жақын ағайындарыңа ескерт!** (Ақырет азабымен қорқыт!)». (Шұғара сүресі 214-аят)

يَا اَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا قُوٓا اَنْفُسَكُمْ وَاَهْلِيكُمْ نَارًا وَقُودُهَا النَّاسُ
وَالْحِجَارَةُ عَلَيْهَا مَلٰٓئِكَةٌ غِلَاظٌ شِدَادٌ لَا يَعْصُونَ اللهَ مَآ اَمَرَهُمْ
وَيَفْعَلُونَ مَا يُؤْمَرُونَ

«Әй, иман келтіргендер! Өздеріңді әрі отбасыларыңды отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғаңдар. Оның басында сондай қатал әрі жуан денелі періштелер бар. Олар Аллаһқа қарсы келмейді. Әмір етілген барлық нәрсені (бұлжытпай) **орындайды».** (Тахрим сүресі 6-аят)

2. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламға шақырғанда әрбір айтқан сөзі мен әрекетін тексеріп барып қимылдаған. Басында қарапайым нәрседен бастап, жайлап күрделіге өткен.

Аллаһ Тағаланың ең алғашқы әмірі اِقْرَاْ **«Оқы»** (Ғалақ сүресі 1-аят) аяты еді.

Кейін Пайғамбарымызға пайғамбарлық міндеті беріліп, قُمْ فَاَنْذِرْ **«Орныңнан түр да ескерт!»** (Мудассир сүресі 2-аят) әмірі келеді. Ал одан кейін барып:

وَ اَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الْاَقْرَبِينَ

«(Алдымен) **жақын ағайындарыңды ескерт!** (Ақырет азабымен қорқыт)». (Шұғара сүресі 214-аят)

Бұның артынша тәблиғ міндетінің шекарасы бүкіл қаланы қамтитындай кеңейіп, былайша әмір келеді:

وَ مَا كَانَ رَبُّكَ مُهْلِكَ الْقُرٰى حَتّٰى يَبْعَثَ فِيْٓ اُمِّهَا رَسُولًا يَتْلُو عَلَيْهِمْ
اٰيَاتِنَا وَ مَا كُنَّا مُهْلِكِى الْقُرٰٓى اِلَّا وَ اَهْلُهَا ظَالِمُونَ

«(Мұхаммед а.с.) **Раббың оларға қаланың орталығына аяттарымызды оқитын бір пайғамбар жібермейінше, ол өлкенің халқын құртып жібермейді. Негізі Біз тек халқы залым болған қаланы ғана жоқ қыламыз».** (Қасас сүресі 59-аят)

Одан кейінгі аят өлкелерді де қамтитындай дәрежеде дағуаттың көлемі кеңейе түседі:

وَهٰذَا كِتَابٌ اَنْزَلْنَاهُ مُبَارَكٌ مُصَدِّقُ الَّذِى بَيْنَ يَدَيْهِ وَ لِتُنْذِرَ
اُمَّ الْقُرٰى وَمَنْ حَوْلَهَا

«Бұл кітап (Құран) **өзінен бұрынғы келген кітаптарды растайтын, қалалардың анасы Меккенің халқы мен маңындағы адмдарды үгіттеуің үшін түсірген мүбәрак бір кітап ...».** (Әнғам сүресі 92-аят)

Соңында тәблиғ міндетінің көлемі бүкіл адамзатты қамтитындай көлемде үлкейгені хабарланады:

وَ مَآ اَرْسَلْنَاكَ اِلَّا رَحْمَةً لِلْعَالَمِينَ

«(Әй, Мұхаммед а.с.) **Біз сені бүкіл әлемге тек рақымды етіп жібердік».** (Әнбия сүресі 107-аят)

وَ مَآ اَرْسَلْنَاكَ اِلَّا كَآفَّةً لِلنَّاسِ بَشِيرًا وَنَذِيرًا
وَلٰكِنَّ اَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ

«Біз Сені бүкіл адам баласына тек қуандырушы әрі ескертуші (қорқытушы) етіп жібердік. Бірақ адамдардың көбі мұны білмейді (түсінбейді)**».** (Сәба сүресі 28-аят)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарсы алдындағы тұрған адамға Исламды түсіндіргенде өте биязылықпен түсіндірген, әрі шариғат қағидаларын үйреткенде де дәл осы жолдан таңбаған. Намаз бен оразаның әмір етілуі, ішімдік пен пайыздың харам болуы сиқяты және басқа да көптеген қағиадаларды мысалыға келтіруге болады.

Пайғамбарымыз, иман, ғибадат және ахлақ тұрғысынан мықты бір дәрежеге алып келген сахабаларын, бір сәттік өзгеріспен емес, сездірмей, абайлап, ақырын басып үлкен бір мәртебеге шығарды. Мысалы Муаз бин Жәбәлді Йеменге жіберіп тұрып, оған айтқан өсиеттері бұған таптырмас дәлел:

«Негізінде сен, халқы әһлі кітап болған бір елге баражатырсың. Оларды Аллаһтан басқа иләһ жоқтығына және менің Аллаһтың Расулі екендігіме куәлік етуге шақыр. Егер бұны мойындап қабыл етсе, Аллаһтың оларға күніне бес уақыт намазды парыз еткенін жеткіз. Бұны да қабыл етіп, мойындаса, байларынан алынып кедейлерге берілетін зекеттің парыз болғанын хабарла. Бұны да қабылдап, мойын ұсынса, мал-мүлкітерінен ең жақсысын алудан аулақ бол! Жәбірленгеннің (хақсыздық көргеннің) беддұғасын алудан сақтан, өйткені оның беддұғасы мен Аллаһ арасында перде (кедергі) жоқ». (Бұхари, Зекет, 41, 63; Муслим, Иман, 29-31)

3. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламды тәблиғ етіп, тәрбие ету үшін қарсы алдындағы адамның, уақыт тұрғысынан, мекен және рухани дүниесі тұрғысынан ең ыңғайлы болған уағын күзететін еді.

Сахабадан ибн Мәсғуд (радиаллаһу анһу) халыққа әр бейсенбі күні уағыз айтатын-ды.

Бір кісі оған:

– Әй, Әбу Абдуррахман! Мүмкін болса бізге әркүні уағыз айтсаң ғой! - дейді.

Ибн Мәсғуд (радиаллаһу анһу) оған мынадай жауап қайырады:

– Сендерді жалықтармау үшін әркүні уағыз айтпай жүрмін. Өйткені Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да бізді жалығып кетпесін деп, тыңдауға құмартып тұратын кезімізді күзетеін (күтетін). (Бұхари, Ғылым 11, 12)

Меккенің азат (фәтх) етілуі кезінде Аббас (радиаллаһу анһу) мұсылман болғысы келген Әбу Суфиянды алып келіп, Аллаһ Расуліне былай дейді:

– Уа, Расулұллаһ! Әбу Суфиян өзіне ілтипат көрсетуді жаны сүйетін адам. (Оның риза болатынындай) бір нәрсе істесеңіз!

Бұны естіген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Дұрыс айтасың! (Қалаға кіргенде хабарландар:) Кім Әбу Суфиянның үйіне кірсе қауіпсіздікте, кім есігін жауып алса (үйінен сыртқа шықпаса) қауіпсіздікте» дейді. (Әбу Дәуіт, Харас 2425/3021)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрқашан өзіне сұрақ қоятын адамдардың бәріне де олардың жағдайларына қарай жауап беретін. Яғни әрбір тұлғаға жеке-жеке әр түрлі жауап қайырған.

Мысалы:

Амалдардың ең абызалы не? - деп сұраған адамдарға олардың жағдайына қарап мынадай әр түрлі жауап берген:

«Амалдардың ең абзалы, Аллаһқа деген иман, Аллаһ жолында жиһад әрі қабыл болған қажылық!». (Бұхари, Қажылық 4)

«Уақытында оқылған намаз!» (Бұхари, Мәуәқит 5)

«Аллаһты дәріптеу (зикруллаһ)!» (Муатта, Құран 24)

«Аллаһ үшін жақсы көру!» (Әбу Дәуіт, Сүннет 2)

«Хижрет!» (Нәсай, Бәйғат 14)

«Әке-шешеге қызымет көрсету». (Ибн Әсир, Усдул-Ғабә IY, 330)

4. Пайғамбарымыз (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) әрқандай жағдайда жеңіл қылуды, сүйіншілеуді өмірінің негізгі бағыты қылып алған-ды. Тәблиғ еткенде де бұл мәселелерге қатты назар аударған.

Хадис шәрифте былай дейді:

«Жеңілдетіңдер, қиындатпаңдар. Сүйіншілеңдер, жек көрсетпеңдер». (Бұхари, Ғылым, 11, Әдеп 80)

Бұған қоса Хақ Тағала да:

يُرِيدُ اللهُ بِكُمُ الْيُسْرَ وَ لَا يُرِيدُ بِكُمُ الْعُسْرَ

«...Аллаһ сендерге жеңіл болғанын қалайды, ауыр болғанын қаламайды...» (Бақара сүресі 185-аят)

وَ رَحْمَتِى وَسِعَتْ كُلَّ شَىْءٍ

«...Рақымдылығым барлық нәрсені қамтыды және қоршады...» (Ағраф сүресі 156-аят)

Әлемнің Мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл аятты тәпсірлеп былай деген:

«Аллаһ Тағалаболмыстыжаратқанкезде,өзмәртебесіндегі Арштың үстінде тұрған кітабына: «Рақымдылығым шынында да ғазабымнан күшті!» деп жазған». (Бұхари, Таухид, 15, 22, 28, 55; Муслим, Тәуба, 14-16)

Сахаба Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) мынадай бір оқиғаны баяндайды:

Бір бәдәуи (далалық араб) Мәсжидун Нәбәуиге (Пайғамбар Мешіті) кіші дәретін бұзып кетеді. Сахабалар дереу оны азарлауға көшеді. Бұған қарап Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Ол адамға тиіспеңдер. Дәрет бұзған жерге су құйыңдар. Сендер жеңілдік көрсету үшін жіберілдіңдер, қиындық көрсету үшін емес, дейді.* (Бұхари, Удуғ 58, Әдеп, 80)

5. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламға шақыру барысында адамдарды иләһи азабпен ескерткен, оларды ақыретке әзірленуге үгіттеген.

Әлемдердің Сұлтаны дағутқа ең алғаш рет бастағанда, хашимұлдарына былай деп үндеу тастаған-ды:

«Мен сендерді «Лә иләһә илләллаһ уәхдәһу лә шарика ләһ: Аллаһтан басқа ешбір иләһ жоқ! Ол жалғыз! Оның ортағы жоқ!» деп куәлік келтіруге шақырамын. Мен де, Оның құлы әрі Расулімін. Мұны дәл осылай қабыл етіп, құптасаңдар, сендердің жәннатқа кіретіндеріңе кепілдік беремін.

Сендер, қиямет күні игі амалмен келмей, дүние-мүлікті мойындарыңа арқалап келер болсаңдар, мен сендерге назар аударма́ймын! Сол кезде сендер маған: «Уа, Мұхаммед!» дейсіңдер. Мен болсам солай деймін».

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Солай деймін» дегенінде, жүзін олардан басқа тарапқа бұрды. Сөйтіп бұл әрекетін екі рет қайталайды. (Ибн Исхақ, 128 бет; Яқуби II, 27)

6. Пайғамбар мырзамыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тәблиғ еткенде тек сөз жүзінде ғана емес, сол айтқандарын күнделікті өмірінде де атқара отырып, хәлімен де көрсететін.

Исламның өмірге ақтарыла отырып, ұсынылуы тәблиғтің ең тамаша түрі. Қадірлі сахабалар, жер-жүзінің ең түкпіріне дейін барып, иманды жеткізіп, адамдарды һидаятқа шақыру үшін өздерін толығымен Ислам жолына атаған еді. Осы таңда да дәл солар секілді зор ыждахат, ықыласпен Исламның әсемдіктерін дүние-жүзіне таныту, ең жақсы тәблиғ әдісі болып тұр.

Исламмен өмір сүре отырып Исламды түсіндіру, оны жеткізу, мүмкін болғанынша әрбір мүминнің басына түсер міндеті. Қазіргі таңда БАҚ дамуы секілді мүмкіншіліктердің артуымен бұл міндеттің жауапкершілігі де соншалықты артты деуге болады. Өйткені жер-жүзінің бір бұрышында өмір сүріп, Исламнан хабары болмағандар былай тұрсын, өзіміздің қасымызда тұрып, оларды Исламға шақырып, ескерте алмасақ ертең солар ақыретте жағамызға жабысып есептеспеулеріне кім кепіл бола алады?

Бұл тұста Әбу Һүрайра (радиаллаһу анһу) былай дейді:

– Мынаны естуші едік:

Қиямет күні бір адам, тіптен танымайтын бір адамның жағасына жабысып, даулсады. Сонда әлгі адам:

– Маған не дейсің? Бір-бірімізді тіптен танымаймыз ғой! - дейді.

Екіншісі болса:

– Дүниеде (жүргенде) мені қателік істеп, жамандық жасап жүрген кезімді көріп тұрып, тосқауыл болып, ескертпейтін едің, деген жауап айтады. (Рудани, Жәмғул Фәуаид Y, 384)

Исламды тәблиғ ету (жеткізу) және Миссионерлік

Исламда тәблиғ ету мен хақ жолды көрсетудегі мақсат: хақ діннің адамдарға таратылуы.[157] Мақсат – адамдарды зорлық-зомбылық жолымен, әр түрлі айлаға салып, мұсылман қылу емес әсте.[158]

Христиан миссионерлігінің мақсаты – адамдарды қандай дабір жолмен христиандық дінге кіргізу және бабтиз (күнәдан арылу үшін шомылдыру) қылу.[159] Миссионерлердің өзіне пір тұтатын Павлус, бір хатында өздерінің әрекеттерінің шекарасын сызып былай дейді:

«Мен тәуелсізбін, ешкімнің құлы емеспін. Бірақ көптеген кісіні өзіме баураймын деп бәрінің құлы болдым. Еврейлерді баурап алу үшін еврей секілді әрекет істедім. Өзім шариғатты ұстанбасам да, шариғатшыларды баурау үшін оларға шариғатты ұстанатын секілді сыңай байқаттым. Иса Мәсіхтің заңдарын ұстанбасам да, заңға бағынбайтындарды баурау үшін заңсыздар сияқты әрекет

157. Қараңыз, Мәида сүресі 67-аят.
158. Қараңыз, Бақара сүресі 256-аят; Ясин сүресі 17-аят.
159. Қараңыз, Матта Інжілі 28: 19-20.

істедім. Әлсіздерді баурау үшін әлсіз болып көріндім. Не істесем де кейбіреулерді құтқару үшін әркіммен әр түрлі кейіпке түстім».[160]

Міне, жоғарыда айтылғандай Паулус, алға қойған мүддесіне жету үшін, ешқандай қағида, үрдіс ұстанбай әр түрлі себептер мен тәсілдерді қолданудан тайынбаған. Ал Исламда шариғаттың алға қойған мақсаттарға жету үшін, рұқсат берілмеген себептер мен тәсілдерді қолдануға тыйым салынған. Әуел бастан өзгертілген Христиандықтың ұстанған бұл бұрыс әдісі, яғни көпшілк қауымға хабарды жеткізудің орнына оларды қандай да бір жолмен христиандастыру әрекеті, діннің негізі бұзылып жоқ болып кетуіне әрі хабардың жеткен әрбір жерде әр түрлі кейіпке еніп, дінді ұстанушылардың уақыт келе ағымдарға айналуына әкеп соғады.

Христиандандыру әрекеттерінде миссионерлердің, қоғамдық және саяси түрғыдан қиын жағдайға тап болған кедей, қараусыз, әлсіз, соғыс пен табиғат апаттарына душар болған адамдарға барып, бұл кісілердің басына түскен материалды әрі рухани күйзелістерін өз пайдаларына қолданып, олардың имандарын сатып алып жүргендері байқалады.

Осымен қатар миссионерлердің, империализммен тығыз байланыста екендігі, мақсаттарының діннен гөрі саяси екендігі анықталған. Миссионерлердің көздеген мүдделері әр түрлі мемлекеттерге жайласып алып, мектептердің, шет тілдерді оқыту орталықтарының, және де осы секілді басқа да оқу-ағарту іс-шараларының атын бүркеніп, адамдарды христиандандыруға тырысып бағуда.

160. Қараңыз, Коринтилерге хат, I, 9:19-22.

Паулустың әдісін ұстанған қазіргі миссионерлер, «тақийя» (көздеген мүддені жасыру) жасауда, яғни негізгі мақсаттарын жасырып, қарсыдағы адамның разы болатын жағына ауысып отыруды негіз қылып алған. Мысалы, нысанаға алған мұсылмандарға жақсы қырынан көріну үшін, Құраннан аяттар оқу, мұсылман кейіпіне бүріну, «папа», «шіркеу қызметкері» орнына «ұстаз»; «шіркеу» орнына «мешіт» секілді Ислами терминдерді қолдану сияқты әдіс-тәсілдерді ұстануда. Бұнымен де шектелмей, адамдарды діндерінен шығарып, өздеріне назар аударту үшін, Христиандықтан орны келген кезде шімірікпей бас тартуды әдетке айналдырған.[161]

Миссионерлердің бұндай құйтырқы әрекеттеріне қарсы, мұсылмандар да өздерінің және балаларының тәрбиесіне қатты мән берулері керек. Исламды сондай тамаша бір түрде үйреніп, үйреніп қана қоймай оны амалға асырып, өзге де адамдарға жеткізулері қажет. Мұсылман жұртшылығы ең болмағанда, бұзылған діндерін жаю үшін осыншалық күш сарп еткен миссионерлерден ғибрат алып, хақ Ислам дінін өмірге ақтара отырып жаюға тырысулары керек. Өйткені қанша рақмет айтып, шүкір етсек те аздық қылатын, Ислам нығметінің тәблиғ жауапкершілігін әсте жадымыздан шығармаумыз ләзім.

Ақынымыз марқұм Мехмет Акиф, мұсылмандардың бұл мәселедегі кемшілігін тілге тиек етіп былай дейді:

Миссионерлер, күндіз-түні жерді төңкеріп жатқанда,
Түсінбедім, уахи ғалымдары, уахи күтіп отыр ма?!

161. Қараңыз, Шинаси Гүндүз, 5-28 б.

Әбу Ләһәб пен әйелінің Хазіреті Пайғамбарға қарсы жасаған әрекеттері

Сүйікті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бақыт толған ұясы, Әбу Ләһәб пен Уқба бин Әби Муайттың үйлерініңарасындаорналасқан-ды. Бұлар әртүрлі күл-қоқысты әкеліп Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) есігінің алдына тастайтын еді. Көршілерінің бұндай әдепсіз тірлігінен Пайғамбарымыздың пәк таза жүрегінде реніш пайда болады:

– Әй, Әбду Манафұлдары! Бұл нендей көршілік көрсеткендерің?! деп айыптап, күл-қоқысты садағымен есігінің алдынан сүріп тастайтын. (Ибн Саад, I, 201)

Әбу Ләһәб, бір күні жексұрын қылығын істейіндеп жатқанда хазіреті Хамза оны көріп қалып, күл-қоқысты қолынан жұлып алып, басына төңкереді. Әбу Ләһаб бір жағынан қоқысты тазалап, сонымен қоса Хазіреті Хамзаға қарғыс айтып жатты.[162]

Әбу Ләһәбтің әйелі Үммү Жәмил де, Аллаһ Расуліне жәбір көрсетуде күйеуінен қалыс қалмайтын еді. Күнде кеш батқан соң, ағаштың тікенді бұтақтарын бума қылып орап, түнде Пайғамбарымыздың аяғына кіруі үшін жүретін жолдарына тастайтын. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса, жібектің үстінен өткендей тікендердің үстінен басып өте жөнелетін.[163]

Олардың жасаған бұндай зұлымдықтарының себебімен (солар жайлы) Тәббәт (Мәсәд) сүресі түседі. Үммү Жәмил бұны естіген соң қолына үлкен бір тас алып, Пайғамбарымызды іздеуге шықты. Аллаһ Расулі, сол уақытта Хазіреті Әбу Бәкірмен бірге Қағбада еді.

162. Қараңыз, Ибн Әсир, әл-Камил II, 70.
163. Қараңыз, Ибн Хишам I, 276; Қуртуби XX, 240.

Әбу Бәкір (радиаллаһу аннһу) Үммү Жәмилдің келе жатқанын көріп, Пайғамбарымызға:

– Уа, Расулүллаһ! Мынау Үммү Жәмил. Жаман бір әйел. Сізді көріп қалып, жәбір көрсетуінен секем алып тұрмын. Бұл әйел сізге бір зиян бермей тұрып, бұл арадан кетсеңіз дұрыс болар еді! - дейді.

Пайғамбарымыз:

– Ол мені көре алмайды! - дейді.

Шынында да Үммү Жәмил қасына келіп тұрып, Аллаһ Расулін көре алмайды. Әбу Бәкірге (радиаллаһу аннһу) келіп, аузына келгенін оттап кетіп қалады.[164]

Пайғамбарлықтан бұрын Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызы Хазіреті Үммү Гүлсімге, Әбу Ләһәбтің ұлы Утайба, Хазіреті Руқияға да екінші ұлы Утба құда түсіп, әлі үйлене қойған жоқ-ты. Тәббәт сүресі түскеннен кейін Үммү Жәмил ұлдарына:

– Руқия мен Үммү Гүлсім діннен шықты. Олардан ажыраңдар! - дейді.

Әбу Ләһәб болса:

– Мұхаммедтің қыздарымен ажыраспасаңдар, басым бастарыңа харам болсын! - деп ант етеді.

Сөйтіп Утайба Аллаһ Расуліне келіп:

– Мен, сенің дініңді қабылдамаймын. Қызыңнан да ажырадым. Бұдан былай сен де маған жола ма, мен де саған жоламаймын! - деп Әлемдердің Мырзасының көйлегін жыртады.

164. Қараңыз, ибн Хишам I, 378-379; Құртуби XX, 234.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Утайбаның істеген бұл тәрбиесіздігіне:

– Аллаһым! Оны иттеріңнен біріне қаптыр! - деп беддұға қылады.

Бұл оқиғадан біраз уақыт өткен соң, Утайба сауда-саттық үшін бір керуенге еріп сапарға шығады. Зәрқа деп аталатын бір жерге жетіп тоқтайды. Сол түні бір арыстанның керуенді торауылдап жүргенін көріп Утайба:

- Енді қайттім! Уаллаһи Мұхаммеддің дегені келіп бұл арыстан мені жейді! Өзі Мекке де, мен Шамда болсам да, менің өлтірушім бин Әби Кәбшә болмақ![165] - дейді.

Арыстан сол түні керуен айналасын біраз торауылдаған соң кетіп қалады. Жолдастары Утайбаны араларына алып үйқыға кетеді. Арыстан қайта келіп, араларынан өтеді. Асықпай иіскеп отырып, Утайбаның дәл қасына жақындайды. Басын ыңғайлап келіп тістегені соншалықты Аллаһ дұшпаны өлімнің есігінен сығалайды.

Утайба:

– Мен сендерге «Мұхаммед, адамдардың ең шыншылы» демеп пе едім? - дейді де өліп кетеді.

Әбу Ләһәб, ұлы Утайбаның ақырының не болғанын естігенде:

– Мен сендерге «Мұхаммедтің ұлыма жасаған беддұғасынан қорқамын» деп едім ғой? - дейді.[166]

---

165. Бұрынырақ, Хуза тайпасынан Әбу Кәбшә есімінде бір кісі, пұттарға табыну мәселесінде қауымына қарсы келген еді. Мушриктер Пайғамбарымызды соған ұқсатып, ибн Әби Кәбшә дейтін-ді. Әбу Кәбшәның, Аллаһ Расулінің әкесі немесе анасы жағынан келетін аталарынан бірінің, яки сут әкесінің лақап аты деп те айтылады.
166. Қараңыз, ибн Саад VIII, 36-37; Бәйхаки, Дәләйл II, 338-339; Хәйсами VI, 19.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), сол кезеңде Әбу Ләһаб сияқты басқа да көптеген мүшриктің небір жәбірлеріне тап болады. Олардың бәріне де сабыр етіп, тәблиғті тоқтатпайды.

Меккеліктердің байланысқа түсулері

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ештеңкеге бой бермей Исламды тәблиғ етуді жалғастыруы, мүшриктердің ызасын келтірді. Мұсылмандарға деген ашулары күн сайын артты. Өйткені жаңадан келген дін, олардың пайда табу көздеріне зиян келтіретін еді. Көп күтпей дереу Әбу Тәлібке жүгініп, болып жатқан жағдаятты түсіндіріп, інісіне кедергі болуын сұранады. Әбу Тәліб оларға жылы-шырай танытады. Хазіреті Пайғамбарға да ештеңке айтпайды.

Сөйтіп соңында еш нәрсенің өзгермегенін көрген мүшриктер қайтадан Әбу Тәлібке келіп:

– Әй, Әбу Тәліб! Енді шыдамымыз таусылды! Өзің жақсы білесің ініңнің баласы біздің дініміз бен тәңірлерімізді жамандап жүр. Егер де ініңді мына істеп жүргенінен қайтармасаң, саған да оған да қарсы шығамыз. Не оны бұдан қайтарасың немесе оны қорғауыңды қоясың! Біз оған көресіні көрсетеміз... - дейді.

Әбу Тәліб істің бұлай насырға шабатынын көрген соң Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп, мүшриктердің айтқандарын түсіндіріп жеткізеді. Оны қорғаудан бас тартпайтындығымен бірге мүшриктерге де қарсы шыққысы келмейтінін білдіре отырып:

– Мені де, өзіңді де қорға! - дейді.

Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) қатты ренжиді. Өйткені көкесінің бұл сөздері кей жағдайда өзін қорғаудан бас тартамын мағынасына да келетін еді. Мүбәрак көздері жасаурайды. Ол уақытта мұсылмандар әлі тым әлсіз-тін. Байлық пен баққа әбден кенелген Құрайш мүшриктеріне қарсы тұрарлық күштері жоқ-тын.

Сол уақытта қиыншылыққа тап болған Елшісінің күш-жігер алуы үшін Хақ Тағала былай деп хабар келтірді:

وَاذْكُرِ اسْمَ رَبِّكَ وَتَبَتَّلْ اِلَيْهِ تَبْتِيلًا ﴿8﴾

رَبُّ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ لَآ اِلٰهَ اِلَّا هُوَ فَاتَّخِذْهُ وَكِيلًا ﴿9﴾

«Раббыңның атын дәріпте. Барлық нәрседен аулақ болып, Оған бет ал. Ол (Аллаh), **шығыстың да батыстың да Раббы. Одан басқа ешбір илаһ жоқ. Олай болса Оны пана тұт».** (Мүзәмміл сүресі 8-9 аяттар)

Бұл аяттан кейін Аллаh Расулінің (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) қайғы-мұңы тарқайды. Мызғымастай иманымен, ұлы ер-жүректікпен көкесі Әбу Тәлібке мынадай ғып керемет сөз сарқытады:

– Әй, көкешім! Аллаhқа ант етейін! Бұл адамдар, бір қолыма күнді, бір қолыма да айды қойса, мен сонда да дағуаттан бас тартпаймын!

Осы сөздерді айтып, көзі жасқа толып кетіп қалады.

Пайғамбарымыздан мұндай жауапты күтпеген Әбу Тәліб қайран қалады. Иман келтірмесе де Хазіреті Пайғамбарды өзінің ұлындай қатты жақсы көретін еді. Әрі Әбдулмутталиб қайтыс болардан бұрын ұлдарын жинап алып, немересі Мұхаммедті қайсысы өз қамқорлығына алатынын айтқанда:

– Әкешім! Өзіңіз жақсы білесіз мен бай емеспін. Бірақ жүрегім жұмсақ, мейірімдімін. Інімнің баласына қарауды өзіме борыш санаймын. Бұл жөнінде саған сөз бере аламын. Оны маған аманат қылып тапсыр! - деп өтінген-ді.

Сол үшін Әлемдердің мырзасының бұлайша көңілі қаяу кеткенін Әбу Тәлібтің мейірімге толған жүрегі шыдай алмай оның артынан айқайлап:

«Әй, інімнің ұлы! Келе ғой қалағыныңды айт! Ант етейін олар не берсе де мен сені әсте бермеспін!» (Ибн Хишам I, 276-278; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 96-97)

Мүшриктер ойлаған мақсаттарына жете алмаған соң Уәлид бин Муғираның ұлы Умараны ертіп алып Әбу Тәліке қайта келеді де:

– Бұл Умара, Құрайш жастарының ішіндегі ең күштісі әрі ең сұлуы. Сен бұны ал да, оның ақылын, күшін өз пайдаңа қолдан. Сенің балаң болсын. Әкесі мен ата-бабаларының дініне қарсы шығып, қауымын бөлген, пікірлеріне немқұрайды қараған іниді бізге бер. Оны өлтірейік! - деп далбасалап, осындай ақымақтық ұсыныс тастайды.

Әбу Тәліб:

– Уаллаһи сендер маған сондай бір жаман ұсыныспен келіп тұрсыңдар! Сендер маған ұлдарыңды бересіңдер, мен оны сендер үшін бағамын. Мен де сендерге баламды беремін, сендер оны өлтіресіңдер солай ма? Бұндай нәрсе мүлде болмайды! - деп жауап береді. (Ибн Хишам I, 279; Ибн Саад I, 202)

Мүшриктер Әбу Тәлібке:

– Мұхаммедке хабар бер, бізге келсін оған тәуірірек ұсыныстар жасайық, - дейді.

Көкесі шақыртқанда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дереу жетіп келеді. Ахнас бин Шәрик:

– Сен бізге және иләһтарымызға тиісуді қой, біз де сені және Тәңіріңді мазаламаймыз?! - дейді.

Расулұллаһ басын көтеріп аспанға қарап:

– Мына күнді көріп тұрсыңдар ма? - дейді.

– Иә, көріп тұрмыз, - дегенде, Аллаһ Расулі, Ислам дінінің ұлылығы мен дұрыстығын ең тамаша түрде ортаға қоятын мәні бір жауапты береді:

– Онда мен сендердің мына күннің сәулесінен пайдалануларыңа кедергі бола аламын ба?

Әбу Тәліб:

– Аллаһқа ант етейін, інімнің баласы бізге ешқашан өтірік айтапаған! - дейді.

Жолы болмаған мүшриктер Пайғамбарымыздың алдынан ашуланып тұрып кетеді. (Ибн Исхак 136 б; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 92; Ибн Саад I, 202-203)

Ибн Аббастың (радиаллаһу анһу) бізге жеткізген хабары бойыша бұдан кейін Құрайштың басшылары Қағбаның Хижр бөліміне жиналып, Пайғамбарымызды көре салып бәрі бірден жабылып өлтіретіндіктеріне, Лат, Мәнат, Узза, Найла және саф атты пұттарының атымен ант етеді. Әркім өзіне тиесілі қан дауының пайын өтейтініне де келіседі.

Бұны естіген қызы Фатима (радиаллаһу анһа) жылап отырып Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына келеді. Қауымының жасырын жасаған келіссөздерін айтады.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) су алдырып, дәрет алады. Кейін тіке Мәсжидул Харамға барады.

Мүшриктер Пайғамбарымызды көріп, құтырып:

– Әне анау, сол! - дейді.

Бірақ Пайғамбарымыздың айбатты жүзін көргенде берген сөздеріне қарамастан, бәрі бірдей бастарын төмен салады. Ешбірінің орындарынан қозғалуға шамалары келмейді. Бастарын көтеріп, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бетіне де қарай алмайды. Пайғамбарымыз қастарына келіп, алдарында тік тұрады. Сөйтіп қолына бір уыс топырақ алып:

«Жүздерің қара болсын!» - деп соларға қарай шашады.

Сол күні кімге топырақтың ұшқыны тиген болса, (сол мүшриктер) Бәдір соғысында кәпір болып өлтіріліп, тозақтың шұңқыры іспеттес бір құдыққа көміледі. (Ахмед бин Ханбәл, I, 303)

Бұл оқиғаның артынша Әбу Тәліб, Хашимұлдары мен Мутталибұлдарын шақырып алып, олардан әулеттің құрметі үшін Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құрайштықтардан қорғауды сұранды. Бұл ұсынысты Әбу Ләһәбтан басқасының бәрі мақұлдайды.[167]

Әбу Тәлібке жасаған ұсыныстарынан оңды нәтиже ала алмаған мүшриктер, кейін Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне тіке барып:

– Сен әулет жағынан асыл заттысың әрі мәртебе жағынан да жоғарыдасың! Бұған дейін арабтардың ішінен ешкім істемегенді істеп, айтпағанды айтып жүрсің. Арамызды бөлдің. Бізді бір-бірімізге жау қылдың. Бұл істегендегі мақсатың не?

Бай болу үшін бұлай істеп жатсаң, саған қалағаныңша

167. Қараңыз, ибн Хишам I, 281; Ибн Әсир, әл-Кәмил II, 65.

мал-мүлік берейік. Тайпалардың ішінде сенен асқан бай болмасын!

Басшылық қаласаң, қазір-ақ сені өзімізге басшы сайлайық, Меккенің әкімі бол!

Ал егер асыл затты әйелмен үйленуді қаласаң, саған Құрайштың ең сұлу әйелдерінен қалағаныңды алып берейік!

Егер жын мен шайтанның азғыруына түссең, емшілерге апарайық. Сені құтқару үшін әрнешік машақатқа көнеміз.

Не қаласаң, соны істеуге дайынбыз. Тек қана бұл әрекетіңнен қайтсаң болғаны! - дейді.

Бейшара мүшриктер адамның жанына ең қымбат мал-мүлік, билік және әйел сияқты нәрселермен Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алған бетінен қайтарамыз деп ойлаған-ды.

Олар адамды әрдайым жолынан тайдыру үшін қолданатын бұл үш үлкен нәрсе нәпсінің тұзағы еді. Бірақ мүшриктер Аллаһ Расулінің нұрлы өмірінде бұл секілді мардымсыз нәрселердің ешқандайда маңызы жоқтығын түсіне алмады.

Өйткені Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сондайлық нақты жауабы да осы ақиқатты тайға таңбай басқандай қылып айқындап тұрды:

«Мен сендерден ешнәрсе де сұрамаймын. Мал-мүлік те, салтанат пен билік те сұрамаймын! Менің жалғыз ғана қалауым мынау: Пұттарға табынудан бас тартыңдар, тек қана Аллаһқа ғибадат етіңдер!» (Бин Кәсир, әл-Бидая III, 99-100)

Ал мүшриктер болса нәпсілеріне ауыр келгендігінен оның ұлы күресін еш түсіне алмады. Қатты кетіп соңында Пайғамбарымыздың пұттарға табынуын қалайды. Бұған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасиетті аятта келтірілгендей оларға өзін былайша танытады:

قُلْ اِنِّی نُهِیتُ اَنْ اَعْبُدَ الَّذِینَ تَدْعُونَ مِنْ دُونِ اللهِ
لَمَّا جَآءَنِیَ الْبَیِّنَاتِ مِنْ رَبِّی وَ اُمِرْتُ اَنْ اُسْلِمَ لِرَبِّ الْعَالَمِینَ

«(Оларға) **айт: «Маған Раббымнан ап-ашық дәлелдер келген уақыт, сендердің Аллаһтан өзге жалбарынғандарыңа құлшылық қылуыма қатаң тыйым салындым. Сондай-ақ әлемдердің Раббысына бой ұсынуға әмір алдым».** (Ғафыр сүресі 66-аят)

قُلْ اِنَّمَآ اُمِرْتُ اَنْ اَعْبُدَ اللهَ وَ لَآ اُشْرِكَ بِهٖ اِلَیْهِ اَدْعُو وَ اِلَیْهِ مَاٰبِ

«...(Оларға) **айт: Мен тек Аллаһқа ғана құлшылық қылуға әрі Оған әсте ортақ қоспауға әмір алдым. Мен жалғыз Оған ғана шақырамын және қайтар жағым да Сол жақ».** (Рағыд сүресі 36-аят)

اِنَّمَآ اُمِرْتُ اَنْ اَعْبُدَ رَبَّ هٰذِهِ الْبَلْدَةِ الَّذِی حَرَّمَهَا وَلَهُ كُلُّ شَیْءٍ
وَاُمِرْتُ اَنْ اَكُونَ مِنَ الْمُسْلِمِینَ ﴿91﴾ وَ اَنْ اَتْلُوَ الْقُرْاٰنَ فَمَنِ اهْتَدٰی
فَاِنَّمَا یَهْتَدِی لِنَفْسِهٖ وَ مَنْ ضَلَّ فَقُلْ اِنَّمَآ اَنَا مِنَ الْمُنْذِرِینَ ﴿92﴾

«(Мұхаммед а.с.) **«Мен тек қана осы** (құрметті) **қаланың** (Меккенің) **Раббысына құлшылық қылуға әмір алдым. Негізі әрбір нәрсе Оның иелігінде. Маған мұсылман болып, Құран оқу бұйрығы берілді. Ал енді кім тура жолды**

ұстанса, әрине ол өзі үшін тұстанады. Ал кім адасар болса: «Мен тек қана ескертушілерден боламын» де». (Нәміл сүресі 91-92 аяттары)

قُلْ اِنَّنِى هَدٰانِى رَبِّىٓ اِلٰى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ دِينًا قِيَمًا مِلَّةَ اِبْرٰهِيمَ حَنِيفًا
وَمَا كَانَ مِنَ الْمُشْرِكِينَ ﴿161﴾ قُلْ اِنَّ صَلَاتِى وَنُسُكِى وَمَحْيَاىَ
وَمَمَاتِى لِلّٰهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿162﴾ لَا شَرِيكَ لَهُ وَبِذٰلِكَ اُمِرْتُ وَ اَنَا
اَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ ﴿163﴾ قُلْ اَغَيْرَ اللّٰهِ اَبْغِى رَبًّا وَهُوَ رَبُّ كُلِّ شَىْءٍ

«(Оларға) **айт: Күмәнсіз Раббым мені тура жолға,** (Аллаһты бір деп таныған) **Ибраһимнің (а.с.) нағыз дініне салды. Ол әсте ортақ қосушылардан емес-ті.**

(Оларға) **айт: Күдіксіз менің намазым, құрбаным, өмірім және өлімім бәрі де әлемдердің Раббы Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ. Маған тек осы әмір етілді әрі мен мұсылмандардың ең алғашқысымын.**

(Оларға) **айт: Аллаһ әр нәрсенің Раббы бола тұра, Одан басқа Раб іздеуім керек пе?..»** (Әнғам сүресі 161-164 аяттар)

قُلْ هٰذِهٖ سَبِيلِىٓ اَدْعُوٓا اِلَى اللّٰهِ عَلٰى بَصِيرَةٍ

«(Мұхаммед а.с.): **Менің жолым** (міне) **осы! Мен парасаттылықпен Аллаһқа шақырамын...» де».** (Юсуф сүресі 108-аят)

قُلْ مَآ اَسْئَلُكُمْ عَلَيْهِ مِنْ اَجْرٍ وَ مَآ اَنَا مِنَ الْمُتَكَلِّفِينَ

«(Оларға) **айт: Бұның орнына сендерден ақы сұрамаймын. Өз ойымнан бір нәрсе шығарған әрі өзінің кейпінен басқалай болып көрінгендерден емеспін».** (Сад сүресі 86-аят)

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұндай мызғымас қарарынан кейін мүшриктер тым болмаса пұттарының жамандалмауын сұранады. Хазіреті Пайғамбардан пұттарына тиіспеуін өтінеді. Бұның артынан Хақ Тағала былай деп аят келтіреді:

فَلَا تُطِعِ الْمُكَذِّبِينَ ﴿8﴾ وَدُّوا لَوْ تُدْهِنُ فَيُدْهِنُونَ ﴿9﴾

«(Ақиқатты) **өтірікке шығарғандарға бой ұсынба. Олар сенің жұмсақ болуыңды қалайды, оларда Саған жұмсасын.** (Оларды пұттардан тыймасаң сонда олар да жұмсайды)». (Қалам сүресі 8-9 аяттар)

Яғни Исламның ақиқаттарын қабылдауға жанаспаған мүшриктер, пайдаларына аспайтын аяттарды қалыс қалдыру шартын қоса отырып, Пайғамбарымызбен байланыс құрып, әрі осылайша онымен жақсы қарым-қатынас көпірін орнатамыз дегендей ойларын білдіреді. Бірақ қасиетті аяттың үкімі өте анық айтылған-ды:

اِذًا لَاَذَقْنَاكَ ضِعْفَ الْحَيٰوةِ وَضِعْفَ الْمَمَاتِ
ثُمَّ لَا تَجِدُ لَكَ عَلَيْنَا نَصِيرًا

«(Егер олай істегеніңде) **ол кезде күдіксіз** (Біз де), **саған өмір мен өлімнің азаптарын еселеп таттырар едік. Сөйтіп өзіңе, Бізге қарсы бір жәрдемші де таба алмас едің».** (Исра сүресі 75-аят)

Яғни таухидтен бас тартуға, мұндай қиын-қыстау кезеңде де тыйым салынған. Өйткені бұл діннің құрылмай жатып, құлауына әкеліп соғатын-ды. Мүшриктердің де амалға асырғысы келген арам пиғылды әрекеті де осы еді. Бірақ қалағандарына қауышамаған соң, алға тартқан талаптарын

надандықпен қоярда қоймай зорлықпен даурықтырып алып, пұттарын қорғап қалғысы келеді. Сөйтіп соңында мынадай күлкілі ұсынысты алға тартатындай жағдайға түседі:

- Сен біздің пұттарымызға табын, біз де сенің Аллаһыңа ғибадат етейік. Осылайша арамыздағы келіспеушілік жойылады! дейді.

Исламның рухы мен логикасына мүлде теріс келетін бұл ұсынысқа Аллаһ Тағала Құран Кәрімінде былай деп жауап береді:

قُلْ يَآ اَيُّهَا الْكَافِرُونَ ﴿1﴾ لَا اَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ﴿2﴾ وَلَآ اَنْتُمْ
عَابِدُونَ مَآ اَعْبُدُ ﴿3﴾ وَلَا اَنَا عَابِدٌ مَا عَبَدْتُمْ ﴿4﴾ وَلَآ اَنْتُمْ
عَابِدُونَ مَآ اَعْبُدُ ﴿5﴾ لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ﴿6﴾

«(Оларға) **айт: «Әй,** (надан әрі ақымақ) **кәпірлер!» «Мен сендердің табынғандарыңа табынбаймын. Менің табынғанымма сендер де табынбайсыңдар. Сірә мен сендердің табынғандарыңа табынушы емеспін. Сондай-ақ сендер де менің табынғанымма табынушы емессіңдер. Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме тән!».** (Кәфирун сүресі 1-6 аяттар) (Ибн Хишам I, 386)

Қадірлі Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шақырған дағуатына алғашқыда кедей-кепшік, құлдар мен әлсіз жандар иман келтіреді. Осымен қатар Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) сынды байлардан да иман келтіргендер болғанымен, сандары өте аз-ды. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арадағы байланысты нығайту үшін жасаған мүшриктердің мал-мүлік және билік сияқты әр түрлі ұсыныстарын қабылдамауы, оның кейбіреулердің айтып жүргендеріндей ниетінде байлық немесе лидер болу

сияқты пиғылдардан ада екендігіне ап-ашық дәлел. Өйткені Пайғамбарымыздың күндік өмірі, әлеуметтік жағынан жағдайы жақсы болған күннің өзінде кедейлердің өмірінен парқы жоқ-ты. Сөзсіз бұл жағдай ол кісінің бойындағы тақуалық пен кішіпейілділік және қанағат секілді нәбәуи ахлақтың бір көрінісі еді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) егер қаласа құрайштықтардың ұсынған лидерлікті немесе басшылықты қабыл етіп, бұл мүмкіншілік пен күшті келешекте Исламды жаю барысында қолдана алатын-ды. Бірақ Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұндай саясат қолданып, әрі оны күресінде пайдалануға көңілі әсте разы болмады. Өйткені Ислам алға қойылған мақсатқа жетуде әрқандай әдіс-тәсілді қолданар кезде діннің қадірлілігін сақтауды бірінші жолға қояды. Осы себептен мұсылмандар көптеген жерлерде ынта-шынтамен әрекет етуге және жиһадқа шығуға мәжбір қалады. Неге десеңіз Исламның ұстанған жолы – ешқандай да ақауы жоқ «сиратул мустақим» жолы.

Құран Кәрімнің Иғжазы және тыңдағандарға берер әсері

Иғжаз, сөздіктебіркісінішарасызқалдырунемесеақырын-ақырын ашу деген мағынаға келеді. Терминологиялық мағынасына келсек, Құран Кәрімнің мәртебелердің ең ұлысынан түскендіктен, мейлі тілдік-шешендік жағынан болсын, шариғат жағынан болсын, яки ғайыптан хабар беру жағынан болсын, оның екінші бір ұқсасын келтіруден бүкіл адамдардың шарасыз, әлсіз екендігін білдіреді.

Аллаһ Тағала адамзатқа түсірген соңғы Кітабын ең көркем түрде Араб тілінде түсіруді мақсат еткендіктен, бұл

тілде сөйлейтін адамдарға Құран түспей тұрып, қаншама ғасырлар бұрын сөйлесудің көркемдігін, сөздің көркемдігін және әдебиет көркемдігін бағыштаған-ды. Арабтар әр түрлі жарыстар өткізу арқылы бұл салада тер төгіп, тілдердің одан сайын дамуына септігін тигізіп, нәтижеде бұл тіл, иләһи сөзді танытуға себеп болатындай тілдік байлыққа әрі кереметтілікке жетеді.

Ғасырлар зулап өткеннен кейін осындай іс-шаралардың арқасында арабтар арасында көркем сөйлеу ең тамаша бір өнер хәліне айналады. Ақындар мен шешендер, көпшілік арасында мақтауға лайықты көзді қызықтыратын бір мәртебеге жетеді. Осының салдарынан Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрсеткен мұғжизалардың ең үлкені әрі сөздердің ұлығы иләһи сөз – Құран Кәрім болды.

Адам баласын өзге жан иелерінен ерекшелеген ең басты сипаттары – ақыл, ұғым, түсінік және баяндау (сөйлеу) болған соң әрине ең соңғы түскен әрі ең керемет кітап болған Құран Кәрімнің мұғжизалық жағы да ақыл, баян және ғылым саласында ортаға шыққан. Өйткені Хақ Тағала былай дейді:

الرَّحْمٰنُ ﴿1﴾ عَلَّمَ الْقُرْاٰنَ ﴿2﴾ خَلَقَ الْاِنْسَانَ ﴿3﴾ عَلَّمَهُ الْبَيَانَ ﴿4﴾

«Рахман, Құранды үйретті. Адамды жаратты. Оған баяндауды (сөйлеуді) үйретті». (Рахман сүресі 1-4 аяттар)

Құран Кәрімнің теңдессіз иғжазы жайында тілді зерттейтін ғалымдар небір еңбектер жазып, бұл еңбектерінде өте құнды пікірлерді алға тартқан. Біз мұнда бұлардың бірнешеуіне ғана тоқталып кетпекпіз.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығын мәлімдегенде кәпірлер:

وَ قَالُوا لَوْ لَآ اُنْزِلَ عَلَيْهِ اٰيَاتٌ مِنْ رَبِّهٖ

«Оған Раббы тарапынан неге мұғжизалар түсірілмейді?..», деп қарсы шығады.

Аллаһ Тағала оларға былай деп жауап қайырады:

قُلْ اِنَّمَا الْاٰيَاتُ عِنْدَ اللّٰهِ وَ اِنَّمَآ اَنَا نَذِيرٌ مُبِينٌ ﴿50﴾
اَوَلَمْ يَكْفِهِمْ اَنَّا اَنْزَلْنَا عَلَيْكَ الْكِتَابَ يُتْلٰى عَلَيْهِمْ
اِنَّ فِى ذٰلِكَ لَرَحْمَةً وَ ذِكْرٰى لِقَوْمٍ يُؤْمِنُونَ ﴿51﴾

«...Оларға: «Мұғжизалар тек Аллаһтың ғана қасында. Мен болсам тек ашық ескертуші ғанамын» де. Әрине оларға оқылып жатқан Кітапты саған түсіргеніміз өздеріне (мұғжиза ретінде) **жетіп аспай ма?** (Одан артық мұғжиза бола ма?) **Күдіксіз Құранда, иман келтірген қауым үшін әрине рахмет және насихат бар».** (Ғанкәбут сүресі 50-51 аяттар)

Құранның иғжазы: көркемдігі және баяндау әдісі, мағынасының кеңдігі, қарастырған негізгі мәселелерінің адамзатты қанағаттандыруы, ғайыптан хабар беруі, әрқашан өзектілігін сақтауы, шариғат саласындағы үстемдігі сияқты көптеген тұстарда көрініс табады.

Құранның мұғжизалығының ең көзге түсер әрі маңызды тұсы көркемдіктен (бәләғат) және баяндаудан тұрады. Бәләғат дегеніміз негізгі мақсатқа, тақырыпқа және қарсы алдындағының жағдайына қарап, яғни жағдайдың барысына қарап дәл ыңғайлы әрі орынды сөз айту. Құран Кәрімде сөз қозғалған бүкіл мәселелерде бұны ең тамаша бір түрде жүйеге қойған.

Құран Кәрім тіл байлығы жағынан да ең керемет кітап. Қолданған сөздер жағынан да, оның мағынасы жағынан да титтей де кемшілік табу мүмкін емес.

Құранда мағына сияқты диксион[168] да Аллаh Тағалаға тән. Оны (Құранды) қудси хадистен өзгеше ететін ең негізгі ерекшелігі осы. Сондықтан да Құран мәтініне жататын бір сөзді басқа бір арабша сөзбен ауыстыру, егер әдейілеп істелсе адамды діннен шығарып жібереді. Ал білместікпен істелсе, мағынаның біршама өзгеретіндігінен атқарылған ғибадатты бұзады. Мұндай білместікпен жасалған қате оқылудың немесе сөздің өзгертілуінің шариғат бойынша үкімінің не болмағы жайында ғалымдар фиқh кітаптарында «зәлләтул қари» тақырыбымен көптеген үкімдер ортаға шығарған.

Бұл мәселе осыншалықты күрделі бола тұрып, Құранның қатардағы қарапайым адамдардың да түсінгіне сай етіліп ортаға қойылған бір аудармасымен ғибадаттың дұрыс болатыны жөніндегі алдамшы пікірлер, өкінішке орай имани жағынан барып тұрған адасушылық.

Құранның баяндауында мағына мен сөздің тепе-теңдігі бар. Ол баяндағысы келген әрбір мағынаны өте тамаша әрі ең күшті бір түрде ақтара алатын және екінші бір ұқсасы жоқ сөзді қолданады. Осылайша сөз бен мағына арасындағы тепе-теңдікті «кәлам» сипатының негізгі асыл иесіне тән дәрежеге жеткізеді. Бұл мәселеде ең мықты деген әдебиетшілердің өзі Құранның әдеби байлылығымен теңдесу былай тұрсын, тым әлсіз, өте шарасыз жағдайға тап болады.

168. Диксион, сөйлер кезде сөздің таңдалуы, айтылған нәрсенің және ойдың жеңіл жолмен жеткізілуі.Тілдің көркемділігі мен байлығын, шешендігін және сөздің дұрыс әрі орынды қолданылуын қамтитын мағыналардың бір бүтініне берілген атау.

Бұл ретте ибн Атия (рахмәтуллаһи аләйһ) былай дейді:

«Құран ол сондай бір кітап, егер одан бір сөз алынып тасталса, оның орнын толтыру үшін бүкіл араб тілі зерттеліп, астан-кестен болса да, алынған сөзден артық лайықты басқа бір сөз табу мүмкін емес».[169]

Құран Кәрім қисса, насихат, тартысу, тарих, шариғат, ақырет, жәннат және тозақ сияқты тақырыптарды, қорқытатын әрі сүйіншілейтін аяттарды, мағыналарының басымдылығына қарап, баяндаудың әр түрлі тәсілін қолдана отырып, сөздің әдеби байлығы мен көркемдігіне аса мән беріп адамзатқа ұсынады. Бұл да оның иләһи сөз болуына лайықты нәрсе.

Құран Кәрім әрқилы уақытта және әр түрлі жерлерде өмір сүрген, сонымен қатар білім дәрежелері бір-бірінен әлде қайда ерекше болған бүкіл адамдарға арнап үндеу салады. Қабілеттері әр түрлі мыңдаған адамның қатысып отырған мәжілісте Құран аяттары оқылғанда, сол жердегілердің әрқайсысы өзінің түсініктеріне қарап көптеген нәрселерді түсінеді. Бұл да әрине пенденің күші жетпес ұлы құдыреттің бір көрінісі.

Қысқа қайырғанда айтарымыз, әрбір пайғамбардың мұғжизасы өзінің келген дәуіріне сай. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл адамзатқа пайғамбар болып жіберілгендіктен оның ең үлкен мұғжизасы болып саналатын Құран Кәрім бүкіл замандар мен мекендерді қамтып қиямет қайымға дейін осылайша жалғасын табады.

Құран Кәрімде Аллаһ Тағаланың бар екендігі мен құдретіне дәлел болу үшін де көп жерде ғылыми ақиқаттарға

169. Зәрқани, Мәнахилул Ирфан, II, 325; Мухаммед Абдуллаһ Драз, ән-Нәбәул Азим, 112 б; Ата, Азаматул Құран, 85 б.

да тоқталып кетеді. Мың төрт жүз жылдан бері қарай ғылым саласында ортаға шыққан таңдай қақтырарлық небір ғылыми табыстар мен зерттеулердің Құранның ешбір үкімін жоя алмай терісінше әрқашан құптап отыруы да оның мұғжизалығына үлкен дәлел болса керек.

Бүгінгі таңда дүние жүзінің адамдары ең білгір деген ғалымдарды жинап алып, соларға энциклопедиялар жаздырып, сонымен бір-біріне мақтанады. Ағылшындардың Британникасы мен француздардың Лароуссесін осыған мысал етсек болады. Бірақ бұл адамдар әр жылы жазған энциклопедияларын өңдейді немесе қажет болғанс соң жаңадан қосымша тағы да томдар шығарады. Бұл томдарда өткен күндерде жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ортаға қойылған жаңа мағлұматтардың себебімен кейбір ескі мағлұматтар қайта өңделеді немесе оларға жаңа толықтырулар енгізіледі. Ғылыми жаңалықтардың таңқаларлықтай дәрежеде дамыған қазіргі таңда да, ең мықты деген ғалымдардың әр түрлі ғылым саласында ортаға қойған осы атақты энциклопедияларының өзі, жылдар өткен сайын қателері тауылып, өңделуге душар болуда. Ал Құран Кәрімнің келтірген қисапсыз ғылыми ақиқаттары мен жаңалықтарына қанша ғасыр болса да, өңделуге және өзгертілуге мұқтаж болмауы оның түптамырының иләһи екендігіне, яғни Аллаһтың сөзі екендігіне ең үлкен бұлтартпас дәлелдердің бірі.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құранның мұғжизалығын және бұл мұғжизалық ерекшелігінің мәңгілікке жалғасатынын мәлімдейтін бір хадис шәрифінде былай дейді:

«Құран Кәрім – ортаға шығатын әр түрлі бүліктен құтқаратын, бұрынғы қауымдардың хабарларын,

кейінгілердің хал-жағдайын, адамдардың арасында шығатын оқиғалардың үкімін қамтыған, дұрыс пен бұрысты айырған, қажетсізден аулақ, өзін тәрк еткен азғынды Аллаһ Тағаланың құрдымға жіберген, одан басқа да тура жолды іздегенді Аллаһтың адастырған, Хақ Тағаланың мекем жібі, зікри хакимі және сиратул мустақимі болған, өзіне ергендерді ешқашан адастырмаған, оны сөйлеген тілдердің жаңылмаған, ғұламалардың өзіне тоймаған, қаншама қайталанса да ескірмеген, адамдарды қайран қалдырарлық мұғжизалық еркешеліктері әсте түгелмеген, жындар оны тыңдаған кезінде:

اِنَّا سَمِعْنَا قُرْاٰنًا عَجَبًا

«...Шындығында біз, қайран қалдыратын бір Құран тыңдадық» (Жын сүресі 1-аят) дегізген, өзімен сөйлегендерді дұрыс сөйлеткен, онымен үкім бергендердің дәл түсіп, әділ үкім берген, оны амалға асырғандар сыйлық алған, оған шақырғанның сиратул мустақимді тапқан иләһи бір сөз». (Тирмизи, Фәдәилул Қуран, 14; Дәрими, Фәдәилул Қуран, 1)

Құран Кәрім қай жағынан алсаңда үлкен бір мұғжиза. Міне сондықтан да Құран Кәрім, сол кезеңде көркем әдебиетте шыңға жеткен арабтардан және қияметке дейін өмірге келіп-кететін адамдар мен жындарға, өзіне ұқсас бір сөз ортаға қоюды ұсынып, қаншама ғасырдан бері сөзінен танбай келуде. Бұл ретте Құран Кәрімде алғаш рет Тур сүресінің 34 аятында:

فَلْيَاْتُوا بِحَدِيثٍ مِّثْلِهٖٓ اِنْ كَانُوا صَادِقِيْنَ

«(Мүшриктер, Құранның Аллаһтың сөзі еместігінде) шыншыл (әрі ниеттері түзу) **болса, қанекей сол сияқты бір сөз келтірсін»** делінеді.

Мүшриктер бұл иләһи ұсынысқа жауап бере алмай бейшара жағдайға түскен соң Аллаһ Тағала олардың бұл тұстағы нағыз бейшаралықтарын одан да ашық әрі түсінікті етіп мына аятты түсіреді:

اَمْ يَقُولُونَ افْتَرٰيهُ قُلْ فَاْتُوا بِعَشْرِ سُوَرٍ مِثْلِهٖ مُفْتَرَيَاتٍ وَادْعُوا
مَنِ اسْتَطَعْتُمْ مِنْ دُونِ اللهِ اِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ

«Немесе олар: «Құранды өзі жасады» дей ме? (Мұхаммед а.с.) **оларға: «Егер айтқандарың шын болса, Аллаһтан басқа көмекке шақыра алатындарыңды шақырыңдар да соған ұқсас құрастырылған он сүре келтіріңдер» де».** (Һуд сүресі 13-аят)

وَ اِنْ كُنْتُمْ فِى رَيْبٍ مِمَّا نَزَّلْنَا عَلٰى عَبْدِنَا فَاْتُوا بِسُورَةٍ مِنْ مِثْلِهٖ
وَ ادْعُوا شُهَدَآءَكُمْ مِنْ دُونِ اللهِ اِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ

«Құлымызға түсірген Құраннан күдіктенсеңдер, онда қанекей сендер де соған ұқсаған бір сүре келтіріңдер, егер сөздерің рас болса Аллаһтан басқа сенген көмекшілеріңді де шақырыңдар». (Бақара сүресі 23-аят)[170]

Аллаһ Тағала соңғы рет Исра сүресінің 88-аятын түсіріп былай дейді:

قُلْ لَئِنِ اجْتَمَعَتِ الْاِنْسُ وَالْجِنُّ عَلٰٓى اَنْ يَاْتُوا بِمِثْلِ هٰذَا الْقُرْاٰنِ
لَا يَاْتُونَ بِمِثْلِهٖ وَ لَوْ كَانَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيرًا

«Оларға айт: «Егер адамдар әрі жындар бір-біріне көмекші болып, осы Құранның бір ұқсасын келтіруге

170. Қосымша қараңыз, Юнус сүресі 38-аят.

жиналса, ант етейін сонда да бұған ұқсағанды келтіре алмайды». (Исра сүресі 88-аят)

Мүшриктер, бұл иләһи сынауға жауап бере алмағандары үшін, өтірікке шығару, бүлік шығару, жала жабу сияқты шабуылдарға көшіп Құран тілімен айтқанда:

اِنْ هٰذَآ اِلَّا سِحْرٌ يُّؤْثَرُ

«...Бұл, үйретіліп келе жатқан бір сиқыр». (Муддассир сүресі 24-аят),

سِحْرٌ مُّسْتَمِرٌّ

«...Бұрыннан жалғасып келе жатқан сиқыр». (Қамар сүресі 2-аят),

اِنْ هٰذَآ اِلَّآ اِفْكٌ افْتَرٰيهُ

«...Бұл (Құран) **жай ғана өзінің** (ойдан) **шығарған өтірігінің бірі...»** (Фұрқан сүресі 4-аят),

اِنْ هٰذَآ اِلَّآ اَسَاطِيرُ الْاَوَّلِينَ

«**Бұл** (Құран) **жай ғана бұрынғылардың ертегілері»** (Әнғам сүресі 25-аят) деген сияқты ақиқатқа мүлдем жанаспайтын, сонымен қатар өздерінің далбасагершіліктері мен қарарсыздықтарын да ортаға қойған кейбір мағынасыз мәлімдемелермен айналысады.

Құран Кәрімнің бір ғана сүресін келтіру мәселесіндегі бүкіл дұшпандарына қарсы айтылған бұл сөз, қазіргі кезеңге дейін бүкіл дінсіздерді шарасыздыққа салып, тығырыққа әкеп тіреуде. Қияметке дейін де осылайша болмақ.

"ХИКМЕТ" баспаханасы

Христиандар, арабтарға арабша үйретерліктей дәрежеде ғылым және көркем әдебиетте өзіне сөз жуытпас дін адамдарын дайындап шығарған. Бірақ олардың ешқайсысы Құранның алға тарқан мәселесіне қандай да бір қарсылық көрсетіп, жауап қайыруға қажырлылық таныта алмаған. Қаншама ғасырдан бері Исламның нұрын сөндіру үшін малын-жанын салып тұрып, ыждағаттылықпен жұмыс жасап, көптеген қиыншылықтарға тап болған имансыз бен дінсіздер қауымы, соншама әбігерлік пен абыржушылықтың орнына (әрине оны іске асыру мүмкін болса) бұл мәселеге (Құран секілді бір сүре келтіруге) кіріссе болмас па еді?! Міне осындай тарихи шындықтың өзі, Құранның бұндай ұсынысының қаншалықты ұлылығын әрі оның қарсысындағы дұшпан күштерінің қаншалықты әлсіздігін, олардың қарсы тұруға және қабылдамауға мүмкін еместей дәрежеде екендігі ап-анық көрініп тұрған жоқ па?!

Бұл ретте бір бөлмеге кіріп алып, қаншама айлар бойы еңбектенген аты әлемге әйгілі небір шешендер шыққан, бірақ милары айналып жерге түсердей еңбектеніп, қаншама тырысып бақса да, бір ғана аят келтіре алмаған.

Өйткені Құран Кәрімнің сүрелеріне ұқсатып бірдемелер жазған Мусәйләмәтул Кәззаб және сол сияқтылар, істеген әрекеттерімен жұртты қатты күлкіге қарық қылған жағдайға тап болған. Жазған нәрселері де комедиядан әрі аспай, тек өздерінің ақымақтықтарын көрсеткен-ді. Өйткені Құран, тек қана көркемдігі және әдеби байлылығымен ғана емес, сонымен қоса бүкіл ғасырлардың ішіндегі қайнап жатқан ақиқаттарын да өзінде қамтыған мұғжизалар кітабы. Сондықтан да, қашан және қай жерде өлерін білмейтін әлсіз пенденің, әрине, теңдесі жоқ ұлы ақиқаттарды қамтитындай ішінде мұғжизалар толы бір аят келтіруі мүлдем мүмкін емес жәйт. Неге десеңіз, пенденің араласуымен жазылған бүгінгі

Тәурат және Інжілдің жайын өздеріңіз жақсы білесіздер. Кітаптардың екеуі де негізгі нұсқасынан ауытқығаны соншалықты қаншама қарама-қайшылықтарға толы.

Құранның, қазіргі таңға дейін өзінің әсерлілігін жоғалтпай жалғасын тауып келген баяндау мұғжизасы оның Иләһи бір кітап екендігінің ең үлкен әрі бұлтартпас дәлелін, тәжірибе арқылы көріп келе жатырмыз. Ең алғаш түсе бастаған күнінен бастап, қазіргі кезге дейін он бес ғасыр өтсе де, Құранға қарсы шығып, тартысып оны жеңе алған бірде-бір адам жоқ. Сынағысы келгендер де бүкіл адамзаттың алдында масқара болып, қияметке дейін қыр соңынан қалмайтын ұятқа қалған жайлары бар.[171]

Құран Кәрім, өлең де емес, қара сөз де емес. Ол өлеңнің де, қара сөздің де ерекшеліктерін біріктірген баяндау түрі әрі бұл бяндауға лайықты керемет бір тәртібі мен музыкасы бар. Адам баласы әрқашан Құран оқыған кезінде, осы музыканың әсерін рухының сонау тереңдіген сезіне алады.

Құранның мәтінін оқып жатып, әуенді азғана созсаң немесе қандай да бір өзгеріс істесең, оның тәртібі және мағынасы сол сәтте бұзылады.

Құран Кәрім, бұл ерекшелігімен адамдардың жүрегінде кереметтей күшті бір әсер қалдырады, арабтар, оны Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак ауызынан есітіп топ-тобымен келіп, иман келтірген-ді. Бүкіл мүшриктер, оған ұқсас бір аят та келтіре алмағандықтарынан Құранның көркемдігі мен әдеби байлылығын іштерінен қабыл етіп, бірақ сыртқа тіс жармаған. Олар Құранды, тек өз пайдаларына дұрыс келмегені үшін және бір жетімге мойын ұсыну нәпсілеріне ауыр келгені үшін қабыл етпеген.

171. Бути, Мин Рәуәғи Қуран 126, 129, 130 б.

Ибн Аббастан келтірген дерек көздерде мүшриктердің ішіндегі ақылдыларының бірі саналатын Уәлид бин Мүғира, бір күні Пайғамбарымызға (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) барып өзіне Құран оқып беруін өтінеді. Аллаh Расулі оған:

اِنَّ اللهَ يَاْمُرُ بِالْعَدْلِ وَ الْاِحْسَانِ وَ اِيتَآئِ ذِى الْقُرْبٰى وَ يَنْهٰى
عَنِ الْفَحْشَآءِ وَ الْمُنْكَرِ وَ الْبَغْيِ يَعِظُكُمْ لَعَلَّكُمْ تَذَكَّرُونَ

«Негізінде Аллаh сендерге әділеттілікті, игілікті және ағайынға қарайласуды бүйырады. Және де арсыздықтан, қарсы шығудан әрі зорлық-зомбылық жасаудан тыяды. Құлақ асып, ұстанарсыңдар деп сендерге насихат береді» (Нахыл сүресі 90-аят) деген аятын оқып береді.

Уәлид:

– Бұны маған тағы да оқы! - дейді.

Пайғамбарымыз аятты қайталап оқығанда Уәлид:

– Уаллаhи, бұл сөзде сондай бір тәттілік бар, сондай бір әсемдік әрі жарқырау бар, бұтақтары жеміске толы, тамыры тереңге кеткен, жап-жасыл бір ағашқа ұқсайды. Бұны бір адам баласының айтуы мүмкін емес. Еш шүбәсіз бұл сөз, әрбір нәрсеге үстем келеді. Оған еш нәрсе де тең келе алмайды, қарсыласқандарын сөзсіз жермен-жексен етеді, - деуден өзін тия алмайды.

Қатты таң қалған Уәлид, орнынан тұрып Хазіреті Әбу Бәкірдің үйіне барып, оған Құран Кәрім жайында бірнеше сұрақтар қояды. Кейін құрайштықтардың қастарына келіп:

– Әбу Кәбшәның ұлының айтып жүргендері шынын айтсам таңқалдырарлық! Уаллаhи ол өлең де емес, сиқыр да емес, жындының сандырағы да емес! Оның айтып жүргені шүбәсіз Аллаhтың сөзі» дейді.

Оның айтқан бұл сөздері Әбу Жәһилге жеткенде:

– Уаллаһи Уәлид егер дінінен шығар болса, онда бүкіл Құрайш та дінінен шығады, - дейді де дереу қасына жетіп барып:

– Әй көке! Қауымың саған деп мал жинап жатыр. Ал сен Мұхаммедке барып, одан бірдемелер дәметіпсің, - дейді.

Уәлид:

– Құрайш мені жақсы таниды, олардың ішіндегі ең байы менмін, - дейді.

Әбу Жәһил:

– Олай болса Мұхаммед жайында сондай бір нәрсе айт, сенің оны қабыл етпегеніңе әрі оны ұнатпағаныңа қауымыңның көзі жетсін, - дейді.

Уәлид:

– Не айтайын? Уаллаһи іштеріңде өлеңді, рәжәзді[172] және қасиданы менен артық білетін ешкім жоқ. Оның айтқандары бұлардың ешқайсысына да ұқсамайды. Уаллаһи, Мұхаммедтен жаңа ғана сондай бір сөз тыңдадым, ол сөз адамның да, жынның да сөзіне ұқсамайды. Оның керемет бір тәттілігі әрі тартымдылығы бар» - дейді.

Әбу Жәһил тағы да талап етіп:

– Қауымың, оған қарсы бір нәрсе айтпағаныңша сенен разы болмайды, - дейді.

172. **Рәжәз**, Араб өлеңдерінде бір жанырдың (бахир) аты. Бұл жаныр өзінің бойында тез және жай асықпай оқылуға мvмкіндік бергені vшін көптеген аспаптармен де сvйемелденеді. Осы себептен мағынаның өте жоғарғы дәрежеге шығалатын болған соң және де қайғылы әрі қуанышты жайттарды сөзбен жеткізе алатын бұл жанырдың (бахри рәжәздің) 15 шақты тvрінің бар екені айтылуда. (Тахирул Мәуәуи, Әдәбияат Луғати, 120 б. «рәжәз» айдары.)

Ол:

– Тиме маған, біраз ойланайын, дейді.

Сөйтіп:

– Бұл бұрыннан бері үйретіліп келе жатқан бір сиқыр, - деп далбасалайды. (Хаким II, 550/3872; Тәбари, Тәфсир XXIX, 195-196; Уахиди, 468 б.)

Оның басына түскен бұл жағадайды Құран Кәрім былайша баяндайды:

اِنَّهُ فَكَّرَ وَقَدَّرَ ﴿18﴾ فَقُتِلَ كَيْفَ قَدَّرَ ﴿19﴾ ثُمَّ قُتِلَ كَيْفَ قَدَّرَ ﴿20﴾
ثُمَّ نَظَرَ ﴿21﴾ ثُمَّ عَبَسَ وَ بَسَرَ ﴿22﴾ ثُمَّ اَدْبَرَ وَاسْتَكْبَرَ ﴿23﴾
فَقَالَ اِنْ هٰذَآ اِلَّا سِحْرٌ يُؤْثَرُ ﴿24﴾ اِنْ هٰذَآ اِلَّا قَوْلُ الْبَشَرِ ﴿25﴾

«Шынында ол, ойластырып, шамалады. Сосын құрып кеткір ол, қалай шамалады? Содан кейін ол құрып кеткір, қайтып шамалады? Сосын ол қарады, кейін тыжыранып, қабағын түйді. Кейін арқасына бұрылып, тәкәппарланып: «Бұл, адам баласының сөзінен басқа еш нәрсе емес!» деді». (Муддәссир сүресі 18-25)

Халықтың Құран тыңдауына кедергі болған мүшрик басшыларынан Әбу Суфиян, Әбу Жәһил және Ахнас бин Шәрик, түнде Қағбада Құран оқитын Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатарынан үш түн бірі бірінен хабары жоқ жасырынып, керемет рахатқа бөленіп тыңдаған, сөйтіп жүріп кездейсоқ кездесіп қалып өздерін кінәлап, бір-біріне:

– Ойбай-ау ешкім біліп қоймасын! Халық, біздің бұл істеп жүргенімізді біліп қойса қатты ұятқа қаламыз. Сөйтіп, бұдан былай Құран тыңдамау керек мәселесінде ешкімге де

сөзімізді өткізе алмайтын боламыз! - деп істеген тірліктерін айыпқа алып, бұдан былай екінші рет мұндай нәрсе істемеуге сөз берісіп анттасады. (Ибн Хишам, I, 337-338)

Көп адамдар Құранның осындай әсерлілігінен мұсылман болған. Бұлардың ішінде Хазіреті Омарды (радиаллаһу аннһу) алсақ, ол кісі күйеу баласының есік алдына барғанында қаншалықты ашуға мініп, ызаға толып түрса да, Құранның әуенін есітіп жүрегінің елжіреп, жұмсарып кетіп, ойларының астан-кестең болғаны көпшіліктің көзі жеткен нағыз шындық. Өйткені Хазіреті Омар мінезінің қаттылығымен танылған адам еді.

Құран Кәрімнің әсеріне қалып Исламмен танысқанның біреуі ол Жүбәйр бин Мутғим (радиаллаһу аннһу) еді. Ол да Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тур сүресін естіген соң жүрегі діріл қағып сондағы жағдайын:

– Жүрегім шығып кетер ме деп ойладым, деген сөздермен жеткізеді. (Ахмед бин Ханбал, IY, 83, 85)

Өзі болған оқиғаның мән-жайын толығымен былайша баяндайды:

«Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақшам намазында Тур сүресін оқып тұрғанында тыңдадым.

اَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ اَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ ﴿35﴾
اَمْ خَلَقُوا السَّمٰوَاتِ وَالْاَرْضَ بَلْ لَا يُوقِنُونَ ﴿36﴾
اَمْ عِنْدَهُمْ خَزَآئِنُ رَبِّكَ اَمْ هُمُ الْمُصَيْطِرُونَ ﴿37﴾

«Олар, бір жаратушысыз (өздерінен-өздері) **жаратылды ма? Әлде жаратушы өздері ме? Яки олар, көктер мен жерді өздері жаратты ма? Жоқ, олар Аллаһқа ешқашан нанбайды. Немесе Раббыңның қазыналары солардың**

қасында ма? Әлде әрнәрсеге ие солар ма?» (Тур сүресі 35-37 аяттар) деген аяттарына келгенінде әсерленгенімнен жүрегім шығып кете жаздады». (Бұхари, Тәфсир, 52)

Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығының алғашқы кездерінде өлең жазу жарыстарынан өлеңі бірінші орын алып, Қағбаның қабырғасына ілінген Имрул Қайстың қарындасы әлі өмірден өтпеген-ді. Оған Құран Кәрімнен бірнеше аят оқылады. Көркем сөз бен әдеби байлықты өте жақсы білетін бұл әйел Құран аяттарын естігінде:

– Бұл, әсте адамның сөзі емес. Егер жер-жүзінде мұндай сөз болатұғын болса, бауырымның өлеңдерінің Қағбаның қабырғасында ілулі тұруға лайықсыз. Оны түсіріп орнына бұл сөзді ілу керек, деуге мәжбүр болып, бауырының қасидасын өз қолымен Қағбаның қабырғасынан түсіреді. Дәреже жағынан оның астында ілулі тұрған өзгелердің қалуы мәнсіз болғандықтан олар да біртіндеп түсіріледі.[173]

Ақыл-есі дұрыс адамның Құранды тек қана тыңдаса болды, оның Хақ сөзі екендігіне көзі әбден жетеді. Сол үшінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құран Кәрімді адамдарға естіртумен міндеттелінді.

Бұл жөнінде қасиетті аятта былай дейді:

وَ اِنْ اَحَدٌ مِنَ الْمُشْرِكِينَ اسْتَجَارَكَ فَاَجِرْهُ
حَتّٰى يَسْمَعَ كَلَامَ اللهِ ثُمَّ اَبْلِغْهُ مَاْمَنَهُ

«(Мұхаммед а.с.) **егер мүшриктердің біреуі сенен пана тілесе, Аллаһтың сөзін тыңдай алуы үшін,** (ойланып-толғанып, ақиқаттарға қанық болу үшін) **оған пана бер. Сонан соң оны сенімді орнына жеткіз...».** (Тәубә сүресі 6-аят)

173. Қараңыз, Ахмед Жәудәт Паша, I, 83.

Демек Аллаh сөзінің дыбысының естілуі, иман нұрының жүрекке орналасуына себепші болады.

Құран әуенінің рухтарды өзіне баурап алатын тәртіптілік пен музыкалық тартымдылық, ондағы дауысырғағының, яғни сөздердің, әріптердің, сукун[174] мен хәрәкәлардың, ұзынды-қысқалы сөздердің ең тамаша бір түрде орналасуының нәтижесінде іске асуда. Көбінесе бір дауыстан екінші бір дауысқа өткенде пайда болатын ерекше бір тәртіптілігімен жүректерді баурап алуда.

Мағынасын түсінбегендердің өзі егер тәртібі мен қағидаларына сай оқыса, оның дыбысынан сондай бір керемет ләззат алады.[175]

Мүшриктердің Құранға қарсы ұстанымдары

Ислам, мүшриктердің нәпсіге бой алдырған өмір сүру үрдістерін жойып, ақиқаттан, әділдіктен, қияметтен, қайта тіріліп есеп беруден, істелген жамандық пен хақсыздықтардың жазасыз қалмайтындығынан хабар берді. Кәпірлердің бұл мәселеден қатты мазалары қаша бастайды. Оның үстіне Ислам, мүшриктердің илаhтарын жоққа шығарды. Бұған қоса Аллаh Расулінің алып келген «Үлкен хабармен» Меккеде қатты шу көтеріледі. Нәбә сүресінің алғашқы аяттары бұл шулы оқиғаны былай деп баяндайды:

174. Араб әріптеріне тән домалақ белгі.
175. Сондықтан да, Құран Кәрімнің оқылуының өзі, өз алдына ғылым саласы болып шықты. Ол ғылым қырағат ілімі болып, он усулге (жол, әдіс) бөлініп, «Қирағатул Ашара» деп аталды. Әрбір қырағат усулі дәл мәзhаб имамдары секілді олар да «қырағат имамы» атымен аталып он түрлі мектептен тұрады. Біздің өлкемізде кеңінен тараған әрі халыққа жақыннан таныс мектеп ол «Асым Қырағат» мектебі.

عَمَّ يَتَسَآءَلُونَ ﴿1﴾ عَنِ النَّبَإِ الْعَظِيمِ ﴿2﴾
اَلَّذِى هُمْ فِيهِ مُخْتَلِفُونَ ﴿3﴾

«Олар бір-бірінен нені сұрасады? Олар хақында келісе алмай жатқан әлгі үлкен әрі зор уақиға жөнінде таласуда». (Нәбә сүресі 1-3 аяттар)

Адам, хаққа және ақиқатқа жақын жаратылғандықтан, жүрегімен жасырын нәрсеге разы бола алмайды. Әрқашан білініп тұрған ашық нәрсеге құмартып тұрады. Сол үшін өзі білмейтін әрі біледе алмайтын нәрселер оны тығырыққа апарып тірейді. Адамзатты әуелбастан (пайғамбарлар арқылы тура жолға жөнелтіліп келе жатса да) өлім мәселесі қатты алаңдатқан. Адамның ми қыртыстарында улы жылан сияқты жайғасып алған бұл сұрақ, әр түрлі түсініктер мен анықтамалар арқылы ойдан өшіріліп, жойылып тасталғысы келген. Бірақ әркімді шынайы өмірде жан алқымынан алған өлім уақиғасы (міндетті түрде) әрбір жұмыр бастының басына келетін ақиқаттың бірі болғандықтан, оны шынайылығымен танып-біліп, қабылдау пенденің мақсатының ең маңыздыларынан болса керек.

Пенде ойының бұны түсінуге мүмкіншілігі жетпейтін бұл келешекке байланысты мәселені тек қана уахидің құдыреті шеше алады. Бүкіл пайғамбарлардың әсіресе Расул Әкрәмнің (Әкрәм - өте қадірлі, сыйлы дегенге саяды) (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл болашаққа байланысты берген хабары үшін оған рахмет айтудың орнына (өкінішке қарай) адамдық кісілік пен құндылықтан жұрдай болған кейбір адамдар тарапынан мазаққа алынып, қарғыс жаудырылып жатты. Жаратылыстағы хикметі пен негізгі асыл мақсатының терісіне қарай өмір сүрген мүшриктер мен

қарсы келушілер, Расул Әкрәмнің (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) уахи арқылы білдірген ақыретке байланысты хабарды қайран қалып қарсы алды. Нәпсілік өмір сүру жолдарына теріс келген бұл мәңгілік құтылудың жолын көрсететін шақыруға сырт айналып бұрылып, қасарысып қабыл етпеді.

Құран Кәрім ақыреттен, «нәбил-азим: үлкен хабар» деген атпен баяндайды. Бұның себебі мен хикметі өте жақсы түсінікті. Өйткені адамдар (қандай жағдайда өмір сүрсе де) өлім дегенде барлығы да уайым-қайғыға салынып қиналысқа түседі. Бүкіл өмір бойы алдарынан шығып отыратын өлім мәселесі, әсіресе имансыз жандарды тереңнен азапқа түсіреді. Өмір сүріп жатқандар үшін өлімнен үлкен маңызды оқиға болмағаны үшін, бұған байланысты хабардың да маңыздылығының парқына бара беріңіз. Неге десеңіз бұны толық түсіне алғандар өткінші, пәни нығметтерді тәрк етіп, алдамшы болашақтан, шын, нағыз әрі мәңгілік болашаққа жөнелген-ді. Өлімнен ғибрат алып өмір сүрілмеген өмір, қараңғы бір жаманшылыққа толған әлемнен парқы жоқ. Адамға бақыт жұлдызы, әдемі сүрілген бір өмірдің соңында келген өліммен туады. Сол үшін де Ислам діні, өлімді әрқашан еске алып, оған дайын болуды үгіттейді.

Құранның, ақырет пен өлім сияқты нәпсілері мен менмендіктеріне ауыр соққан баяндауларынан мазалары қашқан кәпірлер, Пайғамбарымыздан оны өздеріне ұнайтындай етіп өзгертуін талап етеді. Аллаh Расуліне келіп:

– Бізге, ішінде Лат пен Уззаға ғибадатты тәрк етуді әмір етпейтін бір Құран алып кел. Егер Аллаh саған мұндай бір Құран келтірмесе сен осындай бір Құран шығар немесе Аллаhыңнан саған келтіргенді былайша өзгерт: азап аятының

орнына рахмет (рақымдылық) аятын қой, харамның орнына халалды, халалдың орнына харамды қой! - дейді.

Бұлар жайында мынадай аят түседі:

وَ اِذَا تُتْلٰى عَلَيْهِمْ اٰيَاتُنَا بَيِّنَاتٍ قَالَ الَّذِينَ لَا يَرْجُونَ
لِقَآءَنَا ائْتِ بِقُرْاٰنٍ غَيْرِ هٰذَآ اَوْ بَدِّلْهُ قُلْ مَا يَكُونُ لِيَ اَنْ اُبَدِّلَهُ
مِنْ تِلْقَآئِ نَفْسِيَ اِنْ اَتَّبِعُ اِلَّا مَا يُوحٰى اِلَيَّ
اِنِّيَ اَخَافُ اِنْ عَصَيْتُ رَبِّي عَذَابَ يَوْمٍ عَظِيمٍ

«Сондай-ақ оларға аяттарымыз ашықтан-ашық дәлел түрінде оқылған кезде, (өлгеннен кейін) **Бізбен кездесуді күтпегендер: «Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны ауыстыр!» - деді.** (Мұхаммед а.с.): **«Оны өз тарапымнан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында мен, Раббыма қарсы келетін болсам, ұлы күннің азабына шарпудан қорқамын» де».** (Юнус сүресі 15-аят) (Уахиди, 270 б; Алуси XI, 85)

Мүшриктер не істерін білмей далбасалап қалады. Мұсылмандарға істелген зұлымдық, жәбір, қанаушылық пен қорлықтар күннен-күнге арта бастады. Меккеде өмір сүру сын көтере алмас жағдайға келді. Сол үшін өзге мұсылмандар секілді Хазіреті Әбу Бәкір де хижрет ету үшін Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рұқсат сұрайды. Ол кісіге рұқсат берілген соң Хабашистанға қарай сапарға аттанады.

Бір екі күн жол жүрген соң «Қара» тайпасының басшысы ибн Дәғинамен кезігеді.

Ибн Дәғина:

– Әй, Әбу Бәкір! Сен секілді бір кісі елінен шықпауы керек, әрі шығарылмауы керек. Уаллаһи, сен қауымыңның

және тайпаңның көркісің! Әрдайым жақсылық жасап, туыстарыңды қорғап, қолпаштап жүресің. Жүгін көтере алмаған әлсіздердің жүгін көтерісесің. Артқа қайт, сен менің қорғауымдасың, - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір сөйтіп ибн Дағинамен бірге Меккеге кері қайтады. Меккеге кірген кездерінде, ибн Дағина оны өз қорғауына алғандығын бүкіл құрайштықтарға жариялайды.

Бұны естіген құрайштықтар, ибн Дағинаға кейбір шарттарды қояды:

– Әбу Бәкірге айт! Раббысына арнайтын ғибадатын үйінің ішінде істесін! Онда қалағанынша намазын, Құранын оқысын, бірақ үйінен тыс жерде ашықтан-ашық намаз, Құран оқып бізді мазаламасын! Өйткені біз оның, әйелдеріміз бен бала-шағамызды өзіне үйір қылып алуынан қорқамыз, дейді.

Ибн Дағина мүшриктердің бұл шарттарын Хазіреті Әбу Бәкірге айтады. Ол да келісім береді. Сөйтіп үйінің алдына бір намазхана жасап алады. Сол жерде намаз және Құран оқиды. Жүрегі жұмсақ мейірімге толған ол Құран Кәрім оқығанда, мұңға батып, көз-жасына ерік бола алмай көл болатын-ды. Ол Құран Кәрім оқығанда, мүшриктердің әйелдері мен балалары оның қасына үйіріліп, қайран қалып Құран тыңдайтын. Бұл жайт Құрайш мүшриктерін қатты қобалжытады. Сондықтан да ибн Дағинаға қолқа салып, Хазіреті Әбу Бәкірдің бұлай істеуіне кедергі болуын немесе оны қорғамауын сұранады.

Ол:

– Әй, Әбу Бәкір! Не үйіңде отырып даусыңды шығармайсың немесе менің қорғауымнан шыққаныңды жариялайсың! - дейді.

Содан Әбу Бәкір Сыддық (радиаллаһу анһу) Аллаһқа тәуекел етіп, мынадай ғибратқа толы жауап қайтарады:

– Қорғауыңды саған қайтарамын. Маған Аллаһтың қорғауы жеткілікті. (Бұхари, Мәнәкибул-Ансар 45; ибн Хишам I, 395-396)

Араб жұртшылығы әдебиетке қатты қызығатын болған соң, өте шешен әрі әдеби бай сөзден керемет әсерленіп, оған ден қоятын. Әдебиеттің дамығаны соншалықты кейде тек қана бір шумақ өлең, кейбіреулерді көкке шығарса, кейбірін жерге тығып жіберуге жеткілікті еді. Мүшриктер, кейде өзгені қойған да өздерін де баурап алатын Құранның соншалықты дәрежеде әсерлі екендігін естен шығармай кейбір сақтану шараларын қолға алады. Құранның оқылуына және тыңдалуына тыйым салған мүшриктер, кейде Құран оқыла қалғанда, адамдардың иләһи сөзді естіп одан әсерлену арқылы жүректерінің ауытқып кетуіне кедергі болу үшін шу шығаратын-ды. Аллаһ Тағала бұны қасиетті аятта былай баяндайды:

وَ قَالَ الَّذِينَ كَفَرُوا لَا تَسْمَعُوا
لِهٰذَا الْقُرْاٰنِ وَالْغَوْا فِيهِ لَعَلَّكُمْ تَغْلِبُونَ

«Қарсы келушілер: «Бұл Құранды тыңдамаңдар. Оқылғанда шу шығарыңдар. Бәлкім жеңіске жетерсіңдер» десті». (Фуссилат сүресі 26-аят)

Әлемдердің Мырзасы (аләйһиссәләту уәссәләм) қауымының оған көрсеткен әр түрлі зұлымдықтарына қарамастан оларға Исламды тәблиғ етуден әрі мәңгілік бақытқа шақырудан кері тұрмады. Мүшриктер болса қажылыққа, ұмраға немесе басқадай бір тірлікпен Меккеге келген арабтарды қала сыртында қарсы алып, Пайғамбарымызға жақындамауларын және оның сөздеріне

құлақ аспау керектігін оларға ескертіп, кейде қорқытып та алатын. Аллаһ Расуліне жынды, сиқыршы, көріпкел сияқты аттар тағатын-ды. Өздері мұның бұлай еместігін білсе де Меккеге келгендерді сендіріп, оған жақындатпауға тырысып бағатын-ды.

Туфайл бин Амр[176] Меккеге келгенінде, Құрайштың сорпа бетіне шығарларынан бірнеше кісі қасына келіп:

– Әй, Туфайл! Сен ақынсың әрі қауымыңның ішіндегі сөзі тыңдалған сыйлы адамсың. Елімізге келдің бірақ, арамыздан шыққан мына адамға абай бол! Оның жағдайы бізді қиындыққа соқтырды. Халқымызды және тірлігіміздің быт-шытын шығарды. Айтқан сөзі сиқыр сияқты әсер етіп, адамның әкесінің, бауырының және әйелінің арасын бұзып тындырды. Біздің басымызға келген бұл мәселе сенің әрі қауымыңның басына келуінен қорқамын. Онымен әсте сөйлесе көр ме, әрі ештеңке де тыңдай көр ме, деп ескертті.

Бұндай ескертуден секем алып қалған Туфайл, Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ештеңке тыңдамауға және онымен еш сөйлеспеуге қарар алды. Керек десеңіз Мәсжидул-Харамға барған кезінде де Аллаһ Расулінің айтқандарын есітпеу үшін құлақтарына мақта тығып алды. Одан кейін істеген тірлігіне ұялып:

– Құрып кетсемші! Мен ақылды әрі ақын адаммын. Сөздің жақсысын да жаманын да жақсы білемін. Олай

176. **Туфайл бин Амр әд-Дәуси** (радиаллаһу анһу) қадірлі, сыйлы, ақылды, ақын әрі қонақжай бір кісі еді. Есігі әркімге айқара ашық тұратын-ды. Аштарды тойдырып, өзінен қорған сұрағанды панасына алып, жәрдем сұрағанға көмегін аямайтын. Пайғамбарлықтың оныншы жылында мұсылман болғаннан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға хижрет еткенге дейін, Дәуіс тайпасын Исламға шақырған еді. Иемәмә соғысында керемет бір батырлық көрескеннен кейін сол жерде шейіт болады.

болса мына адамның сөзін тыңдасам қандай жаманшылық болмақ? Жақсы болса қабыл етемін, жаман болса тастармын, деген ойға келді де сол арада күтті. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбадан үйіне қайтқанында ол да арқасынан барып:

– Уа, Мұхаммед! Қауымың маған сен жайлы былай дейді. Мені соншалықты қорқытты, сөздеріңді естімейін деп құлақтарыма мақта тығып алдым. Кейін Аллаһтың жәрдемімен сөзіңді тыңдауға көштім. Сен мына айтып жүргендеріңді маған түсіндіремісің? - дейді.

Туфайл сөзін былай жалғастырды:

– Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған Исламды түсіндіріп, Құран оқыды. Уаллаһи мен еш уақыт Құраннан өткен жақсы сөз, Исламнан өткен жақсы бір дін естімедім! Дереу мұсылман болып, Аллаһтан басқа ешбір иләһтың жоқ екендігіне куәлік еттім.

Туфайл (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың қасында бірнеше күн болғаннан кейін рұқсат алып, тәблиғ ету ниетімен өз тайпасына қайтты. Адамдарға дәлел ретінде қолдана алатын бір кереметі болу үшін Расул Әкрәмнің Аллаһқа дұға етуін өтінеді. Аллаһ Расулінің дұғасының берекесімен, әуелі екі көзінің арасында шамшырақ сияқты бір нұр пайда болды. Одан кейін өзінің сұранысы бойынша бұл нұр бетінен өшіп аса-таяғының басында пайда болады. Дәл осылай қауымына қайтып, шейіттік мәртебеге жеткенінше тәблиғ және жиһадпен айналысты.[177]

Туфайлдың (радиаллаһу анһу) шақыруына алғашқы болып, ден қойған (Исламға кірген) адам, ең көп хадис риуаят еткен атақты сахаба Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) еді.[178]

177. Ибн Хишам I, 407-408; ибн Саад IV, 237-238.
178. Ибн Хажар, әл-Исабә II, 226.

Құран Кәрімге деген осыншалықты карсы әрекет жасағандарымен мүшриктер ішкі жан-дүниесімен жалғыз қалғандарында ақиқатты мойындап, Құран Кәрімді жасырын тыңдаудан өздерін тыя алмайтын-ды. Бұл жолы да басқа бір сылтауды алға тартып:

وَ قَالُوا لَوْلَا نُزِّلَ هٰذَا الْقُرْاٰنُ عَلٰى رَجُلٍ مِنَ الْقَرْيَتَيْنِ عَظِيمٍ

«Олар: «Бұл Құран (Мекке, Тайыф) **екі қаладан үлкен бір адамға түсірілсе болмас па еді» деді».** (Зухруф сүресі 31-аят)

Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хақ пайғамбар деп әрі Құран Кәрімді де хақ кітап ретінде ішкі әлемдерімен қабыл ете тұрып, нәпсілері оны құптауға кедергі болды. Құранның Аллаһтың кітабы екендігін қабыл етіп, бірақ Құранның қалауына және өлшемдеріне жаңсақ пікір қосты. Олардың нәпсіге бой алдырған әрі ақиқаттан мақұрым қалған ойларынша, Құран, әл-ауқаты жоқ жетім әрі тексіз біреуге емес, не Меккенің байларынан Уәлид бин Муғираға немесе Тайыфтың байларынан Амр бин Умайрға түсірілу керек еді.

Өйткені Уәлид бин Муғира былай деген-ді:

«Құрайштың үлкені әрі мырзасы мен, яки Сақифтың ұлығы Амр бин Умайр тұрғанда, Құран Мұхаммедке түсірілу керек пе?!» (Ибн Хишам I, 385)

Негізінде құлдардың Хақ Тағала алдындағы мәртебесі, байлықта да емес, тектілікте де емес, тек тақуалықта ғана. Ал Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тектілік жағынан олардың ішіндегі ең үстемі еді.

Расулұллаһқа және Құранға жабылған жалалар

Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарсы не істесе де шарасыз қалған мүшриктер, бұл жолы оның үмми (ақылды, бірақ оқу-жазу білмейді) екендігін біле-тұра, Құранды христиан құлдан үйренгенін алға тартатындай дәрежеде ақымақтыққа барды. Бұндай ұлы бір діннің негізін қалаған құл, бұл мәртебені басқа біреуге жайдан-жай бере салмайтынын олар еш ойланбай ма? Әрі ол құл өзі христиан болып қала мекен?

Бұл орынсыз жаланың жауабын Құран Кәрім былай береді:

وَ لَقَدْ نَعْلَمُ اَنَّهُمْ يَقُولُونَ اِنَّمَا يُعَلِّمُهُ بَشَرٌ لِسَانُ الَّذِى يُلْحِدُونَ اِلَيْهِ
اَعْجَمِيٌّ وَ هٰذَا لِسَانٌ عَرَبِيٌّ مُبِينٌ

«Шүбәсіз Біз олардың: «Құранды Мұхаммедке бір адам үйретеді» дегендерін білеміз. (Олар еш ойланбай ма?) **олардың үйгарған адамының тілі бөгде. Ал Құран ашық араб тілінде».** (Нахыл сүресі 103-аят)

وَ مَا كُنْتَ تَتْلُوا مِنْ قَبْلِهِ مِنْ كِتَابٍ وَ لَا تَخُطُّهُ
بِيَمِينِكَ اِذًا لَارْتَابَ الْمُبْطِلُونَ

«(Әй, Расулім! Олар да негізінде біледі) **Сен бұл Құран келмей тұрып бір кітап оқымағансың; жазу да жазбағансың. Егер оқып-жазуды білетін болғаныңда,** (ол кезде) **әрине батылға** (бұзықтар, кәпірлер) **ергендер күдіктенер еді** (басқалардан үйрендің дер еді)». (Ғанкәбут сүресі 48-аят)

Осымен қоса Аллаһ Тағала, мүшриктердің жалаларынан әсерленбеуі үшін Расуліне былай деді:

فَذَكِّرْ فَمَآ اَنْتَ بِنِعْمَةِ رَبِّكَ بِكَاهِنٍ وَ لَا مَجْنُونٍ ﴿29﴾
اَمْ يَقُولُونَ شَاعِرٌ نَتَرَبَّصُ بِهٖ رَيْبَ الْمَنُونِ ﴿30﴾
قُلْ تَرَبَّصُوا فَاِنِّى مَعَكُمْ مِنَ الْمُتَرَبِّصِينَ ﴿31﴾

«(Мұхаммед а.с.) **Сен үгіттей бер. Өйткені сен Раббының нығметі арқасында бақсы да жынды да емессің. Немесе олар сені: «Ол бір ақын. Сондықтан оның заманның пәлекеттеріне шарпылуын күтеміз бе?» дейді. Оларға айт: «Күтіңдер. Мен де сендермен бірге күтушілерденмін».** (Тур сүресі 29-31-аяттар)

قَالَ الَّذِينَ كَفَرُوا لِلْحَقِّ لَمَّا جَآءَهُمْ هٰذَا سِحْرٌ مُبِينٌ ﴿7﴾ اَمْ يَقُولُونَ
افْتَرٰيهُ قُلْ اِنِ افْتَرَيْتُهُ فَلَا تَمْلِكُونَ لِى مِنَ اللهِ شَيْئًا هُوَ اَعْلَمُ بِمَا
تُفِيضُونَ فِيهِ كَفٰى بِهٖ شَهِيدًا بَيْنِى وَبَيْنَكُمْ وَهُوَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ ﴿8﴾

«...Қарсы келушілер, өздеріне келген ақиқат үшін: «Мынау ап-ашық бір сиқыр» дейді. Немесе олар: «Оны өзі ойлап тапты дей ме? (Мұхаммед а.с.): **«Егер мен оны өзім ойлап тапқан болсам, сонда мені сендер Аллаһтан еш қорғай алмайсыңдар. Аллаһ, сендердің Құран хақында жасаған тасқындықтарыңды өте жақсы біледі. Сондай-ақ ол, мені мен сендердің арамызда куәлік етуге жеткілікті. Ол, аса жарылқаушы, ерекше мейірімді».** (Ахқаф сүресі 7-8 аяттар)

Мүшриктер тура жолға келуге ынталары болмағаны үшін, Аллаһ Расуліне және Құранға әр түрлі жалаларды жапсыра берді. Бірақ аиқатты да білуші еді. Өйткені Құрайштың сорпа бетіне шығарлары, мұсылмандықтың Мекке тысына жайылуынан қорқып Уәлид бин Муғираға барып бір-біріне былай десті:

– Меккеге келген тайпаларға Мұхаммед хақында не дейік? - дейді.

Уәлид, Хазіреті Пайғамбармен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сөйлесіп, нақ өзінен Құран Кәрім тыңдаған-ды. Былай дейді:

– Мен өлеңнің түр-түрін білемін. Менің одан тыңдағаным өлең емес. Өлеңнен де үстем бір сөз-ді. Ол сөздер, қара сөз де емес-ті. Өйткені сондай мінсіз әрі шексіз көркемдікке әрі әдеби байлыққа толы нәзік бір әуені бар еді. Мен бұрын-соңды ондай ешбір сөз естіген емес-тім. Бақсының сөзіне де еш ұқсамайды. Мен одан жындылықтың бірде-бір белгісін қарай алмадым. Біз оған сиқыршы да дей алмаймыз. Өйткені оқып, дем салмайды. Дуа жасамайды. Сондықтан да сиқыршыларға ұқсас жөні жоқ!

Бұл сөзден кейін Уәлид, мүшриктердің арам пиғылдарына лайықты бір нәрсе айту үшін өз-өзін қинап болса да былай дейді:

– Бірақ ол, бауырды, бауырдан бөлді. Туысқандар арасына бөлінушіліктің дәнін септі. Сол себептен сөздері де сиқыр мен дуадан басқа нәрсе емес! (Ибн Жәузи VIII, 403-404; Хаким II, 550; Уахиди 468 б.)

Құран Кәрім жайындағы жалалардан бір нәтиже шықпаған соң мүшриктер, бұдан кейін Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак тұлғалығына шабуылға көшеді.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұлы Қасымның екі жасына толғанда шетінеп кеткенін мұрсат біліп, Ас бин Уайлдің аузымен оған «әбтәрсің» дейді. Яғни ұрпағы үзілген, нәсілі түгелген, артында тігерге тұяғы жоқ деп мазақ етті. Осылайша Аллаһ Расулінің адамдардың

арасындағы беделін түсіріп, оның жүректердегі әсеріне селкеу түсіргілері келеді.

اِنَّآ اَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ ﴿1﴾ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَانْحَرْ ﴿2﴾
اِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْاَبْتَرُ ﴿3﴾

«(Мұхаммед а.с.) **Шүбәсіз Біз саған Кәусәрді бердік. Сондықтан Раббың үшін намаз** (айт намазы) **оқып, құрбан шал.** (Қайғырма! Біліп қой) **нағыз әбтәр, ұрпағы жоқ саған өшпенділік ұстап, жаман сөз айтқанның өзі».** (Кәусәр сүресі 1-3 аяттар)

Бұл сүреден ұққанымыз, қай заман да және қай жерде болмасын, Аллаh Расуліне (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) жаман сөз айтып, өшпенділік ұстағандардың ортақ аты «әбтәрлік» болады. Әлемдердің Мырзасына бәдәуи (ауылда, шөлде қоныс тепкен мәдениетсіз арабтар) деуге ауызы барған көргенсіздер, Әлемнің Мақтанышына өздерінің кемшіліктерін жапсыруға батылы барған ақымақтар, оның алып келген хақ дініне (Аллаh сақтасын) шөл заңы деген бейшаралар, материалды әрі рухани нәсібі жоқ, ұрпақсыз, әбтәр біреулер еді.

Ақын қандай тамаша жырлаған, қараңызшы:

.....

Жүзіңнің нұрынан екі әлем нұрланды,

.....

Балаңа сенің, жаны сүймейді мұндағының кейбірі,
Ол малғұндар қияметте шайтаннан өткен әбтәр-ді!..

Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жек көргендер, дәл алдыңғы пайғамбарларды қабылдамағандар сияқты, көбінесе тәкәппар басшылар мен кісімсіген, көкірегіне нан піскен бай-бақуаттылар еді.

Аллаһ Тағала бұл жөнінде былай дейді:

وَ مَآ اَرْسَلْنَا فِى قَرْيَةٍ مِنْ نَذِيرٍ اِلَّا قَالَ مُتْرَفُوهَآ اِنَّا بِمَآ اُرْسِلْتُمْ بِهِ كَافِرُونَ ﴿34﴾
وَ قَالُوا نَحْنُ اَكْثَرُ اَمْوَالًا وَ اَوْلَادًا وَمَا نَحْنُ بِمُعَذَّبِينَ ﴿35﴾

«Біз қайсі бір өлкеге ескертуші жіберсек, сөзсіз ол жердің бақуатты әріқұтырғандары: «Біз, сендердің ұсынған нәрселеріңді қабылдамаймыз, қарсымыз» деді. Сондай-ақ олар: «Біз, мал-мүлік жағынан да, ұрпақ жағынан да баймыз. Сондықтан да азапқа душар болмаймыз» деді». (Сәбә сүресі 34-35 аяттар)

وَ لَا تُطِعْ كُلَّ حَلَّافٍ مَهِينٍ ﴿10﴾ هَمَّازٍ مَشَّآءٍ بِنَمِيمٍ ﴿11﴾ مَنَّاعٍ
لِلْخَيْرِ مُعْتَدٍ اَثِيمٍ ﴿12﴾ عُتُلٍّ بَعْدَ ذٰلِكَ زَنِيمٍ ﴿13﴾ اَنْ كَانَ ذَا مَالٍ
وَ بَنِينَ ﴿14﴾ اِذَا تُتْلٰى عَلَيْهِ اٰيَاتُنَا قَالَ اَسَاطِيرُ الْاَوَّلِينَ ﴿15﴾

«(Мұхаммед а.с.) **көп ант ішкен ынжықтарға, әрқашан кемшілік іздеп айыптап, текке түрмай өсек тасығанға, әрдайым жақсылыққа тыйым салғанға, шектен шыққан күнәхарға, сотқар әрі тексіздердің ешбіріне, мал-мүлкі және балалары бар деп мойын ұсынба.** (Олардың әрбіріне) **аяттарымыз оқылған сәтте: «Бұрынғылардың ертегісі» деді».** (Қалам сүресі 10-15 аяттар)

Сондай-ақ хақында «Тәббәт сүресі» түскен Әбу Ләһәб:

«Мені, өзгелермен тең тұтқан дін, құрып кетсін!..» - деген-ді.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және Ислам дінінің ең азғын дұшпандарының басшысы Әбу Жәһил былай дейді:

«Мұхаммедтің айтып жүгендерінің дұрыс екендігін білеміз! Бірақ осы кезге дейін оның тайпасы не істесе, біз де істедік; олардан кем түспедік. Ал қазір олар: «Арамыздан бір пайғамбар шықты!» деп мақтанады. Ал біз арамыздан қайтіп ол сияқты бір пайғамбар шығара аламыз? Бұл мүмкін емес! Сол үшін мен, Мұхаммедтің пайғамбарлығын ешқашан қабыл ете алмаймын!.. (Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 113)

Осымен қоса Әбу Жәһил, өшпенділік пен қызғаныштың әрі дұшпандықтың буымен бір сөзінде былай деген:

«Егер оның намаз оқып жатқанын көрсем, басын аяғыммен таптаймын!»

Кейінірек Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Харамуш-Шәрифте (Қағба) намаз оқып жатқанда оны көріп қалып, айтқан сөзін орындағысы келіп, дереу әрекетке көшеді. Бірақ сол сәтте бет-әлпеті сап-сары болып кетеді. Қатты қорыққаны соншалықты қолындағы тасты уысында ұстап тұра алмайды. Айналасындағылар түк түсінбей қайран қалып, Әбу Жәһилден не болғанын сұрайды. Әбу Жәһил жүрексініп әрі қорқып:

– Оған жақындағанымда алдымнан сол сәтте бір құтырған түйе шыға келді. Жоқ! Уаллаһи ол сияқты қорқынышты бір түйені осы уақытқа дейін көрген емеспін! Ол мені сәл болмағанда жұтып жіберер еді! - дейді. (Ибн Хишам I, 318; Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 92-93)

Өйткені Аллаһ Тағала, құлы әрі Елшісі Хазіреті Мұхаммед Мұстафаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және де онымен жіберген дінін қорғап, әрқашан үстем қылады.

Сондықтан да мүшриктер, әлі-күнге дейін Аллаһтың Расулін қабылдай алмады. Қасарысып Құранның алып келген ақиқатына жақындамады. Қашан да иләһи шындықтардан қашумен болды:

Аллаһ Тағала бұл жөнінде былай дейді:

فَمَا لَهُمْ عَنِ التَّذْكِرَةِ مُعْرِضِينَ ﴿49﴾ كَأَنَّهُمْ حُمُرٌ مُسْتَنْفِرَةٌ ﴿50﴾
فَرَّتْ مِنْ قَسْوَرَةٍ ﴿51﴾

«Оларға не болды? Олар дәл арыстаннан үркіп қашқан құлан сияқты (әлікүнге дейін) **насихаттан қашқақтайды?!»** (Муддәссир сүресі 49-51 аяттар)

Ақын, кәпірлердің ақиқатты қарай-тұра иманға келмеуінің және һидаяттың нәсіп мәселесі екендігін қандай тамаша жырлайды:

Һидаят болмаса егер Сенен, қабілеттілік неге жарар Уа, Рабб!
Арабша білседағы бұл Жәһил, аят неге жарар Уа, Рабб!

Тек кәпірлердің бұлай Исламға ыңғай танытпаулары және қасарысулары, кейінірек иләһи емтиханның қажеттілігі болса керек, Аллаһ Расулі мен мүминдерге қарсы небір зұлымдық пен жәбір көрсетушілікке айналады.

Жәбір көрсету кезеңі

Әбу Тәлібке жасаған ұсыныстарынан түк шықпаған соң әрі Аллаһ Расулі де (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) титтей де кері тұрмаған соң мүшриктер, айлалы әрекетке көшеді. Алғашқыда тайпасы мен әулеті көптерге тиісе алмайды. Өйткені мұсылмандарға жасалып жатқан бұл зұлымдықтар, әзірше жалпылама сипатқа көшпеген-ді.

Бұл кезеңде мүшриктердің жәбір-зомбылығын көбінесе ешкімі жоқтар, құлдар мен күңдер көрді. Сірә оларға көрсетілмеген жәбір-зомбылық қалмаған-ды.

Хазіреті Хаббаб (радиаллаһу анһу),[179] қызып тұрған оттың үстіне жатқызылып, от денесінен еріп аққан майлармен сөнгенге дейін көкірегіне басылатын еді.

Хаббаб (радиаллаһу анһу), темір ұстасы еді; кейбір мүшриктер оған қарыз-ды. Қарызын сұрағанында оған:

– Әуелі Мұхаммедті тәрк ет, кейін қарызымызды береміз! - дейді.

Ол, жалған дүниенің пайдасын бір жаққа ысырып қойып:

– Мен оны әсте тәрк етпеймін! Мен онымен біргемін! - деп, мәңгілік бақытты таңдайды.

Тартқан азаптарының бірін өзі былай деп баяндайды:

«Бір күні берген қарызымды сұрап Ас бин Уайлге барғанымда:

– Мұхаммедті тәрк етпегеніңше ақшаңды бермеймін, - дейді.

Мен:

– Сен өлгенше, әрі де қайтадан тірілгеніңше Мұхаммедті ешқашан тәрк етпеймін, - дедім.

179. **Хаббаб бин Әрәт** (радиаллаһу анһу), алғашқы мұсылман болғандардың алтыншысы. Мүшіріктер тарапынан ауыр жәбір көрсетушілікке тап болған ықыласты мұсылман-ды. Көрген зорлық-зомбылықтың іздері көз жұмғанша арқасынан өшпеді. Мәдинаға хижрет еткеннен кейін Бәдірден бастап бүкіл соғыстарға қатысты. Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) 32 хадис-шәриф риуаят етті. Жетпіске таяған шағында хижри 37 милади 657 жылында Куфада дүниеден өтті.

– Яғни мен қазір өлемін, кейін қайта тірілемін солай ма? - деді.

Мен:

– Иә, - деп жауап бердім.

Ас бин Уайл:

– Олай болса жаңадан тірілгенімде дүние-мүлкім болады, сол кезде мен де саған қарызымды өтермін, - деді.

Бұған байланысты мына аят түсті:

اَفَرَاَيْتَ الَّذِى كَفَرَ بِاٰيَاتِنَا وَقَالَ لَاُوْتَيَنَّ مَالًا وَ وَلَدًا ﴿77﴾ اَطَّلَعَ
الْغَيْبَ اَمِ اتَّخَذَ عِنْدَ الرَّحْمٰنِ عَهْدًا ﴿78﴾ كَلَّا سَنَكْتُبُ مَا يَقُولُ
وَنَمُدُّ لَهُ مِنَ الْعَذَابِ مَدًّا ﴿79﴾ وَنَرِثُهُ مَا يَقُولُ وَيَاْتِينَا فَرْدًا ﴿80﴾

«(Мұхаммед а.с.) **аяттарымызға қарсы келіп: «Әлбетте маған дүние-мүлік, бала беріледі» дегенді көрдің бе? Ол** (кәпір), **ғайыпты білді ме? Немесе Рахман** (болған Аллаh) **тарапынан уәде алды ма? Жоқ, әсте олай емес! Біз оның айтқандарын жазамыз әрі оған азапты арттырған сайын арттырамыз. Сондай-ақ айтқандарын** (дүние-мүлік пен баласын) **аламыз да, ол Бізге жалғыз өзі келеді»**. (Мәриям сүресі 77-80 аяттар) (Бұхари, Тәфсир 19/3; Мүслим, Мунафиқин 35-36; Тирмизи, Тәфсир 19/3162)

Хаббабтың (радиаллаhу анhу) әйелі Үммү Әнмәр да оған жәбір көрсетуде өзгелерден кейін қалмады. Отта қыздырылған темірмен Хазіреті Хаббабтың басын ұйытатын-ды. Хаббаб (радиаллаhу анhу) Пайғамбарымызға барып Үммү Әнмәр жайында арыз айтады. Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм):

«Аллаһым! Хаббабқа жәрдем ет!» деп дұға еткеннен кейін Әнмәрдың басы ауырып, иттер сияқты ұли бастайды. Оған басын ұйыту керектігін айтылады. Сол үшін Хаббаб (радиаллаһу анһу) темірді отта қыздырып алып, онымен Үммү Әнмәрдың басын ұйытады.[180]

Хазіреті Біләл (радиаллаһу анһу)[181] де ең ауыр жәбір көргендердің бірі еді. Қожайыны Умаийа бин Халаф, Біләлге ойда жоқ небір жәбірлерді шектіретін-ді. Оны қызып тұрған құмға жатқызып, үстіне тас қоятын еді. Кейде Мекке көшелерінде сүйрейтін-ді. Біләл Хабашиді (радиаллаһу анһу) бір күн және бір түн сусыз қалдырғаннан кейін,

180. Қараңыз, Ибн Әсир, Усдул-Ғабә, II, 115.

181. **Біләл бин Рәбах** (радиаллаһу анһу), Хабашистандық болғаны үшін Біләл Хабаши деген атпен танымал болған. Меккеде мұсылман болғанын ашықтан-ашық жария еткен жеті сахабаның бірі еді. Анасы Хамамә да мұсылман-ды. Сол үшін де екеуі де Исламның алғашқы жылдаырнда көпірлерден көп жәбір көреді. Хижреттің бірінші жылы ең алғашқы болып азан оқумен танымал болған Біләл Хабаши (радиаллаһу анһу) тыста және сапарда әрқашан Пайғамбарымыздың азаншысы болды. Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге бүкіл ғазауаттарға қатысты. Меккенің азат етілген күні, Қағбаның шатырына шығып, азат (фатх) азанын оқиды. Аллаһ Расулінің дәрет суын дайындап, әр түрлі істерде оған қызмет ететін. Соғыстарда түнде оны қорғап, өзге де мемлекеттік жұмыстарында да оған көмек көрсететін-ді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден қайтқан соң мүлде азан оқи алмайды. Хазіреті Омардың халифалығының кезінде Мәдинадан кетіп, Сирияда кейбір соғыстарға қатысады. Сол жердегі мұсылмандар халифаны ортаға салып, Біләлға (радиаллаһу анһу) азан оқып беруін өтінеді. Хазіреті Омардың өтінішімен Біләл бір рет азан оқиды. (Зәһәби, Сийәр, I, 357) Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алтын шағын еске түсірген мұсылмандардың көз-жастары көл болады. Біләл Хабаши (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздан қырық төрт хадис-шәриф риуаят еткен. Аллаһ Елшісіне ғашық болған бұл сахаба, шамамен алпыс жасында Димашқ қаласында көз жұмады. Қайтыс боларында:
- Ертең иншаллаһ сүйікті достарыма; Хазіреті Мұхаммедке (аләйһиссалату уәссәләм) және жолдастарына қауышамын, дейді. Мұны естіген әйелі:
- Әттеген-ай, көрген күнімді-ай! деп жылап жібереді. Жүрегі сағынышқа толы Пайғамбарға ғашық Біләл (радиаллаһу анһу) болса:
- Ай, қандай тамаша, қандай керемет! дейді. (Зәһәби, Сийәр, I, 359).

темірден жасалған бір көйлек кигізіп, мидай шыжыған күннің астында, қызған құмның үстінде ұстап, денесінің майы ерігенге дейін күткізеді.

Мүшриктер Біләлға (радиаллаһу анһу) әр түрлі зорлықты көрсеткендерімен қалаған нәрселерін айтқыза алмайды ол тоқтамастан:

– Ахад, Ахад, Ахад (Аллаһ біреу, Аллаһ біреу)! - деумен болды.[182]

Мұсылмандар тек жәбір көріп қана қоймай, осымен қатар өлтірілді де. Аммардың (радиаллаһу анһу) әкесі Хазіреті Ясир,[183] мүшриктердің айтқызғысы келген нәрсені айтпаған соң, олардың таттырған ауыр азаптарынан шейіт болады.

Анасы Хазіреті Сумая (радиаллаһу анһа) да, ауыр азаптардан кейін бір аяғы бір түйеге, екінші аяғы да басқа бір түйеге байланып, айуанша бөлшектеліп, аянышты жағайда шейіт етіледі.

Осылайша Ясир жанұясы (радиаллаһу анһум) Исламның ең алғашқы шейіттері болады.[184]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні бұл жанұяға дәл зорлық-зомбылық көріп жатқан кездерінде жолығып:

– Сабыр етіңдер әй, Ясир жанұясы! Қуаныңдар әй, Ясир жанұясы! Еш күдіксіз сендердің сыйлықтарың жәннат болмақ! - дейді. (Хаким III, 432, 438)

---

182. Қараңыз, Ахмед бин Ханбәл I, 404; Ибн Саад III, 233; Бәләзури I, 186.
183. **Ясир бин Амр** (радиаллаһу анһу), Йеменнен келіп Меккеде қоныстанады. Әбу Хузайфаның күңі Сумаямен үйленіп, одан Аммар және Абдуллаһ есімді екі ұлы дүниеге келеді. (Ибн Саад IV, 136, VIII, 264) Ясир отбасы мүшелерінің бәрі дерлік мұсылман болады. Діндерінен қайтулары үшін ауыр азап көреді.
184. Қараңыз, ибн Хажар, әл-Исаба III, 648; Зәмахшари, III, 164.

Хазіреті Аммар (радиаллаһу анһу)[185] да небір зорлық-зомбылыққа душар болады.

Құрайш мүшриктері, бір күні Хазіреті Аммарды ұстап алады да, басын құдықтың ішіне тығып:

– Мұхаммедке қарғыс айтып, Лат пен Уззаны мадақтағаныңша сені босатпаймыз, деп қинап отырып ақыры айтқызады.

Аллаһ Елшісіне:

– Уа, Расулұллаһ! Аммар кәпір болыпты! - деп хабар тарқайды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жоқ! Аммар басынан тырнағының ұшына дейін иманмен толған. Иман оның еті мен қанына дейін сіңіп кеткен, - дейді.

Сол уақытта Аммар (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың қасына келеді. Мүбәрак сахаба жылап тұрады...

Әлемдердің Мырзасы оның аққан көз-жасын қолымен сүртіп жатып:

– Саған не болды? - деп сұрайды.

Аммар (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Саған қарғыс айтпағанымша пұттардың да сенің діниінен жақсы екендігін айтпағынымша жібермеді! - дейді.

185. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Жәннат үш кісімен; Али, Аммар және Сәлманмен қауышуды қалайды». «Аммар, әрқашан оған ұсынылған нәрсенің ең турасын таңдайды», - деп бұл ардақты сахабаның мәртебесін баяндаған. (Тирмизи, Мәнакиб 32, 34; Ибн Мәжә, Мұқаддима 11).

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сен бұларды айтқанда жүрегің қалай еді? - деп сұрады.

Аммар:

– Жүрегім Аллаһқа және Расуліне деген иманнан рахаттанып тұрды. Діниме берілгендігім соншалықты, темірден де мықты еді, - дейді.

Бұны естіген Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір жағынан оның көз-жасын сүртіп тұрып, бір жағынан:

– Әй, Аммар! Егер олар осы айтқандарыңды тағы да айтқызу үшін сені қинайтын болса, тағы да айта сал! - дейді.

Бұл оқиғаға байланысты мына қасиетті аят түседі:

مَنْ كَفَرَ بِاللهِ مِنْ بَعْدِ اِيمَانِهٖٓ اِلَّا مَنْ اُكْرِهَ وَقَلْبُهُ مُطْمَئِنٌّ بِالْاِيمَانِ
وَ لٰكِنْ مَنْ شَرَحَ بِالْكُفْرِ صَدْرًا فَعَلَيْهِمْ غَضَبٌ مِنَ اللهِ
وَلَهُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Жүрегі иманмен орныққаннан кейін (дінінен қайтуға) зорлық көргендерден басқалар, әлдекім иман келтіргеннен соң Аллаһқа қарсы келіп, жүрегін имансыздыққа бой алдырса, оларға Аллаһтың ашуы және зор азап бар». (Нахыл сүресі 106-аят) (Бин Саад III, 249; Бин Әсир, әл-Кәмил II, 67; Хәйсами, IX, 295; Уахиди 288-289)

Бұл оқиға, иманға қарсы бір сөздің, тек қана өлім аузында тұрғанда ғана айтыла алатынына, бұдан басқа жағдайларда айтылуға рұқсат жоқтығына шариғат бойынша дәлел болады.

Исламның дүшпаны мүшриктер, Хазіреті Сухәйбті[186] (радиаллаһу анһу) де талып қалғынынша ұратын еді.

Зиннирә Ханым болса мүшриктер тарапынан мың бір түрлі жәбір көретін күң еді. Әбу Жәһилдің көрсеткен зорлық-зомбылықтарының нәтижесінен көзі көрмей көр болып қалған-ды.

Әбу Жәһил:

– Көрдің бе? Лат пен Узза сенің көзіңді көр етті, - дейді.

Зиннирә Ханым:

– Жоқ! Уаллаһи, менің көзімді көр еткен олар емес. Лат пен Узза пайда да бере алмайды, зиян да бере алмайды. Менің Раббым, көзімді кері беруге құдыреті жетеді, - дейді.

Таң атқан соң Аллаһ Тағаланың Зиннирә Ханымның көздерін кері бергеніне куә болады. (Ибн Хишам I, 340-341; ибн Әсир, әл-Кәми II, 69; Усдул Ғабә VII, 123)

---

186. **Сухәйб бин Синан** (радиаллаһу анһу), Сухәйби Руми деген атпен танымал болған. Балалық шағында, әуелі римдіктерде кейін арабтарда тұтқында болады. Меккеде ибн Жәдғанның сыбайласы болып тұрғанда Аммар бин Ясирден (радиаллаһу анһу) Исламды үйреніп, тез арада мұсылман болды. Бүкіл мал-мүлкін мүшіріктерге беріп, небір машақаттарға тап болып Мәдинаға хижрет етті. Ол жайында:

وَ مِنَ النَّاسِ مَنْ يَشْرِى نَفْسَهُ ابْتِغَآءَ مَرْضَاتِ اللهِ وَ اللهُ رَؤُفٌ بِالْعِبَادِ

«Адамдардың арасында сондай кісілер бар, олар Аллаһтың ризалығы жолында өздерін сатады. Аллаһ құлдарына тым жұмсақ», (Бақара сүресі 207-аят) деген аят түсті. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны көріп: *«Әбу Яхия! Өте табысты әрі берекелі бір сауда-саттық істедің!»* дейді. (Хаким, III, 450-452) Садақ атудың үлкен шебері болған Сухәйб (радиаллаһу анһу), Хазіреті Пайғамбармен бірге бүкіл соғыстарға қатысты. Орта бойлы, бидай реңді, өте жомарт кісі еді. Бүкіл өмірін Ислам жолына арнап, тыным таппай өткізген Сухәйби Руми (радиаллаһу анһу) хижреттің 38 жылы 73 жасында бақилық болып, Мәдинадағы Бақи Қабірстанына қойылды.

Осы кісілермен қоса, басқа да көптеген мұсылмандар, осындай қиыншылықтар мен азаптарды бастан өткізді. Амир бин Фухәйрә, Әбу Фухәйрә, Миқдад бин Амр, Умму Убәйс, Лубәйнә Ханым, Нәхдия Ханым және қызы сияқты Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) таңдаулы, саңлақ сахабалары, ақылға симайтын, адам сенгісіз азаптарға душар болды. Мүшриктер оларды киімсіз әрі аяқтарынан шынжырмен байлап, сүйреп апарып, күннің ең қатты ысыған уағында сағаттар бойы шөлге тастап, үстеріне үлкен жартас сынықтарын қойып, естерінен танып, сандырақтағандарынша зорлықтың небір түрін көрсетін-ді. Кеңірдектерін қысып, өліп қалдау дегенше босатпайтын-ды.[187]

Бұл жағдайға әуелі Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және бүкіл мүминдер қынжылып жүрді. Өйткені сол уақытта ештеңке де істеуге мүмкіншіліктері болмады.[188] Бірақ иманы кәміл Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) оның ішінде Хазіреті Біләл де бар жеті мұсылман құлдарды қожайындарынан сатып алып азат етіп, осылайша оларды соңы жоқ зорлық-зомбылықтардан құтқарып алды.

Дейтұрғанмен мүшриктердің жәбірі барған сайын күшейіп, әлсіз әрі ешкімі жоқ мүминдерден кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және қасындағы Хазіреті Әбу Бәкір, Хазіреті Осман, Зубәйр бин Аууам, Мусғаб бин Умайр сияқты бай-бақуатты адамдардың өзі зорлық-зомбылықтан құр алақан емес-ті.

---

187. Қараңыз, ибн Мәжә, Муқаддима 11; Ахмед бин Ханбәл I, 404.
188. Мехмет Акиф, Пайғамбарымыздың мұсылмандың зорлық-зомбылық көруінен тартқан қайғысын былайша баяндайды:
Еш ойламайсыңдар ма Хазіреті Пайғамбарды
Қашан әлдебір мүминнің аяғына батса тікен,
Пәк жүрегін басады оның қайғы
Сендерден әлбетте Нәбиді қорғаушы жандар шығады...

Мүшриктер Меккенің төменгі таптарынан болған бейшара байғұс адамдарды Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айдап салып, оған ақын, сиқыршы, көріпкел-бақсы және жынды сияқты өздері де сенбейтін өтірік-өсекпен жала жауып жәбір көрсететінді.[189]

Абдуллаһ бин Амрдің (радиаллаһу анһу) өз көзімен куә болған бір оқиғаға қарағанда, бір күні Ардақты Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбаның Хижр жағында намаз оқып тұрғанда Уқба бин Әби Муғайт келеді де Әлемдердің Нұры Пайғамбарымызды буындыру үшін жамылғышын мойнына орап қатты қыса бастайды. Хазіреті Әбу Бәкір сол арада жетіп келіп иығынан ұстап оны ажыратып алады сөйтіп:

– Раббымыздың ап-анық дәлелдерімен келген адамды «Раббым Аллаһ!» дегені үшін өлтіресіңдер ме? - дейді. (Бұхари, Тәфсир, 40)

Тағы да осыған ұқсас бір оқиғаны ибн Мәсғуд (радиаллаһу анһу) былайша өрбітеді:

«Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбаның қасында намаз оқып жатыр еді. Әбу Жәһил де жолдастарымен сол жерде еді. Бір күн бұрын бір түйе сойылған тұғын. Әбу Жәһил жолдастарына:

– Пәленше деген әулеттің сойған түйесінің ішек-қарнын кім алып келіп, сәждеге бас қойғанында Мұхаммедтің иықтарына тастайды? - дейді.

Сол жерде отырғандардың ең оңбағаны орнынан атып тұрып, ішек-қарынды ұстаған күйі Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сәждеге барғанында оның

189. Қараңыз, Ибн Хишам, I, 309-310.

мүбәрак иықтарына лақтырады. Бұған бәрі бірдей бақырып күледі. Рахаттанғандары соншалық, бір-бірінің үстіне құлай жөнеледі. Мен (біраз ұзақта) тіке тұрып оларға қарап тұр едім. Егер мені қорғайтын біреуім болғанда, оны дереу үстінен алып тастар едім. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сәждеде еді, басын көтере алмай жатты. Сол сәтте Хазіреті Фатимаға хабар барды. Ол кезде ол әлі тым жас болатын. Келді де ішек-шабақты ардақты әкесінің үстінен алып тастады. Сөйтті де әлгілерге қарап ауыр-ауыр сөздер сарп етті. Мүшриктер Фатимаға (радиаллаһу анһа) ештеңе дей алмады. Әлемдердің Сүйіктісі намазын оқып бітірер кезінде дауысын жоғарылатып:

– Аллаһым! Құрайшты Саған тапсырдым! - деп бұл сөзді үш рет қайталады.

Мүшриктер Расул Әкрам Мырзамыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл дұғасын естігенде күлуге шамалары келмей қалды. Оның дұғасының себебінен бойларын қорқыныш сезімі билей жөнеледі. (Өйткені олар, Аллаһ Расулінің дұғаларының айна-қатесіз орындалғанын бұрындары да көрген-ді.) Кейінірек Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Аллаһым! Әбу Жәһилді, Утбаны, Шибаны, Уәлидті, Умайя бин Халафті, Уқба бин Әби Муайтты Саған тапсырдым, - деп Ислам жауларының есімдерін бір-бірлеп айтып шықты.

Мұхаммедті хақ жолмен жіберген Аллаһ Тағалаға ант етейін, Расулұллаһ аттарын атап тұрып айтқан бұл адамдардың бәрі де Бәдір күні жерде серейіп-серейіп жатқандарына куә болдым. Кейінірек оның бәрін сүйреп апарып Бәдір құдығына лақтырды». (Бұхари, Салат 109, Жихад 98, Жизия 21; Мүслим, Жиһад 107)

Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) басынан өткізген бүкіл зұлымдықтарға қарамастан, таухидке шақыру міндетінде мүшриктермен ешқандай да жолмен байланыс құрудан ұзақ тұрды. Дінінде әсте әлсіздік көрсетпеді. Сонымен қоса асхабы кирамға сұрайтын-ды:

– Іштеріңнен кім барып Қағбада мүшриктерге Құран оқиды?

Бұл ұсынысқа шын жүректен «Мен уа, Расулұллаh!» - деген Абдуллаh бин Мәсғуд, Қағбада мүшриктерге Құран Кәрім оқығандығынан несібесіз залымдар тарапынан қатты соққы астына алынып сабалады.

Достары:

– Негізі біз, сенің осындай жағдайға тап боларыңнан қорыққан едік! - дейді.

Абдуллаh бин Мәсғуд болса:

– Менің ойымша дәл қазір олардан өткен әлсіз әрі байғұс жағдайға түскен ешкім жоқ! Қаласаңдар мен ертең де барып, оларға тағы да Құран естіртемін! - деді.

Достары:

– Жоғ ә! Оларға ұнамайтын нәрсені естірттің. Саған осы да жеткілікті! - дейді. (Ибн Хишам, I 336-337)

Әбу Жәhил бай-бақуатты біреудің мұсылман болғандығын естісе болды, дереу барып оны масқаралап:

– Сен әкеңнің дінін тастадың, ә! Ал ол болса сенен өткен қайырлы адам еді. Демек сен оның пікірлерін керек қылмадың, беделіне көлеңке түсірдің, солай ма?! Ант етейін, біз де сенің пікірлеріңе мән бермейміз әрі оның қателерін табамыз. Беделін түсіреміз, деп доқ көрсетеді.

Егер мұсылман болған кісі, сауда-саттықпен айналысатын біреу болса оған:

– Уаллаһи, сенің саудаңды күйретеміз, қаржыңды құрдымға жібереміз, - дейді. Мұсылман болған, әлсіз әрі кедей біреу болса оны ұрып-соғып немесе алдап-сұлдап Исламнан шығаруға тырысып бағатын-ды.

Бір рет ибн Аббасқа (радиаллаһу анһу):

– Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және асхабы мүшриктерден, діндерін тастауға себеп болатындай дәрежеде зорлық-зомбылық көретінбе еді? деп сұрақ тасталды.

– Иә, уаллаһи мүшриктер олардың біреуін ұстап алғанда, ұрып-соғып, тамақсыз әрі сусыз қалдырып жәбір көрсеткендері соншалықты, алған соққының ауырлығынан отыра алмас жағдайға келітін-ді. Оған не қаласа соны айтқызатын еді. Оған:

– Аллаһтан басқа, Лат және Узза да иләһ па? - деп сұрайтын, ол да:

– Иә! - дейтін.

Қатты кеткендері соншалық өтіп бара жатқан Жуал қоңызын көрсетіп:

– Мына Жуал да Аллаһтан басқа иләһ па? - деп сұрайды, ол көрсетілген ауыр зорлықтан құтылу үшін:

– Иә! - дейтін.

Өзіне келіп, есін жиған кезінде таухидке қайтадан қайтар еді, деді. (Ибн Хишам I, 339-343; ибн Саад III, 233; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 108)

Бүкіл мұндай зұлымдық сахналарын (ұсына алғанымыз бар ұсына алмағандарымыз бар бәрін де) тәфәккүр етіп

(терең бойлау, ойлану, ғибрат алу), «Ислам» нығметінің мыңдаған адамдардың қаншама зорлық-зомбылықты бастарынан өткізудің арқасында бізге дейін жеткендігін әрі бұл жолда әсте керіге шегілмегендігін түсініп, оның қадір-қасиетін дұрыс бағалауымыз қажет.

Аллаһ Тағала егер қаласа Исламның дамып, жайылуын жеңілдету арқылы бұл жолда мұсылмандарға ешқандай да қиыншылық көрсетпеуіне болатын-ды. Бірақ бұлай болған жағдайда бұл жолға бас тігудің мәні мен ықыластың дұрыстығы, табандылықтың, қайраттылықтың әрі әректеттіліктің бір мағынасы қалмас еді. Әрине олай болғанда мүмин мен мұнафықтың, шыншыл мен өтірікшінің бір-бірінен айырмашылығы білінбес-ті.

Аллаһ Тағала қасиетті аяттарда былай дейді:

الٓمٓ ﴿1﴾ اَ حَسِبَ النَّاسُ اَنْ يُتْرَكُوٓا اَنْ يَقُولُوٓا اٰمَنَّا وَ هُمْ لَا يُفْتَنُونَ ﴿2﴾

وَلَقَدْ فَتَنَّا الَّذِينَ مِنْ قَبْلِهِمْ فَلَيَعْلَمَنَّ اللهُ الَّذِينَ صَدَقُوا وَلَيَعْلَمَنَّ الْكَاذِبِينَ ﴿3﴾

«Әлиф. Ләм. Мим (ұғымын Аллаһ біледі). **Адамдар: «Сендік» деумен сыналмайтындықтарын ойлай ма? Ант болсын Біз олардан бұрынғыларды да сынаған едік. Сондай-ақ Аллаһ, әлбетте шыншылдарды да, өтірікшілерді де ортаға шығарады** (біледі)».

اَمْ حَسِبْتُمْ اَنْ تَدْخُلُوا الْجَنَّةَ وَلَمَّا يَعْلَمِ اللهُ الَّذِينَ

جَاهَدُوا مِنْكُمْ وَيَعْلَمَ الصَّابِرِينَ

«Әйтпесе, іштерңінен жиһад етушілер мен сабыр етушелерді анықтап, ортаға шығармайынша жәннатқа кіреміз деп ойлайсыңдар ма?» (Әли Имран сүресі 142-аят)

اَمْ حَسِبْتُمْ اَنْ تَدْخُلُوا الْجَنَّةَ وَ لَمَّا يَاْتِكُمْ مَثَلُ الَّذِينَ خَلَوْا
مِنْ قَبْلِكُمْ مَسَّتْهُمُ الْبَاْسَآءُ وَ الضَّرَّآءُ وَ زُلْزِلُوا حَتّٰى يَقُولَ الرَّسُولُ
وَالَّذِينَ اٰمَنُوا مَعَهُ مَتٰى نَصْرُ اللهِ اَلَآ اِنَّ نَصْرَ اللهِ قَرِيبٌ

«(Мұсылмандар!) **Сендерге бұрынғы өткендердің басына келгендері** (қиыншылықтар) **сендердің де бастарыңа келмей жәннатқа кіре алатындарыңды ойладыңдар ма? Оларға сондай ашаршылықтар мен** (ауыр) **қиыншылықтар келіп, тербетілгендері** (әбіржігендері) **соншалықты Пайғамбар және оның қасындағы иман келтіргендер: «Аллаһтың жәрдемі қашан болар екен», - дейтін еді. Естеріңде болсын! Аллаһтың жәрдемі жақын»**. (Бақара сүресі 214-аят)

Таухид күресі жолында ауыр сынақтармен жолығу, сүннеттуллаһ заңдылығы. Бүкіл пайғамбарлар мен садық (шынайы, шыншыл) құлдар, әрқашан қиыншылық көріп, азап тарқан. Керек десеңіз біршамасы осы жолда шейіт етілген. Сол үшін де бір мұсылманның, қиыншылық пен азаптарға тап болғанда үмітсіздікке салынуы дұрыс емес. Өйткені мүминдер, Аллаһтың әмірін өмірге әкелу мәселесінде зиян мен пәлекеттерге қаншалықты ұзақ шыдап берсе, Аллаһтың ризалығына және сыйына соншалықты тез жетеді.

Мұсылмандарды сабырлылыққа және шыдамдылыққа шақыру

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де бір пенде еді. Әрқашан жиі-жиі оған жасалған жағымсыз іс-әрекеттер оның көңіліне қаяу түсіріп, һидаятқа келуі

үшін бар күшін салып тер төккен адамдарының опасыз қылықтары, жүрегін жаралайтын-ды. Кейде сондай қатты қиналғандығы соншалық, өзін жұбататын бір жұбатушыға мұқтаж болатын.

Әрине оны жұбатушы тек Раббысы ғана. Аллаһ Тағала Расулінің қайғыға батуын қаламай, оны қасиетті аяттарымен рухани түрде жұбататын:

اِنَّ فَضْلَهُ كَانَ عَلَيْكَ كَبِيرًا

«...(Әй, Расулім!) **Оның саған деген кеңшілігі (ризық-несібесі, жақсылығы) және жәрдемі тым зор»**. (Исра сүресі 87-аят)

وَمَنْ كَفَرَ فَلَا يَحْزُنْكَ كُفْرُهُ اِلَيْنَا مَرْجِعُهُمْ فَنُنَبِّئُهُمْ
بِمَا عَمِلُوٓا اِنَّ اللهَ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ ﴿23﴾ نُمَتِّعُهُمْ قَلِيلًا
ثُمَّ نَضْطَرُّهُمْ اِلٰى عَذَابٍ غَلِيظٍ ﴿24﴾

«(Мұхаммед а.с.) **кім қарсы келсе, сонда оның қарсылығы сені кейтпесін. Олардың қайтар жері Біз. Сонда оларға не істегендерін баян етеміз. Расында Аллаһ көкіректегілерді толық біледі. Оларды аз пайдаландырып, сосын ауыр азапқа зорлаймыз».** (Лұқман сүресі 23-24 аяттар)

وَ لَا تَحْزَنْ عَلَيْهِمْ وَ لَا تَكُنْ فِى ضَيْقٍ مِمَّا يَمْكُرُونَ

«(Сүйіктім!) **Оларға қарсы күйіп-піспе, әрі олардың құрған тұзақтары мен айлакерліктерінен өкпең қысылмасын».** (Нәміл сүресі 70-аят)

Аллаһ Тағала Сүйіктісін осылайша жұбатып, оны сабырлы болуға шақырды:

فَاصْبِرْ عَلٰى مَا يَقُولُونَ وَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ
قَبْلَ طُلُوعِ الشَّمْسِ وَ قَبْلَ الْغُرُوبِ

«(Мұхаммед а.с.) **олардың айтқандарына сабыр ет. Раббыңды күн шығудан бұрын әрі батудан бұрын мақтап, дәріпте!».** (Қаф сүресі 39-аят)

Бұл қасиетті аяттардан кейін күш-жігері барынша артқан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) асхабының да көңілін аулап, жүректеріндегі жараны емдеген-ді.

Хаббаб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

Бір күні Аллаһ Расулі Қағбаны көлеңкелеп отырғанында, қасына барып оған мүшриктерден көрген зорлық-зомбылығымызды айтып шағымдандық.

Сонда ол бізге былай деді:

«Сендерден бұрынғы нәсілдердің арасында, ұстап алып шұқырға тасталған, кейін арамен басынан аяғына дейін екіге бөлінген, темір тарақтармен еттері тырналған, соған қарамастан діндерінен әсте қайтпаған мүминдер болған. Аллаһқа ант етейін, Аллаһ Тағала бұл дінді толықтырып, ұстем етеді. (Оның ұстемдігі соншалықты) бір кісі Аллаһтан және қойларына қасқырдың шабуылдауын уайымдаудан басқа бір қорқыныш бойын билемей, Санғадан Хардәмәуітке барып-келе беретін болады. Өкінішке орай сендер сабырсыздық танытып жатырсыңдар!..» (Бұхари, Мәнәкибул Ансар 29)

لَا يَغُرَّنَّكَ تَقَلُّبُ الَّذِينَ كَفَرُوا فِى الْبِلَادِ ﴿196﴾ مَتَاعٌ قَلِيلٌ ثُمَّ
مَأْوٰيهُمْ جَهَنَّمُ وَبِئْسَ الْمِهَادُ ﴿197﴾ لٰكِنِ الَّذِينَ اتَّقَوْا رَبَّهُمْ لَهُمْ
جَنَّاتٌ تَجْرِى مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا نُزُلًا مِنْ عِنْدِ اللهِ
وَ مَا عِنْدَ اللهِ خَيْرٌ لِلْأَبْرَارِ ﴿198﴾

«(Мұхаммед а.с.) **қарсы келгендердің, елдерді көлденең басып кезіп жүруі сені алдамасын. Аз ғана пайдаланудан кейін олардың баратын жері тозақ, ол тозақ нендей жаман орын. Бірақ сондай Раббыларына қарсы келуден қорыққандар үшін, Аллаһ тарапынан астарынан өзендер ағатын, әрі онда мәңгі қалатын жәннаттар бар. Салих** (ізгілер) **кісілер үшін Аллаһ қасындағылар** (нығметтер) **қандай жақсы»**. (Әли Имран сүресі 195-198 аяттар)

Мүшриктердің қорлауы мен көрсеткен азаптары күн санап өсуімен бірге, осы мағынадағы аяттар да Аллаһ Тағала тарапынан мүминдердің жүректеріне жұбаныш беретін еді. Бір жағынан алып қарағанда көрген бұл қорлықтар мен зорлық-зомбылықтар, құлдарды Раббыларына жақындата отырып, екінші жағынан, мүминдердің Аллаһқа деген тәуекелдері мен сенімдерін де өлшеп-тартарлық таразы іспеттес қызмет атқарды. Басына мұндай іс түскенде мұсылманға жарасар ең тамаша амал Құран Кәрімде былайша баяндалады:

فَاصْبِرْ لِحُكْمِ رَبِّكَ وَ لَا تُطِعْ مِنْهُمْ اٰثِمًا اَوْ كَفُورًا ﴿24﴾
وَاذْكُرِ اسْمَ رَبِّكَ بُكْرَةً وَ اَصِيلًا ﴿25﴾
وَ مِنَ الَّيْلِ فَاسْجُدْ لَهُ وَسَبِّحْهُ لَيْلًا طَوِيلًا ﴿26﴾

«Ендеше, Раббыңның үкіміне сабыр ет. (Яғни Аллаһтың үкімі келгенге дейін күте біл! Бұл үкімді күтіп отырғанда әсте) **олардан ешбір нанкөрге немесе күнәһарға бағынба. Ертелі-кеш Раббыңның есімін зікір ет. Түннің бір бөлімінде Оған сәжде етіп, түннің ұзақ бір бөлімінде де Оны дәріпте»**. (Инсан сүресі 24-26 аяттар)

Бұл әмірлерге мойынсұнған мүминнің жүрегі рахатқа бөленіп, бұдан былайғы уақытта азап пен қиыншылыққа иімей, сабыр етіп, шыдамдылық таныта алатынына күман жоқ-ты. Әсіресе түнде оқылған тәһәжжуд намазы, құлды Аллаһқа жақындатып, оның жан-дүниесіне сондай бір керемет күш-қуат беретіндігі соншалықты, бұдан былай ол мүминнің жүрегі иманмен әбден нығайып алады. Бұл жөнінде Хақ Тағала былай баяндайды:

اِنَّ نَاشِئَةَ الَّيْلِ هِىَ اَشَدُّ وَطْاً وَ اَقْوَمُ قِيلًا

«Шын мәнінде түнде түру, һәм нәпсіге әсерлі һәм сөз жағынан жақсырақ (оқуға қолайлы)». (Музәммил сүресі 6-аят)

Тәһәжжуд әмірі тікелей Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғана қатысты болғанымен, үмметіне де әлдері келгенінше әрі өздерінің қалаулары бойынша атқаратын бір ұсыныс түрінде түскен-ді. Парыз ғибадаттардан тыс рухани жоғарылауға өз үлесін қосатын тақуаларға ұсынылған бүкіл ғибадаттар, осы іспеттес үкімде.

Мүминдерге барлық жағынан бақыт жолдарды бағыштаған Хақ Тағала, Расулін ғана назарға алып былай деген-ді:

وَ قُلْ جَآءَ الْحَقُّ وَ زَهَقَ الْبَاطِلُ اِنَّ الْبَاطِلَ كَانَ زَهُوقًا

«(Уа, Расулім!) **Оларға айт: Хақ** (ақиқат) **келді. Батыл** (негіссіз жалған, бұрыс нәрселер) **жойылды** (жығылды). **Негізінде батыл жойылуы керек».** (Исра сүресі 81-аят)

Тек қана жоғарылауға міндеттелгендер, бұл жөнінде қолдарынан келгенше тырысып, әрекет етуге мәжбүр. Өйткені адам баласы, құлдық емтиханның себебінен небір қиыншылықтармен кезігеді. Сол үшін де, құл күрес жүргізіп, тер төкпейінше ешқашан да күткен нәтижесіне жете алмайды.

Аллаһ Тағала бұл ақиқаттың пайғамбарларға да қатысты екендігін қасиетті аяттарымен былай деп баяндайды:

حَتّٰى اِذَا اسْتَيْئَسَ الرُّسُلُ وَظَنُّوْٓا اَنَّهُمْ قَدْ كُذِبُوا جَآءَهُمْ نَصْرُنَا
فَنُجِّيَ مَنْ نَشَآءُ وَ لَا يُرَدُّ بَاْسُنَا عَنِ الْقَوْمِ الْمُجْرِمِينَ

«Қашан пайғамбарлар күдер үзіп, өздерін жалғанға шығарылдық деп ойлаған кездерінде, міне сонда ғана оларға жәрдемімізкеліп,қалағандарымызды аманшылыққа қауыштырамыз. Ал кінәлі (күнәһар) **қауымнан әсте азабымызды кері қайтармаймыз».** (Юсуф сүресі 110-аят)

Бұл қасиетті аяттарды естігенде мүминдердің жүректері қаншалықты құзырлылыққа қауышып, қайраттанған болса, мүшриктердің өшпенділіктері мен ашу-ызалары соншалықты артты. Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрсеткен жәбірлерінен тыйылу былай түрсын, күніге азап пен зорлық көрсетудің жаңа бір түрін ойлап табатын-ды. Мүминдердің тартқан азаптары тыйылудан қалып, күн өткен сайын күшейіп, адам шыдап болмас дәрежеге өсіп отырды.

Бұл жағдайдың өршігені соншалықты, мүшриктер ендігі кезде уахидің қайнар бұлағынан құтылуды ойлайтындай дәрежеде ақымақтыққа салынады. Әлемдердің Қуанышы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса үлкен сабырлылықты көрсетіп, Хақ Тағалаға сыйынып, Оның жәрдеміне және қамқорлығына сүйенді. Бірақ иләһи уәденің орын алуына әлі ерте еді.

Расулінің көңілі қайғы-мұңға қатты батқанын көріп, соған бола сағы сынбасын деп Раббысы оны былайша ескертіп, жұбатты:

فَلَا تَحْسَبَنَّ اللهَ مُخْلِفَ وَعْدِهٖ رُسُلَهٗ اِنَّ اللهَ عَزِيْزٌ ذُو انْتِقَامٍ

«(Уа, Сүйіктім!) **Ешуақыт, Аллаһ пайғамбарларына берген уәдесінен таяды деп ойлама! Шексіз Аллаһ өте үстем, өш алу күшіне ие».** (Ибраһим сүресі 47-аят)

فَاصْبِرْ كَمَا صَبَرَ اُولُو الْعَزْمِ مِنَ الرُّسُلِ وَ لَا تَسْتَعْجِلْ لَهُمْ
كَاَنَّهُمْ يَوْمَ يَرَوْنَ مَا يُوعَدُونَ لَمْ يَلْبَثُوْٓا اِلَّا سَاعَةً مِنْ نَهَارٍ

«(Уа, Расулім!) **ұлы пайғамбарлардың сабыр еткендеріндей сен де сабыр ет. Олар үшін асықпа; олар өздеріне уәде етілгенді, көрген күні, дүниеде күндізден бір дем ғана тұрғандай білінеді. Бұл бір ұқтыру. Бұзақы ел ғана жоқ етіледі».** (Ахқаф сүресі 35-аят)

Хабашистан хижреті

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құрайштықтардың түгеп-таусылмайтын зорлық-зомбылықтарынан құтылу үшін мұсылмандарға хижрет әмірін берді. Өйткені олар, діни міндеттерін емін-еркін орындай алмайтын-ды. Мұнымен қоса басқа да өлкелерге дінді кеңінен жаю олардың діни міндеттері еді.

Асхабы Кирам қай жаққа хижрет ететіндерін сұрағандарында Қадірлі Расул Әкрәм:

«Хабашистанға! Өйткені ол жерде, халқына зұлымдық көрсетпейтін бір патша бар. Әрі ол жақ туралықтың орын тепкен мекені. Аллаһ Тағала мынау басымызға түскен қиыншылықтардан шығудың бір шарасын көрсеткенге дейін сол жақта болыңдар», дейді. (Ибн Хишам I, 343; Ибн Саад I, 203-204)

Бұл ең алғашқы хижрет Мекке дәуірінің бесінші жылы Рәжәб айында болды.

Алғашқы керуен мүшелері он екі еркек, бес әйел болып, барлығы он жеті кісіден құралды. Іштерінде Осман бин Аффан, жұбайы хазіреті Руқия, Зубәйр бин Ауауам, Мусғаб бин Умайр, Абдуррахман бин Ауф, Әбу Сәләмә, Үммү Сәләмә, Осман бин Мазун, ибн Мәсғуд (радиаллаһу анһум) сынды сахабалардың беделді кісілері бар-ды.

Меккеден жасырын шығып кеткен Мұхажирлер Шуайба жағалауына жеткендерінде Аллаһ Тағаланың бір сыйы ретінде екі сауда кемесі жолығады. Мұхажирлер олармен жарты алтын бағаға келісіп, Хабашистанға тартып кетеді. Құрайштықтар Мұхажирлерді ұстау үшін арттарынан адам жібергенімен одан оңды нәтиже шығара алмайды. Сахилге жеткендерінде кемелер әлде қашан үлкен теңізге шығып үлгерген-ді. (Ибн Саад I, 204)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) Хабашистанға хижрет еткен Хазіреті Осман және қызы Руқиядан біразға дейін хабар ала алмады. Әлемдердің Сүйіктісі жиі-жиі қала сыртына шығып, сол жақтан келгендерден балаларының жағдайын сұрап тұратын еді. Құрайштық бір әйел Хабаш аймағынан келеді. Расулі Әкрәм Пайғамбарымыз қызы мен күйеу баласының жағдайын сол әйелден сұрастырады. Ол:

– Уа, Әбул Қасым мен оларды көрдім, - дейді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жағдайлары қалай еді, жақсы ма? - деп сұрайды.

Әйел:

– Осман, Руқияны бір есекке мінгізіп алып бара жатқан, өзі де артынан ілесіп алыпты, - дейді.

Мұны естіген Әлемдердің Сұлтаны:

– Аллаһ жар болып, жәрдем етсін! Шүбәсіз Осман бин Аффан, Луттан (аләйһиссәләм) кейін жан-ұясымен бірге Аллаһ үшін хижрет еткен ең алғашқы адам, - дейді. (Али әл-Муттақи XIII, 63/36259)

Алғашқы Мұхажирлер Хабашистанда үш ай ғана болады. Өйткені меккелік мүшриктердің де иман келтіргендері жайында әңгіме белең алып кетеді. Осыған байланысты

хижрет керуені де елге қері қайтқан еді. Отыз үш еркек, алты әйелденқұралғанотызтоғызкісілікеруен,пайғамбарлықтың бесінші жылы Шәууәл айында Хабашистаннан шолға шығады. Меккеге жақындап қалғандарында мүшриктердің мұсылман болғандары туралы хабардың бұрыстығын есітіп, қайтадан Хабашистанға кері қайтқылары келсе де, жолдың ауырлығын ойлап кері қайтпайды. Бір жағынан біреудің қамқорлығына кірмей Меккеге де кіруге жүрексінеді. Сөйтіп мүшрик туысқандары мен достарының қамқорлығымен, кейбірі жасырын, білдірмей Меккеге кіреді. (Ибн Хишам II, 3-8; Ибн Саад I, 206; Хәйсәми VI, 33)



Ғараниқ мәселесі

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаңадан түскен «Нәжім» сүресін Харам Шәрифте отырғандарға дауыстап оқып жатады. Сүренің соңындаға сәжде аятына келгенде Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағалаға сәжде етеді. Онымен бірге мүминдер де, дінсіздер де, адамзат-жын дерлік бәрі сәжде етеді. (Бұхари, Тәфсир 53/4)

Тек қана мүшриктер, сүренің ішінде келтірілген пұттарының есімдерін есітіп, Аллаһқа емес, өздерінің пұттарына сәжде етеді.

Міне кейіннен ойлап табылған әрі «Ғараниқ мәселесі» деп ортаға тасталған ұятқа қалдыру үшін шығарылған оқиға осылай болған.

Меккелік мүшриктердің Ислам дініне кірудегі негізгі себебі, мұсылмандар мен мүшриктерге арналған әлгі екі бөлек-бөлек сәжденің бір уақытта орындалуы еді.

Болған жайдың негізгі себебі осы болса да, кейінірек «Ғараниқ мәселесі» деген бір жала ортаға тасталған еді. Шайтан аяттардың арасына «пұттардан да шапағат күтуге болады» дегендей мағынаға келетін бір фысылты (азғыру, бұзу, уәс-уәсә) қосқан екенмыс, мүшриктер бұған қуанып, сәжде етіпті, бірақ жіберілген қателік кейіннен байқалыпты!..

Бұл оқиғаны тек кейбір мүсташриктер[190] сияқты Ислам жауы болған кейбіреулер ғана ақиқат деп қалған. Өйтпегенде ең үлкен тәпсір, хадис, сияр және Ислам тарихы ғалымдары,

190. Өздері мұсылман емес, бірақ Исламды қаралау үшін діни ғылымдармен айналысатын шығыстанушылар.

риуаят жағынан болсын, Ислам ақидасымен байланысы жағынан болсын бұл ойдан шығарылған оқиғаны зерттеп, түбегейлі жан-жақты қарастырып оның жалған екендігін нақты түрде ортаға қойған-ды.

Әуелі Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) иләһи уахиді адам баласына ұластыру міндетінде ғапылдықтан және жаңылысып, қателесуден аластатылған. Шайтанның пайғамбарлардың рисәлат[191] міндеттеріне араласуы әсте мүмкін емес. Аллаһ Тағала шайтанның мүмин құлдарға да билік, үстемдігін жүргізе алмайтындығын баяндағанда[192] Расулұллаһтың тәблиғына араласуы тіптен ақылға сыймайтын жайт.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рисәлатында әр түрлі кемшілік, ғапылдық, күнә мен қателіктерден азат болған және әкелген Құран Кәрім де Аллаһ Тағаланың қамқорлығында болған.

Бұл жөнінде аяттарда былайша баяндалады:

لَا يَأْتِيهِ الْبَاطِلُ مِنْ بَيْنِ يَدَيْهِ وَ لَا مِنْ خَلْفِهِ
تَنْزِيلٌ مِنْ حَكِيمٍ حَمِيدٍ

«Оның (Құранға) **алдынан да, артынан да батыл** (бұрыс нәрселер) **келе алмайды** (араласпайды). **Ол бүкіл әлемнің мақтаған хикмет иесі аса дана, өте мақтаулы Аллаһ тарапынан түсірілген».** (Фуссилат сүресі 42-аят)

اِنَّا نَحْنُ نَزَّلْنَا الذِّكْرَ وَ اِنَّا لَهُ لَحَافِظُونَ

191. Пайғамбарлық.
192. Қараңыз, Хижр сүресі 42-аят.

«Шынында да Құранды Біз түсірдік. Әлбетте Оны қорғаушы да Біз боламыз». (Хижр сүресі 9-аят)

Ғараниқ мәселесі қозғалған риуаят, сәнәд[193] жағынан мәрдут. Бұған байланысты ибн Хузәймә:

«Ғараниқ қиссасы, дінсіздердің шығарған өтірігі», деген.[194]

Сахих хадистерді риуаят еткен кітаптардың ешқайсысы бұл оқиғаны нақыл етпеген, ешбір сенімді рауи (хадис риуаят еткен мухаддис) бұны сахих және муттасыл (сәнәді үзілмеген хадис) бір сәнәдпен риуаят етпеуі, оның негізсіздігін көрсету үшін жетіп асады.[195]

Ғараниқ мәселісін ақылға салып көрсеңіз, оның олай болуы мүмкін емес. Өйткені Ғараниқте ширктің иісі шығып тұр. Ал Ислам діні әуелбастан кәлима таухидті ұсынған. Исламның негізі болған таухид сенімі тұрғанда бұндай сенімдердің діннен орын алуы мүмкін емес. Неге десеңіз сөз болып отырған Нәжім сүресінің басынан бастап, соңына дейін ширк жоққа шығарылған, осымен қатар пұттардың түкке жарамайтындығына әрі мүшрикттердің тек ойға және нәпсінің азғыруына ғана еріп отырғандары баяндалған. Мұндай сүренің ішіне мүшриктер дұрыс көріп, сәжде ететіндей бір сөздің араласуы, мейлі араластырылған күннің өзінде бұның мүшриктерді разы қылуы мүмкін емес. Осымен қоса Мекке мүшриктерін тас-талқан еткен осыншама аяттардың арасында (Аллаh сақтасын) шайтанның қосқан екі сөзімен жібіп сәждеге барулары да екі талай нәрсе.

193. Хадисті риуаят етуші мухаддис есімдерінің тізімі.
194. Исмайл Жеррахоғлу ДИА, «Ғараник» мд., XIII, 363.
195. Қади Ияд II, 132.

Бұл жалаға ең тамаша жауапты дәл осы сүренің бас жағында беріліп кеткен:

مَا ضَلَّ صَاحِبُكُمْ وَ مَا غَوٰى ﴿2﴾ وَ مَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوٰى ﴿3﴾
اِنْ هُوَ اِلَّا وَحْيٌ يُوحٰى ﴿4﴾

«Жолдастарың (Мұхаммед а.с.) **ауытқымады да, адаспады да. Ол өз нәпсісінен** (ойынан) **сөйлемейді. Оның сөйлегендері көкейіне салынған уахи ғана».** (Нәжім сүресі 2-4 аяттар)

Бұл мәселенің Исламға қарсы көрсоқырлықпен жасалған қастандықтың бір көрінісі екендігі, Ислам ғұламалары тарапынан қаншама рет дәлелденген. Он үш жылдық Мекке дәуірі – ширкті түп-тамырымен жойып, жүректердегі таухид сенімін қуаттандыру жолында бар күшін салып күресумен өткен-ді. Өйткені таухид сенімі – Аллаһқа қандайда бір болмысты ортақ қосуды түбегейлі қабыл етпейді.

Екінші Хабашистан хижреті

Меккелік мүшриктер қайтып келген мұхажирлердің Хабашистанда жақсы қарсы алынғандарын білген соң, бұдан қатты сескеніп әрі қобалжып, көрсетіп жатқан қорлықтарын одан сайын күшейтеді.

Уәлид бин Муғираның қорғауында алаңсыз өмір сүріп жатқан Осман бин Мазун (радиаллаһу аннһу) Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен асхабының зорлық-зомбылық, азаптарға душар болғанын, кейбіреулерінің отпен қақталғанын, ал кейбірінің арқалары қамшымен осылғанын көріп, ойланып:

– Уаллаһи, достарымның және туысқандарымның Аллаһ жолында тартқан түрлі-түрлі азаптарды менің көрмеуім, бір мүшриктің қорғауында өмір сүруім, үлкен бір кемшілік! Аллаһтың қорғауы одан да шарапатты әрі сенімді! - деген тұжырымға келіп қорғаушысы Уәлидтке барып. Оған:

– Әй, көкемнің ұлы! Сен мені өз қорғауыңа алдың! Жақсылап тұрып қорғадың да, әрі берген уәдеңді орындадың! Енді сенің қорғауыңнан шығып, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына барғым келеді. Ол және асхабы – мен үшін ең тамаша үлгі. Мені құрайштықтардың қасына алып барып, өз қорғауыңан шығарғандығыңды мәлімде! - дейді. (Ибн Исхақ 158 б; Хәйсәми VI, 34)

Мүшриктердің зұлымдықтары мен көрсеткен жәбірлері одан сайын артқандығынан, мұсылмандар дәл сол жылы екінші рет Хабашистанға кетуге мәжбүр болды. Бұл жолы тоқсан адам еді. Жетпіс жеті ер кісі, он үші әйел болды. Басшы болып Хазіреті Алидің ағасы Жағфар Таийар (радиаллаһу анһу)[196] сайланды.

196. **Жағфар бин Әбу Тәліб** (радиаллаһу анһу), Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесінің ұлы болады. Хазіреті Жағфар, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әлі Әрқамның үйіне барып Исламды жаюға бастамас бұрын мұсылман болған-ды. Әйелі Әсма бинти Үмәйспен бірге Екінші Хабашистан хижретіне қатысты. (Ибн Саад IV, 34) Жағфар бин Әбу Тәліб пен жолдастары, хижреттің жетінші жылы Хабашистаннан Мәдинаға қайтты. Бұл кезде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), Хайбар Ғазауатында еді. Хайбар олжаларынан Хабашистаннан келгендерге де пай бөліп берді. (Бұхари, Мәғази 38) Хазіреті Жағфар хижреттің секізінші жылы болған Мута сапарына қатысып, сонда шейт болды. ибн Омар былай дейді: «Жағфарды (радиаллаһу анһу) шейттердің арасынан тауып алдық. Денесінде тоқсаннан асқан найзаның, оқтың және қылыштың салған іздерін көрдік». (Бұхари, Мәғази 44)
Хазіреті Жағфардың қан майданда соғысып жатып, кесілген екі қолының орнына, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған жәннатта екі қанат берілгендігін хабарлап: «Жағфарды, періштелермен бірге жәннатта ұшып жүргенін көрдім», дейді. (Тирмизи, Мәнакиб 29/3763) Осыдан

Ләйлә ханым былайша баяндайды:

«Мұсылман болғанымыз үшін Омар бізге қатты ашуланып жүрді. Хабашистанға хижрет ету үшін сапарға аттануға дайындалып жатыр едік, мен түйенің үстінде отыр едім жетіп келіп:

– Қайда бара жатырсыңдар ей, Үммү Абдуллаһ? - деп сұрады.

– Дінімізге келгенде бізге жәбір көрсеттіңдер, енді біз азапталмайтын жерге кетіп барамыз, - дедім. (Омар):

– Аллаһ сендермен бірге болсын! - деді.

Күйеуім Амир келген соң, Омар бин Хаттабтың танытқан жұмсақтығын оған айттым.

Ол:

– Меніңше сен оның мұсылман болуынан үміттісің. Уаллаһи Хаттабтың есегі мұсылман болса да, ол сонда да мұсылман болмайды. (Хәйсәми, VI, 23-24)

Әлемдердің Сүйіктісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мырзамыздың жұбайы Хазіреті Үммү Сәләмә (радиаллаһу анһа) былай деген екен:

«Біз Хабашистанға аяқ басқаннан бастап, Нәжәшиден көптеген жақсылық көрдік. Бізді әрдайым қорғап, қолпаштап жүрді. Аллаһ Тағалаға құзырлы әрі алаңдаусыз ғибадат еттік. (Ахмед бин Ханбәл I, 201-202)

Хабашистан мұхажирлерінен Үммү Хабибә (радиаллаһу анһа) анамыз сол кездері болған мына бір оқиғаның, мұсылмандардың Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә

кейін Жағфар (радиаллаһу анһу), самғап ұшушы деген мағынада «Таийар» лақабымен аталып кетті.

сәлләм) көрмей тұрып, оны қаншалықты қатты жақсы көргендіктерін ортаға қояды:

«Нәжәшилік Әбрәха есімді бір күні бареді. Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) некем Хабашистанда қиылып, Мәдинаға бару үшін сапарға дайындық жасалып жатқанда маған:

– Сенен өтінерім, Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сәлемімді жеткізіп, оған, дініне кіргенімді айтсаң, - деді.

Әбрәха маған көп ілтипат көрсетті, жолға деген дайындығымды жасап берді. Қасыма әр келгенінде:

– Байқа өтінішімді ұмытып кетіп жүр ме! Аллаһ Расуліне міндетті түрде сәлемімді жеткіз! - дейтін.

Мәдинаға Расулұллаһтың қасына келгенде некенің уақытында Әбрәханың маған көрсеткен қызметін айтып, сәлемін жеткіздім. Аллаһ Расулі күлімсіреп:

– Уа аләйкум уә рахматуллаһи уә бәрәкәтуһ, - деп сәлемін алды. (Ибн Саад VIII, 98)

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ АЛТЫНШЫ ЖЫЛЫ

Құрайштың Нәжәшиден мұхажирлерді Меккеге қайтаруын талап етуі

Бірінші Хабашистан хижретіне пәлендей көңіл бөлмеген Құрайш мүшриктері, ол жақтағы мұхажирлерге көрсетілген жақсы мәмілені естігенде абыржып қалады. Ислам айналаға осылай жайыла берер болса, бұған тосқауыл қою мүмкін емес жағдайға келетін түрі бар. Хабаш патшасынан мұсылмандарды Меккеге қайтаруын талап ету мәселесінде бір шешімге келіп, дереу Абдуллаh бин Рабиа мен Амр бин Асты, Нәжәшиге және сардарларына деп дайындатқызған сый-сияпатты тапсырып болып былай дейді:

– Уа, Ханием! Біздің кейбір ақыл тоқтатпаған жастарымыз, сенің еліңен пана тілеп кепті. Олар аталарының діндерін тәрк еткендерімен сенің де дініңе кірмеді. Олар жаңа бір дін шығарды. Туысқандары оларды артқа қайтару үшін бізді саған жіберді. Өйткені қауымдары, бұларды өзгелерден жақсы таниды. Қателіктерін басқаларға қарағанда жақсы біледі.

Олар Нәжәшидің Жағфар мен жолдастарының сөзіне құлақ асып, әсерленіп қалуынан сескенді. Сол үшін де Нәжәшидің, мұхажирлерді тергемей-ақ қолдарына тапсыруын өтінді.

Нәжәшидің сардарлары да:

– Мырзам! Бұл адамдар дұрыс айтады. Қауымдары оларды жақсы таниды. Сен оларды мына адамдардың қолына бере сал, елдеріне алып кетсін, - дейді.

Нәжәши ашуланып:

– Әсте! Мен оларды тыңдамастан, дереу қолдарына бере салмаймын. Мені өзгелерден артық санап, еліме келіп паналаған бір жамағатқа қастандық жасай алмаймын, - дейді де құзырына келу үшін мұхажирлерге хабар жібертеді.

Нәжәши өзінің діни адамдарын да шақыртады. Олар келіп Нәжәшидің айналасына кітаптарын ашып отыра кетеді.

Мұхажирлер келген соң Нәжәши екі жақты да құзырында беттестірді. Тарихи бір кезең болды. Мұсылмандардың атынан Хазіреті Жағфар (радиаллаһу анһу) сөйледі.

Нәжәши мұхажирлердің басы Жағфар Таийарға қарап бұрылды да:

– Құрайштықтар елші жіберіпті, сендердің Меккеге қайтқандарыңды қалайды, - дейді.

Жағфар, патшаға қарап:

– Уа, Патшам! Мыналардан сұраңызшы; біздің қайтқанымызды қалайтындай біз соншама құл ма едік? - дейді.

Нәжәши Амр бин Асқа қарады. Ол да жауап қайырды:

– Жоғ ә, бәрі де бостандықта!

Кейін тергеу былайша жалғасты:

– Сұраңызшы бұлардан, біз бұларға қарызбыз ба, бізді қайтарғысы келетін?

– Жоғ ә, ешқайсысының ешкімге қарызы жоқ.

– Сұраңызшы бұлардан. Біз адам өлтірушіміз бе, бізді жазалау үшін қайтарғылары келетін?

– Жоғ ә, бұндай бір ниетіміз де болған емес.

– Онда бізді не үшін кері қайтарғылары келеді?

Сол кезде Амр былай деді:

– Бұлар ата-бабаларымыздың дінінен шықты. Тәңірлерімізге қарғыс айтады. Жастарымыздың сағын сындырды. Халқымыздың арасына бүлік салды. Бүкіл Мекке халқы екіге бөлінді.

Бұны естіген Нәжәши:

– Сендер не менің дініме, не қауымдарыңның дініне кірмегендеріңе қарағанда, сендер қабылдаған бұл дін қандай дін өзі? - деп сұрайды.

Жағфар Таийар сөз алды:

– Уа, Патшам! Біз жәһил (надан) бір қауым едік. Тастан, ағаштан жасалған пұттарға тәңір ретінде табынатын едік. Өлі хайуандардың еттерін жеп, қыз балаларды тірідей топыраққа көмер едік. Құмар ойындарын ойнап, өсімқорлықпен айналысатын едік. Зинаны және бір әйелдің бірнеше еркекпен қатынас құратын намыссыздықты дұрыс көруші едік. Туысқандарымызға деген міндеттерімізді білмеуші едік. Көршілеріміздің хақтарын жеуші едік. Күштілер әлсіздерді езіп, байлар кедейлердің терімен баюшы еді. Арамызда, хақ-құқық дегенге көңіл бөлмейтін едік.

Аллаһ Тағала мейірімділік танытып, біздің бұлардан арылуымызды қалады. Арамыздан бір Пайғамбар жіберді. Ол Пайғамбар асыл тұқымнан, әрі тап-таза бір тайпадан шыққан. Оған «әл-Әмин» деген ат қойғанбыз.

Ол бізді Аллаһтың бірлігіне шақырды. Оған ғибадат етуді үйретті. Ата-бабаларымыздың пұттарынан құтқарды. Ахлақсыздықтың барлығынан арындырды. Қан төгуді, құмар ойнауды, ішімдікті, жалған сөйлеуді, жетімдердің мал-мүлкін жеуді тыйып тастады. Бізге әрқашан жақсылық істеуді үйретті. Дұрыстықты, сөзде тұруды, көрші және туысқандармен жақсы мәміледе болуды, әйелдердің намысын, қыз балаларының өмірін сақтап қалуды әмір етті. Бізді жабайылықтан құтқарды. Мәдениеттілікке жеткізді. Жақсы адам болуымызға арқау болды. Біз де оған сендік. Оның жолымен жүрудеміз. Осы себептен құрайштықтарды жау қылып алдық. Түрлі-түрлі зорлық-зомбылықтар көрдік. Бірақ зорлық-зомбылықтар шыдас бермейтіндей жағдайға келгенде, дініміздан қайтпағанымыз үшін Пайғамбарымыздан рұқсат алып, патшалардың арасынан сізді дұрыс көріп, еліңізге келдік. Еліңізде зұлымдыққа ұшырамаймыз деп үміт етіп қорғауыңызды пана тұттық!

Жағфардың (радиаллаһу анһу) айтқан сөздерін мұқият тыңдаған Нәжәши:

– Аллаһ тарапынан Пайғамбарларыңа жіберілген уахиден жадыңда жаттаған бір нәрсе бар ма? - деп сұрады.

Жағфар (радиаллаһу анһу):

– Иә, - деді де Мәриям сүресінің алғашқы аяттарынан, Яхия мен Исаның (аләйһиссәләм) туылуларына байланысты аяттарды оқығанда Нәжәши әрі оның қасындағы адамдары қатты әсерленіп жылайды.

Нәжәши:

– Аллаһқа ант етейін, бұл сөздер Хазіреті Мұсаға және Хазіреті Исаға түскен уахидің қайнар бұлағы, - дейді де Құрайштың елшілеріне бұрылып:

– Мен бұл мұхажирлерді сендерге бере алмаймын! - деп ұсыныстарын қабыл етпейді.

Елшілер Нәжәшидің құзырынан былайырақ шыққан соң, Амр:

– Аллаһқа ант етейін Нәжәшиге, бұлардың Иса бин Мәриямның бір құл екендігіне иман келтіретіндерін айтамын сөйтіп бұлардың тамырына балта шабамын, - дейді.

Келесі күні, Нәжәшидің құзырына шығып:

– Уа, Ханием! Олар Мәриямұлы Иса хақында өте ауыр бір сөз айтып жүр. Қаласаң шақырып алып, Ол жайында не айтып жүргендерін сұра, - дейді.

Нәжәши, мұсылмандарды қайта шақырып алып, оларға:

– Мәриямұлы Иса хақында не дейсіңдер, айтыңдаршы қәнекей, - дейді.

Хазіреті Жағфар Таийар:

– Біз оны, Пайғамбарымыздың үйреткені сияқты танимыз. Аллаһ Расулі ол туралы былай дейді:

«Иса Алаһтың құлы, Расулі, Рухы әрі барлық нәрсені шетке ысырып қойып, өзін Аллаһқа (Аллаһ жолына) арнаған Мәриямға салған (еккен) Кәлимасы», - дегенде, Нәжәши жерден бір таяқ алып:

– Аллаһқа ант етейін Мәриямұлы Иса сенің айтқаныңның нақ өзі. Сендердің айтқандарың мен Хазіреті Исаның ақиқатының арасында мына таяқтай да бір айырмашылық жоқ.

Нәжәши бұны айтқанда айналасындағы сардарлар күбірлей бастайды. Нәжәши оларға:

– Уаллаһи сендер қанша күбірлесеңдер де ақиқат осы! - дейді. Мұхажирлерге де:

– Барыңдар! Сендер менің елімде барынша қаупсізсіңдер! Сендерге тіл тигізген жазаландырылады. Таудай алтын берсе де мен сендердің ешбіреуіне жәбір көрсетпеймін. Алып келген сыйлықтарын мына екі адамға кайтарыңдар. Мен оларға (сыйлықтарға) мұқтаж емеспін. Егер Хазіреті Пайғамбардың қасында болғанымда, оның аяқтарына су құйып, қызмет етер едім! - дейді. (Ибн Хишам I, 356-361; Ахмед бин Ханбәл I, 202-203; V, 290-291; Хәйсәми VI, 25-27)

Тағы бір риуаятта келтірілгендей Нәжәши мыналарды да айтқан екен:

«Мен Мұхаммед Аллаһтың Расулі екендігіне куәлік келтіремін. Ол Хазіреті Исаның сүйіншілеген кісі. Егер мен мына салтанаттың басшысы болмағанымда, әрі адамдардың мәселелерімен міндеттелмеген болмағанымда оның аяккиімдерін тасу үшін қасына баратын едім». (Әбу Дәуіт, Жәнәйз 55-57/3205)

Хазіреті Жағфардың (радиаллаһу анһу) Нәжәшиге берген жауаптары Исламға шақырушыларға қайда, қалай сөйлеу керектігі жөнінде тамаша бір мысал болады. Сол үшін де әрқашан бұл әдісті ұстану керек.

Одан Құран Кәрім оқуын сұранғанда кез-келген жерді емес, тақырыпқа сай, қажетті жерден керекті аяттарды, яғни Мәриям сүресінің Хазіреті Исамен байланысты бөлімді оқып жауап беруі құптарлық жағдай-ақ. Осымен қатар мүшриктердің мұхажирлерді артқа қайтару үшін алға тартқан сылтауларға ақылмен де, логикалық жағынан да жауап беріп, өздеріне келген діннің хақты, құқықты және көркем мінезді әмір еткенін айтуы да көңілге қонымды.

Пайғамбарымыз мұхажирлерге басшы етіп Жағфарды (радиаллаһу анһу) тағайындауында да үлкен мән-мағына, хикметтер бар. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл іс-әрекетімен басшылыққа тағайындалатын адамның, басшылық ететін жердің және тайпаның жағдайына қарап соған лайықты адамды қызметке қою керек екендігін бізге үйретуде.

Екінші Хабашистан хижретіне қатысқан мұхажирлердің бір бөлігі, Пайғамбарымыздың Мәдинаға хижретінен кейін, бір бөлігі болса, Хайбар азат етіліп жатқанда Мәдинаға келіп, Хазіреті Расул Әкрәмді (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қуанышқа бөлейді.

Хазіреті Хамзаның мұсылман болуы

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбада мүшриктерге Құран Кәрім оқу үшін тек асхабын ғана жібермеуші еді. Жиі-жиі өзі де барып, Аллаһтың аяттарын оқитын-ды. Осындай Құран оқудың бірінде Әбу Жәһил, Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) масқаралауда шектен шығып кетеді. Айналасына жиналып қалған өзге мүшриктерге де күшін көрсету үшін одан сайын өршітіп есірейін деп еді, бір әйел жүгіріп келіп, дәл сол кезде аңнан қайтып келе жатқан Хазіреті Хамзаға болған мән-жайды ақтарды:

– Әй, жігіттің сұлтаны! Қағбада ініңді масқаралап жатыр, оған жәбір көрсетеме деп қорқамын, бір жамандық істеп қояр олар! - дейді.

Хазіреті Хамза дереу Қағбаға жүгіріп барып, қарғысатқыр Әбу Жәһилді тоқтатып тастайды. Қолындағы садағымен ол ақымақтың басына қатты ұрғандығы соншалықты Әбу

Жәһилдің басынан қан аға бастады. Хамзаны мүншалықты араға түседі деп ойламаған иманның жауы, не істерін білмей сасқанынан өміріме қауіп төнер деп алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Бұған куә болған басқа мүшриктер де топ-тобымен тарқап кетеді. Өйткені барлығы да Хамзаның күшін өте жақсы білетін еді. Одан Құрайштың бүкіл балуандары тартынып, беттесуге дәттері шыдамайтын-ды.

Бұдан кейін Хазіреті Хамза Әлемдердің Мырзасы, інісі Хазіреті Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып:

– Міне өшіңді алдым уа, Мұхаммед. Енді уайымдама! - дейді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса, көкесінің бұл ісіне жауап ретінде:

–Уа, көке! Мен негізі сенің мұсылман болғаныңа қуанамын! - дегенінде, Хазіреті Хамзаның жүрегіндегі ғапылдықтың перделері түрілді. Ол жігіт сұлтанының ақиқатқа жүрек көзі ашылып, күлімсіреп, інісінің нұрлы бейнесіне қарап:

أَشْهَدُ أَنْ لَآ اِلٰهَ اِلاَّ اللهُ وَ أَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَ رَسُولُهُ

деп куәлік сөзін айтты.

Хазіреті Хамза (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздан екі жас үлкен тұғын әрі көкесі ретінде сүт бауыры еді.[197]

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уа, көке! Мен негізі сенің мұсылман болғаныңа

197. Қараңыз, ибн Хишам I, 312-313; Хаким III, 213; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 84.

қуанамын!» деуімен, өзінің өшінің алынуына емес, әсілі оның hидаятына қуанатынын баяндап, маңыздысы жалған өмір сергелдеңі емес, мәңгілік ақырет өмірі екендегін айтқан.

Хазіреті Хамзаның (радиаллаhу анhу) мұсылман болған күні Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаhу анhу) Расулұллаhқа барлығымыз бірге Мәсжидул Харамға барып, сол жердегілерді Исламға шақыру үшін қатты өтінеді. Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) болса:

– Уа Әбу Бәкір! Қазір санымыз өте аз, - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаhу анhу) қоймай тағы өтінгенінде, Пайғамбар асхабымен бірге Дарул Әрқамнан шығып Мәсжидул Харамға барды. Қағбаға барғандарында Әбу Бәкір (радиаллаhу анhу) адамдарды Аллаhқа және Расуліне иман келтіруге шақыруға бастағаны сол еді, мүшриктер Хазіреті Әбу Бәкірге және мұсылмандарға қарай жүгіріп келіп, оларды қатты соққының астына алады. Утба Әбу Бәкірдің (радиаллаhу анhу) үстіне шығып алып, темір өкшелі аяққиімдерімен тепкілейді. Әбу Бәкірдің (радиаллаhу анhу) үсті-басының бәрі қанға боялады. Тайпасы болған Таймаұлдары, Хазіреті Әбу Бәкірді мүшриктердің қолынан әзер дегенде арашалап алады.

Таймаұлдары, оны талған күйінде үйіне апарады. Өліп қалар деген оймен дереу артқа қайтып Мәсжидул Харамға кіріп:

– Егер Әбу Бәкір өлетін болса, уаллаhи біз де Утбаны өлтіреміз, - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаhу анhу) тек кешке қарай өз-өзіне келіп есін жинайды. Ең алдымен қанша қиналса да бар күшін жинап алып мынаны сұрады:

– Расулұллаһ қалай, жақсы ма?

Анасы Үммүл Хайр қайта-қайта:

– Бір нәрсе ішіп-жесеңші, - деп қоймады.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) оны тіптен естімеген сияқты:

– Расулұллаһ не істеп жатыр, жағдайы қалай? - деп сұраумен болады.

Үммүл Хайр:

– Балам-ау! Досың жайында ештеңе де білмеймін, - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) анасын, Расулұллаһ жайында мағлұмат алу үшін, мұсылман ханым Үммү Жәмилге[198] жібереді. Үммү Жәмил (радиаллаһу анһа) келіп, Хазіреті Әбу Бәкірдің мұндай бейшаралық халін көргенде өзін ұстай алмай бар даусымен:

– Аллаһқа ант етейін, саған бұны істегендер күмәнсіз олар пасық әрі кәпір! Олардың саған істегендерін Аллаһ жәй қалдырмасын! - деді.

Кейін Әбу Бәкірдің сұрағына Аллаһ Расулінің сау-саламатта, қазір Дарул Әрқамда екендігін айтты.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Аллаһқа ант етемін, Расулұллаһты көрмегенімше, ештеңе де аузыма алмаймын, - дейді.

Жұрт тынышталып, ел жатқан соң, анасы мен Үммү Жәмил, қолтығынан демеп, Әбу Бәкірді (радиаллаһу анһу)

198. Бұл ханым, Үммү Жәмил бинти Хаттаб есімді мұсылман әйел болатын. Әбу Ләһәбтың әйелі Үммү Жәмилмен шатастырып алмағайсыз.

Пайғамбарымыздың қасына алып барады. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу аннһу) Әлемнің Сұлтанын (аләйһиссәләту уәссәләм) көре салып, тізелерін құша кетті. Қадірлі досының бұл халі Пайғамбарымыздың жібектей жіңішке жүрегін елжіретіп, қатты әсерге қалдырады. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу аннһу):

– Әке-шешем сенің жолыңа пида болсын уа, Расулұллаһ! Менің ешқандай уайым-қайғым жоқ. Әлгі пасық, шірік неме мені біраз тепкілеп алғаны боламаса, - деді де Аллаһ Расулінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) анасының һидаятқа келуі үшін дұға етуін сұранды.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұғасының берекетімен, Әбу Бәкірдің (радиаллаһу аннһу) асыл анасы да иман келтіреді.[199]

Күн санап мұсылмандардың саны жылдам артуынан және Хазіреті Хамза (радиаллаһу аннһу) сынды ержүрек батырлардың Исламға кіруінен кейін, қатты саса бастаған мүшриктер, араларында бір жиналыс өткізіп, бұның алдын-алу үшін шара ойлап табуға кіріседі:

– Мұхаммедтің жағдайы барған сайын күшіне енуде, біздің жоспарларымымыздың тас-талқанын шығарды. Ең мықты деген сиқыршымызды, балгер-бақсымызды, ақынымызды оған жіберіп сөйлестіріп көрелік, - дейді.

Бұған Утба бин Рәбияны дұрыс көріп, Аллаһ Елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соны жібереді. Утба, мүшриктердің одан алдын ұсынған ұсыныстарын қайтадан ұсынумен болды. Сөзін бітіргенге дейін Аллаһ Расулі оны үндемей тыңдап алды да:

199. Қараңыз, ибн Әсир, Усдул Ғабә VII, 326; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 81.

– Әй, Әбул Уәлид! Айтарыңды айтып болдың ба? - деп сұрайды.

Утба:

– Иә, - дегенде, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Енді сен мені тыңда, - дейді.

Бисмиллаһ деп Фуссилат сүресін оқи бастайды. Сәжде аяты болған 37-ші аятты да оқып сәжде еткен соң:

– Әй, Әбул Уәлид! Оқығандарымды тыңдадың. Мұнда сен, анда ол! - дейді.

Утба орнынан тұрып, жолдастарына қарай бара жатқанында, оны көрген мүшриктер:

– Уаллаһи, Әбул Уәлид бағана бара жатқандағыдан қатты өзгерген бір кейіпте келе жатыр. Түр-әлпеті қатты өзгеріпті.

Қастарына жеткенде қобалжып асығыс Утбаға:

– Не болды, айтсаңшы? - дейді.

Утба:

– Уаллаһи, сондай бір сөз естідім, бұған дейін оған ұқсас ештеңе естімегем. Ол өлең де емес, сиқыр да емес, балгер-бақсылық та емес. Мұхеммед:

فَاِنْ اَعْرَضُوا فَقُلْ اَنْذَرْتُكُمْ صَاعِقَةً مِثْلَ صَاعِقَةِ عَادٍ وَثَمُودَ

«(Мұхаммед а.с.) **егер ыңғай танытпаса** (бет бұрса) **оларға айт: «Сендерге Ад және Сәмуд еліне келген найзағайға ұқсаған бір найзағаймен ескертемін»**, (Фуссилат сүресі 13-аят) деген кезде, одан ары оқымасын деп қолыммен

аузын басып, туыстығым үшін ант іштім. Мұхаммедтің айтқан әрбір нәрсесі айна-қатесіз болғанын көргенім үшін басымызға азап түсетінінен қорықтым.

– Әй, Құрайш жамағаты! Келіңдер мені тыңдаңдар! Оны өз жолына жеке қалдырыңдар, араға қыстырылмаңдар! Егер оны арабтар өлтірер болса, сендерден өзге біреудің қолымен одан құтыламыз. Керісінше арабтарға үстем келер болса, оның үстемдігі сендердің де үстемдіктерің. Оның құдыреттілігі мен қадірлілігі, сендердің құдыреттіліктерің мен қадірліліктерің. Осылайша Мұхаммедтің арқасында адамдардың ең бақыттысы боласыңдар! - дейді.

Құрайштықтар:

– Әй, Әбул Уәлид! Ол сені де тілімен сиқырлап қойыпты! - дегендерінде, Утба:

– Менің пікірім осы. Сендер не істегілерің келсе, соны істеңдер! - деп жауап қайырады. (Ибн Хишам, I, 313-314; Ибн Кәсир, әл-Бидая, III, 111-112)

Хазіреті Омардың мұсылман болуы

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу), Аллаһ Расулінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) он үш жас кіші еді. Әулет жағынан Пайғамбарымызбен тоғызыншы атада барып бірігеді.

Мүшриктер, әрдайым бас қосып ақылдасатын мәжіліс мекендері Дарун Нәдуәда жыйылып Қадірлі Расулімізді өлтіруге қарар алған-ды. Бұл үшін араларындағы ең батыры әрі қатал мінезді Омар бин Хаттабты таңдап жіберген-ді. Омар Аллаһ Елшісін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтіру мақсатымен ойында басқа ештеңке жоқ жолға шығады.

Жолда Нуғайым бин Абдуллаһты (радиаллаһу анһу) жолықтырады.

Нуғайым, Омардың жүрісінен сескеніп:

– Әй, Омар! Қайда бет алдың? - деп сұрайды.

Омар:

– Ата-бабасының дінін тастап, жаңа бір дін алып келген Мұхаммедті өлтіруге бара жатырмын, - дейді.

Парасатты сахаба болған Нуғайым (радиаллаһу анһу) уақыт ұтқысы келіп:

– Әй, Омар! Уаллаһи нәпсің сені алдапты! Сен оны өлтірер болсаң Әбду Манафұлдары сені сау қояды деймісің?! Сен алдымен өз отбасыңа қарасаң дұрыс болар еді, - дейді.

Омар ашуланып:

– Сен кімді айтып тұрсың?! - дейді.

Нуғайым (радиаллаһу анһу):

– Кім болушы еді, күйеу балаң Сайд бин Зәйд пен қарындасың Фатиманы айтып тұрмын. Уаллаһи екеуі де мұсылман болды, - деп жауап қайырады.

Нуғайым (радиаллаһу анһу) Омардың бұл қастандыққа бара жатқанын көрген соң, оны қарындасы мен күйеу баласының үйіне жолдап, жағдайды Аллаһ Расуліне хабарлау үшін уақыт ұтқан-ды.

Омар Нуғайымнан бұл сөздерді естіген соң қаны басына шауып, қатты ашуланады да тура қарындасының үйіне тартады.

Дәл сол уақытта қарындасы мен күйеу баласы және олардың қасында Хаббаб (радиаллаһу анһу) бар еді. Олар

Құран Кәрімді оқып жатқан-ды. Омардың өздеріне қарап ашуланып келе жатқанын көріп, Хаббабты үйлерінің бір бөлмесіне жасырып қояды. Фатима Ханым да дереу Құран Кәрімнің парағын жасырып үлгереді.

Омар үйге кіргенде:

– Әлгі құлағыма келген дауыстар не еді? - деп айқайлайды.

Күйеу баласы мен қарындасы:

– Саған көрінген болар әншейін, мұнда ондай бір нәрсе жоқ еді, - дейді.

Омар:

– Жоқ! Уаллаһи екеуіңнінде Мұхаммедке ергендеріңді естідім! - дейді де ашуланып күйеу баласына атылып, оны ұра бастайды. Араларына түскен Фатиманы да төмпештейді. Бұдан кейін Фатима:

– Әй, Омар! Не істесең соны істе! Қаласаң бізді өлтір! Біз мұсылманшылықтан әсте қайтпаймыз! - дейді.

Фатима (радиаллаһу анһу) иман күшімен бұл сөздерді жан даусымен айтқанда мүбәрак жүзінен тызылдап қан ағып түрды.

Қарындасынан мұндай жауапты күтпеген Омар сасып қалады. Қарындасының жүзіндегі қанды көріп, оған жаны ашиды. Істеген ісіне өкініп:

– Әлгі оқығандарыңды әкеліндерші қане, - дейді.

Қарындасы:

– Біз сенің сахифаға (Құран аяттары жазылған парақ) бір зиян беруіңнен қорқып тұрмыз, - дейді.

Омар:

– Қорықпа! - дейді де, оны оқып алғаннан кейін қайтарып беруге тәңірлері атымен ант етеді.

Бұдан кейін барып, Фатима Ханым, оның мұсылман болуын үміт етіп:

– Әй, аға! Сен пұтқа табынушы екенсің таза емессің!

Ал Құранның жазулы сахифасына пәк таза еместер қол тигізе алмайды! - дейді.

Омар орнынан тұрып ғұсыл алғаннан кейін ғана Фатима Ханым оған сахифаны береді. Кейін мына қасиетті аяттарды[200] оқи жөнеледі:

طٰهٰ ﴿1﴾ مَآ اَنْزَلْنَا عَلَيْكَ الْقُرْاٰنَ لِتَشْقٰى ﴿2﴾ اِلَّا تَذْكِرَةً لِمَنْ يَخْشٰى ﴿3﴾
تَنْزِيلًا مِمَّنْ خَلَقَ الْاَرْضَ وَالسَّمٰوَاتِ الْعُلٰى ﴿4﴾ اَلرَّحْمٰنُ
عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوٰى ﴿5﴾ لَهُ مَا فِى السَّمٰوَاتِ وَ مَا فِى الْاَرْضِ
وَ مَا بَيْنَهُمَا وَ مَا تَحْتَ الثَّرٰى ﴿6﴾ وَاِنْ تَجْهَرْ بِالْقَوْلِ فَاِنَّهُ يَعْلَمُ
السِّرَّ وَ اَخْفٰى ﴿7﴾ اَللّٰهُ لَآ اِلٰهَ اِلَّا هُوَ لَهُ الْاَسْمَآءُ الْحُسْنٰى ﴿8﴾
وَهَلْ اَتٰيكَ حَدِيثُ مُوسٰى ﴿9﴾ اِذْ رَاٰ نَارًا فَقَالَ لِاَهْلِهِ امْكُثُوٓا اِنِّىٓ
اٰنَسْتُ نَارًا لَعَلِّىٓ اٰتِيكُمْ مِنْهَا بِقَبَسٍ اَوْ اَجِدُ عَلَى النَّارِ هُدًى ﴿10﴾
فَلَمَّآ اَتٰيهَا نُودِىَ يَا مُوسٰى ﴿11﴾ اِنِّىٓ اَنَا رَبُّكَ فَاخْلَعْ نَعْلَيْكَ اِنَّكَ
بِالْوَادِ الْمُقَدَّسِ طُوًى ﴿12﴾ وَ اَنَا اخْتَرْتُكَ فَاسْتَمِعْ لِمَا يُوحٰى ﴿13﴾

200. Хазіреті Омардың оқыған аяттары, Хадид сүресінің бастапқы аяттары болғандығы жайында да риуаят бар. (Бәйхаки, Дәләил II, 217)

اِنَّنِی اَنَا اللّٰهُ لَآ اِلٰهَ اِلَّآ اَنَا فَاعْبُدْنِی وَ اَقِمِ الصَّلٰوةَ لِذِكْرِی ﴿14﴾
اِنَّ السَّاعَةَ اٰتِیَةٌ اَكَادُ اُخْفِیهَا لِتُجْزٰی كُلُّ نَفْسٍ بِمَا تَسْعٰی ﴿15﴾
فَلَا یَصُدَّنَّكَ عَنْهَا مَنْ لَا یُؤْمِنُ بِهَا وَ اتَّبَعَ هَوٰیهُ فَتَرْدٰی ﴿16﴾

«Та-ha. (Әй, Мұхаммед!) **Саған Құранды машақат үшін түсірмедік. Бірақ Аллаһтан қорыққан кісіге насихат үшін түсірдік.** (Құран) **жер-жүзі мен биік көктерді жаратқан Аллаһ тарапынан түсірілді. Ол Рахман** (құдырет әрі өктемтемдігімен) **Аршты меңгерді. Көктердегі, жердегі әрі екеуінің арасындағы барлық нәрсе Оған тән. Сен сөзіңді мейлі әшкере сөйле. Расында Ол сырды да құпияны да біледі. Ол Аллаһ. Одан басқа ешбір иләһ** (тәңір) **жоқ. Ең көркем есімдер Оған тән.** (Мұхаммед а.с.**) Саған Мұсаның** (а.с.) **қыссасы келді ме? Сол уақытта ол бір от көріп, үй-ішіне: «Түрған жерлеріңнен тапжылмаңдар. Бір от көрдім. Бәлкім сендерге бір шоқ әкелермін немесе оттың қасынан бір жол көрсетуші табармын» деген-ді. Ол жаққа барған сәтте оған: «Әй, Мұса!» деп үндеу айтылды: «Рас Мен күдіксіз сенің Раббыңмын. Тез аяққиіміңді шеш. Өйткені, сен қасиетті Туа ойпатындасың. Мен сені таңдадым. Енді** (саған) **уахи етілетін нәрселерді тыңда». Күдіксіз Мен Аллаһпын. Менен басқа ешбір иләһ жоқ. Сондықтан маған құлшылық қыл. Сондай-ақ мені еске алу үшін намаз оқы. Өйткені қиямет анық болады. Әркім істегенінің ақысын алуы үшін оның мезгілін әдейі жасырын ұстадым. Ендеше, қияметке сенбей, өз нәпсісінің қалауына ергендер, сенің оған иман келтіруіңе кедергі болмасын.** (Солай болатын болса) **кейін құрисың».** (Taha сүресі 1-16 аяттар)

Бұл аяттарды оқыған Омар бір сәтке қатып қалады да:

– Бұл неткен әдемі сөздер! Қаншалықты қадірлі (маңызды) десеңізші! - деген сөз аузынан қалай шыққанын

аңғармай да қалды.

Құранның әдеби байлығы мен көркемдігі оны қатты әсерге бөлеген-ді. Бұл сөздер бір адам баласының әсте айта алмайтын ақиқат пен хикметтерге тола еді. Бір сәт терең ойға шомып кетті.

Хазіреті Омардың сарп еткен сөздерін естіген Хаббаб (радиаллаһу анһу) жасырынған жерінен шығып:

– Әй, Омар! Уаллаһи Расулұллаһтың дұғасы саған нәсіп болады. Аллаһ Расулі кеше:

«Уа, Раббым! Исламды Әбул Хакәм бин Хишам немесе Омар бин Хаттабпен күшейте көр!» - деп дұға еткен-ді. Әй, Омар! Енді Алаһтан қорықсаңшы!» - дейді.

Хазіреті Омар, Хаббабқа:

– Әй, Хаббаб! Сен мені Мұхаммедтің қасына алып барсаңшы, мұсылман болайын! - дейді.

Дереу жолға түседі. Бұл сапардағы атқан қадамдары иман, ғашықтық пен жүрек дүрсілі Расулұллаһтың шынайы хақ жолын қабылдаудың нышаны еді.

Хазіреті Омар Әрқамның үйіне жеткенінде оның алдынан Хазіреті Хамза шығып, беліне қылышын асынып алып, кез келген қолайсыздыққа әзір тұрған-ды. Өйткені Нұғайым (радиаллаһу анһу) оларға бұдан алдыңғы болған жайтті хабардар етіп қойған еді. Кейінгі өзгерістерді ешкім де естіміген-ді.

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі де орнынан тұрып Омарға қарсы жүреді. Оны аулада күтіп алып, не үшін келгенін сұрайды. Хазіреті Омар келгендегі мақсатын былайша жеткізеді:

– Мұсылман болуға келдім уа, Расулұллаh!

Мұны естіген Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Хақ Тағаланың құдырет күшіне шүкіршілік етіп:

اللهُ أَكْبَرُ

«Аллаhу Әкбар» - деп тәкпір келтіреді. Бұны естіген бүкіл сахабалар жоғары дауыспен тәкпір келтіреді. Осылайша Аллаh Елшісінің (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) дұғасы қабыл етілген-ді.

Хазіреті Омар (радиаллаhу анhу) сөз бастағанында жүрегі орнығып, құзыр ішінде еді. Ең алғашқы сарп еткені куәлік сөзі болды:

أَشْهَدُ أَنْ لَآ اِلٰهَ اِلاَّ اللهُ وَ أَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَ رَسُولُهُ

Пайғамбарымыздың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) дұғасы Омар бин Хаттабқа нәсіп болды. Ал Әбул Хакәм бин Хишам, яғни танымал атымен айтсақ Әбу Жәhил болса, түскен бақытсыздық батпағына батып, жоқ болды.[201]

Хазіреті Омардың Аллаh Расулінің құзырында куәлік сөзін келтіріп, мұсылман болғаннан кейін, оның ұсынысымен бүкіл мұсылмандар болып, Әрқамның үйінен шыға салып, тәкбір келтіріп, Қағбаға қарай бет алды.

Бұл жағдай мүшриктерді қатты шошытады. Сол кезде Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Хазіреті Омарға хақ пен батылды ажыратқаны үшін «Фаруқ» сипатын береді.[202]

201. Қараңыз, Ибн Хишам I, 365-368.
202. Қараңыз, Диярбақри I, 296.

Хазіреті Омар сол бір кездерді кейін былайша баяндайды:

«Мұсылман болатұра азап пен зорлық-зомбылық көрмеген, бұл жолда күреспеген ешкім қалмаған еді. Тек маған ғана ешкім тимеген еді. Өз-өзіме былай дедім;

«Мұсылмандар әр түрлі пәлекеттерге тап болғанда, мен сап-сау қалғым келмейді».

Исламға кірген күні ойландым, Мекке мүшриктерінен, Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарсы бағытталған дұшпандық іс-әрекетттердің басы-қасында ең көп кім жүрсе, соған барып мұсылман болғанымды айтуға бел будым. Таң атқан соң Әбу Жәһилдің есігін қақтым. Есік алдына шығып:

– Қош келдің әй, Омар! Қандай жаңалық алып келдің? - деді.

Мен:

– Аллаһқа және Расуліне иман келтіріп, ол алып келген бүкіл нәрселерді құптағанымды саған хабар беруге келдім! - дегенде лағынет етіп, есікті жүзіме ұратындай етіп жауып алды. (Ибн Хишам, I, 371)

Кейінірек Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Құрайштың азғын мүшриктерінен болған нағашысы Уәлид бин Муғираға және ақиқаттың қас жауынан тағы да екі мүшрикке барып, осы жақсы хабарды айтады. Бірақ олардың ешбірінің оған қарсы бір нәрсе істеуге батылдары жетпей, бар болғаны есікті ішінен тас жауып, үміттері үзіліп үйді-үйлеріне тығылды.

Абдуллаһ бин Мәсғуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Хазіреті Омардың мұсылман болуының өзі – фәтх, хижрет етуі – жәрдем, халифалығы да – рақымдылық еді.

Омар (радиаллаһу анһу) мұсылман болғанға дейін Қағбаның алдында ашықтан-ашық намаз оқымаған едік. Ол мұсылман болғаннан кейін Құрайш мүшриктерімен күрес жүргізді, сөйтіп олар да бізге тиіспеді. Осылайша ол жерде намаз оқи алдық». (Хәйсәми IX, 62-63)

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Хижретке дейін Меккеде Исламның жолында бар күшін салып күресті әрі мүминдермен бірге көптеген азап шекті.

"ХИКМЕТ" баспа үйі

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ЖЕТІНШІ-ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАРЫ: БОЙКОТ ЖЫЛДАРЫ

Мүшриктердің мүсылмандарды қыспаққа алу саясаты:

Үш жылға созылған бойкот

Ислам, күн өткен сайын күш алып, алға қарай дамый түсті. Исламның бұлай қарқынды дамуы мүшриктердің қызғанышын тудырып, өшпенділіктерін арттырды. Бұл жағдайға бұдан ары шыдай алмаған мүшриктер Пайғамбарымызға қастандық жасауға бәрі бір ауыздан келіседі.

– Оны жасырын немесе ашықтан-ашық, міндетті түрде өлтіреміз, - деп ант беріседі.

Әбу Тәліб, Құрайш мүшриктерінің бұндай қастандықты істеуге бәрі бір ауыздан қарарлы екендігіне көзі жетіп, Аллаh Расулінің өмірі үшін алаңдай бастайды. Сөйтіп, Хашимұлдары мен Мутталибұлдарын жинап алып Әлемдердің Сұлтанының (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) жанында болып, оны әр түрлі қауіп-қатерден қорғауларына байланысты әмір берді.

Мұхаррам айы туған түні Әбу Тәліб, Аллаh Расулі және бүкіл Хашимұлдары мен Мутталибұлдары, Әбу Тәлібтің ауылында жиналады. Тек Әбу Ләhәб қана қатыспайды, ол мүшриктермен бірге болуды жөн көреді.

Сондықтан да мүшриктер, Исламның одан ары қарай жайылып, күшейуіне мүрсат бермей түп-тамырын жою үшін бір жоспар құрады:

Экономикалық және әлеуметтік бойкот жасап, бұл дінге жаңадан кіргендерді осылайша қинап, жолдарынан тайдыру еді.

Осы мақсатпен, Әбу Жәһилдің басшылығымен жиналған қара жүректер, мұсылмандарға және оларды қорғап отырған Хашимұлдарына сауда-саттықтың барлық түрінен алыс-беріс жасауды, қыз алып, қыз беруді және де әр түрлі мәдени іс-шаралармен бірге бүкіл пенделік қарым-қатынастарға тыйым салынды. Бұны уағдаласу сөзімен бекітіп, Қағбаның дуалына асып қояды.

Бұл келісім парағын, Мансур бин Икримә жазған-ды. Парақты жазған күні Аллаһ Расулінің дұға жасауының нәтижесінде қолы істемей қалады. Осыдан кейін мүшриктер өз араларында:

«Хашимұлдарына зұлымдық жасағанымыз үшін Мансур бақытсыздыққа ұшырады», дей бастады. (Ибн Хишам I, 372-373; Ибн Саад I, 208-209; Бұхари, Хаж 45)

Бұл бойкоттан кейін, алдымен Меккенің әр түрлі ауданынында тұратын бүкіл мұсылмандар, бір-бірімен тығыз байланыста болу үшін Шибғи Әбу Талиб деп аталатын Хазіреті Пайғамбардың көкесінің ауданына қоныс аударады. Расулұллаһта (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әрқамның үйінен шығып осы ауданға қоныстанады.

Әбу Тәліб әрқандай бір жамандық пен қастандыққа қарсы қолынан келген барлық қауіпсіздік шараларын қолданады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кешкісін әдеті бойынша төсегіне жатып, түннің бір уағында адамдар ұйқыға кеткенде Әбу Тәліб ұлдарының бірін, інілерін

немесе немере інілерінің біреуін Аллаһ Расулінің төсегіне жатқызып, Пайғамбарымызды оның орнына ауыстыратын еді.[203]

Мұсылмандар үшін үлкен жоқшылық басталды. Әбу Жәһил және оның азғын адамдары, күні-түні демей мұсылмандар тұратын ауданды торауылдап, ол жаққа азық-түлік кірмеуін қатты қадағалап отырды.

Базарлардан мұсылмандар жаққа баратын бүкіл жолдарға бекет қойды. Базарға сатылуға келген азық-түлектерді мұсылмандарға түк қалдырмастан сатып алып қоятын-ды. Мұсылмандар тек қажылық маусымында ғана Әбу Тәліб ауданынан сыртқа шыға алатын еді. Мүминдердің бірі балашағасына азғана жейтін бірдемелер алу үшін сатушыға жақындаса болғаны, Әбу Ләһәб дереу азық-түліктің басында тұрып алып:

– Әй, саудагерлер! Бағаларды Мұхамедтің асхабына қатты көтеріңдер, олар сендерден еш нәрсе ала алмайтын болсын. Сендер менің бай әрі сөзінде тұратын адам ретінде танисыңдар. Егер осылай істер болсаңдар сендерге ешқандай зиян келмейтініне мен кепілдік беремін! дейді.

Мұсылмандар аштықтан жылап-сықтаған балалары үшін жейтін еш нәрсе ала алмай кері қайтатын. Саудагерлер таңертең Әбу Ләһәбқа барып, онда қалған заттарды жоғары бағамен сатып алатын-ды.[204]

Бұндай қиын жағдайда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен Хазіреті Хадиша анамыз, бүкіл жиып-терген дүние-мүліктерін мұсылмандар үшін сарп етеді.[205]

203. Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 132.
204. Сухәйли II, 127-128.
205. Яқуби II, 31.

Мүшриктер өздері тұратын ауданның бүкіл жолдарын жауып қойғанымен, кейбір меккеліктер жасырын түрде туыстарына жәрдем беретін еді. Хаким бин Хизам бір керуенмен Шамнан бидай алып келген-ді. Бір түйеге бидай артып, жасырын түрде мұсылман ауданының жолына алып келіп, түйенің арқасынан ұрып жіберіп, мұсылмандарға қарай түйені қуады. Олар да түйенің үстіндегі бидайды түсіріп алады. Тағы бір түні түйеге ұн артып солардың жолына салып жібереді.

Хишам бин Амр да дәл солай мұсылмандарға көмек көрсеткен кісінің бірі еді. Хишамның бірнеше түйеге азық жүктеп мұсылмандарға жібергенін естіген адамгершіліктен жұрдай мүшриктер, оны қатты ескертіп қорқытады. Ескертулерге құлақ аспай Хишам туыстарына жәрдем көрсетуді тоқтатпаған соң, мүшриктер ауыр сөздер айтып оны ауыр соққы астына алады. Әбу Суфиян араға кіріп оның өлтірілуіне кедергі болып:

– Қоя беріңдер бейбақты! Туыстарына жақсылық жасапты! Әттең біз де бұның істегенін істей алсақ қой, қандай тамаша болар еді! - деп, Хишамды аман алып қалды.

Бұл кезеңде мұсылмандар қатты қиыншылық пен жоқшылыққа тап болады. Кейбіреулері ағаш жапырақтарын жеп қарындарын тойдыруға мәжбүр қалады. Балалар аштықтан улап-шулап жатты. Олардың жан айқайлары сол бүкіл қалаға естіліп жатты.

Мүшриктердің бұл қоршаудағы мақсаттары Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға мойынсұнып келгенге дейін мұсылмандарды аш қалдырып, осылайша Аллаһ Расулін өлтіру үшін ыңғайлы уақытты күту. Тек Әбу Тәлібтің басшылығындағы Хашимұлдарымен біріккен мұсылмандар Пайғамбарымызды қорғау үшін, керек болса қасық қаны қалғанынша соғысуға дайын еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) меккеліктердің зорлық-зомбылықтары шыдас берместей дәрежеге жеткенде, мүбәрак қолдарын көкке көтеріп Құрайш мүшриктеріне былай беддұға жасайды:

– Уа, Раббым! Мынау залым қауымға Юсуфтың (аләйһиссәләм) заманындағы сияқты жеті жыл қиыншылық азабын беріп, маған жәрдем ет!

Бұл дұғадан кейін жаңбыр тоқтап, Құрайш мүшриктеріне қатты қуаңшылық пен құрғақшылықтың келгені соншалықты барлық нәрсені күйдіріп, сыпырып әкетті. Көбісі аштықтан өледі. Жейтін еш нәрсе таба алмаған соң, өлекселерді, терілерді жей бастайды. Олардың бірі аспанға көз тастағанда, ондағы аштықтың салдарынан айналасындағы барлық нәрсені тұманға ұқсататын-ды.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бұл оқиғаны былайша баяндайды:

فَارْتَقِبْ يَوْمَ تَأْتِى السَّمَآءُ بِدُخَانٍ مُبِينٍ ﴿10﴾

يَغْشَى النَّاسَ هٰذَا عَذَابٌ اَلِيمٌ ﴿11﴾

«(Мұхаммед а.с.) **ендеше аспанның адамдарды қаптайтын ашық бір тұман шығаратын күнді күт. Бұл жан түршіктірерлік бір азап».** (Дұхан сүресі 10-11 аяттар)

Бұл қуаңшылық қатты белең алған соң Әбу Суфиян Әлемдердің Мырзасы Пайғамбарымызға өтініш етіп:

«Уа, Мұхаммед! Сен рақымдылықпен жіберілгеніңді, Аллаһқа мойынсұнуды, туыстарға жәрдемдесуді айтып жүрсің. Қауымың болса, құрғақшылықтан жоқ болып кеткелі тұр. Олардан бұл пәлекетті құрту үшін Аллаһқа дұға етсеңші! Егер сенің дұғаңның себебімен Аллаһ бұл пәлекетті

бізден аулақ әкететін болса, Аллаһқа иман келтіреміз!» - дейді. Артынша ант етіп, сөз береді.

Бұдан кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дұға етеді. Жаңбыр жауып, құрғақшылықтың ізі жойылады. Рахатқа бөленген мүшриктер қайтадан ширкке түседі.[206]

Хақ Тағала, имансыздардың бұл әрекеттері жайында былай дейді:

وَ اِذَا مَسَّ الْاِنْسَانَ الضُّرُّ دَعَانَا لِجَنْبِهٖٓ اَوْ قَاعِدًا اَوْ قَآئِمًا
فَلَمَّا كَشَفْنَا عَنْهُ ضُرَّهٗ مَرَّ كَاَنْ لَّمْ يَدْعُنَآ اِلٰى ضُرٍّ مَّسَّهٗ
كَذٰلِكَ زُيِّنَ لِلْمُسْرِفِيْنَ مَا كَانُوْا يَعْمَلُوْنَ

«Адам баласына бір қиыншылық келсе: Жантайып жатқанда немесе отырғанда яки түрегеп тұрғанда Бізге жалбарынады; алайда қашан Біз одан қиыншылықтан айықтырсақ, тіптен өзіне келген қиыншылықтан Бізге ешқашан жалбарынбағанындай сыңай байқатады. Міне, сондықтан да шектен шығушыларға істеген істері осылайша көркем көрсетілді». (Юнус сүресі 12-аят)

Бойкоттың тоқтатылуы

Небір қиыншылықтарды бастан өткізген бұл үш жылдың соңына таман, Аллаһ Тағала мүшриктердің Қағбаға асып қойған келісім шарт жазылған қағаздарына құрт түсіреді. Құрт қағаздағы «Бисмикаллаһуммә: Сенің есіміңмен

206. Бұхари, Тәфсир 30, 44; Муслим, Мунафиқин 40; Ахмед бин Ханбәл I, 431, 441.

бастаймын уа, Аллаһым» деген сөзінен басқасының бәрін, яғни зұлымдыққа бастаған сөздерді түгелдей дымын қалдырмай жеп қояды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне уахимен білдірілген бұл хабарды көкесі Әбу Тәлібке айтты. Әбу Тәліб бұл хабарды бауырларына жеткізіп:

– Ең әдемі киімдеріңді киіп құрайштықтарға барыңдар. Олар байқамай тұрғанда, олардан бұрын барып, қағаздың мән-жайын айтыңдар, - дейді.

Әбу Тәліб пен бауырлары мүшриктерге бұл хабарды жеткізгенде олар дереу адам жіберіп қағазды алдыртқандарында, оның дәл Аллаһ Расулінің айтқанындай екендігіне куә болады. Құрайштар су сепкендей басылады. Әбу Тәліб бұдан күш алып, батылданып:

– Ендігі кезде, зұлымдық еткендеріңді, туған-туыстармен байланысты үзіп жамандыққа барғандарыңа көздерің жетті ме? - дейді.

Мүшриктердің ешқайсысы Әбу Тәлібке жауап қайыруға шамасы келмей тек:

– Бұл сиқырдың нақ өзі деп, ап-ашық ақиқатқа теріс бұрылып, зұлымдықтарына қайта басады.

Құрайштың басшыларының кейбіреулері Хашимұлдарына істеген жаманшылықтарынан бір-бірін жазғырады:

– Бауырларымызға қарсы бұл істегендеріміз, зұлымдықтан өзге ешетеңе де емес! - дейді.

Пайғамбарлықтың онынші жылы аяқ басқанда, құрайштықтардан бірнеше адам бойкотты тоқтату үшін әрекетке көшеді. Хишам бин Амр, Зухайр бин Әби Умаяға:

– Әй, Зухайр! Нағашыларың бір нәрсені алып-сатудан, үйленуден, т.б. нәрселерден мақрұм етіліп, жоқшылықтың ішінде қиналып жатқанда сен қалағаныңды ішіп-жеп, киінуге қалайша көңілің разы болады? Уаллаһи Әбу Жәһилді, өзінің нағашыларына қарсы бұндай бір келісімге шақырсаң, ешқашан да қабыл етпес еді, - дейді.

Хишам, Зухайрды көндірген соң Мутғим бин Адиді, Әбул Бахтәри мен Зәмға бин Әсадті бір-бірлеп өз жағына өткізеді. Бұл бес адам Меккенің жоғарысындағы Хажун атты жерде жиналып, не істеу керектігі жөнінде ақылдасады. Келісім бұзылғанға дейін күш-жігер жұмсауға сөз беріседі.

Таң атқан соң Мәсжидул Харамға барады. Зухайр, үстіне өте қымбат киімін киіп алып Қағбаны тауап етеді де:

– Әй, меккеліктер! Біз қалағанымызша ішіп-жеп, киініп жүрелік, ал Хашимұлдары мен Мутталибұлдары алыс-берістен мақрұм етіліп құрып кете берсін ә, осы дұрыс па енді? Аллаһқа ант етейін, туысқандық қарым-қатынасты бұзған зұлымдықтың нышаны болған мына қағаз жыртылғанға дейін жәйдан-жәй отыра аламаймын, - дейді.

Әбу Жәһил қарсы шықса да, қалған төртеуі бұрынғы келіскендері бойынша Зухайрды құптайтындарын білдірген соң, іс дереу оңға басады. Мутғим орнынан тұрып, Қағбаның дуалында асулы тұрған қағазды жыртып тастайды. Бұдан кейін Адий бин Қайс, Зәмға, Әбул Бәхтәри және Зухайр қару-жарақтарын асынып, Хашимұлдары мен Мутталибұлдарына барып, оларды Әбу Тәліб аудынынан шығарып, үйлеріне қайтарды. Осылайша мұсылмандар үш жылға созылған әрі ауырға соққан жоқшылықтан Аллаһтың жәрдемімен арылады. Әбу Тәліб бойкотты бұзғандарды бір өлең жазып мадақтайды. Ал мүшриктер болса, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламды

тәблиғ етуіне кедергі келтіре алмайтындықтарын біліп, үміттері суға кетеді.[207]

Сөйтіп не керек, көрген қорлықтар мен қиыншылықтар, мұсылмандардың имандарын одан сайын күшейтіп, қатарларының одан сайын көбейуіне себеп болды. Кәпірлер әдеттегідей зиянға ұшырағаннан басқа бір пайда таппады.

Пайғамбарлықтың сегізінші жылында, ирандықтар римдіктерді (Византиялықтар) соғыстажеңеді. Римдіктердің қалаларын жағып-жығып, Стамбулға дейін таяп келіп, Византияның императорын ауыр салық төлеуге мәжбүр етеді.

Ирандықтар отқа табынатын болған соң, мүшриктер олардың жеңісіне қатты қуанады. Әһлі кітап болған римдіктердің жеңіліске ұшыраулары, Пайғамбарымызды қатты мұңға бөлейді. Осыдан кейін Аллаһ Тағала бұған байланысты мына аяттарды түсіреді:

الٓمّٓ ﴿1﴾ غُلِبَتِ الرُّومُ ﴿2﴾ فِيٓ اَدْنَى الْاَرْضِ وَ هُمْ
مِنْ بَعْدِ غَلَبِهِمْ سَيَغْلِبُونَ ﴿3﴾ فِي بِضْعِ سِنِينَ لِلّٰهِ الْاَمْرُ
مِنْ قَبْلُ وَ مِنْ بَعْدُ وَ يَوْمَئِذٍ يَفْرَحُ الْمُؤْمِنُونَ ﴿4﴾
بِنَصْرِ اللّٰهِ يَنْصُرُ مَنْ يَشَآءُ وَ هُوَ الْعَزِيزُ الرَّحِيمُ ﴿5﴾

«Әлиф. Ләм. Мим. Римдіктер жеңілді. (Арабтарға) **ең жақын жерде олар жеңілгеннен кейін бірнеше жылдың ішінде жедел жеңіске ие болады. Қайткенде де әмір**

207. Қараңыз, ибнХишам I, 397-406; ибн Саад I, 210-211.

Аллаһтікі. Сол күні мүминдер де Аллаһтың қалауымен қуанышқа кенеледі. Аллаһ қалағанына жәрдем етеді. Ол (құдыретіменбалықнәрсеге)**асаүстем,**(рақымшылдығымен есіркеуші) **ерекше мейірімді».** (Рұм сүресі 1-5 аяттар)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сөзсіз парсылар жеңіліске ұшырайды! - дейді. (Ахмед бин Ханбәл, I, 276)

Бұл иләһи хабарды естіген Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) мүшрик Убәй бин Халәфпен, римдіктердің парсыларды үш жыл ішінде жеңетіндіктеріне байланысты он түйеге бәстеседі.[208]

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) бұл бәстесуді Аллаһ Расуліне айтқанында Ол:

- Аяттағы «бид» сөзі үш пен тоғыз арасындағы сандарға айтылады. Сен дереу барып, түйелердің санын көбейт, уақытты да ұзарт, дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) қайта барып, уақытты тоғыз жылға, түйелердің санын да жүзге көбейтеді.

Римдіктер күн-санап күшейіп ирандықтарды қатты жеңіліске ұшыратады. Бұны естіген Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Убәйдің берешегі жүз түйені алып, Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алып келеді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

- Бұларды кедейлерге тарқат, деп бұйырады.

Ол сөйтіп кедейлерге тарқатады.

208. Бұл оқиға бәстесу тыйым салынбастан бұрын болған-ды.

Құран Кәрімнің бұл мұғжизасын көрген Меккелік мүшриктердің көбісі мұсылман болады.[209]

Шаққи Қамар – Айдың екіге бөліну мұғжизасы

Аллаh Тағала «сиратул мустақимге» шақыру міндетімен міндеттелген пайғамбарларды адамдарға әсер етіп, олардың иманға келулері үшін таңғажайып бір күшпен ерекшелеген. Бұл, алдына кедергі болатын күпірліктің қарсыласуына қарсы шығып, оны өшіру үшін керек. Сондықтан да пайғамбарларға жұртшылықтың оларға сеніп, арттарынан ерулері үшін кейбір таңқалдырарлық сыйлықтар, мүмкіншіліктер берген бұларға «мұғжиза» деп айтылады.

Мұғжизалар әрбір пайғамбарға, өз дәуірлерінде адамдарды таңдай қақтырып, таңқалдыратын әрі құдірет пен күшке сүйене отырып, ортаға қойылатын сол кездің басты ерекшеліктеріне қарай әр түрлі болған. Мысалы, Хазіреті Мұса (аләйhиссәләм) дәуірінде сиқыршылық дамыған еді. Сол себептен оған Аса және Ядиу Бәйда[210] сияқты сиқыршылық мұғжизасы берілді.

Хазіреті Иса дәуірінде болса медицина ғылымы дамыған-ды. Дәрігерлердің мәртебелері халықтың алдында өте жоғары еді. Сол үшін де оған ең мықты дәрігерлердің өзін шарасыз қалдырып, оларды мойынсұндыратындай бір мұғжиза берілді. Мысалы, өлілерді тірілту сияқты.

---

209. Қараңыз, Тирмизи Тәфсир 30/3194; Қуртуби XIV, 3.
210. Ядиу Бәйда, яғни ақ қол дегенді білдіреді. Бұл Хазіреті Мұсаға берілге тоғыз мұғжизаның бірі. (Қараңыз, Ағраф сүресі 108-аят; Исрасүресі 101-аят; Таhа сүресі 22-аят; Шуғара сүресі 33-аят; Нәміл сүресі 12-аят; Қасас сүресі 32-аят) Ол қолын шығарған кезде дәл күннің сәулесі сияқты айналаның барлығы жап-жарық болатын-ды.

Ал Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедтің (аләйһиссаләту уәссәләм) пайғамбарлығы қиямет қайымға дейін бүкіл заман мен мекендерді қамтығандықтан о бұрынғы пайғамбарлардың барлығында болған ерекше күштерге, билікке әрі мұғжизаларға ие болып, барлығынан да үстем еді. Сондықтан да оның мұғжизалары, сол дәуірдің ең әсерлі ерекшелігі болған әдеби байлық пен сөз көркемдігімен ғана шектеліп қалмай, әр түрлі салаларда да көрініс тауып отырған. Бұлардан бір мысал берсек, жоғарыдағы мүшриктердің бойкоттарының себебінен әлсіреп, шаршап-шалдыққан мүминдердің бір сепіліп, қарсы тұрып күресуге күш-қайрат дарып, үміт оты жағу үшін әрі кәпірлерге ғибрат болсын деп «Шаққи Қамар» яғни «Айдың екіге бөлінуі» мұғжизасы іске асқан-ды.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл үлкен мұғжизасы бойкот жылдарында, яғни Мекке кезеңінің тоғызыншы жылы болды.

Айлы бір түнде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Раббысына дұға етіп, ай екіге бөлініп, бұл мұғжиза әр тұстан көрінген-ді. Ай екіге бөлінгенде бір бөлігі Әбу Құбәйс тауы жақтан, екінші бөлігі Қуақиян тауы жақтан көрінді. Мүшриктер өз көздерімен көрген бұл ап-ашық мұғжизаға сонда да иман келтіруге ниет білдірмейді. Әбу Жәһил «Бұл бір сиқыр ғой» деп бұл мұғжизаны қабылдамайды.

Бұл мұғжизаға куә болған мүшриктер, Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) меңзеп:

«Бізді сиқырлап тастады, бірақ басқаларды сиқырлай алмайды», дейді.

Сол үшін Меккеден шалғай, ұзақ жерлерден келген керуеншілерден де осындай оқиғаны көріп-көрмегендерін сұрайды. Олар да айдың екіге бөлінгендігін растайды.

Бұл оқиғаның артынша мына аят түседі:

اِقْتَرَبَتِ السَّاعَةُ وَانْشَقَّ الْقَمَرُ ﴿1﴾

وَ اِنْ يَرَوْا اٰيَةً يُعْرِضُوا وَ يَقُولُوا سِحْرٌ مُسْتَمِرٌّ ﴿2﴾

«Қиямет жақындады әрі ай бөлінді. Олар бір мүғжиза көрсе болды дереу жалтарады да: «Бұрыннан келе жатқан бір сиқыр», - дейді». (Қамар сүресі 1-2 аяттар) (Уахиди 418 б; Тирмизи, Тәфсир 54/3286)

Бүкіл Меккенің халқы, айдың екіге бөлінгенін бір ауыздан құптады. Жүрегінде титтей де иманы барлар, Аллаh Расулін қолдады; ал жүрек көзі тұмшаланғандар болса, «Қандай үлкен сиқыршы» деді.

Атақты француз астрономы ғалым Лефранчойс де Лаланде, айдың бұрынғы өткен жолдарын зерттей отырып, «Шаққи Қамар» мүғжизасының дұрыстығын қабыл етуге мәжбүр болған.[211]

❁

Аллаh Тағаланың пайғамбарларына бағыштаған мүғжизалардың хикметін қысқаша баяндап кетсек былай болмақ:

1. Адамдарды әсерлендіріп, иманға тарту.

2. Мүминдердің имандарын күшейтіп, көңілге жұбаныш сыйлау.

3. Пайғамбарлардың пайғамбарлығын дәлелдеу.

4. Иләhи құдыретпен қарсы келушілерді бейшаралыққа түсіріп, мүминдерді болса таң қалдыру.

211. Қараңыз, Зекай Конрапа 110 б.

Құран Кәрімнің әрбір аяты, мүминдердің иманын, қарсы келушілердің қарсы тұруын күшейткені сияқты мұғжиза да аятта «ла яһди» деп келтірілгеніндей, яғни Раббың һидаят нәсіп етпейтіндердің қарсылығын күшейтеді.[212]

«Шаққи Қамар» оқиғасы Пайғамбарымыздың үлкен мұғжизаларының бірі болып саналады. Пайғамбарымыз «Ақыр заман пайғамбары» болғаны үшін оның (Шаққи Қамар) осы дүниеде іске асуы, қиямет қайым белгілерінің бірі болып есептеледі. Осы жөнінде қасиетті аятта:

اِقْتَرَبَتِ السَّاعَةُ وَانْشَقَّ الْقَمَرُ

«**Қиямет жақындады әрі ай екіге бөлінді»**, (Қамар сүресі 1-аят) деп жоғарыдағы ақиқат айтылуда.

Пайғамбарымыздың әрқандай жағдайда болсын тәблиғті тоқтатпауы

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қауымының көрсеткен бүкіл зорлық-зомбылығына қарамастан адамдарды Исламға шақырудан бір сәт болсын кері тұрмаған. Әрбір сәтте адамдарды һидаятқа шақырып, қарсысындағы адамның жағдайына қарап әр түрлі әдістерді қолдана отырып, мәміле жасады.

---

212. «لَا يَهْدِى» Аллаһ һидаят бермейді. Бұл сөз Құран Кәрімде дәл 26 аятта өтеді. Мысалы:

وَ اللهُ لَا يَهْدِى الْقَوْمَ الظّٰلِمِينَ

«...Аллаһ, залымдарға һидаят бермейді». (Бақара сүресі 258-аят)

وَ اللهُ لَا يَهْدِى الْقَوْمَ الْكٰفِرِينَ

«...Аллаһ, кәпірлерді һидаятқа келтірмейді». (Бақара сүресі 264-аят)

وَ اللهُ لَا يَهْدِى الْقَوْمَ الْفٰسِقِينَ

«...Аллаһ, пасықтар қауымына һидаят бермейді». (Маида сүресі 108-аят) аяттары осының бірер мысалы.

Құрайштықтардың жамбасы жерге тимеген ең мықтысы Руқанә, бір күні Мекке ойпаттарының бірінде Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кезіккенде, Пайғамбарымыз оған:

– Әй, Руқанә! Сен әлі күнге дейін Аллаһтан қорықпай, әрі Исламды қабыл етпей қасарысып жүре бермікпісің? Кел оданша мұсылман бол! - деп, оны Исламға шақырады.

Руқанә:

– Уа, Мұхаммед! Сен мені күресіп жеңер болсаң, саған иман келтіремін! - дейді.

Қадірлі Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Мен жеңер болсам, айтқандарымның хақ екендігін қабыл етемісің? - дейді.

Руқанә:

– Иә, Сен мені жеңсең, мен не Исламды қабыл етемін, не мына қойларым сеніңкі болады! Егер мен сені жеңер болсам, сен мына пайғамбарлық дағуатыңнан қайтасың! - дейді.

Сөйтіп күресе кетеді. Әлемдердің Сүйіктісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны ұстар-ұстамас жерге атып ұрады. Руқанә өз-өзін қорғай алмай қалады.

– Уа, Мұхаммед! Тағы да күреселік, - дейді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайта күреске түседі де тағы да жеңеді.

Руқанә:

– Әй, көкемнің баласы! Қане тағы бір рет күреселік? - дейді.

Үшінші рет жауырыны жерге тиген Руқанә тағы да иман келтірмейді.

Пайғамбарымыз Руқанәнің иман келтірмегенінен және де осы тұста кейбір сөздерден әсерленіп, оған:

– Қойларыңды ал да бара ғой, - дейді.

Бұған Руқанә:

– Уаллаһи сен менен әлде қайда шарапаттысың! - дейді.

Руқанә (радиаллаһу анһу) жылдар өткен соң Мекке азат етілгеннен кейін мұсылман болады, Мәдинаға барып, сол жерде қоныс тебеді. (Ибн Хишам I, 418; ибн Әсир, Усдул Ғабә II, 236)

Бір рет Әзди Шәнуә тайпасынан Димад бин Саләбә, умра үшін Меккеге келеді. Димад дәрігерлікке қатты қызыққан, есі ауысқандарға дем салып жүрген әрі ғылымға өте құштар адам еді. Мүшриктердің «Мұхаммед жынды!» дегенін естігенде:

– Мен барып сол адамды бір көрейін. Мүмкін менің себебіммен Аллаһ оған шипа берер, деп мүшриктердің мәжілісінен шығып кетеді. Сөйтіп Пайғамбарымызға барып:

– Уа, Мұхаммед! Мен жындыларды жазушы едім. Қаласаң сені де емдейін. Мүмкін Аллаһ саған шипа берер, - дейді.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Димадқа мынадай жауап береді:

«Мақтау Аллаһқа лайық. Біз Оған мақтау айтып, жәрдемді де, жарылқауды да Одан күтеміз. Нәпсіміздің жамандығынан Аллаһқа сиынамыз. Аллаһ кімге һидаят берсе, оны ешкім де адастыра алмайды. Ал адастырғанына

да тешкім де hидаят бере алмайды. Мен, Аллаhтан басқа ешбір иләhтың жоқтығына куәлік етемін. Ол біреу, жалғыз. Оның ортағы да, серігі де жоқ. Мұхаммед Оның құлы, әрі Расулі екендігіне де куәлік етемін».

Расул Әкрәмнің (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) айтқандары Димадқа қатты ұнайды да:

– Мен ешқашан бұдан өткен бір әдемі сөз естімегем. Сен мына сөздеріңді тағы бір рет қайталаймысың? - дейді.

Адамзаттың Асыл Тәжі айтқандарын тағы да қайталайды. Димад бұндай інжу-маржандай сөздерді тағы да екі рет қайталатқызған соң:

– Уаллаhи, мен көріпкел-бақсылардың, сиқыршылардың, шайырлардың, әр түрлі адамдардың сөздерін естідім. Бірақ сенің мынау айтқандарың сияқты ешқандай сөз естімедім. Бұл естігендерім әдеби байлық пен көркем сөз дариясының ең қымбаттылары. Қолыңды бер саған бәйат етейін, - дейді де мұсылман болады.

Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм):

– Қауымыңның атына да бәйат етемісің? - деп сұрайды.

Димад:

– Қауымымның атына да биғат етемін, - дейді. (Муслим, Жума 46; Ахмед бин Ханбәл I, 302; Ибн Саад IV, 241)

Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Димад (радиаллаhу анhу) мұсылман болғаннан кейін дереу қауымының атынан да бәйат алды. Сөйтіп оны қауымына Исламды тәблиғ ету үшін елші әрі мұғалім етіп жіберді.

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ОНЫНШЫ ЖЫЛЫ

Қайғылы жыл: Хазіреті Хадиша мен Әбу Тәліптің қайтыс болуы

Мүшріктердің қыспағынан құтылғаннан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен мұсылмандардың қуаныштары ұзаққа созылмады. Өйткені байкоттың жойылуынан кейін дереу артынша өзінің және мүминдердің қорғаушысы болған, оларға бар күшін салып өз қамқорлығына алған көкесі Әбу Тәліб қайтыс болады.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның иман келтіруін қалап қайта-қайта дінге шақырушы еді. Әбу Тәліб бұндай қайталаудан кейін інісіне:

– Мен сенің ақиқатты айтып отырғаныңды түсінемін. Бірақ сенің айтқаныңа иман келтірсем, Құрайыштың әйелдері мені айыптап сөз қылады! - дейді.

Хазіреті Пайғамбардың пайғамбарлығын шындығында қабыл етіп, бірақ нәпсінің қалауына еріп қабыл етпейтін еді.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның иман келтірген рухпен Раббысының алдына баруын қалап, өлер алдында да:

– Уа, көке! Саған не тұрады, бір ғана сөз айта салсаңшы, сонда Аллаһ саған мәңгілік бақыт сыйласын! - деп қайталайды.

Дәл сол уақытта сол жерге келіп қалған Әбу Жаһил бұған кедергі болады. Өйткені Әбу Тәлібке әрқашан шәһәдат сөзін айтуды ұсынған Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарама-қарсы Әбу Жаһил:

– Сен аталарыңның дініндесің! - деп ескерте беретін.

Соңында Әбу Тәлібтің Расулулллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соңғы сөзі былай болады:

– Мен ескі дінімізді ұстап (Абдулмутталибтің діні) өлудемін. Құрайыш менің артымнан сөз қылып, өлімнен қорыққандықтан дінін өзгертті демейтін болғанында сенің сөздеріңді қабыл етер едім! (Бұхари, Жәнаийз 81, Мәнақибул Ансар 40; ибн Саад I, 122-123)

Бұл сөздерді естіген Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Мен де сен үшін әрқашан истиғфар (Аллаһтан кешірім сұрау) етемін! - дейді, бірақ көкесінің үйінен қайғырып шығады.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты қайғырып, көкесі үшін саған әрқашан истиғфар етемін! - дегені үшін қасиетті аятта былай делінді:

اِنَّكَ لَا تَهْدِى مَنْ اَحْبَبْتَ وَ لٰكِنَّ اللّٰهَ يَهْدِى مَنْ يَشَآءُ

«(Расулім!) **Сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Аллаһ, қалағанын тура жолға салады…»** (Қасас сүресі 56-аят) (Муслим, Иман 41-42)

Һидаят (иман келтіру) құлды сиратул-мустақимге (тура жол) апаратын иләһи бір нұр. Кімнің көңілі оған сусап, Хаққа жақын болса, сонда ғана нәсіп болады.

Қасиетті аятта былай баяндалады:

يَهْدِىٓ اِلَيْهِ مَنْ اَنَابَ

«...(Аллаһ) **өзіне бет бұрғанды тура жолға салады!»**. (Рағыд сүресі 27-аят)

Бұл істе басқаларының әрекеті тек қана себепші болудан тұрады. Олай болмаған да өзге біреудің – мейлі ол пайғамбар өзі болсын – талпынысымен һидаяттың нәсіп болуы әрқашан бола бермейді. Өйткені – Хазіреті Пайғамбар қанша талпынса да - Әбу Тәлібтің ақиқатты біліп тұрып, тізгінді нәпсісіне ұстатып Хаққа мойын имеуінен оған һидаят нәсіп болмайды.

❀

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатты қайғылануына себеп болған Әбу Тәлібтің дүниеден озғанына әлі үш күн де болған жоқ, Аллаһ Расулінің дерттес серігі әрі қолдаушысы, жан жары, Сәийдун-Ниса (әйелдердің мырзасы), Хадишатул-Кубра (үлкен, сыйлы Хадиша) (радиаллаһу анһа) анамыз да көз жұмды. Қадірлі Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бен мүминдердің жүректерінде қайғы үстіне тағы бір қайғы қосылды. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сондай қатты жақсы көрген мүбәрак жұбайын қабірге өз қолдарымен қояды. Әлемдердің мырзасының көкірегі қайғыға, ал көздері жасқа толған-ды.

Хазіреті Хадиша анамыз, Әлемнің Сұлтаны (аләйһиссалату уә сәлләм) үшін Исламға шақыру жолында нағыз сенімді кеңесшісі, дерттесер жолдасы, әрі құзырлы мекені еді. Оның өлімі Аллаһ Расуліне:

– *Мынадай ummetke келген екі үлкен қайғының қайсысына қатты қайғыратынымды білмеймін* (Яқуби II, 35; Тәбари, Тарих II, 229) дегізетін дәрежеде ауыр болды.

Бұл екі қайғылы оқиғаның себебінен Мекке дәуірінің онынші жылы «Қайғылы жыл» деп аталды.

Көкесі мен жұбайының өлімінен кейін, Хазіреті Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ешқандай сыртқы көзге ілігер әрі өткінші сүйеніш, жан-сауғалар нәрсе қалмаған еді. Осылайша оның ішкі дүниесі мен жүрегі Хақ Тағалаға ғана арналды. Өйткені тәуекел мен жанды салып, мойын иер жалғыз әрі мәңгілік бағыт тек Аллаһ Тағала ғана болатын. Сондықтан болса керек, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) балалық шағында әке-шешесі мен атасының панасынан мақұрым қалып, Аллаһтың тәрбиесімен өсіп ер жетті.

Хадииша анамыз өте жақсы адам еді. Уахи әкелуші періште бір күні Аллаһ Расуліне келіп:

– Уа, Расулұллаһ! Хадиша қолына бір ыдыс тамақпен саған келе жатыр. Хадиша қасыңа келгенде, оған Раббыңнаң және менен сәлем айт! Оны у-шуы жоқ әрі шаршатпайтын жәннатта інжуден салынған бір сараймен сүйіншіле! - дейді. (Бұхари, Мәнакибул Ансар 20)

Хазіреті Хадиша (радиаллаһу анһа) иләһи сәлемге былай деп жауап берді:

– Ол (Ұлы Аллаһ) Сәлемнің нақ өзі, сәлем одан келеді, Жәбрейілге де сәлем бердік! Әй, Аллаһтың Расулі! Аллаһтың сәлемі, рақымы әрі берекесі саған болсын».

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінің соңына дейін бұл мүбәрак жұбайын ұмытқан емес. Оған деген махаббаты өле-өлгенше ең жақсы түрде жалғасты.

Айша (радиаллаһу анһа) мына бір жайтты баяндайды:

«Пайғамбардың (аләйһиссалату уә сәлләм) әйелдерінің ешқайсысын Хадишаны қызғанғанымдай қызғанбадым. Негізі оны көрген де емеспін. Бірақ Қадірлі Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны жиі-жиі еске алып отыратын. Қой сойып етін бөлгенде, көбінесе Хадишаның достарына тарқататын. Бір рет (шыдай алмай) Аллаһ Расуліне:

– Сірә жер-бетінде Хадишадан басқа әйел қалмағандай! - дедім.

Қадірлі Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Ол осындай да осындай еді*, - деп жақсы қасиеттерін санады және:

– *Балаларым да содан туылды*, - деді.

Ішімнен:

– Бұдан кейін Хадиша туралы жаман сөз айтпаймын дедім». (Бұхари, Мәнакибул Ансар 20; Әдаб 73; Муслим, Фадаилус-Сахаба 74-76)

Бір күні Хадишаның сіңлісі Халә бинти Хуайлид, Аллаһ Расулінің (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) алдына кіру үшін рұқсат сұрады. Қадірлі Пайғамбарымыз (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) Хадишаның дауысын есіне алып:

– *Аллаһым, бұл* (Хадишаның сіңлісі) *Халә бинти Хуайлид қой!* - деп бір жасап қалды.

Бұл көрініске куә болған Айша (радиаллаһу анһа) шыдай алмай:

– Қартайып аузындағы тістері түскен әрі баяғыда қайтыс болып кеткен құрайыштық бір қартты несіне еске алдың? Аллаһ оның орнына, одан да қайырлысын берді, - дейді. (Бұхари, Мәнакибул-Ансар 20)

Хазірет Айша «одан да қайырлысын» - деп өзін айтқан еді. Оның бұл сөзін ұнатпаған Аллаһ Расулі (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) мына жауапты береді:

– *Олай емес, Аллаһ Тағала маған одан өткен қайрлысын бермеді. Халық маған сенбегенде, ол сенді. Барлығы маған өтірікші деген де ол айтқанымды қабыл алды. Ешкім маған бір нәрсе де бермегенде, ол мені дүниесімен қолдады әрі Хақ Тағала маған одан балалар нәсіп етті.* (Ибн Ханбәл VI, 118)

Тайыфқа сапар шегу

Көкесі мен жұбайының қайтыс болуынан кейін, Хазіреті Пайғамбарымызға (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) жасалған зұлымдық пен күш көрсетулер одан сайын өршіп кетеді. Пайғамбарлар Сұлтанына қарсы істелген дүшпанның қиянаты, тым көбейіп кетеді. Оның көбейгені соншалықты, Қадірлі Пайғамбарымыз (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) қатты қианалады. Сол себепті Аллаһ Расулі қасына Зәйдті (радиаллаһу анһу) алып Меккеге 160 шақырым жердегі Тайыф қаласына жүріп кетеді. Ол жерде он күн болады.

Тайыфтықтарға исламды түсіндіреді. Оларды тауһидке шақырады. Қаланың сыйлы кісілерімен жолығып, пұтқа табынуды тастап, жалғыз Аллаһқа құлдық ұрып, құлшылық қылуға үгіттейді. Тайыф қаласының маңында қасына барып әңгімелеспеген бір жан қалмайды.

Бірақ бұл дағуатқа құрайыштықтарға ұқсайтын тайыфтықтардың қатты серпілісіне себеп болады. Нәпсіге

тізгінді ұстатқан Тайыф қаласының тұрғандарының бір де біреуі Исламға кірмейді. Онымен де қоймай Хазіреті Пайғамбарға (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) істемеген жәбір-жапасы қалмайды. Әуелі мазақ қылады. Кейін сөге бастайды. Соңында құлдарына Аллаһ Расулінің жүретін жолының екі жағына тізіліп тұрып алып, оны сөгіп, тас астына алады. Аллаһ Расулі (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) қаладан шығып кеткенше артынан қалмай жәбірліктерін тоқтатпайды. Онымен де тоқтамай құлдарын арқасынан жіберіп, тағы да тастың астына алып ұрғызады. Әлемнің өзі оның құрметі үшін жаратылған Пайғамбарлар Сұлтанының мүбәрак аяқтары қанға малынып, аяқ киімдері қанға толып кетеді. Оны лақтырылған тастан қорғауға бар күшін салған қажырлы сахаба Зәйд те (радиаллаһу анһу) жараланып қалады. Зәйд (радиаллаһу анһу) Аллаһ Расуліне лақтырылған тастарға өз денесін тосып тұрып:

– Әй, Тайыф халқы! Тас жаудырған адамның пайғамбар екенін білемісіңдер?! - деген-ді.

Содан барып зорға дегенде меккеліктердің біреуінің бау-бақшасына жетіп, құрма ағашының астына келіп дем алады. Жер-көк, Жәбрейіл, Микайл, Исрафил, Әзірейл бәрі де қайғы-мұңға батқан-ды.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм) бастаған періштелер Аллаһ Тағаладан рұқсат алып, Расулұллаһтың (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) қасына зымырай жөнелеп келіп:

– Уа, Расулұллаһ! Бұйрық бер, бұл қауымның көзін құртайық! - дейді.

Ол рақымды әрі мейірімді пайғамбар, басына түскен бұл аянышты жағдайдың өзінде теріс бата (беддұға) қылмай терісінше қолдарын Хақ Тағалаға жайып:

– Аллаһым! Күшімнің босқа кеткенін, шарасыздығымды, халық тарапынан мүсәпір жағдайға түскенімді Саған ғана айта аламын.

Әй, мейірімділердің ең мейірімдісі! Егер маған қарсы азабың болмаса, шеккен азабым мен басыма келген бәлелерге көңіл бөлмеймін!

Тәңірім! Сен қауымыма һидаят бер, олар білместік қылды.

Тәңірім! Сен разы болғанға дейін мен кешіруіңді тілеймін... - деп жалбарынады. (Ибн Хишам II, 29-30; Хәйсәми VI, 35)

Расулұллаһ (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) Мырзамыздың дем алған бақтың иесі Рабиғаұлдары, Әлемдердің Мырзасының хәліне жаны ашып, оған құлдары Аддаспен бір табақ жүзім беріп жібереді. Аддас табақты Пайғамбарға ұсынады:

– Алыңыз, жеңіз! - дейді.

Хазіреті Пайғамбар (саллалаһу аләйһи уә сәлләм):

«بِسْمِ اللهِ» «Бисмилләһир-рахманир-рахим» - деп жей бастайды.

Бұл сөз Аддасты қайран қалдырады. Өйткені осы уақытқа дейін мұндай сөзді ешкімнен естімеген еді. Таң-тамаша болып:

– Бұл сөзді бұл маңдағылар білмейді де, айтпайды да! - деп күбірлейді.

Артынша қайрандығын жасыра алмай:

– Сіз ерекше адамсыз! Бұл елдің адамына ұқсамайсыз! Сіз кім боласыз? - дейді.

Аллаһ Расулі (саллалаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сен қай жерліксің, қай дінненсің? - деп сұрайды.

Аддас:

– Ниновалықпын, христианмын! - дейді.

Қадірлі Пайғамбарымыз:

– Демек сен, салих құл Юнус бин Маттаның еліненсің! - дейді.

Аддас одан сайын қайран қалып:

– Сен Юнусты қайдан танисың? - дейді.

Пайғамбарымыз (саллалаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Юнус менің бауырым. Ол пайғамбар. Мен де пайғамбардың бірімін!* - дейді.

Бұны естіген Аддастың жан-дүниесін иман нұры билеп, қуанышпен орнынан атып тұрып, Хазіреті Пайғамбардың (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) қолына, аяғына жығылып шәһадат сөзін айтады. (Ибн Хишам II, 30; Яқуби II, 36)

Қожайындары оның бұл қылығына ұрысқанында Аддас былай деп жауап қайырады:

«Мен есімді білгелі, жер-бетінде одан өткен қайырлы адамды көрмедім! Ол маған сондай бір әңгіме айтты, оны тек пайғамбарлар ғана біледі». (Ибн Хишам II, 31)

Қандай бақыт десеңізші Аллаһ Расулінің (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) өміріндегі ең қиын шақта Аддас (радиаллаһу анһу) Аллаһқа иман келтіріп, Пайғамбарымызды (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) жұбатқан бір мүмин болу шарапатына кенеледі. Әлемдердің Сұлтаны оның мұсылман болуына соншалықты қуанған еді. Сол кезде шеккен бар қиыншылығын бір сәтке ұмытқан-ды.

Бүгінгі таңда Аддастың Исламды қабылдаған орында оның атымен аталатын бір мешіт бар.

Көл-көсір мол мейірім және Рахмани жұбаныш

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһа) анамыз былай дейді:

– Уа, Расулұллаһ! Ұхұд соғысында қиналғаныңыз сияқты басқа қиналған кездеріңіз болды ма? - деп Хазіреті Пайғамбардан сұрадым:

Былай деді:

– Иә, сенің қауымыңнан көп жаманшылық көрдім. Бұл жаманшылықтардың ең жаманы олардың маған Ақаба Күні[213] *істеген қылықтары. Сонымен бірге Тайыфтық Абдукулалдың ұлы Абдиялилді пана тұтқым келіп еді. Мені қабылдамады. (Керісінше мені құлдарына таспен атқызып бас-аяғымды қанға боятып, көрсетпеген жәбірі қалмаған еді.) Сөйтіп қатты қайғырып, тауым шағылып, кері артқа қайттым. Қарнус-Сәлиб алқабына жеткенше есімді жия алмадым. Сол жерде басымды көтеріп, көкке көз жүгірткенімде, бір бұлыттың мені көлеңкелеп жүргенін көрдім. Жақсылап қарасам бұлттың ішінен Жәбрейілді (аләйһиссәләм) байқадым. Маған:*

– Аллаһ Тағала қауымыңның саған не істегенін әрі сені қорғаудықалайқабылетпегеніңдіестіді. Оларғақалағыныңды істеуің үшін саған Таулардың Періштесін жіберді, - деп даусыстады.

213. **Ақаба Күні:** Аллаһ Расулінің Мина да Ақаба деген жерде тұрып адамдарды Исламға шақырған күн. Сол кезде адамдардың бір бөлігі Исламды қабылдап жатты, бір бөлігі де Расулұллаһқа (саллалаһу аләйһи уә сәлләм) жәбір көрсетті. Міне, сол күн «Ақаба Күні» деген атпен жария болды.

Бұдан кейін Таулардың Періштесі маған ун қатып сәлем берді. Кейін:

– Әй, Мұхаммед! Қаумыңның саған не дегенін Хақ Тағала есітті. Мен Таулардың Періштесімін. Не қаласаң соны атқаруым үшін Аллаһ Тағала саған жіберді. Не істегенімді қалайсың? Егер қаласаң мына екі тауды олардың үстіне тастап жіберейін, - деді.

Сол кезде:

– Жоқ, мен Хақ Тағаланың олардың урпақтарынан тек Аллаһқа ғана ғибадат қылатын әрі Оған еш нәрсені серік қоспайтын адамдарды шығарады деп тілеймін, - дедім. (Бұхари, Бәдул-Халқ 7; Муслим, Жиһад 111)

Ақынның бірі Аллаһ Тағаланың Сүйіктісіне деген шексіз махаббатын қандай тамаша сөз етеді:

«Уа, Расулұллаһ! Сені Хақ Тағаланың жақсы көретіндігі соншалықты, дүние-жүзін әрі ішіндегі барлық нәрсені сенің жолыңда құрбан етеді».

❀

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тайыфқа арнаған сапарынан мынадай көптеген ғибрат алуға болады:

1. Біріншіден тәблиғтің өте маңызды екенін көрсетуде. Пайғамбарымыз қайғылы жыл болуына қарамастан тәблиғті тоқтатпаған. Тәблиғті сабырлы түрде әлсіретпей жалғастырған.

2. Тайыфтықтар Пайғамбарымызға тас атып қаншама жәбір көрсетсе де, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға теріс бата қылмаған. Бұл Аллаһ Расулінің мейірімділігін көрсетеді. Осыған қарап, кез келген тәблиғші мейірімді болуы керек.

3. Тәблиғші қатені өзінен іздеуі керек. Адамдардың тура жолға келулері үшін дұға етіп, аса үмітсіздікке түспеуі қажет. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір қетелік көргенінде өзін сөздің арасына қосып:

– *Маған не болған осы, сендерді былай байқап қалдым*![214] - деуші еді. Осымен қоса Хазіреті Сулейменнің (аләйһиссәләм) Һудһуд (Бәбісек) құсының жиналыста жоқ екенін байқап:

مَا لِيَ لَآ اَرَى الْهُدْهُدَ

«...Маған не болған өзі (араларында) **Һудһудті көре алмай түрмын? дегенді»** (Нәміл сүресі 20-аят)

4. Тайыф сапарында Аддастың иман келтіруі өте маңызды. Неге десеңіз Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ең қиын жағдайға душар болғанда Аддастың иманға келуінен күш алды. Бұл оқиғадан шығатын нәтиже, ең қиын кезде болсақ та бір кісінің иманға келуі бізге жігер-күш беруі керек.

5. Тәблиғші іс-әрекетімен үлгі болуы керек.

6. Исламды жайып жүрген кісі, адамдармен қалай қарым-қатынас жасау жолын жақсы білуі керек. Мәдениетті болуы қажет. Пайғамбар Мырзамыздың Аддасқа жасаған мәмілесіндегідей қай жерде нені, кімге не айтуды білуі керек.

214. Қараңыз, Муслим, Салат 119; Әбу Дәуіт, Хатәм 4, Әдәб 14.

Жындардың Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уәс сәлләм) Құран тыңдап иман келтірулері

Аддастан өзге ешкім де иманға келмеген Тайыф сапарынан қайтып келе жатып Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір жерге түнеген кезінде Құран оқиды. Оның Құран оқығанын бір топ жын тыңдап тұрады. Шетінен бәрі ақиқатқа көздері жетіп Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) иман келтіреді. Сөйтіп қауымдарын Исламға шақыру үшін тарап кетеді. (Ибн Саад I, 212)

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір топ сахабасымен Уқаз Алқабына бару үшін жолға шыққан-ды.

Ол кезде (жын тайпасына жататын) шайтандардың көктен келетін хабарларды алуларына тыйым салынған еді.[215] (Сондықтан да оларға әрдайым көктен хабар әкелетін) жындарға шиһабтар[216] жіберілетін. Осылайша олар қауымдарына (қол қусырып, бос) қайтатын.

Қауымдары:

– Не болды, неге (бос) қайттыңдар? - деп сұрайды.

Олар:

215. «Жындар көкке көтеріліп, ол жерде уахиді тыңдайтын. Бір сөз естісе оған өздерінен тоқсан тоғыз өтірік қосатын. Сол бір ғана сөз ақиқат кейін қосылғандар өтірік болатын. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбар болып жіберілгенде көкке шығуларына тыйым салынды. Бұдан бұрын жындар көкке шыққандарында оларға шиһаб тасталмайтын». (Тирмизи, Тәпсір 72/3324)
216. Шиһаб, сөздікте жалын, оттың жалыны делінген. Негізінде көктен жұлдыздың аққаны сияқты болып көрінетін жалынға айтылады. Қазіргі кездің тәпсіршілері шиһабтың метеорит екендігін алға тартуда.

– Біз бен көктегі хабарлар арасына кедергі қойылды, үстімізге шиһабтар тасталды. (Сөйтіп біз қашып құтылдық), - дейді.

Қауымдары:

– Бұл, жаңадан шыққан бір нәрсенің себебінен болуы мүмкін, жердің шығысы мен батысын шарлаңдар, (бұл кедергі туралы хабар әкеліңдер), - дейді.

Жындар (жер-жүзін шарлап шығу үшін топ-топқа бөлініп алып, жүріп кетеді. Бұлардан) Тихамә тарапына барған бір топ, (Уқаз Алқабына бара жатқан Нәхлә тұсында) сахабаларымен бірге таң намазын оқып жатқан Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кезігеді. Құран Кәрімнің оқылуын естіп, құлақ түреді:

– Біздің көктен хабар алуға кедергі болған нәрсе міне осы! - деп артқа қайтады.

Қауымдарына былай дейді:

– Әй, қауымымыз! Шынында да біз тура жолға бастайтын керемет әдемі бір Құранды тыңдадық. Әрі оған иман келтірдік. Бұдан былай ешқашан, ешкімді Раббымызға серік қылмаймыз.

Бұл оқиғаға Хақ Тағала Қадірлі Пайғамбарына «Жын» сүресін түсіріп, жындардың Құран тыңдағандарын және қауымына айтқан сөздерін жеткізеді:

قُلْ اُوحِیَ اِلَیَّ اَنَّهُ اسْتَمَعَ نَفَرٌ مِنَ الْجِنِّ فَقَالُوْٓا اِنَّا سَمِعْنَا قُرْاٰنًا عَجَبًا ﴿1﴾
یَّهْدِیْٓ اِلَی الرُّشْدِ فَاٰمَنَّا بِهٖ وَ لَنْ نُّشْرِكَ بِرَبِّنَآ اَحَدًا ﴿2﴾

– (Әй Расулім!) **Оларға: Жындардан бір тобының Құран тыңдап былай дегендері маған уахи етілді» де: «Шынында**

біз ғажайып, керемет бір Құран тыңдадық әрі оған иман келтірдік. (Бұдан кейін) **ешкімді, ешқашан Раббымызға серік қоспаймыз.** (Жын сүресі 1-2 аяттар) (Бұхари, Тәрсір 72, Азан 105; Муслим, Салат 149; Тирмизи, Тәпсір 72/3324)

Осымен қатар Аллаһ Тағала «Ахқаф» сүресінде бұл оқиғаны мынадай етіп баяндайды:

وَ اِذْ صَرَفْنَآ اِلَيْكَ نَفَرًا مِنَ الْجِنِّ يَسْتَمِعُونَ الْقُرْاٰنَ فَلَمَّا حَضَرُوهُ قَالُوٓا
اَنْصِتُوا فَلَمَّا قُضِيَ وَلَّوْا اِلٰى قَوْمِهِمْ مُنْذِرِينَ ﴿29﴾ قَالُوا يَا قَوْمَنَآ اِنَّا
سَمِعْنَا كِتَابًا اُنْزِلَ مِنْ بَعْدِ مُوسٰى مُصَدِّقًا لِمَا بَيْنَ يَدَيْهِ يَهْدِٓى
اِلَى الْحَقِّ وَ اِلَى طَرِيقٍ مُسْتَقِيمٍ ﴿30﴾ يَا قَوْمَنَآ اَجِيبُوا دَاعِيَ اللّٰهِ
وَ اٰمِنُوا بِهٖ يَغْفِرْ لَكُمْ مِنْ ذُنُوبِكُمْ وَيُجِرْكُمْ مِنْ عَذَابٍ اَلِيمٍ ﴿31﴾
وَمَنْ لَا يُجِبْ دَاعِيَ اللّٰهِ فَلَيْسَ بِمُعْجِزٍ فِى الْاَرْضِ وَلَيْسَ لَهُ
مِنْ دُونِهٖٓ اَوْلِيَآءُ اُولٰٓئِكَ فِى ضَلَالٍ مُبِينٍ ﴿32﴾

«(Мұхаммел а.с.) **Сол уақытта Саған жындардан Құран тыңдайтын бір топты жіберген едік. Құранды тыңдауға дайын болған сәтте (бір-біріне) «Тынышталыңдар!» десті. Құран оқылып тәмәмдалған кезде, қауымдарына ескертуші болып қайтты. Олар қауымдарына былай деді: «Әй қауым! Шын мәнінде біз Мұсадан (а.с.) кейін түсірілген әрі алдыңғыны растаушы, бір кітапты тыңдадық. Сондай-ақ ол кітап, хақты** (ақиқат) **және тура жолды көрсетуші. «Әй, қауым! Аллаһтың шақырушысына (Мұхаммедке (а.с.) еріңдер! Оған иман келтіріңдер. Сонда Аллаһ та сендердің күналарыңның бір қысымын бағыштасын әрі сендерді күйзелтуші азаптан сақтасын. Әлдекім Аллаһтың шақырушысына ермесе де,** (қабылдамаса) **жер-жүзінде**

Аллаһты әсте әлсірете алмайды. Әрі оның Аллаһтан өзге досы да жоқ. Міне, осылар ашық адасуда». (Ахқаф сүресі 29-32 аяттар)

Басқа да қасиетті аяттар да жындардың көктен хабар алуға қалай тыйым салынғандары турасында былай делінеді:

وَ اَنَّا لَمَسْنَا السَّمَآءَ فَوَجَدْنَاهَا مُلِئَتْ حَرَسًا شَدِيدًا وَشُهُبًا ﴿8﴾
وَ اَنَّا كُنَّا نَقْعُدُ مِنْهَا مَقَاعِدَ لِلسَّمْعِ فَمَنْ يَسْتَمِعِ الْاٰنَ يَجِدْ لَهُ شِهَابًا
رَصَدًا ﴿9﴾ وَ اَنَّا لَا نَدْرِىٓ اَشَرٌّ اُرِيدَ بِمَنْ فِى الْاَرْضِ
اَمْ اَرَادَ بِهِمْ رَبُّهُمْ رَشَدًا ﴿10﴾

«(Жындар айтты): **«Біз көкке көтерілген шақта, оны мықты күзетшілер және атылған жалындарға** (шиһабтарға) **толтырылған түрде көрдік. Шындығында біз көк жүзінің кейір түстарында тыңдау үшін отыратын едік. Бірақ бұдан былай кім тыңдағысы келсе өзін көздеген жалындаған бір жұлдызбен кезікті. Шындығына келсек, жер-жүзіндегілерге жамандық** (істелінуін) **мақсат етілді ме, әлде, Раббылары оларға жақсылық қалады ма, ол жағын білмейміз».** (Жын сүресі 8-10 аяттар)[217]

---

217. Хазіреті Мәулана бұл оқиғаны мағыналы кең түрде былай керемет түісіндереді:
«Шайтандар көк-жүзіне шығып, аспан сырларын тыңдағысы келеді».
«Сол сырлардан азғана тыңдаса болды, сол сәтте көктен шиһабтар келіп оларды аспаннан сырғытып жіберетін».
«Сөйтіп былай дейтін: «Бір пайғамбар жіберілген. Оның қасына барып, нені қаласаңдар соны одан алыңдар».
«Егер баға шақ келмейтін інжу іздесеңдер **«Үйлерге есіктерінен кіріңдер!»***
Сол есіктің қаққышын қақ та, есік алдында күт. Өйткені саған немесе сен сияқтыларға көкке шығуға жол жоқ».
«Әрі сендер үшін ұзақ сапарға аттанудың керегі жоқ. Біз сырлардың-сырын топырақтан жаратылған құлымызға бердік (үйреттік)».

Аллаh Елшісінің (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Тайыф сапарынан көзге көрініп тұрған олжасы тек қана Аддас еді (радиаллаhу анhу). Бірақ негізінде Аллаh Тағала Оған көптеген сыйлықтар бағыштаған-ды. Осылардан бірі, Оған екі түрлі әлемнің сұлтандығы берілді. Осымен қатар әлі Меккеге жетер-жетпес жындар Одан Құран тыңдап, өз әлемдерінде тәблиғті бастап та кетті. Кейінірек көп кешікпей Аллаh Тағала Сүйкті Елшісін әлемдердің сұлтаны етіп Миғражды нәсіп етті.

Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) Тайыфтан қайтқанда Нәхладан Меккеге бет алып, Хира тауына жеткенде Меккеліктердің біреуіне жолығады. Оны бірінші Ахнас бин Шәрикке, кейін Сухәйл бин Амр және Мутғим бин Адиға сәлемдеме айтып жібереді. Оларға:

– Мұхаммед «Раббымның маған берген рисәлат (пайғамбарлық) міндетін тәблиғ етіп тәмәмдағанға шейін мені қорғауына аласың ба? деп сұрап жатыр», - деуді тапсырды.

«Егер қиянатшыл болмасаң, Илаhтың Халифасы болған сол кісінің құзырына барыңдар. Іші қуыс қамыс секілді болсаңдар да, оның көмегімен әрі сұхбатымен қамыс-құрақ сияқты боласыңдар».

* **«Үйлерге есіктерінен кіріңдер»**. (Бақара сүресі 189-аят): Надандық дәуірінде әрі Исламның алғашқы жылдарында адамдар қажылық немесе умра үшін ихрамға бүрінгенде бау-бақшаға және үйге есігінен кірмеуші еді. Қалалық болса шатырдан бір тесік ашып алып, содан кіріп-шығатын. Ал, бәдәуи (даланың арабтары) болса шатырдың есігінен кірмей арқасын жыртып кіретін. Ихрамнан шыққанша осылай жалғастыратын. Мұны жақсылық әрі мойын ұсыну деп қабылдайтын. Аллаh Тағала Бақара сүресінің 189-аятын түсіріп, үйлерге арқадан кірудің жақсылыққа да, мойын ұсынуға да жатпайтынын білдірді. (Уахиди, 56-57 б.)

Кейінірек бұл аятты «бір істі тәртібіне сай істеу» деп түсініп әрбір салада, әрбір істе қолданылатын болды. Хазіреті Мәуләна да бұл тұста: «Аллаhты табу үшін Оның есігі секілді болған «әhлуллаhқа» (Аллаhтың дос құлдары) барып жүгініңдер» деп суфизм тұрғысынан тәпсір жасаған.

Екеуі қабыл етпей тек Мутғим ғана қол ұшын береді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол түні Мутғимнің үйінде қонады. Таң атқан соң Мутғим ұлдары мен қауымын қасына шақырып:

– Қылыштарыңды асыңдар сөйтіп Бәйтуллаһ тіректерінің қасында жыйналыңдар! - дейді.

Қағбаға жетенде қауымына қарап:

– Әй, Құрайыш жамағаты! Мұхаммедті өз қорғауыма алдым! Оған ешкім тимесін! - деп айқайлайды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбаны тауаф етіп екі рәкәғат намаз оқып, үйіне қайтанға дейін Мутғим мен ұлдары оны қорғап жүрді. (Ибн Саад I, 212; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 182)

Көп жылдар өтті бірақ иман келтіру шарапатына лайық болмаған Мутғим, Бәдірде мұсылмандарға қарсы соғысып сол жерде өлтіріледі. Тұтқындар турасында бір шешімге келе алмай жатқанда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мутғимнің ұлы Жүбәйрге:

– *Әттең Мутғим тірі болып, менен тұтқындардың босатылуын қаласа, фидя (тұтқынды салық арқылы босату) алмай бәрін де босатып жіберер едім*, - деген сөзімен оған деген борышын білдірген еді. (Бұхари, Хумус 16; Ибн Хишам I, 404-406)

Исламды тәблиғ еткен де, өзіне көмек көрсетіп, қол ұшын берген мүшрикке осылайша азаматтық білдіріп, борыштық көрсету неткен ахлақи құндылық десеңізші.

Әр түрлі тайпа адамдарымен жолығып, оларды Исламға шақыруы

Тайыфтан келген соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біразға дейін халықпен араласудан шет қалды. Кейін қайтадан дағуатқа бастады. Мүшриктер барынша аяусыз қатты мәміле жасаған соң Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) араб тайпаларының адамдарымен жолығып оларды Исламға шақыруды әмір етеді.

Сол үшін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қажылық кезінде Меккеге келгендерге әрі Уқаз, Мәжәнна, Зулмәжаз секілді жәрмеңкелерге қатысқандарға дауыстап Құран Кәрім аяттарын оқып, оларды Исламға шақырып отырды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұндай ұлкен жәрмеңкелерге жиналған Бәни Әмир, Мухариб, Фәзара, Ғассан, Мурра, Ханифа, Сүлейм, Абс, Бәни Наср, Бәни Бәккә, Киндә, Кәлб, Хариса, Узра, Худайрима сынды тайпалардың шатыр құрған орындарына барып, оларды Исламға шақырушы еді. Пайғамбарлығын құптап, Раббының оған берген рисәлат (пайғамбарлық) міндетін өтеуде өзіне жәрдем етулерін ұсынатын.[218]

Жәбир (радиаллаһу анһу)[219] былай баяндайды:

---

218. Қараңыз, Ибн Саад I, 216-217; Ахмед бин Ханбал III, 322, 492; ибн Кәсир III, 183-190.

219. **Жәбир бин Абдуллаһ** (радиаллаһу анһу) хижретте 16 жыл алдын Мәдинада туылды. Әкесі Абдуллаһ бин Амр, Ұхұд ғазауатында шейт болған алғашқы сахаба. Әкесі тірі кезінде 9 қарындасына қарау үшін соғыстарға қатыса алмаушы еді. Әкесі дүниеден өткен соң Аллаһ Расулімен бірге 19 ғазауатқа қатысады. Жәбир (радиаллаһу анһу) Екінші Ақаба Биғатына қатысқандардың ең кішкентай мүшесі еді. Пайғамбарымыз

«Аллаһ Расулі қажылық маусымында (арафада) тұрып қажыларға дауыстап:

«Мені қауымына алып баратын ешкім табылмай ма? Құрайыш, Раббымның сөзін тәблиғ етуіме кедергі болды» деген еді». (Әбу Дәуіт, Сүннет 19-20/4734)

Өкінішке орай, олардың арасынан ешкім дағуатты қабыл етіп, өзін қорғауына алып, жәрдем көрсететін ешкім табылмайды. Керісінше іштерінен бірі Пайғамбарымызға қабағын түйіп, жақтырмаса, енді бірі «Сені қауымың бізден жақсы таниды ғой! Олар саған неге ермеді?» деп Аллаһ Расулімен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тайталасып жатты. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса, қажетті жауаппен шектеліп, оларды Хақ жолға шақырудан танбады.[220]

(саллаллаһу аләйһи уәссалам) Жәбирді қатты жақсы көретін. Кейде оны түйесіне мінгестіріп алатын. Науқастанып қалғанында оны зиярат ететін. Әкесі шейт болғанда көп мөлшерде қарызданып кетіп еді. Жәбир сол қарыздарды өтеймін деп қатты қиналады. Өйткені қарыз берушілердің көбі еврейлерден болып, қарызыдарын дереу өтеуін талап еткен-ді. Оның сол жылы өнімі де аз шығады. Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәллам) жыйылған құрмаларды бөлік-бөлік қылып жыйғызады. Мүбәрак қолына таразыны алып, әркімге тиесілі мөлшердегі ақыларын береді. Аллаһ Расулінің мүғжизасының себебімен Жәбирдің бүкіл қарыздары өтеледі әрі құрмалары да еш азаймайды.

«Муксирун» деп аталатын ең көп хадис нақыл еткен жеті сахабадан бірі болған Хазіреті Жәбир (радиаллаһу анһу) 1540 хадис риуаят етіпті. Қадірлі сахабаның бірі Абдуллаһ ибн Унәйс, «кімде кім мүсәпірдің ақысын жеген болса, оның жәннатқа кіре алмайтындығы» туралы бір хадис риуаят еткенін естіді. Жәбир (радиаллаһу анһу) бұл хадисті Пайғамбарымыздан тікелей естіген алғашқы адамнан естігісі келеді. Бірақ бұл сахаба Шам қаласында тұратын еді. Сөйтіп Жәбир бір түйе сатып алып Мәдинадан Шамға тартып кетеді. Ұзақ сапар шегіп әйтеуір бір ай дегенде Шамға жетіп, хадисті Абдуллаһ ибн Унәйстің өз аузынан есітіп жазып алады. Әбден қартайған соң көзі тіптен көрмей қалады. Хижра жыл санауымен 78 жылы, ал, милади (грегориан) жылмен 697 жылы 94 жасында Мәдинада көз жұмады. Ол Мәдинадағы о дүниеге аттанған сахабаның ең соңғысы еді.

220. Ахмед бин Ханбал III, 322; ибн Саад I, 216.

Мудардан немесе Йеменнен бір адам қажылыққа яки жәрмеңкелерге бару үшін жолға шыққанында қауымы оған:

– Абай болғайсың! Құрайыштықтардың жас жігіті сені дініңнен шығармағай! - деп ескертетін-ді.[221]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір күні Минада, Шәйбан бин Сәлаба ұлдарының қасына барып, өзінің Аллаһ Расулі екендігін айтқанында, тайпа басшыларынның бірі Мәфрук бин Амр:

– Әй, Құрайыштық бауырым! Сен адамдарды неге шақырып жүрсің? - деп сұрайды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақын келіп қастарына отырды. Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып Әлемнің Нұрына киімімен көлеңке жасайды. Аллаһ Расулі Мәфрукке:

– Мен сендерді Аллаһтан басқа ешбір иләһ жоқтығына, Аллаһтың серіксіз әрі жалғыз екендігіне, менің де Аллаһтың Расулі екендігіме куәлік беруге, Аллаһ тарапынан маған әмір етілген нәрселерді орындағанға дейін қорғауға, әрі маған жәрдем етуге шақырамын. Өйткені құрайыш, Аллаһтың әміріне қарсы шықты. Аллаһтың Расулін өтірікші қылды, батылды (бұрыс жол) ұстанып, хаққа (дұрыс жол) қарсы келді. Аллаһ еш нәрсеге мұқтаж емес, Ол әр түрлі мақтау-мадаққа (хамдқа) лайық! - дейді.

Мәфрук:

– Әй Құрайыштық бауырым! Сен бұдан басқа неге шақырып жүрсің? - деп сұрайды.

221. Хаким II, 681/4251.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Әнғам» сүресіндегі мына аяттарды оқиды:

قُلْ تَعَالَوْا اَتْلُ مَا حَرَّمَ رَبُّكُمْ عَلَيْكُمْ اَلَّا تُشْرِكُوا بِهٖ شَيْئًا
وَ بِالْوَالِدَيْنِ اِحْسَانًا وَ لَا تَقْتُلُوْٓا اَوْلَادَكُمْ مِنْ اِمْلَاقٍ نَحْنُ نَرْزُقُكُمْ
وَ اِيَّاهُمْ وَ لَا تَقْرَبُوا الْفَوَاحِشَ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَ مَا بَطَنَ وَ لَا تَقْتُلُوا
النَّفْسَ الَّتِى حَرَّمَ اللّٰهُ اِلَّا بِالْحَقِّ ذٰلِكُمْ وَصّٰيكُمْ بِهٖ لَعَلَّكُمْ تَعْقِلُونَ
﴿151﴾ وَ لَا تَقْرَبُوا مَالَ الْيَتِيمِ اِلَّا بِالَّتِى هِىَ اَحْسَنُ حَتّٰى يَبْلُغَ
اَشُدَّهٗ وَ اَوْفُوا الْكَيْلَ وَ الْمِيزَانَ بِالْقِسْطِ لَا نُكَلِّفُ نَفْسًا اِلَّا وُسْعَهَا
وَ اِذَا قُلْتُمْ فَاعْدِلُوا وَ لَوْ كَانَ ذَا قُرْبٰى وَ بِعَهْدِ اللّٰهِ اَوْفُوا ذٰلِكُمْ
وَصّٰيكُمْ بِهٖ لَعَلَّكُمْ تَذَكَّرُونَ ﴿152﴾ وَ اَنَّ هٰذَا صِرَاطِى مُسْتَقِيمًا
فَاتَّبِعُوهُ وَ لَا تَتَّبِعُوا السُّبُلَ فَتَفَرَّقَ بِكُمْ عَنْ سَبِيلِهٖ
ذٰلِكُمْ وَصّٰيكُمْ بِهٖ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ ﴿153﴾

«Оларға айт: «Келіңдер, сендерге Раббыларыңның нені харам еткенін оқиын: Оған еш нәрсені серік қоспаңдар, әке-шешеге жақсылық істеңдер, кедейліктен қорқып, балаларыңды өлтірмеңдер! Өйткені сендердің де, олардың да ризық-несібелерін Біз береміз. Жамандықтың белгілісіне де, белгісізіне де жақындамаңдар. Әрі Аллаһ харам (тиісуге тыйым салған) **еткен кісіні жазықсыз өлтірмеңдер. Міне сендерге осыларды Аллаһ әмір етті. Әрине түсінерсіңдер.**

Жетімнің мүлікіне жақындамаңдар, бірақ ол, есейгенге дейін жақсы басқаруға болады. Өлшеуді, тартуды туралықпен орындаңдар. Біз біреуге тек шамасы жететінді ғана жүктейміз.

Сөз сөйлеген кезде, (пайдасына болсын, зиянына болсын бір нәрсенің шешімін айтатын адам) **жақындарың болса да әділетті болыңдар. Әрі Аллаһқа берген уәделеріңді орындаңдар. Жақсылап ойланарсыңдар деп осыларды Аллаһ нұсқады.**

Күдіксіз бұл менің ең тура жолым. Маған еріңдер (басқа) **жолға түспеңдер. Өйткені ол жолдар сендерді Аллаһтың жолынан айырады. Сондықтан да Аллаһ сақтанып тақуа жолын ұстанарсыңдар деп сендерге осыларды әмір етті** (нұсқады)». (Әнғам сүресі 151-153 аяттар)

Мәфрук:

– Әй, Құрайыштық бауырым! Сен тағы да не нәрсеге шақырасың? Уаллаһи (Аллаһ атымен) бұлар пенденің сөздері емес! Егер адам баласының сөзі болса, біз оны жақсы білеміз (біліп қояр едік), - дейді.

Бұдан кейін Әлемнің Сүйіктісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

اِنَّ اللهَ يَأْمُرُ بِالْعَدْلِ وَ الْاِحْسَانِ وَ اِيتَآئِ ذِى الْقُرْبٰى وَ يَنْهٰى
عَنِ الْفَحْشَآءِ وَ الْمُنْكَرِ وَ الْبَغْيِ يَعِظُكُمْ لَعَلَّكُمْ تَذَكَّرُونَ

«Әлбетте Аллаһ әділеттілікті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де азғындықтан, қарсылықтан һәм зорбалықтан тыяды. Ол, ойланып, ақыл жүргізерсіңдер деп сендерге насихат береді». (Нахыл сүресі 90-аят) аяттарын оқыйды.

Мәфрук:

– Әй Құрайыштық бауырым! Уаллаһи сен мені ең жоғарғы ахлаққа және ең игі амалдарға шақырдың! Саған өтірікші деген қауым жала жапқан екен! - деді.

Тайпаның өзге басшыларынан Хани мен Мусанна да дәл осындай жауап береді. Бірақ қауымдарымен сөйлесіп, ақылдаспай бұл ұсынысты қабыл ете алмайтындықтарын, сонымен қоса Кисра және Парсылармен келісім шартқа отырғандарын, егер ұсынысты қабыл етсе олардың бұған разы болмайтындықтарын алға тартады.

Сонымен ішкі-жан дүниелерімен қабыл еткенменен, дүниелік пайдаларына зиян тиетіндіктен әрі өздеріне қауіп төнетіндіктен Аллаһ Расулінің ұсынысын қабылдамайды.[222]

Тариқ бинАбдуллаһ (радиаллаһу анһу) былай баяндайды:

«Зулмәжаз жәрмеңкесінде Расулұллаһтың (аләйһиссалату уә сәлләм) үстіне бір қызыл жейде киіп алғанын көрдім:

– *Әй, адамдар! Лә иләһа илләллаһты айтыңдар да, құтылыңдар!* - деп қатты дауыстап тұр еді.

Бір адам оның артынан қалмай таспен ұрып жүріп бір жағынан:

– Адамдар! Сақ болыңдар оған ермеңдер, өйткені ол өтірікші, - деп айқайлап жүрді.

Ұрған тастары Қадірлі Пайғамбарымыздың аяқтарын қан-жоса қылған.

Айналамдағыларға:

– Мына кісі кім? - деп сұрадым.

– Әбдулмутталибұлдарының жігіті, - деді.

– Онда оның артынан қалмай таспен ұрып жүрген кім ол? - дедім.

222. Ибн Әсир, Усдул Фәба V, 250-251; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 187-189.

– Ол көкесі Әбу Ләһәб қой, - деді. (Хаким II, 668; ибн Әсир, Усдул Ғәба III, 71)

Мудрик әл-Әзди (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламға шақыру барысында басына түскен қиыншылықтардың бірін былайша баяндайды:

«Әкеммен бірге қажылық рәсімдерін жасап жатыр едік. Минаға жайғасқанымызда бір топ адаммен жолықтым. Әкеме:

– Бұл жамағат не үшін жиналған? - деп сұрадым.

Әкем:

– Қауымының дінінен шыққан мына кісі үшін! - деді.

Қолымен нұсқаған жағына қарағанымда Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрдім. Ол кісі:

– *Әй адамдар! Лә иләһа илләллаһты айтыңдар да, құтылыңдар!* - деп үн қатып тұрды.

Адамдардың кейбірі оның жүзіне түкірсе, кейбірі басына топырақ шашып, ал кейбіреулері оған қарғыс жаудырып жатты. Түске дейін дәл осылай жалғасты. Сол заматта омырауы ашық бір қыз келіп, ішіне су құйылған бір ыдыспен, сүлгі алып келді. Өзі жылап тұр. Аллаһ Расулі ыдысты алып су ішіп, беті-қолын жуды. Сөйтіп басын көтеріп:

– *Балам, орамалыңмен омырауыңды жап! Әкеңді, тұзаққа түсіп, қорланып бас иіп өледі екен деп қорықпа!* - деді.

Әлгі келгеннің кім екенін сұрадым:

– Қызы Зейнеп! - деді. (Ибн Әсир, Усдул Ғәба V, 130; Хәйсами VI, 21)

Зейнеп, Хазіреті Фатима және Пайғамбарымыздың өзге де қыздары, балалық-жастық шақтарын, Исламның ең әлсіз әрі мұсылмандардың ең қатты езілген шағында өткізді. Хазіреті Зейнеп және өзге де бауырлары Расулұллаһ пен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылмандардың тартқан азабын бір кісідей олар да тартып өтті. Әкелері үйден Исламды тәблиғ етуге шыққанда, олар да кейде уайымдап үй алдында күтсе, кейде қадірлі әкелерінің қасынан бір елі қалмай оны қорғап қалуға тырысатын.

Пайғамбарымыздың бұл қадірлі қыздары, аналары Хазіреті Хадиша қайтыс болғанда да әкелеріне көмекші болып, оның көрген қиыншылықтарын ортақтаса көтергенді. Көрген қаншама жәбірден қайығып, көз жастары көл болған-ды. Әрдайым Фатима қанын сүртіп, Зейнеп су құйып беті-қолын жуатын. Осылайша қаншама жыл бойы жалғасты.

Аллаһ Расулінің Уқаз жәрмеңкесінде Исламға дағуат еткен көптеген тайпаның ішінде Амир бин Саса ұлдары да бар еді. Оларға:

– *Мен Аллаһтың Елшісімін! Сендерге барғаным да, Раббымның әмірлерін халыққа жеткізіп, елшілік міндетімді толық орындағанға дейін мені қорғайсыңдар ма? Іштеріңнен ешкімді де қинамаймын!* - дейді.

– Біз, сені қасымыздан қуа да алмаймыз, саған иман да келтіре алмаймыз. Тек тәблиғ ету міндетіңді орындағанға дейін қорғай аламыз! - дейді бір ауыздан.

Осы сәтте Бәйхара есімді сол тайпаға жататын бір кісі шығып, Пайғамбарымыздың кім екенін сұрап алып, өз-өзіне:

– Уаллаһи, мына адамды өзіме құрайыштықтардан алар болсам, оның арқасында бүкіл арабтарға үкім жүргізер едім! - деп күбірлейді. Кейін Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Егер біз саған биғат етсек, Аллаһ та саған қарсыласыңды жеңгізсе, сенен кейін пайғамбарлық бізге қала ма? - деп сұрайды.

Пайғамбар:

– *Іс біткеннің бәрі Аллаһтыкі! Аллаһ оны кімге қаласа соған береді!* - дейді.

Бәйхара:

– Демек, көкірегіміз сен үшін бүкіл араб оғының нысанасы болады да, Аллаһ сені жеңіске жеткізген кезінде басшылық басқасына беріледі солай ма?! Бұл бізге пайдалы емес! - дейді де қауымына бұрылып:

– Мына жәрмеңкеден сендер ұқсап жаман нәрсе алып қайтқан адамды көргенім жоқ. Бүкіл араб тайпаларын жау қылып аласыңдар ма? Оны өз қауымы сендерден жақсы таниды. Егер қауымы одан бір қайырлы нәрсе көргенде бәрінен бұрын оны солар қолдайтын еді... - деп бақырады. Содан барып Пайғамбарымызға бұрылып:

– Тез тұр да бұл жерден кет! - дейді.

Аллаһ Расулі орнынан тұрып, түйесіне мінгенін де, Бәйхара түйенің көкірегін тұртіп қалады. Түйе жатқан жерінен бірден атып тұрғанда Сүйікті Пайғамбарымыз жерге құлап түседі.

Дуба бинти Амир есіміндегі мұсылман бір әйел, Мырзамызға жасалған бұл мазақты көрер-көрмес:

– Әй, Амир әулеті! Көз алдарыңда Аллаһтың Расуліне істелген мына жәбірді көре тұра оны мен үшін қорғайтын адам жоқ па іштеріңде? - дейді.

Әйелдің туыстарынан үш кісі атып тұрып, малғұн Бәйхараға атылады.

Осы оқиғадан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұлар үшін:

– *Уа, Аллаһым! Бұларға берекетіңді жаудыр!* - деп дұға етеді.

Осы дұғаның себебімен Аллаһ Тағала оларға иман нәсіп етеді, соңын да шейттік дәрежесіне лайық болады.

Бұл тайпаның қатты қартайғандығынан қажылыққа келе алмай жүрген басшылары бар еді. Елдеріне барғанда болған мән-жәйді оған айтып береді. Әлгі қарт дереу қолдарын басының үстіне қойды да:

– Әй, Амирұлдары! Қолдан кеткен бұл мүрсатты қалай өтейсіңдер? Нәпсімді құдыретімен ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, Исмайылұлдарының ешбіреуі осы уақытқа дейін өтірік айтып пайғамбар екендігін алға тартпаған! Әрине оның айтқандары хақ әрі шындық! Сендердің ақылдылықтарың сол кезде қайда қалды? - деп оларды жазғырады.[223]

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұндай қарсы шыққандарға қарамастан, дінді адамдарға ашық ұсынудан бір сәт болса да кері тұрмай жәрмеңкеге келген өзге де тайпаларға ақиқатты паш етті.

223. Ибн Хишам II, 33-34; Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 184; Ибн Хәжар, әл-Исаба IV, 353.

Пайғамбарымыздың Хазіреті Сәудамен үйленуі

Сәуда анамыз Сәкран бин Амрдің жұбайы болатын. Мұсылмандардың басына ауыр күн туғанда Хабашистанға хижрет еткен еді. Сәкран көп уақыт өтпей сол жақта қайтыс болады. Хазіреті Сәуда, Ислам десе жанын аямаушы еді. Соған қарап Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған мақтау айтады. Пайғамбарымыз оны басына түскен шарасыздықтан алып шығу үшін өзімен үйленуді ұсынады.

Аллаһ Расулінің Хазіреті Сәуда анамызбен үйленуіне Осман бин Мазғунның әйелі Хәула ханым себеп болғанды.

Хәула Ханым үйлену мәселісін Хазіреті Сәуданың әкесіне айтқанында, ол:

– Шынын айтсам Мұхаммед өте қадірлі күйеу болады! - деп үйленулеріне разылығын береді.

Бірақ Сәуда Ханым қайтыс болған күйеуінен қалған бес немесе алты бірдей кішкентай баласы болғаны үшін Пайғамбарымызға күйеуге шығуға бата алмай жүрді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның тартынғанын көріп:

– Сенің менімен үйленбеуіңнің себебі неде? - деп сұрайды.

Хазіреті Сәуда:

– Уаллаһи уа, Расулұллаһ! Маған сенен өткен сүйікті біреу табылмаған да, менің сенімен үйленбеуіме не кедергі бола алады? Бірақ мына кішкентай балалар, азаннан кешке дейін сенің басында бақырып-шақырып, мазаңды алама деп қорқамын. Әйтпегенде сені қуантып, бақытты ету үшін қуана-қуана қабыл етер едім, - дейді. (Ибн Саад VIII, 53-57;

Ахмед бин Ханбәл I, 318-319; VI, 211; Хәйсами IV, 270)

Бұл үйлену пайғамбарлықтың оныншы жылы Рамазан айында болады.

Сәуда анамыз Әлемнің Сүйіктісін зор құрметпен сыйлап, ынта-шынтасымен қызмет көрсететін-ді. Ол кісі Пайғамбарымыздың жалғыз қалған бір қиын-қыстау кезде өмірлік жан-жолдасы бола білді. Хазіреті Сәуда (радиаллаһу анһа) Аллаһ Расулінің ананың ыстық алақанына әрі бағып-қағуға мұқтаж болып қалған кішкентай қыздарына қарап, оларға аналық мейіріммен назар салып, сүйіспеншілікпен өсірді.

"ХИКМЕТ" баспа үйі

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ОН БІРІНШІ ЖЫЛЫ

Ақаба кездесуі

Түннің бір уағы болатын...

Қағбаны зиярат етуге келген алты кісіден тұратын Мәдиналық бір топ адам, Ақаба алқабында Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кездесті. Оның әлемге жарқырап шуақ жайған нұрына қарап:

«Бұл қандай әдемі адам!» деп бір-бірімен мақұлдасады. Жүректеріне сол уақыт пайғамбарға деген махаббаттың ұшқындары мен рахмет самалы есе бастаған-ды. Сөйтіп тұрғанда Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қастарына жақын келіп, пайғамбарлық міндетін атқару үшін басқалар сияқты оларды да Исламға шақыру үшін үн қатты:

– Біраз отырсаңыздар, (сіздермен) сұхбат қылсақ! - дейді.

Мәдиналық алты мүшелік бұл әдепті кісілер, осындай таң-тамаша адаммен сөйлесуді өздеріне парыз санады. Дереу Пайғамбарымызды айнала отыра қалады.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға Құран Кәрімнен аяттар оқу арқылы Исламды ұсынды. Екі дүние бақытын қалайтын болса, осы иманның шақыруына құлақ асу керектігін түсіндірді.

Мәдиналықтар жақында бір пайғамбардың келетінін ата-бабаларынан әрі көршілері еврейлерден жиі-жиі естіген еді. Пайғамбарымыздың дағуатына қанық болған соң бір-біріне қарап:

– Достар! Уаллаһи бұл, еврейлердің келеді деп бізді қорқытқан пайғамбар ғой! Абай болайық, еврейлер оған бізден бұрын иман келтіріп қойып жүрмесін, - дейді.

Қадірлі Пайғамбарымыздың алғаш көргеннен бастап таң қалдырған нұрлы маңдайына тағы да бір рет қарап алып, оның айтқандарының ақиқат екеніне көздері жетіп, иләһи дағуатқа шын көңілден «иә» деп қабыл алады. Бәрі қосылып бірдей куәлік сөзін айтады:

«أَشْهَدُ أَنْ لَآ اِلٰهَ اِلاَّ اللهُ وَ أَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَ رَسُولُهُ»

Пайғамбарымыз олардан, мұсылмандармен Мәдинаға барғандарында өздеріне жәрдем етіп, етпейтіндіктерін сұрайды.

Бұл Мәдиналық ең алғашқы мұсылмандар, Әуес және Хазрәж тайпаларының арасында қатты соғыстар болғанын, араларындағы дүшпандықтың өршіп кеткенін айтып, осы жылы келетін болса оларға толық түрде жәрдем ете алмайтындықтарын түсіндіріп бір жылға кейін қалдыруын өтінеді. Сөйтіп мәдиналықтар Исламға дағуат етеміз деп сөз беріп, келесі жылы қажылық кезінде қайта келуге уәде беріп тарқасады.

Бұл кішкентай ғана иман керуені, өз қалаларына қатты өзгеріп, қуанышпен барады. Жәһилияттың кірлерінен арылып, қайғы-мұңды сілкіп тастап, дәл бір құс секілді жеңілденіп қалады. Мәдинаға келгендерінде Әлем біткеннің мырзасы, екі дүниеге жарық шашқан нұрды сипаттап,

адамдарға айтып, оларды Исламға шақыруды бастап та кетті. Соның арқасында Мәдинада Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жайында әңгіме қозғалмаған бір де бір үй қалмайды.[224]

Жүректің үшінші рет тазартылуы (шарху садр): Миғражға дайындық

Исра мен Миғраж түнінде Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хақ Тағаламен кездесуінен бұрын иләһи көріністерге дайынадалу үшін жүрегі үшінші рет иман мен хикметке толтырылды.[225]

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл оқиғаны былайша баяндайды:

«Мен Қағбаның Хатим бөлігінде жатқан едім. Ұйқылы-ояу бір халде маған біреу келді де мынадан мынаған дейін (көкірегімді) жарды. (Бұны айтып жатып өңешінен қыл біткен жерге дейінгі бөлікті көрсетті.) *Жүрегімді шығарды. Кейін маған ішіне иман және хикмет толтырылған алтыннан жасалған бір ыдыс әкелінді. Жүрегім (шығарылып сумен әрі Зәмзаммен) жуылды. Содан кейін ішіне иман және хикмет толтырылып қайта орнына орнатылды...»* (Бұхари, Бәдул Халқ 6, Әнбия 22, 43; Муслим, Иман 264)

Сүйіктінің Сүйіктісіне арнаған бағасыз сыйы – Миғраж

Исра оқиғасы хижреттен 18 ай бұрын болған еді.

Исра деп аталған бұл иләһи сый, бүкіл пенделік перделер көтеріліп, адами сезімдердің тысында толықтай иләһи

224. Қараңыз, ибн Хишам II, 38; ибн Саад I, 219; Хәйсами VI, 40.
225. Қараңыз, Бұхари, Салат 1; Муслим, Иман 263.

өлшемдермен ортаға шыққан бір нығмет еді. Қысқаша айтар болсақ, пенделерге тән мекен және заман түсінігі жойылған, милиарттаған адамдардың өміріне сыймайтындай ұзын бір сапар әрі қисапсыз көріністер, бір секундтан аспайтын аз ғана бір уақыт ішінде өткен.

Хақ Тағала бұл турасында былай дейді:

سُبْحَانَ الَّذِى اَسْرٰى بِعَبْدِهٖ لَيْلًا مِنَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ اِلَى الْمَسْجِدِ
الْاَقْصَى الَّذِى بَارَكْنَا حَوْلَهٗ لِنُرِيَهٗ مِنْ اٰيَاتِنَا اِنَّهٗ هُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ

«Құлын (Мұхаммедті аләйһиссалату уә сәлләм) **түннің бірінде, Мәсжидул Харамнан өзіне кейбір аяттарымызды көрсету үшін, айналасын мүбәрак қылған Мәсжидул Ақсаға апарған Аллаһ, әр түрлі кемшіліктерден пәк. Шүбәсіз Ол, әрнәрсені естуші әрі білуші».** (Исра сүресі 1-аят)

Қасиетті аят егер өте маңызды әрі таң қаларлық жайттарға назар аударғысы келсе аяттың басы пәктеумен басталады. Тәпсіршілердің айтуынша «Субхәна», Аллаһ Тағаланы кемшілік сипаттардан толықтай пәктейтін бір сөз. Осымен қатар Хақ Тағаланың керемет өнеріне деген қайрандықты білдіру үшін де қолданылады. Әрі ең маңызды зікірлердің бірі.

Қысқаша айтқанда бұлы сөз;

1. Адамның ақылына сыймайтын Исра оқиғасын ұлықтау әрі растау жүректердің тазалануына бастама. Аллаһ Тағаланы мақлұқтарға ұқсатудан әрі зат, дене жағынан да ұқсатудан қорғайды.

2. Миғражға мүлдем сенбегендерге Хақ Тағаланың әлсіз, күшсіз және осындай әр түрлі кемшіліктерден пәк екендігін дәлелдейді.

Қасиетті аяттың жалғасында түнді мысалға келтіреді. Өйткені Исра түн қату еді. Уахи негізінде түнде келді деген тұжырым басымырақ. Дұрыс әрі бұрыс оқиғалар да және ең үлкен маңызды ғибадаттар мен оқиғалар да көбінесе түнде орын алады. Неге десеңіз нәпіл ғибадаттар және сәресі уақытында өтелетін тәһәжуд намаздары, ең үлкен ғибадат.

Мәсжидул Ақса мен айналасындағылардың мүбәрак болуының негізгі себебі былайша баяндалған:

1. Дін және дүние берекеттерімен берекелі қылынған. Айналасында көк-өніс, өсімдікпен қатар өзендер бар.

2. Көптеген пайғамбарлар сол жерде өмір сүрген және осы себептен де уахидің енетін мекені болған.

3. Исра оқиғасының арқасында ерекше берекелі етілген.

Осы сапар шегуде Хақ Тағала құлы әрі Расулі Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ғажайып әрі таң қаларлық оқиғалар мен көріністер көрсетілген.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сол түні Мәсжидул Ақсада бүкіл пайғамбарларға имам болып намаз оқытты.[226]

Әбу Һұрайрадан (радиаллаһу анһу) нақыл етілген бір хадиске сүйенер болсақ, Исра түні Расул Әкрамға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біреуіне шарап, екіншісіне сүт құйылған екі кесе алдына қойылады. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біраз қарап тұрып сүт құйылған кесені таңдайды. Бұны көрген Жәбрейіл:

– Сені, адамның жаратылу мақсатына сай келетінге жөн сілтеген Аллаһқа шүкір (хамд) болсын. Егер де ішімдік

226. Ибн Саад I, 214.

толтырылған кесені көтергеніңде, үмметің адасып кетер еді, - дейді. (Муслим, Иман 272, Әшриба 92)[227]

Хақ Тағала қасиетті аятта:

وَ مَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوٰى

«**Ол өзінің қалағанындай** (нәпсісінен) **сөйлемейді** (сөйлегені көкейіне салынған уахи)» (Нәжім сүресі 3-аят) деп Пайғамбарымыздың өз нәпсісінен әрі өзінің ойынан бір нәрсе ортаға қоймайтынын баяндайды.

Негізгі істеуші (файл мутлақ) Хақ Тағала, ал Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса Оған толықтай сенім артқан. Бұл тұста Аллаһ Тағала, сүтті таңдатуы арқылы сүйіктісіне ең абзалына жөн сілтеп отыр. Осымен қоса бұл хадис шәриф бізге, Мұхаммедтің үмметінің үстемдігін көрсетуде.

Исра оқиғасында Мәсжидул Харамнан Мәсжидул Ақсаға апарылған Пайғамбарымызға (аләйһиссалату уә сәлләм) одан кейін сол жерден көк-жүзіне көтерілуге, яғни Миғраж нығметі берілді. Шынында да Мәсжидул Ақсаға барған Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жерден Хазіреті Жәбрейілдің жол бастауымен «Сидратул Мунтаһаға» дейін шықты.

Әлемнің Мырзасы Пайғамбарлардың Асыл Тәжі (аләйһиссалату уә сәлләм) мырзамыз бұл оқиғаны былайша баяндайды:

227. Қосымша қараңыз, Бұхари, Тәпсір 17/3, Әшриба 1, 12; Нәсай, Әшриба 41.
Исра мен Миғраж оқиғасы арқылы, Исламның нағыз табиғи, яғни адамның тумысына сай дін екені толық дәлелденген. Осымен қатар арам пиғылды, жүректері ақаулы адамдарға көк-жүзінің есіктерінің (рухани әлем) ашылмайтындығы білдірілген.

– Мен Қағбаның Хатим бөлігінде ұйқылы-ояу едім... Маған есектен биік, қашырдан қысқа ақ түсті бір жануар әкелінді. Бұл Пырақ еді. Алдыңғы аяғын көзіңнің жете алатын ең соңғы нүктеге дейін қойып жол жүретін. Мен оның үстіне мінгізілген едім. Жәбрейіл (аләйһиссәләм) мені осылайша апарды. Дүниенің көгіне дейін келдік. Есіктің ашылуын қалады.

– Келген кім? - делінді.

– Жәбрейіл! - деді.

– Қасыңдағы кім? - делінді.

– Мұхаммед (аләйһиссалату уә сәлләм), - деді.

– Оған Миграж шақыруы жіберілді ме? - делінді.

– Иә! - деді.

– Қош келіпті! Бұл келуі қандай жақсы келіс! - делінді де, есік ашылды.

Есіктен кіргенде, сол жерде Адамды (аләйһиссалам) көрдім.

– Бұл әкелерің Адам ғой! Оған сәлем бер! - делінді.

Мен де сәлем бердім. Сәлемімді алды. Кейін маған:

– Салих (ізгі, пәк, рухани таза) балам қош келдің, салих пайғамбар қош келдің! - деді.

Кейін Хазіреті Жәбрейіл мені жоғары шығарып екінші көк-жүзіне келдік. Бұл жерде Яхия және Хазіреті Исамен (аләйһиссәләм) кездестім. Олар әпкеұлдары еді.

Кейін Жәбрейіл мені үшінші көкке шығарды, ол жерде Хазіреті Юсуфпен (аләйһиссәләм) кездестік. Төртінші қабаттағы көк-жүзінде Хазіреті Идриспен (аләйһиссәләм),

бесінші қабаттағы көк-жүзінде Харунмен (аләйһиссәләм), алтыншы қабаттағы көк-жүзінде Хазіреті Мұсамен (аләйһиссәләм) кездестік.

– Салих бауыр қош келдің, салих пайғамбар қош келдің! - деді.

Мен оның қасынан кеткенімде жылады. Оған:

– Неге жыладың? - делінді.

– Өйткені менен кейін бір жас пайғамбар келді, оның жәннатқа кіретін үмметі, менің жәннатқа кіретін үмметімнен әлде қайда көп! - деді.[228]

Кейін Жәбрейіл мені жетінші көкке шығарып, Ибраһиммен (аләйһиссәләм) кездестік.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм):

– Бұл әкең Ибраһим ғой! Оған сәлем бер! - деді.

Мен сәлем бердім, ол да сәлемімді алды. Кейін:

– Салих ұлым қош келдің, салих пайғамбар қош келдің! - деді.

Одан кейін маған:

– Уа, Мұхаммед! Үмметтіңе менен сәлем айт, осымен қоса оларға жәннат топырағының өте жақсы, суының өте тәтті, жерінің сондай кең әрі түп-түзу екенін жеткіз. Оларға айт, жәннатқа көптеп ағаш ексін. Жәннат ағаштары «сүбханаллаһ, үәлхамдулиллаһ және лә иләһә илләллаһу уаллаһу әкбар!» деуден тұрады, - деді.

228. Хазіреті Мұсаның (аләйһиссәлам) жылауы, қызғаныштан туып отырған жоқ. Кәміл хәлге жете алмағандығының себебінен мұңайып, жылағанды.

Кейін Сидратул Мунтаһаға шығарылдым. Бұның жемістері (Йеменнің) Хәжар құрмасы сияқты ірі еді, жапырақтары да пілдің құлақтары сияқты еді.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм) маған:

– Міне осы, «Сидратул Мунтаһа!» - деді.

Бұл жерде төрт өзен бар: Екеуі батыни (рухани) өзен, қалған екеуі де заһири (дүниелік) өзен.

– Бұлар не сонда (бұның ұғымы не) әй, Жәбрейіл? - деп сұрадым.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм):

– Мына екі батыни өзендер, жәннаттың екі өзені. Заһири өзендердің бірі Ніл, екіншісі Ефрат өзені![229] - деді. (Бұхари, Бәдул Халқ 6; Әнбия 23, 43; Мәнакибул Әнсар 42; Муслим, Иман 264; Тирмизи, Тәпсір 94, Дағуат 58; Нәсай, Салат 1; Ахмед бин Ханбәл V, 418)

Сидратул Мунтаһада Жәбрейіл (аләйһиссәләм):

– Әй, Аллаһтың Расулі! Бұдан арғы жаққа өзің ғана өтесің! - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Не үшін? - деп сұрадым.

Ол жауап ретінде:

– Хақ Тағала маған осы жерге дейін шығуға рұқсат

229. Кейбір ғалымдардың алға тартқан пікірлеріне қарағанда Ніл мен Ефрат өзендерінің Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жәннатта көрсетілуінің сыры мынада: Исламның нұры жер-жүзіне жайылады; Ислам, Ніл мен Ефрат өзендерінің айналасындағы берекелі топыраққа (жерге) ие болады. Сол өлкелердің халқы ирандықтардың отқа құлдығынан әрі Византияның үштік сенімінен арылады. Бұл өлкелердің халқы үрпақтан-үрпаққа таухидтің туын көтеріп Исламға қызмет етеді.

берген. Егер осы жерден алға тағы бір қадам атсам, жанып, күл боламын! - деді. (Рази XXVIII, 251)

Сөйтіп осыдан кейінгі жолды Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жалғыз өзі жалғастырады. Оған ғажайып көріністер көрсетіледі. Хақ Тағаланың жамалын көру нығметіне ерді.

Бұл сапардағы таңғажайып көріністердің толықтай, қыр-сырымен қағаз бетіне түсірілуі, адам баласының ойы да қуып жете алмайтын бір ақиқатты, пенденің түсінігіне салып сыйдыруға тырысу сияқты мүмкін емес нәрсе. Бұл сапардың негізгі ақиқаты мен ішкі сыры Аллаһ пен Оның сүйіктісі арасында мәңгілік бір сыр болып қалатын дүние. Әлгі керемет көріністер толықтай «ғайыб әлемінің» шекарасында орын алған-ды.

Осымен қатар, Аллаһ және Оның ұлық Пайғамбары арасындағы бұл көркем, ғажайып сырлардың орын алуы, уахиге ден қойғандарға Жаратушы Жаппар Иеміздің соңсыз құдірет пен ұлылық және сән-салтанытын көрсетуде.

Сондай-ақ Миғраж оқиғасы Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соңғы рет Тайыфта көрген зұлымдықтардың нәтижесінде жүрегін торлаған қайғы-мұңды сейілтіп, қуанышқа кенелту үшін орын алған иләһи сый десек те болады.

Негізінде уақыт пен мекенге бағынбай орын алған бұл иләһи оқиға адамның ойы үшін тым ауыр. Оған адам баласының ойы жетпек емес. Мұндай пенденің ой қабілетінің шекараларын әлдеқайда артта қалдыратын, ерекше тұстарда ойды мазалап, басты қатыруға тыйым салынған.

Өйткені Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бүкіл пайғамбарлардың көрген иләһи сыйлардың ешбіріне

ұқсамайтын әрі тым ерекше бір иләһи нығметке бөлене отырып, Миғражда Ұлы Жаратушыға (Заты Улуһият) тән уақытсыз әрі мекенсіз бір әлемде:

فَكَانَ قَابَ قَوْسَيْنِ اَوْ اَدْنٰى

«(Мұхаммед Мұстафа мен Раббының) **арасы, садақтың екі басындай әлде одан да жақынырақ болды»** (Нәжім сүресі 9-аят) деп аятта баяндалғанындай Хақ Тағаланы көру мүмкіншілігіне лайық болған.

Бұл көріністің бір ғана тозаңының өзін тамашалаймын деп ұлы пайғамбарлардың бір бола тұра, Хазіреті Мұсаның (аләйһиссәләм) талып құлағанымен салыстыратын болсақ, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың алдындағы ұлы дәрежесі мен оған нәсіп еткен ерекше қабілеті мен күшінің жоғарылығын шамалап білуге болады.

Бір жағынан Мұсаға (аләйһиссәләм) қасиетті мекенде аяқ киімдерін шығару керектігі әмір етілген. Өйткені жалаң аяқ басып, ол жердің берекетінен өзінің бойына сіңіріп, қасиетінен қасиет алып қайтуы үшін Хақ Тағала солай әмір еткен-ді. Ал Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Миғраж түні бір жағынан:

«Әй, Сүйіктім! Сен Арштың үстінде кебісіңмен жүр, сөйтіп Арш, сенің кебісіңнің шаңымен қасиеттілікке бүрінсін әрі Арштың нұры сенімен қауышу нығметіне жетсін!» делінген еді. (Бурсәуи V, 370)

Екі Әлемнің Сұлтанының Миғражға шығуымен көкжүзінің қуанышқа кенелуін ақын Кемал Әдиб Күркчүұлы қандай тамаша жырлаған десеңізші:

Миғраж түні келбетін көріп, тамашаладым деп,

Көкжүзі жер-жүзін жауып қалып, сәжде етті шүкіршілік қылып!

Аллаһ Тағала Миғражды Құран Кәрімде былайша баяндайды:

وَ النَّجْمِ اِذَا هَوٰى

«Батып бара жатқан жұлдызға[230] **ант етемін»**. (Нәжім сүресі 1-аят)

Сүренің бұлай антпен басталуы, ішінде айтылатын ақиқаттарға кейбіреулердің қарсы келулерінің себебімен Миғраждың ақиқат екендігін нықтап баяндауға байланысты. Сол үшін де бұл мәселе анттың артынша келген қасиетті аяттарда былайша келтірілген:

مَا ضَلَّ صَاحِبُكُمْ وَ مَا غَوٰى ﴿2﴾ وَ مَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوٰى ﴿3﴾
اِنْ هُوَ اِلَّا وَحْيٌ يُوحٰى ﴿4﴾ عَلَّمَهُ شَدِيدُ الْقُوٰى ﴿5﴾
ذُو مِرَّةٍ فَاسْتَوٰى ﴿6﴾ وَ هُوَ بِالْاُفُقِ الْاَعْلٰى ﴿7﴾

«Жолдастарың (Мұхаммед Мұстафа) **адаспады әрі бұрысқа да сенбеді** (ауытқымады). **Ол өз ойынан**

230. Хақ Тағаланың ант еткен жұлдыз сөзіне байланысты тәпсірші ғалымдар бірнеше анықтама берген. Бұл анықтамалардың ең маңыздысы ретінде «жұлдыз»-дың Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немесе Құран Кәрімнен бөлік-бөлік болып түскен аяттар екендігі алға тартылған. Егер осылай анықтама берер болсақ, онда жоғарыдағы аяттың мағынасы былай болмақ:
1. Миғражға шығып, түскен Мұхаммед Мұстафамен ант етемін!
2. Құранның түсуі кезеңіндегі әрбір келген уахидің енген уақытына ант етемін!

сөйлемейді. Ол көкейіне салынған уахидан басқа нәрсе сөйлемеді. Өйткені оған оны өте күшті ұлы жаратылған (Жәбрейіл а.с. Раббысының әмірімен) **үйретті. Кейін ең жоғары көк-жиекте** (Сидратул Мунтаһада Жәбрейіл а.с.) **өз бейнесінде тура тұрды».** (Нәжім сүресі 2-7 аяттар)

Аяттың арабшасында келтірілетін «истиуа» сөзі, жауу, құшақтау әрі тұру мағыналарына келеді. Тәпсіршілердің көпшілігі истиуа сөзі Жәбрейілге (аләйһиссәләм) айтылғанын алға тарта отырып, осымен қатар Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да байланысты екенін айтқан. Егер Пайғамбарға байланысты болса, онда истиуа Аллаһ Расулінің қадірі мен қасиетінің, мақамы мен дәрежесінің тым бикітігін көрсетеді. Яғни Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдымен ең жоғарыға шығып тұрды:

ثُمَّ دَنَا فَتَدَلّٰى

«Кейін ол жақындап төмендеді». (Нәжім сүресі 8-аят) Яғни Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) иләһи күштің арқасында жоғарыға көтерілді. Тұрған жері мен құзырлы орнынан арман қарай тағы көтерілді.

Осылайша Қадірлі Пайғамбар Миғражда ең жоғары әрі ең биік мекенде тұруымен ғана шектелмей Аллаһқа қарай жақындады да. Соңынан иләһи күштің әсері барынша көбейіп Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сәтте ең жоғарғы мекеннің арғы жағына өтеді:

فَكَانَ قَابَ قَوْسَيْنِ اَوْ اَدْنٰى

«(Мұхаммед Мұстафа мен Раббының) **арасы, садақтың екі басындай әлде одан да жақынырақ болды».** (Нәжім сүресі 9-аят)

Қасиетті аяттағы قَابَ قَوْسَيْنِ اَوْ اَدْنٰى «Садақтың екі басындай әлде одан да жақынырақ» сөзі адамзат әлемінен тым жоғары бір шындықтың пенденің түйсігіне жат келмей оның сәл де болса түсіне алуы үшін қолданылып отыр. Аяттың садақтан мысал бергендігінің мағынасы былай:

Исламнан бұрын арабтар бір келісімге келіп шарт жасасқанда екі оқ шығарып, біреуін екіншісінің үстіне қойып, екеуінің ұшын тең қойып бірлестіргеннен кейін ғана екі оқпен біра-ақ рет атып жіберетін. Бұл олардың біреуінің разы болатын нәрсеге екіншісінің де разы болатындығына, біреуін ашуландыратын нәрсе екіншісін де ашуландыратындығын көрсететін бірлік пен бүтіндік келісімі еді.

Міне, осыған қарағанда «қаба қаусайн», «садақтың екі басы», һәм заттық түрде һәм рухани түрде жақындықты көрсетеді әрі осылайша пенденің түсінігінен тым жоғары ұлы ақиқат болып саналды. Яғни Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл ретте Раббысына жақындағандығы соншалықты, бүкіл көліктер мен себептер ортадан алынып тасталды да тұпа-тура:

فَاَوْحٰٓى اِلٰى عَبْدِهٖ مَآ اَوْحٰى

«Аллаһ сол уақытта құлына уахи ететін нәрселерін көкейіне салды». (Нәжім сүресі 10-аят)

Қасиетті аяттағы салынған уахидің не екендігі былайша баяндалады:

1. Намаз: Миғражда берліген әмірлердің ең маңыздыларының бірі – намаздың парыз болуы. Хазіреті Пайғамар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), Хазіреті Мұсаның (аләйһиссәләм) кеңесімен Хақ Тағаладан өтініп, алдын елу уақыт парыз болған намазды бес уақытқа түсіргізіп алады. Осымен қоса Аллаһ Тағала бірге он есе беріп, бес уақыт намаз оқыған елу уақыт намаздың сауабын жазатынын мәлімдейді. Кейінірек Хақ Тағала мынадай мәлімдеме жасайды:

«Әлдекім бір жақсылық істегісі келіп, оны істей алмаса, ол кісіге (жақсы ниеті үшін) бір сауап жазылады. Ал істей алған жағдайда он сауап жазылады. Ал, әлдекім, бір жаманшылық істегісі келіп, бірақ оны істеуден баз кешсе, оған күнә жазылмайды. Егер сол жаманшылықты істер болса, бір күнә жазылады!» (Муслим, Иман 259)

Бұл тақырыптағы ұзын хадис шәрифте баяндалғанындай, Аллаһ Тағала алдын елу уақыт парыз болған намаз, кейін Пайғамбарымыздың өтінішімен бес уақытқа түсіріледі. Бұдан не ұғамыз? Бұның мағынасы адамдардың мойнындағы Аллаһтың ақысы елу уақыт намаздың өтелуі. Бірақ Хақ Тағала Өзінің кәрім сыйымен бізге бұндай міндеттен бірге он берілуі арқылы азайды. Негізінде Аллаһ Тағаланың:

وَ مَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَ الْاِنْسَ اِلَّا لِيَعْبُدُونِ

«Мен жындар мен адамдарды Маған ғибадат (құлшылық) **етсін деп қана жараттым»** (Зарият сүресі 56-аят) деуі арқылы адам баласы үшін негізгі асыл мақсат ғибадат екендігі білдірілген. Бірақ Тәңірлік мейірімнің арқасында ең әлсіз адамды да есепке ала отырып, елуден беске түсірілген. Дегенмен кімнің күші жетіп бекітілген парыздардан тыс на-

маз оқуды көбейтсе тыйым салынбаған, керісінше құба-құп алынады.

Нағыз кәміл мүминдер парыз болған бес уақытқа қосымша, құлшылық, ишрақ, әууабин секілді нәпіл намаздарды әсіресе түнгі тәһәжжуд намаздарын қалдырмай оқиды. Бұлар бұл оқиғаның табиғи бір нәтижесі. Өйткені бұл сияқты ғибадаттар адамдардың күш жігерін жеткізіп, ләззат алып оқуы үшін намаз уақыты елу уақыттан Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өтініші бойынша бес уақытқа түсірілген.

2. Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арнап:

«Пайғамбарлардың ешбірі сенен алдын, үмметтердің де ешқайсысы сенің үмметеріңнен бұрын жәннатқа кірмейді!» деп баяндаған. (Рази, XXVIII, 248)

3. Бақара сүресінің соңғы екі аяты уахи етілді:

«Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) (Миғражда) үш нәрсе берілді: Бес уақыт намаз, Бақара сүресінің соңы және үмметінен ширк қоспағандарының үлкен күнәларының бағышталатыны...» (Муслим, Иман 279)

Дейтұрғанмен Миғраждағы уахидің кең түрдегі мағынасы мен негізгі сырын тек Аллаһ пен Пайғамбары ғана біледі.

Бұл тұстағы анығы Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Миғраждағы көргендері қиял, түс емес, жүрегінің де және денесінің де құптап, тамашалаған ақиқаттан тұрады. Құран аятымен айтар болсақ:

مَا كَذَبَ الْفُؤَادُ مَا رَاٰى ﴿11﴾ اَ فَتُمَارُوْنَهٗ عَلٰى مَا يَرٰى ﴿12﴾

«(Мұхаммед Мұстафаның) **көзінің көргенін жүрегі жалғанға шығармады.** (Әй, қарсы келушілер!) **Ал енді оның көргендері жайында енді онымен таласасыңдар ма?»** (Нәжім сүресі 11-12 аяттар)

Аллаһ Расулі Миғраж түні Раббысына қауышып, қисапсыз көріністер мен ғибратты оқиғаларды тамашалап болған соң, ешбір пенденің жете алмайтын ерекше мекеннен қайтып келе жатып, Жәбрейілді (аләйһиссәләм) қалдырып кеткен жерде (Сидратул Мунтаһада) екінші рет асыл өз түрінде көрді.

Қасиетті аятта былай делінеді:

وَ لَقَدْ رَاٰهُ نَزْلَةً اُخْرٰى ﴿13﴾ عِنْدَ سِدْرَةِ الْمُنْتَهٰى ﴿14﴾

«Расында (Мұхаммед Мұстафа), **оны** (Жәбрейілді) **Сидратул Мунтаһада екінші рет көрді. Тұрақтау ағашының жанында»**. (Нәжім сүресі 13-14 аяттар)

Аятта Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәреже жағынан Жәбрейілден де (аләйһиссәләм) жоғары екендігі меңзелген. Өйткені Жәбрейіл (аләйһиссәләм) Миғраж түні: «Енді бір саусақ ұшындай-ақ жақындасам, сөзсіз жанып кетемін!» деген дәрежесінде қалып, ал Пайғамбарымыз одан әрмен қарай жылжыған еді. Бұның мұндай екендігін Аллаһ Расулінің қайтарда тағы да Жәбрейілге жолығуынан анық көреміз.

عِنْدَهَا جَنَّةُ الْمَاْوٰى ﴿15﴾ اِذْ يَغْشَى السِّدْرَةَ مَا يَغْشٰى ﴿16﴾

«Ол жерде Мәуә жәннаты бар. Ол (уақытта**) Сидраны қаптаған нәрсе қаптады»**. (Нәжім сүресі 15-16 аяттар)

Әлемнің Сұлтанына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрақ тасталды:

«Уа, Расулұллаһ! Сидраны қаптаған не нәрсе көрдің?

– Алтын көбелектер оны орап, бүріп алғандарын және жапырағында бір періштенің отырып алып Аллаһты тәсбих еткенін көрдім. (Тәбари XXVII, 75; Муслим, Иман 279)

Ибн Аббастың (радиаллаһу анһу) нақыл еткен бір хадиске сүйенер болсақ:

Аллаһ Тағала, Мұсаны сөз, Ибраһимді дос және Мұхаммед Мұстафаны ру-ятуллаһ (Аллаһ Тағаланың түр-түсін, қандай екендігін біздің түйсігімізге сыймайтын (біз түсіне алмайтын) бір түрде көру) нығметіне қауыштырып көңілдерін алған. (Тәбари XXVII, 64)

Көздің Сүйіктінің құзырында тұрғанда, Одан басқасына таймауы әдептіліктің ең жоғарғы мәртебесі. Шынында да:

مَا زَاغَ الْبَصَرُ وَمَا طَغٰى ﴿17﴾ لَقَدْ رَاٰى مِنْ اٰيَاتِ رَبِّهِ الْكُبْرٰى ﴿18﴾

«(Мұхаммед Мұстафаның) **көзі таймады да үстірт те қарамады. Расында ол, Раббысының ең үлкен аяттарынан** (белгілерінен) **бір бөлігін көрді».** (Нәжім сүресі 17-18 аяттар)

Бұл аяттарға қарап отырсақ Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жәбрейілмен (аләйһиссәләм) бірге басқа да мақлұқтардың (жаратылған әрбір нәрсе) шекарасына аяқ баса алмаған «Сидратул Мунтаһа»-ның арғы бетіне өткендігін байқаймыз. Аятта осымен қатар пенденің түсінігіне сәйкестендіріп «Садақтың екі басы арасы немесе одан да жақын» деп қашықтық жағы баяндалғанымен құлдардың толық қыр-сырымен түсіне алмайтынындай бір қауышу екені анық еді.

Бұл қауышуда Пайғамбарлар Сұлтаны сөз құдіретінің күші жетпейтіндей дәрежеде ұлы ақиқаттар, яғни Раббысының тәрбиелеуші аяттарынан, мүлкі мен салтанатының көркемдігінен, тек қана көріп тамашалау арқылы ғана болатын үлкен аяттар (белгілер) көрген-ді.

Осы ретте тәпсіршілер «Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһты жүрек көзімен көрді» дейді. (Тәбари XXVII, 63)

Ибн Аббастан (радиаллаһу аннһу) бізге жеткен риуаятқа қарағанда Қадірлі Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«*Мен, ұлы Раббымды көрдім!*» - деген. (Ахмед бин Ханбәл I, 285; Хәйсәми I, 78)

Тағы бір деректе Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Раббыңды көрдің бе?» деген сұраққа:

«Бір нұр көрдім!» - деп жауап берген екен. (Муслим, Иман 292)

Ең дұрысын Аллаһ біледі...[231]

Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исра және Миғраж жайында көптеген мәліметтер қалған. Солардың бірнешеуін келтіріп кетсек:

«Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Миғражда бір топ адамға кезігеді, қараса олардың еріндері түйенің еріні сияқты екен. Бірнеше міндетті қызметшілер олардың еріндерін кесіп ауыздарына тас тығып жатыр.

231. Миғражға байланысты қасиетті аяттардың тәпсірі, көрнекті ғалым Елмалылы Хамды Языр ұстаздың «Хак Дини Куран Дили» атты тәпсірінен алынды.

– Әй, Жәбрейіл! Бұлар кім? - деп сұрайды.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм):

– Бұлар жетімдердің мал-мүліктерін хақсыз (адалдығын сұрамай) жолмен жегендер! - деді. (Тәбари XV, 18-19)

Кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы бір топқа жолықты. Олар да бақырдан (темір түрі) жасалған тырнақтарымен беттерін және көкіректерін тырмалап жатыр:

– Әй, Жәбрейіл! Бұлар кім? - деп сұрайды.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм):

– Бұлар (ғайбаттау арқылы) адамдардың етін жегендер. Олардың кісіліктеріне сөз келтіріп, намыстарына тигендер, - деп жауап берді. (Әбу Дәуіт, Әдәб 35/4878)

Одан кейін Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зина істегендерді, өлексе жеген бақытсыз жандар түрінде; пайыз жегендерді, қарындары қампайып ісіп кеткен әрі шайтан ұрып кеткен масқара түрде; зина жасап балаларын өлтірген әйелдерді, біразын көкіректерінен, біразын басы төмен қаратылып асулы күйде зиянға ұшыраған түрде көрді.[232]

Сол үшін де Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Егер менің білгенімді сендер де білсеңдер, сөзсіз аз күліп, көп жылар едіңдер!» - деген. (Бұхари, Тәпсір 5/12)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осымен қоса Миғражда көрген көріністерге байланысты бір хадис шәрифінде былай дейді:

232. Қараңыз, Тәбари XV, 18-19.

«Миғраж түні жәннат есігінде мына мәтіннің жазулы тұрғанын көзім шалды:

«Садақа он есе, қарызға беру болса он сегіз есе сый-сияпатқа кенеледі».

Мен:

– Әй, Жәбрейіл! Қарызға берілген нәрсе не үшін садақадан артық болады?» - деп сұрадым.

– Өйткені, тіленші (көбінесе) өзінде ақша болса да садақа сұрай береді. Ал қарыз сұраушы болса, мұқтаж болған соң сұрайды, - деп жауап қайырды. (Ибн Мәжа, Садақа 19)

Пайғамбар (аләйһиссалату уәссәләм) басқа бір хадис шәрифінде былай дейді:

«(Миғраж уағында) жәннат есігінің алдында тұрып ішке көз жүгірттім. Ол жерге кіргендердің көбі кедейлер еді. Байлар да (есеп-қисап беру үшін) қамауда еді. Бұлардың тозақтық болғандарын отқа лақтырылу үшін әмір келіп еді. Тозақтың есігінде де тұрдым. Ол жерге кіргендердің көбісі әйелдер еді». (Бұхари, Риқақ 51; Муслим, Зуһд 93)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл хадис шәрифімен әсіресе әйелдерге, Аллаһтың азабына душар етер іс-әрекеттерден өздерін қорғаулары үшін арнайы бір ескерту жасауда.

❀

Миғраж себебімен мына бір ақиқатты да айта кету керек, жай адамдар уақыт мәселесінде тек қана өткен кезді ғана біле алады, ал пайғамбарлар болса, Аллаһ Тағаланың рұқсатымен әрі өткен, әрі қазіргі және келешектегінің еншісіне тән мағлұматтарды біле алады. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) махшар жайлы хабар

беруі әрі бұл хабарларды «көрдім, естідім» секілді өткен шақтармен айтуы, міне жоғарыдаға айтқан мәселелерге бірер өнеге.

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өткен шақтағы және болашақтағы мәселелерді дәл айқындап беретін Миғраж түнінде келешекке қатысты ғибратты оқиғаларды көрген және бұларды өткен шақ формасында яғни болған бір кезеңді баяндаған. Осыған байланысты бір мысал беретін болсақ «Ашшара мубашшара» яғни жәннатпен сүйіншілеген он сахабаның бірі Абдуррахман бин Ауф хақында болды. Хадисте былайша баяндалады:

«Сол түні (Миғраж) Абдуррахман бин Ауфты көрдім. Жәннатқа еңбектеп кіріп бара жатыр екен. Оған былай дедім:

– Неліктен бүйтіп қиналып келе жатырсың?

Сонда ол:

– Уа, Расулұллаһ! Дүние-мүлкімнің есебінің салдарынан тіпті балаларыма дейін қартайтып жіберетіндей қиналдым. Тіпті бұдан кейін сізді көре алмайтын шығармын деп ойладым - деді». (Мұхаммед Парса, Фаслул Хитаб 403 б.)

Абдуррахман бин Ауф (радиаллаһу анһу) Миғраждан кейін бұл оқиғаны естіген соң дереу Айша анамыздың қасына барып, Пайғамбарымыздан осындай бір хадис-шәрифтің бар жоғын сұрастырды. Айша анамыз бұл хадистің бар екендігін айтқанда ол қуаныштан жүрегі үлпілдеп, сол уақытта Шамнан енді келген керуенін дәл сол күйінде барлығын бірдей Аллаһ жолында арнап жібереді.

Шынында да Аллаһ Расулі бұдан да басқа көптеген белгілер көрген еді. Тағы бір хадис шәрифінде: *«Сол түні көкке көтерілдім. Сондай бір ұлық дәрежеге шықтым, ол*

жерде қаламның жазып жатқан дыбыстарын естідім». (Бұхари, Салат 1)

Яғни Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сондай биік мақамға дейін көтерілген. Сондай-ақ онда жаратылысты жазып жатқан қаламдардың дыбысын естіп, ақиқаттарға куә болған.

Жоғарыдағы айтылған хадис шәрифтерде белгілі болғандай Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Миғраж түнінде өткен шақтағы, осы шақтағы сондай-ақ келешектегі нәрселерден хабардар болған.

Миғраждағы бірнеше мәселе

1. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл сапарға шықпастан бұрын «шаққу садр (жүректің тазартылуы)» оқиғасы орыналған-ды. Бұл оқиғаруханижағынанкемелдену, жүректің тазалағымен іске асатындығын көрсетуде. Ол жүрек сондай дәрежеге жетуі керек – іші тек қана иләһи нұрға толуы керек. Жүрек, әр түрлі машақаттан құтылып, тазартылғаннан кейін, айналасы иләһи көріністердің әсері жан-дүниені жаулап алады.

2. Исра оқиғасы құлын ерекше түрде сапар шеккізген Аллаһтың теңдессіз құдірет күшін көрсетеді.

3. Миғраждың тағы бір тұсы оның қиыншылыққа, азапқа толы Тайыф сапарынан кейін орын алуы. Соншалық машақаттың артынан кейін келген қуаныштың сүйіншісі болды.

4. Құран Кәрімде баяндалған парыздар Жәбрейіл (аләйһиссәләм) арқылы келген. Ал намаз болса, Миғражда тікелей Хақ Тағаланың нақ өзінен әмір келді. Бұл намазда

ерекше бір сыр жатқанын әрі оның өзге ғибадаттарға қарағанда шоқтығының биік екендігін көрсетеді.

Шынында да намаз діннің тірегі. Онымен ұласатын кәмілдік ешбір ғибадатпен іске аспайды. Ислами ғибадат-құлшылықтарының ішіндегі намаздың мәртебесі, ақыреттегі нығметтердің ішіндегі ең жоғары мәртебе болып саналатын ру-ятуллаһ мәртебесі, яғни Хақ Тағаланы тамашалау мәртебесі секілді. Өйткені намаз – мүминдердің миғражы. Жалған өмірдегі құлдардың Аллаһқа ең жақын сәттері – хушумен (ынта-шынтамен) атқарылған намаз уағы. Намаз – құлдың осы дүниеде тұрып Раббысымен қауышуы. Сондықтан да Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Намаз көзімнің нұры»[233] деген. Осымен қатар соңғы деміне дейін үмметіне, «намазға көңіл бөлуді»[234] мықтап тапсырған.

5. Миғражда Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көк-жүзінің есіктерінің ашылуы, оның пайғамбарлығының тек Мекке, Құрайыш және Сақифпен ғана шектелмейтіндігіне, оның пайғамбарлық міндетінің бүкіл әлемді қамтитынына әрі әлемдердің мырзасы екендігіне үлкен белгі.

6. Миғраж оқиғасы адам баласының күші жетіп, бара алатын ең соңғы нүктесін көрсетті, яғни адамның рухани жоғарылауының қандай екенін баяндады.

7. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәсжидул Харамнан Мәсжидул Ақсаға апарылуы, тарих бойынша қаншама пайғамбардың жіберілген бұл екі діни орталықтың арасындағы күшті байланысты одан сайын

233. Нәсай, Ишратун-Ниса 1.
234. Қараңыз, Әбу Дәуіт, Әдәб 123-124.

күшейтті. Сонымен қатар бұл оқиға, Исламның бүкіл сәмәуи (Аллаһтан келген Хақ діндер) діндерді қамтығанын әрі Хақ Тағала қасындағы жалғыз ғана дін екендігіне де дәлел болды. Өйткені Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәсжидул Ақсада бүкіл пайғамбарларға имам болуы осыны айғақтайды.

Миғраждың хабарлануы

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исра мен Миғраж оқиғасын Құрайыш мүшриктеріне хабарлағысы келгенде:

– Әй, Жәбрейіл! Қауымым мені қолдамайды! - дейді.

Жәбрейіл (аләйһиссәләм):

– Әбу Бәкір сені қолдайды. Ол сыддық қой (шыншыл, әділ), - дейді. (Ибн Саад I, 215)

Мүшриктер, Миғраж оқиғасын естігендерінде, дереу өтірікке шығаруға көшті. Халықтың ішінде өсек-аяң әпсәтте етек алды. Бұл мұрсатты жақсы қолданып, мүминдерді де азғырып, имандарына қаяу түсіруді ойлайды. Онымен де қоймай Хазіреті Әбу Бәкірге де барады. Бірақ ол, Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шексіз сенімімен:

– Ол не айтса да дұрыс! Өйткені оның өтірік айтуы мүмкін емес! Мен оның әрбір әкелгеніне шүбәсіз сенемін..., - дейді.

Мүшриктер:

– Сен оны қолдағаныңа қарағанда бір түн ішінде Бәйтул Мақдиске барып-келгеніне сенесің бе? - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Иә! Бүнда таңқаларлық не бар? Уаллаһи ол маған түнде немесе күндіздің бір уағында өзіне Аллаһтан хабар келгенін айтар болса мен және оны құптаймын, - дейді.

Сөйтті де Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Қағбада отырған Пайғамбарымыздың қасына барады. Болған оқиғаның мәнжайын оның мүбәрак аузынан тыңдап болып:

– Саддақта! (дұрыс айтасың) Уа, Расулұллаһ! - дейді.

Аллаһ Расулі де (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның бұлай құптауына дән риза болып, әлемді жарыққа бөлеген күлкісімен Хазіреті Әбу Бәкірге:

– Уа, Әба Бәкір! Сен «Сыддықсың!» - дейді. (Ибн Хишам, II, 5)

Сол күннен бастап Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) «Сыддық» лақабымен таныла бастады.

Қадірлі сахабалар да Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) сияқты Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір ауыздан құптады.

Мүминдерді алдай алмаған мүшриктер одан кейін Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп Оны сынап, сұрақ астына алады. Бәйтул Мақдисті сұрайды. Аллаһ Тағала Бәйтул Мақдисті Елшісінің көз алдына әкеледі. Аллаһ Расулі (аләйһиссалату уәссәләм) қойылған сұрақтарға Бәйтул Мақдисті тамашалап отырып жауап береді. (Бұхари, Мәнәкибул Ансар 41; Тәпсір 17/3; Муслим, Иман 276)

Мүшриктер бұдан ұстай алмаған соң жолдағы бір керуенді және сол керуендегі кейбір айрықша белгілерді сұрайды. Керуен де, сол кезде дәл Мәсжидул Ақса сияқты Расулұллаһқа көрсетіледі. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи

уә сәлләм) қажетті мағлұматтарды олардың қалағандарынан да асырып береді. Мысалы, қосымша ретінде керуеннің күн шығып келе жатқанда Меккеге кіріп келетінін де айтады.

Пайғамбарымыздың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) берген жауаптарына қайран қалған мүшриктер «Мүмкін ең соңғы айтқаны шын болмас» деген оймен шапақ шашар уақытқа дейін үйықтамай бәрі бірге керуенді күтеді. Сөйтіп не керек керуен басы көрінеді, бірақ көздерін шел басқандары қасарысқандарын қоймай:

– Бұл сиқырдың нақ өзі! - дейді. (Ибн Хишам II, 10)

Аллаh Тағала:

اَ فَعَيِينَا بِالْخَلْقِ الْاَوَّلِ بَلْ هُمْ فِى لَبْسٍ مِنْ خَلْقٍ جَدِيدٍ

«Біз алғаш жаратқанда әлсіздік көрсеттік пе? Жоқ, олар жаңа жаратылыс жөнінде күмандануда» (Қаф сүресі 15-аят) деген. Әрбір нәрсені жоқтан бар етіп жаратқан Аллаhқа құлын Миғражға шығару қиын болып па екен? Енді бұны қабыл етпеу дені дұрыс еместіктің көрінісі болса керек.

Бейшара, ақымақ мүшриктер Миғраж оқиғасына өстіп сенбей тағы да Аллаh Расулін мазақ қылған-ды. Не керек әйтеуір Аллаh Расулінің олардың арасында жүру нығметінен, істеген осындай жағымсыз әрекеттерінің себебінен мүлдем айырылып қалған еді. Өйткені олар әлемнің соның құрметі үшін жаратылған бір Пайғамбарға шүкіршілік етудің орнына қарсы келіп, адамдыққа жатпайтын хақсыздық істеп, әбден шектен шығып құтырып кетіп еді.

Шынында да бұдан кейінгі атқарылатын жалғыз нәрсе: «Аллаhтың Пайғамбарымызды олардың арасынан шығарып алып, оның қадірін білетін басқа бір қоғамға апаруы еді!»

Негізі Аллаh Тағала да Тайыф сапарынан кейін көп уақыт өтпей-ақ Құранға және Елшіге бәйат ететін мүнтаздай таза бір қоғамның алғашқы елшілерінің бір тобын Сүйіктісіне жіберген-ді...

"ХИКМЕТ" баспа үйі

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ОН ЕКІНШІ ЖӘНЕ ОН ҮШІНШІ ЖЫЛЫ

Бірінші Ақаба Бәйаты

Алты адам болып Меккеге келіп Ақабада иман нұрымен нұрланған мәдиналықтар келесі жылы он адам болып қайта келеді. Бұл жолы да Ақабада кездеседі.

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаңадан қосылғандарды да таухидке шақырды. Жолдастарынан Исламның ұлылығы мен жақсылылығын есітіп Пайғамбарымыздың мақтауын тыңдаған әлгі алты кісі де Исламды қабылдап, иман келтіреді.

Бұл кездесудің Ақабадағы кездесуден өзгешелігі Пайғамбарымызға бәйат етіледі. Мәдиналықтар Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолын қысып ең алғашқы бәйаттарын істеп, сөз береді. Бұл биғаттың себебінен екінші Ақаба кездесуіне «Бірінші Ақаба Бәйаты» деген ат беріледі.

Бұл бәйатта мәдиналықтар, Аллаһ Расуліне төмендегідей мәселелерде сөз береді:

1. Аллаһқа ешбір түрде ширк келтірмеу.
2. Ұрлық жасамау.
3. Зинаға жақындамау.
4. Қыз баланы тірідей көмбеу.
5. Ешкімге жала жаппау.

6. Аллаһқа және Пайғамбарына итағат етуден танбау. (Бұхари, Мәнакибул Ансар 43)

Мәдиналықтардың бұл ең алғашқы сөз берулері Ислам тарихы үшін үлкен жаңғырудың бастамасы болады. Бұл сөз беру – Хижаз бен Арабстанда жалғасын тауып келе жатқан ширк келтіру, зұлымдық және жаман әдет-ғұрыптардың тамырына біржола балта шабу еді.

Мүсғаб ибн Умайрдың мұғалімдік міндетке тағайындалуы және Мәдинаның Құранмен азат етілуі
(Пайғамбарлықтың 12-ші жылы)

Мәдиналық жаңа мұсылмандар Исламды үйрену үшін хат арқылы Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өздеріне Құран Кәрімді үйрететін, Исламды түсіндіретін әрі намаз оқытатын бір мұғалім жіберуін сұранады. Пайғамбарымыз сөйтіп оларға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мүсғабты (радиаллаһу анһу) жібереді.[235]

Қадірменді Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мүсғабпен (радиаллаһу анһу) бірге алғаш болып иман келтіргендердің бірі Абдуллаһ бинҮмми Мәктумді де Мәдинаға Құран үйрету үшін жібереді.[236]

Мүсғаб бин Умайр (радиаллаһу анһу) өте жас кезінде-ақ Исламға иман келтіріп, жанұясының қатты жәбір көрсеткеніне және мирас болу құқығынан айырып тастағандарына қарамастан дінінен қайтпаған. Өйткені ол, сырт көзге кедей болып, жалғыз қалса да, шындығына

235. Ибн Саад I, 220.
236. Бұхари, Мәнакибул Ансар 46.

келгенде иман қуатымен қуаттанған, жүрегі бақытқа толы болатын. Исламның кеңінен жайылуы үшін жанын салып әрекет етті.[237]

Мұсғаб (радиаллаһу аннһу) Мәдинаға барғаннан кейін ол жерде Ислам кеңінен жайыла бастайды. Пайғамбарымыздың тәблиғпен міндеттеген бұл жап-жас сахабасы адамдарға Аллаһтың дінін түсіндіру үшін күн-түн демей қызу әрекет етеді. Мұсғабтың (радиаллаһу аннһу) талпынысының берекетінен Һидаятқа келген ең алғашқы бақытты кісілерден Әсғад бин Зурара (радиаллаһу аннһу) оны үйінде қонақ қылып, бүкіл іс-шараларында оған көмекші болады.

Бір күні Мұсғабты қасына ертіп, Зафарұлдары бақшасының ішіндегі құдық басында отырған-ды. Абдуләшхалұлдарының басшыларының бірі Саад бин Мұғаз, мұны ести салып, Усайд бинХудайрға:

– Сен не істеріңді жақсы білетін, ешкімнің көмегін керек қылмайтын адамсың. Әлсіздеріміздің сеніміне селкеу түсіру үшін біздің ауылға келген әлгі адамдарға барып, оларға ескерту жаса, екінші рет біздің ауылдың маңайына

237. Хазіреті Али (радиаллаһу аннһу) мына бір жәйтті баяндайды: «Біз Пайғамбармен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге мешітте отыр едік. Кенет Мұсғаб шыға келді. Үстінде тері қиындыларынан жамауланып тігілген бір шапаннан басқа ештеңе жоқ еді. Аллаһ Расулі оны көріп, Меккедегі нығметтердің молшылығында өмір сүрген хәлімен қазіргі хәлін ойлап жылап жіберіп былай, - деді:
– Іштеріннен бірің, таң ертең басқадай, түс қайта басқадай әдемі киім киіп, алдына бір табақ тамақ қойылып, екінші бірі алынып жатса, үйлеріңді Кәғбаның жамылғысы сияқты жамылғыларға бүрінген кездеріңде жағдайларың қалай болмақ!»
– Уа, Аллаһтың Расулі! Әрине жағдайымыз ол күні қазіргіден де жақсы болады. Өйткені ол кезде дүниеге деген тапшылық болмайды, өзімізді барынша ғибадат-құлшылыққа береміз» - дейді.
Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:
– Керісінше қазір сендер ол кездегіден жақсы жағдайдасыңдар». (Тирмизи, Қиямет 35/2476)

жоламасын! Әсғад туысым болмағанында бұл тірлікті өзім-ақ істер едім, - дейді.

Усайд найзасын қолына ілген бойда сол жаққа жетіп барып, қатулы қабақпен:

– Сендер не үшін келдіңдер мұнда? Мынау қасыңдағы бейтанысты әлсіздеріміздің сенімдеріне селкеу түсіру үшін ертіп келдің бе?! Бұдан былай мұндайды қайталаушы болма! Егер өмір сүргілерің келсе бұл жерден дереу тайып тұрыңдар! - дейді.

Сондай ақылды әрі парасатты Мүсғаб (радиаллаһу анһу) оған:

– Сәл кідіріп, әуелі не дейтініме құлақ түріп көрсеңші? Сен өте ақылды адамсың, айтқандарымды дұрыс көрсең құп аларсың, дұрыс көрмесең қабыл етпессің, - дейді.

Усайд:

– Орынды сөз айттың! - дейді де найзасын жерге қадап қасына отыра қалады. Мүсғаб Исламды түсіндіріп Құран Кәрім оқиды.

Усайд Құран Кәрім тыңдағанында әлі сөзін бастамай жатып жүзінде Исламның нұры жарқырап, жүрегі Исламға жыли бастайды. Құран Кәрім жайында:

– Бұл неткен керемет, неткен ұлы сөз![238] Сендер бұл дінге

238. Усайд (радиаллаһу анһу) Құранның керемет әсемдігін енді ғана сезініп Аллаһтың кәләмін өмірінің соңына дейін сондай бір ыждахаттылықпен оқып өтті. Ол бұл жайында өзі былай дейді: «Бір түні Бақара сүресін оқып отыр едім. Атым қасымда байлауылы тұрған. Кенет атым кісінеп, тыпыршый бастады. (Құран) оқуды тоқтаттым. Ат та тыныштала қалды. Қайтадан оқуды бастап едім, ат қайтадан кісіней бастады. Кейін балам Яхияны ат таптап кетер деп қорқып қасыма алдым. Сол сәт аспанға қарасам үстімде шамға ұқсаған бір нәрселерді көрдім. Кейін көкке қарай көтеріліп, көзден ғайып болды. Таң атқан соң болған жайтты Расулүллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқанымда, маған:
– Оқы әй, Усайд, оқы! - деді...

кірер кезде не істейсіңдер? - дейді.

Усайд (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып, Хазіреті Мұсғаб пен Әсғадтың (радиаллаһу анһума) үйретуімен ғұсыл алып, киімдерін тазалады және куәлік келтірді. Кейін екі рәкәт намаз оқып:

– Артта сондай бір адам қалдырып кеттім, ол егер мойын ұсынса, қауымынан ешкім оған қарсы келмейді. Ол Саад бин Мұғаз! Енді мен оны сендерге жіберемін! - дейді.

– Әй, Абдуләшхалұлдары! Мен жайында не дейсіңдер? - деп сұрады.

Олар:

– Сен біздің мырзамызсың, ойшылдық жағынан ең үлкенімізсің әрі басшымызсың, - дейді бәрі бір ауыздан.

Мұнан соң Саад (радиаллаһу анһу):

– Сендер Аллаһқа және Расуліне иман келтірмейінше еркектер мен де, әйелдермен де сөйлесу маған харам болсын, дейді.

Сол күні кешке дейін бұл тайпадан мұсылман болмаған

Кейін:
– Әй, Усайд! Ол көргендеріңнің кім екендерін білемісің? - деп сұрады.
– Жоқ, - дедім.
Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):
– Олар, сенің Құран оқуыңды тыңдауға келген періштелер еді. Егер сен оқуды тоқтатпағаныңда, таң атқанға дейін сені тыңдайтын еді. Ол періштелер адамдардан жасырынбас еді, адамдар да оларды көре алатын еді, - деді. (Бұхари, Фәдәилул Қуран 15) Айша (радиаллаһу анһа) былай деп баяндайды: «Егер әрқашан мына үш хәлден танбас болсам, еш күмәнсіз жәннаттық болар едім: Құран Кәрім оқыған кезімде немесе оқылған Құранды тыңдаған кезде, Пайғамбарымыздың құтпаларын тыңдаған кезде және бір жаназа көрген кезімде. Иә, қашан бір жаназа көрсем оған жасалғандарды өзіме де жасалағандай етіп, оның барған жеріне мен де баратын сықты ойлаймын». (Хаким III, 326/5260)

ешкім де қалмайды. (Ибн Хишам II, 43-46; Ибн Саад III, 604-605; Ибн Әсир, Усдул Ғабә I, 112-113)

Хазіреті Мұсғаб (радиаллаһу аһһу) Сәлимаұлдарының басшыларының бірі Амр бин Жәмухты да Исламға шақырады. Оған Юсуф сүресінің алдыңғы сегіз аятын оқып береді. Амр ойлану үшін біраз уақыт сұрағанымен де нық қарар бере алмайды. Сөйтіп бұдан бір нәтиже шықпаған соң Амрдың бұрынырақ мұсылман болған ұлы Мұғаз тайпасындағы мұсылман жігіттермен келісіп, бір түні әкесінің пұтын көмескі, шеткерек жердегі нәжіс шұңқырына лақтырып жібереді. Таңертең бұл көрініске куә болған Амр, қайран қалып пұтын шұңқырдан шығартып алып, тазалап әтір су сеуіп орнына қойып қояды.

Дәл сол оқиға бірнеше күн қатарынан қайталанған соң, пұт өзін қорғауы үшін пұттың мойнына қылышын асып қояды. Ертеңіне пұттың тағы да шұңқырда жатқанын көріп, ғибадат етіп жүрген жансыз затының ешнәрсеге жарамайтындығына әрі өзін қорғауға да шамасы жетпейтіндігіне көзі жетіп, ширктің қараңғылығынан арылып, Исламның нұрлы шуағына кенеледі. Батпағына батып жүрген адасушылықтан, өзін Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) арқылы құтқарған Аллаһқа шүкіршілік етеді. Сөйтіп кейін қауымын да Исламға шақырады.[239]

Исламның Мәдинада осылайша жақсы қарсы алынғанынан хабардар болған Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және Меккелік мұсылмандар қатты қуанып қалады. Олардың қуанғандығы соншалықты сол жылға «Қуаныш жылы» атын береді. Өйткені бұдан соң Мәдина Исламның бесігі болуға дайын жағдайға келіп қалған-ды.

239. Ибн Хишам, II, 61-63; Зәхәби, Сияр, I, 182.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдина қаласы жөнінде былай дейді:

«Өлкелер қылышпен азат етілді, бірақ Мәдина Құранмен азат етілген». (Бәззәр, Муснад 1180 хадис; Рудани 3774 хадис)

Екінші Ақаба бәйаты (Пайғамбарлықтың он үшінші жылы)

Бірінші Ақаба кездесуінен бір жыл өткен соң мәдиналықтар тағы да қажылық маусымында Расулуллапен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кездеседі. Бұл жолы ішінде екі әйел болып, жетпіс бес кісі келген-ді.

Бұл жолы да Аллаһ Расуліне бәйат етеді. Бұған да «Екінші Ақаба бәйаты» деген ат берілді.

Тайпаның алдында келе жатқан Мұсғаб (радиаллаһуанһу) өз үйіне жақындамай әуелі Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына барады. Ансарлықтардың арасында Исламды қабылдағандардың күн санап артып келе жатқандығын хабарлады. Әлемдердің Мырзасы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мұсғабтың алып келген бұл хабарына қатты қуанады.

Хазіреті Мұсғабтың әуелі Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына барғаны, мүшрик шешесінің құлағына жеткенде ол қатты ашуланады.

Ал ол болса:

– Мен Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұрын ешкімнің де қасына бармаймын. Ол бола тұра, ешкімге де әуелгі жолды бере алмаймын, - дейді.

Пайғамбарымыздан рұқсат алған соң барып шешесінің қасына барып, оны Исламға шақырады. (Ибн Саад III, 119)

Міне саңлақ сахабалардың Расулұллаһқа деген сүйіспеншілігі осындай-ды.

Жәбир (радиаллаһу аннһу) былай дейді:

«Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзін және мұсылмандарды қорғай алатын бір тайпа іздегенімен ешкімнің оған ықылас білдіре қоймаған шақта, Аллаһ Тағала бізді Ясрибтен (Мәдина) оған жіберіп, біз иман келтірдік әрі оны қорғауымызға алдық. Біздің ішімізден біреу Аллаһ Расуліне барып иман келтіріп, Мырзамыз да оған Құран оқып беретін. (Әлгі адам) үйіне оралған кезінде де бүкіл үй іші оған еріп, мұсылман болатын. Ансар үйлерінің ішінде Исламның түсіндірілмеген бірде-бір үй қалмайтын. Кейін бір араға келіп сөйлестік, сөйтіп:

– Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) енді қашанға дейін Мекке тауларында ауыр азаптың ортасында қалдырып қоямыз?! - дедік.

Бұдан соң қажылық маусымында бәйат ету үшін оған бардық». (Ахмед бин Ханбал III, 322; Хаким II, 681-682)

Бұл парасатты кісілер тәшриқ күндерінде Ақабада жолығу үшін Пайғамбарымызға сөз беріседі. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдиналықтарға:

– Ұйықтағанды оятпаңдар, уақытында кездесу орнына келмегенді де күтпеңдер! - дейді.

Түннің үштен бірі өткенде Әлемдердің Мақтанышы Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кездескендеріндей Ақаба алқабына барып оны күте бастайды. Біраздан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесі Аббаспен бірге келді. Аббас әлі мұсылман бола қоймаса да Әбу Тәлібтен кейін інісін өз қорғауына алған-ды. Мәдиналықтардың Аллаһ Расулін өздерінің

өлкелеріне шақырғаннан кейін Пайғамбарымыздың көкесі Аббас оларға былай дейді:

– Әй, мәдиналықтар! Біз оны дұшпандарынан қорғадық. Бұдан кейін де қорғаймыз. Оның біздің арамызда өте жоғары бір мәртебесі бар. Бірақ сендер жақсы көріп, құрмет тұтқандарың үшін оны қауіпсіз аймаққа Мәдинаға шақырып отырсыңдар. Ол да бұны қабыл етіп отыр. Тек, егер оны дұшпандардан қорғай алсаңдар ғана елдеріңе алып кетіңдер. Мен оны көмексіз қалдырмайтындарыңа және алдамайтындарыңа байланысты сендерден уәде алғым келіп тұр. Өйткені көршілерің болған еврейлердің ініме деген дұшпандықтары бар. Олардың ор қазбайтындықтарына күмәнім бар. Араб тайпаларының да дұшпандықтарына қарсы тұра алатын күштерің болса, онда бұл іске кірісіңдер. Араларыңда жақсылап келісіп алыңдар кейін бұл мәселеде араздасып жүрмеңдер. Егер қастарыңа барғаннан кейін, қорқып оған көмек көрсетпей, қарсыластарның қолына тастап кетер болсаңдар, өздеріңе сенбесеңдер қазірден бұл шақырудан бастартыңдар. Араларыңда сөйлегісі келген бар болса, келсін сөйлесін, бірақ сөзін көп ұзатпасын. Өйткені барлық жерде мүшриктердің құлақтары мен жансыздары бар. Бұл жерден тарқағаннан кейін де бұл мәселені жасырын ұстаңдар.

Әсғад бин Зурара (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып, Пайғамбарымыздың көкесі Аббастың тілге тиек етіп білдірген алаңдаушылықтарына жауап ретінде мынадай бір сөз айтты:

– Уа, Расулұллаһ! Сен бізді бұрыннан бері жалғасын тауып келе жатқан сенген дінімізді тастауға әрі өз діниіңе мойын ұсынуға шақырдың. Бұл өте ауыр әрі қиын нәрсе болса да, сенің бұл ұсынысыңды қабыл еттік. Сен бізді

жақын-алыс бүкіл мүшрик туыстармен және көршілермен байланысты үзуге шақырдың. Бұл өте ауыр әрі қиын нәрсе болса да, біз сенің бұл ұсынысыңды қабыл еттік. Біз өзін тек қана қауымы ғана емес, өз көкелерінің де өлтіргісі келген бір адамды қорғауымызға алып отырғанымыздың парқына барып отырмыз. Осыған да қарамасатан біз сенің бұл мәселедегі ұсынысыңды қабыл алдық. Уа, Аллаһтың Расулі! Біз өзімізді, балаларымызды және әйелдерімізді қорғағанымыз сияқты сені де қорғайтын боламыз. Егер біз бұл сөзімізден тайып кетсек, Аллаһқа берген антын бұзған бақытсыздар сияқты болайық. Уа, Расулұллаһ! Мынау саған деген шын антымыз! Жәрдем тілеп, панасына сыйынатын тек Аллаһ Тағала ғана!

Хазіреті Әсғадтан кейін Абдуллаһ бин Рәуәха (радиаллаһу анһу) орнынан тұрып, Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Уа, Расулұллаһ! Раббың үшін әрі өзің үшін бізге қалағаныңдай шарт қоя аласың, - деді.

Аллаһтың сүйікті құлдарына (радиаллаһу анһум) Пайғамбарымыз былай деді:

– Раббым үшін шартым, оған ғибадат етіп, ешнәрсені Оған ортақ қоспауларың. Өзім жайындағы шартыма келсем, жандарың мен мал-мүлктеріңді қалай қорғасаңдар, мені де солай қорғаңдар.

Мәдинадан келген мүбәрак сахабалар қауымы былай деп сұрақ қойды:

– Бұлай істесек, орнына бізге не беріледі?

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жауап ретінде:

– Жәннат бар! – деген еді, сол жердегілер:

– Неткен табысты сауда-саттық! Бұдан қайтпаймыз да, қайтуды да қаламаймыз! - дейді бір ауыздан. (Ибн Кәсир, Тәфсир II, 406)

Абдуллаһ бин Рәуәха (радиаллаһу аһһу) Мутә соғысында бұл табысты сауда-саттықты аяқтап, Пайғамбарымыздан шейіт болатындығына байланысты сүйіншіні алып, соғыста жан беретінін біле тұра бар ықыласымен айқасқа қойып кеткен-ді. Мал-мүлкін бәйтул-малға (мұсылман мемлекетінің ортақ қазынасы), ал жанын Хақ Тағалаға тапсырып, Жәннәтул Ағлаға ұшқан-ды. Өзге сахабалар да әр түрлі жерлерде Аллаһ жолындағы жиһадтарын жалғастырып, бұл бәйаттарынан танбаған-ды. Осылайша рухани саудаларын берекелендірген-ді.

Мәдиналық мұсылмандардың берген бұл бәйаттарымен байланысты мынадай аяттар түседі:

اِنَّ اللهَ اشْتَرٰى مِنَ الْمُؤْمِنِينَ اَنْفُسَهُمْ وَ اَمْوَالَهُمْ بِاَنَّ لَهُمُ الْجَنَّةَ
يُقَاتِلُونَ فِى سَبِيلِ اللهِ فَيَقْتُلُونَ وَ يُقْتَلُونَ وَعْدًا عَلَيْهِ حَقًّا
فِى التَّوْرٰيةِ وَ الْاِنْجِيلِ وَ الْقُرْاٰنِ وَ مَنْ اَوْفٰى بِعَهْدِهِ مِنَ اللهِ
فَاسْتَبْشِرُوا بِبَيْعِكُمُ الَّذِى بَايَعْتُمْ بِهِ وَ ذٰلِكَ هُوَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«Күдіксіз Аллаһ мүминдердің жандарын, малдарын оларға (берілетін) **жәннатпен сатып алды. Олар, Аллаһ жолында соғысады, өлтіреді және өлтіріледі. Бұған байланысты Тауратта, Інжілде және Құранда Аллаһ атына хақ уәде бар. Аллаһтан артық уәдесін кім орындайды? Ендеше іске асырған бұл саудаларыңа қуаныңдар! Міне осы** (шынында да) **үлкен құтылу».** (Тәубә сүресі 111-аят)

Бұдан кейін тағы да бірнеше кісі сөз алып сөйледі. Олардан кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мәдиналықтарға арнап сөз сөйлеп, оларға Құран Кәрім оқып, Исламды түсіндірді. Кейінірек қандай шарттармен бәйат ететіндерін айтты. Бұрынғы бөлімдерге қоса мына мәселелерді де бәйат шарттарына қосты:

1. Әмір, басқарушылық мүминдердің қайсысының қолына өтсе де оған қарсы келмеу.

2. Аллаһ жолында жүргенге байланысты мүшриктер мен өзге қарсы келушілер тарапынан айтылған айыптаулардан қорықпау.

3. Молшылықта да, қиыншылықта да, қуанышта да қайғыда да Аллаһтың Расуліне мойынсұнып, оны өз жанынан да артық көріп, оған ешқашан қарсы келмеу керек.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Іштеріңнен маған он екі нақиб[240] таңдаңдар. Олар тайпаларының уәкілі болады!» - дейді.

Мәдиналық мұсылмандар, тоғызын Хәзрәж, үшеуін Әус тайпасынан қылып, он екі нақиб сайлайды.

Пайғамбарымыз уәкілдерге:

– Хауарилердің Мәриямұлы Иса үшін кепіл болғандары секілді сендер де қауымдарыңның кепілісіңдер. Мен де мұсылман қауымының кепілімін! - дейді.

Нақибтер:

Бәрі бір ауыздан «Иә», - дейді.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесі Аббас, бір талдың астында Пайғамбарымыздың

240. Нақиб: Уәкіл. Бір қауымның немесе тайпаның басшысы яки уәкілі.

қолынан ұстап мәдиналық мұсылмандармен біртіндеп бәйат еткізеді.

Бұл бәйатта Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шақыру алып Мәдинаға хижрет қарары берілді. Өйткені ол уақыттарда аты Ясриб болған Мәдина, барлық жағынан да Исламды құшақ жайып қарсы алуға дайын еді.

Бәйат түнде істелгені үшін, бұдан меккелік мүшриктердің хабары болмады. Бәйат беріліп біткен кезде Ақабаның үстінен шайтан:

– Әй, Мина халқы! Әй, Құрайш жамағаты! Мұхаммед пен қасындағы діндерін өзгерткендер сендермен соғысу үшін жиналып келісім жасасқандарын білмейсіңдер ме? - деп ақырып жіберді.

Расулі Әкрәм (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Бұл дауыс сендерді қорқытпасын! Ол Аллаһтың дұшпаны Ібілістің даусы. Тыңда ей, Аллаһтың дұшпаны! Саған әлі көрсетемін, - дейді де мұсылмандарға:

– Дереу орналасқан жерлеріңе барыңдар! - дейді.

Аббас бин Убадә (радиаллаһу анһу):

– Сені хақ дінмен және кітаппен жіберген Аллаһқа ант етейін, қаласаң Мина халқын да қылыштан өткіземіз, - дейді.

Пайғамбарымыз:

– Біз мұндаймен әмір етілмедік (мұндай нәрселермен міндеттелмедік)! Сендер енді орындарыңа барыңдар! - дейді.

Мұсылмандар орындарына барып таң атқанға дейін ұйықтайды. Таң атқан соң Құрайш мүшриктерінің кейбірі

мұсылмандардыңда орналасқан тайпаға келіп, Пайғамбармен келісімге келіп-келмегендерін сұрайды. Ешнәрседен бейхабар тайпадағы мүшриктер ант етіп, мұндай нәрсенің жоқ екендігін айтты. Бірақ әлгі Құрайш мүшриктері сонда да Ақаба бәйаты жөнінде сұрастыра береді. Бәйат жайында хабардың дұрыс екендігіне көздері жеткен соң, Мәдина жолдарын жауып қойып, мұсылмандарды табу үшін барлық жаққа адам жібереді. Мүшриктердің шабармандары жолда Саад бин Убаданы (радиаллаһу анһу) ұстап алады да одан:

– Сен Мұхаммедтің дініне кірдің бе? - деп сұрайды.

– Иә! - дегенінде екі қолын мойнына тартып байлап қояды да ұрып-соғып, ұзын шаштарының ұшынан сүйрей отырып Меккеге алып келеді де оған зорлық-зомбылық көрсетеді. Бұдан алдын да көмек көрсетіп, хақсыздықтан қорғап қалған Жубәйр бин Мутғим[241] мен Харис бин Харб дереу барып, Саадты (радиаллаһу анһу) мүшриктердің қолынан құтқарып алады.

Мәдиналық мүминдер оны құтқарудың жолын ойластырып жиналып жатқанда, Саад (радиаллаһу анһу) алдарынан шыға келеді. (Ибн Хишам II, 47-57; ибн Саад I, 221-223; III, 602-603; Ахмед бин Ханбәл III, 322, 461, 462; Хәйсәми VI, 42-44)

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), Хазіреті Әбу Бәкір және Хазіреті Омар мұхажирлерден. Өйткені

241. **Жубәйр бин Мутғим** (радиаллаһу анһу), Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туысқандарынан болып келеді. Ұзақ уақыт Исламды қабыл етпеді. Пайғамбарды өлтіруге шешім қабылдағандардың ішінде бұл да болды. Бәдір соғысында мүшіріктердің қатарында еді. Ұхуд ғазауатында құлы Уахшиге Хазіреті Хамзаны шейіт еткізді. Худайбия келіссөзінен көп ұзамай дереу иман келтіріп, өте ықыласты бір мұсылман болды. Мінезі де өте биязы, әрі зерек сахаба болған Жубәйр, алпыс хадис риуаят еткен. Хижри 58 / милади 678 жылы Мәдинада көз жұмады.

олар мүшриктерден қашып Мәдинаға хижрет еткен. Сондай-ақ Ансарлардан да Мұхажирлер бар. Олар да Ақаба түні, ширктің мекені болған Мәдинадан Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келген-ді». (Нәсаий, Бәйғат 13)

Ақаба бәйаттары тек он екі немесе жетпіс бес адамның ғана бәйаты емес, бүкіл мұсылмандардың Аллаһ Тағалаға ант етіп, сөз беруі болып саналады.

Бұл дүние ақыреттің сатып алынатын базары. Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жасалынған бұл бәйатқа біз де бүкіл жан-жүрегімізбен атсалысып, қатысуымыз керек. Сондай-ақ асхабы кирам сияқты «қандай пайдалы бір сауда-саттық» дей алуымыз қажет.

Мусғаб (радиаллаһу анһу) Мәдинада Исламның негізі болды. Біз де көңілімізде Исламның негізін қалауымыз керек. Дінге шақырушы адам қажет болса, үйме-үй аралап, іс-әрекетімен үлгі болуы тиіс. Тәблиғшінің жүрегінде Аллаһқа және Елшісіне деген шынайы махаббат болса, Мусғаб (радиаллаһу анһу) сияқты, Ислам үшін дүниелік қалауларынан бас тарта алады.

Мекке кезеңінің басты ерекшеліктері

Он үш жылға созылған Мекке кезеңінде меккелік мүшриктердің мұсылмандарға қарсы бағыттаған қастандықтары мен жасаған зорлық-зомбылықтары мына бес бөлімде топтасады:

1. Мазақ қылу.
2. Төмен санау.
3. Зорлық-зомбылық.
4. Әрқандай сауда-саттықты және мәдени-әлеуметтік, қоғамдық ара-қатынасты үзу.

5. Мұсылмандарды хижрет етуге мәжбүрлейтіндей дәрежеде қинап-қыстау мұнымен қоса адам өлтіру.

Олардың бұл әрекеттерін Аллаh Тағала қасиетті аяттарда былайша баяндайды:

اِنَّ الَّذِينَ اَجْرَمُوا كَانُوا مِنَ الَّذِينَ اٰمَنُوا يَضْحَكُونَ ﴿29﴾ وَ اِذَا مَرُّوا
بِهِمْ يَتَغَامَزُونَ ﴿30﴾ وَ اِذَا انْقَلَبُوٓا اِلٰٓى اَهْلِهِمُ انْقَلَبُوا فَكِهِينَ ﴿31﴾
وَ اِذَا رَاَوْهُمْ قَالُوٓا اِنَّ هٰٓؤُلَآءِ لَضَآلُّونَ ﴿32﴾

«Расында күнәһарлар иман келтіргендерге (осы дүниеде) **күлетін еді. Олар жандарынан өткенде, қаскөздерін қысып ымдасып мазақ ететін. Олар үйлеріне қайтқанда** (мазақтағандарына мәз болып), **көңілдері көтеріңкі болатын. Мүминдерді көрген кездерінде: «Сөзсіз бұлар адасқан» дейтін».** (Мутаффифин сүресі 29-32 аяттар)

Ал, әрқашан уахимен сүйемелденіп әрі не істеу керектігі жөнінде нұсқау алып отырған Аллаh Расулінің (саллаллаhу аләйһи уә сәлләм) ұстанған жолы былайша болып келеді:

1. Мүмин жүректерде руханияттың артуы үшін талпыну.
2. Машақат пен қиыншылықтарға сабыр ету.
3. Көркем сөзбен насихат ету.
4. Күресті ешқашан тоқтатпау.
5. Аллаh Тағалаға тәуекел етіп, оған ынта-шынтамен берілу.

Бұл қағидалардың нәтижесінде Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйһи уә сәлләм) қандай бір жағдай болмасын жүргізген күресінде жеңіске жетіп отырған әрі алдынан шыққан кедергілердің жолын тауып жойып отырған. Бұл ұзын-ырғасы таусылмайтын қиыншылыққа толы кезеңнің соңында оның жемісі ретінде қай жағынан алып қарағанда

да стратегиялық аймақ болып саналатын Мәдина қаласы ашылып, адамдардың топ-тобымен келіп иман келтіретін Аллаһтың сыйына кенеледі.

Үлкен үмітпен барған Тайыфтан таспен атқыланып қайтқан Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дағуат үшін алдын Мәдинаға бармағанымен, ол жерде Исламият Аллаһтың құдыретімен әп-сәтте дамып, кеңінен етек жайып, аз уақыт ішінде Хазіреті Пайғамбардан бастап барлық мүминдерге құшағын жаяды.

Бір ойшыл, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күресіндегі табандылығын әрі оның қаншалықты мінсіз зеректігін тілге тиек етіп былай дейді:

«Мақсаттың үлкендігі, себептердің кішілігі әрі нәтиженің ауқымдылығы адам ойының үш үлкен таразысы болса, модерн тарихтың ең ұлы тұлғаларын (Хазіреті) Мұхаммедпен салыстыруға кімнің батылы барады?» (A. de Lamartine, *L'histore de la Turguie*)

Аллаһ Тағала мүминдердің хижрет етулері үшін қаншама қиыншылықтарды бастан өткізген он үш жылдық кезеңнен кейін ғана рұқсат берген. Он үш жылдық бір зұлымдықтан кейін ғана мүминдердің иманы кәмілдікке жетіп, жүректері құзырлы қалыпқа еніп, рухани жағынан байлыққа кенеледі. Бір сөзбен айтқанда мүминдер, имандарының ақысын өтеді.

Бұл кезеңде (Меккеде) Мәдинада жемісін беретін, бүкіл адамзатқа шамшырақ болатын Ислам мемлекеті мен мәдениетінің іргетасы қаланып, иманның бойға сіңірген қуытымен, қарсыласқан қиыншылықтарға мойымаған көркем мінезді ірі тұлғалар тәрбиеленді. Бұл кісілер

(қадірлі сахабалар), бүкіл үмметке жол көрсететін құс жолы жұлдызарына айналған-ды.

Мекке аяттарының ерекшеліктері

Өздеріңізге мәлім, ең алғашқы түскен аяттар таухидке шақыру, өлгеннен кейін тірілуге иман келтіру, мүминдерді жәннатпен сүйіншілеу, кәпірлер мен бұзақыларды тозақпен қорқыту сияқты ақидаға байланысты мәселелер еді. Бұл тақырыптарда әр түрлі дәлелдер келтіріп, адамдардың имандарын барынша күшейткеннен кейін, ендігі кезек қарымқатынастарға байланысты үкімдер ене бастады. Өйткені адамдар батыл сенім мен әдет-ғұрыптарға көр-соқыр болып байланғандықтан, олардың бәрін сырып-тастау оңайға соқпады. Әсте-әсте, ақырын басып, абайлап әрекет жасамай адамдарды жаман әдеттерден бірден арындыруға тырысу, жек-көруге әрі Исламнан бет бұруға әкеп соқтыруы мүмкін.

Хазіреті Айша анамыз былай дейді:

«Ең алғашқы түскен сүре «Муфассал»[242] сүрелерінің бірі еді. Мұнда жәннат және тозақ жайында айтылған-ды. Халал мен харамға байланысты үкімдер тек адамдар Исламға толығымен бой алдырғаннан кейін ғана түсе бастады. Егер ең алғаш рет:

– Ішімдік ішпеңдер! деген әмір түскенде адамдар:

– Біз арақты әсте тастамаймыз! - дер еді.

242. Муфассал сүрелер Құран Кәрімнің соңғы бөлімі. Басым көзқарас бойынша 50-ші сүре «Кәһф» сүресінен «Нас» сүресіне дейінгі бөлім. Қысқа болғандықтан әрі қайта-қайта Бисмилләмен бөлініп түрғандықтан осындай есім берілген.

Сондай-ақ алғашқыда:

– Зина жасамаңдар! деген бұйрық келгенде адамдар тағы да:

– Зинаны әсте қоймаймыз! - дер еді.

Мен Меккеде ойын қуып жүрген бір бала кезімде Хазіреті Мұхаммедке (аләйһиссалату уәссәләм)

بَلِ السَّاعَةُ مَوْعِدُهُمْ وَ السَّاعَةُ اَدْهٰى وَ اَمَرُّ

«Жоқ оларға уәде етілген (негізгі азап) **уақыты** (ол) **қиямет. Міне ол мезгіл, шынында да өте қорқынышты әрі тым ащы»,** (Қамар сүресі 46-аят) (секілді иман мен қияметке байланысты) аяттар түскен-ді. (Қарым-қатынасқа байланысты үкімдерді қамтыған) Бақара мен Ниса сүрелері болса тек мен оның қасына барғанымда ғана (Мәдинада) түскен еді». (Бұхари, Фәдәилул Қуран 6)

Меккелік сүрелер баяндау жағынан қысқа әрі нұсқа болып, ширк пен пұтқа құлдыққа қарсы нақты тойтарыс береді. Өйткені меккелік мүшриктер әрқашан әдеби сайыстар өткізіп тұратын шешендікке бір табан жақын адамдар еді. Оларды әсерге қалдыратын сөз әдеби бай әрі көркемдігі жағынан барынша мінсіз болу керек еді.

Алайда Аллаһ Тағала мүшриктердің әдебиеттегі артықшылықтары мен дәрежелерін жоққа балап, зейіндерінің быт-шытын шығару үшін сөзді бастағанда олардың үйреніп қалған әдістерінен тыс Хуруфул Мұқаттаны қолданған. Бақара мен Әли Имраннан басқа, басында Хуруфул Мұқаттасы бар сүрелердің барлығы да меккелік болып келеді.

Сондықтан да осындай ерекшеліктерге байланысты алғаш түскен аяттардың әдеби баянының әсерлілігі соншалықты, қарсы алдындағы адамның жүрегінің түбінен орын алып, әдемілігі мен көркемдігі тыңдаушының құрышын қандыратын-ды.

Меккеде түскен қасиетті аяттардың баяндау әдістерінің ерекше тұстарының бірі кейбіреулері ғана болмаса көбісі «Әй, адамдар!» түрінде болып келеді.

Меккелік сүрелерде мүшриктердің қабыл ете алатын, үйреншікті түсініктеріне теріс келетін көптеген мәселелерді қабылдаулары үшін, олар қатты құрмет тұтатын күн, ай, жұлдыз, күн мен түн және осыған ұқсас жаратылыстар атына ант етілген. Өйткені ант етілген бұл жаратылыстар Аллаһтың құдірет-күшін көрсетеді.

Осымен қатар Құран қиссаларының басым көпшілігі Мекке кезеңінде түскен. Өйткені «өткеннен ғибрат алу», меккелік аяттардың ең көп маңыз берген мәселелерінің бірі. Пайғамбарлар мен дүниеден өткен халықтардың қиссалары атап айтсақ, Адам (аләйһиссәләм) және Ібіліс қиссасы келтірілген сүрелер, көбіне-көп меккелік болып келеді. Бұлардан ерекше бөлініп тұрғаны ол Мәдинада түскен «Бақара» сүресі ғана.

Ежелгі халықтар мен қауымдардың басынан өткізген ғибратқа толы қиссаларының баяндалуы, меккелік мүшриктерге ақиқаттың ақтарылуында және де олардың әсте-әсте тура жолға келуінде өте-мөте маңызды рөл атқарған. Қиссалар баяндалған бұл аяттарда «таухид сенімі» әрқашан да алда тұрған.

Меккелік аяттар тәблиғшінің қалай, қайтіп дағуат жасау керектігін соқырға таяқ ұстатқандай етіп көрсетеді. Оның

бұл әрекеті дүниедегі өз құлқының қамы үшін емес, тек қана Аллаһ Тағаланың ризалығын алу мақсатымен атқарылып, сый-сияпатын да тек қана Аллаһтан күту керектігіне үйретеді. Сондықтан болар «Шұғара» сүресінде Нұх, Худ, Салих, Лұт пен Шуғайбтың (аләйһимуссәләм) қауымдарына әрдайым Аллаһқа мойынсұнуды әрі тақуалықты үгіттеп өздерінің тек елші екендіктерін айтып:

وَ مَآ اَسْئَلُكُمْ عَلَيْهِ مِنْ اَجْرٍ اِنْ اَجْرِىَ اِلَّا عَلٰى رَبِّ الْعَالَمِينَ

«**Мен бұл үшін сендерден ешқандай ақы сұрамаймын. Менің ақым, тек әлемдердің Раббысына ғана тән»**, дегендері нақыл етіледі. (Шұғара сүресі 109, 127, 145, 164, 180 аяттар)

Құран аяттарының екінші жартысы көбінесе Меккеде түскен. Меккеліктердің көбісі тәкәппар болғаны үшін «كَلَّا : жоқ олай емес» сөзінің қайталануымен олардың жағдайы қабыл етілмей, бұл менменсінген кісімсымақтарды ескерткен. Осы себептен «кәллә» сөзі өткен сүрелердің дерлік барлығы меккелік болып келеді осымен қоса «кәллә» сөздері Құран Кәрімнің екінші жартысынан басталады.

Дәл сол секілді сәжде аяттарын қамтыған сүрелер де Меккеде түскен. Осылайша Аллаһтан басқа нәрселердің алдында сәждеге барған адамдар, Хақ Тағалаға сәжде етуге бағытталып, олардың іштен өзгерулеріне жол ашылған-ды.

Меккеде түскен бұл алғашқы аяттар бұрынғылардан қалған әдеттердің надандықтан туындағандығын, әрі түбегейлі батыл екендігін баяндайды. Осымен қатар баршаға тән, әлемдік деңгейде ахлақи дәстүрлердің негізін ортаға қойған-ды.

Меккелік аяттар иман, ахлақ және пікір жағынан мекем бір қоғамның негізін қалады. Бұл аяттарда ахлақи әмірлер мен үкімдер орын алды. Осылайша мүминдердің имандарын күшейтіп, сабырлылық, төзімділік, ыждахат-қайраттылық сияқты құндылықтарды үйретіп, батыл сенімдерден арындырған-ды.

Меккелік аяттарда құқықтық тақырыптар, намаздан басқа ғибадаттарға байланысты үкімдер де орын алмаған. Мысалы, Юнус, Рағыд, Ясин, Хадид сүрелері меккелік болғанымен, ахкам (үкімдер) аяттары еш кездеспейді. Бұл сүрелерде көбінесе иман негіздері, жаратылыс, Аллаһтың сипаттары, пайғамбарлардың ғибратқа толы қиссалары және қияметке байланысты оқиғалар баяндалған.

"ЖИКМЕТ" баспа үйі

Пайғамбарлардың соңғы қолданар шарасы – Хижрет

(Пайғамбарлықтың 13 жылы)

Хижретке рұқсат етілуі және Мәдинаға хижрет

Екінші Ақаба бәйатынан кейін мүшриктер мұсылмандардың өз-өздерін қорғай алатын, яғни сенімді бір жерге хижрет ететіндерін естігендерінде, көрсетіп жатқан зорлықтарын одан сайын күшейтеді. Мұсылмандар бұндай шыдас бермес ауыр зорлық-зомбылық себебімен Меккеде қалуға мүмкін болмаған соң, жағдайларын Пайғамбарымызға айтып, хижрет ету үшін рұқсат сұрайды:

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың рұқсатымен мұсылмандарға Мәдина жолын көрсетіп былай дейді:

«Ендігі жерде сендер хижрет ететін қаланың, екі қара тастақтың арасындағы құрмалық бір жер екендігі маған көрсетілді». (Бұхари, Кәфәләт 4)

Оларға Ансармен, яғни мәдиналық мұсылман бауырларымен аралас-құралас болуларын әмір етіп:

«Аллаһ Тағала сендер үшін бауырларды әрі құзырлы болатын бір өлкені бағыштады!» - дейді.

Бұдан кейін мұсылмандар мүшриктерге білдірмей дайындалып, бір-біріне жәрдем етіп, жасырын түрде (топ-топ болып) хижрет ете бастады.[243]

Өйткені мұсылмандардың одан алдын хижрет етіп, оларды жылы-шыраймен қарсы алған Хабашистан, әлемдік бір дін үшін орталық бола алатындай жағдайда емес еді. Мәдина болса һәм саяси жағынан һәм сауда-саттық жағынан болсын, осымен қатар басқа да көптеген жақтардан Исламға орталық бола алатындай жағдайдағы бір қала еді. Сондықтан да жаппай хижрет сол мүбәрак өлкеге нәсіп болды.

Шынында да Мәдина мұсылмандар бас сауғалап паналайтын керемет бір мекенге айналған-ды. Осылайша меккелік мүшриктердің қорыққандары айна-қатесіз бастарына келеді. Ислам, Мекке тысына шығып, Мәдинада үлкен бір құрметке ие болған-ды. Бұл, мүшриктердің Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жұртынан қуып жіберу үшін қайта-қайта мазасын алғандары өздері үшін қаншалықты үлкен бір зиян екендігін аңғара алмағандықтарының салдарынан еді. Шындығында бұл олар үшін үлкен бір зиян болды. Бірақ олардың көзін шел басқан-ды. Сезбейтін, естімейтін, түсінбейтін еді.

243. Ибн Хишам II, 76; Ибн Саад I, 226.

Аллаh Тағала Расуліне:

وَ اِذًا لَا يَلْبَثُونَ خِلَافَكَ اِلَّا قَلِيلًا

«(Мұхаммед а.с.) **олар сенің мазаңды алып,** (ол) **жерден** (Меккеден) **шығара жаздады. Сонда олар, сенен кейін мекендерінде өте аз тұра алады.** (Оларға Мекке баянды қалмайды)». (Исра сүресі 76-аят)

Бейшара мүшриктер сол кездегі күштері мен нәпсілерінің азғыруына алданып, мұсылмандарды сайқы-мазақ қылып, қорқытып, материалды жағынан қыспаққа алып, зорлық-зомбылық көрсеткендеріне мәз болып, осылайша Меккедегі беделдерін сақтап қалдық деп ойлады. Негізінде олар өте жақын уақытта неге куә болатындарын білмейтін-ді. Оларды анық бір жеңіліс пен қайғы-мұң күтіп тұрды...

Өйткені Мәдинаға ағылып кетіп жатқан мұсылмандар, мүшриктерден қорыққандары үшін емес, Исламның негіздерін тамаша бір түрде орындау мақсатымен хижрет етті.

Хижретті ешқашан зилләт (масқаралық, қорлық) пен жоқшылықтан және шарасыздықтан қашу деп ойламау керек. Мәдина – Мұхажирлер үшін хижрет мекені, өзге мүмин бауырларымен бірлесіп, өздерін қуып шыққан жерге Аллаhтың дінін үстем ету үшін жайғасқан орын.

Марқұм ақын Нежіп Фазыл[244] бұл ақиқатты өз өлеңінде былай жырлайды:

244. Толық аты-жөні Нежіп Фазыл Қысақүрек (1904-1983), қазақтың Абайы (1845-1904) сияқты Анадолу түріктерінің атақты ақын-жазушысы, кемеңгері әрі көкірек көзі ашық ойшылы болған.

Хижрет – өзге жұрттан күтілген қамқор-ды
Дағуатшыны өз жұрты аяғынан шалды
Елорданы сырттан қоршау мұрат тұтылды
Елорданы айналадан азат ету мақсат болды
Хижрет – өзге жұрттан күтілген қамқор-ды...

Сондықтан да мұхажирлер мал-мүлкін, туысын, ненәрсесі бар бәрін де Меккеде тастап кетті. Кейбірі жасырын, кейбірі ашықтан-ашық Мәдинаға тарта жөнелді.

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Мұхажирлерден жасырын хижрет етпеген ешкімді де көрмедім. Омар бин Хаттаб бұларға кірмейді. Ол хижрет ететін кезінде қылышын құшанды, садағын иығына асты, оқтары мен найзасын қолына алды да Қағбаға барды. Құрайш мүшриктерінің басшылары сол уақытта Қағбаның қасында еді. Омар (радиаллаһу анһу) Қағбаны жеті рет тауаф еткеннен кейін солардың қасына барып, сол уақытта-ақ келешектегі жеңістердің алғашқы қадамын атып мүшриктерге бар даусымен:

– Міне, мен де Мәдинаға жүргелі тұрмын! Анасын жылатып, әйелін жесір, бала-шағасын жетім қалдырғысы келгендер болса ізіме түссін, мына қырдың артында алдымнан шықсын!

Бірақ ешкім оның артына түсіп, бара алмады. (Ибн Әсир, Усдул Ғабә IV, 152-153)

Мәдиналықтар Меккеден келген бауырларын құшақ жая қарсы алып, оларға ынта-шынталарымен көмек көрсетті. Сондықтан да меккелік мұсылмандарға «Мұхажир», мәдиналық мұсылмандарға да, жәрдем көрсеткендер мағынасында «Ансар» деген ат тағылды.

Аллаh Тағала былай дейді:

وَالسَّابِقُونَ الْاَوَّلُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَ الْاَنْصَارِ وَ الَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ
بِاِحْسَانٍ رَضِىَ اللهُ عَنْهُمْ وَ رَضُوا عَنْهُ وَ اَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِى
تَحْتَهَا الْاَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَآ اَبَدًا ذٰلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«(Ислам дініне кіру мәселесінде) **алға шығып, алғашқы иман келтірген Мұхажирлер мен Ансарлардан және жақсылықта оларға ергендерден Аллаh разы болды. Әрі олар да Аллаhтан разы болды. Сондай-ақ Аллаh, олар үшін ішінде мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жәннаттар дайындаған. Міне, осы үлкен құтылу».** (Тәубә сүресі 100-аят)

Ислам ғалымдары мұсылмандардың хижрет етулеріне рұқсат берілгенінен мына үкімдерді шығарған:

Хижрет – Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) кезеңінде парыз еді. Оның қасиеттілігі қияметке дейін жалғасын таппақ. Меккенің фәтхімен аяқталған хижрет болса, тек Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) кезеңіне ғана тән-ді.

Бір мұсылманның азан, жамағат, ораза, намаз және басқа да Исламның үкімдерін орындай алмайтын бір жерде өмір сүруі жайыз емес (рұқсат жоқ).

Аллаh Тағаланың мына аяты осы мәселеге дәлел бола алады:

اِنَّ الَّذِينَ تَوَفّٰاهُمُ الْمَلٰئِكَةُ ظَالِمِى اَنْفُسِهِمْ قَالُوا فِيمَ كُنْتُمْ
قَالُوا كُنَّا مُسْتَضْعَفِينَ فِى الْاَرْضِ قَالُوٓا اَلَمْ تَكُنْ اَرْضُ اللهِ
وَاسِعَةً فَتُهَاجِرُوا فِيهَا فَاُولٰئِكَ مَاْوٰيهُمْ جَهَنَّمُ وَ سَآءَتْ مَصِيرًا ﴿97﴾
اِلَّا الْمُسْتَضْعَفِينَ مِنَ الرِّجَالِ وَالنِّسَآءِ وَ الْوِلْدَانِ لَا يَسْتَطِيعُونَ
حِيلَةً وَ لَا يَهْتَدُونَ سَبِيلًا ﴿98﴾

«Періштелер, өздеріне зұлымдық қылғандардың жандарын алғанда: «Қайда едіңдер?», - дейді. Олар: «Біз жер-жүзінде әлсіз едік» дейді. Періштелер: «Аллаһтың жері кең емес пе? Сендерде сол кезде хижрет етсеңдер болмас па еді?», - дейді. Міне бұлардың баратын орны тозақ. Тозақ неткен жаман орын-ды. Тек әлсіз әрі жағдайы жоқтықтан шарасыз қалып, хижрет етудің жолын таба алмаған еркектер, әйелдер және балалар бұларға жатпайды…» (Ниса сүресі 97-98 аяттар)

Бұл аяттарда Мәдинаға хижрет етпей мүшрик қоғамның ішінде қалып, өздеріне зұлымдық еткендері жайында айтылуда. Бұлар діндерін, рахат өмірге, әдеттегі ойын-күлкіге, жанұялары мен мал-мүліктерге және пайда табу көздеріне (сауда-саттық т.б.) ауыстырған еді. Сол себептен де, **«Біз жер-жүзінде әлсіз едік»**, түрінде алға тартқан олардың сылтаулары қабыл етілмеген. Осымен қатар шынында да хижретке әлі келмеген қарт, әлсіз, ауру-сырқау еркектер мен әйел, бала-шағалардың алға тартқан себептері қабыл етілген-ді.

Хижрет оқиғасынан шығарылған тағы бір үкім – мұсылмандардың тұрып жатқан өлкелері мен мемлекеттері қаншалықты бөлек-бөлек болса да, өзге мұсылмандарға қолдарынан келгенінше жәрдем көрсетулері парыз. Ис-

лам ғұламалары, жер-жүзінің қандай да бір континентінде зұлымдық көріп, тұтқынға түскен немесе зұлымдыққа ұшыраған мүмин бауырларына көмек көрсетуге мүмкіншілігі бола тұра қол ұшын бермеген жағдайда, мұсылмандардың үлкен күнә алатындары жөнінде ижма (ғалымдардың үкім бергенде бір пікірге келулері) еткен.

Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) Хижретке қатты көңіл бөлген. Меккенің фәтхіне дейін бүкіл мұсылмандардың Мәдинаға хижрет етулерін қалаған-ды. Өйткені Мәдинадан басқа жерлер күпір өлкелері (Ислам шариғаты мен қағидалары орындалмайтын өлке) еді. Мұсылмандардың ол өлкелерде сенімдеріне сай өмір сүрулері өте қиынға соқты.

Мүшриктердің қастандық шаралары

Меккенің күн өткен сайын босап қалғанына куә болған мүшриктер, жәйлап-жәйлап бұл мәселенің соңы өздері үшін насырға шауып бара жатқандығын аңғара бастады. Дереу бүліктің орталығы Дарун-Нәдуада жиналады. Жиналысқа өзін Нәжидтік деп таныстырған бір қарт та қатысты. Бұл қарт адам кейпіне бүрінген шайтаннан басқа ешкім емес еді.

Не істейтіндері жөнінде ұзақ уақыт бір-бірімен пікіртартыс жүргізеді. Пайғамбарымызды ұстап алып, қапасқа салу немесе Меккеден қуып шығару сияқты бірнеше ұсыныстар алға тасталды. Ұсыныстардың барлығына да шайтан қарсы шығады. Соңында ең жаман бір шешімде бір пікірге келеді. Ол шешімдері:

Аллаһ Расулін (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтіру!

Бұл ұсынысты сол дәуірдің Перғауыны болған Әбу Жәһил былайша өрбітті:

– Әрбір тайпадан бір-бір қарулы жігіт алайық. Жігіттердің барлығы да оған бір мезетте шабуыл жасасын. Бәрі бірден ұрып өлтірсін. Осылайша одан құтылып, рахат табайық. Жігіттер осылай істесе, оның қаны бүкіл тайпаларға жүктеледі. Абду Манафұлдары болса, барлық тайпамен соғысуға күштері жетпейді, сондықтан да құнын ғана алуға разы болады. Сөйтіп, біз Абду Манафұлдарына оның құнын ғана төлеп құтыламыз, - дейді.

Нәжидтік бір шалдың кейпіне бүрінген шайтан (лағнатуллаһи аләйһ):

– Бәрекелді, міне ең дұрысы осы адамның сөзі! Бұдан өткен дұрыс бір ұсыныс жоқ, - дейді. (Ибн Хишам II, 93-95)

Бұл қарар алынған уақытта Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеде жалғыз өзі қалғандай еді. Ол үмметінің қамын ойлайтын Пайғамбар болғандықтан, алдымен оларды жіберіп алып, өзі Мұхажирлердің соңында қалған-ды. Негізі Аллаһтың да қалауы осы еді. Осыған байланысты бұл қасиетті сапарда жалғыз ғана жолдасы болатын Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) хижрет үшін дан рұқсат сұрағанында:

– Сабыр ет! - деп былай деген-ді:

– Мүмкін Аллаһ саған қайырлы бір жол серігін берер! (Ибн Хишам II, 92)

Бұған қатты қуанған Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) хижретке дайындық жасап, сегіз жүз дирхамға екі түйе сатып алып, оларды үйінде төрт ай бойы жақсылап ұрып бағып-баптайды. (Бұхари, Мәнакибул Ансар 45)

Мүшриктер алған қарарларын іске асыру үшін әрекетке көшкендерінде, Аллаһ Расулі де (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хижрет үшін иләһи әмірді алған еді:

وَ قُلْ رَبِّ اَدْخِلْنِى مُدْخَلَ صِدْقٍ وَ اَخْرِجْنِى مُخْرَجَ
صِدْقٍ وَاجْعَلْ لِى مِنْ لَدُنْكَ سُلْطَانًا نَصِيرًا

«(Расулім!) **Оларға айт: Уа, Раббым! Мені кіретін жеріме дұрыстықпен кіруімді нәсіп ет! Шығатын жерімнен де дұрыстықпен шығуымды нәсіп ет! Маған тарапыңнан, шынайы бір жәрдем етуші күш бер!»** (Исра сүресі 80-аят)

Бұл қасиетті аяттан басқа Жәбрейілде (аләйһиссәләм) мүшриктердің құрған айлаларын Хазіреті Пайғамбарға баяндайды да:

– Бүгін түнде төсегіңе жатпа! - дейді. (Ибн Хишам, II, 95)

Бұдан кейін Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күннің шыжып тұрған шаңқай түсте, жанның бәрі дем алып жатқанда Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһу) барып, хижрет әмірінің келгенін айтты.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) сұрады:

– Біргеміз бе уа, Аллаһтың Расулі?!

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Иә, біргеміз! - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір бұл жауапқа дән риза болғаны соншалықты, көзінен ыршып-ыршып түскен көз жастары, оның жан-дүниесін тамаша бір түрде бейнелеп тұрды.[245]

245. Қараңыз, ибн Хишам II, 97-98.

Одан кейін Пайғмбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), Хазіреті Алиді шықырып алып, хижрет жайын айтып, өзіне тапсырылған аманаттарды иелеріне беру үшін оны өкіл етіп тағайындайды. Өйткені Меккеде қымбат бір заты бола тұра, шыншылдығы мен туралығын білгендірі үшін, оны Расулұллаһқа аманат қылмайтын жан жоқ-ты.

Мүшриктердің жоспарларынан сақтанып былай дейді:

– *Уа, Али! Бүгін түнде менің төсегіме сен жат! Мына шапанымды да үстіңе жауып ал. Қорықпа. Сен қаламайтын бір нәрсе саған тимейді!* (Ибн Хишам II, 95, 98)

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шапанын Хазіреті Алидің үстіне жаптыруы, затпенен тәбәрік қалдыруға бір мысал бола алады. Бұған ұқсас мысалдар толып жатыр.

Мысалы, Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Уәйсәл Қараниге де шапанын жіберіп жатып:

«Бұны иығына жапсын, үмметіме дұға етсін!» - деген. (Фаридуддин Аттар, Тәзкиратул Әулия 21 б.)[246]

Бұл жерде көңіл аудартатын тағы бір маңызды жайт – Хазіреті Алидің (радиаллаһу анһу) Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шынайы сенімі. Неге десеңіз қадірлі сахабалардың барлығы да Аллаһ Расулінің әмірлерін орындауда әсте кешіктірмеген. Оның сөздері мен іс-әрекеттеріне мойынсұнуда ешқашан немқұрайдылық танытпаған. Ешқашан неге және не үшін деп сұрамаған, берілген қандай да бір әмір болса, дереу сол сәтте орындаған. Оның сүннеттерінің ешбірін тастамай барлығымен де амал етуге тырысып бағатын-ды. Оның жолын тәрк еткендерінде

246. Қараңыз, Муслим, Фәдәилус-Сахаба 223-225.

адасатындықтарын жақсы біліп, абайлап жүретін еді. Қадірлі сахабалардың Құран Кәрімге және сүннетке тәуелділіктері – көлеңкенің иесіне тәуелділігі сияқты еді.[247]

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу) былай баяндайды:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеден хижрет етер кезінде екеуміз бірге Қағбаға бардық. Әлемдердің мырзасы маған:

– Отыр! - деді.

Иығымнан басып Қағбаға шыққысы келді. Бірден әл-қуатым кетті. Әлемдердің Мақтанышы болған Мырзамыз менің әл-қуатымның кеткенін көріп, дереу иығымнан түсті. Өзі жерге түсті де:

– Бас иықтарыма! - деді.

Иықтарына бастым. Маған бірден сондай бір күш-қуат келді, егер қаласам көк-аспанның шыңына ұшып жете алатындай сезіндім! Сөйтіп не керек Байтуллаһтың үстіне шықтым. Ол жерде қоладан немесе бақырдан жасалған бір пұт бар екен. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған:

– Әй, Али! Оны төменге лақтыр! - деді.

Ол төменге түсер-түспес, шыны бір ыдыс сияқты сынып қалды.

Дереу Қағбаның үстінен түстім. Ешкімнің көзіне түсіп қалмау үшін ол жерден дереу кетіп қалдық». (Ахмед бин Ханбәл I, 84; Хаким III, 6/4265)

247. Қараңыз, Хумус 1; Муслим, Жихад 52; Әбу Дәуіт, Хараж 18; Ахмед бин Ханбәл I, 10.

Хижрет түні Расулұллаh (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) әлі үйінен шықпай жатып, мүшриктер үйдің айналасын қоршап алады. Бірақ Аллаhқа деген тәуекелі мен тәуелділігі мығым Хазіреті Пайғамбарда (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) ешқандай қорқыныштың нышаны байқалмайды. Расулұллаh мүбәрак қолдарына бір уыс топырақ алып, мүшриктердің үстіне сеуіп, Ясин сүресінің мына аяттарын оқып, араларынан өте жөнеледі:

اِنَّا جَعَلْنَا فِىٓ اَعْنَاقِهِمْ اَغْلَالًا فَهِىَ اِلَى الْاَذْقَانِ فَهُمْ مُقْمَحُونَ ﴿8﴾

وَجَعَلْنَا مِنْ بَيْنِ اَيْدِيهِمْ سَدًّا وَ مِنْ خَلْفِهِمْ سَدًّا

فَاَغْشَيْنَاهُمْ فَهُمْ لَا يُبْصِرُونَ ﴿9﴾

«Біз, олардың мойындарына бұғаулар салдық. Ол бұғаулар иектеріне дейін түскен; сондықтан олардың мұрындары жоғары, көздері төмен салбырайды. (Осымен қатар) **олардың арттарынан да, алдарынан да бөгет жасап, көздерін орадық. Енді көрмейді».** (Ясин сүресі 8-9 аяттар)

Әлбетте көрмейді! Өйткені олардың жүрек көздерінің көрлігі, көздерін көр еткен-ді. Араларынан өткен Пайғамбарымыз (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) еді. Әрине, жүрек көздерін шел басқандардың Нұрды көруі мүмкін емес-ті. Сондықтан да көрмей қалды!..

Бір кісі мүшриктерге келіп оларға:

– Сендер бұл жерде кімді күтіп тұрсыңдар? - деп сұрайды.

Олар:

– Мұхаммедті күтіп тұрмыз! - дейді.

Бұны естіген әлгі адам:

– Аллаһ сендерді мақсаттарыңа жеткізбесін! Уаллаһи Мұхаммед (әлдеқашан) шығып, бастарыңа топырақ шашып кетті! - дейді.

Мүшриктер қолдарын бастарына сүргендерінде, қолдары топырақ болады. Дереу үй ішіне үңіледі. Пайғамбарымыздың төсегінде біреудің ұйықтап жатқандығын көреді де:

– Әне Мұхаммед! Төсенішін жамылып ұйықтап жатыр, - дейді.

Дереу төсекке қарай ұмтылады. Төсектегі адам тұрып оларға қарағанда мүшриктер таң қалғандарынан сіресіп қата қалады. Өз көздеріне өздері сенбейді. Өйткені ол жерде Аллаһтың Расулі емес, Хазіреті Али болатын.

Өз-өздеріне:

– Уаллаһи, әлгі адамның бізге айтқаны дұрыс екен! - дейді.

Құрайш мүшриктері Хазіреті Алиға (радиаллаһу анһу) ашуланып:

– Көкеңнің ұлы қайда ей, Али?! - деп бақырады.

Хазіреті Али (радиаллаһу анһу):

– Білмеймін, бұл жайында ештеңке айта алмаймын! Әрі оны бақылап та отырған жоқпын. Сендер оған Меккеден шығып кет дедіңдер. «Бізден бөлін, кет!» дедіңдер. Ол да шығып кетті, - дейді.

Бұны естіген мүшриктер Хазіреті Алиді азарлап, жұлқылайды. Мұнысымен қоймай Мәсжидул Харамға алып барып біразға дейін қамап қойғаннан кейін босатып жібереді. (Ибн Хишам II, 96; Ахмед бин Ханбал I, 348; Уақуби II, 39)

Жүректері тұмшаланған ақиқатты көрмей көр соқыр болған бақытсыздар, Пайғамбарымыздың үйін арам ниетпен күтіп жүргенде, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) иләһи қорғаудың астында, әлдеқашан Әбу Бәкірдің (радиаллаһу аннһу) үйіне жеткен-ді. Өйткені мүшриктердің бір жоспары бар еді, бірақ Аллаһтың да бір жоспары бар, әрине одан басқа орындалатын ешбір үкім жоқ-ты. Бұл жөнінде Хақ Тағала былай дейді:

وَ اِذْ يَمْكُرُ بِكَ الَّذِينَ كَفَرُوا لِيُثْبِتُوكَ اَوْ يَقْتُلُوكَ اَوْ يُخْرِجُوكَ
وَيَمْكُرُونَ وَيَمْكُرُ اللهُ وَ اللهُ خَيْرُ الْمَاكِرِينَ

«(Уа, Расулім!) **Кәпірлер сені үстап алып байлауды немесе өлтіруді яки сені** (еліңнен) **шығару үшін тұзақ құрғанды. Олар** (Саған) **тұзақ құрып жатқанда, Аллаһ та** (оларға) **тұзақ құрған-ды. Өйткені Аллаһ, тұзақ құрушылардың ең қайырлысы».** (Әнфал сүресі 30-аят)

Азапты сапар

Үйінен шығып Хазіреті Әбу Бәкірдің үйіне келген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол қабыл етпесе де, өзі үшін бапталған түйенің ақшасын берді. Мүшриктердің арасынан оларға көрінбей өткен Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмметке үлгі болатыны үшін ендігі кез сүннетуллаһқа сай әрекет етіп, сақтық жасады. Хазіреті Әбу Бәкірмен бірге үйдің арқасына шығады. Түйелерді де осында бірнеше күнге қалдырады.

Тағы да сақтанудың шарасы ретінде Мәдинаға әркім баратын жалпы жолмен емес, жасырын жолмен жүруді дұрыс көреді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Әлемдердің Сұлтанының кейде арқасында, кейде алдына түсіп, жүріп отырды. Аллаһ Расулі оның бұл әрекетін байқап қалып:

– Әй, Әбу Бәкір! Не үшін бұлай істеп жатырсың? - деп сұрайды.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Уа, Расулұллаһ! Сіздің өміріңізге қауіп төніп қала ма деп уайымдағанымнан өстіп келемін, - дейді.

Сөйтіп Сәуір үңгіріне жетеді:

– Уа, Расулұллаһ! Мен үңгірді тазалағанға дейін, сіз мұнда күте тұрыңыз, - дейді де үңгірге кіреді. Үңгірдің ішін тазалап, қоңыздардың індерін жапқаннан кейін:

– Енді кіруіңізге болады уа, Аллаһтың Расулі! - дейді. (Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 222-223)

Бұл уақытта мүшриктер Әбу Жәһилдің басшылығымен Хазіреті Әбу Бәкірдің үйіне келіп, қызы Әсмадан әкесін сұрайды. Одан «білмеймін» деген жауап алған соң, байғұс қызды жазықсыз төмпештеп ашу-ызаларын содан алады.

Көздің нұры болған Пайғамбарымыз бен оның досы «Яры Ғары»[248] үңгірде біраз уақыт болады. Осылайша өздерін Мәдина жолдарынан іздейтін мүшриктерден қорғана бастайды. Деседе Аллаһтың рақымы мен қорғауымда болады, алайда құлдың шаралары таусылған кезде иләһи жәрдем көмекке келеді. Шынында да бірнеше мүшриктер ізін қуып отырып, Сәуір үңгірінің аузына дейін жақындайды. Бірақ үңіліп қараса, үңгірдің аузы ешбір жан тимеген сияқты

248. Яры Ғары: Үңгірлік досы деген мағынаны білдіреді. Пайғамбарымыз бен Хазіреті Әбу Бәкірдің Сәуір үңгіріндегі жолдастықтарын баяндап тұрды. Кейінірек ақиқи достыққа да қолданыла бастады.

өрмекші ұясымен қапталып, мұнымен қоса бір көгершіннің ұясы да бар еді. Аллаһ Тағаланың әмірімен үңгірдің аузында Пайғамбарымыздың жүзін жауып көрсетпейтіндей дәрежеде бір ағаш өсіп тұрды.[249]

Мүшриктер Адамзаттың Асыл Тәжінің бұл жерде болуы мүмкін еместігіне көздері жетіп кері қайтады.

Бұл екі әзиз жолаушылардың жәрдемшісі, тірегі, қорғаны Хақ Тағала ғана еді. Сол үшін де үңгірдің аузына дейін таяп келген бақытсыздар, бір көгершін ұясы мен өрмекші ауынан басқа нәрсе көре алмаған еді. Ақын Ариф Нихат Асияның[250] жырлағанындай:

Өрмекші ауада да емес,
Суда да емес, жерде де емес...
Хақты қарай алмаған
Көздерде еді!

Бірақ бұның бәрі сыртта болып жатқанда үңгірдің ішінде Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) ғажайып күй кешті. Қорыққан еді, өзі үшін емес, Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үшін еді...

Өйткені мүшриктер сәл ғана иіліп үңілгендерінде, оларды көру қиынға соқпас еді. Мүшриктер үңгірдің оң-солын, айналасын тінтіп:

– Егер үңгірге кірген болса, көгершіннің жұмыртқасы сынып, өрмекшінің ауы да бұзылар еді, - дейді.

Кейбірі:

– Үңгірдің ішіне кіріп қарайық, - дегендерінде, Умая бин Халаф:

249. Ибн Саад I, 229; ибн Кәсир, «әл-Бидая» III, 223-224.
250. Ариф Нихат Асия (1904-1975), Нежіп Фазылмен замандас болған, ол кісі де Анадолу түріктерінің атақты ақындарының бірі.

– Сендердің бастарың істей ме? Үңгірді не істейсіңдер?! Аузында үсті-үстіне, қабат-қабат, өрмекшінің ауы бар мына үңгірге кіресіңдер ме?! Уаллаһи меніңше мына өрмекшінің ауы, Мұхаммед туылмастан алдын бар еді! - дейді.

Әбу Жәһил болса:

– Уаллаһи, менің ойымша, ол қасымызда. Бірақ сиқырымен көздерімізді дуалады, көр етті,[251] - дейді.

Бұл уақытта қатты қобалжыған Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарап:

– Мен өлтірілетін болсам, жай ғана бір адаммын, өлемін де кетемін. Бірақ саған бір нәрсе болса, онда бір үммет құрып кетеді, - дейді.

Пайғамбарымыз тіке тұрып намаз оқыды, Хазіреті Әбу Бәкір болса, айналаны бақылап отырды. Хазіреті Әбу Бәкір Пайғамбарымызға:

– Мына қауымын сені іздеп жатыр. Уаллаһи мен өзім үшін қорқып отырған жоқпын. Бірақ саған зиян келтірулерінен қорқып отырмын, - дейді.

Расулі Әкрәм досына:

– Әй, Әбу Бәкір! Қорықпа (кейіме). Еш күмәнсіз Аллаһ бізбен бірге! - дейді. (Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 223-224; Диярбәкри I, 328-329)

Құран Кәрімде бұл оқиға былайша келтірілген:

251. Ибн Саад I, 228; Халәби II, 209.

اِلَّا تَنْصُرُوهُ فَقَدْ نَصَرَهُ اللهُ اِذْ اَخْرَجَهُ الَّذِينَ كَفَرُوا ثَانِىَ اثْنَيْنِ
اِذْ هُمَا فِى الْغَارِ اِذْ يَقُولُ لِصَاحِبِهٖ لَا تَحْزَنْ اِنَّ اللهَ مَعَنَا فَاَنْزَلَ اللهُ
سَكِينَتَهُ عَلَيْهِ وَاَيَّدَهُ بِجُنُودٍ لَمْ تَرَوْهَا وَ جَعَلَ كَلِمَةَ الَّذِينَ
كَفَرُوا السُّفْلٰى وَ كَلِمَةُ اللهِ هِىَ الْعُلْيَا وَ اللهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ

«Егер сендер оған (Мұхаммедке) **жәрдем етпесеңдер, біліп қойыңдар, оны кәпірлер Меккеден шығарған кезде, үңгірдегі екі кісінің бірі ретінде Аллаһ оған жәрдем еткен. Сол уақытта** (Мұхаммед а.с.) **жолдасына: Кейіме! Аллаһ бізбен бірге» дегенд-ді. Аллаһ та оған тоқтау** (құзырлылық нәсіп етті) **салды. Сондай-ақ оны, сендер көрмейтін әскерлермен қолдады. Сөйтіп кәпірлердің сөзін төмендетті. Аллаһтың сөзі болса, тым биікте. Аллаһ Әзиз** (өте үстем**) әрі хикмет иесі».** (Тәубе сүресі 40-аят)

Әбу Бәкір (радиаллаһу аннһу):

«Біз үңгірде болғанымызда мүшриктердің аяқтарын көріп тұрдым:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер олар аяқ жақтарына бір қарайтын болса, бізді міндетті түрде көреді, - дедім.

Бұған:

– Әй, Әбу Бәкір! Үшіншісі Аллаһ болған екі кісі үшін неге қобалжисың! - деді. (Бұхари, Фәдәилул Асхаб 2, Мәнәкиб 45; Муслим, Фәдәилус-Сахаба 1)

Меккедегі он үш жылдық күрестен кейін, Аллаһ Расуліне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) екінші үңгір ретінде берілген Сәуір, Хирадан ерекше бір рухани дәріс орны еді.[252] Ол жер – иләһи сырлар мен Құдіреттің күшін көріп, адам мен әлем кітабының хикметтерін оқитын мекен еді. Иләһи әсерге кенелу әрі жүректі рухани байыту дәрісханасы еді.

Ол кісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жерде үш күн, үш түн қонақ болды. Жалғыз емес-ті. Жолдасы пайғамбарлардан кейінгі адамдардың ең абзалы әрі қадірлісі Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) еді. Хазіреті Әбу Бәкір онымен үңгірде үш күн жолдас болу мәртебесіне, құрметі мен шарапатына еріп, «екіншінің екіншісі» болғанды. Пайғамбарымыз бұл әзиз жолдасына:

لَا تَحْزَنْ اِنَّ اللهَ مَعَنَا

«...Қорықпа (кейіме), **Аллаһ бізбен бірге!..»** (Тәубе сүресі 40-аят) деуімен, сондай-ақ Аллаһпен бірге болудың сырын анықтаған-ды. Бұл жасырын зікір тәлімінің алғашқы бастамасы әрі жүрек көзінің Аллаһқа ашылып итминанға[253] еруі еді.

Яғни Сәуір үңгірі түгеп-таусылмас әсерлер кеңістігінен, Аллаһқа қауышудың негізгі жүрек тәрбиесінің бастапқы мекені әрі бұл иләһи сапардың ең алғашқы кезеңі болды.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүрек әлеміндегі сырлардың үмметіне паш етілуі, алғаш рет

252. Сәуірдің, Хирадан ерекшелігі ол дәріс орны еді. Хирада иман ұрығы себілсе, Сәуірде әбден күшейген иманнан кейін ихсан және сопылықтың ұрығы егілді. Бұдан да шығатын нәтиже – жүрек алдымен шариғатпен өмір сүруі керек, одан кейін барып сопылықты ұстануы керек.

253. Итминан – мүмин кісінің нәпсісінің белгілі бір үлкен дәрежеге жетуі.

Хазіреті Әбу Бәкірмен (радиаллаһу анһу) осы үңгірде басталып, қияметке дейін жалғасын табатын Алтын Шежіренің алғашқы мүшелері болды.

Иман күшін Хазіреті Пайғамбарға деген махаббаттан алды. Бүкіл ұлы сапарлардың негізгі мақсаты, оған деген махаббат әрі Хаққа қауышудың бір ғана жолы да, оған деген махаббатпен шектелген. Өйткені жақсы көрудің шарты, ғашықтықтың заңы – жақсы көрген кісіге деген махаббат және сол ғашықтықтан туындайтын, яғни сол кісінің жақсы көрген нәрселерін сенің де жақсы көруің. Махаббаттың саф, таза болуы да рухани рабыта арқылы іске асады.[254] Иләһи махаббатты, піспеген, қам бір түсінікпен оның мән-мағынасын түсіну мүмкін емес.

Хазіреті Әбу Бәкірдің Пайғамбарымызға жүрекпен жасаған рабытасын көрсететін мына оқиға әрбір кісіге өзінің түсінігі мен қабілетінің мөлшерінше бір әсер қалдырады деген ойдамыз:

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болған әрбір сұхбаттан ерекше бір ләззәт алып, пайғамбарлықтың сырларының ең шынайы махрамы болғандығынан, ерекше көріністерге кенелу үшін дәл қасында болса да, Аллаһ Расулін сағынып тұратын-ды.

Өйткені Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ешкімнің мал-мүлкін Әбу Бәкірдің мал-мүлкін қаржаған сияқты қаржамадым...» деген сөзіне, Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) көзі жасқа толып:

254. Рабыта жайында кеңінен мәлімет алу үшін Осман Нұри Топбаш, Иманнан Ихсанға Тасаввуф кітабын қараңыз 291-301 б. Алматы – 2007.

– Мен және мал-мүлкім, тек қана сен үшін емеспіз бе уа, Расулұллаһ?! деуімен өзін және өзімен бірге барлық нәрсесін Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) атағанын әрі осы жолда фәни болғандығын көрсетеді. (Бұл рухани дәреже, сопылық ілімінде «Фәнә фир-Расул» түрінде баяндалады).

Сәуір үңгірінде Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сәт Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) тізелеріне мүбәрак басын қойып жеңіл ғана ұйқыға кетті. Сол уақытта Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) өздеріне өте жақын жатқан бір шұңқырды көрді. Ол шұңқырдан қандай да бір улы жәндік шығып Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зиян бермеуі үшін әрі Аллаһ Расулінің ұйқысын бөлмей дереу аяғымен шұңқырды бекітеді.

Иләһи емтихан болса керек, шынында да сәлден соң күдігі шындыққа айналды. Өйткені бір жылан Хазіреті Әбу Бәкірдің аяғын қатты шағып алып, уын тарқатады. Жыланның уы ол үлкен сахабаның жанына батқандығы соншалықты Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оянып кетпесін деп тырп етпей отырса да, көздерінен ытқып кеткен бірнеше тамшы жасқа ерік береді. Бұл жастың бір тамшысы Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрак жүзіне түседі. Бұдан оянып кеткен Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Не болды, уа Әбу Бәкір? Не болып қалды? - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

– Ештеңе болмады, уа Расулұллаһ! - десе де, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қоймаған соң істің мән-жайын айтуға мәжбүр болады. (Бәйхаки, Дәләил II, 477; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 223)

Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) дереу мүбәрак түкіріктерін жыланның шаққан жеріне саусақтарымен жағады. Аллаhтың құдіретімен сол уақыттаақ Әбу Бәкірдің (радиаллаhу анhу) аяғының ауырғаны қойып, жарасы жазылып кетеді.

Зайф[255] риуаяттарда бұдан кейін Аллаh Расулі (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) жыланнан:

– Бұны неге істедің? - деп сұрайды.

Жылан да былай дейді:

– Уа, Расулұллаh! Мен қаншама жылдан бері сізді көру үшін осы кішкентай ғана шұңқырда күттім. Дәл мақсатыма жетер кезде сізді көре алатын жолымның жабық екендігін көрдім. Сондықтан да сізге деген сүйіспеншілігімнің күштілігінен өз-өзімді ұстай алмай жауып қойғанды ашу үшін оны шағуға мәжбүр қалдым.

Осы себептен ақын Фузули,[256] Аллаh Расулінің (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) материалдық тұрғыдан hәм рухани тұрғыдан шипаның қайнар көзі екендігін және оған дос болғандар одан шипа табатындығын былайша жырлайды:

Досту гер зехри мар ичсе олур абы хаят,
Хасмы су ичсе дөнер елбетте зехри маре су...

255. Зайф – сөздік мағынасы әлсіз, қуатсыз дегенге келеді. Ал хадис ғылымында сахих (дұрыс, күшті, қуатты) хадистің қуаттылық дәрежесіне жете алмаған хадиске айтылады. Әрине зайф хадисте өзінің қуаттылығына қарай әр түрлі дәрежеге бөлінеді.
256. Фузулидің азан шақырылып қойылған аты Мехмет, әкесінің аты Сүлеймен (1480-1556). Классикалық түрік әдебиетінің ең атақты ақындарының бірі.

(Егер Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) досы болған адам, жылан уын ішседағы ол у, ол үшін бір өмір суы болады. Бірақ Пайғамбарлар Сұлтанына дұшпан болған адам, су ішседағы, ол су оған бір жылан уындай болады).

Бұл ақиқатты көрсететін тағы бір оқиға Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) халифалығында орын алған-ды:

Бізге жеткен деректерде Византия императоры, жақсы ниеттің нышаны ретінде Хазіреті Омарға жауларына қарсы қолдану үшін өте күшті бір у жібереді. Өмірлері Римнің алыс-жұлысымен өтетін Византия императорлары үшін әдетке айналған бұл мәселеге Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) құлық танытпайды. У алып келген елшінің көзінше удың ыдысын қолына алады да тек бисмилләні ғана айтып уды іше салады. Бірақ удың ешқандайда әсері байқалмайды.[257]

Бұл оқиғалар, яғни Аллаһтың рұқсатымен удың зиянынан қорғану, тек Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүрек әлемінен несібесін алып, оның руханиятынан пайдаланған адамдарға ғана тән бір қасиет екендігін көрсетеді.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) халифалығы кезінде кейбіреулердің өзін Хазіреті Әбу Бәкірден жоғары қойып сөз сөйлегенін естігенде:

«Уаллаһи, Әбу Бәкірдің сол түні, Омардың бүкіл әулетінен әлдеқайда қайырлы! Және де Әбу Бәкірдің сол күні, Омардың бүкіл әулетінен әлдеқайда қайырлы! Расулұллаһ (аләйһисалату уәссәләм) үңгірге бару үшін үйінен шыққан кезінде, Әбу Бәкір оның қасында еді», - деген. (Хаким III, 7/4268)

257. Мустафа бин Халил әз-Заграуи, Рисалатул Бисмиллә 42 б. Мұнда уды ішкен адам Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһу) екендегі келтірілген.

Сәуір үңгірінде қонақ болып қалған кездерінде Хазіреті Әбу Бәкірдің қызы Әсма тамақ алып келеді, ұлы Абдуллаһ болса әкесінің әмірімен күніге түнде үңгірде олардың қастарында қонып, таң сәрі уақыты кіргенде ол жерден кетіп, дәл Меккеде түнеген сияқты Құрайш мүшриктерімен таңды атқызатын. Өзі сондай зерек әрі қабілетті жігіт болған Абдуллаһ, күндізгі кезде де Құрайш мүшриктерінің қастарында болып, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жайында айтылған сөздерді тыңдап, ойлаған айлалары мен құрған тұзақтары жөнінде Әлемдердің Сүйіктісіне хабарлап отырды.

Хазіреті Әбу Бәкір азат еткен құлы Амир бин Фухайра да Әбу Бәкірдің қойларын Меккенің қойшыларымен бірге өріске жаятын еді. Таңертең олармен бірге шығып, кешке қайтар кезінде қойларының жүрісін бәсеңдетіп қойшылардан артта қалып қойып, қараңғы түнек басқан соң қойларды айдап Сәуір үңгіріне қайтатын. Пайғамбарымыз бен әзиз досы, өздеріне керекті сүтті осы қойлардан сауып алатын. Таң атқан соң ертеден тұрып Меккеге қайтатын Абдуллаһтың аяқ іздерін қойлардың іздерімен жауып жіберіп, тып-типыл ететін.[258]

Үш күннен бері Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сандалып іздеген мүшриктер ендігі жерде оны тауып алуға деген үмүттерін үзген еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдуллаһтан мүшриктердің үмітінің үзілгендігін естіген соң төртінші күні жол көрсетушінің алып келген түйелеріне мініп жолға шықты. Не дегенмен бұл сапар, туып-өскен жерінен айырылу болғаны үшін Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайғымұңға батуына себеп болды. Хазуәрә ойпатына келгенде түйесін тоқтатып Меккеге бұрылып былай деді:

258. Ибн Хишам II, 99; Бұхари, Мәнкибул Ансар 45; Хәйсәми VI, 53.

«Сен, Аллаһтың қасында өлкелердің ең сүйіктісісің. Егер бұл жерден шығарылмағанымда сенен айырылмас едім. Сенен басқа бір жерде қоныстанбас едім, үй соқпас едім...» (Ахмед бин Ханбәл IV, 305; Тирмизи, Мәнәкиб 68/3925)

Ұлы Пайғамбардың бұл қайғысына Аллаһ Тағала мынадай жұбаныш айтты:

اِنَّ الَّذِى فَرَضَ عَلَيْكَ الْقُرْاٰنَ لَرَآدُّكَ اِلٰى مَعَادٍ

«Саған Құранды (оқуды, тәблиғ етуді және оған мойынсұнуды) **парыз еткен** (Аллаһ) **Сені қайтар жеріңе қайтарады...»** (Қасас сүресі 85-аят)

Бұл сөздер кері оралуды сүйіншілейді, осымен қатар Мекке фәтхінен де хабар беріп, Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көңіліндегі қаяуды ерітіп, қуантқан еді.

Мекке мен Мәдина арасы 400 шақырымдай жол еді. Ол кезеңде түйенің жүрісімен он үш күн жол жүрілетін. Жол ұзақ, күн ыстық, құм дегенің жанып тұратын. Мүбәрак керуен жолға шыққаннан бастап тоқтамастан жиырма төрт сағат жол жүреді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) сауда-саттық мақсатында жиі-жиі Шамға барып келіп жүргені үшін оны көп адам танитын. Осы сапарда да таныс біреумен кездесіп қалғандарында:

– Әй, Әбу Бәкір! Мынау қасыңдағы кісі кім? - деп Пайғамбарымызды меңзеп сұрағандарға:

– Жол көрсетушім! Маған жол көрсетеді! - деп қолдан келгенше сақтық шараларын жасайтын. Негізінде бұл сөзімен: «Ол маған ең қайырлы жолды көрсетіп келеді!» дегісі келетін. (Ибн Саад I, 233-235; Ахмед бин Ханбәл III, 211)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Бәкір Сыддық және азат еткен құлы Амир бин Фухайрамен бірге Абдуллаһ бин Урайқиттің[259] жол көрсетуімен Қадид ойпатында тігілген бір шатырға кезікті. Бұл шатыр Үммү Мабедтікі еді. Ол ары-бері өтетін жолаушылардың ішіп-жерлік азықтарын тауып беріп қызмет ететін. Сөйтіп Мәдинаның беделді жолаушылары Үммү Мабедтен сүт сұрады.

Шатырда Үммү Мабедтің көтерем бір қойы бар еді. Оның сүті мен майы болмақ түгілі қатты арықтығынан жайылымға да шыға алмайтын. Сол үшін шатырдың бір бұрышында жататын. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қойды сауу үшін рұқсат сұрағанда:

– Әке-шешем саған пида болсын! Егер одан сүт шығара алсаң сауа ғой, - деді.

Сүйікті Пайғамбарымыз Аллаһ Тағаладан берекет беруі үшін дұға еткеннен кейін бисмилләны айтып өз қолдарымен қойдан көп сүт сауып алды.

Үммү Мабедтің (радиаллаһу анһа) айтуына қарағанда ол қой, Хазіреті Омардың халифалығының тұсында болған қуаңшылыққа дейін өмір сүрді.

Тағы да Үммү Мабед (радиаллаһу анһа):

«Жер бетіндегі жануарлар жейтін еш нәрсе таба алмағанда, біз оны таңнан кешке дейін сауатын едік», - деп қойдағы берекетті баяндаған.

259. **Абдуллаһ бин Урәйқит** ол кезде мүшрик болғанымен өте сенімді кісі болатын. Кейіннен мұсылман болып-болмағаны туралы көзқарастар әр түрлі болса да, мұсылман болғаны жайындағы риуаяттар басымырақ болып келеді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ол жерден кеткеннен соң шатырға Үммү Мабедтің күйеуі Әбу Мабед кіріп келді. Шатыр ішінде мол сүт көрген соң таң қалып:

– Әй, Үммү Мабед! Бұл сүттер қайдан келді? Қойлар ұзақ жайылымда жатыр, барлығы да қысыр, бұл жерде саулым мал жоқ! Бұның мәні неде? - деп сұрайды.

Әйелі:

– Бүгін бізге мүбәрак бір кісі келді. Мынадай мынадай істеді, - деп сол күнгі куә болған оқиғаларды айтты.

Күйеуі:

– Қәне маған ол кісінің түр-түсін бейнелеп берші, - дегенде, Үммү Мабед Пайғамбарымыздың сырт келбетін былайша түсіндірді:

«Көрген кісімді айтар болсам, сондай әдемі, жүзі нұрлы ахлақы тамаша мінсіз еді. Бойында ешқандай айып жоқ, әсіресе өзіне тартып тұратын сұлу реңі бар. Көзі қара, кірпігі қалың, дауысында нәзіктік бар. Көзінің ағы аппақ, қарасы да қап-қара және Құдіреттен сүрме сүрілген-ді. Қастарының ұшы жіңішке, шаштары қою қара еді. Жағы ұзын әрі биік, ал сақалы қалың әрі азғана ұзын еді.

Үндемегенінде байсалдылық пен кісілік, ал сөйлегенінде әдемілік, шырайлылық пен тәттілік бар. Сөздері тізілген інжу-маржандай аузынан дана дана болып шығатын. Сөзі анық, хақ пен батылды өте жақсы ажырататын. Не әлсіздік саналатындай аз, не жалықтыратындай көп болмайтын.

Сыртынан қарағанда адамдардың ең сұстысы, ал қасына барсаң адамдардың ең жақсысы әрі нұрлы жүзді еді. Орта бойлы, бойы не епетейсіз ұзын да емес, ұсқынсыз көрінетіндей қысқа да емес-ті. Ағаштың ортасында өсіп

түрған гүл сабағы сияқты еді, әдемілігі барлығынан да асқан-ды. Қасында бірнеше жолдастары бар, бір нәрсе айтса болғаны, мұқият тыңдап, берген әмірін орындау үшін бір-бірімен жарысатын-ды. Қызметіне жүгірген, әрі аса құрмет көрсетілген кісі еді. Күлімсіреген бір шырайлы жүзі бар. Ешкімді айыптап, зекімейтін-ді».

Әбу Мабед бұл көркем сипаттарды естігенде ант етіп:

«Бұл кісі Құрайш тайпасынан шыққан Пайғамбар ғой! Онымен бірге болып, оған жолдас болуды қатты қалаймын. Әйткенменде бір жолын таба алсам бұл айтқандарымды міндетті түрде орындар едім», - дейді.

Сол күндері Меккеде иесінің кім екендігі беймәлім бір дауыстың Үммү Мабедтің шатырына келген қонақтарды мақтап өлеңдер оқығандығы естілген. Ғайыптан естілген бұл өлеңді естіген Хассан бин Сабит болса, араларынан Пайғамбарлары шығып кеткен қауымның пәлекетке тап болғандығын, әрі ол Пайғамбардың Мәдинада hидаятты жайып, Аллаhтың сөзін оқығанын паш ететінін өлең шумақтарымен жауап берген-ді. (Ибн Саад I, 230-231; VIII, 289; Хаким III, 10-11)

Әбу Мабед пен оның бақытты жанұясы, бәрі бірге Исламға кіріп, сахаба болудың шарапатына бөленеді.

Қасиетті жамағатты алайда-бұлайда іздеп таба алмаған мүшриктер, тапқандарға үлкен сыйлық тағайындады. Бұл уәдеге басы айналғандар жолға түседі. Сурақа бин Малик осылардың бірі еді.

Соңында әйтеуір ұзақ іздеудің нәтижесінде Сурақа Аллаh Расулін (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) кезіктіреді. Оны көре салып, атына қамшы ұрады. Бірақ сол сәтте бірден атының аяқтары құмға көміледі. Өзі де жерге құлайды.

Қаншама арпалысқанымен құмнан шығып, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) артына түсе алмайды. Біраз уақыт тырысып көрген соң есі кіріп өкіне бастайды. Аллаһ Расулінен кешіруін өтінеді. Хазіреті Пайғамбар дұға етеді. Бұл дұғаның берекетімен Сурақаның аты құмнан шығады. Бұл мұғжизаға куә болған Сурақаның жан дүниесі сол сәтте өзгеріп, Расулұллаһқа шынайы дос болады. Керуеннің бағытын жасыру үшін кері қайтады. Сол тарапқа келгендерді кері қайтарып, басқа тарапқа сілтеп жібереді. (Муслим, Зуһд 75)

Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мына сүйіншісі Сурақаның көз алдынан кетпей қойды:

– Әй, Сурақа! Кисраның білезіктерін тағып, белбеуін байлап, әрі тәжін киген кезде өзіңді қалай сезінесің?

Шынында да Иран азат етілгеннен кейін, Кисраның білезіктері, белбеуі мен тәжі Мәдинаға әкелінгенде, Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Сурақаны шақырып алып осының бәрін оған тағады да:

– Әй, Сурақа! Қолдарыңды көтеріп: «Аллаһу Әкбар! Аллаһқа мақтау болсын, бұларды «Мен адамдардың Рабысымын!» деген Кисра бин Хүрмүзден шығарып, Мудлижұлдарынан Сурақа бин Маликке тақтырды!» де!» - дейді. (Ибн Әсир, Усдул Ғабә II, 323; Ибн Хажәр әл-Исабә II, 19)

Пайғамбарымыз Ғамим деген жерге келгенде, Бурайда бин Хусайбпен және оның қауымымен кездеседі. Оларды Исламға шақырады. Сөйтіп олар Аллаһ Расуліне құлақ асып, Исламға кіреді. Адамзаттың Асыл Тәжі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бурайдаға (радиаллаһу анһу) сол түні «Мәриям» сүресінің бас жағын үйретеді.[260]

260. Ибн Саад IV, 242.

Бурайда басындағы ақ сәлдені жазып:

– Уа, Расулұллаһ! Рұқсат етсеңіз ту ұстаушыңыз болайын! - дейді.

Осылайша Қуба ауылына дейін Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ту ұстаушысы болады.

Бурайдадан кейін мүбәрак жамағат Шамнан қайтып келе жатқан сауда керуеніне жолығады. Керуенде Зубәйр бин Ауам да бар еді. Зубәйр Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және Хазіреті Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһу) ақ жейде кигізеді.[261]

Хижрет жамағаты Мәдинаға қарай адымдап жақындап келеді. Мүшриктер Аллаһ Расулін өлтіру үшін барлық баскесерлер мен жолкесерлерді осы іске жұмылдырып қойғанымен және небір қауіп-қатерге қарамастан, ол кісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сонда да өзінің асыл міндетін жалғастырып, жолда кездескен әркімге Исламды ұсынып отырды.

Осындай бір жайды асхабы кирамнан болған Саад әд-Дәлил[262] (радиаллаһу анһу) былайша баяндайды:

«Хижрет барысында Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Бәкірмен (радиаллаһу анһу) бірге бізге кезікті. Сол кездерде Әбу Бәкірдің бір қызы, қасымыздағы сүт ананың қолында еді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қысқа жолмен Мәдинаға барғысы келді. Біз Оған:

261. Бұхари, Мәнкибул Ансар 45.
262. Бұл мүбәрак сахаба Пайғамбарымызға Мәдинаға баратын екінші төте жолды көрсетіп, Рақубә жолы өткелінде жол бастағаны үшін «Дәлил» сипатымен аты қалды.

– Бұл жер Рақубә өткелінің Ғайр жолы. Бұл маңда Әсләм тайпасынан Муханан деп аттары шыққан екі ұры бар. Қаласаң оларға біз барайық, - дедік.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Сен бізді оларға алып бар! - деді.

Сөйтіп жолға шықтық. Рақубәдан өтіп төбенің басына жеткенімізде, әлгі екі ұрының бірі жолдасына:

– Бұл кісі Емендік[263], - деді.

Пайғамбарымыз оларды қасына шақырып, Исламды түсіндіріп, мұсылман болуларын ұсынды. Олар да мұсылман болды. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) есімдерін сұрағанда:

– Біз Муханан (қор саналған екі адамбыз), - деді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Олай емес, сендер Мукрәман (шарапатты екі адамсыңдар), - деп сүйіншілеу үшін алдын-ала Мәдинаға жетулеріне әмір береді. (Ахмед бин Ханбәл IV, 74)

263. Бұл сөздерімен Пайғамбарымыздың меккелік екендігі айтылуда. Өйткені Мекке Тихамә аймағында; Тихамә Емен шекараларының ішіне кіреді. Осы себептен Қағбаға «әл-Кабәтул Яманийә» делінген. (Ибн Әсир, ән-Нихая V, 300)


Пайғамбарымыздың хижрет жасаған жолы
Басқа уақыттарда қолданылған керуен жолы
Мәдина Мунаууара
Қуба
Рәйм жімнөлігі
Хамрауз-Зәзд
Ардан
Жодажид
Зекмир жімнөлігі
Санниятул Мерша
Бәдір
Рабиг
Жухфа
Үмму Мәбедгің шатыры
Мүшелзел
Қубайд
Емич
Ғаратеңіз
Усфан
Сериф
Мекке Мукаррама
Сауір таум
Тайф

Зарыға күткен Әзиз жолаушы

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мырзамыздың жолға шыққандығын естіген мәдиналықтар толқу үстінде еді. Ол мүбәрак жолаушының жолын төрт көзбен күтуде болды. Ол нұрлы жамағатты қарсы алу үшін, ол мәңгілік бақыт керуеніне мүше болу үшін Мәдина халқы қала сыртына дейін шығып, тағатсыздана күтіп тұрды.

Сөйтіп пайғамбарлықтың он төртінші жылы 12 Рабиуләууәл дүйсенбі күні бір дауыс бүкіл мұсылмандардың жүректеріне қуаныштан дүрсілдеп қоя берді:

«Күткен мүбәрак жолаушы таяп қалды!»

Бұл сүйіншіден кейін тәкбір дауыстары бүкіл Мәдинаны жаңғыртып жібереді.

Мұсылмандар қару-жарақтарын асынып алады. Кейбірі атпен, кейбірі жаяу қадірлі қонақты қарсы алуға асықты.

Күткен мүбәрак жамағат иләһи қорғанның арқасында аман-есен Мәдинаға жақын жердегі Құбаға жеткендерінде айнала адамға толып, нөпір ел болды.

Төбелерден «Талаал бәдру алайна»-ның тебірентер әуені, көк-аспанды жаңғыртып, жүректерді толқытып ала жөнелді. Тарих сол уақыттан бастап қияметке дейін шығатын оқиғаларды мазмұндайтын «хижрет күнтізбегін» бастаған-ды.

Қарсы алуға келген мұсылмандардың көбісі, әлемнің жаратылу себебі болған, Әлемдердің Мырзасы Хазіреті Мұхаммед Мұстафаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұрын-соңды көрмегендері үшін танымайтын еді. Біраз уақытқа дейін Хазіреті Әбу Бәкір Сыддықты (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыз деп ойлап қалды.

Расулі Әкрам (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үндемей отырды. Үстіне күн сәулесі түскен соң Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) орнынан дереу атып түрып оған жамылғышымен көлеңке жасады. Мұсылмандар сол кезде ғана Пайғамбарымызды таныды.[264]

Мәдина осы күннен бастап, Исламияттың жайылатын мекені әрі айнасы болды. Күпірліктің қараңғы жүзі, осы хижретпен солды. Мәсжидул Саадат және Мәсжидул Құба ұлы бір мән-мағынаға кенеліп, махшарға дейін мүбәрак хижреттің қасиетті мекені әрі естелігі болып қалды.

Ансарлар мұхажирлерге мал-мүліктерін ұсынып:

«Мінекей мал-мүлкім! Ал, жартысы сенікі болсын!» - дейді. Жомарттық пен жәрдемсүйгіштікте тендесі жоқ Ислам бауырмашылығының негізін осылайша қалайды. Мәдина Ислам тарихындағы өшпес әрі шөкпес дәрежесіне шыққан-ды. Мәдинада азандар, Рамазандар, мерекелер, зекеттер, соғыстар ерекше белгіленіп, өзінің ерекше бір статустарымен, ұлылықтарымен үмметке үлгі және мысал болып қалды.

Әлемдердің Сүйіктісі Құбада болған кезінде Амр бин Ауфұлдарынан Күлсум бин Хидмнің үйінде қонақ болды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы үйден шығып, Саад бин Хайсәмәның үйіне барып, онда мұсылмандармен бірге отырып, оларға сұхбат айтатын.

Саад бин Хайсәмә (радиллаһу анһу) бойдақ болғандығынан мұхажирлердің бойдақтары соның үйінде қонатын. Сондықтан да Саадтың (радиаллаһу анһу) үйіне «Мәнзилатул Уззаб: Бойдақтар үйі» делінетін. (Ибн Хишам II, 110; Ибн Саад I, 233)

264. Бұхари, Мәнәкибул Әнсар, 45.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құбада болған кезінде жаназаға қатысатын, ауру-сырқаттарды зиярат ететін, шақырған жерлерден қалмайтын-ды.

Әбу Сайд әл-Худри (радиаллаһу анһу) асхабтың ерекше тұстарын көрсететін сол күндерге тән мына бір естелікті баяндайды:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға жаңадан келген уақтарда арамызда біреу өлім аузында жатса, барып оған хабар беретінбіз. Ол келіп науқастың басында тұрып, ол үшін истиғфар (кешірім сұрайтын) ететін. Көз жұмған соң барып, қасындағылармен бірге кері қайтатын. Кейде жаназа жерге қойылғанға дейін күтетін.

Оған ауыр келеді деп ойлап, арамызда былай келісіп алдық:

– Науқасымыз қайтыс болғанға дейін Аллаһ Расуліне ештеңе айтпайық. Көз жұмған соң айтармыз. Осылай істесек ол шаршамайды да, уақытын да жоғалтпайды.

Сөйтіп осылай істей бастадық. Науқасымыз қайтыс болған соң оған барып айтатынбыз, ол кісі келіп намазын оқып, истиғфар етіп, кері қайтатын. Кейде жаназа жерге қойылғанға дейін күтетін.

Біраз уақыт осылайша істеп жүрдік. Кейінірек:

– Уаллаһи бұлай да істемейік. Бұл да Расулұллаһты шаршатады. Жаназа болғанда оны Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйінің алдына алып барайық, сонда намазын оқысын. Бұл ол үшін әлдеқайда оңайға соғады, деп ұйғардық та солай істедік.

Хадисті риуаят еткен кісі Мұхаммед бин Омар былай дейді:

«Осы себепке байланысты ол жерге «жаназа намазы оқылатын жер» деген мағынаға келетін «мусалла» делінді. Жаназалардың барлығы да сол жерге апарылатын. Аллаһ Расулі қайтыс болғаннан кейін де сол әдіс жалғасын тапты». (Ибн Саад I, 257; Хаким I, 519/1349)

Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құбада жүргенде Хазіреті Али де (кәррамаллаһу уәжһәһу) өзіне тапсырылған аманаттарды иелеріне қайтарып, арттарынан қуып жетеді.

❁

Қадірлі сахабалардың Аллаһ Расуліне және ол жайлы қымбат та мағыналы естеліктерге деген сүйіспеншіліктерін көрсететін көптеген риуаяттар бар. Мысалы, сахабалардан Бәра бин Азиб (радиаллаһу анһу)[265] әкесінің әрбір ыңғайы келген сәтте Аллаһ Расуліне байланысты естеліктерді тыңдауға деген құштарлығын былайша баяндайды:

«Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) әкемнен он үш дирхамға[266] бір ер сатып алды да:

– Бәраға айта бар, оны біздің үйге алып барағойсын, - дейді.

Әкем:

– Жоқ! Маған Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеден Мәдинаға қалай хижрет еткендігін айтып бермейінше апармаймын, - дейді.

265. **Бәра бин Азиб** (радиаллаһу анһу) Ансар халқынан, лақабы Әбу Аммар. Хижреттен бұрын мұсылман болды. Ұхұд соғысынан бастап бүкіл соғыстарға қатысқан. Хижреттің 73 жылы Куфада қайтыс болды. Үш жүзден астам хадис риуаят еткен.

266. Дирхам – күмістен жасалған ақша бірлігі. Бір дирхамның салмағы шамамен үш грамға келеді.

Сөйтіп Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) хижрет сапарын ұзыннан-ұзақ айтып берді». (Бұхари, Асхабун-Нәби 2; Ахмед бин Ханбәл I, 2)

Іргетасы тақуалықпен қаланған мешіт – Құба мешіті

Хижрет сапарының алғашқы тұрағы болған Құбада Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Амр бин Ауфұлдарының үйінде он төрт түн қонақ болды. Міне атақты Құба мешіті осы кезде салынды. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі де мешіттің құрылысына атсалысты.

Құба мешіті Исламда тұрғызылған ең алғашқы мешіт. Хижрет секілді маңызды бір оқиғаның қарсаңында салынғандығы үшін жоғары мәртебесі бар. Бұл мешіт Құран Кәрімде:

لَمَسْجِدٌ اُسِّسَ عَلَى التَّقْوٰى مِنْ اَوَّلِ يَوْمٍ

«...(Мәдинаға хижрет еткенде) **алғашқы күннен бастап тақуалық негізінде салынған мешіт...»** (Тәубе сүресі 108-аят) деп баяндалған.[267]

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу):

فِيهِ رِجَالٌ يُحِبُّونَ اَنْ يَتَطَهَّرُوا وَ اللهُ يُحِبُّ الْمُطَّهِّرِينَ

267. Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) кейінірек хижретті күнтізбенің басталу күні етіп алар кезде осы аяттағы «алғашқы күннен» деген сөзге сүйенген. (Сәмһуди I, 248)

«...Онда, тазалықты жаны сүйетін кісілер бар. Аллаһ та сондай таза болғандарды жақсы көреді» (Тәубе сүресі 108) аяты да Құба халқы үшін түскендігін айтқан. (Тирмизи, Тәфсир 9/3099; Әбу Дәуіт, Таһарат 23/44; ибн Мажә, Таһарат 357)

Хижрет еткен алғашқы Мұхажирлер Құбаға жеткендерінде, Амр бин Ауфұлдарының құрма құрғататын жерлерін тазалап, тегістеп сол жерде намаз оқуды бастайды. Әбу Хузайфаның азат еткен құлы Салим Құранды білетін әрі ең әдемі оқитын болғаны үшін ең алғаш рет мұхажирлерге сол кісі имам болды.[268]

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғашқы мұхажирлердің намаз оқыған бұл алаңды кеңейтіп Құба мешітін салады. Мешіт төрт бұрышты болып келген, көлемі 32х32 метр. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құбалықтардан тас әкелулерін сұрайды, тастың біреуін алып құбыла тарапына қояды да, Әбу Бәкір мен Омарға (радиаллаһу анһума) да дәл осылайша кезегімен тас қоюларын әмір етеді.

Мешіттің құрылысында ең көп тер төккен Аммар бин Ясир (радиаллаһу анһу) болады. Сол үшін де оған «Ислам-да алғаш болып мешіт салған» деп ат қойылды.[269]

Абдуллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһу) да әрі жұмыс істеп, әрі өлең оқып, осылайша мүминдердің шаршағанын басты.[270]

Мешіттің азаншылық міндетін асхабы кирамнан Саад әл-Қурази (радиаллаһу анһу) өз міндетіне алды.

268. Ибн Саад III, 87; IV, 311.
269. Ибн Хишам II, 114.
270. Камил Мирас, Тежрид Тержемеси X, 106.

Мәсжидун Нәбәуи және Мәдинадағы өзге тоғыз мешіт сияқты Құба мешітінде де оқу-ағарту іс-шаралары әрдайым жүргізілді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жерге әрбір келгенінде осы мәселені өз назарынан тыс қалдырмайтын-ды.[271]

Адамзаттың Асыл Тәжі, екі әлемнің қуанышы Пайғамбарымыз (аләйһиссалату уәссәләм) сенбі күндері Құбаға кейде көлікпен, кейде жаяу барып, онда екі рәкағат намаз оқитын болған.[272]

Бір хадис шәрифте бұны мұсылмандарға да өсиет етіп былай деген:

«Кім үйінде жақсылап дәрет алып, кейін Құба мешітіне барып, онда намаз оқыса, ол үшін умра сауабы бар». (Ибн Мажә, Икамә 197; Нәсәй, Мәсәжид 9)

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) халифалығы кезінде дүйсенбі және бейсенбі күндері осы жерді зиярат етіп, Құба өте алыс жерде болған күннің өзінде ол жерге бару үшін түйесін тағы да жоңкеңдететінін айтатын.[273]

Құба мешіті Хазіреті Осман және Омар бин Абдулазиз тарапынан кеңейтілді. Кейінірек бірнеше рет жөндеуден өтеді. Хижри 1245/милади 1829 жылы Сұлтан II Махмуд тарапынан тұрғызылған жалғыз мұнаралы әрі төбесі тегіс мешіт, Сауд Арабстан үкіметі тарапынан құлатылып, күмбезді және қос мұнаралы етіп, кеңейтіліп жаңадан тұрғызылды.

271. Хамидуллаһ, Ислам Пайғамбары II, 771.
272. Бұхари, Фадлус-Салат 3, 4; Муслим, Хаж 516.
273. Ибн Саад I, 245.


Бәни Харисә
Абдулләшһәл ұлдары
Нәбит
Зәфарұлдары
Сәфилә
Сәнитул-Уәдә
Сәнитун-Нур
Бәни Сәлимә
Хазрежден Бәни Харис
МӘСЖИДУН НӘБӘУИ
Бәни Нәжжар
Бәни Зүрайк
Бәни Вакф
Бәни Сайда
Харис бин Хазрежұлдары
Бәни Қайнука
Бәни Бәйәлә
Салим бин Ауфұлдары
Бәни Қурайза
Ұлкен алаң
Бәни Надир
Қаб бин Әшраф қамалы
Ауф бин Малик бин Әусұлдары
Қуба
ҚУБА МЕШІТІ
Ауф бин Малик бин Әусұлдары
Ұнаффұлдары
Айр таум
Қуба Мешіті

Рануна ойпатында оқылған ең алғашқы жұма намазы

Сонымен Құбада он төрт күн қонақ болған соң Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және қасына ерген халық, Мәдинаға қарай бет алады. Жұма күні болатын. Түскі мезгілде «Рануна» ойпатына жеткенде намаз уақыты кіреді. Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түйесінен түседі. Сол кезде Ислам билігінің бір нышаны ретінде парыз етілген «жұма» намазын оқытады. Жұма намазында мына құтпаны оқиды:

1. Құтпа:

«Әй, адамдар!

Өлмей тұрғанда тәубе етіңдер, мұрсаттарың болып тұрғанда салих (ізгі) амалдар атқаруға тырысыңдар! Жасырын-ашық көптеп садақа беріп, Аллаһты көп-көп зікір етіп Раббыларыңмен араларыңды жақсартыңдар! Осылай істесеңдер ризықтандырылып, жәрдем көріп, қапы қалған нәрселеріңді қайта табасыңдар.

Ұмытпаңдар Аллаһ осы жылдың осы айында, осы жерде сендерге қияметке дейін «жұма» намазын парыз қылды. Әділ болсын-болмасын бастарыңда бір имам бола тұра менің тірі кезімде немесе менен кейін кімде-кім немқұрайды қарап, яки қабылдамай бұл намазды оқымаса, оның екі жағасы бір жерге жиналмасын (оңбай кетсін)! Әрі Аллаһ оның істерін оңдамасын! Ол адамның басқа намазы жоқ (қабыл етілмейді), тәубе еткендердің жөні бөлек... Өйткені кім тәубе етсе, Аллаһ оның тәубесін қабыл етеді». (Ибн Мажә, Икамә 78)

«Әй, адамдар!

Дендеріңнің амандығында ақыреттерің үшін дайындалыңдар! Сөзсіз барлығың да өлесіңдер сөйтіп атарларыңды шопансыз тастайсыңдар. Кейін Аллаһ оған

тәржімәсіз әрі көліксіз (ешкімді араға салмай) былай дейді: «Менің расулім келіп, сендерге әмірлерімді жеткізбеді ме? Мен саған мал-мүлік бердім, көптеген жақсылықтар мен игіліктер бердім, сен өзің үшін не алып келдің?»

Бұл сұрақ қойылғанда әркім жан-жағына қарап ештеңке де көре алмайды, алдына қараған кезінде тозақты көреді...

Олай болса оянындар! Кім жарты құрмамен де болса оттан қорғануға шамасы жетсе, оны іске асырсын! Ал кімдекім сол жарты құрманы да таба алмаса, тым болмаса жақсы сөз айтып, жақсылық істеуге тырыссын! Өйткені бір жақсылыққа, он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылады.

Аллаһтың сәлемі, рақымы және берекеті сендерге болсын! (Ибн Хишам I, 118-116; Бәйхаки, Дәләил II, 524)

2. Құтпа:

«Аллаһқа мадақ айтамын әрі Одан жәрдем сұраймын. Нәпсілеріміздің зиянынан және амалдарымыздың жаманшылығынан Аллаһтан пана тілейміз. Аллаһ һидаят бергенді ешкім де адастыра алмайды, адастырғанын да ешкім тура жолға түсіре алмайды.

Куәлік етемін, Аллаһтан басқа иләһ жоқ. Ол жалғыз, ортағы жоқ. Сөздердің ең әдемісі Аллаһтың кітабы. Аллаһ кімнің жүрегін Құранмен көркейтіп әрі күпіршіліктен кейін Исламға бұрса, ол да басқа сөздерді емес Құранды таңдаса, міне сол адам құтылады.

Ең дұрысы (жолдың), сөздердің ең әдемісі әрі ең байы (көркемдігі) Аллаһтың кітабы.

Аллаһтың сүйгенін сүйіңдер! Аллаһтың кәламынан әрі Оны зікір етуден жалықпаңдар. Аллаһтың кәламынан

жүректеріңе таршылық болмасын! Өйткені Аллаһтың қаламы, әрбір нәрсенің ақ-қарасын ажыратады. Амалдардың қайырлысын, құлдардың таңдаулысы болған пайғамбарларды, қиссалардың ең әдемісін және гибраттысын баяндайды.[274]

Халал мен харамды көрсетеді.

Сендер тек Аллаһқа ғана ғибадат етіңдер әрі Оған ешнәрсені ортақ қоспаңдар! Одан лайықты түрде қорқыңдар. Істеген жақсы істеріңді тілдерің де құптасын. Аллаһтың қаламымен бір-біріңді жақсы көріңдер. Жадыларыңнан әсте шығармаңдар, Аллаһ Тағала уәдесін бұзғандарды азаптайды.

Аллаһтың сәлемі сендерге болсын!» (Бәйхаки, Дәләил II, 524-525)

Бұл құтпалар Исламның итиқад (сенім), ғибадат, ахлақ, қарым-қатынас сияқты тақырыптарымен діннің жалпылама негіздерін құрайды.

Жұма намазының хижреттің қарсаңында парыз етілуі, мұсылмандардың жамағат болуларының қаншалықты маңыздылығын және оның керектігін көрсетіп тұр.

Мәдинадағы қуанышты сәттер

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құбадан Мәдинаға жүрер кезінде, нағашылар болып саналатын Нәжжәрұлдарына хабар жіберді. Олар да бес қаруын сайланып келіп, Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сәлем беріп:

274. Құран Кәрімнің үштен бірінен көбін пайғамбар қиссалары құрайды. Қиссалардың хикметтері үшін Осман Нұри Топбаш, Пайғамбарлар Баяны I том, 10-21 беттерін қараңыз. Алматы 2008.

– Қаннен-қаперсіз түйеңізге мінуіңізге болады, - дейді.[275]

Жұма намазынан кейін Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қасуа түйесінің үстінде, Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Нәжжәрұлдарының басшыларымен және өзге де мұсылмандармен бірге Мәдинаға кіреді.

Екі Әлемнің Нұры Имамул Әнбия Пайғамбарымызды (аләйһиссалату уәссәләм) көп қонақ ету шарапатынан мақұрым қалатындарын түсінген құбалықтар одан айрылудың қасіретімен:

– Уа, Расулұллаһ! Бізден жалыққаның үшін бе, жоқ әлде біздің үйден де өткен қайырлы бір жерге бару үшін бұл жақтан кетіп барасың ба? - дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– *Маған Мәдинаға баруым әмір етілді!* - деп олардан разы екендігін мәлімдеді. (Диярбәкри I, 339)

Мәдиналық бүкіл мүминдердің тілегі Аллаһ Расулін үйлерінде қонақ ету болды. Әркім оны үйіне алып барып, қонақ етуге талпынды, бұл жөнінде бір-бірімен таласып та қалды. Бұны естіген Аллаһ Расулі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түйесі Қасуаны меңзеп:

– *Жануарды бос қойыңдар, жолына бөгет болмаңдар, ол мәмур (қай жерге шөгу керектігі оған айтылған)*, - дейді. (Ибн Хишам II, 112-113)

Өйткені тек осылай ғана ешкімді де ренжітпей Расулұллаһты кімнің қонақ ететіні жөніндегі мәселе шешілер еді.

Сөйтіп мүбәрак түйе соңында, бір екі жерге шөгіп қайта тұрған соң Халид бин Зәйдтің (радиаллаһу анһу) яғни Әбу

275. Бұхари, Мәнакибул Ансар 46.

Әйюб әл-Ансари Хазіретінің үйі алдындағы алаңға шөгеді. Бақытты сахаба Хазіреті Әбу Әйюбтің жан әлемі қуаныштан жарылардай болды. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Ішке кіріңіз уа, Аллаһтың Расулі! Үйімізге шәрәф[276] әкелдіңіз! - деп үйіне шақырды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Әйюбтің (радиаллаһу анһу) үйіне қарай келе жатқанда, Нәжжәрұлдарының кішкентай қыздары деф[277] аспабымен алдынан шығып:

نَحْنُ جَوَارٍ مِنْ بَنِى النَّجَّارِ

يَا حَبَّذَا مُحَمَّدٌ مِنْ جَارِ

«Біз Нәжжәрұлдарының қыздарымыз!

Хазіреті Мұхаммедтің туыс болу,

Онымен көрші болу қандай бақыт, неткен үлкен шәрәф!» деп шумақтар оқыды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға:

– Айтыңдаршы қәнекей, мені жақсы көресіңдер ме? - деп сұрайды.

Олар:

– Иә, уа, Расулұллаһ! Сені өте қатты жақсы көреміз, - дейді.

276. Шәрәф – құт-береке, ұлылық, шарапат, жақсылық, рухани құзырлылық деген мағыналарға келеді.

277. Деф – домалақ пішінді, қолмен ұрып әуен шығарылатын музыкалық аспап түрі. Өзбек халқының ұлттық аспабы.

Олардың қуаныштарын көріп, қатты толқыған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да:

– *Аллаһ біледі, уаллаһи, мен де сендерді жақсы көремін! Уаллаһи, мен де сендерді жақсы көремін! Уаллаһи, мен де сендерді жақсы көремін,* - дейді. (Ибн Мажә, Никах 21; Диярбәкри I, 341)

Бәра бин Азиб (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Мен мәдиналықтардың Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келгеніне қуанғандарындай, одан басқа олай қатты қуанғандарын көрмедім! Бүкіл мәдиналықтар үлкен-кіші, әйел-еркек жолға лық толып, үйлердің шатырына шығып алып:

– Аллаһтың Нәбиі келді! Уа, Мұхаммед! Уа, Расулұллаһ! Уа, Мұхаммед! Уа, Расулұллаһ! - деп қуаныштан айқайлап жатты». (Бұхари, Мәнәкибул Ансар 45; Муслим, Зуһд 75)

Хазіреті Әнәс бин Малик те (радиаллаһу анһу):

«Мен, Расулұллаһтың Мәдинаны шарапатты еткен күннен өткен әдемі, жарқыраған, нұрлы бір күн көрмедім. Ол келгенінде бүкіл Мәдина нұрланды». (Ахмед бин Ханбәл III, 122; Тирмизи, Мәнәкиб 618)

Мәдиналық мұсылмандар Аллаһ Расулінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келгендігі үшін өздерінің бақытқа кенелгендерінің шүкіршілігі ретінде түйені құрбан шалады.[278]

❀

278. Ахмед бин Ханбәл III, 301.

Ақын мүминдердің Аллаh Расуліне (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) деген сүйіспеншіліктерін бір жыр-шумағында былайша келтіреді:

Аман лафзы Сенин исми шерифинле мусавидир;
Анынчун ашыкын зикри «аман» дыр гүзел ифаде едер:

«Аман» сөзі және «Мұхаммед» есімінің әбжәд сандары бірдей, екеуі де 92-ге тең келеді. Сондықтан да ғашықтың «Аман!» деген әрбір үнінде негізінде Хазіреті Пайғамбарды есіне келтіргісі келгенін, шынында да сондай керемет ақындық өнер. Шынын айтсақ мың есе қызғаныш!..

Сөйтіп хижрет жылымен пайғамбарлықтың Мекке кезеңі осылайша аяқталды. Бұдан кейін Мәдина дәуірі басталды.

"ХИКМЕТ" баспа үйі

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ / 7

КІРІСПЕ / 13

Исламды түсінуде және оны іске асыруда Пайғамбар тарихының маңыздылығы 13

Исламның келуі үшін Арабстанның таңдалуындағы хикметі 22

Уммул Қура – Мекке 26

Қағбаның тарихы мен қасиеті 35

Аллаһ Қағбаны өз қорғауына алғандығын айғақтайтын ғибратты Піл оқиғасы 43

Ибраһим (аләйһиссәләм) және Ханиф діні 46

БІРІНШІ БӨЛІМ

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТАН БҰРЫНҒЫ ХАЗІРЕТІ МҰХАММЕД / 53

ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРДЫҢ ТУЫЛУЫ ЖӘНЕ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ 55

Нұру Мұхаммедия 55

Хазіреті Пайғамбардың асыл тегі 60

Хазіреті Пайғамбардың әкесі Абдуллаһ пен шешесі Әминаның үйленуі 62

"ХИКМЕТ" баспа үйі

Пайғамбарымыздың әкесі Абдуллаһтың қайтыс болуы 65
Пайғамбарымыздың келетінін білдірген хабарлар мен оқиғалар 66
Ұлы мерей және сол кезде болған таңғажайып оқиғалар 80
Хазіреті Пайғамбарымыздың есімдері 85
Сүт анаға берілуі 86
Алғашқы жүректің жарылу оқиғасы 94
Мәдина сапары және анасының дүние салуы 96
Атасы Абдулмутталибтің қамқорлығы 98
Немере ағасы Әбу Тәлібтің қамқорлығы 101
Жүректің екінші жарылуы. Пайғамбар жүрегінің мейірімге, шапағатқа және рахметке толтырылуы 103

ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРДЫҢ ЖАСТЫҚ ШАҒЫ 105

Ардақты Пайғамбарымыздың Аллаһтың қорғауында өсуі 105
Пайғамбарымыздың қой бағуы 110
Немере ағаларымен саяхатқа шығуы 111
Бахира поппен кездесуі және Бахираның пайымдауы 113
Хилфу-л Фудул үйымы 119
Ардақты Пайғамбарымыздың сауда-саттықпен айналысуы 121
Поп Настураның пайымдауы 125
Хазіреті Хадишамен үйленуі 126
Аллаһ Расулінің бірнеше рет үйленуі және хикметтері 128
Пайғамбарымыздың Зәйд бин Харисаны азат етіп, асырап алуы 139
Расулұллаһтың Хазіреті Алиді қолына алуы 141
Хазіреті Пайғамбарымыздың перзенттері 142
Қағбадағы төрелік 144
Құсс бин Сайданың баяндамасы 147
Хира үңгіріне оқшаулану 150
Балалық және жастық шағына талдау жасау 155

"ХИКМЕТ" білім үйі

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ МЕККЕ КЕЗЕҢІ / 157

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ МЕККЕ КЕЗЕҢІ 159
Уахидің бастамасы. Шынайы түстер 159

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҮШ ЖЫЛЫ ЖАСЫРЫН ДАҒУАТ КЕЗЕҢІ 161

Алғашқы уахи және уахидің кешіктірілуі 161
Уахидың ақиқаты және келу түрлері 170
Нәби және Расул 185
Пайғамбарлардың сипаттары 188
Хазіреті Пайғамбарымыздың пенде болуы 205
Хазіреті Пайғамбарымыздың үмми болуы (хат-сауат танымауы) және хикметтері 210
Хиляту Саадат 214
Уахидің қайта келе бастауы 224
Алғашқы мұсылмандар 226
Дәрул Әрқам – алғашқы мұсылмандардың тәлім-тәрбие орталығы 238

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ТӨРТІНШІ ЖЫЛЫ 240

Саған берілген әмірді ашық ұқтыр:
Ең жақын туыстарыңа ескерт
(ақырет азабымен қорқыт) 240
Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сафа төбесінде құрайыштықтарды Исламға шақыруы 247
Тәблиғтің (Исламды жеткізу) маңыздылығы және әдісі 256
Исламды тәблиғ ету (жеткізу) және Миссионерлік 276

ХИКМЕТ баспа үйі

Әбу Ләһәб пен әйелінің Хазіреті Пайғамбарға қарсы жасаған әрекеттері 279
Меккеліктердің байланысқа түсулері 282
Құран Кәрімнің Иғжазы және тыңдағандарға берер әсері 292
Мүшриктердің Құранға қарсы ұстанымдары 308
Расулүллаһқа және Құранға жабылған жалалар 317
Жәбір көрсету кезеңі 323
Мұсылмандарды сабырлылыққа және шыдамдылыққа шақыру 337

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ БЕСІНШІ ЖЫЛЫ 344

Хабашистан хижреті 344
Ғараниқ мәселесі 347
Екінші Хабашистан хижреті 350

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ АЛТЫНШЫ ЖЫЛЫ 354

Құрайштың Нәжәшиден мұхажирлерді Меккеге қайтаруын талап етуі 354
Хазіреті Хамзаның мұсылман болуы 360
Хазіреті Омардың мұсылман болуы 366

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ЖЕТІНШІ-ТОҒЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАРЫ: БОЙКОТ ЖЫЛДАРЫ 375

Мүшриктердің мұсылмандарды қыспаққа алу саясаты:
Үш жылға созылған бойкот 375
Бойкоттың тоқтатылуы 380
Шаққи Қамар – Айдың екіге бөліну мұғжизасы 385

"ХИКМЕТ" баспа үйі

Пайғамбарымыздың әрқандай жағдайда
болсын тәблиғті тоқтатпауы 388

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ОНЫНШЫ ЖЫЛЫ 392

Қайғылы жыл: Хазіреті Хадиша мен
Әбу Тәлібтің қайтыс болуы....392
Тайыфқа сапар шегу....397
Көл-көсір мол мейірім және Рахмани жұбаныш 401
Жындардың Пайғамбарымыздан (саллаллаhу аләйhи уәс сәлләм)
Құран тыңдап иман келтірулері....404
Әр түрлі тайпа адамдарымен жолығып,
оларды Исламға шақыруы....410
Пайғамбарымыздың Хазіреті Сәудамен үйленуі 420

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ОН БІРІНШІ ЖЫЛЫ 422

Ақаба кездесуі 422
Жүректің үшінші рет тазартылуы (шарху садр):
Мигражға дайындық....424
Сүйіктінің Сүйіктісіне арнаған бағасыз сыйы – Миграж 424
Миграждағы бірнеше мәселе 444
Миграждың хабарлануы....446

ПАЙҒАМБАРЛЫҚТЫҢ ОН ЕКІНШІ ЖӘНЕ
ОН ҮШІНШІ ЖЫЛЫ 450

Бірінші Ақаба Бәйаты 450
Мүсғаб ибн Умайрдың мұғалімдік міндетке тағайындалуы және
Мәдинаның Құранмен азат етілуі
(Пайғамбарлықтың 12-ші жылы)....451

Екінші Ақаба бәйаты (Пайғамбарлықтың он үшінші жылы) 456
Мекке кезеңінің басты ерекшеліктері.....464
Мекке аяттарының ерекшеліктері 467
Пайғамбарлардың соңғы қолданар шарасы – Хижрет
(Пайғамбарлықтың 13 жылы).....471
Хижретке рұқсат етілуі және Мәдинаға хижрет 471
Мүшриктердің қастандық шаралары 477
Азапты сапар.....484
Зарыға күткен Әзиз жолаушы.....503
Іргетасы тақуалықпен қаланған мешіт – Құба мешіті 507
Рануна ойпатында оқылған ең алғашқы жұма намазы.....511
Мәдинадағы қуанышты сәттер 513

"ХИКМЕТ баспа үйі

"ХИКМЕТ"
баспа үйі

"ХИКМЕТ"
баспа үйі

"ХИКМЕТ"
баспа үйі

"ХИКМЕТ"
баспа үйі

ХАЗІРЕТІ МҰХАММЕД МҰСТАФА

(саллаллаhу аләйhи уә сәлләм)

- 1 -

Жауапты редактор: Батыржан Мансұров
Қазақшаға тәржімалағандар: Жолдас Жақыпов
Бақытжан Өткелбаев
Көркемдеуші: Асқар Махамбет
Жандар Рашитұлы

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,
Алматы қаласы, Мамыр-4 мөлтек ауданы
✆ Байланыс телефондары: **2 55 63 41**
2 55 63 57
8701 741 04 58

Теруге 10.09.08 берілді. Басуға 18.12.08 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Қаріп түрі «MM Peterburg».
Таралымы 1000 дана.

"ХИКМЕТ" баспа үйі